

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА**

**ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«XIII СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
«XIII САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»**

XIV ТОМ

**ПАВЛОДАР
2013**

ӘОЖ 001 : 378 (574)
КБЖ 72.4+74.58
Ж 33

Редакция алқасының бас редакторы:

Өмірбаев С.М., э.ғ.д., профессор, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редакторлар:

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры
Царенко Л.А., Ғылым және инновациялар департаментінің директоры.

Жауапты хатшы:

Сүлейменова Г.Н., Ғылыми - әдістемелік бөлімінің бастығы.

Ж 33 «Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «XIII Сәтбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми конференциясының жинағы. XIV том – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2013. - 317 б.

ISBN 978-601-238-293-8

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына сапасына автор жауапты.

ӘОЖ 001:378 (574)
КБЖ 72. 4+74.58

ISBN 978-601-238-293-8

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2013

2 Секция. Филология
2 Секция. Филология

УДК 371.68

ИКТ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Г.М. АБДРАЗАКОВА

учитель русского языка и литературы, областная многопрофильная школа-лицей для одаренных детей,
г. Павлодар

Век компьютерных технологий набирает обороты и уже, пожалуй, нет ни одной области человеческой деятельности, где они не нашли бы свое применение.

Педагогические технологии не остались в стороне от всеобщего процесса компьютеризации.

Возникла необходимость в новой модели обучения, построенной на основе современных информационных технологий, реализующей принципы личностно ориентированного образования. Поэтому я считаю, что использование информационных и коммуникационных технологий (ИКТ) в учебном процессе является актуальной проблемой современного школьного образования. Сегодня необходимо, чтобы каждый учитель по любой школьной дисциплине мог подготовить и провести урок с использованием ИКТ, так как теперь учителю представилась возможность сделать урок более ярким и увлекательным.

Язык является важнейшим средством общения, без которого невозможно существование и развитие человеческого общества.

Это делает необходимым переосмыслить цели и задачи, содержание и технологии обучения языкам, учитывая при этом уже накопленный отечественный и зарубежный методический опыт.

Особое значение приобретает использование инновационных технологий в преподавании языков и других школьных дисциплин. Мультимедийный инструментальный позволяет вывести процесс обучения в школе на принципиально новый уровень.

Цели эффективного осуществления информатизации образовательного процесса в школе можно определить так:

- развитие личности школьника посредством формирования творческого мышления, самостоятельности и активности в учебной деятельности;
- формирование информационной культуры ученика;
- повышение эффективности учебно-воспитательного процесса, использование различных возможностей информационных технологий для повышения мотивации познания, инициативности познавательной деятельности;
- создание открытой информационной образовательной среды в школе.

Эти цели достигаются в результате рационального и эффективного использования современных средств обучения в сочетании с традиционным преподаванием.

По Интернет -данным мультимедиа-презентация оказывает воздействие как на слуховой, так и на зрительный канал поступления информации, а исследования показали, что человек запоминает 20% услышанного и 30% увиденного, и более 50% информации, если он видит и слышит одновременно, и обрабатывает информацию на практике.

Внедрение ИКТ в учебный процесс имеет два основных направления:

Первое - компьютер включается в учебный процесс в качестве «поддерживающего» средства в рамках традиционных методов системы обучения. В этом случае компьютер выступает как средство интенсификации учебного процесса.

Второе - он представляет собой технологизацию учебного процесса в самом широком смысле - разработку и внедрение компьютерно-информационных моделей обучения, объединяющих человека и машину. Так, например, на русском языке можно применять комплексные компьютерные программы. При этом режим работы комплексных компьютерных программ может быть обучающим, тренировочным и контролирующим.

Применение современных технических средств обучения позволяет добиться желаемого результата.

Одной из важнейших составляющих успешного обучения является *мотивация* ученика. Использование современных информационных технологий на уроках делает обучение ярким, запоминающимся, интересным для учащегося любого возраста, формирует эмоционально положительное отношение к предмету.

В изучении школьного курса русского языка выделяю несколько основных направлений, где оправдано использование компьютера:

- наглядное представление о лингвистических явлениях;
- изучение орфографии и пунктуации;
- система тестового контроля;
- подготовка к ВОУД и ЕНТ.

Широкое использование компьютера делает обучение более наглядным, понятным и запоминающимся.

Не только учитель может проверить знания ученика, используя систему тестирования, но и сам ребенок может контролировать степень усвоения материала.

Формы использования ИКТ.

1. *Использование готовых электронных продуктов* позволяет интенсифицировать деятельность учителя и ученика, позволяет повысить качество обучения предмету; зримо воплотив в жизнь принцип наглядности.

2. *Использование мультимедийных презентаций.* Презентация - форма подачи материала в виде слайдов, на которых могут быть представлены таблицы, схемы, рисунки, иллюстрации, аудио- и видеоматериалы.

Учебные презентации можно использовать на разных этапах урока: актуализации знаний, формировании новых знаний, первичном закреплении, первичном контроле, обобщении знаний.

При подготовке урока чаще всего использую такой прием, как «наложение», который уместен в тех местах презентации или флипчарта, где необходимо проиллюстрировать в компактной и образной форме суть построения ряда объектов или процессов, изложить последовательность происходящего языкового явления.

Например, на уроке-поиске в 9 классе «СПП с придаточными определительными» провожу сравнительно-сопоставительный анализ предложений:

Комната, куда мы вошли, была темна.

Комната, в которую мы вошли, была темна.

Делаем вывод: замена союзного слова не отражается на значении предложения. На доске появляется денотатный граф.

Изучение темы «Тире между подлежащим и сказуемым». На уроке использую прием типа «каширования» «. Суть этого приема заключается в том, что заполненная текстом таблица сначала закрыта, а затем происходит постепенное ее раскрытие. При работе с флипчартом эту функцию выполняет «шторка». Создается иллюзия движения непрозрачной бумаги по таблице, раскрывающей таблицу по частям. В процессе знакомства с темой параллельно идет работа по подбору примеров из учебника и записи в тетради. Объектами подобной анимации могут быть схемы, блок-схемы или части линейного текста. Особенно это удобно при работе в старших классах по разделу «Синтаксис».

Использование интерактивной доски.

Интерактивная доска - ценный инструмент для обучения русскому языку. Применение интерактивных досок открывает множество дополнительных возможностей. Использование интерактивной доски при изучении русского языка - это ещё один шаг к повышению интереса к предмету, повышению орфографической зоркости и грамотности в целом.

Преимущества для преподавателя:

- позволяет преподавателям объяснять новый материал из центра класса;
- поощряет импровизацию и гибкость, позволяя преподавателям рисовать и делать записи поверх любых приложений и веб-ресурсов;
- позволяет сохранять и распечатывать изображения с доски, включая любые записи, сделанные во время занятия, не затрачивая при этом много времени и сил и упрощая проверку усвоенного материала;
- вдохновляет преподавателей на поиск новых подходов к обучению, стимулирует профессиональный рост.

Преимущества для учащихся:

- делает занятия интересными и развивает мотивацию;
- предоставляет больше возможностей для участия в коллективной работе, развития личных и социальных навыков;
- учащиеся начинают понимать более сложный материал в результате более ясной, эффективной и динамичной подачи материала;
- позволяет использовать различные стили обучения, преподаватели могут обращаться к всевозможным ресурсам, приспосабливаясь к определенным потребностям;
- учащиеся начинают работать более творчески и становятся уверенными в себе;
- отсутствует необходимость в клавиатуре, чтобы работать с этим оборудованием, таким образом повышается вовлеченность учащихся в учебный процесс.

Интерактивные доски позволяют уйти от привнесенной компьютерной культурой чисто презентационной формы подачи материала, экономят время занятия за счет отказа от конспектирования. Изучая конкретное правило правописания, ученики избавляются от ненужного переписывания, а сосредоточивают внимание на определенной орфограмме, имея возможность в течение урока поработать с множеством слов. При изучении правил пунктуации ребята видят перед собой готовое предложение, и работают с ним, обращая внимание на строение предложения и пунктуацию в нем. Школьники по окончании занятия могут получить файл с его записью, который можно дома просмотреть на ПК. Интерактивные доски помогают использовать выделенное для проведения обучения время максимально эффективно и увеличить эффективность образования в целом.

Эффективно применение интерактивной доски на этапе объяснения нового материала. Это дает возможность учитывать возрастные и психологические ребенка, позволяя каждому ученику в соответствии с его ведущим каналом восприятия (аудиал, кинестетик, визуал) выбрать ту форму задания, с помощью которой он быстрее и легче овладеет учебным материалом.

Учителя русского языка знают, как сложно дети запоминают словарные слова. В этой работе также помогает интерактивная доска. На экран выводится словарное слово для запоминания правописания, дается его этимология, лексическое значение. Ученики могут составить словосочетания как самостоятельно в тетради, так и на доске, записать однокоренные слова, Оформление словарных слов как гиперссылки позволяет создать словари различных видов: тематический, орфографический, орфоэпический. Работу по созданию страниц в таких словарях поручаю и детям в качестве индивидуального дифференцированного домашнего задания. Это повышает мотивацию к изучению предмета, активность на уроке.

Широкие возможности открывает использование интерактивной доски при работе с текстом. Заранее готовлю текст и использую его для разностороннего анализа: лексического, орфографического, пунктуационного. В тексте могут быть пропущены буквы, знаки препинания, которые необходимо вставить, могут быть выделены цветом слова, словосочетания, предложения, на которые надо обратить особое внимание. Удобно выполнять виды грамматического разбора. Возможно, нестандартно представить текст: разный шрифт и цвет букв привлекает внимание обучающихся, развивает орфографическую зоркость.

На этапе закрепления изученного демонстрирую вопросы с правильными ответами, открываемыми поэтапно (здесь удобно использование «Шторки», «Контейнера»).

На уроках литературы интерактивная доска- незаменимый помощник. Ребенок при работе с интерактивной доской не только видит и воспринимает, он переживает эмоции. Наглядная, всегда находящаяся перед глазами информация помогает сосредоточить внимание на ключевых моментах и активно задействовать зрительную память. Кроме того, что удобно «вырезать» нужный фрагмент фильма, интересны такие виды работ, как составление диаграмм. Например, домашнее задание по характеристике образа Чичикова ученик выполнил в виде диаграммы «Диаграмма жизненных взлетов и падений Чичикова»,

«Образы помещиков в поэме Гоголя «Мертвые души»»

ИКТ работает на конкретного ребенка. Ученик берет столько, сколько может усвоить, работает в темпе и с теми нагрузками, которые оптимальны для него. Несомненно, что ИКТ относятся к развивающимся технологиям, и должны шире внедряться в процесс обучения.

Что дает использование информационно-коммуникационных технологий для учителя?

ИКТ дают:

- экономию времени на уроке;
- глубину погружения в материал;
- повышенную мотивацию обучения; (см ИКТ-компонент как ср-во формирования мотивации на уроках рус.яз.)
- интегративный подход в обучении;
- возможность одновременного использования аудио-, видео-, мультимедиа- материалов;
- возможность формирования коммуникативной компетенции учащихся, т.к. ученики становятся активными участниками урока не только на этапе его проведения, но и при подготовке, на этапе формирования структуры урока;
- привлечение разных видов деятельности, рассчитанных на активную позицию учеников, получивших достаточный уровень знаний по предмету, чтобы самостоятельно мыслить, спорить, рассуждать, научившихся учиться, самостоятельно добывать необходимую информацию.

Эффективность использования электронно-методических материалов.

1. Реализуются новые цели образования:

- организация самостоятельной продуктивной деятельности;
 - формирование информационной грамотности и компетентности;
 - индивидуализация процесса;
 - ценностно-смысловое определение учащихся.
- Повышается эффективность познавательной деятельности учащихся за счет
- расширения возможностей доступа к образовательной информации;
 - совершенствования организационных форм и методов обучения, воспитания;
 - формирования умения самостоятельно приобретать знания;
 - визуализации представленной информации;
 - ориентации на развитие интеллектуального потенциала обучающихся;
 - развития творческого потенциала учащихся;
 - незамедлительной обратной связи;
 - одновременного использования нескольких каналов восприятия учащихся.

Я уверена, что ИКТ на уроках русского языка и литературы, впрочем, как и на любых других уроках, не только возможны, но и необходимы. Мы живем в информационном обществе, в котором тот, кто владеет информацией, владеет миром. Наши дети - это поколение визуалов, хотим мы того или нет, но они привыкли получать информацию с мониторов и дисплеев. Применение ИКТ существенно расширяет возможности современного урока, в чем мы еще раз убедились, применяя ИКТ на уроках.

ЛИТЕРАТУРА

1. Могилёв А.В. Интернет-проекты в системе образования. Справочник заместителя директора школы. №8 2008г.
2. Олифер В., Олифер Н. Новые технологии в обучении. С.Пб.: БХВ-Санкт-Петербург, 2000.
3. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998.

ӨЖ 82 (574)

ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЖІКТЕЛІСІ

Қ.Е. АБУШАХМАНОВА

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

М.Н. БАРАТОВА

ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жанр – диалектикалық заңдылыққа сәйкес ол қатып-семіп калған құбылыс емес, әр уақытта, әр дәуірде оқиғаларға сай өзгеріп, түрленіп, кейде жоғалып та отырады. Бұрын болған кейбір жанр жаңа уақыт талабына сай қайта сай келсе, соның негізінде әлгі жанр түрленіп, әдеби процессте алдыңғы қатарға шығады. Жанрдың тарихылығын З. Қабдолов төмендегіше түсіндіреді: «Жанр – даму үстіндегі ұғым. Әрбір тарихи дәуір әр түрлі жанрдың түп негізін сактай тұра, оның табиғатына өз ерекшеліктерін негізеді. Мұндай ерекшеліктер, бір жағынан, әр әдебиеттің ұлттық сыр-сипатымен тығыз байланысты болса, екінші жағынан, әр жазушының әлеуметтік орта мен әдеби процесстегі атқарар роліне, алар орнына байланысты. Жанрлық дамудың өзі – тірі процесс. Жанрлар туады, өседі, өзгереді, жоғалады, жаңадан пайда болады. Бұл да әр әдебиеттің тарихи тағдырлары мен ерекшеліктеріне ұштасып жатады. Жанр – нақты тарихи түр. Бұл, сайып келгенде, әлеуметтік-экономикалық факторларға да тәуелді [1, 198]».

Демек, жанрлардың генезисі (тууы), эволюциясы (өсуі, өзгеруі, жоғалуы), метаморфозасы (жаңадан пайда болуы) ең алдымен ұлттық көркемдік сананың кезеңдеріне (мифтік-поэтикалық, дәстүршіл, дара шығармашылық) байланысты болса, келесі кезекте жекелеген авторлардың поэтикалық жүйесіндегі жаңалық-жетістіктерімен жанасып жатады. Үшінші жағынан, жанрлар «нақты тарихи түр» болғандықтан, олардың бітіміне елдің ілгері-кейінді өмірінде ірге тепкен ішкі, сыртқы – заманалық қилы-қилы қоғамдық құбылыстардың, әлеуметтік әуездердің, мәдени мәністердің таңбасы басылатындығы тағы белгілі. Қоғамдық дамудың қайсыбір сатысында өсіп-өрлеген жанр бара-бара бұрынғы биік тұғырынан тайып, мән-маңызын жоғалтуы мүмкін немесе керісінше – көптен бері көлеңкеде келген жанрдың аяқ астынан жұлдызы жануы ықтимал. Айталық, толғау жанрына қатысты сөз қозғаған Хандық дәуірмен бірге жыраулар да, жыраулардың сүйікті жанры – толғау да тарих сахнасынан ысырылуға мәжбүр болды.

Лириканың басты объектісі болып келетін адам әркез қоғаммен, айнала қоршаған ортамен тығыз байланыста өмір сүреді. Сол қоғамда, айнала әлемде болатын түрлі өзгерістер лирикаға, оның жанрлық түрленуіне әркез де әсерін мол тигізеді. Мысалы еуропа әдебиетінде 18 ғасыр соңы мен 19 ғасыр басында идилия мен ода жанрлары әдеби сахнадан түсіп, олардың орнын мысал, элегия т.б. жанрлары келді. Сонымен қоса, мениппея, мистерия, диатриба, эпигалама сынды ұсақ жанрлар дамуын тіпті тоқтатты. Оның бәрі капитализм белгілерінің дами бастағанынан, адам – ең негізгі құндылық, ол халықпен бірге жасау керек деген ұғымнан шыққан өзгерістер деп санауға болады. Қайта өрлеу дәуірі тұсындағы өнер жанрлар арасындағы нақты демаркациялық шекара жоқ, 17-18 ғасырлардағы классицизм эстетикасы жалпы иерархиялық жанрлар жүйесіндегі әр жанрдың тазалығын қамтамасыз ететін қатаң тәртіп орнатты. Сол уақытта Францияда «жанр» ұғымы қолданысқа енді. 19 ғасырда жанрлардың өзара әрекеттестік процесі қайта оралды. Олардың қосылып кетуі, тоғысуы, қатаң белгіленген шекараның бұзылуы басталды. Кейбір қазіргі заманғы теоретиктер жанр дифференциясы тіптен ескірген деп жанр мәселесін алға қоюдың қажеті жоқ деп есептейді.

Қазақ әдебиетінде де уақыт, тарихи кезең, дәуірге сай лирикалық жанрлар да біресе толып, біресе кеміп, кейде жаңаша түрде қайта жанданып отырған. Сонау «аспан асты, жер үстіндегі түрікпіз» деген заманнан бастап қарасақ, әдебиетіміздегі лириканың ең алғашқысы болып есептелетін «Күлтегін мен Төныкөк жазбаларының» жанры жайлы ғалымдар арасында көп пікірталас болды. Орхон жәдігерліктерін поэзия, ерлік жыры деп алғаш бағалаған ғалымдардың бірі академик-жазушы М. Әуезов болды. Ал бұл жазба жәдігерліктер өзінің мазмұны мен пішіні жағынан ғана емес, ырғаққа, яки, ритмге - үннің жүйелі, мерзімді, мөлшерлі қайталануына негізделуі тұрғысынан да поэзиялық сипатқа ие екенін И. В. Стеблева дәлелдеп шықты. Бұл қыр ерлік, елдік тақырыбындағы лирика екені белгілі. Бұл кезде лирикада жеке адамның тебіренісінен гөрі жалпыұлттық, ел көлеміндегі тебіреніс сезімдері басым. Мұны Гомердің «Одиссея» мен «Иллиадасынан» да байқауға болады. Адамның ішкі сезімдерін жырламайды, бірақ оларды өзге адамның қатынасы, іс-әрекеттері арқылы беріп отырады. Заман өте келе ислам діні ене бастағанда, лирика да арнасын осы бетке бұрды. Алтын Орда дәуірінде дін, Аллаға құлшылық ету хақындағы лирикалық жанрлар молая түсті. Рубаи, ғазал, бәйіт, рауаят, мадх, апалогат, хамрийат, васф, гардийат, хиджа т.б. сынды шығыстық класикалық лирика жанрлары әдеби қызметін жоғарылата түсті. Яғни, бұл заман ерлік, халық тақырыбындағы шығармалардан гөрі діни тақырыптағы лириканы керек

етті. Діни өлеңдердің дамыған тұсы да – осы кез. Ал, Қазақ хандығы құрылып, жер үшін, ел үшін арпалысқан дәуірде халық рухын көтерер, жол бастап, ақыл айтар лириканың түрі толғау жанры еді. Оны біз «жыраулар поэзиясы» деп атаймыз. Міне, уақыт, тарих әдебиет сахнасына тағы бір лириканың түрін әкеліп қосты. Қазақ хандығы дәуірлеріндегі ақын-жыраулар поэзиясының ұлттық – этнографиялық болмыспен жырлануы 19-20 ғғ. дамуда сыршыл сарындармен толыға, молаға түсті. Абай бастаған ақындар лириканың жанрын, өлеңдердің жанрлық ауқымын кеңейте түсті. 20 ғ. екінші жартысындағы жалпы ұлттық әдеби даму үрдісінің көркемдік деңгейі ақындық поэзияның классикалық үрдістерді кеңейте, жаңғырта жырлауына ықпал етті. Ақындардың саяси лирика сарынындағы өлеңдері арнаулар, құттықтау, желдірме, ән-өлең, очерк-өлең, хат-өлең, т.б. мол жырланды. Ал, фольклор дәстүрі нышандары сақталған тұрмыс-салт лирикасы, (той бастар, беташар, бесік жыры, қоштасу, естірту, көңіл айту, жұбату, жоқтау, еңбек, кәсіп, өнегелік (дидактика), сатиралық өлеңдер, ақындық поэзияда дәстүрлі сипатпен жалғасты. Ақындық поэзияның дәстүрі арқасында қазақ халқының ұлттық дүниетаным көзқарастары, этнопедагогикалық - этнопсихологиялық, этнографиялық ұстанымдарын танытатын лирикалық - дидактикалық өлеңдер ерекше орын алады. Халық ақындары - тұрмыс-салт жырларының әуелгі авторлары. Олардың ежелгі замандардағы үлгілерінің авторлары ұмытылып кетсе де, дәстүр ұласуы заңдылығына сәйкес әрбір жаңа дәуірдің ақындары халықтың этностық – этнографиялық тіршілігімен, егіз лирикалық өлеңдердегі жалғастыра туындата береді. Бұл орайда «Бесік жыры», «Тұсау кесер», «Сынсу», «Той бастар», «Көңіл айту» түрлеріндегі тұрмыс-салт жырлары қазақ поэзиясындағы авторлық поэзияның ұлттық әдеби процессті құрайтын дәстүр жалғастығын, ұласуын толық таныта алатын мұралар. Яғни жанрлар дамуын тоқтатпайды. Оны В. Н. Турбин мына пікірімен жеткізген: «Мадригал, дифирамб, панегерик – подобные жанры иной раз рисуют нам лежащими где-то далеко от нас, в золото-мраморной Элладе, на берегах Эгейского моря. Но жанр как раз то, что объединяет 20 век с берегами Эгейского моря: каждый из нас хоть раз в жизни да сложил мадригал – позвальное слово девушке, женщине, корректный комплимент, поддифирамбическим мышлением. Жанры наследуются. Жанры передают идеологический опыт от поколения к поколению» [2, 9]. Яғни, жанр және уақыт деген мәселеде осындай жайларды айтуға болады.

Лириканың бастауы – фольклорда. Жалпы, «Мына жанр фольклорға жата ма, жоқ әлде әдебиетке тиесілі ме?» деген сауал көптеп қойылып келеді. Беріліп жатқан жауаптар да жеткілікті. Мысалы, Р. Бердібаев тарихи өлеңді «классикалық эпос пен жазба әдебиеттің арасындағы белес» [3, 212], - деп бағаласа, А. Қыраубаева киссанын «ежелгі жазба әдебиет пен ауыз әдебиетінің дәстүрін қатар жалғастырған жанр» екендігін екшейді. Термені арнайы зерттеген С. Медеубеков бұл жанрды фольклорға да, жазба әдебиетке де – жыраулық-ақындық поэзияға еншілейді; бірақ терменің фольклорлық сипатын, сондай-ақ жазба әдебиеттің әсеріне де шалдыққанын жоққа шығармайды. Осылардың өзі-ақ ойымызды фольклор, ауызша әдебиет және жазба әдебиеттегі жіксіз байланыстырып жататын аралық жанрлар (промежуточные жанры) туралы түсінікке жетелейді. Шартты түрде алғанда, «фольклордың әдебиеттенуі» немесе «әдебиеттің фольклорлануы» секілді құбылыстардың көркем сөз тарихында көптеп кездесуі кездейсоқтық еместігі де көрінеді. Бұл, әдебиетте, фольклордың, ауызша әдебиеттің, жазба әдебиеттің төл классикалық жанрлары болатындығын әсте терістемейді. Фольклоршы Ш. Ыбыраев: «Авторы бар поэмаларды эпикалық дәстүрдің өзіндік бір жалғасы ретінде сөз ете алғанымызбен, коллективтік творчествоның аясында, яғни фольклордың саласы ретінде қарастыруға негіз жоқ. Себебі, 19 ғасырға дейінгі әдеби дәстүріміздің де ауызша өмір сүріп келгендігі белгілі. Ал фольклор мен әдебиеттің арасындағы байланыс нақтылы жарға келгенде кейде жақын, кейде алшақ болуы мүмкін. Қалай болған күнде де, авторы бар ауызша поэмаларды фольклордың аясынлда қарастыратын болсақ, онда біздің ауыз әдебиетінің негізгі белгілерінен бас тартуымызға тура келеді» [4, 155], - дейді. Ал қазақ халық өлеңдерін ғалымдар әркез де жанрлық жағынан жіктеп, топтастырған. Халқымыздың алғаш ғалымы Ш. Уалиханов қазақ халық поэзиясын жыр, жоқтау, қайым өлең, қара өлең, өлең деп бөлген. Қазақ халық өлеңдеріне қатысты Х. Досмұхамедұлы жүйелеуінде мақтау өлең, үгіт өлең, болжал өлең, үйлену тойы жырлары, емшілік өлең, өтірік өлең, діни өлеңдер, боғауыз өлеңдер деп жіктеген. Бұлардың бәрі – қазақ өлеңдерінің жекелей жанрлық түрлері. Бұл тұрғыда Е. Ысмайыловтың жинақтай айтуының мәні бар. Ол былай жазады: «Өлең қазақ поэзиясының негізгі түрі: көне салт, әдет-ғұрып поэзиясы да, әндердің текстері де, айтыс, ғашықтық жырлардың көпшілігі де кейінгі поэзияның негізі де осы өлеңмен жазылған. Өлең қазақ әдебиетінде ән – өлең (песня) ұғымында да, өлең-жыр (стих) ұғымында да жүреді. Өлең қазақтың барлық тарихи өмірінде біте қайнасып араласқан. Ойын-сауығын да, әзіл-қалжыңын да, қайғы-қасіретін де, жорық-соғысын да, өлім-азасын да, сой-астарын да, мерекелерін де бәрін де өлеңмен бейнелеген және қазақтың бірер ауыз өлең айтпайтыны сирек [5, 89]». З. Ахметов былай дейді: «Лирикалық жанрға ауыз әдебиетіндегі өлеңнің барлық түрлері – еңбек туралы, төрт түлік туралы өлеңдер, тұрмыс-салт жырлары, нақыл-өсиет жырлар, терме, толғау, тақпақ секілді нұсқалар жатады. Жазба әдебиет өркендеген кезде жаға түрлер – саяси-әлеуметтік лирика, философиялық лирика, көңіл-күй лирикасы, махаббат лирикасы, табиғат лирикасы қалыптасып, дамиды. Лирикалық шығармалар тақырыбы, құрылысы жағынан да сан-алуан. Кейде, айталық, арнау өлең, сатиралық өлең-жырлар немесе хат түріндегі лирикалық шығарманың бөлекше үлгілері ретінде қарастырылады» [6, 133]. Халық өлеңдерінің ендігі бір маңызы лирикалық өлеңдер екені белгілі. Бұл тұрғыдан жоғарыдағы аталған ғалымдар пікірлері әр шақта да айтылып келеді. Бұл мәселеде А. Сейдімбек, М. Тілеужанов зерттеулерінде назар аударылып, қара өлең табиғатына байланысты тексерулер жүргізілді. Жанрлық тұрғыдан тұжырымдар жасалды. Негізінен лирикалық өлеңдерді төмендегідей түрде жіктеу қажетті

назар аударарлық: кара өлең, ән-өлең, тарихи өлең, хат-өлең. Яғни, лирикадағы өлеңдерді жанрлық жағынан жіктеу халық ауыз әдебиеті үлгілерін жүйелеуден бастама алғаны айқын көрінеді.

Лирикалық жанрдың да өзара түрлері бар. Бұл түрлер көрсетпек болған өмір құбылыстарын қалай суреттеуі, ақынның көңіл күйі қалай берілуіне байланысты. Бұл жанрға тән ақынның дүниетанушылығы, көзқарасы мен өзінің ішкі сезімін, күйініш-сүйінішін дайым ұштастыра жырлау десек, айырмасы, жоғарғы айтылғандар тәрізді, қалай жырлауында ғана. Кейде шаттық, қуаныш, асқақты білдірсе, кейде мұң, зарды, кейде көңілдің бейжай қоңыр күйін сездіруі мүмкін. Міне, осы сипаттарына қарап, лирикалық жанр әлденеше түрлерге бөлінеді. Сондықтан да лириканың жанрлық сипаты сөз болғанда, оның тап-таза бір түрін бөліп көрсету мүмкін емес. Дегенмен де, жанрдың шартты түрде бөлінген түрлері де бар. Кез келген ғылым саласы тәрізді бұл мәселеге соңғы нүкте қойылмайтынын, бұрыннан қалыптасқан басы ашық жанр түрлері бар, әлі толық анықталып бітпегені, әйтсе де сол толықтыққа жету үшін де алдын ала сараптауды тосып тұрған, өзінше шартты түрде ғана бөлініп жүрген жанр түрлері бар екендігін ескере кетейік. Мысал (басня), мұң өлеңі (элегия), мадақ өлең (ода), төрттаған (рубай), нәзира бұрыннан шаңырақ көтерген даусыз лирика түрлері саналады. Сонымен бірге ойлану (медитативті), жұмбақ, хат өлең сияқты жанр түрлері де бар. «Лириканың жанрлық сипаты, жан түрі ретінде дамуы сөз етілгенде, оның шартты түрде болсын ішкі бөлінісін: толғау, публицистикалық немесе шолу өлең; дидактикалық немесе үгіт өлеңі; арнау, хат өлеңі, сондай-ақ азаматтық лирика, көңіл-күй, табиғат, махаббат лирикасы болып тарамдалу мүмкіндігін ескеру керек» [7, 8], - деп Қуандық М. Ж. лирикадағы жанрлық межелеудің бір жолын көрсетеді. Ал М. Дүйсенов: «Қазақ поэзиясында лирика тегінен таралатын өлең жанрының ішкі түрлері тақырыбына, сарынына қарай, саяси-әлеуметтік, азаматтық, интимдік, пейзаждық, философиялық жанрларын өрбітуде, ал образдылық, сырт формалық сипатына қарай өлеңнің сатиралық, мысалдық, балладалық, толғаулық жанрларын дамытуда» [8, 188], - деп бөледі. Әлемдік әдебиетте лирикалық жанрларға: элегия, эпиграмма, эпиграфия, ода, идиллия, сонет, рондо, мадригал, ғазел, хокку, танка, баллада, памфлет, романс, терме, толғау т.б. жатқызылады. Адамның көңіл-күйі, ой мен сезімнің үндесуі лирикалық жанрлардың басты ерекшелігі болып табылады. Олар өзіндік өзара ренк, бояуымен де ерекшеленеді: элегия – мұң, эпиграмма – сықақ, ода – мадақ т.б. лирикалық жанрларды мазмұны мен тақырыптық өзгешілігіне қарап қана емес, бейнелеген өмір құбылыстары ой-сезім өрнектеріне байланысты саяси-әлеуметтік лирика, философиялық лирика, көңіл-күй лирикасы, табиғат лирикасы деп жүйелеп топтастыру үрдісі де бар. Бұл топтама Уэллек пен Уоррен айтқандай, «ішкі» жағынан (тақырып, көңіл-күй, субъективті көзқарас) сараланған. Былайша айтқанда, бұл - жалпылай түрдегі топтастыру.

Тақырып лирикадағы жанрды саралауда ұтымды қызмет етеді. Қандай қоғам болсын қаламгерге өзінің өзекті тақырыптарын, мәселелерін ұсынып отырады. Заманмен, халықпен тығыз байланысты ақын сол озық идеологиясының жаршысы, насихатшысы бола ма десе, уақыт талап етіп отырған көкейкесті тақырыптарынан, әлеуметтік мәселелерден бой қашырмайды, керсінше, соның дәл ортасында жүреді. «Ақын тақырып таңдауға ерікті. Негізгі мәселе – ақынның сол алған тақырыбын идеялық-эстетикалық тұрғыдан шеберлікпен шеше алуында. Әрбір көзқарастағы, әрбір идеялық позициядағы ақындардың бір тақырыптың өзіне әр түрлі мазмұндық-көркемдік шешімдер беріп отыратындары да сондықтан. Тақырыптың көркемдік шешімі ақынның азаматтық, қоғамдық парызын қалай түсінетіндігіне тікелей байланысты» [9, 45]. Әр заман, әл дәуір өзінің тақырыбын тудырады, ал тақырып – өлең тудырады. Орыс әдебиетінде де өлеңнің жанрын межелеуде ең бірінші тақырыптық жағына мән беріліп, сол тұрғыда саралайды. Ал сөз өнерінде, жалпы өнерде идеяның алар орны ерекше. Поэзияда, оның ішінде лирикалық шығармадағы идеяның орны туралы түрлі пікірлер бар. Көркем идея көркем оймен қабысып жатады. Идея туралы, оның мазмұн мәні жайында какдемик З. Қабдолов мынадай тұжырымды ой айтады: «Идея, көркем идея – әдебиет пен өнер шығармасының өзегінен алынған жинақтаушы, эмоционалды, образды ой. Көркем ойдың нысанасы болып көбінесе белгілі бір дәуір шындығы неғұрлым айын көрінетін өмірдің жекелеген құбылыстары туралы айтқысы келген ойы мен беретін бағасын білдіреді. Әрбір әдеби шығармада көркем шешімін тапқан идеяның терең тамыры сол шығарманы тудырған суреткердің дүниетанымына, әлеуметтік көзқарасына жатады [10, 294]». Ал лирикалық шығармаларда, әрбір өлең өзіндік идея болады. Сонымен қатар, ақынның даралық тили қалыптасқан, ұлттық идеясы айқын болса тұтас поэзиясының циклдік шығармаларын біріктіріп тұратын да идеяның болары анық. Жалпы көркем шығарма ең алдымен өзінің идеялылығымен құнды. Көркем шығарманың идеялылығы туралы академик З.Ахметов мынадай пікір айтты: «Шығарманың идеялық әсерлілігін арттыратын, оқушыны толғанып, тебіренетін - көркемдікпен көрсетілген өмір шындығы, сол шындықтың неғұрлым терең, тегеурінді болуы. Әдеби шығармада суреттелген жағдайлардан өзінен-өзі ешбір күштеусіз еркін туатын қорытынды-түйіндер ғана нағыз қуаты көркемдік идея деп санауға ылайық. Мұндай нағыз көркемдік идеялар жасанды, жаттанды идеялар емес, шығарманың өн бойынан көктеп, жабыстырған жанама нәрсе де емес, сол шығарманың жаны, бойындағы қаны секілді, бөліп алуға келмейтін ажырамас ішкі қасиеті, оқушыға беретін идеялық әсері, шығарманың ішкі құрылыс бітімінен біте қайнасып, кірігіп кеткен ой-пікірлер, идеялық нысаналар, шығармадағы толғаныстардың тоғысында туатын ой-түйін» [7, 642].

Жоғарыдағы ғалымдардың пікіріне сүйесек, лирикалық жанрларды тақырыбы мен идеясы тұрғысынан саяси-әлеуметтік, философиялық, діни немесе қазіргі кезде теологиялық, табиғат және махаббат лирикасы деп бөлуге болады. А.Байтұрсыновтың 1926 жылы шыққан «Әдебиет танытқыш» еңбегінен кейін арнау,

жолтау, коштасу, айтыс секілді лирика түрлерін ұлттық деп танып жүрміз. М.Н. Баратованың: «Сондай-ақ шығармаларды: үгіт (дидактикалық), шолу, деректі, аңыз, тұспал өлеңдері немесе махаббат, табиғат тақырыбындағы туындылар деп бөлуде, жанрлық межелеумен бірге, тақырыптық ерекшелік қоса ескерілетінін де дiттей отырып, қазақ өлеңдерінің жанрлық табиғатын кең саралау үшін бұлай бөлудің де ұтымды тұстары мол екендігін ескермей болмайды [11, 26]», - деген пікірі құнды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы : Ғылым, 1993. – 360 б.
2. Турбин В. Н. Пушкин. Гоголь. Лермонтов: об изучении литературных жанров. – М. : Просвещение, 1978. – 239 с.
3. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы : Жазушы, 1989. – 357 б.
4. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы : Ғылым, 1993. – 296 б.
5. Ахметов З. Идеологиялық. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Даму институты, 1999. – 750 б.
6. Мәшһүр-Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Монография – Павлодар : ЭКО, 2007. – 442 б.
7. Дүйсенов М. Жанр сипаты. Қазақ ССР-нің Ғылым Академиясы. – Алматы: Ғылым, 1971. – 270 б.
8. Қазақ совет дәуір лирикасының жанрлық спецификасы. – Алматы : Рауан, 1989. – 114 б.
9. Баратова М. Мәшһүр-Жүсіп өлеңдерінің жанрлық сипаты. Оқу-әдістемелік құрал. – Павлодар : Керек, 2007. – 71 б.

ӘОЖ 80 (574)

МӘШҺҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ БОЛЖАЛ ӨЛЕҢДЕРІ

Қ.Е. АБУШАХМАНОВА
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
М.Н. БАРАТОВА
ф.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Біз лирикалық жанрларды, яғни өлеңнің жанрлық түрлерін сараптауда көп ауызға алына бермейтін болжал өлеңдерге назар аударғымыз келеді. Әрине, лирика жанрының бұл түріне қалам қозғау үшін ақын да ерекше қасиеттермен ерекшеленуі қажет. Болжал өлеңдер жайлы алғаш Х. Досмұхамедұлы сөз қозғаған еді: «Халық әдебиетінің тағы бір түріне болжал өлеңдер жатады. Болжал әдебиеттің негізгі мазмұны қазақ халқының болашақ баянсыз тағдыр-талайы болып табылады: жер тозады, жайлау тарылады, ауа райы, табиғат қаталанады, адамдар кедейленеді, мінез-құлық өзгереді, жаман ғадеттер молаяды, бір сөзбен айтқанда, қазақ елі мен жері өзгеріп, азып-тозады. Аталған ауыр күндердің хақтығын болжай отырып, халық өз басындағы жаман ғадет, қасиеттерден арылмаса бұдан шығар жолдың жоқтығын, болашақта құлдық пен құру күтіп тұрғанын жырлайды» [1, 84]. Ары қарай ғалым болжал өлеңдерді жазған ақындарға тоқталады: «Болжал өлеңдердің шу басында Жәнібек ханның тұсында өмір сүрген делінетін, жарым-жартылай аңызға айналған бейне – Асан Қайғы тұрады. Қазақ даласы мен қырғыз тауының әрбір көзге түсер жері Асан Қайғының болжал өлеңімен байланыстырылады, ол жердің болашағы мен оны қонақшылардың тағдыры туралы сын айтылады. Қазақ халқының таихын зерттеуде болжал өлеңдердің маңызы зор. Мәселен, Асан Қайғы толғауының мына бір үзіндісі қазақ ханы Жәнібектің Шу өзені маңына кетіп, қазақ хандығын құрған соң қайтадан Алтын ордаға оралып, Мәскеу үкіметімен қандай да бір жең жалғасқанын меңзейді:

Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын.
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің

Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген,
Екі семіз қолға алып,
Ерлер жортып күн көрген,
Еділ деген қиянға,
Еңкейіп келдің тар жерге,
Мұнда кенес қылмасаң,
Кенестің түбі нараду» [2, 240-242],

– деп ғалым болжал өлеңдерге алғаш рет талдау жасап, жол көрсеткен. А. Шәріп өзінің «Сөз өнері және ұлттық рух» атты еңбегінің «Қазақ өлеңіндегі фатализм және эсхатологизм» тараушасында: «Адам өмірінің алдағысын, сондай-ақ болашақ дәуірдің бет-бейнесін күні бұрын көземелдеу – кез-келген халықтың қоғамдық қиялы мен көркемдік ой кестесінде өзінше өрім-өрнек табатын қызықты да қатпарлы құбылыс. Дәстүрлі дүниетанымға жүгінсек, жұлдызшы мен жауырыншы, сәуегей мен мыншы, бақсы мен балгер секілді келешекті көрегендікпен болжайтын жандардың бойындағы қабілет-қасиеттердің біздің санамыздан сыртқары әлдебір құпия да құдіретті, тылсым да тәсірлі күштермен байланыстырылатыны байқалады. Сондықтан бұл мәселенің көбіне бір-бірімен бас түйістіре бермейтін түрлі-түрлі салалардың (мысалы, фольклортану мен футурология, тарих пен теология, т.б.) тарапынан тексеріліп жатуы аса таңданыс тудырмайды», - деген пікір айтады. Ғалым фатализмді (лат. Fatalis – жазмыштық, fatum – тағдыр, талан) үш топқа саралайды:

1) мифологиялық фатализм, бұл бойынша, бүкіл әлемге өмірін жүргізуші болып саналатын – тағдыр;
2) теологиялық фатализм, мұнда тіршілік тұтқасы тек Құдайдың құзырына қарайтындығы тұжырымдалады;
3) рационалистік фатализм (Демокрит, Гоббс, Спиноза, Лаплас, т.б.). Ол дүниедегі құбылыстарды тұйықтаулы жүйе ішіндегі себеп пен салдардың тапжылмас тізбегі деп түсіндіретін ғылыми таным – механикалық детерменизмді тірек тұтады [3, 176]».

Хандықтың саясатын айқындап, халықтың сөзін айтатын, сөйтіп өз өресіне сәйкес жөн-жоба сілтейтін жырауларға тән ерекшеліктердің бірі де – болжағыштық. Оның ең басында «көмекей әулие» - Бұқар жырау тұр. Зар заман ақындары да осы жанр төңірегінде қалам тартқан. Мысалы:

Сырғалыңды күн қылып,
Солқылдақты жүн қылып,
Күнінді тұман түн қылып,
Қыл мойнына тақалтып,
Шабактай жемге қақалтып,
Көмейіңе салар қармақты.
(Дулат Бабатайұлы) [4, 18]

Мен хауіп еткеннен айтамын:
Ақ борықтай иілген,
Кейінгі туған баланың
Ұстай ма деп білегін,
Шала ма деп жүрегін,
Шашын, мұртын қойдырып,
Ащы суға тойдырып,
Бұза ма деп реңін,
Адыра қалған заманның
Мен жақтырмаймын сүреңін.

(Мұрат Мөңкеұлы) [4, 124].

Бұл құбылыс орыс әдебиетінде де бар. Орыс ойшылы Н. Бердяев «Орыс коммунизмінің бастаулары мен мәні» атты кітабының «19 ғасырдағы орыс әдебиеті және оның сәуегейліктері» деген тарауын түгелдей Пушкиннің, Лермонтовтың, Тютчевтің, Хомяковтың, Гогольдың, Достоевскийдің, Толстойдың, т.б. көрнекті қаламгерлердің өз шығармашылықтарында Ресей революциясын күні бұрын болжай білгендіктеріне рнай отырып, Россияда дүниенің ақырына бет бұратын, болашаққа көкірек көзімен қарайтын, апаттарды алдын-ала сезінетін эсхатологиялық рухани бітім қалыптасты, айырықша бір мистикалық сезімталдық пайда болды», - деп жазды.

Айталық, Лермонтовтың:
Настанет год – России черный год,
Когда царей корона упадет;
Забудет чернь к ним прежнюю любовь,
И пища многих будет смерть и кровь [5, 178-173], -

– деп басталатын «Сәуегейлік» атты өлеңіндегі көріпкелдікке таң қалмасқа шараң жоқ.

Мәшһүр-Жүсіптің «Ғалының тағылымы» өлеңі болжал өлеңге жатады. Өлең шағын оқиғаға құралған. Қысқаша мазмұны былай: Ғалы сапарға шығып, неше түрлі таңғаларлық істерге тап болады. Әуелі көк өгізге мінген ақсақал кездесіп, «талысты алып бер» дегенде, оны қанша мықты, күшті болса да Ғалы көтере алмайды. Одан аш ақсақалға жолығады, ол алдындағы дамді тамақтан жемей, еңбектеп барып, сасыған өлексені жейді. Артынан итті көреді, оның іштегі күшіктері тұмай жатып үреді. Кейін бір жылан таяғына мініп алып, қанша сілкісе де түспей, одан әзер дегенде құтылады. Ары қарай арыстанды басып оытқан қара бураға кездеседі. Осының бәрін айтып, мәнісін түсіну үшін пайғамбарға келеді. Сонда пайғамбар былай деп жауап береді:

Ойласаң, менменшілік – Тәңірім қасы:
«Кез келсе маған, - дедің – жер тұтқасы,
Төңкеріп дүниені жіберер ем,
Қаңбақтай болар маған бар нұсқасы!»

Тосқызған мұндай іспен Хақ тағалам,
Ақсақал – көк өгізді Хызыр бабаң!
Ол талыс – дүниенің төрттен бірі,
Жетпеді көтеруге сенің шамаң!

Екінші – ол қайыршы ақсақал шал,
Қолында қанша халал болады мал.
Ішіп-жемей, өзінен қызғаныш қып,
Ұрлыққа қиянат пен ұста болар.

Үмбетім сондай болар – ақыр заман,
Шошқадай боқ асайды, ол жеп харам.
Солардың қайғысынан ұйқым келмес,
Иллиһи, ғасылыңа ал, Хақ тағалам!

Үшінші – ол көрінген бала болар,
Замана жыл-жыл сайын сұм боп солар.
Ақырғы үмбетімнің балалары,
Ананың құрсағынан туа шулар!

Төртінші – заман ақыр қатындары,
Болмайды беттерінде титтей ары.
Жыландай тиген сайын, қарсы өрлеп,
Түнерген бұлтты түндей ашулары.

Бесінші – үйде жатып, ой ойладың
Ісіне ғазірейілдің таңырқадың!
Күші асып ала ма екен, иа, рұқсатпен,
Дүниеден тегіс жойған барша жанның?! [6, 314].

Міне, пайғамбардың айтқан сөздері болашақта, яки, ақыр заман тұсында адамның қандай болатынын болжап тұр. Заман өте келе адамның да қылықтары бұзыла бастайтынын, келеңсіз әрекеттер көбейетінін ақын пайғамбар сөзімен жеткізген. Осындай болмас үшін өлең соңында ғибрат айтады:

Білгенін айтып жатыр тіл менен жақ!
Бір қалмай, артымызда, бара жатыр,
Болдық қой жайылатн хайуандай-ақ! [6, 316].

Ақын егер адамдар таза дінмен жүріп, ғылым-білім жинап, жақсылыққа ұмтылса, онда адамдар сонша азып-тозбас еді деген ой түйеді. Бұл өлеңде айтылған болжал сөздердің қазіргі заманда шындыққа айналып бара жатқаны сөзсіз. Ақынның тағы да болашақты болжап, адам, заман хақында жазған бір шығармасы – «Дүниеге жарасады күн менен ай» өлеңі. Бұл да жоғарыда келтірілген өлең сияқты діни сипатта болып келеді. Назар аударайық:

Дүниеге жарасады күн менен ай,
Бұл заман тұра бермес бұрғыдай.
Мысалы бұл дүниені мен айтайын,
Теңелер бір заманда кедей мен бай.

Өзгеріп одан кейін заман болар,
Жолына шарифаттың күмән болар.
Қызығы: көрі-жастан ұят кетіп,
Тәртіпсіз, ар-жойылып тамам болар.

Үлгісіз ата менен ана болар,
Еркекті әйел билеп дана болар.
Бір асып, бірде тасып көкігендер,
Таусылып құлазыған дала болар.

Күншілдер көріненге қуғын салып,
Ақыры күнәсізге жала салар.
Үлгілі-өнегелі салты құрып,
Қаптаған айналасы қала болар.

Сарыарқа сары жайлау жер тарылып,
Өрісі жоқ, жырық-жырық дала болар.
Сары қымыз сапырулы қолдан кетіп,
Сарғайтып ішетұғын шайы болар.

Ұлы – арсыз, қызы ұятсыз болыр өсіп,
Бала емес, пәле баққан жайы болар.
Келер заман адамы көп білем деп,
Надандығы соңғыға мәлім болар.

Шариғат пен хадистен жұмысы жоқ,
Құранды кате оқып күнә болар.
Оқыған ғұламалар таусылған соң,
Ақыры ұры-қарысын молда болар.

Өзіннен туған бел балаң,
Саудагердей сарт болар.
Бірге туған жақының
Алыстан бетер жат болар.
Сыйынған пірің молда-саудагер,
Бір Құдайға шет болар!

Таудың түгі кетіп, тасы қалар,
Ағайынның жақсысы кетіп, өңшең жау, қасы қалар.
Құранда минал жәннәт әннас қалар,
Бұл күнде –на апо әннас қалар! [6, 342-343].

Қарап отырсақ, ақынның айтқан әрбір болжамы біздің қазіргі дәуірімізге, Кеңес үкіметі тұсына дәлме-дәл келеді. «Бай мен кедей тенелген заман» - Кеңес Одағы тұсында болды деп айта аламыз. «Күнәсізге жала жабу» да сол кезең еншісіне тиеді. Ал, «шариғат пен хадистен жұмысы жоқ», «арсыз ұл мен ұятсыз қыз», «ұры-қарысын молда», яки «оқымыстысымақтар» толған, «жырық-жырық дала», «қаптаған қала», «сары қымыз таусылып, шай ғана болған» заман біздің қазіргі өмір сүріп жатқан кезеңімізге ұқсайды. Болжал айту әркімнің қолынан келмейді, тек қасиеті, әулиелігі бар адам ғана болашақты көре алады. Ал Мәшһүр-Жүсіптің қасиеттілігі, дінге берілген, көп оқыған адам екендігі бұрыннан бері белгілі, ол жайлы біршама деректер де бар. Ал ақынның болжал өлеңдері – ақынның осы қасиеттерінің бір дәлелі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы. – Астана : Фолиант, 2005. – 536 б.
- 2 Екімынжылдық дала жыры. / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2000 – 752 б.
- 3 Шәріп А. Сөз өнері және ұлттық рух. – Астана : Педагогика – Пресс, 2010. – 240 б.
- 4 19 ғасыр әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы (Құр. Х. Сүйіншәлиев). – Алматы : Ана тілі, 1992. – 224 б.
- 5 Лермонтов М. Ю. Стихотворения. – Ленинград : Наука, 1979. – 491 с.
- 6 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. Павлодар : «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 4 т. - 384 б.

ӘОЖ 811

АБАЙ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ БЕЙНЕСІ

Г.Б. ӘБИЛАСАНОВА

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 31 орта мектебі, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы

Қазақтың кемеңгер ақыны Абайдың әкесі Құнанбай бабамыздың төрт әйелі болған. Олар: Күнке, Ұлжан, Айғыз, Нұрғаным. Екінші әйелі Ұлжан әжеміден Ибраһим (Абай) атамыз туған. Мен Абай атамыздың әйелдері Ділда ,Әйгерім туралы жазбақшымын.

Абай атамның екі әйелі: Ділда, Әйгерім. Ділда әжемнен тараған балалары: Ақылбай, Әкімбай, Әбдірахман, Мағауия және екі қызы: Күлбадан, Райхан. Абайдың бәйбішесі - Ділда Жүсіпқызы. Төркіні - Әйбике - Шаншар елінің ақсүйегі. Алшынбай Тіленшіұлының ұрпағы. «Ділданың 1844 жылы туған әкесі Жүсіп Алшынбаевтың архивінен табылған анкетасында көрсетілген».

Негізі, Абайдың үш әйелі болған. Олар: Ділда, Әйгерім, Еркежан. Ділдадан тараған балалары: Ақылбай, Әкімбай, Әбдірахман, Мағауия және екі қызы: Күлбадан, Райхан. Абайдың бәйбішесі – Ділда Жүсіпқызы.

Ділда жай сөйлейтін, өте сабырлы, түсі ақкүба, қыр мұрынды, көзі үлкен, сұлу, өнді болған. Үйінде жұмыс істеп жүрген адамдарды ренжітпейтін, өте бауырмал болған. Екінші әйелі Әйгерімнен – Тұрағұл, Мекайыл, Ізқайыл, Кенже. Абай жеті ұл, үш қыз сүйген. Келіндей алған әйелі Еркежаннан ұрпақ көрген жоқ.

Ділданың әкесі Абайдың әкесі Құнанбайды шешесі Ұлжандарды жақсы қарсы алады. Дағды бойынша Ұлжан бастаған үлкендер құданың ауылына күйеулерден бұрын **келеді**. Ұлжан қасына Қалиқаны күтуші келіншек Қатшаны алады. Бас құда –Ызғұт. Тағы басқа ақсақал, әнші жігіттер, атшылар бар.

Абайдың қасындағы жас жігіттер саны он екі. Бұлардың көбісі Ырғызбайдың жастары және күлдіргі Мырзахан, атшабар Жұмағұл.Жақын туысқаны Тәкежан бар.Абайдың қасында өзінің досы Ербол бар.

Ұлжан Алшынбайдікіне көп қалың малмен келді.Келген жылқы, түйеден басқа, оның ішінде келінге жасау тігілетін батсайы, мақбал, манат бөлек салынған.Алшынбай құдасы бұларға арнап үш үлкен аппақ үй тігілген.

Абайдың бұл келісі ұрын келу, жыртқыс сала келу кейде есік көре келу, қол ұстау деп те аталады. Екі жақтан табысқан ата-ана әуелі осы келудің үлкен тойын жасау керек.

Той оңай емес. Көп қиындықпен асықпай істеледі. Сол тойдың артынан барып қол ұстау кеші болады.

Сөйтіп, Абай екі күн өткеннен кейін ғана қалыңдықты көре алады.

Осы кеште Абай ең алғаш қалыңдығын көрді.

Абайлар Ділданың бойын ғана көрді. Ол кебісін шешіп жатқанда сырт сымбаты талдырмаш, бірақ аса сұнғақ бойлы, биік көрінді.

Абайдың төменгі жағынан орын бос екен. Қалыңдық осы араға келіп, шапанын басынан алмай, күйеуге азырақ сырт беріңкіреп, қырындау отырды.

Жұрттыр құтты болсын айтып жатыр.

– Қайырлы болсын!

– Ұзақ қызығын берсін!

Тойдың біткеніне он бес күн болды.

Айрылысар кезде Абай мен Ділда бір- біріне үйреніскен болатын. Оқта –текте қалжыңдап та отырды. Ділда Абайға сүйкімді, сұлу көрінді. Абайдың пішініне Ділда да үйренді. Бірақ іштей екеуі де бір- біріне қабыспайды, салқын күйде қалысты.

Абайлар келгенде жұрт тегіс Шыңғыс сыртында жайлауда екен. Дөңгелек қоныста отырған Күнкенің ауылы Құнанбай осы ауылда екен. Абайлар төрде отырған Құнанбайға сәлем берді.

Бірақ Құдайберді Абайларды жібермей, қонақ етіп, құрбыдай күтті. Тәуір көретін інісінің ержетіп үйленгенін бұл ауылда жалғыз Құдайберді қуаныш еткендей.

Келесі күні өз шешесінің ауылына келді. Мұнда барлық ел болып қарсы алды.Кәрі әжесі ұзақ игілік тіледі. Жас інілер сағынғанын көрсетіп, мойнынан құшақтап, бауырына оралып мәз болысты.

Абай үйленгелі бірнеше жыл болды. Ділдә түскен жылдың келесі көктемінде бұлардың үлкен баласы Ақылбай туды. Екі жыл өткенде Күлбадан деген қыз туды. Ол бүгінде бірден асты. Қазір Абай үшінші баоанын әкесі болғалы жүр.

Ділдә екіқабат уақытында бірнеше айдай ауру адам сияқты болатын. Ас батпау, басы айнала беру, ағарып, жүдеп, төсекке жантая беру мұның әдеті болған.

Аз жылдың ішінде бірнеше баланың әкесі болса да, Абай әлі өзін осы халіне үйрене алмай жүр.Оған үйлеріндегі үлкен шешелер де себеп болды. Ақылбайды Ұлжан өзі бауырына салды.

Ең алғаш Абай он жеті жасында әке болды.

Осы жазда Ділдәнің үшінші баласы туған. Кішкентай, ақ сарылау келген Әбдірахман қазір күлуге, талпынуға жарап қалған. Абайдың ең алғаш жақсы көре бастаған баласы осы. Өзінің еті де, түсі де ақшыл, келген. Бет бітімі дөңгелек емес, сопақтау және жұқалаң. Қасы көзі қиылып тұр. Бар тұлғасында нәзік келген бекзадалық бар.

Ділдәнің бар баласы, рең жағынан Абайға тартпай шешеге тартып келеді. Бәрі де ақшыл сарғыш. Бірақ мына бала сонымен бірге сүйкімді.

Абай Мәкішпен сөйлесіп отырып,

– Рас Ділдәнің жазығы жоқ. Қайта балалары жақсы. Ол- балаларымның анасы. Ата мен ана қосқан жолдасым. Бар болғаны сол ғана. Ал жүрек жалын, ынтық достық десен, ондай оттың бәрі өшкен – деді Абай.

Бірақ Абай өзінің сүйгені Тоғжанды ұмыта алмайды.

Абай көңілінде ерте күннің айықпас сағымдай сұлу қиял естігісі келіп отыр еді. Сол күнде жүрек толқынын осы бір әнмен айтқан. Естегісі- Жәнібекте өткен жайлау түні болатын. Сүйіндік ауылындағы алтыбақан. Өткеншекті Тоғжанмен бірге теуіп тұрып, осы өнге сыр бөлеп еді екеуі. Жұрттың көзінше «Топайкөк» әнін бастаған.

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,

Аспанда ай менен күн шағылса да,

Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ

Саған жар менен артық табылса да

Сорлы асық сағынса да, сарғайса да,

Жар тайып жақсы сөзден жаңылса да,

Шыдайды ырза болып жар сііне

Қорлық пен мазағына табылса да....

– деп барып тоқтады. Екі ынтық. Екеуін де жалын өртейді Бірақ шарасыздық- катал тағдыр. Ербол мен Абай Бекей ауылына келіп түседі. Бекей, Шекей дейтін ағайынды Байшора бар еді ғой, осы Ордада. Жігіттер бұл ауылда бұрын болып көрмеген. Қонақтар кіріп амандасып, болжап отыр. Үйде оң жақта, немересін құшақтап қызыл сары кемпір отыр. Ұзын бойлы, ашан жүзді, ақ құба әйел бар. Үй иесі бұйралау, ұзын, сары сақалы бар, қызыл жүзді, көк көзді, кесек мұрынды сұлу адам. Ол жігіттерден жөн сұрады.

Бұлар шай ішіп болғаннан кейін, әйел ас қамына кірісті.

Үнсіз отырған Абайдың іші пысып, ұйқысы келді. Ол ас піскенше жантайып, мызғымық болды. Ербол да ұйқыға кетті

Абай қанша ұйықтағанын білмей, бір сәт селт етіп оянып, сыртта естіліп жатқан өнді естіп, Ербол тұршы тұршы! - дей берді.

Мынау Тоғжанның дауысы ғой – дейді Абай.

Ербол не болды Абай деп сескене қарады. Жүр далаға шығайық деп айтты Абай.

– Тоғжан! Япырау, мынау Тоғжан ғой мынау деді. Бұл жерде Тоғжан деп отырғаны алғашқы махаббаты Тоғжан туралы.

Тоғжан

Абай әкесінің сан алуан тапсырмаларымен жүріп, Сүйіндік ауылында бір-екі рет болған еді. Сол баяғы Бөжей мен Майбасар дауының кезі-тін. Сүйіндік ауылы Түйеөркеш деген жерде екен. Мұндағылар Абайды жылы қарсы алып, қонақ ету қамына кіріседі. Сүйіндіктің Абайдан екі-үш жас үлкен Асылбек деген баласы бар екен. Екінші Әлібек деген баласы Абаймен шамалас болса керек. Үлкен үйде Абаймен бірге болған жастар жағы жатарда отауларына тарайды. Абайды қолқалап, Асылбек өз үйіне алып кетеді. Жастар бірден жатып қалмай, шай ішіп, біраз уақыт әзіл-қалжың айтысып отырады. Сүйіндіктің бойжетіп, оң жақта отырған қызы Тоғжан ағасы Асылбектің отауында емін-еркін жүріп, қонақ атқарысады. Бұған дейін Семейде татар, орыс қыздарымен таныс-біліс болған Абайға Тоғжан бітімі бөлек, ерекше жаратылған жан болып көрінеді. Жүрегі лүпілдеп, дауысы дірілдеп, буындары босағандай болып, бұрын-соңды басынан кешпеген жайларға тап болады. Иә, бұл Абай оқыған шығыс ақындары кітаптарындағы шын махаббат «азабы» еді. Сүйіндік ауылынан аттанып кеткеннен кейінгі жол үстінде Тоғжан көз алдынан кетпей қояды. «Қақтаған ақ күмістей жазық маңдайы», сәл жасаураған бота көздері, қарлығаштың қанатын еске түсіретін қиғаш қастары, ұшы үлбіреп тұрған екі бүйрек беті, шебер қолынан шыққандай жұмыр иегі, аққу мойыны мен қаз омырауы, бәрі-бәрі Абайдың көңілінде жатталып қалған болатын. Әкесінің бітіп болмайтын шаруаларымен жүргенде де ой төрінде үнемі Тоғжан тұрып алатын. «Арылмас, айықпас бұл не ауру» деп өзі де таң қалатын болды.

Бірақ бұл қызға Абай қосыла алмайды. Өйткені ол қыз атастырып қойылады.

Абай Ерболды қарап келші деп жіберді. Ербол барып көріп өзі емес. Бірақ дәл өзінің егізінің сынары-деп айтты.

Енді неде болса бір сәулеге асыға ұмтылып, ұсынып тұр. Өртеп кетер от болса да, сол ұсынған бойында талпынбақ та құламақ.

Екеуі де үйге қарай басты.

Осы кезде есік шалқасынан ашылып, бір екі жігіт және бір-екі келіншек кірді. Барлығы жеті сегіз кісі. Дәл осының артынан, шолпысы ақырын сылдырлап, ақ жүзіне жұқалау қызылы нұрдай жарасқан, анық Тоғжан өзі келеді екен. Сыпайы жымып, күліңкіреп кірді. Мінсіз аппақ тістер қолмен қойғандай. Екі бетіндегі нәзік жарастық қызылы, асығып күткен қызыл арай таң сәріндей.

Орта бойлы, дәл Тоғжанның өз бойындай. Бар мүсіні келіп тұр. Бет бітімі, ақ қызыл жаңа Ербол айтқандай, айнымаған Тоғжан. Бұның да жібек талды, қолаң қара шашы бар.

Ақыл, сезім осы сәтте, қыз келіп орнына отырып болғанша, жұмбақ тұман мұнарға батты. Абай өзін де, айнала жұртты да тегіс ұмытыпты. Екі көзі шарасынан шығып есіле қадап қалыпты. Қаны қашқан жүзінде аспаннан тағдыр жұлдызын күткендей жат ажар бар.

Үйге кірген жұрт амандасып жатыр. Абай оны сезген жоқ. Ешкімді көрмей отыр.

Ербол Абайдың сөлекет мінездерінің бәрін бағып, танып отырып,, үй ішімен, жаңа қонақтармен ашық-жарқын сөйлесіп жатыр.

Қыз жөнінде Абайдың жалғыз білгені- ол осы үйдің қызы екен.

Қыздың аты Шүкіман екен. Шүкіман Абайды сыртынан білетін. Өйткені осыдан бірер жыл бұрын осы елдің Қоныркөкше деген болысына Құнанбай баласы жас жігіт Абай болыс болады дегенді естіген.

Жастар жағы өн айтып отырды. Жастар жиыны тарқағанда, Абай Шүкіманға қайта- қайта бір сөзбен алғыс айта берді. Демі дірілдеп, жүзі өзгеріп жігіттің аузына басқа сөз түспей тұр. Шүкіманның көңілі жүйрік, сезімтал еді. Ол сыпайы сызылып, қызара күліп тұрып, Абайға соңғы рет көзін салды.

Барын ірікпей жабыса тартар, жақсы адамдай сезілді. Шүкіманның көрмеген, күтпеген жақсысы сияқты. Қыз оны туысындай көрді. Жақын шырай беріп, ұзақ қарап қоштасты.

Ербол мен Абай екеуі әңгімелесіп Шүкіман деген аты сұлу емес. Сай емес. Жаңа ат қоямыз. Оның шын аты «Әйгерім!» Әйгерім болады.-деді.

Абай жол үстінде Шүкімән қыз туралы ойлаумен болды. Сырт сымбаты мен мінезінен мін таппады. Өншілігі қандай! Ол ел аралай жүріп, әйел заты арасынан мұндай өнер иесін кездестірмепті. Оның көңілі Шүкімәнға қатты ауады.

Ер жетіп, оннан асып қалған Ақылбай деген баласы Нұрғаным қолында өседі. Одан кейінгі сегіз жасар қызы Күлбадан және алты жасар сүйкімді ұлы Әбдірахман, ең ыстық, ең тәтті кенжесі Мағаш- бәрі де Ділдәнің өз бауырында өсетін. Ауыл-аймақ пен Ұлжан, Айғыздай ежелер болсын, бәрі де Ділдәні күтіп тұрады. Балалары-барлық үлкен аға, жеңге мен қайын, абысынның шын сүйетін ыстық ермегі. Ондайлық көп ұл тапқан және елге ыстық, жақсы балалар тапқан, жуан ауылдың қызы ерке болмай тұрмайды. Тілге де ашу ызаға да тоқтамсыз томырық келеді. Ділдә Абайға ыза болу арқылы осындай қатқыл, паң, суық боп бара жатыр еді.

Бүгінгі кеш бойында, үй іші көп жұрттан арылған кезде де Абай мен Ділдә оншалық жылы ұшырасқан жоқ. Бірақ әйеліне неғұрлым салқын қараса да, сұғырлым Абай балаларына аса мейірімді, сағынышы күшті өке боп келді.

Абайдың бәйбішесі Ділдәнің келіншек болып түскеніне он төрт жыл. Осы мерзім ішінде алты күрсақ көтеріп, Ақылбай, Әкімбай, Күләнден, Райхан, Абдырахман (Әбіш), Мағауия атты балаларды дүниеге әкелді. Ділдә саркідір қатын болып қалған еді. Тез қартайып бара жатты ол. Иә, содан Абай сенімді жігітін жұмсап, Шүкімән қыздың тамырын басып көреді. Қыз қарсы емес, тек айттырылған жері бар. Бұл жағын, яғни, қыз айттырған жақтың қалыңмалын артығымен қайтару жұмысын достары реттейді. Сөйтіп, Абай бір күні Шүкімәннің өз ауылына алып келеді. Обалы не керек, шайпау мінезді Ділдә шу шығармайды. Қайта: «Абайға бала тауып берем деп, күндіз-түні келіп жататын қисапсыз қонағын күтем деп, әбден титықтадым. Енді Абай жас тоқалымен бар «қызықты бірге көрсін» деп қариялайды.

Шүкімән - сынық мінезді, ұяң, қайырымды адам. Ағайын-туыс, көрші-қолаң, жалшы-малшыға жұғымды болады. Сәл ыңғайы келсе, бай үйдің сылп-сылп шаруасында жүрген кедей-кепшіктерді жинап, қонақ етуді әдетке айналдырады. Ас-суды өзі қамдап, тіпті өн шырқап, әлгілерді қатты сыйлайды. Аса мұқтаж адамдарға киім-кешек, киіз-алаша, жүн-жұрқа сияқтыларды тарынбай беретін болады. Содан Абай үйіндегі жас келін керім, ай, керім делініп жүріп, Шүкімән Әйгерім атанып кетеді. Көп кешікпей Тұрағұл есімді бала дүниеге келеді..

Екінші әйелі – Әйгерім. Әйгерімнен Тұрағұл, Мекайыл, Зікайыл деген үш ұл, Кенже деген қызы болды.

Оспан қайтыс болған соң «әйел ерден кетсе де, елден кетпейді» дейтін өменгерлік салты бойынша қарашанырақта қалған Оспанның жесірі Еркежанды Абайға қосады. Ділдә, Әйгерім сияқты екі әйелі бар Абай көнбей, көп қарсылық көрсетсе керек.

Керісінше, басқа ағайындары малына қызығып, Еркежанды алуға таласады. Ақыры Еркежан қайынағасы Абайды тандап, екеуі қосылады.

Қорыта айтқанда

Қазақтың сөз өнеріндегі «Әуезов әйелдері» деп атауға болатын айрықша әсем образдар галереясы ұлы эпопеяның жан тебіренертер ғажайып жаңа бейнелерімен толықты. Әйел-ана ма, жар-жұбай ма, бұла-бойжеткен бе. Әйтеуір қазақ қызының мінез-құлқын, іс-әрекетін, сыр-сезімін, қимыл-қылығын дәл, терең, нәзік суреттеуге келгенде шіркін шебер алдына жан салмайды. Сонда әр бейненің тастан қашалғандай бедер табатыны сондай, әрқайсысы - бір адам ғана емес, бір топ адамның жиынтық бейнесі боп оқырманның көз алдында тұрады да, есінде қалады. Сонда әр кейіпкер - тип; әркімнің қашанғы таныс-бейтанысы боп шығады. Сонда бар ожданы тап-таза иманнан құйылғандай мейірім-шапағатқа толы Зере - әжелердің үлгісі; салқын қанды, сарабдан, сабырлы ақыл иесі Ұлжан - аналардың үлгісі; «сылдырлаған шолпысы әлдеқандай былдырлаған тілмен» бар сыры мен назын Абайға ғана құпия баян ететін «ақ еті атқан таңдай аппақ» ару Тоғжан - алыстан қарайлайтын қол жетпес арман секілді махаббат таңының үлгісі; өні сәніне, сәні өніне астасқан асыл, аяулы Әйгерім - жас жігіттің нақ сүйер сұлу жарының үлгісі іспеттес.

Әдебиттегі әйелдер бейнесіне деген ықылас шет елдерде ғана емес, біздің елімізде де едәуір өсті. Қазіргі қазақ прозасында әйел-Ана бейнесінің бүгінгі сомдалуы әдебиет сүйер қауымды ойландырып, аландатары сөзсіз. Әлемдік деңгейге көтерілген қазақ әйелінің ұлттық бейнесі әдеп пен әдеміліктен, адал махаббаттан, биік рухтан, ұрпағына деген ғажайып сезімнен, телегей теңіз адамгершілік пен мейірімнен туындаған. Сондықтан да қазақ әдебиеттануында әйел-Ана бейнесі - таптаурын болған тақырып емес, әр жазушы, әр оқырман өз заманында ғылыми мәселе ретінде көтеріп, өзіндік жаңаша ойлармен, көзқарастармен толықтыра беретін, арнайы зерттеуді қажет ететін тақырып.

ӘОЖ 81

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА

Г.С. АБСАМАТОВА

қазақ тілі пәнінің мұғалімі, № 24 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Заманымыздың заңғар жазушысы, ғасыр ғұламасы атанған М.Әуезовтің: «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім», - деген сөзінің маңызы ешқашан жойылмақ емес, себебі кез келген

мемлекеттің мәдениеті дамуының деңгейін, рухани мазмұнын, интеллектуалдық қуатын, өркендеу әлеуетін айқындайтын бірден-бір көрсеткіш – білім берудегі жүйелілік және сапалылық.

Білім беру жүйесі Қазақстанның ұлттық даму саясатында белгіленген басымдылық қатарында ерекше орында тұр. Білім сапасын арттырудың көзі – оқытудың тиімді жолдарын қолдану. Ал оқушылардың білім сапасы – ұстаздардың шығармашылыққа, нәтижеге бағытталған еңбегінің нәтижесі. Ғылым мен техника қарқынды дамып отырған бүгінгі күнде оқушының даралық қасиеттерін ескеру, жеке мүмкіндігін ашу, қабілетін, дарынын дамыту, таным деңгейін арттыру әр мұғалім мен бүтін мектептің міндеті болып табылады.

Жас ұрпақты тәрбиелеудің, оқытудың басты мақсаты – оның бойына ұлттық діл-болмысты, жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіру, әлемдік өркениеттің бағалы ой-пікірлерін насихаттау. Ал бұл орайда мемлекеттік тілдің алатын орны ерекше. Елге деген құрмет сезімін оятуда, мемлекетіміздің әлемдік деңгейдегі орнын танытып, көрсетуде, оқушыға эстетикалық тәрбие беруде қазақ тілінде шығармашылық қабілетті дамыту басты орын алады.

Қазақ тілі сабағында жеңілден күрделіге қарай бағыттау арқылы баланың өз бетімен жұмыс жүргізуде ойын жүйелеуіне, айтар сөзінің орындылығы мен көркемдігіне көңіл бөлу қажет.

Мектепте өзіндік ой-тұжырымы бар, логикалық ойлау қабілеті дамыған, өз жолын дұрыс тандай білетін ұрпақ тәрбиелеуде шығармашылық қабілет сабақтың тартымдылығына тікелей қатысты. Үйретіп отырған тілдің сан қырлы ерекшелігін танытып, білім алушылардың тілін ұштап, ойын байытуға сабақтың қызықтылығы, тартымдылығы, қажеттілігі ерекше ықпал етеді.

Проблемалық сұрақтар оқушылардың белсенді әрекетін туғызуға түрткі болып, өздігінен ой түйіндеуге әкеледі. Мұнда баланың танымдық дербестігін, шығармашылық дағдысын қалыптастыру үшін салыстыру, талдау, жинақтау нәтижесінде сан алуан операциялар жүзеге асырылады. Ойлау тәсілі үшін дұрыс шешім қабылдауға бағыттауда туындайтын негізгі міндеттер мынандай:

- білімді шығармашылықпен меңгеру дағдыларына тәрбиелеу;
- білімді шығармашылықпен меңгеруге дағдыландыру және оқу проблемасын шешу шеберлігіне тәрбиелеу;
- шығармашылық әрекеттерін қалыптастыру;
- оқытудың ғылыми дәрежесін арттыру;
- оқушының тілін дамыту.

Оқушының өз бетімен жұмыс жүргізуі - шығармашылық қабілетті дамытудың басты жолы. Бұл ізденіс, ойлау әрекетімен тікелей байланысты. Ол үшін балаға берілетін білім сабақтастықты қажет етеді. Мысалы, еліктеуіш сөздер тақырыбына орай айналадағы естілген дыбысты, адамдардың, жануарлардың сыртқы пішінін әр түрлі еліктеу сөздер арқылы жаттықтыру, еліктеуіш сөз қатысқан мәтінді оқу, табиғат құбылысына бақылау жасату, еліктеуіш сөз қатысқан сипаттама мәтін құрату, көркем мәтіннен еліктеуіш сөздерді табу, оқушының тілін дамыту ғана емес, шығармашылықпен жұмыс жүргізуге де әсер етеді, яғни оқушы ізденеді, талаптанады, ойланады. Сонымен қатар қайталау сабағында ән-музыка, бейнелеу түрлерін көбірек пайдалану, оқушыға ұсынылған жаттығуда мәтін құрауға жиі көңіл бөлу де шығармашылық қабілетті арттырады. Жаттығулардың бір қатары оқушының танымдық белсенділігін дамытып, шығармашылық әрекетін қалыптастыруға негізделеді. Оқушы тақырыпты меңгергеннен кейін жаттығу арқылы ойын жүйелеп, жұмыс жүргізуде, тапсырманы орындауда ойлау қабілетін жетілдіре түседі. Ойлау мен сөйлеу қабілеті бір-бірімен тығыз байланысты. Оқушының ойын жүйелеуде әр түрлі әдіс-амалдар қолданылады:

- жана материалды меңгеру;
- оқушыға бағыт беру, яғни түрткі сұрақ, реплика беру;
- оқушының өзін көбірек сөйлету;
- тақырыпты бекіту;
- игерілген білімді тиынақтау;
- көрнекіліктердің әсерлігін тиімді пайдалану.

Оқушының өз бетімен ізденісінде қай жаттығу ойды бекітіп, қай жаттығу шығармашылық бағытты көздейтінін мұғалім топтық жұмыс арқылы да жүзеге асыра алады. Мұғалім әрбір тақырыпты өткен сайын сөз өнерінің құдіретін оқушыға жеткізе білуі тиіс.

Қазақ тілі сабағының табысты болуы көбінесе мұғалімдердің оқыту әдістемесімен айқындалады. Бастауыш сыныптарда оқушылардың жазбаша тілін дамытуға сөздерді байланыстырып сөйлем құрастыруда алуан түрлі жазба жұмыстары әсіресе мазмұндама мен шығарма жазу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сонымен қазақ тілі сабағында оқушылардың шығармашылығын әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы дамытуға болады.

- 1)Балалардың белгілі бір тақырыпта әңгіме оқып, оқушыларға басқаша аяқтауға кілт боларлық сюжет ұсыну.
- 2)Ұйқасын ұсыну арқылы өлең шығарту.
- 3)Ертегіні ұжым болып тындату.
- 4)Табиғат құбылыстарына байланысты жұмбақтар шығару.
- 5)Мәтін бойынша мақал құрастыру.
- 6)Берілген тірек сөздер арқылы қызықты мәтін құрастыру.
- 7)Ребустар шешу,өздеріне құрастыру.

Оқушыларға заман талабына сай сабақ беру кез келген мұғалімнің міндеті. Ұстаз- белсенді шығармашылық іс-әрекетке талпынған оқушының кеңесшісі әрі көмекшісі.Әрбір мұғалім сабақ жүргізу барысында жана технологияға сүйене отырып тосын идеялар мен проблемалық ой тудырып отырса, оқушылардың да пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады.Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстары жүргізіліп отырады.

Шығармашылық –бұл адам іс-әрекетінің түрі,бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі.Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігімен сапалы, дәлелді шешімдер кезінде қабылдай білуге үйренуі керек.Тек шығармашылық қана адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік әпереді.мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатыларының бірі болып табылатын бастауыш мектептің алатын орны ерекше, өйткені бастауыш мектеп:

- 1.Оқушылардың интеллектуалдық, рухани, табиғи нышандарын дамытуға өзінің қызығушылықтарымен бейімділіктерін іске қосуға жағдай жасайды.
- 2.Жеке адамдық сенімдерін қалыптастыруға жағдай жасайды.
- 3.Ұжымдық және жеке іс-әрекеттертәсілдеріне үйретеді.

Баланың еркін шығармашылықпен ойлауына, оның барлық қабілеттерін дамытуға, өз күшіне деген сенімнің болуына жағдай жасайды.кіші жастағы баланың оқуға, оқу арқылы қабілеттерінің дамуына көп мүмкіндіктер бар.

Қабілеттер туа біткен қабілеттер емес,олар баланың өмір сүру барысында іс-әрекет арқылы дамып отырады, яғни бастауыш сыныптан бастап баланың қабілетін дамыту керек.оқушылардың белсенділігі мен танымды іс-әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту,қажетті жағдай айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау. Осыған орай оқытуды ізгілендіру қазақ мектептерінің алдында тұрған үлкен міндет екені мәлім.

Оқушыны шығармашылыққа баулудағы негізгі міндет-оқушылардың міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру,шығармашылық қабілеттерін, қызығуын жетілдіру білімге құштарлығын ояту. Қазақ тілін оқушыларға нәтижелі үйрету үшін, оның оқыту әдістемесін жетілдіру-бүгінгі күннің басты мәселесі.

Ұстаз үшін ең маңызды мақсат-әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы –оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып келген, оқушылардың білім сапасын көтеруге жағдай жасайтын, сабақты тиімді ұйымдастыруға, атап айтқанда, сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, мұғалім мен оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға көп көмегін тигізетін әдіс – диктанттарды қолдана білу. Сондықтан диктант қай сыныптан болмасын неғұрлым жиі алынса, оқушылардың сауаты неғұрлым табысты болмақ..диктанттар мына түрде болады: әріп, буын, сөз, сөздік, ескерту, шығармашылық, көру, өздік терме, графикалық, есту, бақылау диктанттары. Осы диктанттардың ішіндегі ең күрделісі –шығармашылық диктант. Қазақ тілі сабағында оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін осы шығармашылық диктантты көп қолданған дұрыс.

Қазіргі мақсатым - дамыта оқыту. Дамыта оқыту жүйесінде мұғалім мен оқушы өз ойын қорықпай, сеніммен айта алатындай болуы керек.Оқушыны кішкентай бала деп қарамай, оның пікірімен санасу, көзқарасын құрметтеу оның ой санасының дамуына әсер етеді.Бала тілін дамытуда мен ауыз әдебиеті үлгілерін жатқа айтуды, өлең жаттауды, көркем шығармалар оқытуды үнемі назарға алып отырамын. Әрбір сабағымда көрнекілік, таблица, тест сұрақтары мен әртүрлі суреттер пайдаланамын.

Мұғалім жаңа сабақты өтпес бұрын тақырыбын проблемалық ой тудыра отырып хабарласа оқушы жана сабаққа ерте еніп, ұмтылып жауап іздейді, талпынады, қызығушылығы артады.Үнемі сұрақ қою жүйесімен жұмыс жасау білімді меңгерту барысында оқушы деңгейін шығармашылық сатыға көтереді. Ең бастысы – сабағыңызға жан бітіп, шығармашылық серпіліс туындайды.оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру үшін қосымша әдебиеттерді , ертегілер мен жұмбақтарды, жаңылтпашларды, мақал-мәтелді де бала шығармашылығы дамитындай етіп пайдалануға болады.

Өз тәжірибемде барлық балалардың ашылып сөйлеуін қадағалаймын. Әр сабақ ерекшелігімен, қызықтылығымен оқушылар есінде қалуы үшін ертегілер тақырыбын өткенде оқушылар өздеріне ұнаған аңдар болып, рольде ойнайды. Бұл әдіс оларға ұнады әрі есінде қалды.Қазіргі мақсатым – дамыта оқыту.Дамыта оқыту жүйесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым – қатынас шыңдала түседі. Сабақ барысында кез келген оқушы өз ойын қорықпай, сеніммен айта алатындай болуы керек. Әрбір сабағымда көрнекілік, кесте, тест сұрақтары мен әртүрлі суреттер пайдаланамын.

Мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеті мен әлеуетін танытатын жұмыстардың біразын әдебиет сабағында мәтінмен жұмыс кезінде жүргізуге болады әрі бұл пәнаралық байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Мәтінмен жұмыс үстінде ең қажетті деген қарым-қатынастық машықтар жүзеге асырылып, олар оқушының шығармашылық қабілетін жетілдіре түседі, яғни мәтін тақырыбын түсіну, ашу; ондағы негізгі ойды бөліп алу; шығармадағы кейіпкер, оқиға, құбылыс туралы өз пікірін тұжырымдау; өз ойын дұрыс жазу, айту оқушының байланыстырып сөйлеуін қалыптастырып, жетілдіруге, сөз қорын молайтуға, өзіндік көзқарасын орнықтыруға септігін тигізеді. Бұл - әрбір тақырып бойынша оқушының ойын жүйелеудегі басты құрал.

Шығармашылық-бұл адам іс-әрекетінің түрі,бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігімен сапалы, дәлелді шешім дер кезінде қабылдай білуге үйренуі керек.

1. Әміров Р. Педагогика. 2002ж.
2. Бегалиев Т. Педагогика. 2001ж.
3. Дамыта оқыту. Бастауыш мектеп. 2001ж. №7 Б.3
4. Дамыта оқыту. Халық тәлімі. 2006ж. №7 Б.4-5

ӘОЖ 882.151.212.2

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ СУРЕТКЕРЛІК ШЕБЕРЛІГІ

Г. АБЫЛҚАСЫМОВА

магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Мағжан поэзиясындағы өршілдік пен оттылық оның жанының нәзіктігімен тығыз байланысты. Қазақ поэзиясында сыршылдығы жөнінен Мағжан өлеңдері деңгейіндегі ақын кемде-кем. Кезінде С.Мұқановтың «Мағжанды ақынның ақыны» деуінде осындай бір сыр жатса керек. Біз Мағжан туралы, оның символикалық ағым- әдіс әсерінде жазған өлеңдерін батыс халқының әдебиетіндегі декаденттік ағымның ықпалы деп айтып та жазып та жүрміз. Осы пікірдің негізі болғанымен, тым жалпылама, бір жақтылау көрінеді. Олай дейтініміз қазақ ауыз әдебиетіндегі, ежелгі әдебиет үлгілеріндегі «Асанқайғы» немесе «Қорқыт» туралы аңыз әңгімелер мен қазақ жырауларының торығу, өмірден түңілу өлең-жырларын неге естен шығарамыз. Осыған байланысты қазақ әдебиетіндегі түңілу, торығу сарында жазылған өлеңнің бой көрсетуі біздің әдебиетіміздегі тосын жайт емес. Ежелгі әдебиетімізде бар, бірақ белгілі бір көркемдік әдіске айнала қоймаған құбылыс.

Жалпы Ж.Аймауытов айтқандай «Сыртқы түрі бейнешілдік, ішкі түрі күйректік, жылауықтық, (сентименталдық)», әдісте жазылған Мағжан өлеңдерінің өзін екі топқа бөліп қарастыруға болатын сияқты. Олай деуге бірінші себеп – Мағжанның «Қысқы дала», «Қараңғылық қоюланып келеді» және т.б. өлеңдерінің тақырыптық, сарындық ұқсастығы, халқының мұңын жоқтау көрініс тапқандығы, оны бейнелеп те бедерлеп бергендігі де, екінші себеп - Мағжанның түңілу сарында жазылған өлеңдерінің өз басындағы қайғы қасіретпен ұштасып жатқандығы. Екінші топтағы өлеңдеріне: «Мені де, өлім әлдиле», «Жел», «Ой», «Күзді күні», «Алдамшы өмір», «Альбомына», «Сағындым», «Сарғайдым», «Түс», «з-ға», «Бүгінгі күн өмір, өлім менікі» және т.б. жатады.

«Бұл дүниеден түңіліп, о дүниенің келуін күту» сияқты мағынада жазылған өлеңдерінің бірі «Мені де өлім әлдиле». Мағжан шығармаларын жинап, бастырушылар: «Бұл өлең сүйген жары Зейнеп, онан соң сүйікті ұлы Граждан мезгілсіз қайтыс болғаннан кейін жазылған болса керек, өйткені өлеңде періште күйінде о дүниеге аттанған жас нәрсете, жасқа түншығып өлген, «Бетінен алма қан тамған» жас сұлу образдары бар», - деп, өлеңнің шығу тарихына түсінік береді. Осыған сүйене отырып ақынның жеке басындағы қайғыдан туған десек те, екінші жағынан Бальмонттың «Әлдиле, өлім әлдиле» деген өлеңінен бағыт алғандығын жоққа шығаруға болмайды:

Бетінен алма қан тамған,
Тілінен тәтті бал тамған
Бұйра толқын шашы бар,
Күлкісі меруерт шашылған.
Өзі - гүл жаңа ашылған,
Дәл 15-те жасы бар.
Сұлу көп жас төгіпті,
Түншығып жасқа өліпті...
Талпынған жас нәрсете,
Ақ канатты періште,
Балдырлаған бұлақтай
Көрінген жанды күлдірген,
Жаңа піскен бүлдірген,
Балауса нәзік құрақтай,
Қайтыпты қозы көз тиіп,
Бетінен кейде жел сүйіп ...
Балқиды жаным бұл күйге
Мені де, өлім, әлдиле ...
Әлдиде, өлім, әлдиле!

Мағжанның бұл өлеңі - символизмнің (бейнешілдіктің) ең биік үлгісінде жазылған өлеңдердің бірі. Өлеңде нәзік жанды ақынның жақын адамынан айырылған, қайғыдан күйзелген сәті бедерлі бейнелеген. Ақын Бальмонт өлеңінің сыртқы құрылысына ғана ішкі мәніне терең бойлаған, сол арқылы өз басының қайғы-қасіретін терең ашып береді.

«Сағындым», «Сарғайдым», «Түс», «Анама», «з-ға», «Жел» сияқты өлеңдері Мағжанның түрмеде жазған шығармалары. «Сарғайдым» деген өлеңінде ақын:

Сарғайдым күннен-күнге қуат кеміп,
Қалың ой - қара жылан жүректі еміп.
Ақырын бітіп барам жанған шамдай,
Көзіме ыстық жастар мөлт-мөлт келіп,
Жасаған! тез алатын ажал жоқ па?
Қинама, тез өлейін, ұшыр оққа!

– деп түрмеде ауыр хал кешіп, темір торға қамалған ақын жанының арпалысын танытады. Ақынның тілегені өлім емес, Өлім түрмеден де табылады, ақын ондай өлімді місе тұтпайды, ерлік өлімді қалайды. Ол өзінің «Алдамшы өмір» деген өлеңінде осы ойын одан әрі жалғастыра түседі.

Өмір, шіркін бықсып ақырын сөнеді,
Үміт шіркін тотығады өледі.
Өлді үміт, мен де ұзамай өлемін,
Сокқы жеген сорлы жүрек біледі.
Өмір; шіркін, көз алдымда сөнеді,
Қиял - алыс, келемеж ғып күледі.
Өмір сөнсе, үміт сөнсе не қалды?
Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді,

дейді.

Бостандықта, елде жүргендегі ой-армандарының, ұшқыр қиялдарының орындалмай қалғандығы ақынды қатты налытады. Торыққан көңіл жанына саяны өлімнен іздейді.

Мағжанның түңілу, қайғыру сарынындағы символизм әдісінде жазылған өлеңдерін қателесу немесе «біздің әдебиетімізден орын алатын мұра емес» деп қараудың жөні жоқ. Керісінше қазақ әдебиетін әлемдік әдебиетпен йық теңестіруінің бір мысалы ретінде бағалаған орынды. Бұған мынадай өзіндік дәлелдеріміз бар. Мағжан өз тұсындағы жазба әдебиеті биік деңгейдегі Европа әдебиетімен таныса отырып, сол озық үлгіні, биік парасатты өлең өрнегін қазақ поэзиясына енгізді, бұл - бір, сөйтіп, өзін өзге ешкімге ұқсамайтын ақын ретінде қалыптастырды, бұл - екі, Мағжан өлеңдерінің сыртқы - ішкі тұтастығы «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» деген Абай талабынан табылып, қазақ оқырманына тез жол тапты, бұл - үш.

Мағжанның бейнешілдік (символикалық) тұрғыда жазған бірқатар өлеңдерін әйелді, махаббатты жырлау, табиғатты сүю, табиғатты пір тұту тұрғысында жазылған деп қарастыруға болады. Бұл тақырыпқа арналған өлеңдерін шартты түрде: Әйел-ананы идеал тұту, әйелдің басындағы ауыр халге үн қосып, бірге зарлап, жырымен жұбатп, туған табиғаттың сұлулығын паш етіп, адам мен табиғаттың бірлігін жырлау деп бөлуге болады.

Мағжан қазақ әйелінің тұрмысын көрсетіп, солардың мұңын жоқтап жазған өлеңдері қатарына: «Домбыра», «Зарлы сұлу», «Жәмила», «Алданған сұлу», «Шын сорлы», «Тілегім» деген өлеңдерін жатқызуға болады. «Жәмила» деген өлеңінде:

Жәмила!
Мұнша неге жүдедің?
Бетінде тамшы қан жоқ қой,
Жаралы неге жүрегін?
Тегінде терең зар көп қой!
Сарғаймашы, бауырым!

– деп, сүймеген жарға барып қор болған қазақ қызының қайғысына ортақтасып, жан-жүрегі елжіреді. Оған құрғақ қайғырмай, мұңды қыздың естен кетпес суретін сөзбен салады. «Жас сұлуға» деген өлеңінде:

Жас періштем, сұлу қыз,
Сүймеші, сүйме, сұраймын!
Мен ақынмын тұрлаусыз,
Жырлаймын да, жылаймын!

– деп жас қызды «періштем» деп табына тұра, «Мен ақынмын тұрлаусыз, жырлаймын да, жылаймын!» деп, әйел жанының нәзіктігін, ақын жанымен салыстырып, әйел махаббатының тұрақтылығы мен беріктігін құрмет тұтады.

Мағжан «қара сөзбен жазылған өлең» деп айдар таққан «Домбыра» деген шығармасында малға сатылып, аяусыз ата-ана, ағайын-туыстан рахым көрмеген жас сұлудың қайғылы, қаралы бейнесін суреттейді. Домбыраның «Адамды қалың ойға батыратын, белгісіз қорқынышқа түсіретін жат, ауыр бір үніне» алыстан тағы бір зарлы дауыс қосылды. Бұл әйел даусы: «Мұңды бір дауыс жақындап келеді. Нәзік зарлы дауыспен біреу ақырын ғана өлең айтқандай.. Әйел даусы.. «Бізден сорлы жалғанда жан бар ма екен?»

Өзің рақым қыла көр бір жасаған», - дейді әйел ... Түнде сар далада зарын айтып күңіренеді әйел... Ауыр қасірет, қалың қайғыға амалы құрып, жалғыз жасағанға мұң шағады, жалынады, зарланады әйел... Қара сөзді өлеңнен, жанды түршіктіретін домбыраның зарлы беуімен астасқан әйелдің зарлы үнінен өзгеше әлем ашылғандай, қос мұңлық үніне қосыла жүрегін жылағандай. Немере қарындасы Шолпанға арналған ақын тебіренісінен «періштедей пәк қыздың бүгінгі мұңды бейнесін көріп, бірге елжірейсің. Бедерлі де бейнелі сөз өз дегеніне жеткендей.

Ақын арманды сұлудың жан пердесін ашып, сәуле түсіріп, мұның жан-тәнімен түйсініп, қосыла егіледі: «Денем күйді... Жүрегім аузыма тығылды. Көзімнен ыстық жас төгілді... Домбыра күңіренеді, зарлайды... ақырын жассыз жылайды, Жыла домбыра, жыла!» Өленді (қара сөзді) оқып отырғанда жаныңды мұңға толы саз баурап алады. Сөзбен өрілген сырлы суреттер мұңлы саз арқылы сезім пернелерін дөп тауып басып, қайғылы сұлумен де, ақынмен де біте қайнасып, бірге қайғырмасқа лажың қалмайды, Мағжан сөз өнерінің күдіреті осында.

XX ғасырдың басында әдебиет әлемінде қатар қанат қаққан ақындардан Мағжан Жұмабаевтың басты ерекшелігі өлең өрімінің өзгеше сұлулығы мен саздылығында, бұрынғыдан сақталған ырғақ пен әуезділік жаңа үйлесім табуында.

Мағжан - адамгершілік қадір - қасиет деген аяулы сезімдерден жұрдай болған, ақ сүт беріп әлпештеп өсірген қыздарын малға сатып, жалға берген аяусыз ата-аналарды, айналадағы надандықты, таққа-баққа таласушылықты көріп қатты жиренген ақын. Сондықтан ол табиғатты, оның кіршіксіз тазалығын, адамға тән адал махаббаты, мөлдір сезімді жырлаған. Ақынның шерлі жүрегі содан байыз тапқан.

Әйелді ардақ тұтып сол тақырыпқа жазған өлеңдерінің бірі -»Әйел». Осы өлеңінде Мағжан әйел тендігін алға тартады, әйелдің мәдениеттікке, сауаттылыққа деген құштарлығына ерлермен тең құқық беруге үндейді. Бір қарағанда басқа ақындардың әйел тендігі тақырыбына жазған өлеңінің несі артық деп ойлайсың, ал шын мәнінде:

Кешегі әйел періште,
Адамды бастар ғарышқа,
Жүзі жарқын нұрлы айдан.
Еңіреткен күн ғып сататын.
Еріккенде ойнап жататын
Болдыда қалды бір хайуан, -

– деген өлең жолдары арқылы әйел - ананы періштедей күйінің, бүгінгі күні тәлкекке түскеніне, түсіргенімізге ренжиді. Өйткені ол әйел-ананы өмірдің бастауы деп түсінеді.

Мағжан-қазақ поэзиясының саздылығын, әуезділігін арттырған, соған көңіл бөле отырып, арысы Француз, берісі орыс символистерінің өлеңдерінен дәстүр тапқан ақын. Европа ақындары поэзиясындағы бұлақтан сусындай отырып, оны қазақ поэзиясының сұлулығымен үндестіре білген ақын. Мағжанның жанашылдығын осы тұрғыдан таныған жөн. Мағжан - қазақ поэзиясының жарық жұлдызы ұлы Абайға еліктей отырып, ұлы ұстаз жолын ұстанғанымен өзінше жол табудан әсте жалықпай, көп ізденеген жан. Өлеңдеріндегі табиғат оның тылсым шақтары оның көңіл күйімен, мұң-қайғысымен, қуаныш шаттығымен қат-қабат келіп отырады. Осының бәрі тұтаса келіп суреттеп отырған дәуірдің бейнесін толық ашып береді. Сондықтан да бейнешілдікті ең шырқау биігінде көрсету үшін, ақын өз басындағы қайғы мен қасіретті, мұң-зарды халық басындағы ауыр күндермен астастыра жырлады.

Қап қара түн. Түн баласы күңіренед.
Күңіренумен бір-біріне үн беред.
Сөгінеді, сүрінеді, жығылад. .
Қара түнде көр көзімен не көред?!
Қап-қара түн. Шегір көзді жындар жүр,
Қап-қара түн. Қайғы мен қан ойнап тұр.
Қайғы менен қара қанға тұншығып,
Түн баласы ауыр ойлар ойлап тұр.
Қап-қара түн. Уақыт ауыр өтеді,
Ой артынан ойлар келіп кетеді.
Түн баласы көр көзінен жас төгіп,
Күн шығыстан бір пайғамбар күтеді.

«Пайғамбар» өлеңіндегі осы жолдар, Мағжанды ұлтының ғана емес, бүкіл әлем жоқшысындай танытады. Батыс халықтарының басындағы қайғы-қасіретті түнге, жай түн емес, қап-қара түнге ұқсатуынан осыны байқаймыз. Қап-қара түнді жанды бейнеге айналдырған ақын оған ауыр ой ойлатады, «көзінен жас төккізеді», сөйтіп өлеңнің бойындағы символикалық сарынның күшеюіне күш салады. Әлемді құтқарушы Шығыс деп, Күнді азаттық символына айналдырады.

Мағжанның тек өлеңнің ішкі мазмұнына ғана емес, сыртқы түрі мен сөздердің бейнелі қолданысын да қатты назарға ұстаған ақын екендігін жоғарыда айттық. Ол қандай сөз қолданса да талғап, ой таразысынан өткізіп, өлеңнің ішкі-сыртқы тұтастығына сай келіп отыруын көздеген. Өйткені оның өлеңдерінен басы артық, бос сөздерді кездестіре алмаймыз. Қай өлеңін алсаң да белгілі бір ырғақпен, әдемі әуенмен, сөз өнерінің сиқырлы әлеміне тарта береді. Сондықтанда Мағжаның «суретті, кестелі, көркем сөзі» - ешкімге ұқсас өзіндік өрнек.

Мағжанның әуезділігі күйше күмбірлеп келетін оқыған сайын әдемі ән тыңдағандай мейірің қанатын өлеңдері жетерлік. «Толқын», «Шолпы», «Мені де өлім әлдиле», «Жұмбақ», «Сүй, жан сәулем», «Сен сұлу» сияқты әсем лирикалары міне осының куәсі. Мағжанның бұл өлеңдері саздылық, әуезділік жағынан батыс символистерінің өлеңдерінен еш кем түспейді.

Кешкі ескен жібек жылы жел сұлу,
Хош иісті түрлі-түрлі гүл сұлу,
Әдемі аспан төбедегі көк шатыр,

Асқар тауы, дариямен жер сұлу.
Сылқ-сылқ күліп, сылдыр қаққан су сұлу,
Көлге қонып қаңқылдаған қу сұлу,
Бейне айнадай жарқыраған айдыннан,
Күн шығарда көтерілген бу сұлу

«Сен сұлудағы» сүйген жарына ессіз ғашық, жарына деген пәк сезімін сұлу суреттермен өрнектеген ақынның жар сұлулығына деген «өзіндік» көзқарасы туған табиғаттың сұлулығымен іштей табысып жатыр емес пе?! Ақынның мың құбылған көркемдік кестесін табу үшін оның әр жолын, әр шумағын лапылдаған бір деммен оқып, шынайы да ыстық сезіммен қабылдай білу керек. Сонда ғана алмастай асыл сөзден жаралып, біртұтас болып құйылып түскен сырты сұлу, ішкі йірімі мол, мағынасы терең әсем жырлардан жұмыр дүниенің бар болмысын тани түсеміз.

Бозбала шағында балғын үнімен, сырлы да сұлу жырымен баршаны баурап, Ф.Ибрагимов сияқты үлкен тұлғаның назарына іліккен ақын орда бұзар отызында қиянға сермеген қанаты талмайтын қыран екенін шын танытты. Алда оны не күтіп тұр еді? Басқалар тонды кең пішкенмен Мағжанның өзінің оған терең бойлап, аландамағаны анық. Ол тек елім, халқым деп соққан жүрегінің дүрсіліне құлақ түрді. Содан да өз бойына ұлтының ащысы мен тұщысын, қуанышы мен қайғысын, қызығы мен азабын қат-қабат қондырып, тағдырлы, тауқыметі мол, тайғағы көп жолды таңдады.

Мағжан ана тілінің мол байлығын бойына барынша сіңірген, орыс тілін де жетік білген. Соның арқасында ол Пушкин, Лермонтов, Горкий, Байрон, Гете тағы да басқа орыс, Батыс ақын-жазушыларының шығармаларымен танысып, олардың таңдаулы туындыларын ана тілімізге аударып, халқымыздың игілігіне айналдырған.

Мағжанның барлық өмірі – поэзиясында. Ақын ел ішіндегі әлеуметтік, қоғамдық өмірге белсене араласады. Соларға ақындық үн қосып отырады. Мағжан өлеңдері негізінен халқының, ел – жұртының тағдырына бағышталған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М. Жұмабаев. Таңдамалы. - Алматы: Білім, 1990.
2. Кәрібаева Б. Мағжан поэтикасы. \Қазақ тілі мен әдебиеті\ №10, 2000
3. Бес арыс. –Алматы: Жалын, 1992., 480 бет.
4. Жұмабаева Р. Ақын өмірінің ақиқатын айтайық.\ Қазақ тарихы\ №3, 2003
5. Құттықожаев Н. Мағжан Жұмабаев және стиль.\Қазақ тілі мен әдебиеті\ №10, 2000

ӘОЖ 081.81

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІ ЖӘНЕ МӘШҰР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ

А.Б. АБЫШЕВА
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
Н.Қ. ЖҮСІПОВ
ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ ертегілерінің ел арасынан жиналып, хатқа түсуі, баспа бетіне шығуы 19-ғасырдың екінші жартысынан басталады деуге болады. Бұл ретте Ш. Уәлиханов, Г.Н. Потанин, В.В. Радлов, Ә. Диваев, М-Ж. Көпейұлы т.б. ғалымдардың айрықша еңбек сіңіргендігін айта кетуіміз керек. Сол сияқты А. Алекторов, А. Васильев, Н. Пантусов, Б. Дауылбаев, Т. Сейфуллин, О. Әлжанов, Ж. Айманов, М. Ибрагимов т.б. зерттеушілер қазақ халқының ертегілерін жинап, сол кездегі баспасөз беттерінде үзбей жариялап тұрды. Олар көбінесе өздері жинаған ертегі үлгілерін не орысша, не қазақша бастырады, кейде бір тілде жариялаған. Түпнұсқа тілде жариялаған кезде орыс тілінде қысқаша мазмұндап отырған. Осы әдіспен жиналған материалдар өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап «Дала уалаяты газетінде», «Тургайские областные ведомости», «Акмоллинские областные ведомости», «Оренбургские губернские ведомости», «Астраханские ведомости» т.б. басылымдарда үзбей басылып тұрды. Қазақ ауыз әдебиетінің, соның ішінде ертегілердің көптеген үлгілері, әсіресе, Омбы мен Орынборда шығатын газеттерде молырақ жарияланады.

В.В. Радловтың «Түркі халықтарының халық әдебиеті үлгілері» атты он томдық еңбегінің қазақ фольклорына арналған үшінші томында ғалымның өз қолымен жинаған қазақ фольклорының тұрмыс-салт жырлары, эпос, ертегі, аңыздар, қиссалар сияқты жанрлық түрлері топтастырылған. В.В.Радлов өз жинағына енгізген ертегілерді «Батыр ертегі», «Ертеке» деп екі жікке бөліп, алғашқысына екі, соңғысына 11 шығарма топтастырған. Біздің пайымдауымызша «Ертегі» тарауындағы «Жұмбақ» деп аталатын шығарманы ертегіге жатқызу қиын. Ертегілерге қойылатын талап тұрғысынан қарағанда оның композициясының құрылысы да, көркемдігі де жұпыны. Табиғаты жағынан ол ертегіден гөрі жұмбақ айтысына жақын келетіндей.

Ғалым ертегілерді жанрлық тұрғыдан іштей саралағанмен, жинаққа негізінен қиял-ғажайып ертегілерін мол топтастырған. Олардың ішінде «Хан Шентей», «Еркем Айдар» сияқты аса көркемдері бар. Жалпы

Радлов жинаған ертегілер коспасы жоқ, «өндеуден» өтпеген, халықтың ауыз екі сөйлеу тілінің сипатын таза сақтағандығымен ерекшеленеді /1/.

Ө. Диваевтың фольклорды жинаушылық қызметінде ерекше орын алатын сала – ертегілер. Шынына келгенде, Әбубәкір жинаған материалдардың жартысынан астамы ертегілер десек, сөзіміз бекерге шықпайды. Оның тек ауыз әдебиетін жинаушылық қызметі ғана емес, оны жариялатуы, баспашылдық қызметінің дені осы ертегілерге тиесілі деуге болар еді. «Ал ертегілердің ең алғаш зерттелуі қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы әрі оны өзге халықтарға танытушы Әбубәкір Диваевтың есімімен тікелей байланысты» /2,17/.

Ө. Диваев қазақ ертегілерін жинауды 1883 жылдары бастаған. Оның алғашқы аяқ аттап барып ертегілерді жинаған елі Әулиеата уезі болды. Кейін ол қызметіне байланысты ел аралап, Шымкент, Сыр бойында болып, көнеқұлақ қарттардан қыруар ертегі жинайды. Диваевтың халықтық шығармаларды жинаудағы өзіндік ерекшелігі, ол мәтіндердің шынайылығы мен дәлдігіне көз жеткізу үшін, ол үлгілерді ел арасында қайта-қайта сұрастыру әдістемесі арқылы тексеріп тұрған /3/. Бұл халық ауыз әдебиеті үлгілерінің бірнеше нұсқасын беруге алып келді, мысалы, «Тазша» туралы ертегінің 3 нұсқасы бар.

Қазақ ертегілерін жинаушылардың бірі – А. Васильев болған. Ол қазақ ертегілерін жинауды 1890 жылдары бастады. А. Васильев ертегілерді көбінесе Торғай облысында тұратын қазақтардан жазып алады. Кейін қызмет бабында ел аралаған кезінде көптеген ертегілерді қағазға түсіріп отырған. Соларды жинақтай келіп 1898 жылы жарық көрген «Образцы киргизской народной словесности. Вып. I» деп аталатын кітабына тек қана қазақ ертегілерін кіргізген. А. Васильев барлығы 23 ертегі жазып алып, жариялағаны белгілі болып отыр. Г.Қ. Қазыбеков өзінің зерттеу мақаласында А. Васильев жинап, жариялаған ертегілерді жанр жағынан саралап, 4 топқа жіктейді: 1) хайуанаттар жайлы ертегілер; 2) қиял-ғажайып ертегілер, 3) батырлық ертегілер; 4) сатиралық ертегілер. «Түлкі мен тырна», «Түлкі», «Құйыршық» ертегілерін хайуанаттар жайындағы классикалық ертегіге жатқыза, ал «Қайсысы үлкен?» ертегісін мысал ертегіге (аполлог) жатқызады/4/.

Қазақ халқының фольклорлық шығармаларын, оның ішінде ертегілерді жинаған және жариялаған ғалымдардың бірі Н.Н. Пантусов болған. Фольклорист-ғалым Н.Н. Пантусовтың 1909 жылы Қазан қаласында жарияланған «Қазақ халық әдебиетінің үлгілері» («Образцы киргизской народной литературы») деген кітабында «Әулие Ишан», «Әділетті хан», «Хан және қыздар», «Сүлеймен әулие», «Көк кептерлер» және «Шығайбай мен Алдаркөсе» деген қазақ ертегілері берілген. Жинақтың маңыздылығы мәтіндер екі тілде қатар берілген: бірі – түпнұсқа араб әрпімен, жинақ соңынан оннан солға қарай тізбектелсе, екіншісі – аудармасы орыс тілінде берілген. Жинақтың араб әрпіндегі мұқабасында : «Жетісу қазағының арасында жиып алған Николай Пантусов», - деген дерек бар /3,70/. Бұдан біз Н.Н. Пантусов қазақ ертегілерін жинап әрі жариялап отырған деген қорытынды шығарамыз.

1901 жылы Н.Н. Пантусовтың «Материалы к изучению казах-киргизского наречия» деген шағын кітапшасы қазан қаласында басылды. Онда бір қудың өмірді ұры болып бастап, соңында хан болғаны айтылады. Ертегінің негізгі идеясы: біздерді кімдер басқарып отыр, әлбетте, ұрылар басқарып отыр. Солар болыс болады, хан болады деген ойды астарлап білдірген. 1901 жылы Н.Н. Пантусов «Қарамерген» ертегісін жариялайды. Кітапта белгілі түркітанушы ғалым Н. Катановтың алғысөзі берілген. Онда бұл қазақ ертегісінің аншы Қарамергенге арналғаны, оның лингвистикалық ерекшеліктерімен қатар этнографиялық сипаты да мәнді екендігі, өсімдіктер мен аңдарға толы биік таулар басында түрлі аруақтар мекендеуіне деген халықтың діни наным-сенімдері қалыптасқандығы хақында деректер келтірілген. Сонымен бірге қазақ ертегілерінің көбі парсылардан алынған деген пікір де орын алған. Каф таулары, жалмауыз кемпір, жезтырнақ, перілер т.с.с. турасындағы бейнелерге де автор тоқталып өтеді. Жалпы ертегінің қысқаша мазмұны сөз болады: Қарамергеннің анда перінің қызымен кездесуі, бір жылдан соң балалы болуы, өсе келе ол баланың патша болғаны, перілер арқасында Қарамергеннің ерекше баюы, ал байқаусызда Құдайды ауызға алуы сол-ақ екен, бүкіл перілерден алғандары сол сәтінде-ақ жоғалып кеткені, сөйтіп Қарамерген бәз баяғы қалпына түскені баяндалады. Бұл кіріспе іспетті пікірлер орыс тілінде жазылған/3/.

Ғалым Г.Н. Потанин фольклор үлгілері мен этнографиялық материалдарды қатар жинаудың шарттарын белгілеген алғашқы жоба-проекттерінің бірі болып табылатын «Қырғыздар мен Сибирь татарларының бұлдыр нанымдарын, көне ертегілерін, діни ғұрыптарын зерттеу мәселесін» жариялады. Қазақтың фольклорлық шығармаларын Г.Н. Потанин 1860 жылдардың басында жаза бастаған. Ғалым негізінен ертегілер мен аңыз-әңгімелерді жинап, жариялады. Потаниннің ертегілерді жинаудағы негізгі ерекшелігі - ертегі мәтінінің толық түсірмей, тек сюжетін жазып алып отырған. Г.Н. Потанин жинаған материалдарын құрастырып, «Живая старина» журналында бастырып, «Қазақ-қырғыз және алтай ертегілері мен аңыз-әңгімелері» 1916 жылы жариялайды. Ғалым сондай-ақ Тарбағатай, Көкшетау, Қарқаралы экспедициялары барысында жинаған ертегі үлгілерін саралап, «Монғолдың Гесер хан туралы ертегісі», «Қазақ ертегісіндегі орыс қызы Дариға», «Марья-ертегі, жырдың аққуы» мақалаларын жариялайды.

Қазақ фольклорын жариялауда ХІХ ғасырдың соңында ерекше орын алатын жинақ – Я. Люштін «Киргизская хрестоматиясы». Жинақ ішіндегі фольклорлық мәтіндер Түркістан өңірінен жиналған, жинақты жариялаудағы мақсат жергілікті халыққа оқулық жетіспеу себепті, сол олқылықтың орнын толтыру үшін жасалған іс-шаралардың бірі болған. Жинақтың төртінші топтамасы қазақ ертегілеріне арналған. Мұнда қазақтың 26 ертегісі берілген ертегілер тақырып жағынан ажыратылмаған, мысалы, бірінші ертегі – қиял-ғажайып ертегі болса, екінші мәтін тұрмыс-салт ертегісіне жатады /5/.

Қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған фольклорист ретінде М-Ж. Көпейұлының есімін де атауға болады. М-Ж. Көпейұлы фольклорлық үлгілердің барлық түрін жинаған, оның ішінде ертегілерді жинап, жариялау ісімен айналысқан. Мәшһүр-Жүсіптің ел арасынан жинаған ертегілерінің жалпы саны 15 шамасында, олар: «Еділ-Жайық», «Көр ақтарған Жаманбай», «Баһырам патша туралы», «Есен тентек туралы», «Ертеде бір хан болыпты», «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Алаша хан», «7 жасар Желкілдек», «Ер Төстік», «Әз Жәнібек және бір ұста», «Екі патша», «Әділ би», «Сүйіндік: Олжабай батыр», «Тама Сарыбас мерген» т.б.

Бұл жиналған ертегілер ішінен «Алаша хан», «7 жасар Желкілдек», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Тама Сарыбас мерген» атты үлгілер Мәшһүр-Жүсіп атынан жарық көрді. Ал қалғандары әлі баспа бетінде жарияланған жоқ. Ал, ертегілер ел арасынан қалай жиналды, жеткізуші есімдері кім дегенде - ол турасында М-Ж.Көпейұлы шамасынша түсінік беруге тырысқан. Мәселен, жоғарыда айтылған: «Сүйіндік: Олжабай батыр» ертегісін Мәшһүр-Жүсіп 1865 жылы Сақау ақынның айтуынан жазып алған. Оған дәлел «әулеттік архивте» сақталған Әлкей Марғұланның Сердалы деген адамға жазған хаты. Онда мынадай сілтеме берілген: «Сақау ақынның айтуынан 1865 жылы жазып алған Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы», - делінген. Яғни бұдан білеріміз: біріншіден – жазылған нұсқаның ертегі жанрына жататынын Мәшһүр-Жүсіптің білгені; екіншіден – Сақау ақынның ауызша айтуынан жазып алуы, үшіншіден – бұл үлгінің жазылынып алыну мерзімі 1865 жыл екендігі /6,46/.

Сол сияқты «Тама Сарыбас мерген» ертегісін Мәшһүр-Жүсіп Кіші жүз Қарабура ұранды Тама елінің мергені Сарыбастан естігенін айтады. Бұл аңыз ертегіде ерте замандағы аңшылар өміріне сирек кездесетін аң ерекшеліктері бейнеленген. Демек ертегі ішінде табиғат сырын, ел тарихын ашарлық материалдар болуы шығарма мәнін көтере түсетіні анық.

М-Ж.Көпейұлының өз қолымен жазылған «Қара мес» аталған қолжазбасы бар екенін біреу білер, біреу білмес. Бұл қолжазба жайында, Н.Қ.Жүсіпов монографиясында мынадай деректер келтіреді: «М.Ж.Көпеев жинаған «Ер Көкше» нұсқасы сақталған «Қара мес» жинағы Қазақ ССР Ғылым академиясының қорына 1934 жылы түскен. Қолжазба жолсыз сары қағазға Мәшһүр-Жүсіптің өз қолтаңбасымен араб әрпімен, бидай сиямен жазылған. Сырты жасыл түсті мұқабамен тысталған, кейбір беттеріне су тиіп жайылғандықтан, қағаздары сарғайып, түптелген шегі сөгілген »/3,40/.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының «Қара месінен» «Алтынбас-Күмісаяқ ғашық болған», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Асанқайғы», «Еділ-Жайық», «Желкілдек» деп аталатын бес ертегіні кездестіреміз. Осы ертегілердің ішінде «Алтынбас-Күмісаяқ ғашық болған» және «Желкілдек» өлең түрінде жазылуымен ерекшеленеді. Әсіресе, «Алтынбас» бастан-аяқ он бір буынды қара өлең түрімен өрнектелген. Ал, «Желкілдек» ертегісі шытырман оқиғалар қактығысымен ерекше, бас кейіпкер Желкілдек Ертөстік сияқты атса мылтық, шапса қылыш кеспейтін, жақса отқа күймейтін жан. Желкілдектің қарсыластары да осал емес. Бұл туындыдағы айрықша бір кейіпкер – мыстан кемпір. Ол айла-шарғысымен, неше түрлі сұм-сұрқия іс-қимылымен көзге түседі.

ХХ ғасырдың басында қазақ фольклорын жариялауда, әрі насихаттауда ерекше маңызды рөл атқарған А.Е. Алекторовтың «Киргизская хрестоматия» еңбегі екені анық. Атауынан көрініп тұрғандай, кітап ағартушылық мақсатында оқулық есебінде жарияланған. Сол себепті де алынған фольклорлық мәтіндер танымдық, тәрбиелік сипатта болған. Іріктелген 24 фольклор үлгілерінің көбі ертегілерді: «Айтыс», «Ешкі мен қасқыр», «Қасқыр мен түлкі», «Байлық», «Шал мен өлім», «Әділ қазы», «Жиренше шешен мен Алдар көсе», «Шайтан» турасында т.б. қамтиды.

Қазақ ертегілерінің зерттелуі жайлы айтқанда, оларды топтастыру мәселесін айналып өту мүмкін емес. Қазақ ертегілерін топтастыру мәселесін алғаш қолға алған Ө.Диваев болды. Ол қазақ ертегілерін тақырып жағынан: 1) ақыл, алғырлық; 2) әйелдер; 3) шындық пен әділеттілік; 4) сараңдық пен жомарттылық; 5) байлық және кедейлік туралы ертегілер деп бес топқа бөлген. Бұл топтастырудың негізгі кемшілігі – әр топтағы ертегілердің өзара жігі айқын ашылмауында, негізінен тұрмыс-салт ертегілерді ғана есепке алуында және сол тұрмыс-салт ертегілері тақырыптарының өзін толық қамти алмағандығында.

Қазақ ертегілерін топтастыруда едәуір еңбек сіңіріп, зор табысқа жеткен ғалымдардың бірі М. Әуезов еді. Ол ертегілерді мазмұн жағынан алып қарап, аңыз ертегі, салт яки үлгі ертегісі, мысқыл-мазақ ертегілері, өтірік әңгімелер деп бөлген. Әрине, бұл топтастырудың да кем-кетіктері аз емес. Мәселен, ертегілердің жанрлық сипаттары мен ішкі мазмұны жөнді ескерілмеген. Алайда сонысымен бірге, жас ғалымның сол кездің өзінде ертегілерімізді қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан төл туындысы ретінде қарастыруы М. Әуезовтің ғалым ретіндегі кәсібилігін айқындап, болашақта қазақ ертегілерін топтастыруды жетілдіре түсуіне жол ашты.

М. Әуезов пен Л. Соболевтің «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген көлемді мақаласында бұл мәселе кең түрде қарастырылады. Мұнда қазақ ертегілері шартты түрде төменде көрсетілген топтарға жіктеледі: 1) қиял-ғажайып ертегілер; 2) хайуанаттар туралы ертегілер; 3) тұрмыс-салт ертегілері; 4) балаларға арналған ертегілер; 5) аңыз әңгімелер, күй аңыздары.

Осы жіктеуге орай кейіпкерлер жүйесі, әр топ ертегілерінің тақырыбы мен негізгі сипаттары кең ашылады. Мысалы, қиял-ғажайып ертегілерінің ерекшелігін авторлар шын өмір мен фантастикалық құбылыстардың алмасуынан іздейді. Әр жануарды шаруашылық пен тұрмыстағы атқаратын ролі мен алатын орнына қарай топтастырады да, осыған орай хайуанаттар туралы ертегілер – үй жануарлары туралы, жабайы аңдар туралы ертегілер болып екі жікке бөлінеді. Тұрмыс-салт ертегілері де қиял-ғажайып сарындас және нағыз салт ертегілері болып екіге бөлінеді. Алғашқы топқа авторлар аңшы-мергендер, дию-перілер ұрлап алып қашатын сұлулар

туралы ертегілерді жатқызып, екінші топқа енгізілген ертегілерді: а) үй-іші, үй-ішілік тұрмыс, ә) баққан малын ит-құстан, әлдеқандай апаттан, қорқау қасқырдан құтқаратын бағырлар, б) тапқыр да айлалы, әрі бірін-бірі алдайтын жырынды қаракшылар, ұры-көзептер, в) ханның ең қиын тапсырмаларын орындап, жеңіп шыққан ақылды бала, г) сүймеген адамына ерге шыққан әйелдің ауыр тұрмысы, қытымыр мінезді өгей шеше туралы ертегілер деп бөледі/7/.

Жіктеудің бұл түрі кей сәттерде даулы болуы мүмкін. Мысалы, аңшы-мергендер туралы және сұлуларды алып қашатын дию-перілер туралы ертегілерді тұрмыс-салт ертегілеріне қосуға келісу қиын. Ғажайып оқиғалар ертегінің негізгі мазмұны десек, онда бұлар қиял-ғажайып ертегілер тобына енуі тиіс. Аңыз-ертегілер тобына Алдаркөсе, Жиренше, Қорқыт, Асанқайғы туралы әңгімелер, аңыздар енген. Жалпы, «аңыз-ертегі» деген терминнің қаншалықты орынды екеніне шүбәланбасақ болмайды, себебі, «аңыз» және «ертегі» дегеніміз, мүлде екі түрлі ұғым беретін терминдер. Ертегі – өмірде болмаған және бола алмайтын оқиғаларды, кейіпкерлерді баяндауға бейімделсе, аңыз кейіпкерлерінің өмірде болғандығына айтушы да, тыңдаушы да шүбә келтірмейді. Сондықтан осы аталған әңгімелерді аңыздар қатарына қосу дұрыс болар еді.

М.Әуезов зерттеулерінен кейін, қазақ ертегілерінің жіктелу, топталу мәселесіне қалам сілтеп, кең зерттеу еңбектерін жазған С.Қасқабасов болды. Ол қазақ ертегілерін: 1) қиял-ғажайып ертегілер, 2) жануарлар туралы ертегілер, 3) батырлық ертегілер, 4) новеллалық ертегілер, 5) сатиралық ертегілер деп бес топқа топтастырды. Ертегі топтарын іштей тағы бөледі. Мысалы, жануарлар туралы ертегілерді үш топқа жіктейді: біріншісі, көне миф жанрынан ұзап кете қоймаған этиологиялық ертегілер, екіншісі, жануарлар жайындағы классикалық ертегілер, үшіншісі, мысал-ертегілер (аполотар)/8/. Ғалым С.Қасқабасов «тұрмыс-салт» ертегілерінің қатарында қарастырып жүрген біраз ертегілерді новеллалық ертегілер деген терминмен береді. Қасқабасовтың жіктемесін бүгінгі күнгі қазақ ертегілерінің түрлері толық қамтылған жіктеме-ертегілердің бірі деуге болады.

Қазақ ертегітану ғылымының тарихы жиырмасыншы жылдардан ертегілерді жинап, оларға анықтама беріп жарыққа шығару ісінен басталады. Ертегітану ғылымы ертегілердің жиналуы, жариялануы мен зерттелуін тұтас жүйе ретінде қарастыруы тиіс, сонда ғана ол ғылым деңгейіне жетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Радлов В.В. Алтын сандық. - Алматы: Ана тілі, 1993. - 256 б.
2. Диваев Ә. Тарту. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 256 б.
3. Жүсіпов Н.К. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. Монография. - Павлодар, 2007. - 381 б.
4. Қазыбек Г.Қ. Қазақ ертегілері /ҚазҰУ хабаршысы. Фил.сер.2003. №8(70). 145-148 б.
5. Жүсіпов Н.К. Қазақ фольклорын жариялау мәселелері: XX ғасырдың бірінші жартысы. - Павлодар: Кереку, 2011. - 176 б.
6. Жүсіпов Н.К. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы – фольклорист. Монография. - Павлодар, 2011. - 141 б.
7. Қазақ фольклористикасы. Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. - Алматы, 1972. -
8. Қасқабасов С. Ойбөріс. - Астана: «Астана полиграфия», 2009.- 320 б.

УДК 376.4

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ КОРРЕКЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ШКОЛАХ ПАВЛОДАРСКОГО РЕГИОНА

У.Х. АДИЛОВА

учитель русского языка и литературы, СОШ № 6, г. Павлодар

Н.К. ЖУСУПОВ

д.ф.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Г.Х. ДЕМЕСИНОВА

к.ф.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Движение к новому образованию в казахстанском обществе требует решения ряда проблем по следующим направлениям:

- придание модели коррекционного образования разностороннего комбинированного характера;
- разработка качественно новых его стандартов;
- усиление ориентации образовательных программ на удовлетворение не только существующих, но и прогнозируемых потребностей общества.

Реализации данных проблем находят свое выражение в ключевых позициях Болонской декларации.

Основной проблемой развития коррекционного образования в школах Павлодарского региона является несовершенство коммуникативных умений обучающихся с нарушением интеллекта, что существенно осложняет процесс свободного общения, затрудняет развитие речемыслительной и познавательной деятельности обучающихся и препятствует созданию психолого - педагогических условий для успешной социальной адаптации.

Главной задачей деятельности педагога, работающего в коррекционном классе общеобразовательной школы, является активизация и интенсификация процесса обучения. Базой для их реализации являются принципы деятельностного подхода, для которых характерно особое понимание природы психики обучающегося с нарушением интеллекта, источников и механизмов его развития. Все это имеет принципиальное значение для научно обоснованного определения целей коррекционного образования. Это, в конечном итоге, формирует новообразования в виде ценностных ориентаций, знаний, коммуникативных и практических умений, т.е. изменяет определенные составляющие структуры психики обучающегося. Поэтому коррекционное образование базируется на понимании психики человека через восприятие мира.

Успешность развития коммуникативной функции речи обусловлена созданием специальных психолого-педагогических условий:

- приближением изучения художественного, документального произведений на уроках литературы к процессу естественного общения;
- использованием речевых ситуаций и диалогов на основе литературного текста;
- применением системы вопросов и заданий, направленных на мотивацию коммуникативной деятельности;
- сохранением положительного эмоционального настроя в процессе обучения;
- внедрением системы определенных методических процедур и приемов для моделирования речевых ситуаций и организации общения обучающихся на уроках литературы.

Главное, что должно обеспечивать коррекционное образование – это развитие личности как субъекта своей жизнедеятельности. С позиций деятельностного подхода быть субъектом деятельности – значит определять ее строение, т.е. строить ее в имеющихся условиях. Логическая структура деятельности должна включать:

- потребности, мотивы;
- задачи, цели;
- действия, условия, операции;
- компетенции.

Иметь компетенцию – значит обладать всем, что необходимо для успешного решения задач. Иметь знания и умения – еще не значит быть компетентным. Знать технику чтения – не значит уметь читать. Владеть методами управления и методами планирования – не значит уметь управлять процессом.

Таким образом, с теоретико-методологических позиций компетенция понимается как функциональная система психики, обеспечивающая человеку способность решать задачи определенного типа на уровне предъявляемых к их решению требований. Это интегративное психическое образование, включающее в себя как знания, необходимые для решения соответствующего типа задач, так и умения ставить задачи данного типа, планировать их решение, выбирать и применять адекватные средства решения, оценивать результаты действий.

Сформировать компетенцию – значит сформировать соответствующую функциональную систему психики как целостное, интегративное образование. Именно этой не обеспечивают традиционные системы коррекционного образования.

Способы решения деятельностных задач предполагают наличие у субъекта необходимых знаний и выполнение определенных действий.

Первый вид действий помогает педагогу выявить потребность в решении задач, ставить цели, планировать их достижение, подбирать методы выполнения исполнительских действий, оценивать их результаты.

Второй вид действий носит исполнительно – практический характер. В результате их выполнения достигаются поставленные цели.

Например, действия постановки учебной задачи, контроля хода ее решения, оценка результата решения – это ориентировочные действия. Действия моделирования и работы с моделью – исполнительские.

Исполнительские действия могут осуществляться разными методами. Например, метод сбора информации о герое произведения может выполняться посредством наблюдения, анализа, изучения критической литературы, документации, применения опросного тестирования и др. Умственные действия формируются в процессе выполнения исполнительских действий и в единстве со способом образуют операцию.

Компетенции включают следующие компоненты:

- когнитивный компонент – это комплекс знаний, владение которыми необходимо для решения соответствующего типа задач.
- ориентировочный компонент – это способы постановки, планирования решения этого типа задач и оценки результатов решения.
- операциональный компонент – это способы выполнения действий, требующихся для решения задач данного типа.
- опыт - это интеграция всех предыдущих компонентов компетенции в способ решения задач соответствующего типа.

Задачи различаются своими целями и условиями их достижения. Таким образом, обучающиеся коррекционных классов могут отличаться по уровню своего развития в решении каждого типа задач. Поэтому когда ставится цель сформировать ту или иную компетенцию, должен определяться уровень этой компетенции: способен ли обучающийся решать задачи соответствующего типа или только некоторые особые виды задач.

Наиболее приемлемой для преподавания уроков русского языка и литературы в коррекционных классах является трехуровневое планирование компетенций субъекта обучения (таблица 1).

Таблица 1 – Уровни и показатели обеспечения компетенций.

№ п/п	Уровни компетенций	Показатели обеспечения
1	Начальный	- имеет неполную ориентировку в условиях задач данного типа; - решает только единичные задачи этого типа; - из-за ограниченности ориентировки в условиях он может применять имеющиеся в его распоряжении методы там, где их применение неадекватно реальным условиям задачи.
2	Средний	- решает особые виды задач данного типа, посредством обобщенных методов с пониманием условий и границ их применимости; - уровень обобщенности применяемых методов позволяет решать определенные группы задач внутри данного типа.
3	Высокий	- решает любые задачи данного типа разными методами с полным учетом существующих условий задачи. При этом существенные условия задачи выявляются самостоятельно.

Коррекционное образование должно быть развивающим, т.е. обеспечивать полную и широкую ориентировку в различных условиях деятельности, а не вырабатывать стандартные алгоритмы действий или передавать знания в недействительной форме.

Для проектирования состава и содержания требований к результатам коррекционного образования необходимо использовать следующую схему формирования компетенций:

Деятельность → функции → задачи → действия → способы → содержание компетенций.

Данная схема является основой для реализации методики проведения уроков русского языка и литературы в коррекционном классе общеобразовательной школы.

Учебная деятельность направлена на получение внутренних результатов, на достижение теоретического уровня мышления. Учебный диалог является особой формой активности и направлена на изменение самого себя как субъекта учения.

Выполняя одну и ту же деятельность, обучающийся может руководствоваться совершенно разными мотивами: обеспечивать свою безопасность; угождать учителю; исполнять обязанности (роль) или искать ответ на собственный вопрос. Наличие мотива последнего типа определяет деятельность обучающегося:

- наличие цели по самоизменению («Я это узнаю, пойму, решу»);
- понимание и принятие учебной задачи;
- позиция обучающегося как полноценного субъекта деятельности, осуществляющего самостоятельно все этапы: целеполагание, планирование, реализацию цели и анализ (оценку) результата;
- направленность на усвоение теоретических знаний, поиск и построение оснований действий;
- овладение общими принципами решения задач определенного класса;
- активизация поиска обобщенных способов действий, закономерностей и принципов на уровне операций;
- проведение исследования для овладения принципом. В этом смысле деятельность это аналог исследовательской деятельности.
- рефлексивный характер деятельности как рассмотрение оснований собственных действий. Опыт творческой рефлексии является основополагающим элементом в формировании личности.

Организация деятельности – основная и наиболее сложная методическая задача педагога. Она решается с помощью различных методов и методических приемов:

I. Проблемное изложение знаний как сообщение выводов науки пути научного поиска, диалектического движения мысли к истине. Это соответствует природе мышления как процесса, направленного на открытие новых закономерностей, путей решения познавательных и практических проблем.

II. Метод учебных задач как поиск общего способа действия, принципа решения целого класса аналогичных задач. Учебная задача решается путем выполнения определенных действий.

III. Учебная модель как продукт мыслительного анализа и особое средство мыслительной деятельности. Работа с учебной моделью это процесс изучения свойств содержательной абстракции – некоторого всеобщего отношения и построение системы частных задач, решаемых общим способом, и выведение многообразных особенностей данной учебной задачи. Весь ход решения задачи подвергается рефлексии.

IV. Учебный диалог как одна из важнейших задач педагога. Но решить ее он может только «изнутри», как равноправный участник диалога. Его предложения, мнения, оценки должны быть открыты для критики в той же мере, что и действия и высказывания других. В диалоге «учитель – ученик» соблюдается принцип постепенно убывающей помощи и увеличения доли самостоятельной деятельности обучающегося.

V. Оценка как персональное развитие обучающегося и совершенство его учебной деятельности. Если обучающийся работает на пределе своих возможностей, то он непременно заслуживает высшей оценки, даже если с точки зрения возможностей другого это посредственный результат. Так как здесь важны не пятерки сами по себе, а пятерки как средство, стимулирующее исполнение учебной деятельности, как доказательство, убеждающее «слабого» в том, что он способен развиваться. Темпы развития личности глубоко индивидуальны,

и задача педагога – не вывести всех на некий, заданный уровень знаний, умений, навыков, а вывести личность в режим развития, пробудить инстинкт познания, самосовершенствования.

VI. Позиция педагога: «к классу не с ответом (готовые ЗУН), а с вопросом», Позиция обучающегося: субъект познания; занимательная роль познающего мира (в специально организованных для этого условиях).

Резюмируя выше изложенное, необходимо отметить, что распространение идей и методов коррекционного образования сталкивается сегодня с большими трудностями. Ее реализация требует качественно иного мышления, нежели мы имеем. Изменить его посредством краткосрочных курсов повышения квалификации и семинаров невозможно. Оно может измениться только в деятельности и через деятельность. Необходимым условием является рефлексия действий. Чтобы она была возможной, нужны хорошо проработанные учебно-методические комплекты для обучающихся с нарушением интеллекта. Конечно, их создание требует усилий многих специалистов, а имеющиеся для этого возможности весьма ограничены. Но именно поэтому важно критически осмыслить существующую теорию и практику коррекционного образования и наработать комплекс идей, которые могли бы стать основой для продуктивных исследований и разработок.

ӘОЖ 372.881.151.212.2

ОРЫС СЫНЫПТАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

К.Ж. АҚАНОВА

мұғалім, М. Қайырбаев атындағы № 2 орыс орта мектебі, Ақтоғай ауданы

Біздің елімізде қазақ тілі мемлекеттік тіл. Соған орай оқу орыс тілінде жүретін мектептерде егемендік еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілін оқыту өмірлік зор маңызға ие. Орыс сыныптарындағы қазақ тілі сабағының білімдік дәрежесі бүтіндей басқа. Өйткені, орыс топтарындағы қазақ тілін оқытудың әдісі де, оған қойылатын талаптары да өзгеше. Мақсаты-оқушыларды қазақша сөйлей білуге үйрету болады да, сол сөздерден сөйлем құрау үшін грамматикалық ережелер, анықтамалар сөз үйретудің техникасы ретінде қарастырылады. Қазақ тілі сабағы әрі тартымды, әрі қызықты, әрі сапалы болуы әр пән мұғалімдерінің өзіне, білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне байланысты. Оқу-тәрбие негізі-сабақ. Сондықтан сабақ тартымды, әсерлі, мақсатты, айқын, қызықты және толық мәнді болуы тиіс. Ол-сонымен бірге басқа ұлт балаларына қазақтың әдебиеті мен мәдениетін, ғылымын, өнерін насихаттайтын пән. Оқытушы сабақты дұрыс жоспарлап, мақсатын нақты белгілеп алмайынша дегеніне жете алмайды. Сабақтың мазмұнын, құрылысын, дәлдігін, жұмыс жүргізу тәсілін мұқият ойластыруы қажет. Сабақты жоспарлауға мына төмендегі негізгі талаптар қажет:

1. Оқушылардың сабаққа бар зейінін аударып және ықыласпен, ынты-жигермен тыңдауын ұйымдастыру.
2. Сабақтың тақырыбына сай мақсатын нақтылай білу.
3. Оқытушының тақырыпты терең және жан-жақты меңгеруі.
4. Мұғалімнің материалды жеткізу шеберлігі, сезімі, тиімді әдіс-тәсілдері.
5. Көрнекі құралдардың нақтылығы, әсерлілігі, мазмұндылығы.
6. Мысалдардың өмірмен байланыстылығы, баланы ойлантуға, сөйлетуге, тәрбиелеуге ықпалы.
7. Топпен, жеке оқушымен жұмыстың жандылығы, әртүрлілігі.
8. Сабақты басқа пәндермен, өнер салаларымен үйлесіміне, ұқсастығына қарай түрлендіру.
9. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыратын өз бетінше жұмыс беру.
10. Бағалау, оның тәрбиелік мәні.
11. Үй тапсырмасы уақытында түсіндіріп, үлгісін беру.
13. Осылардың ең бастысы-сабақтың жүйелілігі.

Оқытушының іскерлік сапасына төмендегідей талап-міндеттер қойылады:

- Сабақтың мақсаты айқын болуы.
- Материалды жан-жақты әрі түсінікті баяндауы.
- Басты мәселені бөле көрсетуі.
- Аудиторияны пәнге қызықтыру.
- Мәселе қозғап, пікір-сайыс туғыза білу.
- Баяндау тәсілі жүйелі әрі қисынды болуы.
- Сөйлеу мәдениетінің тартымдылығы, сөздерді анық айтуы.
- Алған материалдардың өмірмен байланысты, әрі тәрбиелік мәнінің маңызды болуы.
- Оқушыларға еркін жұмыс істетуі.
- Сабақта дидактикалық материалдардың жеткіліктілігі.
- Көрнекі құралдардың барлығы.
- Техникалық құралдар қолданылуы.
- Үйге тапсырма уақтылы, әрі дұрыс берілуі.
- Оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілуі.

- Оқушыларға қателері дер кезінде түзетіліп отыруы.

- Бағалау нормалары сақталып, әділ бағалануы.

Әр сабақта осыларға қоса педагогикалық, психологиялық физиологиялық, гигиеналық талаптар қарастырылады.

Сабақты жоспарлағанда оқыту, үйрету, тәрбиелеу, дамыту шарттарын ескеруіміз керек.

1. Оқыту, яғни білім беру мақсаты. Ғылыми-теориялық жағынан не айтуға тиіспіз. Ол қандай мөлшерде, қалай қабылдату керек.

2. Үйрету. Ережеге байланысты тапсырманы оқушы қиналмай орындауы керек.

3. Тәрбиелеу. Ендігі бір жауапты кезең—тәрбиелеу, екінші әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушыларды көптеген қасиеттерге, имандылыққа, шеберлікке, еңбекке, тапқырлыққа тәрбиелеу.

4. Дамыту оқушылардың логикалық ойлауын қамтамасыз ету. Ой-өрісін шындай отырып, өмірге көзқарасын қалыптастыру. Бойындағы өнерін танып, бағыт-бағдар беру. Ғылымға қызықтыру. Оқушыларға беретін тапсырмаларда дәлелдейтін, түсіндіретін, пікірмен келісетін, келіспейтін, ұсыныс енгізетін, сын көзбен қарайтын, бір сөзбен айтқанда, баланы жан-жақты ойландыратын жұмыстар болуы керек.

Оқушылардың сапалы білім алуына, сол пәннен алынатын міндетті білім дағдыларын меңгеруіне дұрыс бағытта жол ашу үшін, әр пән оқытушысы сол пәннің өзіне тән ерекшеліктеріне, сол пәнге тән оқытудың принциптеріне баса көңіл бөлгені жөн. Оқу орыс тілінде жүретін топтарда қазақ тілін оқытын студент өзіне таныс емес тілдің дыбыстық құрамын, дыбыстардың айтылу нормасын, дыбыстық заңдылықтарын, оның грамматикалық құрылысын игеруге, ойын еркін жеткізуге, басқаның сөйлеуін түсінуге, жеткілікті дәрежеде сөздік қорын меңгеруге тиісті және қазақша сөйлеуге жаттығып, қазақ тілінде қарым-қатынас жасай алуы қажет. Тыңдаушыны мұндай дәрежеге жеткізу үшін, оқытудың өзіндік тәсілдері мен амалдары, жолдары бар. Қазақ тілін орыс аудиториясына оқыту әдістемесінің ғылыми тұрғыдан зерттелу тарихы ұзақ емес. Сондықтан оқыту әдістемесі бұрыннан қалыптасқан шет тілдерді оқыту, орыс тілін оқыту әдістемелерінен оқып, үйренуіміз көп. Қазақ тілін басқа тілді дәрісханаларда оқыту барысында қазақ тілінің өзіндік басты ерекшеліктерін назарда ұстауымыз керек. Қазақ тілі сөз жасау жағынан жалғанбалы (агглюнативті тілдер тобына жататыны бәрімізге мәлім). Сол себептен де қазақ тілінде жұрнақ түрлері көптеп саналады, сонымен қатар төрт түрлі жалғаудың беретін өзіндік мағынасы, сөзге жалғану кезіндегі варианттары да жеткілікті. Қазақ тілін оқытуда жақсы нәтижелерге жету үшін, мынадай басты бағыттарда жұмыс түрлерін жүргізген тиімді. Ең бастысы, студенттердің қазақ тілінен тілдік қорын молайту. Ол үшін сөздік жұмыстарын үнемі жүргізу. Қазақ тіліндегі сөздер көп мағыналы және синонимдер мен омонимдерге бай. Сөйлемде осындай сөздердің мағынасын ажырата білуге, оларды тиімді қолдана білуге үйрету, студенттің тілдік қорын байыту оң нәтижелер береді. Оқушылардың сөздік қорын байытуда сөздік жұмысының алатын орны ерекше, сабақ процесінде сөздік қорды байытудың мынадай жолдарын пайдалануға болады: мәтін бойынша сөздік қорды байыту. Сөздік жұмысының енді бір саласы—әңгіме, өлең оқып, мақал-мәтел, жұмбақ жаттаумен байланысты. Әр сабақта жаңа сөздерді, сөз тіркесін үнемі сөздік дәптерлеріне жазуын, жатталып отырылуын қадағалап отыру қажет. Әр сабақта игерілген жаңа сөздер ауызша, жазбаша сөзде үнемі қолданылып отырғанда ғана сөздік жұмыстары нәтижелі болады. Сөздікпен жұмыс грамматикалық анықтамалар, жаттығу жұмыстарын, суретпен жұмыста, өлең, жұмбақ түсіндіргенде, сұрақтарға жауап бергенде де жүргізіліп отырады. Жеке адамды қалыптастырып дамыту және оған жан-жақты терең білім беру мақсатында көптеген білім беру технологиялары ұсынылуда: дамыта оқыту технологиясы, саралап оқыту технологиясы. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру, оқушылардың белсенділігін арттыру барысында проблемалық сұрақтарды пайдалану, проблемалық ситуациялар туғызу. Тиімді оқытудың негізгі бір шарты—білімнің мазмұнын дәл, тиянақты анықтау. Негізгі ұғымдар мен мәселелерді, теория мен фактілерді қажеттілігі мен тиімділігіне сай іріктей білу, өз бетімен оқи білуге, білім алуға үйрету. Уақыт талабына сай қазақ тілін оқытудың негізгі міндеттерін, оқушыларды сауатты жазуға, ойын, сөзін еркін сөйлеп, білікті, жан-жақты тәрбиелі азамат болуға тәрбиелеуді, қазақ тілін оқыту әдістемесін педагогика ғылымдарының жетістіктерімен ұштастыра білген, шығармашылықпен еңбек ететін, ғылыми дүниені тануы кең ұстаз ғана атқара алады. Қазақ тілі сабағы құрғақ өтілмей мәдениетті сөйлеу, жазу дағдысымен ұштасып жатуы үшін, әрбір категорияның өмірде қолдану аясын ашатындай мақсат қойылуы керек. Бұл мәселені бүкіл сабақ процесінде сініріп, қайталап отыру керек.

Білімді меңгерту—оқушылардың танымдық талдау жасай отырып оны орынды пайдалана білуі арқылы жүзеге асатын құбылыс. Бұл оқушылардың есте сақтау, ойлау, даму қабілеттерін арттырады. Қазақ тілі сабағында әдістерді тиімді пайдалану арқылы студенттердің білімге деген қызығушылықтарын арттыру, терең ойлау қабілетінің белсенділігін қалыптастыру, оқытудың жаңа технологиясы арқылы жүзеге асып келеді. Бұл бағдарламаның қолдануға өте тиімді ғылыми негіздері ретінде Л.С. Выготский, Д. Дьюи, Ж. Пиаже еңбектерін атауға болады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің әр түпкірінен жиналған білім берушілердің еңбектерінің жиынтығы. «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы: Оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге дайындайтындығымен. Сабақты өткізу барысында стратегиялардың барлығы үш кезең арқылы жүзеге асатын тиімділігімен; мұғалімнің сапалы сабақ өткізуіне мүмкіндік туғызу; оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдерінің молдығымен; ғылыми-теориялық тұжырымдамаларының тереңдігімен. Сын тұрғысынан ойлану сабақтарында оқыту, оқушыға үйрету емес, оқушының үйренуіне көмектесу жүзеге асырылады. Бұл жүйе оқытуды жаңаша ұйымдастырудың негізгі міндеттерін жүзеге асырады. Ұжымдық іс-әрекет білім игеруде

ортақ қарым-қатынас құралына айналады. Білім алу мұғалім көмегімен студенттердің білім деңгейіне қарап сараланып, студенттердің өз еркімен жүзеге аса бастайды. Қазіргі кезеңнің ең басты ерекшеліктерінің бірі ретінде жеке тұлғаның көзқарастары мен болмысына көңіл қоюдың артуын атап өту керек. Бұл бағдарламаның негізінде оқушы білімді өздігімен игеру идеясы жатыр. Оқушы пікірін бағалау, оқушыны тыңдай білу.

Білім беру-оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі. Қазіргі кездегі білім берудегі мақсат - жан-жақты, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғауы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру; мұғалімнің оқыту кезінде билік жүргізу әдісінен арылуы; оқушылардың оқуға деген ынтасын күшейту, өз дербестігін дамыту. Дамыта оқытудың В.В. Давыдов жасаған жүйесінің көздеген мақсаттарына жету тек баланың белсенділігіне байланысты. Осыған орай, бұл жүйенің әдіс-тәсілдері де оқушының белсенділігін ұйымдастыруды, талдап, көмектесіп отыруды көздейді. Мұғалім сабақ процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік береді, жауаптар тыңдалады. Дамыта оқыту жүйесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар-ынтымақтастық, өзара сыйластық қасиеттер. Әрбір ұстаз өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениетті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті. Жеке басын құрметтей отырып, білім беру – қазіргі оқытудың негізгі талабы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айтмамбетова Б.Р. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – Алма-Ата, 1985.
2. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы студентті дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002.
3. Жұмабаев М. Педагогика. – Алма-Ата, 1992.

УДК 811. 111.085+81'42

ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ В УСЛОВИЯХ ИНФОРМАЦИОННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ

А.Т. АКИШЕВА

к.ф.н., доцент, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, г. Астана

Информационная образовательная среда оказывает большое влияние на формирование коммуникативной компетенции учащейся молодежи (ученика школы, студента колледжа, вуза). Именно этот вопрос приобретает свою актуальность, так как в настоящее время стремительно обогащается контент виртуального образовательного пространства, увеличивается количество электронных учебников, улучшается обеспеченность учебных заведений современной электронно-вычислительной техникой, имеется доступ к глобальной сети Интернета в домашних условиях. Все это констатирует факт о достаточной материально-технической оснащенности учебного процесса и развитой системе учебных ресурсов, поэтому можно ставить задачу массового внедрения новых информационных технологий в практику образовательной деятельности учебных заведений, что позволяет надеяться на реальное изменение качества подготовки высококвалифицированных и востребованных рынку труда специалистов.

Сегодня большинство новых организационных и методических идей, ориентированных на радикальное обновление учебного процесса, связывается с использованием компьютера. Поэтому педагогическое сообщество обязано обратить внимание на проблему целенаправленного формирования у подрастающего поколения элементов новой информационной культуры учения. Об этом речь ведут ученые-исследователи Худякова А.В., Клементьева Т.Б., Шэннон Д.А. и другие. Они считают, что новая информационная образовательная среда определяет ряд особо важных направлений в деятельности обучающихся, это:

Работа с обучающимися, тренировочными и контролирующими программами. Обучающие программы способствуют формированию умений и понятий. Роль тренировочных программ заключается в отработке определенного способа действия. Контролирующие программы являются эффективным средством осуществления контроля по результату.

Активное использование мультимедийных программ для создания презентаций, буклетов и т.д. Они позволяют оформлять исследования, демонстрировать свои достижения и открытия в обучении. Такие виды учебной работы называют «исследовательской деятельностью», «проектной деятельностью», которые способствуют воспитанию самостоятельной личности, умеющей применять исследовательские навыки во всех сферах обучения и находить партнеров для реализации идей.

Нахождение различной дополнительной информации в сети Интернета. Данная деятельность направлена на поиск и общение посредством сайтов, порталов, форумов, электронных писем, систем он-лайн.

Компьютерное программирование. Этот вид учебной работы, а также общение реализуются при помощи языков программирования на уроках информатики.

Бесспорно, работа с вышеуказанными программами и информационными ресурсами на учебных занятиях и во внеурочное время создает коммуникативную ситуацию, в рамках которой диктуются определенные

правила общения, их должен соблюдать каждый партнер по взаимодействию. Все виды деятельности помогают эффективно формировать как языковую, так и речевую компетенцию, что являются основными составляющими коммуникативной компетенции.

Мы бы акцентировали внимание на работу с мультимедийными программами и Интернетом. В первом случае обучающийся окунается в коммуникативную среду. Он знает, что будет публично выступать перед аудиторией, поэтому тщательно продумывает создание собственных слайдов в программе PowerPoint, каждое свое слово и текстовое высказывание, свое речевое поведение. Форма изложения мысли, речевая культура становятся обязательным условием для достижения эффекта воздействия. При такой работе формируются языковые, речевые и невербальные механизмы деятельности коммуниканта и специфика построения им дискурса. Во втором случае происходит, если можно так сказать, «полное растворение» в глобальной сети. Эта деятельность может оказывать и негативное воздействие на формирование коммуникативной компетенции, как наивысшего уровня умения общаться. При поиске нужной информации обучающемуся приходится вынужденно использовать определенный уровень языка - термины делового мира сети. Например: «кликнуть» - нажать, «поисковик» - система поиска информации, «блоги» - место, где можно найти информацию, «форум» - место, где можно обменяться сведениями и т.д. В результате этого происходит существенное изменение языкового словаря, что может быть замечено в ходе выступления обучающегося с презентацией идей. Частое использование им такой терминологии может затруднить восприятие представленного материала аудиторией. Относительно терминологии следует отметить, что в информационной образовательной среде прочно закрепилось понятие, которое в современной лингвистике называется «Интернетсленг». Активное использование «Интернетсленга» во время электронной переписки, при общении в чатах является одной из причин непонимания речи адресата. Цель коммуникации при таком взаимодействии не реализуется, общение может быть прекращено. Несомненно, информационная образовательная среда предоставляет собеседникам полную свободу в выборе стиля общения, в возможности не оценивать коммуникативную ситуацию. Сформированные умения и навыки определённого стиля «сетевого» общения, отсутствие анализа и оценки ситуации поведения (языкового, речевого) переносятся в общение с непосредственно «живыми» субъектами вне компьютера и Интернета. Такой перенос, на наш взгляд, является важным препятствием в формировании коммуникативной компетенции обучающихся. Более того, сильная трансформация в их речи наблюдается в замене эмоциональности и окрашенности собственных текстовых высказываний всевозможными знаками и картинками («смайликами»). В результате такого общения проявляется неспособность субъектов выразить полно свои мысли, свое истинное отношение друг к другу, здесь может возникнуть ситуация непонимания либо неправильного восприятия языковых сигналов. В коммуникативном акте цель не реализуется, в информационной среде возникает коммуникативная неудача. Тогда один из собеседников может воспользоваться возможностью выбрать социальную роль, статус или вовсе прервать дальнейшее общение. Однако, «живая среда» (не глобальная сеть) требует быть готовым к появлению ситуации, провоцирующей коммуникативную неудачу. При таких обстоятельствах возникает необходимость предпринимать речевые шаги, ведущие к установлению гармонизации общения. Коммуниканты, погружаясь в контекст подобной ситуации, пытаются использовать различные модели и стратегии позитивного речевого поведения (кооперация). Отсюда следует, что поведение вариативно. При кооперации общение будет развиваться с целью: а) воздействовать на психику собеседника, на его эмоциональное состояние; б) побудить совершать или не совершать определенные поступки, в том числе и речевые; в) изменить мнение о своем собеседнике или представление о чем-то. Такие коммуникативные ходы ориентируют собеседников гармонизировать потенциально и реально исключить конфронтацию, это актуально в культурологическом и педагогическом отношении. Умение регулировать взаимоотношения обучающихся посредством правильного речевого поведения очень важно для современного социума, и этому умению нужно постоянно их обучать.

Таким образом, выявленные особенности воздействия информационной образовательной среды на формирование коммуникативной компетенции представляют особый интерес в рамках общелингвистической теории. Занимаясь подготовкой будущих специалистов, воспитанием творческой личности, мы должны обращать внимание на свойства и черты обучающегося, которые могут отрицательно сказаться на учебной деятельности: доминирование отрицательных эмоций, мотивация избегания неудачи над мотивацией стремления к учебным достижениям, тревожность, неумение выработать необходимые поведенческие стратегии и другие. Обязательным необходимо считать соблюдение таких условий, как погружение в атмосферу творчества посредством активного внедрения информационно-коммуникативных средств обучения, как высокая включенность в процесс выполнения различных проектов, как постоянное обучение языку, речи и культуре поведения в процессе общения в информационной и живой среде, как педагогическое воздействие на креативные способности тех, кого обучаем.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

З.Б. АКПАРОВА

қазақ тілі пәнінің мұғалімі, Красноармейка орта мектебі

Орыс мектептерінде қазақ тілін үйрену, білу қазіргі таңның басты мәселесі. Қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы сөз болғанда бұл проблеманың ішінен басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесін жеке бөліп қарастырмаса болмайды. Өйткені, қазіргі таңдағы көп жұмыс істеліп, жан жақты қарастырылып отырған проблема – орыс аудиториясында қазақ тілін оқыту. Орыс аудиториясында қазақ тілі сабағын жүргізу мәселесімен айналысып жүрген ұстаздар, тілшілер, ғалымдар көптеп саналады. Олардың әрқайсысы әр түрлі мәселелерді қарастыра келіп, қазақ тілін оқыту саласының дамып, жетілуіне үлес қосуда. Бұл еңбектердің авторлары Ш.Х.Сарыбаев, И.В.Маманов, Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаев, Т.Аяпова, Ш.Бектуров, К.Сариева, А.Жүнісбеков, Ғ.Р.Ахметжанова, М.Жанпейісова, Ғ.Оразбаева, Қ.Бітібаева т.б.

Сабақта бұл мәселені шешу жолдарының бірі - әр түрлі әдіс- тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жаңа технологияларды енгізу. Қазір технологиялардың түрлері өте көп. Бірақ, оларды қолдануда келесі психологиялық ерекшеліктерді ұмытпаған жөн.

Психологиялық тұрғыдан «оқыту» мен «үйренудің» біраз айырмашылығы бар. Көп жағдайда үйрену кең мағынада қолданылады. Бұған «оқыту» ұғымынан басқа жай кездегі адамның белгілі істі меңгеруге ұмтылуы жатады. Оқушы тек мектепте оқымайды, білімнің басым көпшілігі саяхат жүріп келе жатып немесе өздігінен қызықты кітап оқып, не біреуден естіп алынады. Белгілі білім дәрежесіне ие болудың соңғы түрін «үйрену» деп атайды. Үйренуде оқытудан бөліп алып өзінше бөлек сипаттаудың себебі ұғынудың бұл түрі бір нәрсені білейін, соған ие болайын деп мақсат қоядан кездеспейді және осы мағлұматтарды есте қалдырғанын сол адамның өзі де білмейді.

Адамның білімі белгілі бір нәрсеге адамның аңдамай зейін қойып, оған еліктеу арқылы үйренуден, не аңдамай біреудің әңгімесін тындап, радио не телевизор арқылы хабар алудан пайда болады. Осыған байланысты адамның әдейі мақсат қойып, мектепте не өзге оқу орындарында білгенін аңдамай мақсатсыз мағлұматтарға ие болуы әлдеқайда басым келеді.

Ал оқыту процесінің үйренуден айырмашылығы белгілі бір жоспар бойынша жүйелі, ресми түрде ұйымдастырылып, педагогтардың басшылығымен өтеді. Оқыту – мақсатты болғандықтан ол сапалы түрде іске асырылуы тиіс. Бірақ бұл жағдайға қарап үйрену санасыз, ал оқыту саналы түрде іске асады деу қате пікір. Себебі оқыту процесінде оқушының қабылдауы, мағлұматтарды есте сақтауы саналы кейде санасыз іске асуы негізінде психикалық процестер саналы және санасыз жағдайда алмасып отырады. Осының нәтижесінде оқу қиыншылығына оқушы көпке дейін беріліп, шаршамай төзе алады.

Оқытуды мектеп жүйесінде қарастырғанда екі жақты процесс: біріншіден, мұғалімнің оқушыларға тапсырма беріп соларды оқуға жұмылдыруы, екіншіден, оқушылардың сол мазмұндарға түсініп, соларды ұғынып, тапсырманы орындай алуға тырысуы. Осындай екі жақты қатынасты оқыту деп айтады. Оқыту, негізінде педагогиканың бір саласы - дидактиканың және жеке пән методикаларының шұғылданатын меншігі. Бірақ, дидактика оқыту процесін дәлелдеуге психология ғылымының жетістігіне сүйенеді. Сонымен қатар психология оқыту процесінің екінші жартысымен, яғни оқушылардың оқу мазмұнына ұғынып, тапсырмаларды орындай алуымен айналысады. Демек, сабақ беру айласы - дидактика мен методиканың айналысатын меншігі болып есептелінсе, балалардың ұғыну процесі - психологияның меншігі болып саналды.

Осы уақытқа дейін оқытудың көздейтін негізгі мақсаты - балаларға білім беру деп айтылып келді. Бірақ осы анықтаманың өзі қазіргі кезде бір жақты, жеткіліксіз деп есептеледі. Себебі, оқушыларға білім беру мен қанағаттанып, сол білімді нақты тәжірибеге қолдануға үйретпесе онда бұл жеткіліксіз болады. Жеткіліксіздіктің бұл түрін формальдық білім деп атайды. Демек – білімді тиісті жағдайда қолдану оқытудың көздейтін мақсатының бірі болып саналды. Оқытудың негізгі мақсаты тек білім беру деушілерге қарсы шығатындар көп. Олар бұл жөнінде мынандай деректер келтіреді: әр сала туралы мағлұматтар өте көп, солардың бәріне үйрену үшін өмір жетпейді және осыған талпынудың да онша қажеті жоқ. Себебі, белгілі мезгілде адам өзінің біле аламайтыны есейген соң кітапханаға барып, сондағы кітаптарды оқып біле алады. Баланың келешегі үшін ең қажетті нәрсе білім емес, алдымен соның ой - өрісі кең дәрежеде дамыған болса, ол кейін өз бетімен кітаптағы мазмұнын түсініп соған ие бола алады. Демек,- баланың ой-өрісін кеңейту оқытудың көздейтін құнды мақастының бірі болып есептелінеді.

Сабақ барысында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру қажет. Танымдық процестердің ішіндегі ең күрделісі — ой. Қабылдау арқылы біздің санамызда сезімдік түйсіну арқылы заттар мен құбылыстар бейнеленетін болса, ой арқылы қабылдап, еске сақтаған заттардың немесе құбылыстардың жалпы ортақ белгілерін, тіпті көзге көріне бермейтін ерекшеліктерін санамызда елестетіп, абстракциялаймыз. Ойлау арқылы заттар мен құбылыстардың болашақ дамуы, өзгеруін болжаймыз. Жекелеген фактілерді, оқиғаларды дүниедегі құбылыстарды қабылдай отырып, ой процес арқылы олардың өзара байланыстылығын, оның себебін шешуге тырысамыз.

Ой-танымның ең жоғарғы сатысы. Ойдың тілдік формасы - сөз. Сондықтан да ойлау мен сөйлеу біртұтас процесс. Адамзат тарихында жасалған қағида, ереже, заң, жаналық ұғым, қағамдық тәжірибе қазынасы жөніндегі ой-пікірлер сөздік, тілдік формада өмір сүреді. Тіпті біз ойлау әрекеті үстіндегі пайдаланылатын заттар мен құбылыстардың бейнелері де сөзбен беріледі, ойлау сөзбен көрінеді.

Ойлау: «бұл не?», «неліктен?» «неге бұлай?», т. б. осы тәрізді сұрақтан басталады. Мұндай сұрақтар ой әрекетіне проблемалық ізденістік сипат береді, ол белсенділігін арттырады, оқу жұмысында ойдың проблемалық сипатта болуы керектігі көптеген еңбектерде айтылуда.

Сұрақ қоя білу, құбылыстың тегін ашу, олардың арасындағы ең негізгі, елеулі байланысты таба білу, ең бастысы — бар біліммен ой операцияларын (салыстыру, талдау, жинақтау, нақтылау) орынды, үйлесімді, жүйесімен қолдана білу ақыл-ойдың тереңдігін, оралымдылығын, логикалығын көрсетеді.

Баланың осындай ақыл-ой қасиеттерін дамыту-оқу жұмысының негізгі міндеттерінің бірі. Мұнсыз оқу жұмысының сапалы болуы мүмкін емес.

Оқушы ақыл-ойын дамытуда шығармашылық қиял процесінің ролі ерекше. Қиялда адамның дүние жөніндегі елесі мен білімі, ақиқат өмірде көрген білгендері жаңа үйлесім табады, соның негізінде адам тәжірибесінде бұрын кездеспеген жаңа бейне жасалады.

Қиялсыз шығармашылық белсенділік болуы мүмкін емес. Оқу процесінде белгілі білім қорын жаңа жағдайда қолдана білу шығармашылық қиялға сүйенеді.

Сондықтан да оқу процесінде оқушының басқа психикалық процестерімен бірге өзіндік ой, қиялын дамытып отыру қажет. Оқу процесінде оқушының ақыл-ой қасиеттерін тәрбиелеп, дамытып отыруда мына міндеттер жүзеге асырылуға тиіс.

- 1) баланың әр алуан ақыл-ой әрекетін, проблемалық, шығармашылық ізденістерін дұрыс ұйымдастыру;
- 2) баланың ақыл-ой жұмысына деген дұрыс мотивтерін (білімге құмарлық айнала қоршаған дүниедегі, қоғамдық өмірдегі жаңаны байқай білуге, оны түсінуге ұмтылу) қалыптастыру;
- 3) баланың ақыл-ой мәдениеті дағдыларың меңгеруін қамтамасыз ету;
- 4) әр оқушының өзінің ақыл-ой ерекшелігін білу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. -Алматы, 2004.
2. Сатыбаева А.Т., Сатыбаева Н.К. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Мемлекеттік тілде оқылмайтын мектептердегі арналған: Оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2008.

ӨОЖ 372.881.151.216.1

ТҮРІК ТІЛІНДЕ ҚАЙТАЛАУ ӘДІСІМЕН СӨЗ ҮЙРЕТУ

С. АЛИ

мұғалім, дарынды ер балаларға арналған қазақ-түрік лицейі, Павлодар қ.

Сөз білу кез келген тілді үйренудегі ең маңызды факторлардың бірі. Өйткені сөздік қордың тілдің қолданылуында, жазылуында қаншалықты маңызды екендігі даусыз бір шындық. Сөздер математика пәнінде есеп шығару кезінде маңызды рөл алатын формулалар секілді. Формуласыз математикалық есептердің шығарылуы мүмкін болмағандай, жеткілікті дәрежеде сөз байлығы болмаған тұлғалардың бір тілді әсерлі қолдануы екіталай.

Өзге тіл үйренуде сөздік қордың маңыздылығына тоқталатын болсақ, Тсонбюри, Ағылшын тілін үйренушілерге «Ағылшын тілін қалай жетілдіргіңіз келеді» сұрағын қойып, олардың көзқарастарын алады, сөйтіп сөз үйренудің маңыздылығын осы көзқарастармен дәлелдейді. Анкетаға қатысқандардың көзқарастары төмендегідей:

- Сөзбен түсіндіруде әлсізбін. Ағынды сөйлемдермен сөйлей алмаймын. Кейде ойымды жеткізуде қажетті сөздерге тапшымын.
- Сөз байлығымды арттырғым келеді. Түрлі тақырыптарға қатысты сөйлегенімде әрқашан бірдей сөздерді қолданатындығымды сеземін.
- Менің тіл үйренуде қиналатын мәселем – сөздерді сөздікке қарағаннан кейін тез ұмытуым.
- Тілдік қорымды арттырғым келеді. Сөз жетіспегендіктен әңгімелесуде жиі қиындыққа ұшыраймын.

Осы пайымдаулардан тіл үйренушілердің сөз жаттауды маңызды санап, осы мәселеде қиналатындығын және сөздердің тіл үйренудегі рөлі мен маңызын көре аламыз.

Кез келген тілде сөйлесу барысында сөздерге деген қажеттілік туындайды. Грамматикалық ережелерді қаншалықты жақсы білсек те, жеткілікті сөздік қорсыз сөйлесе алмаймыз. Тіл сөз байлығы деген «фундаменттің» үстіне құрылған. Ерен еңбекпен үйренілген сөздер де үнемі қайталанбаса ұмытылуы мүмкін.

Адам баласының басқа жаратылыстардан айырмашылығы үйрену болып табылады. Адам, ақыл және санамен бірге қосылса әлдеқайда күрделі ерекшелік болатын үйрену нәтижесінде бұрын жасалынбаған, қол жетпеген нәрсені де жасай алады. Яғни адамның үйренуі кейбір жануарларда көрінетіндей еліктеу емес.

Дайындықта қайталаудың үлкен ролі бар. Өмірден қарапайым мысал беретін болсақ, дүкенде сауда-саттық жасаған кезде кассирдің іс-әрекеті және бізбен сөйлесуі санамызда жатталып қалады. Алайда бұлар қаншалықты қарапайым әрі күнделікті нәрсе болса, аса мән бермегендіктен соншалықты тез ұмытамыз. Шын мәнінде бұның бәрі санамыздың түрлі қабаттарында сақтаулы. Қажет болғанда немесе қарым-қатынасқа түскенде қайтадан еске түсіре аламыз. Мектепте және сабақта тындағандарымыз да осы сияқты. Мәліметтердің бір бөлігі саналы түрде, бір бөлігі түйсіксіз жатталады. Сабақ түсіндіру үшін жақсы дайындалған мұғалім әрі өзінің санасын әрі түйсігін қолданғандықтан әлдеқайда әсерлі қылып сабақ бере алады.

Табысты әрі әсерлі үйренудің маңызды ережелерінің бірі – өткен тақырыптарды уақытында қайталап отыру. Қайталаусыз оқу-білім далаға кеткен еңбектей күткен нәтиже әкелмейді.

Алған білімімізді ұзын уақытқа санамызда сақтап қалу үшін міндетті түрде қайталау жұмыстарын жасау керек. Жүйелі қайталаудың ең маңызды ерекшелігі - үйрену, ойлану, еске түсіру сияқты дүниелерді бірден қамти білуі. Жүйелі қайталау бір нәрсені үйренудің қас жауы – ұмытшақтықты азайтады. Уақыт үнемдеу үшін алынған мәліметті толық қайталаудың орнына, қысқа да нұсқасын сүзіп алып, қажетті деген бөлімдерді қайталау керек. Сол себепті сабаққа үнемі қатыса отырып, мұғалімдердің ерекше тоқталған тақырыптарын жүйелі түрде қайталауы тиіс. Бұл үйренген тақырыптарымыздың есте ұзақ қалу жағынан маңызды. Бұны одан әрі оңайлату үшін өзімізге сай жоспар және жүйе құрған жөн. Яғни қай күні қандай тақырып өтіліп, қай тақырып қайталанатындығын жүйелеу қажет. Тақырыптарды қайталаған кезде алынған мәліметтер арасында өзімізге түсінікті болатындай қылып байланыс құруға, тақырыптың қызықты жерлерін іздестіруге, оған қатысты символ шығарып кодтауға болады. Тақырыптар арасында логикалық ұқсастықтар немесе себеп-салдарлық байланыстар тауып, атқарылған еңбектің ұзын уақытқа қалуын қадағалаған жөн.

Тақырыпты түсінудің ең жақсы жолы – қайталау. 100% қабылданған мәліметтің 20 минут ішінде 50%-ын, 60 минут ішінде 70%-ын, 24 сағат ішінде 80%-ын ұмытамыз.

Қайталау – үйренгеннен кейін пайда болатын ұмытудың алдындағы ең үлкен кедергі. Адамдардың жалпы түсінігі бойынша мәліметті алғаннан кейін оны ұмыту жылдамдығы уақыт өткен сайын арта түседі. Алайда психологиялық зерттеулердің нәтижелеріне сүйенсек, ұмытудың үлкен бөлігі алғашқы күнде жүзеге асады (60-80%). Қысқасы, қабылданған мәліметтің жартысынан көбі келесі күнге шейін адам миынан шығып кетеді. Мәлімет алынған күні жасалған қайталау жұмыстары, мәліметтің санадан жоғалуын азайтатын ең күшті жаттығу. Апталық немесе айлық емес, күндік қайталауларға көңіл бөліну қажет. Өкінішке орай, көптеген оқушы қайталауды уақытты босқа өткізу деп біледі. «Ештеңе етпейді, апта соңы қайталаулармын» деген оймен ертенге немесе кейінге қалдырады. Ал апта соңына немесе ай соңына қалдырылған қайталау – қолдан шығып кеткен мәліметтердің қайтадан оралуы үшін жасалған пайдасыз тырысу. Ал күнделікті жасалған қайталау жұмыстары болса сол күнгі еңбектің санада қайтадан жаңдануы болып табылады. Оқытушының берген білімі, ерекше көңіл бөлген мәселелері осындай қайталау арқылы санамызда қайтадан оянады. Осылайша, ұзын уақытқа сақталатын білімнің ең маңызды баспалдақтарына алғашқы қадамдар жасалған болады. Түрік тілі сабақтарында қайталаудың түрлі тәсілдері бар. Негізгі деңгей үшін ойындар арқылы сөз қайталауын, кітап оқуды, шағын эссе жаздыруды, ауызша тәжірибе жасауды немесе көркемфильм қарауды таңдауға болады. Қысқа фильмдердің көмегімен қайталау – барлық деңгейлерде қолданылатын тәсіл. Әсіресе фильмдердің субтитрлі болуы сөздің есте сақталуында және күнделікті өмірде қолданылуында үлкен рөл атқарады.

40-50 минут аралығында өткізілген түрік тілі сабағының қайталау жұмысы сабақтың құрылысына қарай 5-10 минут шамасында болуы керек. Әрине бұл мөлшер сабақтың күрделілігіне, оқушының деңгейіне және тақырыптың тереңдігіне қарай ауысып, өзгерістерге ұшырайды. Сабақ басталмастан бұрын 5-7 минут өткен тақырыпқа көңіл бөліп, сабақтың соңында сол күнгі тақырыпты тағы да бір рет қысқаша көзден өткізген абзал. Осылайша тақырыптың тұтастығы қадағаланады.

Қайталау бағдарламасы қалай іске асады?

Өткен уақыт	Қайталау мерзімі	Есте қалу уақыты
1 сағ. дайындықтан кейін	10 мин	1 күн
1-күннің соңында	5 мин	1 апта
1 аптадан кейін	10 мин	1 ай
1 айдан кейін	5 мин	Ұзын уақыт

Есте сақтау қабілетін күшейтуде қайталаудың маңызы зор. Есте ұзаққа сақтау үшін жүйелі және белгілі аралықтарда қайталау өте пайдалы.

Дайындықтың алғашқы 24 сағатында міндетті түрде жатталған дүние қайталануы керек. Дайындық кезінде белгілер алынған болса, ең алдымен соларды қарап шыққан жөн. Алғашқы 24 сағатта жасалған қайталау мәліметтердің орташа есеппен 1 апта сақталуына көмекші болады.

Дайындықтан кейінгі алғашқы I аптада қайталау жұмыстары жүргізілмесе, мәліметтің ұмытылғандығы көрінеді. Сол себепті келесі аптада тағы бір қайталаудың өткізілгені абзал. Осылайша мәлімет орташа есеппен I айға шейін сақталады.

Дайындықтан кейінгі алғашқы айдың ішінде жасалған қайталау мәліметтің ұзақ мерзімге сақталуын қамтамасыз етеді.

Қайталаудың маңызы жоғарыдағы бағдарламаға қарасақ, біз үйренгеніміздің 50%-ындай бөлігін I сағаттан кейін ұмытады екенбіз. Осыған қарап кей адамдардың «үйренгенімді тез ұмытамын, есте сақтау қабілетім нашар» дегендерінің дұрыс еместігін көреміз. Жадымыздың жұмыс істеу талаптары осындай, оның еш кінәсі жоқ. Алайда бұл қабылданған мәліметті қалай болса солай қайталау керек деген сөз емес. Оқушылар Түрік тілі сабағында үйренген сөздерді үйлеріне барып бірнеше сағат бойы қайталайды. Әйтеуір жаттағандарын сезгенде жаңа тақырыптарға ауысады. Осы жолы сол тақырыпты жаттауға кіріседі. Бұны да жаттадым дегенде көз алдарында ашы шындық пайда болады – ескі тақырып ұмытылып қалыпты. Қайтадан артқа оралып бұрынғы өткенді қайталай бастайды. Бұндай жағдай әжептәуір уақыт жоғалтуына жол ашады және оқушының өзіне деген сенімін жоғалтып, күйзеліске ұшырауына себепші болады. Оның орнына жүйелі әрі бағдарламалы қайталаулар жасау әрі уақыт үнемдеуде әрі оқышыларды ұзақ уақыт бойы сабаққа қызықтыруда пайдалырақ. Бір сабаққа дайындалып тақырыпқа байланысты мәліметтерді үйренгеннен кейін өзімізге 10 минуттай үзіліс беріп, содан барып 10 минуттық қайталау жасау қажет. Бұл қайталау еске түскен мәліметтің тағы да бір есте қалуына жол ашады. 4 минутқа ұзайтын екінші қайталау ән сағаттан кейін жасалуы тиіс. Осыдан кейін мәлімет жадымызда I аптаға шейін қалады. Енді 4 минуттық қайталау 3 рет қайталануы қажет. Ал 4-қайталау I айдан кейін жасалуы тиіс. Осылай жасалған жүйелі қайталау мәліметті ұзақ уақытты жадымызға ауыстырады. Жүйелі қайталаулар жасап үйренген адам жаңа мәліметтерді оңайлықпен жаттау қабілетіне ие болады.

Қорыта келгенде жадымызға келген әр сөз ұзақ уақытқа сақталуы тиіс. Ол үшін жүйелі қайталау жасау шарт. Сөздік қоры кең әрі сөзді оңайлықпен еске алатын адам Түрік тілін жақсы меңгерген болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Хасекиоглу Ы. Өзге тіл ретінде түрік тілін үйретуде сөз үйрету. Ыстанбул университеті, Қоғамдық білімдер институті: докторлық диссертация.
2. Бинбашыоглу Ж. Жалпы методика. Бинбашыоглу. – Анкара, 1998.
3. Билен М. Жүйелі үйрету. – Анкара, 1999.

ӨОЖ 882.151.212.2

МӘШҲҮР-ЖҮСІП КӨПЕЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КОСМОНИМИКАЛЫҚ ЛЕКSIKA

З.С. АЛИБАЕВА

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Қараоба орта мектебі, Ақтоғай ауданы, Қараоба ауылы

Халықтың дүниесін бейнелейтін космонимдердің тілдік табиғатын тану үшін зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажет.

Тіл арқылы, тілдегі әртүрлі бірліктер арқылы біз халықтың өмір сүру тәжірибесі мен салт-санасын білеміз. Мәшһүр-Жүсіп.Көпеев шығармаларының космонимика саласы зерттелмегендіктен өзекті тақырып болып табылады. Космонимдер халқымыздың тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен, тарихынан хабар береді.

Әр халықтың тілі, тарихы, мәдениеті болады. Ұлттық мәдениет, қоғамдағы өзгерістер бәрі тілде көрініс табады. Мәшһүр-Жүсіп.Көпеев шығармаларындағы космонимдерге байланысты атауларының нормалдық сипаты мен қалыптасу жүйесін айқындауда, олардың тарихи сөздіктерде келтірілу сипатын зерделеудің маңызы зор.

Халық арасында космонимиканың алатын орны ерекше. Сондықтан да космонимика саласын зерттеу өзекті мәселе.

Мәшһүр-Жүсіп.Көпеев шығармаларында космонимикаға қосқан үлесі өте құнды.

Мәшһүр-Жүсіп.Көпеев шығармаларында кездесетін космонимикалық атаулар: Ай, Күн, жұлдыз, бұлт, нажағай, Темірқазық, Үркер, Жетіқарақшы, Таразы, Шолпан, Көк, Құс жолы... шығармада былай суреттелген - *Бұлт* бар өркеш-өркеш, мұнарланған; Көңіл бар *көктегі Айға* құмарланған; Қосылмай *көк* жүзінде Күн мен Айым; Менің көңілім әрқашан *Айда* болған, өзге *жұлдыз*, қане, *Айда* қайда болған. Көк пен жердің не пайда – кендігінен. Күн күркіреп жауып тұр нажағай ойнап, жарқ – жұрк етіп тұр.

Аспанның дәл ортасы – Темірқазық, көкті биік жаратқан, жерді жазық; Ұшырастық, Үркер айдың тоғысындай, танысып, шұрқырасып көрген жерден;

Аспан денелерінің ішінде күн мен Ай табиғатын және басқа да жұлдыздарды зерттеп білу қоғам үшін де, адам үшін де ерекше маңызды құбылыс. Өйткені ежелден Күн мен Ай және басқа да жұлдыздар адам баласына кеңістік пен уақытта өмір сүруіне көмегін тигізеді. Ай – күнтізбелік көрсеткіш ретінде қолданылған.

Жер бетіндегі көптеген халықтардың сенім – нанымдары бойынша жаңа туған Ай жақсылық нышаны ретінде қабылданған.

Мәшһүр-Жүсіп. Көпеев шығармаларында кездескен ай аттарының ішінде Наурыз айына тоқталып өтеміз.

Наурыз – жылдың, әрі көктің бірінші айы. Ол парсының «нау» - жаңа, «рыз» - күн деген сөзінен шыққан. Демек, наурыз аты бір-ақ күнді бейнелесе де толық ай атын иеленген. Наурыздың бірінші күні күн мен түн теңеседі. Бұл айдың қазақ елі үшін орны бөлек. Наурызды – жыл басы, көктем басы деп санайтын халқымыз – Ұлыстың ұлы күні – деп ерекше құрметтейді. «Наурызнама» думаны, «Наурыз – көже» дәстүрі осы айда жасалады. Бұл айда күн ұзарады, оны қазақтар «ұзын сары» дейді. Жуанның созылып, жіңішкенің үзілетін кезі болғандықтан қуатты тағамдардың халық осы кезге әдейі сақтап отырады. Наурыздың соңғы күндерінде өкпек жел соғып, қар күрт еріп, жер лайсаң болып, жол бұзылады. Мұны ел «аласпыран» дейді. Наурызда ауа райының күрт өзгерісі жиі болып тұрады. Наурыздың соңғы күндерінде кейде қар (кейде жанбыр) жауады. Халық бұл қарды «Құс қанаты», яғни, құс келер алдындағы қар дейді.

Түркі халықтарының дүниетанымында көне заманнан бастап-ақ Күн – қасиетті саналған. Қазақ халқының кигіз үйінің есігінің күншығысқа қарып тігілетіні де тегін емес. Халықтың түсінігінде күн – ұғымы өте терең бағаланған.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармаларында күн көп мағынады қолданылған. Мысалы:

Меккеден – ай, күн *туып* Мәдинадан,

Сондай не ғып жұлдызы болған оң жыл

Жаныңа *сол күнінде* сеп болмайды,

Ішкенің болса – дағы шекер мен бал.

Аузыма ақ уызы бал боп жұғып,

Күні отін, үймелеумен шыбын қонып.

Анадан кім туады сендей болып,

Жап – жарық *екі бетің күндей болып*,

Жадына ал, ғапіл жүрмей, бір құдайды,

Жаратқан фазылымен *Күн мен Айды*.

Жоғарыдағы сөздерге мынадай түсінік береміз – *күн туып* – жақсылық белгісі, қуаныш бақытқа кенелу, *сол күнінде* – мезгілді көрсетеді, *күн туар* – қиындық, қиын-қыстау, қауіп-қатерді білдіреді; *күні отін* – мезгілі өтті деген мәнде; *күндей* – сұлулық, әдемілік мағынасында.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармаларында Ай, Күн сөздері әдеміліктің, сұлулықтың белгісі ретінде көп кездеседі. Атап айтсақ: Бұлттан жарып шыққан *ай секілді*; көрсе көңіл еритін, *айдай жүздер*; Он төртінен *туған айдай* болды жүзі; Оң жұлдыз, ізгі сағат, *сәтті күнде*, Жарқ *етіп туды күндей бір ұл бала*; Көркейтп дүние жүзін *шыққан күндей*, *Жүзі айдай*, *көзі күндей* бір ұл тапты; *Жаңа туылған айдай* бүгілді аштан; Күн көзі, *ай ауызды* ханның қызы, Бірі – күндей, біреуі – *айдай болып*, «Гауһар тәжді», **күн көзді**, *айдай жүзді*.

Мәшһүр-Жүсіп.Көпеев «Аспан, жер және адам жаратылысы» туралы еңбегінде – «аспан, көк – деген кигіз емес, кілем емес, тақтай емес – бу мен су. Сол булар, сулар қабат-қабат жеті қат көк» - дейді. Көп жұлдыздар жетеуінен де әрі алыстан бізге жылт-жылт етіп көрінеді. Күн – төртінші қат көкте, оты күшті: айдай әлемді отының сәулесімен жарық қылып тұрады. Айда от та жоқ сәуле де жоқ. Күн сәулесі оған түсіп, айға түскен күннің көтерме алған сәулемен түнде жарық болғанын тұрады. Айдай әлемді де, он сегіз мың ғаламды да көк пен жердің ортасында болғанды айтады.

Мәшһүр-Жүсіп.Көпеев «Адам мен жұлдыздар арақайнасы» деген еңбегінде – көкті, жерді, күнді, жұлдыздарды, тауды, тасты, отты, суды, желді, хайуанатты, мақұлық аталған нәрсенің бәрін құдай жаратты. Жексенбі күні – жерді, жерден өніп – өсетін нәрселерді. Сейсенбі күні – ай, күн, жұлдыздарды, көкте болатын мақлұқтарды. Бейсенбі күні – ырзық – нәсіп, ішіп – жеуге, мінеуге, киюге керектілерді жаратып, жұма күні – Адамды жаратты.

Мәшһүр – Жүсіп Көпеев шығармасында «Құс жолы» косминимі де кездеседі.

Ақырып қазан болғанда, бір ай күз бар,

Құс жолы көк жүзінде салған із бар.

Бұл – Құс жолы деген ат ежелгі грек аңызнамасынан алынған. Ол аңыздардың бірінде бас құдай Зевс ашу үстінде жұбайы Гера емізіп отырған нәрестені жұлып алғанда, оның омырауынан аққан сүт аспанға шашыраған екен – дейді. Шынында да *Құс жолының* ақ жолағы төгілген сүтті еске түсіреді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармаларында *бұлттың* бірнеше сипаты беріледі. *Қара бұлт* сықылды жауыны жоқ; Бұлт бар өркеш - өркеш мұнарланған; Меңдей бұлт көрінбей бетін басса; Басына бір *ақ бұлт* сая болып; жан – жақтан ұшпа бұлт көтерілді...

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармаларында «мандайында жұлдыз» тіркесі кездеседі және жұлдыз туралы былай деп жазады: Адамдар сияқты жұлдыздың да жақсысы да жаманы да болады. Жаманын *нас жүддыз* деседі, жақсысын – *сәтті жүддыз* – деседі. Адам туған жұлдыз сәтті жұлдыз болса, бақытты, жұлдызы

жоғары болып, басқадан үстем, өзгеше болады. *Нас жұлдызбен* айқасып туған бала болса, күнсыз, пұлсыз жаман кісі атанатұғындығы – сол.

Қазақ мифологиясында әлемдік өзек түрінде Темірқазық жұлдызы да қолданылады. Темірқазық космониміндегі «қазық» - өзек, білік орталық дегенді білдіреді; оған Ақбозат пен Көкбозат байланған. Әлемдік орталық Темірқазықтың беріктігіне, мықтылығына, тапжылмастығына жаратылыстың тұрақтылығына байланысты болады.

Аспанның дәл ортасы – *Темірқазық*,
Көкті биік жаратқан, жерді жазық.

«*Темірқазық* деген жұлдыздың маңайында тұратұғын Ақ боз ат, Көк боз ат дейтұғын екі жұлдыз»

Халқымыз қараңғы мезгілде жолдан адаспас үшін аспандағы жарық жұлдыздардың ішіндегі орнынан табжылмай жарқырап тұратын. Темірқазыққа қарап терістік бағытты анықтап отырған. Сондай-ақ адаспау үшін *Үркердің* күн шығыстан шығатын онтүстікпен жүретін, күн батыстан бататынын жақсы білген. Ал, *Үркер*, *Жетіқарақшы*, *Орион* тағы басқа жұлдыздардың көршісіне қарап «ай күнтізбесін» «түнгі мезгіл шақтарын», «ауа райының құбылыстарын», «табиғат маусымдары мен шаруашылыққа жайлы кезеңдерді де» дәлме – дәл анықтап отырған.

Кірме сөздер – тіл, тілдің лексикасын байытудың тура жолы Мәшһүр-Жүсіп.Көпеев шығармаларында кездесетін космонимикалық кірме сөздердің көбі араб – парсы тілінен енген. Мысалы: Аспан (асман – парсы сөзі). Тарихи деректерге қарағанда араб пен түркі дүниесінің бір – бірімен араласуы Мұхаммед пайғамбар дәуірінен бұрын болған.

Қазақ антропонимиясының қазынасына түркі және қазақ тілі ғана емес, көптеген басқа жүйедегі тілдердің элементтері де кездеседі.

Қазақ тіліндегі араб текті кісі есімдерін арнайы зерттеу – қазақ қауымына араб сөздерінің енуіне негіз болған тарихи, рухани лингвистикалық себептерді анықтауға және араб сөздерінің қазақ халқының қоғамдық - әлеуметтік болмысында атқарған қызметін көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кірме – араб сөздерінің қазақ тілі заңдылықтарына тигізетін ықпалы мен сөзжасам процесіне қатысы арқылы қазақ тілінің сөз байлығын арттырудағы үлесі нақты көрінеді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармаларында космонимикаға байланысты туған антропонимдер кездеседі.

Өсиет талап қылып Ғайша келді,
Ілгері айтқанындай жауап берді
Пайғамбар азуының бәріне һәм,
Ғайшаға өсиетіндей айтар еді.

Араб тілінен алынған есімдер тіліміздің ішкі заңына сай түрлі фонетикалық варианттарға ие болады. Мысалы: Ибраһим – Ыбырай, Ғали – Қали, Әли - Әлі, Ғайша – Айша, Қайша . Юсуп – Жүсіп, Нүсіп, Түсіп т.б.

Сөздердің морфологиялық құрылымы туралы мәселе грамматиканың өте маңызды мәселелерінің бірі. Әр түрлі тілдердегі сөздердің морфологиялық құрылымын, құрылымдық элементтердің табиғатын, қызметі мен өзара байланысу сипатын зерттеп шешу тілдердің морфологиялық типтерін айқындай үшін және олардың грамматикаларын ғылыми дұрыс негізде жасау үшін де өте-мөте қажет.

Сөздің морфологиялық құрылымына талдау жасау үшін, ең алдымен сөздің құрылымына тікелей қатысы бар негізгі морфологиялық ұғымдарды алдын – ала айқындап алу керек.

Мәшһүр-Жүсіп.Көпеев шығармаларында кездесетін космонимдердің морфологиялық құрылымына тоқталамыз. Мұндағы қазақ тіліндегі космонимикаға жататан – Темірқазық, Жетіқарақшы космонимикаға байланысты туған Көктерек, Көкалдаш топонимдеріне; антропонимге байланысты туған Айбас, Айбура, Айбол, Айсабай сөздерінің морфологиялық ерекшеліктерін қатыстырамыз.

Темірқазық космоними – темір (зат есім) және қазық (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Темірқазық орнынан қозғалмай тұрады. Мұндағы қазық термині - өзек, білік, орталық дегенді білдіреді. Жетіқарақшы космоними сан есім + зат есімнің бірігуінен жасалған. Көктерек топоними – сын есім + зат есімнің бірігуінен жасалған.

Мәшһүр-Жүсіп.Көпеев шығармаларында ай, күн, айлық, күндік сөздерінің сан есімдерімен тіркесіп келулері көптеп кездеседі. Мысалы:

Екі күн - жер, екі күн көк жаратты,
Төрт күнде екеуіне жұп жаратты.
Бес күннен соң жазылып жиырма аяты,
Күнпаякун тұржағун – болады бес.
Арасы отыз күндік Мединеге
Ол өзі – ақ күнде келіп жетті
Бір айлық жер екен екі арасы,
Үш күн, үш түн болғанда келіп жетті.

Мәшһүр-Жүсіп.Көпеев шығармаларының этнолингвистика сипаты тұңғыш рет зерттеліп отыр. Қазақ елінің тұрмыс – салты, әдет – ғұрпы ұлттық тілімен тығыз байланысты. Этнос өзінің ұлттық табиғатын тіл арқылы ғана көрсете алады. Ұмытылып жатқан заттық мәдениет, руханимәдениет халықтық метрология бізге жеткен

тілдік жадығаттарда ғана сақталған. М.Жүсіптің алтын қазынасы осындай ел игілігіне жарататындай Заттық атаулы болатын сөздерге өте бай .

Этнолингвистика – халықтың тілін, әдет – ғұрпын, салт – санасын, дінін, мәдениетін, рухани бірліктерін қарастыратын жаңа қалыптасып келе жатқан ғылым. Мәшһүр-Жүсіп.Көпеев «Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата – бабаның тілі болған қазақ тілін қазақтың көбі білмейді. Егер қазақ тілін білс, дін де осында, ғылым – білім де осында, әулиелік те осында. Солай болғаны үшін, тілді біліп сүйіп құрметтегені үшін де бұрынғы өткен ата – бабаларымыздың бәрі жақсы болып, әулие болып өткен »

Мәшһүр-Жүсіп.Көпеев шығармаларында этнолингвистикалық аталымдар жиі кездеседі олар қазақ халқының тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына қатысты мәселелерді кеңінен қамтиды. «Жазғы тұрғы кез, жаманшылық уақ қой...»жаз-ғы тұр-ғы сөзі –ғы жұрнағы арқылы екі сын есімнен жасалған, сөзі кез – уақыт сөздерімен барабар қолданылады да мезгіл үстеу болады.

Жазғытұрым. Қыс пен жаздың арасындағы маусым - көктем.

«Жетіқарақшы» сөзінің этнолингвистикалық сипатына тоқтасақ. Жетіқарақшы сөзіндегі жеті сөзінің қасиетті сан екенін білгеніміз дұрыс.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев Жетіқарақшы туралы : «Аспан, көк – зайыбы, жер – жұбайы, солай болғаны үшін «көктен жаудырсын, жерден өндірсін» - дейді .От, су, жел топырақ жұбайы. Ал олардың жұптары - Ай, Күн, Ғытард, Зәһре, Мәріх, Міштірі, Зухәл, Қазақ бұларды Жеті қарақшы» дейді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармаларында көп кездесетін қазақ тіліндегі космонимдік атаулардың шығуы мен олар туралы аңыздар мен мифологиялық қағидалары көрсетіледі.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармаларында кездесетін кірме сөздердің космонимдерге байланысты атаулардың бүгінгі тіліміздегі әдеби нормаға негізделіп, олардың ертеден келе жатқан ұғымды белгілейтін таңба екендігі дәлелденген. Тілімізге сонау түркі заманнан бұрын кірген, әрі өздерінің ұлтқа дейінгі қалпын сақталған космонимдер бірнеше вариант түрінде тіл ішінде қолданыс табуда. Көптеген космонимдік атаулардың мағыналары мен мәні ертеден жазылған лексикографиялық еңбектерде берілген.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармаларында космонимикаға байланысты туған антропонимдер де жан – жақты қарастырылды.

Мәшһүр-Жүсіп.Көпеев шығармаларында космонимикаға байланысты туған топонимдер де айқындалды. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармаларындағы кейбір космонимдердің морфологиялық құрылымы айқындалды.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармаларындағы тілдік бірліктерден әлемнің тілдік бейнесін жасайтын ұлттық менталитеттердің өзіндік ерекшеліктері айқындалды

Мәшһүр-Жүсіп. Көпеев шығармаларында көп кездесетін қазақ тіліндегі космонимдік атаулардың шығуы мен олар туралы аңыздар мен мифологиялық қағидалары көрсетіледі. Мәшһүр-Жүсіп.Көпеев шығармаларындағы космонимдердің лексикалық мағынасына дәл ғылыми анықтама беру оңай емес, бұл үшін ғалымдар сөздің шығу тегіне назар аударып, халықтың түсінігін басшылыққа алған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көпеев М-Ж. Шығармалары 3-том / М-Ж Көпеев Павлодар, 2003. -382 б.
2. Көпеев М-Ж. «Ай мен күндей; һәммаға бірдей», - дегенінің мағынасы / М-Ж.Көпеев// Ақиқат №4 1994. -23 б.
3. Жүсіпов Н. М-Ж Көпейұлының «Адам мен жұлдыздар арақатынасы» еңбегі туралы /Н.Жүсіпов// Қазақстан тарихы № 6 1995. -21 бет
4. М-Ж.Көпеев Аспан, жер және адам жаратылысы туралы ./М-Ж.Көпеев Қазақстан тарихы №2 1995-5 б
5. Әл-Фараби космологиясының ислам мәдениетінде алатын орны. М.Әлікбаева №4 2003.-12 б
6. Қазақ ырымдары мен тыйымдар. – Аматы. 2005. 53 б
7. Тұрышев А.Қ. М-Ж.Көпеев шығармаларының лексикасы./А.Қ.Тұрышев. Монографияға қосымша – Павлодар, 2004. -214 б
8. Тұрышев А.Қ. М-Ж.Көпеев шығармаларының этномәдени лексикасы. А.Қ. Тұрышев // Монография. Павлодар, 2004-465 б

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Г.А. АЛТЫНБЕКОВА
№ 21 орта мектебі, Павлодар қ.

Қазіргі уақыт талабы мұғалімнен әр түрлі әдісті, ізденісті, жаңа идеяларды жан – жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, оны күнделікті іс - әрекетінде жүйелі түрде қалыптастыруды қажет етеді. Сонымен бірге, оқушылардың белсенділігін, жеке – дара жұмыс істеуін ынталандыру, жеке көзқарастарының

калыптасуын, дамуын, оқу еңбегінің нәтижесі тиімді болуын талап етеді. Яғни, әр оқушының жас ерекшеліктерін ескере отырып, оның табиғи қабілеттерін анықтау, өздік танымдық іс - әрекетіне бағыттау, оның субъектілік қызметін жетілдіру, соған негіздеп оқыту - бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осы мәселені өтеуден тақырыптың өзектілігі туындайды. Бүгінгі күндегі Қазақстанда бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңестігіне кіру мақсатында білімнің жаңа жүйесі құрылуын ескерсек, көтеріліп отырған мәселенің өзектілігі нақтылана түспек. Сондықтан оқу – тәрбие үрдісіндегі негізгі мақсат – білімнің сапасы мен тиімділігін қалыптастыра отырып, әрбір жеке тұлғаның білім стандартын меңгеруіне, есте сақтау дағдыларының қалыптасуына, өз бетімен жетілуіне, дамуына үлкен жауапкершілігімен қарау.

Бүгінгі таңда бүкіл дүние жүзінде білім беру тәуекелге бел буу алдында тұр. Қазір білім беру саласында тұлғаның дамуына қатысымдық құзыреттілікке баса назар аударылып отыр. Оқушылардың өздерін қоршаған ортада басқа адамдармен, топпен қарым-қатынас орнатуға, жалпы нәтижеге қол жеткізуде өзіндік пікірін білдіруге, басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас диалогына түсе алуына мүмкіндік беретін қатысымдық құзыреттілік негізінен тіл мен әдебиет сабақтарын оқыту үрдісінде қалыптасады.

Тұлғаның тірек құзырлықтарының бірі ретінде танылып отырған қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру оның тілдік білімін тереңдетумен қатар сөйлеу біліктілігін де жетілдіреді.

Барлық оқушыны білім деңгейі қандай болса да сабақта олардың ерекшелігін ескере отырып жан- жақты жұмыс жасауымыз қажет. Ол дегеніміз - оқушыны ойланту , өз ойын дәлелдету, тиянақты жауап беруге тырыстыру. Бұл мақсаттағы ең тиімді әдіс - топпен оқыту әдісі болып табылады. Әрбір ұстаз әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып жұмыс жасағанда ғана жетістікке қолы жетеді. Қазіргі күнде өз сабағыма арқау етіп жүрген әдістің бірі- топпен оқыту әдісі.

Қатысымдық құзыреттілік - екінші тілді үйренуші оқушыларға тілдің заңдылықтарын жаттанды үйретпей, сол тілді тілдік және қатысымдық тәсілдерді орынды қолданумен байланыстыру. Оқушылардың қазақша қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі тілдің қатысымдық және когнитивтік салаларының өзара ортақ бағыттары мен ұстанымдарынан туындаған жаңа бағыт. Екінші тілді үйренуде сөз мағынасын қабылдауда, пайымдауда, түсінуде танымдық ерекшеліктерін ескеру, олардың түрлі өмірлік ситуацияларда өз ойын, пікірін жеткізу, қатысымдық міндеттерді шешу, қатысымдық мақсатты іске асыруда тілдің заңдылықтары мен нормаларын орынды пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру мәселелері алдыңғы орынға шығады. Ғалым Ф.Ш. Оразбаева «коммуникация» термині туралы былай тұжырымдайды: «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдік әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді.

Қазақ тілін топпен оқыту үшін оқушылардың жас ерекшеліктерін мен жеке ерекшелігін, зейінін, ойлау және қабылдау қасиеттерін жақсы білу керек. Әр оқушының қазақ тілін қабылдауы мен ойлауында жеке басына тән толып жатқан ерекшеліктері болады. Сол үшін де сабақ сайын қай оқушының нені білмейтінін, оған көмектесу үшін не істеу керектігін жүйелі түрде есепке алып отырған дұрыс болады. Сонда әр оқушыға жекелеп, иә болмаса топтап қандай тапсырма беру керек, кіммен қандай жұмыс жүргізу қажет екендігін шатастырмай білесің. Әсіресе осындай мақсатты жұмыс жасаудың орыс тілді ортадағы қазақ тілінен білімі төмен балаларға берері мол. Орыс тілді оқушының жіберген қатесін есепке ала отырып және оның себебін анықтап, сол қатені қайталамау үшін, соған сөйкес қосымша жұмыс ұйымдастырудың мәні зор. Жалпы, топпен оқытуда кітаппен, тақтамен, көмек құралдармен жұмыстың ауызша, жазбаша түрлері алма-кезек.

Қатысымдық құзыреттілік - екінші тілді үйренуші оқушыларға тілдің заңдылықтарын жаттанды үйретпей, сол тілді тілдік және қатысымдық тәсілдерді орынды қолданумен байланыстыру. Оқушылардың қазақша қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі тілдің қатысымдық және когнитивтік салаларының өзара ортақ бағыттары мен ұстанымдарынан туындаған жаңа бағыт. Екінші тілді үйренуде сөз мағынасын қабылдауда, пайымдауда, түсінуде танымдық ерекшеліктерін ескеру, олардың түрлі өмірлік ситуацияларда өз ойын, пікірін жеткізу, қатысымдық міндеттерді шешу, қатысымдық мақсатты іске асыруда тілдің заңдылықтары мен нормаларын орынды пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру мәселелері алдыңғы орынға шығады. Ғалым Ф.Ш. Оразбаева «коммуникация» термині туралы былай тұжырымдайды: «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдік әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді.

Осыдан барып, «коммуникабельді» -тез тіл табысады, түсінуге бейім, «коммуникабельдік»-түсінушілік т.б. деген сөздер пайда бола бастады.

Ғалым «коммуникация» сөзін «қатысым» деп танып, қазақ тілін оқыту әдістемесінде жаңадан «тілдік қатынас», «тілдік қарым-қатынас», «тілдесім».

Қатысымдық - бұл тұлғалық мәні бар тіл арқылы ой- пікір бөлісу, ақпараттармен алмасу. Тұлғалық мәні бар ақпараттармен алмасудан басқа, тілдік қарым-қатынас сезімдер мен эмоциялардың алмасуын да қарастырады. Қатысымдық тәртіп көбінесе баланың елестету деңгейіне, оның әлеуметтік ортасының бағытына, қарым-қатынастың жолы мен әр түрлі жолдарын игеруге байланысты.

Кез- келген пәнді оқыту жүйесінің алғашқы сатысы белгілі бір қиындықтар «жазылым» және т.б.терминдерді енгізді.

Тілді оқыту жүйесінде қатысымдық құзыреттілік туралы мәселені арнайы қарастырған тілші- әдіскер Е.И.Пассовтың пікірі бойынша қатысымдық құзыреттіліктің негізгі мақсаты- сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу. туғызатыны белгілі.[3] Бұл қиындықтар қатысым әдісіне де қатысты. Тәжірибенің көрсетуі бойынша қазақ тілін үйренуші басқа ұлт өкілдерінің алғашқы кездегі қарқыны, тілді меңгерсем деген ынтасы өте жоғары болады (бұл қасиет екінші немесе шет тілін үйренушілердің көбісіне тән). Дегенмен, іс жүзінде, өкінішке орай, ойдағыдай нәтиже шыға бермейді. Үйренушінің тілдесім әрекетіне тілегі бір сарынды жаттығу жұмыстарының салдарынан бірте- бірте кеміп, кейде тіпті мүлдем жойылып та кететін мысалдар аз емес.

Қатысым әдісінің негізгі мақсаты- тіл үйренушілерді бірінші сабақтан бастап сөйлесім әрекетіне баулу. Қазақ тілі сабақтарында бастауыш топтарда «Дүкенде», «Асханада», «Кітапханада», «Дәрігерде» секілді және басқа да тұрмыстық тақырыптардағы мәтіндер пайдаланылады. Дегенмен, бұл тақырыптар төңірегіндегі дәстүрлі жұмыс түрлері ойдағыдай нәтиже көрсетпей отыр. Өйткені кез- келген қазақ тілін үйренуші адамның, тілдесімге деген ынтасы, тілегі белгілі бір себепші жағдайларға байланысты оянады. Қазақ тілінде сөйлеуге үйретудің алғашқы қадамы диалог түрінде сөйлеуге үйретуден басталады. Сабақты ұйымдастыру кезеңіндегі: Бүгін сабақта кім жоқ? Кім кезекші? Бүгін қай күн? сияқты үйреншікті сұрақтар оқытудың барлық кезеңінде тоқтатылмағаны жөн. Оқытушы мен оқушы арасындағы осындай диалогтар қарапайым көрінгенімен, олардың да тілдесім әрекетіне қосатын үлесі көп. Өйткені мұндай диалогтар күннен күнге қайталанып отырып, оқытушы мен оқушының қазақша тілдесуінің негізін қалайды. Оның үстіне мұндай жаттығу жұмыстары оқушыларды сөздерді дұрыс айтуға үйретеді, әрі грамматикалық заңдылықтарды меңгеруге көмектеседі.

Мен өз тәжірибемде қатысымдық құзыреттіліктің бір түрі топпен жұмысты жиі қолданамын. Мысалы, үшінші сыныпта «Мектеп» тақырыбын алсақ, оқушыларды 2 топқа бөлемін. Әр топқа атау беріледі. 1- топ «Білгіштер», 2-топ «Тапқырлар».

Берілетін тапсырмалар топтағы оқушылардың өзіндік ерекшелігіне, сабаққа деген ынтасына, үлгеріміне, сай келуі тиіс. Айта кететін болсам, оқушылардың топпен бірлесіп жұмыс жасауларын нығайту мақсатында мынадай тапсырма беремін. Әр топқа сөйлемдері дұрыс орналаспаған мәтін беріледі, топ мүшелері ақылдаса отырып, мәтінді құрастырады. Дұрыс сөлей білу дағдысын қалыптастыру үшін топтағы оқушылар бір-бір сөйлемнен мәтінді оқып шығады. Топпен жұмыс барысындағы жазу дағдысын қалыптастыру мақсатында, оқушыларға мәтін ішінен жуан буынды сөздерді бір бағанға, жінішке буынды сөздерді бір бағанға жазулары керек. Қазақ тілі пәнін өзге ұлт өкілдеріне оқытқанда бірден-бюір тиімді әдіс – сұхбаттасу. Топпен жұмыс жасау барысында өзара сөйлесу жолын да қолданамын. Ол үшін әр топ өз ішінде «Мектеп» тақырыбында сөйлесу құрастырады. Бұл жерде жұптық жұмыс түрін де көре аламыз. Топ арасынан бір –бір жұп шығып өз сұхбатын оқиды. Оқушылардың ойлау, жан-жақты мәдениеттілігін қалыптасу мақсатында ақпараттық технологияны пайдалана отырып жұмыс жасаймыз.

Мысалы, алдыңғы сабақта өтілген мақалды аяқтаулары тиіс. Мақалдың бір бөлігі тақтада жазулы тұрады. Екінші бөлігін қараңғы перденің астынан тауып орнына қоюлары керек.

Топпен жұмыс барысындағы қорытындыны мына кесте арқылы бағалаймын:

Оқушының аты-жөні	Сөйлеу дағдысы	Жазу үлгісі	Іздемпаздылығы
Соколов Олег	3	4	4
Иванова Ира	4	4	5

Сонда, топпен жұмыс барысында тұлғаның көпшілік алдында сөйлеу дағдысын жазу үлгісін қазақ тілінде дұрыс сөйлеуін, іздемпаздылығын ойлау қабілетін көреміз.

Қорытындылай келе, жаңа технологиялардың әдіс – тәсілдерін тиімді пайдалану оқушылардың жеке басының дамуына, оқу шеберлігін қалыптасуына, өздік және өзара бақылаудың, өзінің оқу қабілетін бағалаудың дағдыларын жетілдіруге көмек береді. Бұл оқушылардың білімді меңгерудегі алға жылжуын қамтамасыз етеді және білім сапасын арттырудың басты негізі болып табылады. Біз мектепте өз шәкірттеріміздің бойында жоғарғы дәрежелі білім, біліктілік пен дағдыны қалыптастыруды қамтамасыз етеміз. Оқушыларымыздың өмірлік жағдаяттарда өздерінің алған білім, біліктілік, дағдыларды дұрыс қолдана алуына жағдай жасау- біздің ұстаздық міндетіміз.

Демек, қазақ тілін оқыту барысында өзіндік ой-толғамын жеткізе алатын, кез келген адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсе алатын, коммуникабельді, іскер азамат тәрбиелеп шығару арқылы қатысымдық құзыреттіліктерін дамыту жолында атқарар еңбектері әлі де алда .

ӘДЕБИЕТТЕР

1. // «Қазақ тілін үйренейік» №3, 2008 жыл, 3 бет
2. Ф.Ш. Оразбаева, «Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі», 2005, 272 бет
3. Ә. Әлметова, «Сөйлеу әрекеттері түрлеріне оқыту», А. Арыс, 2007 //«12-жылдық білім беру журналы», №8, 2006, 4 бет
4. М. Жұмабаев «Педагогика» А. «Рауан», 102 бет.
5. М.И. Нүсіпбекова, // «Қарлығаш» бағдарламасы «Арман - ПВ», 2007,4,19 бет.

ЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ЭЛЕКТРОННЫХ КАТАЛОГОВ (НА ПРИМЕРЕ ВУЗОВСКИХ БИБЛИОТЕК)

З.Н. АЛЬМУХАНОВА
магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар
Б.Т. КАРИМОВА
к.ф.н., доцент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Предметом изучения данной статьи является лингвистическое обеспечение электронных каталогов библиотек. Объектом исследования стала деятельность трех вузовских библиотек: Научная библиотека им. Е. Бекмаханова, научная библиотека им. С. Бейсембаева, научная библиотека Восточно-Казахстанского технического университета им. Д.М. Серикбаева и Семипалатинский государственный педагогический институт. Фактическим материалом послужили интернет-сайты названных библиотек, их электронные порталы и ресурсы. Создать условия, при которых читатель может получить доступ к информационно-поисковым системам (ИПС) библиотек различной удаленности и вести эффективный поиск в них, помогают лингвистическое обеспечение (ЛО) и его составляющая – информационно-поисковые языки (ИПЯ). Задача библиотек состоит не только в том, чтобы собрать в своих фондах возможно полно документы, но сделать их доступными, для пользователя, дать информацию о них и раскрыть информацию, содержащуюся в них. Все это способствует каталоги, базы данных (БД), библиографические и реферативные издания. Информация в них должна быть систематизирована и представлена в таком виде, который позволяет осуществлять быстрый поиск в данных ИПС, БД, электронном каталоге (ЭК)[1]

Лингвистическое обеспечение (ЛО) – это комплекс средств, используемый в ЭК для формирования, обработки, хранения и поиска информации, а также средств и методов их создания, ведения, использования и контроля.

Лингвистические средства – это совокупность информационно-поисковых языков (ИПЯ), используемая в ЭК, правил перевода информации с естественного языка на ИПЯ и критериев выдачи информации, обеспечивающей представление смыслового содержания документов, информационные массивы в виде удобной для машинной обработки и обеспечивающей автоматизированный поиск информации. [2]. В настоящем стандарте ГОСТ 7.74-96 устанавливаются термины и даются определения понятий в области информационно-поисковых языков. Информационно-поисковый язык – формализованный искусственный язык, предназначенный для индексирования документов информационных запросов и описания фактов с целью последующего хранения и поиска. [3]. Они по сути считаются главной характеристикой ЭК, поскольку от их качества (терминологической наполненности, терминологической однозначности лексических единиц, наличие логической связи между элементами, справочного аппарата, удобство пользования и т.д) зависит эффективность поиска, его полнота и точность.

Важнейшей характеристикой при оценке поисковых возможностей электронных каталогов является его семантическая составляющая и, прежде всего, лингвистическое обеспечение электронного каталога.

Вершинин М.И. считает, что «задача лингвистических средств – обеспечить не только быстрый, но и эффективный поиск, предоставляющий максимально полную релевантную информацию по запросу пользователя».[2]

Скипор И.Л., Сбитнева Е.А., (Интернет e-mail: nir@art.kemerovonet.ru) считают, что в состав лингвистических средств входят:

1.1 Классификационные языки (ББК, УДК, ГРНТИ);

1.2 Вербальные языки (язык предметных рубрик, язык ключевых слов, дескрипторный ИПЯ);

1.3 Объектно-признаковый язык, в т.ч. язык библиографического описания. [4] Дескрипторный информационно-поисковый язык – информационно-поисковый язык, предназначенный для координатного индексирования документов и информационных запросов посредством дескрипторов и /или ключевых слов. Язык ключевых слов – информационно-поисковый язык, предназначенный для индексирования документов и информационных запросов посредством ключевых слов.[3]

Чтобы оценить возможности удовлетворения информационных запросов пользователей на базе электронных каталогов с использованием вербальных ИПЯ, нами была предпринята попытка сравнить электронные каталоги высших учебных заведений (Научная библиотека им. Е. Бекмаханова, научная библиотека им. С.Бейсембаева, научная библиотека Восточно-Казахстанского технического университета им. Д.М. Серикбаева и Семипалатинский государственный педагогический институт). Приведем для сравнения поисковую карточку научной библиотеки им. Е.Бекмаханова.

Панин, М. Экология почв [Текст] : учебник для вузов / М. Панин ; ред. Н. Т. Ержанов ; МОН РК. СГПИ. - Алматы : Раритет, 2008. - 528 с. : ил. - ISBN 9965-776-39-3 : 6000 т.

ББК 40.3я73

Рубрики: Сельское хозяйство--почвоведение

Кл.слова (ненормированные): 2009 и -- функции почвы -- загрязнение почвы -- деградация почв -- плодородие почвы -- охрана почв

По инструкции каталогизаторов считается, что недостаточность ключевых слов, затрудняет поиск.

Понаблюдаем для сравнения за оформлением поисковой карточки научной библиотеки им. С.Бейсембаева Панин, М. Экология почв : учебник для студ. вузов / Панин, М.; ред. Ержанов, Н. Т. - Алматы : Раритет, 2008. - 528 с. - ISBN 9965776393 : 4800.00 тг.

УДК

631

631.4(075.8)

Рубрики:

Сельское хозяйство

Кл.слова (ненормированные): а 09 -- сельское хозяйство -- экология почв -- состав почвы -- свойства -- термический режим -- засоленность почвы -- заболоченность -- глобальные функции почвы -- антропогенная деградация -- взаимодействие с природными системами -- загрязнение -- плодородие почвы -- охрана почв -- экосистемы -- восстановление почвы -- почвоведение -- глоссарий

Доп. точки доступа:

Ержанов, Н.Т.\ред.\

По инструкции каталогизаторов программы «ИРБИС» не рекомендуется включать те термины, которые присутствуют в библиографическом описании.

Сравним содержание первых двух карточек с поисковой карточкой Восточно-Казахстанского Государственного Технического университета им. Д.М.Серикбаева

javascript: void (0) Панин, Михаил Семенович. Экология почв : учебник / М.С. Панин ; под ред. Н.Т. Ержанова; М-во образования и науки РК, Семипалат. гос. пед. ин-т. - Алматы : Раритет, 2008. - 528 с. : ил., табл. - Библиогр.: с. 509-522. - ISBN 9965-776-39-3 : 4200 т.

ГРНТИ 68

УДК 631.4(075.8)

Рубрики: Сельское хозяйство--почвы экология--Учебники для высших учебных заведений

Кл.слова (ненормированные):

БИОСФЕРА – ПОЧВА – ЗАСОЛЕННОСТЬ – ОСОЛОНЦЕВАНИЕ – КАРБОНАТНОСТЬ – ЗАБОЛОЧЕННОСТЬ – ОГЛЕЕННОСТЬ – ФУНКЦИЯ – БИОГЕОЦЕНОТИЧЕСКАЯ – ГЛОБАЛЬНАЯ – ОБЩЕБИОСФЕРНЫЕ – АТМОСФЕРА – ЛИТОСФЕРА – ГИДРОСФЕРА – ДЕГРАДАЦИЯ – АНТРОПОГЕННАЯ – ЗАГРЯЗНЕНИЕ – ОРГАНИЧЕСКИЕ – НЕФТЯНОЕ – ДИМЕТИЛГИДРАЗИНОМ – ТЯЖЕЛЫЕ МЕТАЛЛЫ

По инструкции каталогизаторов существуют ограничения ключевых слов

Семипалатинский Педагогический Институт

Панин, М.С. Экология почв : учеб. для вузов / Михаил Панин; под ред. Н.Т. Ержанова. - Алматы: Раритет, 2008. - 528с.

3000-00

ISBN 9965-776-39-3

Библиографическая запись – состоит из библиографического описания и ISBN.

Возникают разночтения, не всегда соблюдается единообразие в словаре ключевых слов (например: «деградация» или «деградация почвы», «антропогенная деградация». В случае разного грамматического оформления снижается эффективность БД, затрудняется получение исчерпывающей информации.

Аникина Е.Г. в своем научном труде «Как повысить эффективность деятельности «храма книги» выражает следующую мысль: «Важный вопрос – выбор информационно-поисковых языков для ЭК. До сих пор нет словарей или списков рубрик, единых для всех библиотек. Однако эта проблема – общая, и решать ее надо комплексно, на уровне методических и научных центров».[5]

Таким образом, для того чтобы эффективно работать в Республиканской межвузовской электронной библиотеке необходимо объединиться для создания единых стандартов, единых требований, регламентирующих использования лингвистических средств. Это позволит пользователям эффективно использовать электронные ресурсы, без лишней затраты времени, независимо от поискового образа запроса.

ЛИТЕРАТУРА

1. Пирумова, Л. ИПЯ - язык, который надо знать : о роли лингвистического обеспечения в развитии информационно-поисковых систем библиотек / Л. Пирумова // Библиотека. - 2006. - № 10. - С. 61-65.

2. Вершинин, М.И. Электронный каталог: проблемы и решения / Вершинин, М. И. - СПб. : Профессия, 2007. - 231 с.

3. Захарчук, Т.В. Сборник основных российских стандартов по библиотечно-информационной деятельности / Захарчук, Т.В. ; сост. Зусьман, О.М. - СПб. : Профессия, 2006. - 547 с.

4. Скипор И.Л., Сбитнева Е.А. Лингвистическое обеспечение электронных каталогов библиотечно-информационных систем и сетей: состав и особенности использования при проведении тематического поиска e-mail: nir@art.kemerovonet.ru

5. Аникина, Е.Г. Как повысить эффективность деятельности «храма книги»? / Е. . Аникина // Библиотека. - 2003. - № 2. - С. 45-48.

ӘОЖ 81'233

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗЕКИ СӨЙЛЕУ ТІЛІ

Г.С. АППАЗОВА

қазақ тілі пәнінің мұғалімі, № 55 орта мектебі, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қ.

Біздің тіліміз ойлаумен тығыз байланысты. Баланың тілін дамытумен бірге оның ойын да дамытамыз. Тіл – ойдың құралы. Адамның ойлауы тек тіл арқылы ғана баяндалады.

Қазіргі мектептің оқу-тәрбие ісіндегі басты мәселе – тіл мен сөйлеу үдерісін жіктей отырып, оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу. Сондықтан, мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамытуға, байланыстырып сөйлеуге айрықша назар аударуы тиіс.

Әр мұғалім қазақ тілі сабағында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне және білген нәрселерін ауызекі сөзде қолдана білуіне жағдай жасайды. Демек, оқушының тілін дамыту жұмысы – баланың ойын дамыту деген сөз, өйткені оқушы қай пәнді оқып-үйренсе де, өзінің істеген жұмысы, көрген-білгені туралы күнбе-күн сөйлеп, ойын қалыптастырып отырады. Сондықтан қазақ тілі сабағындағы тіл дамыту жұмыстары оқушылардың жалпы ойын дамытуға бағытталып, ойлау қабілетімен байланыстырылғанда ғана сөйлеу үдерісінің бірлігі ұйымдастырылады.

Ауызекі сөйлеу тілін жақсы меңгерген оқушы ойын жазбаша да дұрыс, жүйелі бере алады.

Тіл дамытудың негізгі мақсаты – тіл мен сөйлеу үрдісін дифференциялау. Ол көп жұмысты талап етеді, өйткені оқушылардың дұрыс сөйлеуі, жазуы, өз ойларын баяндай білуі тіл дамыту сабақтарында айрықша орын алады. Сондықтан мұғалім қазақ тілі мен тіл дамытуды байланыстырып жүргізеді.

Тіл дамытудың негізгі бағыттары, мақсаты: *мәдени-әдеби сөйлей білудің нормаларына үйрету, орфографиялық дағдыны меңгерту, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру; лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы сөздік қорларын байыту; есту, сөйлеу қабілетін дамыту; көріп-қабылдау қабілетін меңгерту; қате берілген дыбыстарды дұрыс қою (түзету), коррекциялық жұмыстар; жаңа сөздер үйрету, сөз бен сөздің байланысын, сөйлем құрату, сөйлемнің құрылысын меңгерту, синтаксистік лексикадан мәлімет беру; оқушылардың ойын жазбаша дұрыс, сауатты жазуға, сөйлей білуге үйрету.*

Тіл үйретудің негізгі мақсаты – оқушылардың сөздік қорын байыту, сол сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Жаңа үйренген сөздер оқушылардың есінде ұзақ сақталуы үшін үнемі қайталанып, дыбыстардың дұрыс айтылуы үнемі қадағаланып отырылуы тиіс. Сөздерді қайталағанда бұрын өтілген сөздер жаңа мәтінде кездескенде оқушылардың оны қалай түсінетінін, ұқсанын байқап, естеріне салып, тексеріп отырған жөн.

Тіл үйретуде жазба жұмыстарын да ұйымдастыруға болады. Мысалы: Бір сөз түсіріліп берілген сөйлемдерді толықтырып көшіру, жалпылама мағына беретін сөздерді атағып айтқызу немесе, керісінше, жалқы мағыналы сөздерді жалпы мағыналы сөздермен байланыстырып оқыту.

Мұғалім үйреткен сөздердің оқушылардың естерінде сақталуы үшін, оларды жақсы меңгертіп, күнделікті сабақта пайдалану үшін сөздерді белгілі тәртіпке келтәреп, топтап, жүйелеп отырылуы керек. Мысалы: а) пісті, қайнады; ә) жүрді, жүгірді, тоқтады; б) жоғалтты, іздеді, тапты; в) кеше, бүгін, ертең т.б.

Сөздер өзара мағына жағынан байланысты келген жағдайда оқушыларға тіл үйрену, есте сақтау онша қиынға соқпайды. Әрі ойлау қабілетін де жақсы дамытады. Мысалы: *От жанды. От өшті. Арамен аралады. Күрекпен қыреді. Жазу жазды. Оқу оқыды.*

Тіл сабақтарында сөзден сөйлем құраудың негізгі мақсаттарының бірі – практикалық жолмен түсіндіру. Оқушылар сөйлем құрауды практикалық жолмен үйренеді. Олар алдымен сұрақтармен танысады. Сол сұраққа жауап беретін сөздерді тауып, сөйлемдер құрап үйренеді.

Алғашқыда оқушылар сөздерді өзгертпей, тек бастапқы сөзге жақын сөздермен танысады. Сөйлемнің жаңа түрін өз бетінше құруды меңгерту мынадай жұмыс жолдарымен іске асырылады:

1. Сөйлемнің бір сөзі түсіріліп, оның орнына сұрақ қойып, сұрақтың орнына керекті сөзді толықтырып айту, жазу;
2. Жазбаша, ауызша сұрақ беріп, оған жауап беру;
3. Оқушылардың бір-біріне сұрақ қоюы;
4. Мәтінді оқытып, мазмұнын айтқызу;
5. Сурет бойынша сөйлем құрату, әңгіме айтқызу.

Осы жұмыс түрлері кезінде мұғалім сөйлем құрату арқылы оқушылардың сөздерінің орнын дұрыс тауып, қатесіз қолдануын қадағалап отырады.

Оқушылардың тілін дамытуда жүйелі сөйлеуге үйретудің маңызы зор. Тілді меңгерту сөздерді өзара байланыстырып, жүйелі сөйлем құру дәрежесіне жеткізеді. Сондықтан да оқушылар тек сөз біліп, сөйлем құрап қана қоймайды, жүйелі сөйлеуге, пікір айтуға дағдыланады. Оқушыларды жүйелі сөйлеуге үйрету үшін мынадай жұмыс түрлері іске асырылады: 1. *Әңгіме, ертегі, мәтін оқытып, қысқаша мазмұнын жоспар бойынша айтқызу*; 2. *Сурет бойынша сұрақтар арқылы шағын әңгіме құрастыру*; 3. *Көргендері туралы берілген сөз тіркестері арқылы әңгіме айтқызу.*

Бұл жұмыстарды ұйымдастырғанда алға қоятын мақсат – оқушыларды еркін, өз сөзімен әңгімелеуге, жүйелі сөйлеуге үйрету. Бірақ, алғашқы кезде оқушылардың білімі аз болғандықтан, жұмысты жеңілден ауырға қарай меңгерту әдістері қолданылады.

Әр сабақтың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік деп аталатын үш мақсаты бар екені белгілі. Бұл мақсаттар бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

Сондықтан да әрбір мұғалім сабақтың осы аталған негізі үш мақсатын ашып алмай, әрі оны іске асыратын әдіс-тәсілдермен, сабақтың түрлерін алдын-ала алмай нәтижелі, сапалы сабақ өткізу мүмкін емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. И. И. Кеңесбаев қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы. Ғылым. 1977
2. Қазақстан мектебі 2010
3. Ғылыми-әдістемелік журнал «Қазақстан мектебі» 2004 ж
4. «Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы» Х. Қожахметова Алматы 1972 «мектеп»

ӘОЖ 82.98

СИМВОЛ - ӘЛЕМНІҢ КӨРКЕМДІК БЕЙНЕСІНІҢ АЙНАСЫ

Д.А. АУШАХМАНОВА

магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Әлем әдебиетінде қалыптасу, даму кезеңдерін артқа тастап, шарықтау шегіне жеткен категориялардың бірі – «әлемнің көркемдік бейнесі». Бұл біздің санамызда қалыптасып қалған «әлемнің тілдік бейнесімен» парапар категория. Әлем бейнесінің бөлімдеріне енетін бұл категориялар тілде де, әдебиетте де ерекше орынға ие. Алайда, қазақ әдебиетінде осы категория кенже қалып, енді ғана зерттеу объектісінің негізіне айналуда.

Жалпы, «әлем бейнесі» деген ұғымды ең алғаш «Логика-философиялық трактаттың» авторы Людвиг Витгенштейн енгізген. Кейін антропология, семиотика ғылымдарына неміс ғалымы Лео Вайсгербер еңбектері арқылы жеткен болатын. 60-жылдардан бастап әлем бейнесінің мәселелері семиотика ғылымының аясында алғашқы үлгідегі жүйе – тіл мен екінші үлгідегі жүйеде миф, дін, фольклор, поэзия, проза қаралып келген.

Неміс философы М.Хайдеггердің айтуынша, әлем бейнесінің қалыптасу мәселесі дүниетаныммен тығыз байланысты: «мир становится картиной, а позиция человека понимается как мировоззрение» [1, 48], яғни әлем – бейне, ал адам ұстанымы «дүниеге көзқарас» ретінде түсіндіріледі. М.Хайдеггердің «Әлем бейнесінің уақыты» деген еңбегінде «әлем бейнесіне» төмендегіше түсінік береді: «Картина мира – это сущее в целом» [1, 48]. Хайдеггерше, әлем бейнесі – әлемді бейнелейтін белгілі бір сурет емес, әлем түрінде түсіндірілген мәнді ұғым, ал әлемнің бейнеге айналуы – бұл Жаңа заманның ерекше белгісі, әлемге деген жаңаевропалық көзқарас.

Біздің мақсат – әлем бейнесінің негізгі категорияларының біріне айналып үлгерген «әлемнің көркемдік бейнесінің» қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көрінісін анықтау. Қазіргі қазақ әңгімелері – заман шындығының айнасы іспеттес. Оның дамуына үлес қосып жатқан жас жазушылар көркемдікке баса назар аудара отырып, бейнелі де бернелі сөздермен жаңаша сипат ендіруде.

Қазақ әдебиетінде «әлемнің көркемдік бейнесіне» берілген нақты анықтама жоқ. Тек, әдебиеттану терминдер сөздігінде «көркемдікке» мынадай анықтама берілген: «Көркемділік – өнер шығармаларының өзіндік ерекшелігі, эстетикалық сұлулығы – дүниені, болмысты сипаттап сөйлетудегі суретшілік, бейнелілік, өрнектілік. Көркемдік – өнер туындысының сапалық көрсеткіші. Көркемділіктің бастау бұлағы, қайнар көзі – суреткердің өмірдегі әдемілікті көре білуі, шебер бейнеленуі, ой-сезімін, жан толғанысын әсерлі әрі шебер жеткізерлік қабілеті, қиял байлығы» [2, 193].

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, алаш қайраткері, ғалым А.Байтұрсынов: «Сөз өнері – адам санасының үш негізіне тіреледі. 1)Ақылға. 2)Қиялға. 3)Көңілге. Ақыл ісі – андау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бейнелеп, суреттеп ойлау, көңіл ісі – түю, талғау», [3, 343] - деген еді. А.Байтұрсыновтың осы бір сөзінен-ақ сөз өнерінің жаратылысы өте күрделі, көркемдік қызметінің маңыздылығын аңғару қиын емес. Көркем бернелер, яғни символдар – көркемдік танымның мәнді де мазмұнды, бағалы нәтижесі болумен қатар, белгілі дәрежеде оның дамуы мен өзгеруінің индикаторы болып табылады. Себебі, ол қалыптағы көркемдік құралдар шеңберінен асып, таным формасына, өміртану моделіне, әлемді символикалық жолмен тану-игеру жолына айналады десек, артық айтпаймыз. Бұл пікірімізді көптеген символтанушы ғалымдардың тұжырымдарымен дәйектеуге

болады. Мысалы, символизм теоретигі және символист ақын А.Белый үшін символдың мәні мен маңызы аса зор, жалпы «таным мен шығармашылықтың мәні – символда». Сондықтан да көркем бернелердің осындай айрықша бағалы әрі күрделі табиғаты оны зерттеп-зерделеуде үнемі есте болуы қажет екені түсінікті.

«Әдебиеттану терминдер сөздігінде» З.Ахметов: «Символ – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне» [2, 299], - деп анықтама береді. Әдебиеттегі символ көбінесе келістіріп жасалған, астарлық мағынасы терең, бүтін бір сурет-бейне калпында көрінеді.

Аға буын өкілдерінен символға қалам тербеген жазушыларымыздың қатарында О.Бөкейдің «Кербұғы», С.Елубай «Ойсылқара», жас жазушылардан Б.Сарыбайдың «Қарағаш» әңгімелерін қарастырдық.

Оралхан Бөкей туралы ой-пікір білдіргендер аз емес. Соның бірі Д.Исабеков: «Оралхан бір оқылатын жазушы емес. Оралхан қайталап оқуды қажет ететін жазушы, түсінгеніңше оқи беретін күрделі суреткер» десе, Талаптан Ахметжан: «Оралхан Бөкей – суреткер. Табиғат пен адам жанын ақындық көзбен жіті тінтіп, екінің бірі байқай бермейтін тылсым құпияларды өрнектейді. Және де сол суреттері өзі көргендегідей тылсым күйінде, жұмбақ калпында тұңғығына сыр бүгіп тұрады», - деп пікір айтқан болатын.

О.Бөкейдің «Кербұғы» әңгімесіндегі Кербұғының өзі – символ, барша ел, жұрт, ұлт тарихының символы. Жалпы әңгіменің басты кейіпкері Кербұғы бола тұра, оның астарында жазушы «адамды» символ ретінде алып тұрғаны анық. Осы жерде мына бір үзіндіні келтіріп кету орынды секілді: «Жекпе-жек! Кербұғы осы сұрапыл ерліктің үлгісі жекпе-жектен жаралғанын білетін. Бірақ мұндай теке тірес сойқан тек бұғыларға ғана тән қасиет емес, аса ақылдымыз деп сезінетін Адамдар арасында бағзыдан бақилыққа ұласар бітіспес тартыс барын түйсінген жоқ. ...адамдардың қу мүйізге құты қалғандай өшігетінін еміс-еміс қаперіне алып, осынау екі аяқтылардан жерініп те жүрді» [4, 9]. Ия, шынымен де адам – пенде. Өмір сүру үшін, күн көріс қамы үшін ол неден де болса тартынбайды. Кербұғыны саналы ойлантқан жазушы жаратылысынан өзгеге зияны жоқ жануарлар әлемінде болып жатқан оқиғалардың күәгері де тайсалмас, өжет қатысушы етеді. «Кербұғы бүгін де су ішкен жоқ. Су ішкісі келген, екі ернеуін мұзмоншақ жырымдаған тау бұлағына ерні тисе болды, өне бойы қалтырап, етпетінен түсердей буын-буыны босаңсыған соң, амалсыз кейін шегінеді» [4, 6], - деп әңгіме Кербұғының кезіндегі бойындағы күштен айырылып, қайтпас ерліктің елесі де сезілмеген халін суреттеуден басталады. Ал жалпы әңгіменің тақырыбына келер болсақ, адам мен табиғат арасындағы байланыс, өмір мен өлім. Және де өлімнің ақиық шыңына мойынсұну, өмірді қиянатқа қимау; өмірді сүю өлімді мойындауға барып тірелетін қорқытшылық идеясының мәңгілігін астарлап тұрғандай.

Кербұғы – көптен бері үйірін бағып-қағып келе жатқан басшы. Өз үйірін қорғап жүрер хас батыр іспеттес. «Кербұғынікі – жыл сайынғы жекпе-жекте жеңіске өзі жетіп, дәнігіп қалған менмендік» [4, 8], - деп жазушы табиғаттың бір жаратылысының өзінде психологияның бар екендігін, жануарлар психологиясын да жетік менгергенін көреміз. О.Бөкей «Кербұғы» арқылы Кеңестік идеологияның салдарын ашып айтқысы келген. Ашты да. Кербұғы еркіндікті аңсады. Ол адамдардың иелігінде еді. Себебі, мүйізі пайдалы. Сол секілді қазақ халқы да ғасырлар бойы еркіндікке жету үшін аямай қасық қанын төгуге даяр еді. Алып қарасақ, Кербұғы – азаттық, бостандық, еркіндік символы. Сондықтан да «Кербұғы» - қазақ халқының тұтас көрінісі іспетті. «Адал, арам өлімге бойұсынып, енді ғана сезінген қайран дене суыды, мәңгіге суыды да, еркіндікке сапар шекті. ...Біреулер айтады: еркіндігін аңсаған Кербұғы тіпті де өлген жоқ. Біреулер айтады: еркіндік алған бұғылар тек қана о дүниеде...» [4, 18], - деп автор оқиғаның шешімін оқырманның өзіндік таңдауына қалдырады. Сұр мергеннің суық оғына кез болған Кербұғы, еркіннен тыс, көз алдына ұлт азаттығына бастарын тіккен Алаш арыстары, енді бірде кешегі Желтоқсанда итке таланған иесіз жастармен бірге елестейді. Қызыл империяның «өлексі сасыған» құрсауы қысып тұрғанда, біздер де анау Кербұғыдай алдамшы еркіндікте жүргендей екенбіз. Нағыз еркіндікті аңсаған Кербұғы ата-бабасының мекеніне оралып, табиғи ортасын тауып, өсіп-өнуін, еркін өмірдің тәуелсіз жолын жалғастырмақ.

Смағұл Елубайдың «Ойсылқара» әңгімесі де Оралхан Бөкейдің «Кербұғысымен» үндесіп тұр. Бір сарында. Екеуі де табиғат жаратылыстарын көркемдік деталь ретінде алғанымен, артынан символдық рәмізге айналдырып жібереді. Екі туындының басталуы да ұқсас. «Ата бура қазығын айналып, ұрынып тұр. ...Тыншымай тұрған жалғыз бура ғана. Құйрық сабап күркілдеп, тым мазасыз», [5, 54] - деп басталған С.Елубайдың әңгімесі. О.Бөкейдің Кербұғысының жауы – жас бұғы болса, С.Елубайдың «Ойсылқарасында» - Қара буыршын дұшпан бейнесінде суреттеледі.

Кербұғы Ақшоқыны аңсаса, Ата бураның есі-дерті Сарыжазық еді. Құт мекеніне, үйіріне оралу – Ата бураның арманы болатын. «Түс ауа Сарыжазықтың күншығыс қабағынан емпендеп желген бір қара құлады. Бұл Ата бура еді. Аяғына салған кісеннің талқанын шығарып, ауылдан қашып келе жатқан беті осы. ...Бура түсте шығырдан босатылып, құдық маңындағы соранға жайылысқа жіберілген. Бірақ бураның есі-дерті Сарыжазық болды» [5, 57],- деп жазушы адамның қыспағымен шығырға жегілген Ата бураның жағдайын осылайша суреттейді. Шығарманың «Ойсылқара» деп аталуының өзі түйенің пірін ұлықтап, табиғаттың өз заңдылықтарына бағына білу керек деген идеяны алға тартатын сияқты. Түйенің сүті жанға шипа, ем болатынын қазақ халқы о бастан-ақ жақсы білген. Ерте замандардан бері мал баққан қазақ халқы «Әр түліктің өз желеп-жебеушісі, қамқоршысы, иесі, пірі бар деп сенген қазақтар түйені – ұлық малы, түлік төресі немесе «түйе – байлық, жылқы – сәндік» деп бағалаған. Ол халықтың танымында қалыптасып қалған дүние. Әңгіме соңы Ата бураның Қара буыршынмен болған айқаста жеңіліп, үйірге қосыла алмай шетте қалуымен аяқталады. Жазушы

бураны символ ретінде ала отырып, кезінде Совет Одағы құрамында азаттық сүйгіш қазақ ұлтының шынайы еркіндікті аңсап, алайда қамауда екенін сезінген асқақ рухын аңғару қиын емес.

Екі жазушы да екі түрлі әңгімені жаза отырып, бір өзекті мәселені көтереді: ол – еркіндік, бұғаудан босап, бостандықтың кебін арқалау.

Жас жазушыларға келер болсақ, Бейбіт Сарыбайдың «Қарағаш» әңгімесі назар аударарлық. Бұл жоғарыда аталған жазушылардың әңгімелерінен жөні бөлек туынды. Тақырыбы – махаббат, кимастық. «Мүмкін, ол бәйтерек шығар, әлде тарихқа бай терек шығар, әйтеуір мен үшін қарағаш еді» [6, 46] – осы жерде автордың «мүмкін» дегені еліміздің тәуелсіздік алып, еңсесі биіктегенін алып бәйтерекке ұқсатса, енді бірде өткеннің қуанышын да, өкінішін де, жалпы тарихын да бойына жинаған бай терекке, енді бірде балалық шағының бір ұшқының, бала махаббатын еске әкелетін қарапайым қарағашқа телиді. Қарағаш – символ ретінде алынған. Қимастықтың символы. Балалық шақта елесі қалған ұзындығы бір құлаш қарағаштан түбіртегі ғана қалған екен. «Бұл да мен сияқты кимастықпен қараған екен. Ұмытып кеткен шығар десем. Қарағаш бұған да ыстық болғаны ғой. Түсіндім... Нәйлә, сен де сөйт! Қасынан өтсең, қарағашты сипай сал. Қамығып қалмасын...» [6, 50] - қарапайым отын ағашына айналған қарағаш өткеннің елесі ғана. Сонда да ол жылулықты аңсап тұрғандай.

Әлем халықтарының мифологиясында үш қабаттан тұратын әлемді үлкен зәулім ағаш түрінде суреттеу кең орын алған. Бәйтерек немесе Дарак ағаштары мифтік үш қабатты, яғни аспанды, жерді, жерастың тік бағытта жалғастырып тұрады. Ғылымда оны әлемдік ағаш деп атайды. Бүкіл ғаламның тағдыры осы ағашпен байланыстырылады. Ол - төменгі, ортанғы, жоғарғы қабатты, бір-бірімен араластырмай, ұстап тұрған тіреу, тұтас әлемді таза ұстауға қызмет атқарады, осы үш қабаттағы тіршілік иелерінің тағдырларына әсер етеді. Зәулім ағаштың түбінде, яғни төменгі қабатта үлкен жылан жатады, ал ұшар басында, яғни жоғарғы қабатта күс патшасы тұрады, бұлардың бәрі – мифтік санада орныққан түсініктер. Көнеден келе жатқан қазақ мифологиясында Бәйтерек – күллі ғалам бейнесі, «мәңгіліктің» символы.

Қорыта келгенде, символ – көркемдік әлем бейнесінің айнасы. Оған біз осы үш әңгімені талдау барысында көз жеткіздік. Кербұғы, Ойсылқара, Қарағаш – еркіндік, бостандық, мәңгілік символдары ретінде алынып, әлемнің, әсіресе, түркі әлемінің дүйім жұртшылығына таныс оқиғалардың, мифологияның негізінде туылған дүниелер екенін байқаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мартин Хайдеггер. Время картины мира. [Источник сканирования: Хайдеггер М. Время и бытие: статьи и выступления (пер. с нем.; комм. В.В. Библихина; серия “Мыслители XX в.). — М., Республика 1993. — стр. 41—63]

2 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі: Құрастырушылар – З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

3 Байтұрсынов А. Ақжол. Өлеңдер мен тәржімелер, публ.мақалалар және әдеби зерттеу. Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.

4 Бөкей О. Кербұғы. Әңгімелер мен повесть. Алматы: Атамұра, 2003. – 204 б.

5 Елубай С. Ойсылқара. Алматы: Раритет, 2004. – 240 б.

6 Сарыбай Б. Рауғаш ерте гүлдейді. Проза. Алматы: Жалын, 2009. – 160 б.

ӘОЖ 808.51

ШЕШЕНДІК ӨНЕР ХАЛЫҚ БЕЙНЕСІ РЕТİNДЕ

Т.С. АХАТОВА

қазақ тілі пәнінің мұғалімі, № 18 орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

*Ақылмен ойлап білген сөз,
Бойына жұқпас, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар.*

(Абай)

Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры – шешендік өнер. Халқымыздың даналығының үлгісі шешендік сөздер – ғасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп өткен құнды мұра, асыл қазына.

Шешендік өнеріне ерте замандардан-ақ, үлкен мән берілген. Ежелгі грек, рим елдерінде шешендік өнерді «риторика» деген атпен жеке пән ретінде оқыған. Дүние жүзіне әйгілі ерте заман шешендері Пратогор, Демосфен, Цицерон, Квинтилиан сияқты өз заманының мемлекет қайраткерлері, ел аузына қараған ойшылдары болған. «Риторика» ғылымы өнердің падишасы ретінде ерекше бағаланған. М.В.Ломоносовтың 1748 жылы

басылып шыққан «Шешендікке қысқаша басшылық» атты еңбегі бұл өнердің Ресейде дамып, қалыптасуына түрткі болды[1].

Қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз билерден басталып (XII-XIII ғғ.), Жиренше шешен, Асан қайғы (XIV-XV ғғ.) есімдерімен қатысты қалыптасып, өркендей түсті.

Шалғез, Бұхар (XV-XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекелерге жалғасты. Негимовтың пікіренше: «Шешендік өнерінің кеңінен дамып биіктеген кезеңі – XV-XVIII ғғ. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді»[2].

Шешендік сөздердің алғашқы үлгілерін халық ауыз әдебиеті туындыларынан, ертегі, аңыз әңгімелерден, өлең-жыр, дастандардан ұшыратамыз. Осы сөз өнерінің кең қанат жайып, орнығып дамуында тапқырлық пен шешендіктің тамаша нұсқалары – жыраулар толғаулары, айтыстар мен мақал-мәтелдердің орны ерекше.

Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В.Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын»[3], – деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Сондай-ақ, қазақтың шешендік, тапқырлық, нақыл сөздерін жинап жариялағандардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол халық даналығының жас өспірімдерді тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбие құралы екенін жете танып, өз еңбектеріне орнымен енгізіп, пайдалана білді.

Шешендік сөздерді алғаш зерттеушілердің бірі – М.Әуезов. «Қазақ әдебиеті тарихы» (1927 ж.) еңбегінде «Билер айтысы» деген арнаулы тақырыппен шешендік сөздердің кейбір түрлеріне мысалдар келтіреді. Ауыз әдебиетінде алатын орны мен халықтық сипатына дәлелді ғылыми тұжырымдама береді. Ауыз әдебиеті мұраларын зерттеп, жинап, ерекше еңбек сіңірген ғалым-лингвист А.Байтұрсынов шешендік өнерді жеке алып қарастырып, құнды пікірлер білдірді (1926 ж.). «Шешен сөз, көсемсөз, дарынды сөз деп үш топқа бөліп, әрқайсысын қолданыс орнына қарай (саясатқа қатысты, сотта сөйлеу, қошемет сөздер, ғалымдардың ғылыми тақырыптағы сөзі, діни уағыз сөздер) іштей тағы беске бөліп, әрқайсысына қысқаша түсініктер, тың анықтамалар берген»[4].

Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр логикаға құрылады.

Халық мақалдарында: «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Қылыш жарасы бітеді, тіл жарасы бітпейді», «Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды», – деп сөзді айтушыға да, оған құлақ қоюшыға да биік талап қойған. Демек, шешеннің ең негізгі құралы – сөз. Ол тындаушының жүрегіне жетіп, ерекше сезімге бөлеген.

Сөз туралы Бөлтірік шешен: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзінді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт, кімге, қай жерде, қай кезде, қалай сөйлейтініңді біл», – деп толғайды. Бұлар – «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін, жауласқан елдің арасына бітім айтатын, күлгенді жылатып, жылағанды жұбата алатын даналық сөздер иесі». Мұндай сөз білетін, жөн білетін адамға ел ісіне араласуға, халық атынан сөйлеуге құқық берілген. Шешендік өнер — көрген-білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп ізденудің арқасында талай айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы жетілетін өнер.

Шешендік өнердің қиындығы туралы Бұқар жырау:

...Көш бастау қиын емес –
Қонатын жерде су бар.
Қол бастау қиын емес –
Шабатын жерде жау бар.
Шаршы топта сөз бастау қиын –
Шешімін таппас дау бар, –
деп дұрыс аңғарғалы[5].

Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет.

Шешендік сөздерге тән ерекшеліктер. Біріншіден, қазақ шешендерінің сөздері жазбаша емес, ауызша айтылып дүниеге келеді де, одан кейін бірден-бірге жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді.

Екіншіден, айтыла келе бастапқы нұсқа қалып өзгертіліп отыруы мүмкін.

Үшіншіден, шешендік сөздер кейінгі айтушылар тарапынан қажетіне қарай өзгеріп қолданылып отырған.

Шешендік сөз ақындар айтысы сияқты сөз тартысы дау үстінде, ел тағдыры талқыланған ұлы жиын кеңес кезінде, онаша ой толғау не сұхбат, әңгіме-дүкен барысында арнау, сәлем, өсиет түрінде де өмірге келген.

Шешендік сөздер көбінесе түсінік сөзден басталады. Түсінік сөзде айтылмыш шешендік сөздің немен байланысты, қандай жағдайда туғандығы мен кім айтқандығы баяндалады.

Шешендік сөздің, айтылар ойдың негізі – мазмұн. Сөз нақтылы, нені айтса да сендіретіндей, иландырып қарсыласын мойындататындай дәлелді айтылған.

Жазба әдебиетіміз дамыған кейінгі дәуірде шешендік сөздер саптан шыққан жоқ. Заманға сай жаңа мазмұн, жарасымды түр тапқан шешендік сөз нұсқалары көбейді.

Шешендік сөздің шыны – айтыс. Мұнда ауыз әдебиетіне тән барша қасиеттер тоғысқан.

Шешендік сөздер мән-мағынасының тереңдігімен ғана емес, сондай-ақ тақырыбының кеңдігімен де ерекшеленеді.

Шешендер сөзі – халқымыздың тілдік қазынасы. Ол көркем әдебиетіміздің қалыптасып дамуына белгілі дәрежеде үлес қосқан ақын-жыраулардың арнау, толғау сөздеріне ұқсас болып келеді.

Ертеден-ақ, халқымыздың өзіндік басқару жүйесі болды. Ел қамын жеген ерлері, сөзін сөйлеген, әділін айтқан шешендері, білімпаз билері болды. Би – халықтың көкейіндегісін айтқан, ойын жарыққа шығарған әділет жоқшысы. Қазақтың атақты билері Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекеден қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес.

Ш.Уәлихановтың: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған өкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болған. Би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған»[6], – деген сөздерінен би – халықтың көкейіндегісін айтқан, жарыққа шығарған әділет жоқшысы екенін танымыз.

Кезінде Ахмет Байтұрсынов: «Әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді», – деді[7]. Демек бұл қастерлі мұра – шешендікпен айтылған билер сөзі ұмытылмайды, қай кезде болса да халық жадында болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы, 1999.
2. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы. Ана тілі, 1997.
3. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы, 1990.
4. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы. Мектеп, 1998.
5. Төрешұлов Н. Қазақтың би-шешендері. – Алматы. 1993. - 400б.
6. Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі. Алматы, 1987.
7. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. /Құраст. А.Ісімақова, Г.Пірәлиева және т.б. – Алматы: Алаш, 2003. – I-том. – 408 б.

ӘОЖ 81.362

ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ (ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН, ТҮРКІ ТІЛДЕРІН САЛФАСТЫРА ЗЕРТТЕУ)

Л.Т. ӘБИКЕНОВА

филология магистрі, Шәкірім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ.

Тілді дамытып, көркемдік, бейнелік сапасын күшейтіп отыратын әр халықтың көркем сөз шеберлері. Олар бейнелеу тәсілдері арқылы көркем әдебиетте өз іздерін қалдырады. Осындай бейнелеу тәсілдерінің бірі – теңеусіз бірде-бір прозалық не поэзиялық шығарманы кездестіре алмаймыз.

Теңеу көркем әдебиетте айтылған ойдың эмоционалды-экспрессивтік әсерін күшейтіп, эстетикалық сипатын нәрлендіреді. Теңеу образында қолданылған сөздерге қарап, әр халықтың тарихы мен мәдениетінен мағлұмат алуға болады.

Жоғарыда аталған белгілердің бәрі де басқа тілдердегідей қазақ тіліндегі теңеулерге де тән. Мейлі ауыз әдебиетінен болсын, мейлі жазба әдебиетінен болсын, қазақ тіліндегі теңеулердің рөлі ерекше екендігіне көз жеткіземіз. Себебі, басқа тілдерге қарағанда қазақ тіліндегі теңеулердің жасалу жолдары ауқымдау болып келеді. Қазақтың белгілі филолог ғалымы Т.Қоңыров теңеулердің көркем әдебиеттегі орнын анықтай келе, оларды таным құралы ретінде философияда, стильдік әдіс ретінде тіл білімінде зерттейтінін айтып, мынадай айқын, анық, тұжырымды анықтама береді: «Теңеу дегеніміз ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші бір затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтілік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [1, 18].

Қазақ халқының ертедегі түсінігі бойынша, табиғаттың әрбір құбылысының иесі болған, табиғатта болып отыратын барлық құбылыстар мен өзгерістерді, адамдардың еркін солар басқарған, тағдырына әсер еткен. Сондықтан олар жерге, суға, отқа, күн көзіне, айға, жұлдызға, т.б. сыйынып, оларды көркемдіктің, әдемілік пен әсемдіктің, шапшаңдылықтың белгісі ретінде танып, адамдарды, жан-жануарларды сол денелерге, олардың қозғалысын солардың қимылына теңеп отырған.

Көркем әдебиеттегі күнге байланысты теңеулердің мазмұнынан ертеде қазақ халқының күнге табынғандығын байқаймыз. Ертедегі ата-бабаларымыз күн көзінен тарайтын жарық пен жылусыз тіршіліктің

болуы, мал мен жанның өсіп-өнуі мүмкін еместігін күнделікті өмір тіршілігінен байқай білген. Сөйтіп, әр күні шуақты жылуы мен жарығын сыйлаған аспандағы тылсым дене күнге ерекше құрметпен қараған. Қазақ халқының мәдениетінен орын алған күнге табынудың жарқын көріністерін тіліміздегі соған қатысты айтылған теңеулерден анық байқауға болады. Күнге байланысты айтылған теңеулердің негізі адамға, адамның тағдырына қатысты айтылады. Күн әдеміліктің, сұлулықтың белгісі болғандықтан, тіліміздегі бұрыннан қалыптасқан тұрақты теңеулердің қомақты бөлігі қыз бала мен әйел адамдарға байланысты айтылған. Күндей жүз, күндей түс, күндей көрік, күндей көркем, күндей балқын, күн көзіндей сүю, күндей нұрлы, күндей қуатты т.б. тұрақты теңеулерде күн жылулықтың, көркемдіктің символикасы түрінде алынғанмен оның арғы жағында да күнге деген шексіз құрмет жатқаны белгілі.

Көркем әдебиетте қазақтың ақын-жазушылары «күнді» теңеудің образы ретінде қолданып, сипатталушы нысанның сапасын, қасиетін көркемдеп көрсетеді. Оған мына мысалдар арқылы көз жеткізуге болады.

Оның жарқ еткен шырайлы кескіні бұлт арасынан шыға келген күн сияқтанып, жалт еткен көзі аспанда жалтылдаған шолпан сияқтанып кетті. Ажарланып өңдері, Күндей болып жайнаған.

Қоршаған табиғат орта барлық адамзатқа ортақ болғандықтан, күннің ағылшын мәдениетінен де алатын орны ерекше. Ертеректе ата-бабалары балық аулауды кәсіп еткен ағылшындар үшін осы бір аспан денесінің айтарлықтай маңызы бар. Алыс сапарларға шыққанда олар күн арқылы бағыттарын бағдарлап қана қоймай, уақытты көрсете білген. Қазақ халқында «күн» сұлулықтың, әдеміліктің символы ретінде танылса, ағылшындар оны жарықтың көзі ретінде қарастырып, жарқыраған затты немесе нәрсені күнге теңейді. As bright as the sun, to shine like the sun, etc теңеулерінен осыны анық аңғаруға болады. «Күнге» қатысты теңеулерді ағылшын жазушылары көркем әдебиетте былайша қолданады: They sleep like the moon and the sun sleep and even the ocean sleeps sometimes on certain days when there is no current and a flat calm. (E.H. 112)

I have one cent, he said. It is an American coin. In the evening I shall polish it until it glows like a sun and I shall study the words. (W.S. 54)

Бірінші мысалда балықшылардың белгілі бір күндегі ұйқысы аспандағы ай мен күннің тыныштық қалпына теңеліп, даланы жым-жырт тыныштық басатыны айтылған. Екінші мысалда теңгенің (монетаның) түсін жарқыраған күнге теңеген.

“The thing is as clear as noontday,” cried the squire. (Тайға таңба басқандай анық) (R.S. 39)

Күндізгі жарыққа байланысты теңеулер жұмсалған. Шындықты табиғат арқылы шынайы суреттеу.

Қазақ тілінде де бар. «Тайға таңба басқандай», «айдай анық» теңеулерін қолданамыз.

Күнмен қатар айды киелі санау, оған табыну – қазақ халқының ертеден келе жатқан дүниетанымдарының бірі. Ай мерзімі әдетте төрт ширекке бөлінеді: айдың бірінші ширегі толық ай, одан кейін жарты ай, өліара, соңғы ширегі жаңа ай деп аталады. Бұлардың ішінде толған ай мен жаңа ай ерекше ауызға алынады. Мәселен, тілімізде нәрсені, жастарды, сұлулықты жаңа туған айға немесе толған айға теңеу – ең көп ұшырайтын құбылыс. Бірде туған айдай, туған айдай иілу, туған айдай балқу, туған айдай толқу, он бесте туған айдай десек, бірде толған айдай дидар, толған айдай толықсу, т.б. деп атаймыз. Мұның өзінен халқымыздың ертеректе ай фазаларының ішінде жаңа туған ай мен толған айды ерекше құрметтегенін байқауымызға болады. Енді көркем әдебиеттен жазушыларымыздың «айды» сұлулықтың символы ретінде келтірген мысалдарын қарастыралық.

Келесі үйде бір айдай сұлу келіншек отыр. Сен қандай жақсы, қандай ғазиз, қаншалықты айдай таза, күндей нұрлысың дейді Әсия Айсұлуға жазған хатында (М.Ә. 123).

Айдай көзі жарқырап, Алтын шашып төгіп тұр (Ә.Т. 118).

Ағылшындардың көркем әдебиетінен «айды» жоғарыдағыдай төрт ширекке бөліп, сұлулықты айдың белгілі бір ширегіне теңеу құбылыстарын кездестірмедік. Дей тұрғанмен, балықшылар тегінен шыққан ағылшындар үшін айдың ұлттық мәдениеттегі орны ерекше. Көркем әдебиетте «айға» қатысты теңеулердің көпшілігінің белгісі жарық, жарқырау мәнінде беріледі.

The only times I had ever heard my little dog bawl like that were when she was baying at a bright Ozark moon, or when someone played a French harp or fiddle close to her ear. I had never seen a night so peaceful and still. All around me tall sycamores gleamed like white steamers in the moonlight (W.R. 98).

Бұл аталған мысалдардағы теңеу образдарының құрамында айдың жарқырауы негізгі белгі ретінде алынған.

Ал енді, қазақ мәдениетіндегі жұлдыздардың мәніне тоқталсақ, жұлдызға табыну, оны киелі санау қазақтардың ертеден келе жатқан дүниетанымдарының бірі болып табылады. Қазақтардың ертедегі сенімі бойынша бір жұлдыз ағып түссе, дүниеден бір адамның қайтқандығын білдірген. Олар жердегі адамдардың саны қанша болса, аспандағы жұлдыздардың саны сонша деп түсінген. Қазақтардың осы түсінігі жайлы қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлиханов: «қазақтар жұлдыздардың жер бетіндегі бағытқа әсер ететіндігіне сенеді. Халық арасында күмбез жайлы әңгімелер де баршылық. Енді біреулердің пікірінше, әрбір жұлдыз жердегі әрбір адамның жанымен сәйкестік тұрғыда, адам қайтыс болғанда оның аспандағы жұлдызы да жерге ағып түседі. Аспаннан ағып түскен жұлдызды көргенде қазақтар «менің жұлдызым жоғары» дейтін болған. Болып толған бақытты адамды «жұлдызы жанған» деседі» [2, 23] , -деп жазды. Осыдан қазақ тілінде «ағып түскен жұлдыздай» деген теңеу қалыптасқан. Сонымен бірге заттардың жарқырауы, қозғалысы, әдемілігі жұлдыздарға теңелген: жарқыраған жұлдыздай, жұлдыздай құлпыру, жұлдыздай жүйткү, т.б. Бұл құбылыстарды төмендегі мысалдардан байқауға болады.

Екі көзі жұлдыздай жайнап кетіп барады. – Ал жұлдыздай жарқыраған жарықтар не? (С.М. 124).

Түнге қарай өндірістің бәрі қызыл шүберек оранып, шамдары жұлдыздай жыпырлап кетті (F.M. 56).

Үйлердің арасында жатқан мал көздері көгере жарқырап, жұлдыздай жанады (F.Мұст. 121).

Қазақ халқы дарынды, данышпан, өнерлі ұл-қыздарын жұлдызға теңеген. Мысалы Шоқанды қазақ жұлдыздарының бірегейі атанғандығын білеміз.

Ағылшын мәдениетіндегі «жұлдыз» түсінігіне зер салсақ, олар жұлдыздардың орнына қарап, ауа-райын болжаған. Кейбір жұлдыздар бұлыңғырлықтан аулақ болып, ашық, анық жарқырап тұратындықтан, көркем әдебиетте нақтылық, анықтық және жарықтық жұлдыздарға теңелген. Оған мысал ретінде мына сөйлемдерге назар аударуға болады.

I am as clear as the stars that my brothers. The highly polished surface gleamed and glistened with a golden sheen. The other was smaller and made of silver. It was neat and trims, and sparkled like a white star in the heavens. (E.H. 83)

Қоршаған табиғи ортадағы әрбір дене мен құбылыс барлық адамзатқа ортақ болғандықтан, әр ұлттың мәдениетінде жетекші орын алатынын мойындауымыз керек. Бірақ олардың қолданыс аясы әр тілде әр қилы болып келеді. Қазақ тілінде сұлулықтың, әдеміліктің белгісін аспан денелеріне теңесе, ағылшын тілінде нақтылық белгісін, жарық көзін аспан денелеріне теңеген. Айта кетер бір жайт, қазіргі заманда қазақ тілінде сұлулықты күнге, айға және жұлдызға теңеу қалып бара жатқан секілді. Мұндай теңеулердің негізгі қоры тоқсаныншы жылдарға дейінгі көркем әдебиетте кездеседі. Сонымен осындай тілдік белгілерді зерттеу арқылы ұлттың тарихы мен мәдениетінен хабардар бола аламыз.

Сонымен қатар, қай тілде болмасын эмоционалды-экспрессивті теңеулер – теңеулердің семантикалық табиғатынан келіп туатын әрі мағыналық, әрі стильдік топтарының ең белсенділігі жоғары түрі. Бұл семантика-стилистикалық топтың өзінің жасалу әдістері, стильдік сипаты, мағыналық иіндері бар. Әр топқа тән эмоцияның түрі соған орай эмоционалды-экспрессивті екпінінің орны, стильдік мақсаты болады. Эмоционалды-экспрессивті екпінді ажыратудың, эмоцияны түр-түрге бөлудің, әр эмоцияның өзіне ғана тән стильдік сипатын анықтаудың нақтылы критерийлері болады.

Теңеудің жұбы етіп қазақ халқы бұрыннан қой мен түйені, атты, құсты ұнамсыз жағдайды білдіру мақсатында қасқырды, сиырды, күнделікті өмірде маңызы бар құбылыстарды алады. Көркем шығармаларындан мысал келтірсек,

... Балалар енесіне табысқан қозыдай жамырасып ...

Бекболатты тамақ ішуге шақырған екен. Қоңылтыр аяқтағы сылдыр сорпаны жеріген жылқыша тамсанып ұрттаған болды. Сорпа ішіп отырғанын да, су ішіп отырғанын да андаған жоқ: ойы бөлініп, қилы әлдеқайда отыр еді (207-бет).

Барғанмен көре алмассыз, ұйықтап қалды, - деп еді, ол сөз Бозінгеннің құлағына бит шаққандай құрлы кірген жоқ, қол-аяы жерге тимей, шопшалада сүт пісіріп жатқан қара кемпірге барып, көзін ашып-жұмып, естіген хабарын айтты. Қара кемпір бір тамсанып, отын көсей берді. Оған жарымаған кісідей, Бозінген шудасы желкілдеп, байын іздеді.

Өз үйіне түгел естірген соң, бұл хабарды ішпе сыйғызға алмай, Бозінген бошалаған түйеше тайраңдай басып, екі қолын алды-артына құлаштай сермеп, Біркұлактікіне қарай жөнелді. Ауылды қыдырып жүріп, бірталай жанды құлақтандырған соң, қасына екі қыз, бір қатын ертіп, енді Бозінген Күмсінайдікіне тартты (196-бет).

Сөз құған, өсек айтқан Бозінген мінезі теңеулер арқылы ашылған. Бошалаған түйеше теңеуі Бозінгеннің қылығын мысқылдау үшін жұмсалған.

Көркем туындылардан шәлкес аттай, арқандалған аттай, жылқы тістеген «майлы аяқша, мұрны жырық тартыншақ түйеше, т.б. теңеулерді көптеп келтіруге болады.

Ал енді, ағылшын тіліне келсек,

We never had a night at the “Admiral Benbow” when I had half the work; and I was dogtired when, a little before down, the boatswain sounded his pipe, and the crew began to man the capstan-bars. (R.S. 54)

Ит сияқты шаршау – теңеуі адамның бір сәттегі күйін суреттейді.

Қазақ тілінде ашу-ыза, т.б. мінез ерекшелігіне байланысты қолданылады.

Мысалы, иттей арсылдады, ит пен мысықтай т.б.

Ағылшын көркем әдебиетінде тамақты көп, артық ішкен адамдарды «күрес алдындағы өтештерге» теңеу құбылысын кездестірсе, ал қазақ көркем әдебиетінде керісінше, тамақты аз ішетін адамдарды «тауықша әр жерден бір шоқыды» деп тауыққа теңеу жиі кездеседі. Мысалы: They lives rough, and they risk swinging, but they eat and drink like fighting-cocks, and when a cruise is done, why it’s hundreds of pounds instead of hundreds of farthings in their pockets (R.S. 67) .

Тамақты көп ішкендіктерін «күрес алдындағы күрескер өтештердей ішіп жеу» деген теңеу арқылы бейнелеген.

Қазақ тілінде сортаңнан келген сиырдай деген теңеуге мәндес деп айтуға болады.

Ағылшын тілінде тағы төмендегідей теңеудің экспрессивтік мәнінің жоғары екендігін байқамыз.

“I am in the most magnificent health and spirits, eating like a bull, sleeping like a tree, yet I shall not enjoy a moment till I hear my old tarpaulins tramping round the capstan. (ем, как бык, сплю, как бревно) (R.S. 69).

Демек, эмоционалды-экспрессивті теңеулердің дүниеге келуі белгілі бір заңдылыққа бағынады да, белгілі бір стильдік мақсатты мұрат етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоңыров Т.Қ. Қазақ теңеулері. -Алматы, 1978, -192 б.
2. Уәлиханов Ш. Қазіргі қазақ прозасы шағын түрлерінің поэтикасы. (С.Мұратбеков шығармалары негізінде) Филол.ғыл.канд...дисс: -Алматы, 1997, -144 б.

ӘОЖ 81.1

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

О.С. ӘБУОВА

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, жалпы білім беретін № 6 мектебі

XX ғасырдың басында қазақ даласындағы әлеуметтік -саяси жағдай күрделілене түсті. Бір жағынан патшалық Ресейдің отаршылық саясаты күшейсе, екінші жағынан , жергілікті ұлықтардың озбырлығы да отқа май құя түскендей болды. Осы кезде қазақтың бір топ оқығандары: А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Жұмабаев ұлт-азаттық қозғалыстың көш басшылары болып, халқын күрес жолына бастады.

Осы үркердей топтың ішінде Ахмет Байтұрсынұлының азаттық жолындағы күресте атқарған қызметі айырықша. Оның бүкіл саналы ғұмыры туған халқының бақытты болашағы үшін қызмет етуге арналған . Жастайынан әділетсіздікті көп көріп өскен Ахметтің ой-санасы ерте оянады. Ол көрген өмірдің ауырталықтары, патша өкіметінің отаршылдық қысымы жас жігіттің бойындағы халықтық қасиеттерді қалыптастырады. Патша ұлықтарына қарсы шыққан әкесі мен ағасының сотталып кетуі, кейіннен зорлық-зомбылықты басынан көп өткеруі оны азаттық жолындағы күреске ұмтылдырады. Бұл туралы ол бір өлеңінде «оқ тиіп, он үшінде ой түсіріп, бітпеген жүрегімде бар бір жарам» деп он үш жасынан бастап осы жолға түскенін айтады.

«Өнер алды-қызыл тіл» деп мақалдап өткен қазақ ақындары , жазушылары осы күнге дейін қазақ поэзиясында биік орын алады. Солардың бірі –Ахмет Байтұрсынұлы. Өз заманының ағысына қарсы тұра білген қайраткер. Қазақ халқының рухани көсемі болып , болашақтың жарық, тыныш, көк аспан астында өмір сүруіне өзінің ақылын арқау еткен. Өз достарының алды бола білген Ахмет өткір, алмас қылыштай адамның ойын осып өтетін сөздерімен өлең арқылы ой-сезімін білдірген. Қазақтың қазақ бола білуіне кеудесіндегі жанын аямаған. Қарусыз-ақ сөзбен адам өлтіретін Ахмет қазақ елінің келешегін тәуелсіздікке жетелеген халықтың рухани жетекшісі. Халық үшін, халықтың мәдени- әлеуметтік болмысын көтеру үшін қызмет еткен.

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде әліппе кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ тіліндегі әліппе осы сөздердің бәріне дәлел. Тек қана кітап жазумен тоқталмаған Ахмет, орыстың белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып өзінің халыққа шамшырақ екенін дәлелдеп өткен. Халықтың білімді болуына, сауатын ашуға көп көмек көрсеткен. Бұрынғы қарапайым қара сөздерді жаңғыртып, халық санасына қалыптастыру басты мақсаттарының бірі. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздермен жеткізе білген. Өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, алға қарай жол бастап көш артында қалып қоймауға себепші болған. Қазақ тілін болашақ ұрпақтарға дамыта түскен қалпында басқа тілдерден биігірек ұстап, тазалығын сақтауға демеу болады. Қазақ тілінің табиғатын , құрылымын танудағы қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Ахмет қалыптастырған әдеби-теориялық терминдер осы күнге дейін өмірін жалғастыруда. Бұның бәрін әдебиетші Ахметтің қымбат, алтын, гаухардай асыл сөздері мен тәлім-тәрбиеге толы адамдық қасиеттерді сипаттап жазған өлеңдері бәрі-бәрі болашақ ұрпаққа келешегіне керек нұсқау болатын түзу жол емес пе!? Қазақ тілін әсем әшекейлей білген Ахмет өз еңбектерімен басқа да елдерге танымал бола білді. Өзі де басқа халық ақындары мен жазушыларының жақсы деген өлеңдері мен мысалдарын өз ана тілімізге аударып кетті. Артына өшпес із қалдырды.

Ахмет- қазақ әліппеінің атасы, түркі тілтану ғылымының ағартушысы. Ахметтің мұрағаты жана уақыт, жана заманға, халқына қызмет етуде. Ахметтің ілімдері-әлі зерттелетін үлкен ғылым. Ахмет Байтұрсынұлының ұлтым деп соққан жүрегі, үлгі-өнегесі-қазіргі заманға өте керек.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896 жылдары көңіл бөле бастады. 1905 жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған петициядан, редактор болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын қазақ тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интелегинциясы өкілдерін баулуынан танылады.

Ахмет Байтұрсынұлын үстіміздегі жылдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ қауымы көшінің рухани басшысы етіп танытқан - оның қазақ халқын «іргелі жұрт» қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстанған бір қаруы-ағартушылық идеясы болды. Оқу-ағарту идеясы – Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік қызметінің арқауы , азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі. Бұл платформаны мықтап ұстауға итермелеген оның туған халқының тағдырын ойлаған қам-қарекеті. Х Х ғасырдың басындағы қазақ қоғамы жатқан отар ел болатын. Халқы үшін сол кезде бебеу қаққан ойшылдардың көзімен көріп, сөзімен айтқанда бұл тұстағы қазақ халқы «көгі қараңғы, көңілі ұйқылы, еспесі жоқ қайғы қалтылдақ, малы

талауда, жаны қамауда» болған «қайран ел, қайран жұрт» еді. Қазақ халқын әлеуметтік теңдікке , азаматтық мәдениетке жеткізетін , амал-әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу «надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз-бәрі надандық кесапаты».

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен бірге қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізінде қазақтың мәдени дүниесіне көп ғасырлық дәстүрі бар , өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан , туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кезіндегі интелегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды сол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліпбидің» жаңа түрін жазды.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды.

«Тіл – құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл – құралдарының» орны айрықша.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалауындағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі – ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жаңғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екені олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Ахмет Байтұрсынұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген екі бөлімнен тұратын екі кітапты «Тіл жұмсар» деген еңбегі белгілі. Ол методика саласында 1910 жылдардан бастап 1927-1928 жылдарға дейін бірнеше материалдар жинаған. Жазу таңбаларын үйрету амалдарын түсіндіретін «Баяншы» атты кітапшасы 1912 жылы жарық көрген. Жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліпби астары» методикалық еңбегінде тағы көрсетеді. 1927-1928 жылдары «Жаңа мектеп» журналында қазақ тілі методикасына арналған бірнеше мақала жариялайды.

Қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақтың ұлттық жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен. Бұл үшін араб алфавиті негізіндегі «Байтұрсынұлы жазуы» дүниеге келген екінші сол жазумен сауат аштыруды ойлаған бұл үшін «Оқу құралы» атты әліппе оқулығын жазған одан соң қазақ тілінің граматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған бұл үшін «Тіл құралды» жазған.

Ахметтің қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып өз топырағызыдан тауып оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (синтаксис) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде айтылған болатын. Ғалым өз қолымен жазылған «Өмірбаянында» (1929, 8 наурыз) былай деді: «Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен: екіншіден, қазақ алфавитін (штрифін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен: үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан , басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен : ақыры, ең соңында , төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жады тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған және өзім редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты».

Бұл жолдарда ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылған. «Тіл-адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып , сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып , жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. . . », -деп жазды ол.

Бұдан кейін жазуға үйрету, хат таныту мәселелері сөз болды. Қазақ мектептеріндегі оқыту жайлы, олардың қиындықтарын айта келіп , автор өзінің оқыту әдісін ұсынады. Жалпы ғылыми мәні бар пәкәрлерді де айтып отырады. Мына тұжырымға көңіл бөліп, ой жүгіртіп көріңіз: «Дүниедегі жұрттардың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1). Түбіршек тіл, 2). жалғамалы тіл, 3) копармалы тіл. Түбіршек тіл түпкі қалыбынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен: қытай, жапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгертілетін тіл, мәселен: орыс тілі, араб тілі». Дәл бүгін айтылғандай әсер қалдыратын бұл пікіріне таңданбасқа шара жоқ

«Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сінді. Қазақ мектебі қазақ тілі секілді орында оның еңбегі мол. . . Әр тілдің айтылуында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды» - деп, жазды Сәбит Мұқанов, 1929 жылы 5 мамырда Ахмет Байтұрсынұлының өз қолымен жасап берген газет және журналдарда жарияланғаннан басқа ғылыми, ғылыми методикалық, еңбектердің тізімі» деген құжат ҚазПУ архивінде сақталған.

Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «. . . Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. Байтұрсынұлы қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 жылы, синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тілі білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл грамматикалық терминдерді қалыптастырды. Мысалы: зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, тағы басқа жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Байтұрсынұлының ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы Байтұрсынұлының 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент қалаларында салтанатты түрде аталды. С. Сәдуақасов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, Дулатов, Е. Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Әуезов Байтұрсынұлы туралы «Ақанның елу жылдық тойы» деген мақаласында «. . . Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хукіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі . . . әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды. 1929 жылы шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» (Мәскеу) Байтұрсынұлы тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді. 1933 жылы шыққан М. Баталов пен Сильченконның «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің очерктері» деген кітапшасында: «оның негізгі бағыты қазақ халқының қоғамдық-мәдени оянуына ықпал ету болды» деп Б-тың қоғамдық қызметін қорытындылады. Кейінгі коммунистік идеология Б. есімін ауызға алуға көп жылдар бойы тыйым салып, ол туралы сыңаржақ пікірлер айтылды. Саяси қысымның қаупіне қарамастан белгілі түркітанушы, академик А. Н. Кононов «Отандық түркітанушылардың библиографиялық сөздігі» деген еңбегінде (1974) Байтұрсынұлының толық өмірбаянын беріп, әлеуметтік-қоғамдық қызметін, басты еңбектерін нақты айтты. Оның қазақ әліппесінің авторы екендігі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазғандығы көрсетілді. 1988 жылдан кейін Қазақстандағы көптеген көше, мектептерге Байтұрсын есімі берілді. Тіл білімі институты, Қостанай университеті Байтұрсынның есімімен аталды. 1998 жылы оның туғанына 125 жыл толған мерейтойы салтанатпен атап өтілді.

Ахмет Байтұрсынұлының тарихтағы орынын, оның әлеуметтік-қоғамдық істерін дүниетанымдағы кейбір қайшылықтарын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі-Сәкен Сейфуллин. Ол- «Еңбекші Қазақ» газетінде «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген арнаулы мақала жазып, онда былай дейді: «А. Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патша, арам

қулықты атаман шабармандардың қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жырлап, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт –намысын жырлап, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз –ақ Ахмет еді. Ұлт қамы дегенді көкसेген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда бостандыққа жол көрсеткен Ахаң еді», -деп айтқан еді.

Бұдан кейінгі уақыттарда, «байтал түгел бас қайғы»дейтін күндер мен зұлмат жылдар туған шақта А. Байтұрсынұлы еңбектерін талдап тарихтағы орнын көрсетпек түгел, атын атаудың өзі-қылмыс, азамат басын жұтатын абақтыға апарар жолға айналды. Бірақ сонда да ескі газет-журналдарды, архивтерді ақтарған көне кітаптарды оқыған сұңғыла жандар алдынан тұтас тау сілеміндей болып А. Байтұрсынұлы мұрасы шығар еді. Көзі қарықты, қайрат-жігерінен, азаттығынан айырылмаған аға буынның кейбір есті өкілдері, кейде оңашада, алды-артына бір қарап қойып «Ақаң былай деген ғой» деп суырыла жөнелер еді.

Ақанның тарихи мұраларына тоқтала кетсек мынадай мән-жайларға ие боламыз. Қалайда халықты ояту, сезіміне әсер ету жылдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақорыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, дәл аударма жасау дәстүріне мойынсұнады. Бұрынғы ескі ертегі, хикая үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиялы-жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға әсер ету мақсатымен аудармалар бастыра бастады.

А. Байтұрсынұлының тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жүйелеу, оларға тарихи тұрғыдан баға беру тілші ғалымдардың еншісіндегі-зор жауапкершілігі бар іс. Ахмет Байтұрсынұв-тіл білімінің негізін қалаушы өшпес жұлдыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Егеменді Қазақстан» газеті.2003 ж. 28 қаңтар .Д. Ысқақұлы «Ел - бүгіншіл,менікі-ертеңгі үшін»
2. Н. Ермекқалиев «Ақындар».
3. Г.Қайыржанова «Әдебиет»
4. www. q-qljbal . aef. kz. Қазақстанның ресми сайты.
5. Айбын.Энциклопедия./Бас редакторы Б.Ө. Жақып.-Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.

ӘОЖ 316.276

ИСА БАЙЗАҚОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ МӘНІ

Қ. ӘЛЖАНОВА

магистрант, Инновациялық Еуразия университеті, Павлодар қ.

Тіл адам баласының қатынас құралы болуымен қатар, халықтың мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік күйін, дүниетанымын бейнелеуде маңызды да шешуші рөл атқаратыны мәлім. Халқымыздың сөз байлығы халықтың рухани өмірі мен тарихын, ұлттық нақышы мен дүниетанымын сипаттау құралы болып табылады. Бүгінде тіл табиғатын жан-жақты тануға арналған тіл біліміндегі зерттеу жұмыстары ұлттың ойлау жүйесіне тән ерекшеліктерімен және этностың өмір сүру болмысымен тығыз бірлікте алынып, коммуникативтік, когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерделенуде.

Тіл иесі болып табылатын белгілі бір этностың ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан тарихын, мәдениетін, ұлттық мінез-құлқын сипаттауда маңызды орын алатын ол – көркем туынды болып табылады. Себебі, көркем шығарма ұлттық болмысқа қатысты мәселелерді жинақтайтын күрделі құбылыс, біртұтас дүние ретінде әр ұлттың өзіне тән мәдениетінен, мінезінен, жан-дүниесінен хабар береді және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Осындай қаламгерлер қатарында И.Байзақовты айтуымызға болады. Ол – қазақ ұлттық мәдениетінің аса белгілі қайраткерлерінің бірі. Суырып салма ақындығымен қатар сазгер, театр қайраткері. Ол жай ақын емес М.Әуезовше айтсақ, «желпініп, үзілмей соққан сар даланың желі сияқты, сол даладай кең, мол ақындықтың иесі». Иса Байзақовтың тілінде халықтың мәдени өмірі мен тарихы, мыңдаған жылдар бойы жинақтаған таным мен білімінің көрінісі жатыр.

И. Байзақов поэзиясының тілдік табиғатын халқымыздың тарихымен, таным-түсінігімен байланыста қарастыру қазақ тіл білімінде ұлттық танымға негізделген жаңа үрдістегі зерттеудің мәнін ғылыми тұрғыдан байытар сөзсіз. Сондықтан ақын шығармаларында қолданылған кірме сөздерді лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан қарастыруды мақсат еттік.

И. Байзақов тіліндегі кірме сөздердің қолданысы назар аударып, ерекше сөз етуді қажет етеді. Жалпы, өзге тілдерден сөз қабылдау – тілдердің бәріне де тән құбылыс. Қазақ халқы да өзінің ұзақ даму тарихында бірсыпыра елдермен араласып, қарым-қатынастар жасаған. Осы аралас-құраластықтың, қарым-қатынастың нәтижесін тіліміздің лексикалық қабаттарынан байқаймыз. Сөздік қорымызға енген кейбір сөздердің әбден сіңісіп кеткені соншалық, кейде кірме сөздер екенін де аңғармаймыз. Олар күнделікті тұрмыста, ғылым салаларында, көркем әдебиетте актив қолданысқа енген. Қазақ тіліндегі кірме сөздердің басым бөлігін араб, парсы, монғол, орыс сөздері құрайды. Парсы тілінің маманы Л.Рүстемовтің зерттеуінше, қазақ тілі сөздік құрамындағы араб, парсы сөздері 17 пайыз шамасында болады екен. Араб-парсылық сөздердің

дыбыстық тұлғасы қазақ тілі заңдылықтарына бағынып, тіліміздегі төл сөздер қатарына қосылып кеткен. Лингвистер болмаса, көпшілік ажырата да қоймайды. И.Байзақов шығармалары тіліне зер сала келе, акын тілінде қолданылған бөгде тілдік элементтердің дені – араб, парсы, орыс сөздері екенін байқадық. Сонымен қатар басқа тілдік элементтер де кездеседі. Олардың көпшілігі тілімізге тереңдеп еніп кеткендігі соншалық, кірме сөз екені де аңғарылмайды. Мысалы:

Мұнартып көңілдің хошын; Көпке куә әріден Бадам көзі – самырсын!; Құлайды емен тік тұрып; Шайқастарда шыдап бактық қайыспай, Жай түсіріп дұшпанға; Сағынған солдат көңілі хабар күтті, Ынтығып күнді санап, апта санап («Ақмандайлым»).

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бойынша ерекшеленген сөздердің қай тілден енгені мен білдіретін мағынасын келтірсек:

Хош [иран] – көңілдің жан сүйсінерліктей жай-күйі, ықылас-зауқы. Куә [иран] – болған істің ақиқатын растаушы, шындығына айғақ болушы. Самырсын [лат] – өте биік өсетін қылқан жапырақты ағаш; қарағайдың бір түрі. Емен [лат] – шамшат тұқымдасына жататын жалпақ жапырақты көп жылдық ірі ағаш. Дұшпан [иран] – қас жау, қара жақ. Хабар [араб] – болған іс, оқиға, сондай-ақ біреулердің хал-жайы жөнінде білдірілген қысқаша мәлімет. Апта [иран] – ұзақтығы жеті күн тәулігіне тең уақыт өлшемі.

Қолданылған кірме сөздердің енді бір тобы араб сөздері болып табылады. Ол сөздерді лексика-семантикалық тұрғыдан жіктегенде жиі қолданылғаны дінге, имандылыққа байланысты лексикалық бірліктер. Мысалы:

Өзің мұнда, жігіт қайда, жар қайда?

Бар ма бұған айтатұғын уәжің? [1.8].

Уәжің[араб] – бәтуалы сөз, талассыз пікір, дәлелді жауап.

Жүдеп қалды-ау шалғайда, -

Соны іздейсің, өйтпеске жоқ лажың[1.8].

Лажың[араб] – шарасыз, амалсыз амал.

Діннен біз нені білуші ек:

Сәресін ішсе үлкендер [1.24].

Сәресі[араб] – ораза кезінде аузы берік адамның ауыз бекіту үшін таң алдында ішіп-жейтін асы.

«Жаным!» десе, жәбірлеп алатындай,

Жәбірлесе, айрылып қалатындай [1.25].

Жәбірлеп[араб] – зорлық-зомбылық, қиянат, қорлық.

Ал аязға не дауа?

Ән бойына он мың ине сұққасын?! [1.49].

Дауа[араб] – ел, шипа.

Ал ояну қиямет боп шықпасың?! [1.49].

Қиямет[араб] – Ислам дініндегі о дүние туралы ұғым.

Аузынан шыққан соңғы арыз:

- Мойнында деген мол парыз! [1.58].

Арыз[араб] – мұң-мұқтаж, тілек. Парыз[араб] – мұсылмандықтың міндетті түрде өтейтін борышы.

Қарай алмай, жолай алмай аруға,

Кете бардым әдеп сақтап, тыйылып[1.66].

Әдеп[араб] – адамдар қарым-қатынасындағы ізгілік нормаларының мүлтіксіз орындалуын білдіретін, қауымдасып өмір сүрудің дәнекері болып табылатын ахлақ ережелерінің жиынтығы.

Алғы шепте көрдім мен

Ақ қайыңды азап шеккен жастайың[1.70].

Азап [араб] – шаріғат заңдары бойынша істеген күнәсі үшін берілетін жаза.

Әлек қылды-ау, қиыспай да жуыспай[1.73].

Әлек [араб] – әуре, әбігер, азап.

Сұрайды сәби ұлдарым:

«Сондағы танкің қада?»-деп[1.71].

Сәби [араб] – жас нәресте, бүлдіршін, бөбек.

Тағдыр кейде қарамайды обалға:

Әппақ Баян бұйырды сұм Қодарға[1.77].

Тағдыр[араб] – күдіреттің жазуы, жазмыш; адам өміріндегі барлық оқиғалардың алдын ала белгіленуін білдіретін діни ұғым.

Қызғанады аяулы, адал атынан,

Қызғанады сарғайған көп хатынын. [1.77].

Адал[араб] – Ислам шарттары толық сақталған, ішіп-жеуге жарамды, арам емес.

Тәуекел танкісіне мініп едік,

Қадырын сонда өмірдің біліп едік[1.78].

Тәуекел[араб] – бір іске жалтақтамай батыл кіріскендік, белді бекем буынғандық.

Биязы, пейіл берсе, періштемдей,

Қуырса, күдіреті құдайымдай[1.79].

Пейіл[араб] – ниет, пиғыл, ықылас, көңіл.

Күдірет [араб] – құдай, Алла, тәңір, жасаған, жаратушы.

Қолы ашық, даяр сыйлы қонақасы,

Кәнекей ойда жоқта келе қалшы[1.79].

Даяр[араб] – алдын-ала қамдалған, әзір, дайын.

Ол өзіндей зағип қызға үйленген[1.82].

Зағип[араб] – кемтар, мүгедек, жарымжан.

Жоғалтпайды ол есін,

Не қасірет кешсе де[1.86].

Қасірет[араб] – басқа істің ақиқатын растаушы шындығына айғақ болушы.

Танк балқып, құрысканда қайыстай,

Болат бу боп ұшқанда[1.90].

Болат[араб] – белгілі мөлшерлі көміртегі мен темірдің, тағы басқа элементтердің қосындысынан жасалған қатты металл.

«Отан үшін отқа түссең құлшын нық,-

Күймесіңе біз кепіл!» [1.90].

Кепіл[араб] – заттың ұшын байламай бекітуде көлденең қойылатын тиянақ зат, шығыршық.

«Таққа мініп,

Тәж киердің алдында

Оққа ұшқан жанның да

Арманы жоқ...»десе біреу, нансаң сен,

Қандай парық бар мұнда? [1.92].

Парық[араб] – бір нәрсенің екінші нәрседен айырмасы ерекшелік.

Ата аруағын шақырған[1.92].

Аруақ[араб] – жан денеден бөлек өмір сүреді деген көне ұғымнан туатын наным бойынша өлген кісінің тіршіліктегі адамдарды желеп-жебеп жүретін рухы.

И. Байзақов шығармаларында қолданылған орыс сөздері акын өмір сүрген қоғам келбетін танытады. Акын кірме тіл элементтерін жаңа дүние жаңалықтарымен байланысты қолданған. Мәселен, «Жұмыскер еңбегіне сенетұғын» өлеңінде:

Салдырған құла түзге Түрксібті,

Жетуге жолы жақын алысынын.

Немесе:

Өсірген шаруамызды колхоз, совхоз,

Еңбекпен ұйымдасқан неше мың жүз.

Комбайн, тракторды ат қып мініп,

Тетігін техниканың меңгердік біз.

Өлең жолдарындағы *колхоз, совхоз, комбайн, трактор, техника, Түрксіб* сөздері ұлт мәдениетіне еніп жатқан қоғамдық өзгерістерді танытар мәдени бірліктер. Ақынның желдірмелеріндегі:

Нормасын екі-үш есе орындатып,

Рапорт Сталинге берді талай.

Немесе:

Бесжылдыққа, даярлыққа ұлы дабыл қағылды,

Қарағанды қара алтыным дариядай ағылды,

Сәулеттеніп, сағымданған заводым,

Көмір жинап, еңбек қайнап – алтын шырақ жағылды

– дегендерінен кеңес жылдарындағы қоғам көрінісі танылады. Кірме сөздердің тілдің өзіндік сөзжасам тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер екені белгілі. Кірме сөздер қай тілдің болсын лексикасын байытар өнімді тәсіл болып саналады. Қазір кірме сөздері жоқ тіл жоқ деп батыл айтуымызға болады. Дүние жүзіндегі барлық халықтар бір-бірімен сөз алмасадy және сөз алмасу құбылысы екі жақты болып табылады. Келтірілген мысалдарда ерекшеленген сөздерді шартты түрде орыс сөздері деп алғанымызбен, олардың барлығы бірдей орыс сөздері емес. Мәселен, комбайн, трактор сөздерінің түп негізі – ағылшын сөздері болса, колхоз, совхоз – орыс сөздері. Бұлар – дүние жүзіндегі көптеген елдерге тараған интернационалдық терминдер. Орыс тілінде де интернационалдық терминдер мол. В.И.Дальдің сөздігіне 1820-1850 жылдар арасында орыс тіліне енген 750 сөз кіргізіліпті. Халықаралық терминдердің енуі сол жылдармен тоқталып қалған жоқ, кейінгі ғасырларда да қоғамдық өзгерістер мен техниканың дамуына байланысты сөздер толқыны толастамай енуде. Олар жалғыз бір тілдің аясында шектелмей, көптеген тілдерге ортақ кең шеңберде қолданылады. Қазақ тіл білімінде орыс тілінен ауысқан кірме сөздер екі кезеңге бөлініп қарастырылады: Қазан революциясына дейінгі кезең және революциядан кейінгі кезең. Революцияға дейінгі кезеңдегі сөздер қазақ тіліне ауызекі түрде ауысса, революциядан кейінгі кезеңде ауысқан сөздер, негізінен, баспасөз арқылы енген. Аталмыш сөздер баспасөз арқылы енген сөздерге жатады.

Дүние жүзіндегі тіл атаулының сөздік қорын байытуға үлкен үлес қосқан тілдер бар. Бұндай тілдердің қатарында грек, латын тілдерін атауымызға болады. Оны тіліміздің лексикасындағы көптеген терминдердің түп төркініне этимологиялық талдау жасау арқылы анықтауға болады. Кейіннен бұл тілдердің орнын ағылшын, орыс тілдері басты. Кезіндегі одақтас елдердің тілдеріне советизмдер мен халықаралық терминдердің көптеп енуіне тікелей себепші болған — орыс тілі. Сондықтан кеңес өкіметі жылдарында жарық көрген шығармаларда советизмдердің және басқа да орыс сөздерінің қолданылуы жиі кездесетін жайт.

Қаламгер ұлт тілінің тұнық болуына аса сақтықпен қараған. Сол себепті де орыс сөздерін шығармаларында мейлінше аз пайдаланған. Дегенмен, кез келген қаламгер өзі өмір сүрген қоғамның перзенті. Шығармаларына өз қоғамының кескін кейпін арқау етеді. Сондықтан ақын өлеңдерінде кеңес өкіметі жылдарында әдеби тіл нормасы ретінде қалыптасқан сөздердің қолданылуы заңдылық. Яғни, көркем сөз дүниесіне ұлт мәдениетіндегі барлық өзгеріс өз бейнесін қалдырып отырады. Ақын шығармаларында кездесетін орыс сөздері қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынас, өндіріске қатысты жағдайларды, қазақ өміріндегі болып жатқан өзгерістерді, шынайы дүниенің тілдік бейнесін беруде қолданылған. И. Байзақов тіліндегі кірме сөздердің өзге мәдениеттен хабар берер тілдік деректер сипатында болғанын аңғарамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әлімбаев М. Ақмаңдайлым. Павлодар, 20011 – 228 б.

UDC 101.9

SULTANMAKHMUT TORAIYROV'S PHILOSOPHICAL VIEWS

Z.S. BAIBAKINA

graduate student PSU named after S. Toraigyrov, Pavlodar c.

Sultanmakhmud Toraigyrov was born on October 28, 1893 in Bayan-Aul area (nowadays Pavlodar region) in the family of the cattle-farmer. His father, the poor nomad, was hardworking and literate person. Mother died when future poet was only a year. The sad childhood, half-starved existence — here what Sultanmakhmud saw. His father taught him the letter, then he was taught by mullah from 1902 to 1907.

Купил человек себе новый дом-большой, красивый - и сад с фруктовыми деревьями возле дома. А рядом в стареньком домике жил завистливый сосед, который постоянно пытался испортить ему настроение: то мусор под ворота подбросит, то еще какую гадость натворит.

Однажды проснулся человек в хорошем настроении, вышел на крыльцо, а там – ведро с помоями. Человек взял ведро, вылил помой, ведро вычистил до блеска, насобирал в него самых больших, спелых и вкусных яблок и пошел к соседу. Сосед, услышав стук в дверь злорадно подумал: «Наконец-то я *достал* его!». Открывает дверь в надежде на скандал, а человек протянул ему ведро с яблоками и сказал:

Кто чем богат, тот тем и делится!

Эта притча выбрана не случайно. Здесь много прилагательных единственного и множественного числа, есть хорошая основа для воспитательной беседы. Читая притчу, даю задание: 1) Определите основную мысль; 2) Найдите ключевые слова; 3) выпишите из текста дополнение, определение и обстоятельство.

Обучающиеся легко находят из текста имена прилагательные единственного и множественного числа. На заданные вопросы к тексту ребята быстро отвечают, подкрепляя свои рассуждения примерами из жизни, из прочитанных книг.

Семантическая карта

дополнение	определение	обстоятельство
Себе, деревьями	Большой, красивый, стареньком, завистливый	Возле дома, в стареньком домике

При изучении тем «Самообразование и самовоспитание личности», «Антонимы», «Однородные члены предложения» можно использовать притчу «Два волка».

Два волка

Когда – то давно старик открыл своему внуку одну жизненную истину:

– В каждом человеке идет борьба, очень похожая на борьбу двух волков. Один волк представляет зло: зависть, ревность и ложь. Другой волк представляет добро: мир, любовь, истину, доброту и верность. Внук, тронутый до глубины души словами деда, задумался, а потом спросил: - А какой волк в конце побеждает?. Старик улыбнулся и ответил: - Всегда побеждает тот волк, которого ты кормишь.

Задания:

Определите основную мысль.

Из текста найти положительные и отрицательные черты характера человека. Составление диаграммы Венна.



Задание 1: подобрать к данным словам противоположные по значению слова. Например:

доброта- злость

верность – предательство

мир-война

любовь- ненависть

истина – ложь

Задание 2: Найдите однородные члены предложения и обобщающие слова.

Утверждая правильность ответов обучающихся, определяется грамматическая тема урока (Антонимы).

Домашнее задание. Написать сочинение на тему: «Добро и зло»

На завершающем этапе занятия для воспитательного аспекта, применяем притчи нравственного характера. Применение притчи дает толчок речевой, умственной и творческой деятельности обучающихся.

Мудрец и бабочка

Притча

Это произошло давным-давно. В одном городе жил мудрец. Все люди города обращались к нему с вопросами и на все вопросы он давал свой мудрый ответ. Как-то один человек решил перехитрить мудреца. Пришел он на луг, поймал бабочку. Легко зажал ее между сомкнутых ладоней и подумал:

«Пойду я к мудрецу. Спрошу какая у меня в руке бабочка-живая или мертвая?»

Если мудрец скажет, что живая, то зажму сильнее, придавлю ее и покажу, что вот, мол, мертвая. А если мудрец скажет, что мертвая, то выпущу ее, пусть летит». Так и сделал. Пришел и говорит: «Мудрец ты у нас все знаешь, тогда скажи мне, живая у меня в руке бабочка или мертвая?» Мудрец подумал и сказал: «Все в твоих руках!»

Читаем притчу. Сюжет развивается и я прерываю текст на самом интересном месте.

Вопрос: Что ответил мудрец?

Даю задание: допиши, придумай, что будет дальше? (Рассуждение ребят)

Показ слайда с продолжением притчи.

Ответ: «Все в твоих руках».

Разноуровневые задания

Составление кластера к слову «Мудрость»



По этой схеме составляется примерно следующий текст.

Мудрость – это целая наука. Чтобы овладеть этой наукой, нужно безуданно идти к своей цели и обладать большой силой воли. Только мудростью и умом можно добиться великой истины и блага. С древности глубокие знания передавались через притчи.

«Собери мозаику». Из слов составить одно целое предложение.

3 4 5 6 1 2
человек, решил, перехитрить, мудреца, как-то, один.

Составить «Синквейн» (пятистишие) к слову «Мудрец»

1. мудрец
2. умный, благородный
3. воспитывает, направляет, вдохновляет
4. своей мудростью поучает других
5. светила

Используя притчи мы научим обучающихся самостоятельно рассуждать и делать правильные выводы. Умелый подбор притчи, продуманная работа над их содержанием помогает не только овладеть языковым материалом, но и формирует личность обучающегося. Важно, чтобы обучающийся не просто прочитал текст, выполнил задания к нему, но чтобы он задумался над поступками героев. Они освобождаются от напряжения и приобретают новые познания при изучении притчи. Применяя новые требования, мы повышаем компетентность знания, умения и навыков обучающихся. Для достижения цели каждое слово преподавателя должно выражаться эмоциями, чувствами, восхищениями. Создание на занятиях атмосферы для нравственного обогащения обучающихся помогает им усваивать понятия о доброте, отзывчивости, справедливости, быстрее распознавать в жизни добро и зло, чуткость и равнодушие, искренность и ложь.

Метод работы с текстом требует от обучающихся творческого подхода к данным заданиям. В работе с басней И.А.Крылова «Стрекоза и Муравей» учащиеся находят свои варианты, т.е. интерпретируют.

Стрекоза и М ...

Попрыгунья С ...
Лето жаркое пропела

Оглянуться не ...
Как зима катит в глаза
Побелело снегом ...
Нет уж дней тех теплых боля
Как под каждым ей листком
Был готов и стол и ...
И к кому же в ум ...
На желудок неть ...
Злой тоской удручена
К Муравью ползет ...

Деловые игры могут иметь разную целевую направленность. Технологию разработки и проведения игры можно разделить на следующие этапы: подготовка, проведение, анализ и обсуждение.

При изучении темы «Стили речи» целесообразно проведение **организационно-деятельностной игры**.

Этап подготовки. Разработка сценария – условного отображения ситуации и объекта. В содержание входят: учебная цель занятия, описание изучаемой проблемы, обоснование поставленной задачи, план деловой игры, общее описание процедуры игры, содержание ситуации и характеристик действующих лиц.

Ввод в игру, ориентация участников и экспертов. Определяется режим работы, формулируется главная цель занятия, обосновывается постановка проблемы и выбора ситуации. Выдаются пакеты материалов, инструкций, правил, установок. Ведущий корректирует действия участников, если они уходят от главной цели игры.

По теме «Функциональные стили речи. Публицистический стиль» группа делится на подгруппы – продюсерские центры, «Дружба», «Фортуна», «Надежда», «Спаси мир». Каждой группе дается определенная условная проблема, как «Интернет – зависимость», «Подготовка к ЕНТ», «Дети-сироты», «Вред и польза курения». Каждая подгруппа по заданной теме снимает ролик. Главные цели – составить сценарий, учитывается стилевая выдержанность, режиссерская работа, актерская работа, актуальность социальной проблемы. Члены каждого продюсерского центра снимают свои ролики на местах. Например команда «Дружба» снимала свой ролик в Интернет-клубах, привлекая к беседе людей, сидящих за компьютерами.

Команда «Надежда» снимала свой ролик в детском доме. Показали жизнь и быт детей-сирот, провели с ними беседу, узнали их мечты и цели.

Команда «Спаси мир» сняла ролик о вреде и пользе табака. Сначала показали интересный материал о вреде курения и табакозависимости в форме коллажа, на основе материала, взятого из Интернета. Очень интересным прошел интервью с работниками рынка, которые зарабатывали себе на жизнь продажей сигарет. При показе материала о пользе табачных изделий отметили, что бюджет страны пополняется за счет налогообложения спиртных и табачных изделий. На этапе анализа, обсуждения и оценки результатов игры выступили эксперты, провели обмен мнениями, защита студентами своих решений и выводов. В заключение педагог констатирует достигнутые результаты, отмечает ошибки, формулирует окончательный итог занятия.

Таким образом, особенности активных методов обучения заключается в решении психологических проблем в коллективе, высоком уровне мыслительной (интеллектуальной), аналитической деятельности обучающихся. Практическая деятельность способствует более прочному усвоению знаний. Повышает интерес к занятию, что сопряжено с положительными эмоциями и идет эмоционально-интеллектуальный отклик на обучение. Наблюдается высокий уровень мотивации, самоуправления. Развиваются творческие и коммуникативные способности.

Наша страна доверила нам самое дорогое – свое будущее, свою смену. Мы должны оправдать это доверие. И пусть девизом каждого преподавателя будут слова притчи «Все в твоих руках!».

ЛИТЕРАТУРА

1. А.К.Мынбаева, З.М. Садвакасова «Инновационные методы обучения, или Как интересно преподавать: Учебное пособие, 7-5-е изд.- Алматы, 2012 г.
2. Ж.А. Сихамбекова «Сборник притч», 2011 г.
3. Т.Н. Лось (Журба) «Возможности информационных технологий в преподавании русского языка».
4. В.И. Шаповалов Формируем конкурентоспособную личность. Школьные технологии. -2003. -№ 3.
5. А.А. Вербицкий Деловая игра как метод активного обучения // Современная высшая школа.- 2005. №3.

КӨПТІЛДІЛІК – ПОЛИМӘДЕНИЕТТІ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Д.К. ҒАББАСОВА, С.Ч. ИСМУРЗИНОВА
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдер, № 6 ЖОМ, Павлодар қ.

Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды.

Абай Құнанбайұлы

Көптілділік – заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы ғана, әлем суретін әр алуан әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады. Көп тілді үйретудің қай қырын алып қарасақ та, жүргізілетін жұмыстардың басты мақсаты-білім берудің сапасы мен нәтижелілігін арттыра отыра, полимәдениетті тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Тағдыр жазуымен әр түрлі саяси оқиғалар дүрбелеңі салдарынан қазақ жеріне паналаған . мұнда күшпен қуып әкелінген ұлттар мен ұлыс өкілдері бүгін байырғы ұлт өкілдері — қазақтармен ішек-қарны араласып, бір отбасының балаларындай өсіп-өніп, қазақ топырағына кіндігімен байланып жатыр.

Полилингвизмнің қажеттілігі жайлы Елбасымыз «Мен өзім жеке біздің елде орыс тілі мен қазақ тілін қатар білгенді қолдаймын»,- деген. «Қазақстан халқы дүние жүзінде үш тілді бірдей пайдаланатын ел ретінде көрінуі тиіс. Бұлар – қазақ тілі, яғни, мемлекеттік тіл, орыс тілі- ұлтаралық қатынастар тілі және ағылшын тілі- әлемдік экономиканың сәтті қолданысындағы тілі» делінген Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында.

Еліміздің әлемнің дамыған елу мемлекеті қатарынан орын алу үшін бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған жас ұрпақты қалыптастыру мәселесі алға шығып отыр. Өйткені тек бәсекеге қабілетті азаматтар ғана Отанымыздың тұрақты дамуына, бәсекеге қабілеттілігіне өз үлесін қоса алады. Шығармашылық тұрғыдан ойлайтын, ой – өрісі, дүниетанымы дамыған, Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі – мектепте көптілді және билингвалды білім беруді жолға қою болып табылады.

Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылық және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдету мәселесіне ерекше мән берілген. Сонымен қатар бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударады.

Сондықтан қазақ тілін оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгеруді жолға қою – бүгінгі таңдағы орта білім жүйесінде педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі. Педагогикалық жұмыстың осы бағытындағы мәселелер, оларды шешу жолындағы ұмтылыстар, ізденістер нәтижесінде көптілді және билингвалды білім беру саласында біраз тәжірибе жинақталды.

Көптілді және билингвалды білім беру үлгісін енгізудің идеялық негізіне Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында айтқан «Бізге кейбір пәндерді мектепте оқыту бір мезгілде қазақ тілінде де, орыс тілінде де жүргізілуі туралы ойласу керек. Бұл – біздің бүкіл білім беру жүйеміз үшін жаңа міндет» деген сөздері басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде үш тілді білім беру моделін енгізудің өзектілігі мынада:

- бүгінгі қазақстандық қоғамда көптілді, көп мәдениетті тұлғаға деген сұраныстың артуы;
- ұлттық мектеп бітірушілерін жалпы қазақстандық және әлемдік білім және ақпарат кеңістігіне кіріктірудегі мәселелерді шешу қажеттілігі;
- болашақ ұрпақты қазақстандық патриотизмге, ұлтаралық қатынас мәдениетіне тәрбиелеудің өзекті мәселеге айналуы;
- аз ұлт өкілдерінің этникалық ерекшеліктерін сақтаумен бірге олардың жалпықазақстандық экономикалық, әлеуметтік – мәдени үрдістерге толыққанды қосылуына жағдай жасау;
- мектеп бітірушілерінің коммуникативтік және ақпараттық құзырлықтарының жеткілікті деңгейіне қол жеткізу.

Бұл өзекті мәселелерді жүзеге асыру үшін басты мақсат анықталды. Ол – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде үш тілде білім меңгерген, көптілді коммуникативтік құзырлықтары қалыптасқан, көп мәдениетті, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Қазақ тілін оқу құралы ретінде пайдалану:

- Әр түрлі пәндерді қазақ тілінде оқыту;
- Аудармасыз оқыту;
- Көптілді оқытуда мектеп, отбасы, педагогикалық ұжым мен жұртшылықтың ынтымақтастығы;
- Тіл меңгеру және мемлекеттік білім стандарттары деңгейінде;
- Оқытудың жеке, жұптық, топтық және ұжымдық формаларын біріктіру.

Бір тіл ұстанымы.

Әлемдік білім берудің іс-тәжірибесі негізінде де (АҚШ, Франция, Англия, Германия елдерінде) мемлекеттік тілді білу арқылы жүзеге асыру басшылыққа алынады.

Қазақ тілінің өзге ұлт мектептерінде оқытылуы – мемлекеттік тілдің өркендеп дамуына, келешекте ғылым тіліне айналуына жол ашу деген сөз. Мектебімізге қазақ тілін оқыту бірнеше жылдардан бері төмендегідей арнайы ережелерді басшылыққа ала отырып, кезең- кезеңмен жүзеге асырылып келеді:

- пәннің білім мазмұнын анықтау. Дамытушылық ұстанымдарын басшылыққа алып, оқуға пайдаланатын материалды нақтылау;
- оқу-тәрбие үрдісінің оқушылардың жас және жеке дербес ерекшелігі мен қажеттілігіне қарай құрылуы;
- бағдарлама оқушыға қиындық туғызбау үшін оны шамадан тыс толықтырып, күрделендірмеу;
- оқушылардың негізгі бағдарлама мазмұнын жоғары деңгейде меңгеруі;
- бүкіл оқуда әр түрлі қолжазба материалдарымен, қосымша әдебиеттермен, электрондық оқу құралдарымен толықтырып отыру;
- оқушының өз бетінше жұмыс істеуіне, ой-өрісін кеңейтуіне мән беру;
- жыл бойы білім дәрежесін үздіксіз тексеріп, диагностикалық талдау жүргізу;
- қазақ тілі пәнінен оқыту-әдістемелік кешендер әзірлеу, қазақ тілі пәнін оқытудың оқу-материалдық базасын нығайту.

Мемлекеттік тілді осылайша оқыту өз жұмысын беріп келеді. Оның қолдану аясын кеңейту мақсатында мектепте көп жұмыстар қолға алынған:

1. қазақ тілді ортаны қалыптастыру үшін аптаның сәрсенбі күні «Бірыңғай мемлекеттік тілде сөйлейік» шарасы өткізіліп тұрады. Ұжым арасында мемлекеттік тілді қаншалықты деңгейде білетінін сынайтын сайыс, оқушылар арасында «Мемлекеттік тіл- менің тілім», «Қазақшаңыз қалай» атты сайыстар өткізіледі.

2. оқушылар арасында тілді дамыту мақсатында өзге ұлт арасында мемлекеттік тілді білу деңгейіне байланысты «Мемлекеттік тіл- менің тілім» атты қалалық байқауларға қатысады.

3. ата-аналар мәжілісі, педагогикалық кеңестің бастамасы қазақ тілінде басталады.

Жуырда мектебімізде «Көптілділік – жан-жақты мәдени тұлғаны қалыптастыру негізі» атты педагогикалық кеңес өтті. Бұл педагогикалық кеңеске мектеп әкімшілігі бір айға жуық дайындалды. Мектеп әкімшілігімен жұмыс жоспары дайындалды. Мектеп ішіндегі тілдік жағдаят қарастырылды Алдын ала оқушылар мен мұғалімдер ұжымы арасында көптілділікке қатысты сауалнама өткізілді. Сауалнама 3- 11 сынып оқушылары арасында өткізіліп, 187 оқушы қатысты. Бірінші сауал: Көптілділікті біздің мектепте енгізудің көкейкестілігін жақтағандар саны 164 оқушы (88 %), келіспеген 26 оқушы (12%), екінші сұрақ – сабақты және сыныптан тыс шараларды қазақ, орыс, неміс, ағылшын тілінде өткізу ұнай ма? деген сауалға 152 оқушы (81%) ұнайтынын жазған, ұнамағандар саны 35 оқушы (18 %). Ал ұстаздар арасында бірінші сауалға «жоқ» деп жауап бергендер саны – 7 (17,5 %), «иә» деп жауап бергендер -33 (82,5%). Бұл сауалнама нәтижесін сараптай келе мынадай шешімдер шығаруға болады:

1. Оқушылар мен ұстаздар ұжымы көптілділікті енгізудің маңыздылығын түсінеді, оның мектеп үрдісіне енуін жағымды көзқараспен қабылдайды.

2. Мектеп ұсатздары үштұғырлылықты ең алдымен сыныптан тыс шараларда, содан кейін сабаққа енгізуге болатынын атайды.

Сонымен қатар үш тілді қазақ, орыс, ағылшын тілін сабақта қолдану көрінісі берілді. Ұстаздармен ашық сабақ көрсетілді. Педагогикалық кеңес отырысында ашық сабақ көрсеткен ұстаздар өз сабағынан видео фрагменттер көрсетіп, оның нәтижесін, жағымды жақтарын дәлелдеп берді. Кеңес соңында рефлексия жасалып, бағалау парағы таратылды.

Әр ұстаз өз ойын, көзқарасын білдіре алды.

Көптілді және билингвалды білім берудің бейімделген үлгісін мектептің оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің нәтижелерін сараптау, сандық және сапалық талдау біздің іс-тәжірибеміздің тиімділігін дәлелдей түседі. Оқушылардың оқуға қызығушылығы артты.

Орта мектепте үш тілде оқытудан мына нәтижелерге жетуге болады:

- ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары талаптары деңгейінде қалыптасқан білімдерін ана тілі, мемлекеттік тіл, орыс тілінде еркін білдіретін мектеп бітірушісі;
- түлектің көптілді коммуникативтік және ақпараттық күзінеттілігі;
- көп мәдениеті, рухани- адамгершілік, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейі;
- ұлттық және жалпы қазақстандық құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығушылық танытатын, отансүйгіштік және азаматтық сана-сезімдері дамыған тұлға;
- мектеп түлектері еңбек нарығында, өмірлік қызметте тілдік кедергілерге ұшырамайды.

«Тілі бірдің- тілегі бір», «Тіл тағдыры- ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі –тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз. Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып-білуге деген қызығушылықтары мен ұмтылысын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббатын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу – басты міндетіміз.

Өзім сабақ беретін орыс тілінде білім алатын 6-7 сынып оқушыларына мемлекеттік тілді меңгертуге кедергілер болды. Бірақ, тіл үйрену бойынша қосымша сабақтар ұйымдастырдым, сабақтан тыс уақыттарда сынып балаларын қатыстыра отырып тек қазақ тілінде грамматикалық ойындар мен мәдени-тәрбие сағаттарын өткіздім, әдебиет сабақтарында өтілетін оқу материалдарының ыңғайлы жерлерін сахналық қойылымдарға айналдыра орындаттық. Соңынан «Қуыршақтар отауы» үйірмесін ұйымдастырдық. Балалар қызығушылықпен «Қасқыр мен түлкі», «Жеті лақ» сияқты ертегілерді қуыршақпен ойнатып, сөйлетті. Мұндай көріністермен «Самал» орталығына «Түлкі мен қоян», № 122 балабақшасына «Жасартатын келдек» атты ертегі қойылымдарымен саяхатқа шықты.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ойын элементтерін молырақ пайдалану тиімді болып шықты. Балалар тілдік кедергілерді жеңіп, қазақ тілінің грамматикасын меңгерді.

Қорытындылай келе, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін көптілді формат бағдарламасы бойынша оқытудағы мәселелер төмендегіше болды:

1. Көптілді мектептерге арналған арнайы оқулықтар шығарылуы қажет;
2. Көптілді мектептерге арналған маман кадрлар даярлау қолға алынуы тиіс;
3. Көптілді форматпен оқытуға арналған қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік құралдар, электронды оқулықтар құрылуы керек;
4. Материалды база жеткіліксіз;

Көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үніліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік деп айтар едік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы. 1/2013
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 5/2010
3. «Қазақстан мектебі» журналы. 6/2011. Ж.Жакенова. Үш тілде білім беру- заман талабы. 3-4 бет.
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 10/2009. Қ.Жүнісханова. Тіл мерейі- ел мерейі. 139-143 бет.

УДК 372.881.161.1

ОРГАНИЗАЦИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

Н.В. ДОРДЕНКО

учитель русского языка и литературы, Кенжекольская СОШ, с. Кенжеколь

Г.Ж. КАБУЛОВА

учитель русского языка и литературы, Кенжекольская СОШ, с. Кенжеколь

В современных условиях, когда объем необходимых для человека знаний резко и быстро возрастает, уже недостаточно только усвоение определенной суммы знаний. Ни одна школа не в состоянии дать человеку всех тех знаний, которые потребует от него жизнь. Но школа может привить детям необходимые навыки: умение думать, приобретать, творчески усваивать знания и применять их на практике.

Вот почему инициатива и мыслительная активность учащихся становятся неотъемлемой частью современного урока, а проблема выработки форм и методов обучения не только обеспечивающих прочные знания основ наук, но и воспитывающих самообразовательные навыки, является одной из актуальных методических проблем.

Эту проблему можно решить путем усиления самостоятельной работы учащихся на уроках.

Организация самостоятельной работы учащихся – одна из важных проблем обучения. Она обеспечивает активное усвоение программного материала и овладение соответствующими практическими умениями и навыками. Основная задача учителя – обеспечить полную нагрузку каждому из обучающихся в течение всего урока, дать возможность более рационально использовать учебное время как для ученика, так и для учителя. К сожалению, современные школьники не интересуются русской классикой, книгу им заменили компьютер и телевидение, а это не способствует улучшению устной и письменной речи, привитию интереса к русскому языку. Наряду с позитивным влиянием компьютера на процесс обучения надо отметить и негативное: происходит «отторжение» ребенка от общения с окружающими людьми. Поэтому, мы поставили целью обучения формирование у обучающихся языковой и коммуникативной компетенций. Компетенция включает совокупность взаимосвязанных качеств личности (знаний, умений, навыков, способов деятельности), задаваемых по отношению к определенному кругу предметов и процессов и необходимых для качественной продуктивной деятельности по отношению к ним. Выходит, что компетенция для ученика – это

образ его будущего, ориентир для освоения. Коммуникативная компетенция включает знание необходимых языков, способов взаимодействия с окружающими людьми и событиями, навыки работы в группе, владение различными социальными ролями в коллективе. Ученик должен уметь представить себя, написать письмо, анкету, заявление, задать вопрос, вести дискуссию и т.д.

Языковая компетенция предполагает знание самого языка, его устройства и функционирования, языковых норм, в том числе орфографических и пунктуационных.

Именно языковая и коммуникативная компетенции способствуют формированию умений и навыков речевого общения. А для этого необходимо создавать на каждом уроке условия речевого общения. Речевая деятельность формируется во всех ее видах – чтении, говорении, письме, аудировании[1].

В процессе изучения русского языка ученики должны не только овладеть определенными компетенциями, но и приобрести умения самостоятельно добывать любые знания, находить ответы на вопросы, выдвигаемые жизнью.

Нами разработан курс по выбору «Язык и жизнь» для учащихся 6 класса.

Цель курса: развитие интереса учащихся к русскому языку, воспитание интереса к слову, формирование знаний о функционировании русского языка, развитие коммуникативных умений и навыков, обеспечивающих свободное владение русским литературным языком в разных ситуациях общения.

Курс «Язык и жизнь» ставит следующие задачи:

- углублять и расширять знания учащихся по предмету, формировать лингвистические компетенции;
- расширить, обогатить и систематизировать активный словарь учащихся, пробуждать потребность школьников к работе над развитием правильной, образной, колоритной, эмоциональной, логичной речи;
- формировать стремление учащихся к самостоятельной творческой и исследовательской деятельности по изучению тайн русского языка;
- совершенствовать коммуникативную культуру учащихся;
- воспитывать уважение к родному языку, интерес к чтению научной и художественной литературы.

В процессе занятий учащиеся узнают, почему мы так говорим; как возникают наименования географических мест, событий, явлений и предметов, имена, отчества и фамилии людей; почему «умирают» слова, появляются новые значения у старых слов.

Курс «Язык и жизнь» знакомит школьников с русским речевым этикетом, рассматривает вопрос об истории речевого этикета и его развитии в современном обществе. В то же время программа открывает возможность привлечения учеников к самостоятельной творческой и исследовательской работе, к анализу и реферированию доступной их возрасту лингвистической литературы, к подготовке сообщений по выбранной ими теме, к поискам раскрытия тайн имён, отдельных слов и фразеологических оборотов, географических названий своего родного края, города, посёлка, улицы и т. д., к сбору сказаний и легенд об их происхождении.

Эта деятельность стимулирует учащихся к работе с художественной литературой и популярной научной книгой, словарями, справочниками, что оказывает положительное воздействие на развитие коммуникативной компетентности учащихся.

Формы занятий разнообразны, увлекательны, интересны. На занятиях используются беседы, рассказ учителя, сообщения и презентации учащихся, занимательные лингвистические игры, компетентностно-ориентированные задания. Самостоятельное добывание знаний, усвоение учебного материала не только развивает познавательную сферу обучающихся, но и формирует у них навыки учебного труда, такие личностные свойства, как организованность, самостоятельность, усидчивость, трудолюбие, деловитость, требовательность к себе и другим, дисциплинированность.

Отправной точкой служит постулат, что ребенок по своей натуре является творцом и что наиболее полезные умения, которыми он должен обладать, – это умение решать проблемы и самостоятельно добывать знания. Согласно такому подходу, дети приобретают навыки решения проблем потому, что они этого хотят, а не потому, что кто-то решил, что им это необходимо.

Под самостоятельной работой при изучении русского языка нами понимается такая познавательная мыслительная деятельность обучающихся, которая направлена на приобретение знаний, умений и навыков и в процессе которой дети учатся наблюдать языковые явления, сравнивать и сопоставлять их, анализировать, обобщать, выделять главное, рассуждать, делать выводы, словом, овладевают такими логическими операциями, которые необходимы для самостоятельного решения вопросов, выдвигаемых жизнью[2].

Эти умения не заложены от природы, их надо развивать у обучающихся.

Психологами установлено, что упражнения или задания, выполняемые без чьей-либо поддержки, совершенствуют и укрепляют волевую сферу ребенка, тренируют обучающегося в принятии решений, формируют умение защищать свои решения и мнения, воспитывают внимание, целеустремленность и стремление довести дело до конца.

В связи с этим, самостоятельная работа обучающихся на уроках русского языка может стать при умелой ее организации прекрасным средством воспитания у обучающихся самостоятельного мышления, готовности к принятию самостоятельных решений, активной жизненной позиции и т.д.

Исходя из этого, мы ставим перед собой следующие задачи:

- создать условия для самостоятельной работы;
- вооружить учащихся методами и приёмами творческой работы;

– предоставить учащимся время для осуществления всех фаз творчества (подготовка идеи; созревание идеи; озарение; проверка своей идеи, воплощенной в действительность).

Самостоятельную работу учащихся можно использовать, практикуя самые разные формы обучения – фронтальную, групповую, индивидуальную. Задания для самостоятельной работы также могут быть для всех учащихся группы либо одинаковыми, либо вариативными, в зависимости от уровня подготовленности группы, задач и типа урока. В своей педагогической деятельности на уроках русского языка мы используем самостоятельные задания для детей на разных этапах работы:

1. При проверке домашнего задания.
2. При изучении нового материала.
3. На этапе первичной проверки усвоения, закрепления новых знаний.
4. На этапе контроля и оценки знаний.

Также на уроках используем различный раздаточный материал (карточки с заданиями), который помогает учащимся в ходе самостоятельной работы анализировать, делать выводы.

Они выполняют различные тестовые задания, контрольные работы, пишут сочинения, изложения, словарные диктанты, выступления на определенную тему по выбору и т.д. Важно, чтобы дети сами становились инициаторами творческой деятельности. На наших уроках школьники разрабатывают тесты на знание и понимание текстов, подбирают предложения для расстановки знаков препинания по определенной теме, составляют словарные диктанты.

При организации самостоятельной работы учащихся на уроке осуществляем дифференцированный подход, при котором класс обычно делится на три основные группы:

I группа - ученики с высокими учебными способностями. Эта группа учащихся ведет работу с материалом большей сложности, требующим умения применять знания в незнакомой ситуации и самостоятельно творчески подходить к решению учебных задач.

II группа - учащиеся со средними способностями. Эта группа учащихся выполняет задания первой группы, но с помощью учителя или опорных схем, или после разъяснения сильными учащимися.

III группа - учащиеся с низкими учебными способностями. Эта группа учащихся требует точного ограничения учебных заданий, дополнительного разъяснения нового материала.

На уроках также используем метод индивидуальных самостоятельных заданий, раздаем учащимся карточки с разноуровневыми заданиями. Задания различаются по степени трудности:

- задания исполнительного характера;
- самостоятельное выполнение упражнений комбинированного характера (например, вставить пропущенные буквы и расставить знаки препинания);
- задания, которые предполагают наряду с воспроизведением усвоенных знаний внесение некоторых элементов творчества (составление словосочетаний и предложений, составление схем);
- творческие работы.

Умения и навыки, развивающиеся в результате таких условий, позволяют учащимся в дальнейшем самостоятельно приобретать знания. Таким образом, на уроках русского языка с помощью различных форм и методов стараемся формировать навыки самостоятельной деятельности.

В зависимости от цели и типа урока объем выполняемой учеником работы может быть разным. Мастерство педагога и состоит в том, чтобы со временем учащиеся становились более самостоятельными и творческими, что, несомненно, поможет им в будущей жизни.

ЛИТЕРАТУРА

1. Кузьмин В.А. Методика преподавания русского языка. –М., 1995.
2. Воронцов С.Г. Учебно-познавательная компетентность школьников. // Завуч. – 2007, №6.
3. Осмаловская И. М. Дифференциация процесса обучения в современной школе. - Москва – Воронеж, 2004.

ӘОЖ 81.42

ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ ТҰТАСТЫҚ ҰСТАНЫМЫ: МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

М.А. ЕГІНБАЕВА

қазақ тілі пәнінің мұғалімі, №7 мектеп-гимназиясы, Павлодар облысы, Екібастұз қ.

Қазіргі кезеңдегі тіл үйрету мен оқытудағы ең негізгі әрі барлық әдістердің басын қосатын технология – оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым тәсілдерін біріктіре қолдану. Тіл үйретудегі басты қағида тілдік орта құрастыру, еркін сөйлеу кеністігін жасау. Бүгінгі қоғам тілді пайдалануда ең бастысы – қоғамдық қарым-қатынас құралы ретінде қолдануды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда тіл үйретуде, соның ішінде қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытуда жүргізілетін жұмыстардың бастысы мәтінмен жұмыс істеу екені белгілі.

Мәтінмен жұмыстағы есте ұстайтын бірнеше қадамдар бар. Соның алғашқысы мәтіннің мазмұндық, құрылымдық сипаттамасын жасап алудың мәні зор. Мәтіннің тақырыптық қисынды-құрылымды жүйесі :

- мәтіндегі заттар мен құбылыстар арасындағы қатынас көріністерін анықтау;
- мәтінде айтылатын оқиғалар мен құбылыстар, кейіпкерлердің нақты өмір мен қоғамдағы бейнесін айқындау;
- бір тақырып бойынша бірнеше мәтіндер құрастырудың жолдарын көрсету;
- бір тақырып бойынша бірнеше ой түйіндерін шығару;

Мәтінмен жұмыс істеу немесе мәтін құрастыруды үйрету арқылы тілдегі тіл үйренуші білетін, үйренуге сол тақырып арқылы ыңғайлы сөздер тобы, тірек сөздер тобы жасалады. Тақырыпты ашу арқылы мәтіннің түйіні ашылады. Мәтін түйіні тіл үйренушіге тілдің ішкі мазмұнды, қисынды жүйесін игеруге көмектеседі. Мәтін құрастыру жоғарыдағы төрт тәсілдің басын біріктіретін амал болғандықтан тіл үйретудегі классикалық тәсіл ретінде кеңінен қолданатыны мәлім. Сондықтан да тіл үйренуші бірінші тілдік ортадан тыңдағанын, екінші оқығанын еске түсіре отырып белгілі бір тақырып аясында сөздер тобын жинақтайды. Үшінші қадамда қағаз бетіне бар ойын жинақтай отырып, мәтін құрастырып, жазса, төртінші қадамда осыны жинақтап айтып – әңгімелеп беру арқылы жүйелі жұмыс жасайды.

Тіл үйренуші белгілі бір тақырып бойынша әңгіме немесе мәтін құрастыру кезінде бар ойларын айтып, сол тақырып бойынша түсіндіру үшін соған лайықты сөздерді таба білуі керек. Ой дамуы мен сөйлеу дамуы бірге жүреді. Сөйлеудің өзі ауызша және жазбаша болып бөлінеді. Өзге тілді үйренудегі көбінесе ерекше назар аударылатыны ауызша сөйлеу. Ауызша сөйлеу арқылы тіл үйренушінің орфоэпиялық норманы игеруіне мүмкіндік туады. Ауызша сөйлеу кей тұстарда ойға ой қосады. Ортамен жанды қарым-қатынас жасауға жағдай туғызады. Мектеп бағдарламасынан бастап қазақ тілін оқытуда сол себепті де сөйлеудің екі түріне де назар аударылады.

Диалогтік сөйлеу – екі немесе бірнеше адамның тілдесуі. Сөйлесуге неғұрлым бірнеше тіл үйренуші қатысса, нәтиже де неғұрлым сүбелі болары сөзсіз. Бүгінгі тіл үйретуде сөйлеудің диалогтік түріне екі қатысушыны алу дәстүрге айналған. Сондықтан да тіл үйретуде тілдік ортаны жанды жүргізу үшін аудиторияда екіден артық тіл үйренушілерді қатыстыру тәжірибесін көбірек қолға алған дұрыс. Адамның айтқан қандай да бір сөзі белгілі бір мазмұнды білдіреді, сөйлеушінің, жазушының осы мазмұнға қатынасын көрсетеді. Сөйлеу – ойды білдіреді, ішкі сезімді сыртқа шығарады. Бұл мәнерлілікпен де тығыз байланысты. Әрине, ауызша сөйлеу мен жазбаша сөйлеудің арасында лингвистикалық қана емес, психологиялық та үлкен айырым бар екені түсінікті, бірақ біз бұл мақалада мектеп оқушылары үшін екеуін бастапқыда біріктіріп жүргізіп қана қоймай, оны жазылым, оқылым, тыңдалымнан бөлмей қарастыру арқылы жүйе құрастыру сипаттарына назар аудармақпыз. Қазақ тілін үйретудегі басты мәселелердің бірі – қазақ ұлтының балаларын еркін сөйлеуге үйрету. Бұл тұста бүгінгі балаларда еркіндік басым екендігін есепке ала отырып, тіл үйретуде тілдік орта құрастыру әдісін кең қолға алуымыз зор. Бұл үшін айтылымды оқылыммен, жазылыммен, тыңдалыммен бірге алу керектігі дұрыс болатыны тәжірибе дәлелдеп отырғанын айтқым келеді.

Сөйлеушілер саны неғұрлым көбірек болса, тыңдаушылар саны артуымен бірге, бірін-бірі тыңдау, қате-дұрыстығын тексеру, есте сақтауға мүмкіндік көбейеді. Сыныпта, аудиторияда бүгінгі күні қолға алатын – жұмыстардың бірі – кемінде төрт-бес тіл үйренушіні қатар сөйлету. Бір тақырып бойынша бірнеше сөйлеушінің ойын қатар ұсыну, осы арқылы келесі сатыға сөйлеудің жоғары формасы – пікірталасқа шығуға болады. Пікірталас бүгінгі күні шешендік өнердің, риториканың, аясында алынып жүр. Бұның бірнеше себептерінің қатарында сөйлеушінің өз ойын бір адамға ғана тсатуы емес, кем дегенде төрт-бес адамға немесе оннан көп тыңдаушылар ортасына тастауында болып тұр.

Бүгінгі күні лингвистикада сөйлеу кешенді түрде зерттеледі. Сөйлеу психологиямен, философиямен, әлеуметтанумен тіпті жаратылыстану ғылымдарымен бірге тексеріледі. Сондықтан да мәтін құрастырудың өзі сөйлеушінің жан-жақты білімін қажет етеді. Біз бүгінгі күні тіл үйретуді тіл үйренушілердің жалпы ойлау жүйесімен алуды назарға алуымыз керек. Қазіргі әдістемедегі тіл үйренушілердің басты кедергісінің өзі – тілді үйренетін екінші ұлттың танымымен таныс болмауы көп кедергі болатынының, жалпы ғылымдардан жүйелі білімінің болмауын ескермеу де дұрыс емес.

- Мәтін құрастыруда жиі қолданылатын жұмыс – ауызша әңгімелеу. Ауызша әңгімелеудің бірнеше шарттары бар.
- мәтінді өз түсінігі бойынша әңгімелей білуі;
- әр сөйлемде бір мәліметтің болуына назар аудару. Әр сөйлемде бір мәлімет қою арқылы тілді үйренуші келесі айтатын ойды есіне сақтайды;
- сөйлемдер қарапайым, алдыңғы, келесі оймен құрылымдық және қисындық жағынана тығыз байланыста болуы керек;
- әр сөйлемде тіл үйренуші білетін сөздерден білмейтін сөздер саны артық болмағаны дұрыс;
- сөйлемдер бес-алты сөздерден аспау керек.

Мәтінмен жұмыс жасау кезінде мәтіннің құрылымына да ерекше назар аударылады. Кез келген мәтін үш бөліктен тұрады. Барлық мәтіннің кіріспесі, негізгі бөлімі және ой түйіні жинақталатын қорытындысы болуы шарт. Мәтін кіріспесінде тақырыпты қозғаудың қажеттілігі айтылса, негізгі бөлімде тақырыптың негізгі ойлары ашылып, осы бойынша сөйлеушінің пікірі жинақталып, соңғы қорытынды да ойдың негізі айтайын деген қорытындысы жинақталады. Сол себептен де мәтіннің құрылымын да сөйлеуші дұрыс құрастыра білгенде ғана тақырып ашылатыны тіл үйренушіге басынана бастап ұғындырылуы шарт.

Мәтіндегі ойлардың тұтастығы құрылымның алғашқы бөлігінен де көрінеді. Мәтіннің алғашқы кіріспесінде айтылар ойға дайындық, келесі ойларды тыңдауға қадамдар мен ұғынуға арналған сөздер тобы беріледі. Айтылар басты ой мен бірге дәлелденер тезис туралы жалпылама мағлұмат қосылады. Келесі негізгі бөлімде мәтіннің негізгі ойлары беріледі. Материалдың қисынды-құрылымды толық сақталса, дәлелденер, ұсынылар ой да жүйелі болары сөзсіз. Бұл жүйелілік дәлелденер, ұсынылар ойлардың біріктіруші ортақ – ядро арқылы жүзеге асады. Егер мәтіннің алғашқы құрылымдық бөліктері дұрыс қойылса, қисынды ой да жасалады. Бұндай жағдайда соңғы бөлімнің де құрылым жүйесі тұтасып өзі құрылады. Алдыңғы бөліктер арқылы соңғы қорытындыны да толық ашуға болады. Осы тұста мектеп оқулықтарындағы монологтік сөйлеудің құрылым жүйелері осы бағытта жасалып, әдістеме де осы жүйеге негізделгенін айтуға болады. Мектеп бағдарламаларындағы көп жиі кездесетін тақырыптар өмірбаяндық, танымдық(тарихтаным, елтаным, жертаным т.б.) болып келетінін ескерсек, мектеп оқушыларының төменгі сыныптан бастап, жоғарғы сыныпқа дейінгі ойлау жүйелерінің даму, өсу ерекшеліктерін көп ескере бермейтінін еске алған дұрыс сияқты. Өмірбаяндық тақырыптардың қажет екендігі мәлім, дегенмен төменгі сыныптан бастап жоғарғы сыныпқа дейін жалғастыру оқушының өзіндік ойлау кеңістігін шектейтінін ескеру керек. Сол себепті де мәтіндерге қазақ тілін де де көркем, публицистикалық, ауызша стиль түрлерін кіргізу керек. Соның ішінде көркем мәтіндер мен ғылыми мәтіндерді сынып жоғарлаған сайын молырақ қосу оқытуды қиындату емес, керісінше, оқушы физиологиясын есепке алу болады.

Көркем мәтіндерді қазақ тілі оқулығына тіл үйрету құралы ретінде қолдана отырып, қазақ тілінің көркем, әдеби, шұрайлы тіл екендігі дәлелденеді. Екіншіден, сөйлеудің жаңа жоғары формасының негізгі сипаттары ашылады. Мәтін – оқытудағы тіл үйретудегі басты тәсілдердің бірі. Сонымен бірге жазылым, тыңдалым, оқылым, айтылым әдіс-тәсілдерінің басын біріктіретін жұмыс. Тілді кешенді үйрететін, тілдік орта қалыптастыратын жұмыс түрлері деп те қабылдауға болады. Бірақ мәтіндер мазмұндық, құрылымдық, қисындық жағынан бір жүйеге бағынуы керек. Бұл жүйе бір қалыпта, бір тақырып аясында қалып қоймай үнемі өз көлемін ғана емес, пішіні мен стилін, материалдардың жаңа мәлімттерімен де толықтырылып отырылуы тиіс.

Бүгінгі тілді үйретудегі басты назарға ұстайтын жұмыстардың бірі – мәтіннің ойға құрылуы ғана емес, оймен құрылуы, сол арқылы тіл үйренушіге ойлауды үйрету. Ойлауды үйреткен тұста біз барлық істің тетігін таба аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі Алматы, 2010
2. ҚР Тілдерді қолдану мен дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған бағдарламасы, Астана, 2010
3. Шәріп А. «Сөйлеу тілі мен шешендік» // Тіл қоғам №4, 2012

ӨОЖ 82(574)

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ПОРТРЕТ ЖАСАУ ШЕБЕРЛІГІ

А.Қ. ЕҢСЕБАЕВА

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қ.П. ЖҮСІП

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әдеби шығарма не туралы жазылса да, бәрібір, сайып келгенде, бәрі де адам, тек адам туралы ғана сыр шертеді. Сөз өнерінде адамнан тыс, адам тағдырынан тыс бірде-бір өрнек – өмір суреті жоқ және болуы да мүмкін емес десек, онда сол адамның алуан сезімін, мінез-қылығын, тіпті, қимыл-қозғалысын, жүріс-тұрысына дейін бейнелеуде жазушылық шеберлік тұратыны ескерілуі керек. Сонымен бірге жазушының тілдік қолданыстары шығарманың идеясы мен мазмұнына, композициялық құрылымына қандай әсері барын да ажырату қажет.

Портрет – бұл эпикалық және драмалық шығармалардағы кейіпкерлердің сырт бейнесін, лирикалық өлеңдердегі адамдардың сырт келбетін, яғни бет-әлпетін, дене пішінін, киім киісін, жүріс-тұрысын, қимыл-қозғалысын, өз-өзін ұстау мәнерін жасап шығару. Бұл – әдеби шығармадағы кейіпкерді бейнелеудің негізгі әдістердің бірі. Адамның жеке даралық, қайталанбайтын ерекшеліктерін көрсете отырып, портрет оның бейнесін жасаудың маңызды құралы болып табылады.

Портреттік суреттеу ауызша өнердің ең ежелгі тәсілдеріне жатады. Фольклорлық шығармадағы адамдарды бейнелеу оларды тек таныстыру үшін ғана қолданылған жоқ. Портрет қаһарманды авторлық бағалау құралы болды, яғни асқақтату, дәріптеу немесе керісінше, жағымсыз түрде, кем қалыпта көрсету. Портрет жазушыға тек сырт келбетті ғана емес, сонымен қатар адамның ішкі жан дүниесін сипаттауға кең мүмкіндік береді, өйткені адамның кейпінде әрқашан да көбірек немесе аз дәрежеде болсын оның өмірге деген көзқарасы, мінез бітімі, психологиялық ерекшеліктері көрініс табады.

Психологиялық портрет – бұл әдебиеттегі адамдардың сырт келбетін бейнелеудің бір түрі. Әдеттегі портретке қарағанда, бұның мақсаты – адамды көрсету; психологиялық портрет қаһарманның сырт бейнесін оның ішкі әлемінің ерекшеліктерімен байланыстырады. Портреттік суреттеу қаһарманның рухани жағдайына

мензейді, ой, сезім, толғаныс және көңіл-күй жайлы ақпарат беретін адамның сыртқы кейпіндегі детальдарға оқырман назарын аударады.

Адамның сыртқы келбеті – оның ішкі жан дүниесінің айнасы.

Портрет жасауда да әрбір жазушының өзіндік стилі болады. Көркем шығармада жағымды және жағымсыз кейіпкерлер болады, соған сәйкес олардың кескін-кейпін суреттеу арқылы жазушы оқырманға белгілі бір кейіпкердің солардың қайсысына жататынын аңғартады.

Тұлғалық портрет жасау үшін жазушы негізінен өз қаһарманын өсу жолымен сипаттайды. Бұл – көбінесе роман, эпопеяларға тән құбылыс. Мәселен, Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында Абайды өсу жолымен суреттеген. Роман-эпопеяда өсу үстінде бейнеленген Абайдың сырт пішініндегі ерекшеліктер, өзгерістер өте көп. Әр қилы тартыстар, алуан істер барысында көреген ерекше сыр-сипаты, қайтпас қажырлығы, көреген-білгірлігі көрінеді. Абай романда неше алуан қыры бар, шытырман, қат-қабат өмір кешеді. Автор оны сол заманның сипатын белгілеген кесек те күрделі оқиғалардың қалың ортасында көрсетеді. Абай романның әрбір тарауында өсіп, кемелденіп отырады. Әжесінің құлағын емдеген әрекетіне үлкендер бір күліп, бір таңданғанда, Абай бейнесін автор былай суреттейді:

«Қара сұр бала көптің көзі бір өзіне қалғанға енді қысылыңқырап, қызарып еді. Бірақ көзінде жайнай жанған от білінеді. Өзге балаларының ажарынан бөлек, қызулы, саналы оты бар сияқты» [1.13]. Мұнда жас Абайдың қызаруы, әрине, оның әрекетіне байланысты екенін түсінуге болады. Ал көзінде жанған от арқылы автор оның басқалардан ерекше екенін, дара туғандығын аңғартады. Бұл жерде Абай көзінде білінген от – символ, ал сол отты қызулы, саналы деп әсерлеу арқылы жазушы жас баланың болашағын айқындап тұрғандай. Бұдан жазушының бір ғана детальды қолдану арқылы кейіпкердің қадір-қасиетін, мінез-құлқы мен адамгершілігін сипаттай алатын шеберлігін аңғарамыз.

«Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. Денесі де бір аралық кейіпте. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет бейнесі баладан гөрі іріленкіреп, бала бозбалалық қалпына бейімденген. Бірақ әлі сол мүсінде үлкендік жоқ. Толық, балғын емес. Сидиып, арықтап, күр созылған сияқты. Күн көрмей өскен, реңі солғын, бойшаң ғана өсімдік бейнелес. Бұрын қара болушы еді, бетінің қызылы да бар еді. Қазірде қаладан қайтқандық және ауру қосылғандық бар ма, әйтеуір, бозғылданған. Сұйықтау қоңыр шашының арасынан бас құйқасы да қыланданып көрінеді» [1.51]. Мұнда Абайдың бойы, қол-аяғы, мұрны, бет бейнесі, шашы – барлық кескін-кейпінің, бет-әлпетінің детальдары суреттелген. Қол-аяғы ұзаруынан табиғи өсуі көрінсе, сидиып арықтауы, өңі бозғылдануынан ішкі жан дүниесінде туған тебіреніс аңғарылады, бірақ сол мүсінде әлі де үлкендік жоқ болуы бала көзқарасында әлі танып-жетілмеген дүниелердің молдығына мензейді, ал шашының арасынан құйқасының көрінуі – ауырғандықтың белгісі.

«Өрде» бөлімінде Абайдан көз алмай қарап тұрған Тоғжанның көзімен кейіпкердің суреті шыға келеді:

«Жас жігіттің үстінде желбегей киген жеңіл сұрғылт шапан бар. Ішінде ақ көйлектің сыртынан киген қара желеткесі көрінеді. Басында көкшіл сұрғылт жібекпен тыстаған жұқа қара елтірі тымағы байқалады. Айға қарсы қарап тұрған ақшыл жүзінде жүдеулік бар. Ұнамды, ықшам киім киіп, күміс ер-тоқымды сұлу ат мініп, ойда жоқта келген әсем жігіт қазірде Тоғжан көзіне аса ыстық көрінді» [1.272]. Мұнда Абайдың портреті оның киімін, құрал-жабдығын сипаттау арқылы жасалған. Сонымен қатар бірінші кітаптың «Қияда» бөлімінде Абайдың портреті асқан шеберлікпен берілген десек, артық болмас:

«Бұл кезде Абайдың да денесі ірілеген. Жауырынды, сүйекті боп қалған екен. Бойы ортадан биіктеу. Сүйегі ірілеумен қабат, бұлшық еттері де толып, бар мүсіні балғын, кесек тартыпты. Бет пішіні де денесіне лайық дөңгеленіп, ірілеп қалған. Ұзынша қырлы мұрны көтеріңкі, үлкен. Жазық биік маңдайы шекесіне таман келгенде дөңкілдене түсіп, кең көсілгендей. Қыс суығынан бет, мұрны тотықса да келбетті маңдайы ақшылданып, айқындап тұр. Отты сұлу көздерінің ақ, қарасы әлі де тап-таза. Көзінің сыртқы шарасы томпақтау және ұзынша біткен. Жіп-жінішке боп кең созылған ұзын қастары мен ойшыл, отты көздері Абайды өзге жұрттың ішінен оқшауырақ етіп тұрады. Жақсы туыс белгісі сияқты. Әлі ұзармаса да, теп-тегіс боп, тебіндеп шығып келе жатқан қоңырқай мұрты бар. Барлық тұлғасы сай келген қара сұр жігіт, сонау сұлу болмаса да, ұнамды, сүйкімді» [1.280]. Бұл сипаттар Абайдың табиғи өсуіне ғана емес, ескі мен жаңа майданында есе жіберместей қуат шындап толысып өсуіне де мензейді. Жазық биік маңдайдың кең көсілуі де өсу үстіндегі ойлы адамға назар аударудан туған. Абайдың өңі тотыққандығы оның өмірін қысып, аязын көшіп-шығаруда екенін аңғартқандай. Екінші кітаптың алғашқы «Тайғакта» деп аталатын бөлімінде суреткер жазушы Абайдың портретін Мәкіш арқылы береді:

«Інісінің қабағы шытынды да, өңі тағы қуаң тартты. Толықша біткен дөңгелек жүзінде әлі бірде-бір әжім жоқ. Кесек сұлу бітіміне, бұл күнде ұзарыңқырап шыққан қиық мұрты да жақсы жарасады. Селдір қара сақалы да бетінің көлемін бұзбай, сәл ұзарып қана барып тоқтапты.

Қазір Мәкіш барлап қараған шақта, Абайдың мұрын мен бетінде азырақ жылтырап білінген, майда жұмсақ бір нұр білінеді. Жаңа ғана толып жеткен жігіттіктің анық сұлу ажары. Отты, саналы көздерінің ақ, қарасы айқын. Ажары таза, көздері әрі көрікті, әрі ыстық тиеді. Бір қараған кісіні қайта тартып, еріксіз қаратқандай, алмасы бардай, әсерлі көз. Жіп-жінішке боп, ұзын сызылған қап-қара қасы да жігіт жүзінің жақсы ажарын аша түскендей» [2.21-22]. Осы үзінділерде Абайдың өсу жолы кәдімгі қарапайым адамның ерекшеліктеріне сай сипатталып, бейнеленеді. Абайдың қабағы шытынып, өңінің қуаң тартуы оның үлкен ой үстінде екенін аңғартады. Мұрны мен бетіндегі білінген нұр – деталь, бұл Абайдың жүзіндегі ерекшелік қана емес, жарқын

болашаққа деген сезім нышаны сияқты. Бет-әлпетінің көріктілігі, айқындылығы, ажарлылығы – жастықтың белгісі. Ал жіп-жінішке боп сызылған қастары Абай сезіміндегі нәзіктікке біршама мензәйді деуге болады. Ал келесі үзіндіде Абайдың сипаты тағы да басқа кейіпкер арқылы, осы жолы досы Ерболдың көзімен беріледі:

«Өңіне қарап еді, құп-қу боп, рені қашыпты. Екі көзі жасаурап, демі дірілдеп, қол, иығы да қалтырай түседі. Ерекше құбылып, бұзылғандай. Екі көзі қанталаған қалпында жоғарылап, шалқалай қарайды» [2.34]. Бұл – Абайдың Әйгерім дауысын естігендегі сезім-толғанысы, көңіл-күйі. Абай бұл әнді Тоғжан айтып жатқандай сезімде болады. Өңі құп-қу болып, рені қашып, көздері жасаурап, қол-иығы дірілдеуі бұл өннің Абайға қаншалықты әсер еткенін, сондай-ақ оның әлі де Тоғжанға деген сезімі бар екенін, оны еш уақытта ұмытпағанын айқын дәлелдейді. «Оқапта» бөлімінде аң аулауға шыққан Абайлардың қатты боранда адасып, Тоғжан үйіне тап болуы жайлы айтылады. Абай қатты жаурап, қалтырап, ауырып қалады.

«Саптама етігін тастап, мәсішен отырған Абайдың шынтағында үлкен құс жастықтар. Қымбат қалың драптан тіккізген, ноғайша пішілген, тік иық сұр бешпет Абайдың омырауы ашылып, көлденең созылыңқырап жатқан бойына жарасып тұр. Ақ көйлектің сыртынан киген кара желеткенің төсінде алтын баулы сағат көрінеді. Басында тымақ жоқ. Базар қолды, тікше келген, ұнамды кара қатиға тақиясы бар. Абайдың маңдайы жазық, кең. Тымақ астында күн мен желге тимей жүргендіктен, аппақ екен. Бірақ мұрны, бет-аузы аса қатты тотыққан. Жылтырап, ісінгендей, қарауытып тұр. Көзі көп жылаған кісінің көзіндей. Еттері ісініп, қызара жасаурап қалыпты» [2.280-281]. Бұл арада Абайдың сырт келбетін үстіне киген киіміне қарай елестетеміз. Жазық маңдайының кең көсілуі өсу үстіндегі ойлы адамға назар аудартады. Бет-аузының тотығып, ісінуі оның бұған дейін қаншалықты азап шеккенін ғана емес, сонымен қатар өмірін қысып, аязын көшіріп-шығаруда екенін аңғартқандай. Үшінші кітаптың алғашқы «Абай аға» атты бөлімінде жол үстінде кезіккен қос молаға қарап, үнсіз тұрған Абайды жазушы былай сипаттайды:

«Бұның селдір сұлу сақалына енді сәл ғана ақ араласқан. Айналасына азырақ әжім жиылған мұңлы көзін кейде қысыңқырап қарайды» [3.7]. Бұл жерде сақалына ақ кіруі, көзінің айналасына әжім жиналуы Абайдың біршама жасқа келіп қалғандығын көрсетеді. Көзінің «мұңлы» болуының ар жағында ақынның ішкі жан толғаныстары, ой-армандары жатыр. «Қарашығын» деп аталатын бөлімде Абай ауылындағы қалың жиын сипатталады. Бұлардың бәрі Абайдың баласы Әбдірахманның келуіне байланысты жиналады. Абай сол жиынның дәл ортасында тұрады. Сол кезде жазушы оның толыққанды портретін жасап шығады:

«Үстінде ұзын, ақ сарғыш қытайы жібек бешпеті бар. Жазғы жеңіл киім бұл күнде толған денесін аса айқын көрсетіп тұр. Күрең барқыт желетке мен ақ көйлек, кең бешпет өзінше бір келісті көрнек, жарастық бергендей. Самай, маңдай шаштары кейіндеп, бұрыл тартқан Абайдың бұл күндегі үлкен, кесек жүзі ойлы, келбетті адамның жүзіндей ашыла түскен. Кең, жазық маңдайында әжім аз. Жінішке ұзын қастары әлі де қап-қара. Бетінде де әжім тіпті аз ғана. Селдірлеу боп жайыла біткен сақалы ұзара түскен, соңғы жылдар білінген бұрыл талдар бар» [3.138]. Үстіндегі бешпеті, желеткесі мен көйлегі өзіне жарасымды боп үйлескен. Шашының, сақалының бұрыл тартуы, үлкейген кесек жүзі – бәрі де Абайдың өскенін, талай белестерден өткенін, бұрынғысынан да кемелдене түсуін айқындаушы детальдар. Бірақ соған қарамастан бет-әлпетіндегі әжімі аз, қастары да бұрынғыдай қап-қара.

Ал Оспанның қазасынан кейінгі Абайдың қандай халде, қапалы ойда екенін автор оның бет-жүзін сипаттау арқылы береді:

«Үнсіз жүдеу жүздің астарында сондайлық әлек көп» [3.222]. Осыдан кейін Абайдың сипаты Әбіштің көзімен беріледі:

«Сақал-шашының ағы биыл айқындап молая түскен Абайдың қазіргі мінез әдетінде де өзгеріс байқалады» [3.222]. Абайдың молая түскен сақал-шашының ағынан оның осыған дейін қаншалықты ауыр кезеңдерді өткергенін, қаншама қайғы, қазаның осыншалық әсер еткенін байқаймыз. Осылардың тек сырт келбетіне ғана емес, мінезіне де өзгеріс әкелгенін көреміз.

Жалпы Абай портретін жасаудағы жазушы шеберлігін айқындасақ, бас кейіпкердің бет-әлпеті, сырт келбеті, киім-киісі, жүріс-тұрысы жан-жақты сипатталуымен қатар оның мінез-құлқы, ішкі жан дүниесі, тебіреніс-толғаныстары да астастырыла беріледі. Бұл қаламгердің көркем мүсін жасау шебері екендігіне дәлел болып қана қоймай, барша оқырманға, солардың арасындағы болашақ қаламгерлерге үлгі болары хақ. «Абай жолы» роман-эпопеясында Мұхтар Әуезов шын мәнінде көркем бейнелер галереясын жасап шығарған. Жазушының қай шығармасын алсақ та, әрбір кейіпкерге шағын немесе көлемді түрде сипаттама беріліп кетеді. «Абай жолы» романынан бөлек жазушы әңгімелері мен повестерінде де кейіпкерді суреттеу мольнан кездеседі.

«Қорғанысздың күні» әңгімесіндегі әрбір кейіпкердің портреті өзінің көркемдігімен, нақтылығымен ерекшеленеді. Әрқайсысының портреті өзінің тағдырымен байланыстырылған. Алдымен Ақанның портреті беріледі: «Жолаушының бірінің торғын тысты жаңа түлкі тымағы бар. Қалың киімнің сыртынан киген мол сұр шапанының жағасы кара барқыт. Аяғында байпағының қонышын барқытпен көмкерген жаңа кара етік. Алғашқы көрген жерден-ақ мынау мырзасы екен дегізгендей. Бұл жігіттің жасы отыз шамасында. Орта бойлы, дөңгелек денелі, қысқалау мұртты, шокша сақалды сұрғылт беті дөңгелек жалпақтау. Суық қарайтын қисық біткен кішілеу өткір көзінде және түксиген қабағында өзгеше қаталдық бар. Кішкене мұрны көз, қабағына үйлеспейді. Бұл адамның күлгендегі пішіні құмарлыққа көп салынғандығын білдіріп тұрады» [4.32]. Мұндағы кейіпкердің сырт келбеті, яғни киімі оны бай, дәулетті адам ретінде танытады. Бұдан кейін жасы, дене пішіні, бет-әлпетінің суреттелуінен оқырман кейіпкерді көз алдына елестете алады. Көз тартарлық сыртқы киімі

болмаса, өзінің келбеті таң қаларлықтай емес, дөңгелек денесі, жалпақтау беті, қисық біткен кішілеу көзі, кішкене мұрны Ақанды ұсқынсыз етіп көрсетеді. Ал күлгендегі пішіні оның қызқұмарлығын білдіріп, енді оқырманды өзінен алыстата бастайды, яғни осы жерден-ақ Ақанның жағымсыз кейіпкер екені сезіледі. Ал Ғазиза, оның әжесі, анасы суреттелгенде олардың бұрынғы көрген қиыншылықтары және қазіргі күйі анық байқалады. Әжесінің қартайса да, ерекше бір қайраттылық белгісі бар екені былайша сипатталса: «Кемпірдің жасы қартайып, қуаты азайғандығы шын болса да, бетінде ерекше бір қайрат білінеді, еркек пішіндес кесек. Үлкен, жалпақ маңдайлы, қошқар тұмсықтау келген үлкен мұрынды. Тақырлау сұйық қабақтың астынан көрінген кішкене өткір көздері қажыған салқын жанармен жалтылдайды. Маңдайы мен екі ұртына түскен қатпары қалың терен ажымдары өмірінің талай қайғы, талай бейнетіне куә» [4.36], анасының басқа адамға қарағанда өзгешелігі бар екені ерекше берілген: «Келіннің пішінінде не жақсылығына, не жаманшылығына айғақ болған орасан белгі жоқ: орта пішінді, орташа жаратылған адам тәрізді. Бірақ бұның пішінінде де өзгеден бөтен бір жаттық бар. Қадағалап қараған кісіге ол көрінетін. Тұңғыық кара көздері бір қараған жерден аумап, ылғи жансыздықпен қарап тұрғанына көзі түскен адам бишараның кім екенін айырушы еді. Ол жаңа арада екі көзінен айрылған суқараңғы еді» [4.36]. Ал Ғазизаның жас та болса, өмірде талай уайым-қайғы көргені анық байқалады: «Ол – сыпайы нәзік болып өскен Ғазиза: жінішке сұңғақ бойлы, азғана секпілі бар дөңгелек ақ-сұр жүзді Ғазиза. Көрген көзге алғашқы жерден-ақ сүйкімділігін сездіретін уыз жас. Жалғыз-ақ уяң, жұмсақ қарайтын кара көзінде және ылғи шытыңған, кірбендеген қабағында қалың уайымның салған ізі бар. Пішіні мұнды, жүдеу. Жас басына орнаған қайғы, жүрегін жеген дерт сыртына шығып тұр» [4.36-37].

Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен тер» романында бас кейіпкер Еламанның бейнесін тек оның сырт келбеті арқылы ғана емес, іс-әрекеттері арқылы көрсетеді. Ал Ақбаланы суреттегенде, негізінен, оның сұлулығына баса назар аударады. Мысалы: «Үстінде қос етек ақ торғын көйлек, басында ақ жібек шәлі. Басқа әйелдердей бетін жаулықпен жарылай бүркеп тұмшалап тартпағаны да жарасып тұр. Ақ жібек жаулық жас келіншектің онсыз да үлбіреген аппақ жүзін айқындап ашып, қасы, кірпігі қап-қара боп қиыла қапты» [5.16]. Романда сырт келбетімен, мінез-құлықтарымен еркшеленетін, жан-жақты ашылған бейне деп Судыр Ахметті айтуға болады: «Өн бойында ойдағыдай ғып жасаған бір мүшесі жоқ. Не артық жасалып арбиып кеткен, не кем жасалып, ойсырап мін боп тұратын. Бір бас пен бір беталдың өзінде талай оғаштық бар: ұстарамен тықырлап алғызған басы шақшақайдың жұмыртқасындай көгіс. Төбе жағы сопақ. Сонысына қарамай құлағы аса үлкен, ақ жарғақ, аламан құлак. Алыстағы бір дыбысты сезіп, соған елең етіп, жарғақ құлағын алдына қарай шұғыл тігіп, тың тындап бағып қалғандай, құлак бітісінде қапысыз сәт бар екен» [5.185]. Осындай сипаттан Судыр Ахметті көз алдымызға елестетіп, оның кескін-кейпі, қимыл-қозғалысынан ой түйе аламыз.

Бұндай көркем бейнелер біздің қазақ әдебиетімізде көл-көсір. Тек қана оқырманның осы детальдарға назар аударғаны абзал. Осыдан кеп жазушының шеберлігін айқындап, қорытынды жасай аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Абай жолы. 1-кітап. – Алматы: Жазушы, 2004. – 368 б.
2. Әуезов М. Абай жолы. 2-кітап. – Алматы: Жазушы, 2004. – 432 б.
3. Әуезов М. Абай жолы. 3-кітап. – Алматы: Жазушы, 2004. – 384 б.
4. Әуезов М. Шығармалар. 12 томдық. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1967. – 1-т., 448 б.
5. Нұрпейісов Әбдіжәміл. Қан мен тер. Роман. 1-кітап. Ымырт. – Алматы: Жазушы, 1966. – 268 б.
6. Қажыбаева Д.К. Көркем шығарманың тіл байлығын оқыту. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 99 б.
7. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.

УДК 82.09

DIE STELLUNG DES SCHRIFTSTELLERS BEI DER BESCHREIBUNG DES PERSÖNLICHEN PORTRÄTS IN KUNSTWERKEN

A.K. ENSEBAJEWА
magistrantin, PSU namens S. Toraigyrow
K.P. ZHUSUP

Doktor für philologischen Wissenschaften, Professor, PSU namens S. Toraigyrow
G.D. ERGAZINOWA
oberlehrerin, PSU namens S. Toraigyrow

Unter einem Porträt versteht man die Wiederschaffung des DuЯeren von handelnden Personen des episch und dramatischen Werkes, die duЯerliche Gestalt des Menschen in lyrischen Gedichten (das Gesicht, die Figur, die Kleidung, der Gang, die Geste, das Benehmen). Das ist eine gründliche Methode bei der Beschreibung des Menschen in einem literarischen Werk. Das Porträt betont individuelle, einzige Züge eines Menschen und das ist ein wichtiges Mittel seine Gestalt zu schaffen.

Die Porträtbeschreibung bezieht sich auf die ältesten Techniken der verbalen Kunst. Das Porträt wurde als Mittel der Bewertung eines Helden, die verschieden sein kann, zum Beispiel, Der Autor kann ihn hervorheben oder an ihm Kritik üben. Mit Hilfe eines Porträts gelingt es dem Autor nicht nur das DuЯere, sondern auch seine Innenwelt charakterisieren, weil die Gestalt eines Helden seine Lebensansichten, seinen Charakter und seine psychologischen Charakteristiken zu zeigen hilft.

Ein psychologisches Porträt ist eine Variante der Beschreibung des DuЯeren des Menschen in der Literatur. Im Unterschied zu einem herkömmlichen Porträt, dessen Hauptziel ist den Menschen vorzustellen, ein psychologisches Porträt bindet das DuЯere des Helden mit seiner Innenwelt. Die Porträtbeschreibung zeigt auf den Zustand des Helden Geist, schenkt die Aufmerksamkeit des Lesers auf die Details des duЯerlichen Gesichtes des Menschen, informiert die Leser über Gedanken, Gefühle, Emotionen und Stimmungen des Helden.

Das DuЯere des Menschen ist das Spiegelbild seiner Seelen.

Sogar in einem verschlossenen Menschen kann ein aufmerksamer Beobachter ein Geheimnis zu unterschieden und nach DuЯere-„Maske“ ein wahre Gesicht zu betrachten. Ein klassisches Beispiel für solch ein Porträt ist ein psychologisches Porträt von Pechorin in der Erzählung „Maksim Maksimych“ („Ein Held unserer Zeit“).

Porträt bezeichnet in der Literatur eine Kleingattung, d.h. das durch eine bestimmte Erzählungsart charakterisierte Genre und beinhaltet biographische und autobiographische Angaben. Ein wichtiges Merkmal eines entwickelnden Genres ist ein bestimmter Zeitabschnitt; dessen Erscheinung dem Memorienschreiber für die Offenbarung des Charakters des beschriebenen Helden nützlich ist. Der beschriebene Held verwirklicht sich in den vom Autor mitgeteilten Erinnerungen Fakten aus der Biographie der Helden und bestimmt den Charakter der Realisierung der Idee.

Ein literarischer Held ist eine Verallgemeinerung und zur gleichen Zeit eine konkrete Persönlichkeit. Er bewegt sich in der Welt eines Kunstwerkes und ist innerlich ihr ähnlich. Die Schaffung einer Heldenfigur bedeutet nicht nur ihm Charakterzüge ihm zuzuteilen sondern auch einen bestimmten Gefühlen und Gedankengang mitzuteilen und den Leser nützlich mit seinem Schicksal und seiner Umgebung bekanntzumachen.

Das Porträt eines Helden ist seine duЯere Beschreibung. Dazu gehören die Beschreibung seines Gesichtes, seiner Figur, seiner Kleidung. Damit ist die Darstellung seiner sichtbaren Verhaltensweise d.h. Gesten, Mimik, Gang, Umgangsformen, verbunden.

Eine bildhafte Vorstellung bekommt der Leser aus der Beschreibung seiner Gedanken, Gefühlen, Handlungen, seiner Rede und deshalb kann eine Porträtbeschreibung fehlen. Beim Leser erweckt nicht das DuЯere des Helden sondern die Besonderheiten seiner Innenwelt großes Interesse. Aber in einigen Werken, in denen eine Beschreibung gegeben wird, wird das Porträt zu einem der wichtigsten Mittel der Schaffung der Heldengestalt.

Das DuЯere eines Menschen gibt uns das Alter des Helden, seine Nationalität, seine soziale Stellung, seinen Geschmack, seine Gewohnheiten sogar sein Temperament und seinen Charakter an. Einige Züge sind angeboren andere charakterisieren ihn als eine soziale Erscheinung z. B. Redeweise. Die übrigen charakterisieren den Gesichtsausdruck, vor allem den Augenausdruck, Mimik, Gestik, Haltung, das alles deutet auf erlebte Gefühle hin. Dabei können das Gesicht, die Figur und die Gesten nicht nur „sprechen“ sondern auch „verbergen“ oder nichts zum Ausdruck bringen, nur das, was sie bezeichnen.

Die Rolle des Porträts in einem Kunstwerk sowie seine Schaffungsweise unterscheiden sich voneinander mit Rücksicht auf Gattungen. Gegenständliche epische Darstellung in einem Kunstwerk ist im höchsten Grade als in der Lyrik auf den Eigenschaften der erwähnten Bildgegenstände gegründet. DuЯerliche Züge und Verhaltensweise eines Helden sind mit seinem Charakter und den Besonderheiten der „Innenwelt“ eines Kunstwerkes und für das Porträt charakteristischen Spezifik der räumlichzeitlichen Einschätzung verbunden.

Im Laufe von vielen Jahrhunderten war die Darstellung der Helden nach bestimmten Kanonen und Mustern für schüngeistige Literatur typisch. Das Allgemeine dominierte in bedeutendem Maße das Individuelle. Die Entwicklung der Darstellung in der Literatur als einen allmählichen Übergang vom Abstrakten zum Konkreten, sinnlich-zuverlässigen und einzigen beschrieben werden.

Der aufkommende Realismus mit charakteristischer Ausdehnung der Sphäre der Lebenstätigkeit der Helden, mit der Schwierigkeit ihrer Innenwelt benötigt neue Wege, um ihr Aussehen zu beschreiben.

In der Literatur des 19. Jahrhunderts gibt es zwei grundlegende Arten von Porträt: tendenziell statischen und dynamischen Porträt einer Ausstellung, die in den Kunststoff der Aktion geht.

Das Ausstellungsporträt wird auf einem Porträt einer detaillierten Auflistung der Gesichtszüge, Formen, Kleidung, individuellen Gesten und andere Zeichen der Aussehen.

Kompliziertere Änderung des Ausstellungsporträts ist ein psychologisches Porträt, das durch die Merkmale des DuЯeren dominiert wird, zeigt die Art und Eigenschaften der Innenwelt.

In der Literatur die Mitte des 19. Jahrhunderts fand ihren Platz eine detaillierte Ausstellungsporträt, in dem die Beschreibung der duЯeren Veränderungen in den sozialen und psychologischen Eigenschaften, und grenzt an die Fakten der Biographie des Helden, wie die Werke von Turgenjew, Gontscharow belegt, und andere.

Eine andere Art von realistischen Porträts – in den Werken von Tolstoi, Dostojewski, Tschekow, wo einzelne Zeichen einzigartige deutlich dominiert sozio-typischen und wo ihre Beteiligung ist in den dynamischen Prozess des Lebens wichtig. Eine ausführliche Aufzählung der Züge des DuЯeren nachgibt, eine kurze, aussagekräftige Hinweise, die sich im Laufe der Erzählung.

So kann die allgemeine Entwicklung des Porträts in der Literatur als die allmähliche Befreiung von der normative Aufgabe, die Bewegung für die sofortige Selbstdarstellung und lebendigen Kontakt mit dem Leben definiert werden.

Um den Kanon der literarischen Porträts besser zu definieren, müssen Sie zwischen dem Beginn und der Subjektivität des Autors zu unterscheiden. In der Autorin Anfang ist alles, was ein allgemeines Bewusstsein des Autors: Diese Haltung, ein Glaubenssystem - politische, philosophische, moralische und andere. Jedoch eine Subjektivität gehört in der Autorin Anfang wie seinen Komponenten – als direkte persönliche Bewertung von jenen oder anderen Ereignissen wie eine besondere Intonation, die Vision des Lebens begleiten.

Literarisches Porträt ursprünglich freien Zusammensetzung und das Fehlen einer harten Geschichte, die die Fähigkeit, leicht von einem Teil zum anderen zu bewegen geben gekennzeichnet.

In dem literarischen Porträt wahrnimmt der Autor das gesamte durch einen separaten, private, individuelle und persönliche, das heißt, ist induktiven Weg der Erkenntnis – aus den Tatsachen an eine gemeinsame Zustimmung.

Ein literarisches Porträt ist ein „künstlerische Detail“, ein Mittel, ein „Werkzeug“ des Autors für einen Helden, seine Gefühle, emotionalen Zustand zu beschreiben, das ist, alles zu einem bedeutenden Ausmaß oder zum mindesten nach bessere Wahrnehmung, Verständnis die Idee eines Autors, eine Beziehung eines Autors zu den Ereignissen und andere beiträgt.

Ein Porträt in der Kunstliteratur als in der verbalen Kunst ist ein Mittel der Charakteristik, die in kompositionelle Einheit mit anderen ähnlichen Mitteln anwendet: der Entwicklung der Aktionen in der Fabel, der Beschreibung die Gedanken und Gefühle der Helden, dem Dialog der handelnde Personen, der Beschreibung der Lage und so weiter. Mitten alle anderen Beschreibungsmitteln abweicht ein Porträt mit der besondere visuelle Anschauung und samt der Landschaft und Lebensbeschreibungen verleiht zum Werk eine besondere Beschreibungskraft.

Besonders interessant, das Porträt im Werk von Tolstoi und Dostojewski zu analysieren. Diesen Autoren nähert vor allem eine historische Epoche.

Porträts von Dostojewski sind regungslos, sie erinnere die malerische Leinwänden, die in Kunstgalerien kann man zu sehen. Tolstoi ist sehr unterschiedlich. Die Beschreibung des DuЯeren einen Helden erhält die einzelne Striche, als ob zugleich zu den Aktionen und Taten der Helden zu beschreiben.

Als eine Seite der Kunstgestalt mitrechnet ein Porträt die wichtigsten Punkte, die für die Figur in seinem ganze wesentlich sind. In dem Porträt des Helden, wie in allen seinen Weg, gibt es gemeinsame Merkmale der typischen und individuell. Auf der einen Seite ist ein literarischer Held in den meisten Fällen als eine soziale und historische Person, ein Vertreter einer bestimmten gesellschaftlichen Epoche und eine bestimmte Klasse und Klassegruppe dargestellt; seine Aussehen, Bewegungen, Manieren charakterisieren gewöhnlich die soziale Umgebung, die der Autor in seinem Werk verallgemeinert und ideologisch schätzt. Auf der anderen Seite ist ein literarischer Held eine eigene, einzige Persönlichkeit, die sich unterschied von anderen Mitgliedern ihrer Umgebung; mit der Wahl und der Verbindungen einer individuellen Züge seines Porträts ausdrückt der Schriftsteller auch sein ideelles Verhältnis zu einer sozialen Gruppe, dessen Vertreter ist ein Held.

Je nach Art des literarischen Stil ändert den Inhalt des Porträts und der Ort, die er bezahlt. Daraus ergibt sich die sehr unterschiedliche Formen des Porträts in der Geschichte der Literatur – von der reich entwickelten Porträt der fast völlige Fehlen von ihm (wie die Symbolisten).

In verschiedenen literarischen Gattungen ändert sich ein Porträt mit dem Wechsel der künstlerischen Methoden, der Stile und der literarischen Richtungen. In verschiedenen Stufen der literarischen Entwicklung in ihren verschiedenen Momenten unterscheidet sich ein Porträt mit der Stufe seinen typischen Charakter und seiner Individualisierung auf den Grund seinen ideologischen Inhalt. In den Werken von Schriftstellern, neigenden zu dem Naturalismus mit seiner sozialen und Lebensverallgemeinerungen oder zu dem Realismus, die die tieferen sozialen Widersprüche offenbart, unterschieden sich die Porträts einer Helden gewöhnlich mit der realistische Plausibilität. Der Held wird dargestellt als ein typischer Vertreter seiner Umwelt, in seinen gewöhnlichen alltäglichen Lebensbeziehungen und Umständen und in dem Porträt der Helden meist betont die alltägliche Lebenszüge, ohne ein nichts Besonderes und außergewöhnliche. In den Werken der Schriftsteller, die mit jenen oder anderen Schattierungen der Romantik, der Fantasie zu unterscheiden, kann man sehr oft gesehen werden eine Entfernung vom gewöhnlichen und alltäglichen. Die Helden sind als eine ausschließliche Persönlichkeiten, in der ungewöhnlichen, selten vorkommenden Umständen dargestellt. Es ist nicht schon ein Lebens, sondern ein romantisches Porträt, vor allem in den romantischen Gedichten, Balladen und Texte gefunden.

Bei der Schaffung eines Porträts jeder Autor hat seinen eigenen Stil. In Kunstwerken werden sowohl positive als auch negative Helden dargestellt, deshalb beschreibt der Schriftsteller seine Gesichte und gibt dem Leser einzusehen, zur welchem bezieht sich jene oder anderen Helden. Auch die Kunstbeschreibungen üben auf dem Leser einen emotionaler Einfluss aus. Eine Kunstgestalt hervorhebt eine Individualität und Eigenart des Menschen.

In seinem Roman „Abajes Weg“ schafft Muchtar Auesow wirklich eine Kunstgestaltgalerie, z.B.: «Bei jedem ihrer Schritte ludeten fein dir Scholpy, die kostbaren Geldstücke in ihren Zipfen, und kündeten ihr Kommen an. Die blitzenden Steinchen in ihren Ohren, das Biberkörnchen auf dem Kopf und die schlanken, mit Ringen übersäten Hände – dies alles dankte Abai zierlicher und lieblicher als alles, was er je gesehen. Sie hatte ein feines, zartgeschnittenes Gesicht mit einer ebenmäßigen kleinen Nase und schwarze Augen, über denen sich die dicken langen Brauen wie Schwalbenflügel spannen». Die Helden von Muchtar Auesow sind bekannt mit seine Schicksale, besonderes Aussehen, Manieren.

**МУЧАЮСЬ И РАБОТОЙ, МУЧАЮСЬ И ПОРЫВАМИ К КУБКУ ЖИЗНИ
(ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ЛИТЕРАТУРЫ С ИЗОБРАЗИТЕЛЬНЫМ ИСКУССТВОМ
НА ЗАНЯТИЯХ В IX КЛАССАХ)**

Н.Н. ЕРИСОВА
учитель рисования, СОШ № 4 имени К. Макпалеева
Е.А. МАШИНСКАЯ
учитель русского языка и литературы

Связь литературы с другими искусствами - одна из трудных проблем в работе. Используя широкие возможности для проявления творческой инициативы, учителя ориентируют учащихся на такую систему преподавания, которая развила бы их интересы к художественной литературе и другим видам искусства, способствовала бы их активности и самостоятельности.

Интегрированные уроки пробуждают интерес учащихся к предмету, развивают образные восприятия окружающего мира, умение сопоставить увиденные и прочувствованные образы в различных искусствах, воспитывают вкус, внутреннюю культуру, обогащают словарный запас учащихся.

Предлагаем свой опыт работы с иллюстрациями М. Врубеля к произведениям М. Лермонтова.

Можно дать общие сведения о художнике, о времени его жизни (1856—1910), показать репродукции самых совершенных его вещей — и все это будет интересным, впечатляющим и полезным. Однако стоит специально предусмотреть такую компоновку материала, которая позволила бы раскрыть источники творческой близости поэта и художника. Это не просто. И потому, что Врубеля от Лермонтова многое отъединяет (разное время, разное отношение к общественному движению, различие характеров и т. д.), и потому, что личность художника чрезвычайно сложна.

«Мучаюсь и работой, мучаюсь и порывами к кубку жизни», — говорил Врубель сестре в одном из московских писем. А в письме к жене, сопоставляя свои работы с работами других художников, он употребил весьма характерные выражения — «восторг» и «натиск».

Врубель не проникся лермонтовским пафосом обличия. Но он обратился к титаническим образам трагических героев писателя — и нашел в них отклик своему страданию.

Демон Лермонтова — образ могучий, но и загадочный, и есть немало разноречивых его толкований. Врубель нашел в тоске «духа изгнания» отклик собственной муке; ему была близка мощь лермонтовского отрицания зла и несправедливости, мятежность лермонтовского протеста против оков, губящих необъятные силы. И вместе с тем художник, бывший в стороне от общественного движения, отразил в Демоне не только собственную тоску, но и настроение тех современников, кто, подобно ему, задыхался в гнетущей атмосфере эпохи 80-х годов, кто страдал в мире приземленности идеалов и подавления свободы.

Где и когда рассказать о художнике? Видимо, удобнее всего на занятии кружка, пригласив на него не только кружковцев. Целесообразно поступить и иначе. Вряд ли приходится ожидать, что каждый школьник встретится при чтении Лермонтова с рисунками Врубеля; в лучшем случае некоторые из учеников увидят некоторые из иллюстраций (таковы доступные издания). Поэтому было бы хорошо создать для кабинета Врубеля, книжную или в фоторепродукциях. К открытию такой выставки тоже можно было бы приурочить рассказ о художнике.

Для успешного обсуждения иллюстраций важно, чтобы в темах, вопросах, заданиях, предлагаемых ученикам, не было надуманности, в количестве вопросов соблюдалась мера, а рассуждения не стоит затягивать. Непосредственно для уроков целесообразно взять иллюстрации к «Герою нашего времени»: Печорин на диване; дуэль Печорина с Грушницким; княжна Мери и Грушницкий у источника; Казбич и Азамат (особенно три первые). Характеризуемые далее формы занятий только примерные. В зависимости от конкретных условий работы (в классе или вне класса; с сильным или слабым составом учеников) они могут потребовать коррективно.

Печорин на диване (книжный вариант)

Замечательна композиция этой иллюстрации. Печорин один в комнате; в позе, необычайно выразительно передающей и сосредоточенность его мысли, и расслабляющую его опустошенность, он лежит на покрытом ковром диване. Все, что окружает Печорина, словно не вполне закончено в рисунке: не прорисован узор ковра, видны лишь общие контуры великолепной коллекции оружия, занявшей стену над диваном, расплываются очертания стула...

И это только подчеркивает настроение героя: ему нет дела до окружающего, пышная декорация не может его ни занимать, ни тешить. Все наше внимание приковывается к его глазам, выражению лица, позе. «Есть трагическое противоречие, — пишет по поводу этого рисунка С. Н. Дурылин, — между почти обломовским положением стройной фигуры молодого человека, распростершегося в бездействии праздного покоя на пышном диване, и энергичным поворотом головы, волевым устремлением взора, точно великие силы обречены на полную бездейственность...»

При рассмотрении иллюстрации можно выделить вопросы: какие чувства, какое настроение героя запечатлены на рисунке? Какая сцена романа изображена? Каким замыслом мог руководствоваться художник,

не стремясь в данном случае точно передать какую-то сцену? Важна не обязательная постановка этих вопросов перед учениками, а их прояснение по существу.

При организации беседы названные вопросы могут быть и последовательно предложены классу (не обязательно всем), и положены в основу заданий. Можно, например, перед обсуждением рисунка раздавать ученикам для обдумывания карточки следующего содержания:

1. Как вы можете объяснить суждение исследователя творчества поэта; «Это не иллюстрация в тесном смысле этого слова... Это — обобщенная мысль о «герое нашего времени»?

2. Как вы понимаете утверждение: «Врубелевский Печорин является лучшей иллюстрацией к «Предисловию» к «Герою нашего времени»?

3. Что обращает на себя ваше внимание в композиции рисунка?

Иллюстрация «Печорин на диване» воспроизводится не так часто, приходится поэтому специально позаботиться об ее демонстрации: дать ее на выставке или спроецировать с помощью интерактивной доски.

Дуэль Печорина и Грушницкого

Сцена в романе, к которой относится иллюстрация, — развязка истории, потребовавшей от Печорина мобилизовать всю его пронизательность и мужественную энергию, проявить самообладание и холодное презрение к смерти. И чего же ради напрягались силы этого одаренного человека? «Когда дым рассеялся, Грушницкого на площадке не было». Еще одна жизненная жестокость. Горькое осознание бессмысленной светлости происшедшего, непоправимости, содеянного, ощущение себя «необходимым лицом пятого акта» — таково состояние Печорина в романе, и таким показал его Врубель: «Если я причиной несчастий других, то и сам я не менее несчастлив».

Врубеля можно упрекнуть в том, что он не шел буквально за авторским описанием. Все это так. Но верный себе, Врубель искал главного, в его рисунке передана (и как передана!) трагедия главного героя, суть его характера, его отношения к миру.

Обсуждение можно сосредоточить на вопросах: каким показывает художник душевное состояние Печорина? Как композиция рисунка (расстановка фигур, общий фон, вид площадки) раскрывает смысл происходящего и настроение участников дуэли? Говоря об этом, естественно обратиться к тексту, к размышлениям Печорина после дуэли.

Княжна Мери и Грушницкий у источника

На иллюстрациях Врубеля Грушницкий появляется один лишь раз, в сцене, когда Мери, вопреки духу чопорного этикета, подняла оброненный им стакан. Удачно ли в данном случае художник избрал тему рисунка? Позволяет ли иллюстрация обнаружить как-то характер Грушницкого? (Ведь Врубель оставил без внимания весьма колоритные в этом смысле ситуации, как, например, «заговор» в ресторации или объяснение во время дуэли.) Такие вопросы могут стать отправными при рассмотрении рисунка.

Иллюстрации к «Герою нашего времени» закономерно рассмотреть в связи с анализом отдельных образов или отдельных эпизодов, но полезно привлечь рисунки и на заключительных занятиях по теме. В этом случае уместна постановка вопросов, относящихся к рисункам в целом: какие идеи и настроения Лермонтова прежде всего раскрыл Врубель? В чем соответствуют, а в чем не соответствуют роману его иллюстрации? Насколько существенны отступления художника от авторских описаний?

Один из наиболее трудных вопросов — соответствие стиля писателя и художника. Не стоит особенно углубляться со школьниками в существо этой проблемы, их познания малы для такого подхода. Но известные черты модернизма в манере Врубеля очевидны. Тем не менее эти моменты не помешали художнику добиться внутреннего, глубинного соответствия своего изображения лермонтовскому.

Из-за недостатка времени иллюстрациям к поэме «Демон» нельзя уделить на уроках должного внимания, к ним возможно обратиться на факультативных или кружковых занятиях или на литературном вечере.

В этих рисунках, как и в иллюстрациях к «Герою нашего времени», Врубель не следовал традициям. Ему ставили в вину, что он многое не показал, многое упустил: не дал картин прекрасной природы, не нарисовал седого Гудала, не изобразил боя в горах... Главной заботой, болью художника был Демон, Демон тоскующий Демон, возрожденный любовью к добру, Демон, потрясенный крушением надежд. Поразительно мастерство, с которым в этих рисунках Врубель произвел накал чувств, стремите движения, колорит Востока. Кажется, что эти выполненные в основном черной акварелью рисунки сияют переливами красок.

Общую тему «Демон Лермонтова и Демон Врубеля» можно раскрыть и иначе: подготовить доклады, организовать обсуждение. Для отдельных сообщений учеников целесообразно предложить такие темы: 1. Первые изображения художником Демона (одесские и киевские искания, «Демон сидящий»), 2. Иллюстрации к поэме «Демон». 3. «Демон поверженный».

Для обсуждения стоит наметать такие, например, сопоставительные задания: 1. «Демон сидящий» и «Голова Демона на фоне гор». 2. «Голова Демона на фоне гор» (тот же рисунок) и «Демон поверженный».

Сопоставление «Демона сидящего» (1890) и «Головы Демона» поможет уяснить смысл этого символического образа, то, чем был Демон для Лермонтова и Врубеля. «В образе Демона, — говорит Дурылин, — Врубель, подобно Лермонтову, создавал величайшую протестующую антидезу своей эпохе». Таким «дух изгнания» еще не выглядит в «Демоне сидящем», и Врубель об этом говорил сам.

Лицо Демона, с запекшимися губами, со страдающим, горящим взором, поражает глубиной тоски, непосильной даже для такого могучего духа. Это Демон уже после потери Тамары: «И проклял Демон побежденный Мечты безумные свои...» Но это по-прежнему Демон несломленный, одинокий, страдающий, но «властный и величавый», гордый и мятежный: «И вновь остался он, надменный...»

С конца 1899 года Врубель начал работать над картиной «Демон летящий». Эта незаконченная вещь оказалась последним воплощением лермонтовского Демона. Все безысходнее становилась тоска художника, все фатальнее он приближался к образу Демона поверженного. «Демон поверженный» был представлен на выставке «Мира искусства» в 1902 году.

Врубель работал над этой вещью исступленно, в страшном напряжении последних сил, по четырнадцать и более часов в сутки, никуда не выходя, почти не разговаривая с близкими. И, уже поместив картину на выставку, он продолжал заниматься ею. Утром, до прихода посетителей, он являлся в зал — и принимался снова и снова переписывать Демона. В памяти свидетелей этих мучительных попыток художника сохранился бесконечно меняющийся облик Демона. «Были моменты, — рассказывает Яремич, когда по лицу его лились слезы. Затем он снова ожесточался».

Демона, поверженного, обессиленного, страдающего от злобы отчаяния, нет у Лермонтова. Такого Демона написал Врубель. Но что хотел исправить художник? Есть свидетельства, что он хотел поднять Демона, что он собирался написать новое полотно, сделать Демона снова могучим, летящим — лермонтовским Демоном. Этого замысла Врубелю уже не удалось осуществить.

Тема «Иллюстрации Врубеля к произведениям Лермонтова» - не бесплодная для учителя тема. Нужно знакомиться с литературой, находить иллюстрации, заботиться о способах их рассмотрения и т.д. но учитель, который загорится темой, отважится на нее, много даст своим ученикам для лучшего понимания Лермонтова и вряд ли не почувствует удовлетворения от того, что поможет им найти путь к одному из самых замечательных, хотя и сложных, русских художников.

ЛИТЕРАТУРА

1. «М.Ю. Лермонтов. Жизнь и творчество. Альбом. Институт мировой литературы им. М. Горького». Изд. «Искусство», М. — Л., 1941.
2. М.Ю. Лермонтов. Демон. Восточная повесть (1838—1840). Иллюстрированное издание т-ва И.Н. Кушнерев и К°, М., 1909.
3. М.Ю. Лермонтов. Демон. Восточная повесть. Иллюстрации М.А. Врубеля. «Academia», М., 1937.
4. С. Дурылин. «Герой нашего времени» М.Ю. Лермонтова. Учпедгиз, М., 1940.
5. Иван Евдокимов. М.А. Врубель, М., 1925.
6. «Золотое Руно» (Москва), 1906, № 1; 1909, № 5.
7. А. П. Иванов. Врубель. 2-е издание Н.И. Бутковской, П., 1916.
8. «Искусство и Печатное Дело» (Киев), 1910, №№ 4,5,6—7, 8—9,10,11,12.
9. «Искусство» (Киев), 1911.
10. Иллюстрированное полное собрание сочинений М.Ю. Лермонтова. Редакция В. Каллаша. «Печатник», М., 1914—1915.
11. М.Ю. Лермонтов. Сочинения. Художественное издание т-ва И.Н. Кушнерев и К°, М., 1891.
12. «Литературное Наследство», М., 1941, № 43—44 (первый Лермонтовский том) и М., 1948, № 45—46 (второй Лермонтовский том).
13. «Мир Искусства» (Петербург), 1902, № 5—6; 1903, № 10—11; 1904, № 5.
14. Н.П. Пахомов. Лермонтов в изобразительном искусстве. Издательство Академии наук СССР, М. — Л., 1940.
15. С.П. Яремич. Михаил Александрович Врубель. Жизнь и творчество. Издание И. Кнебель, М., 1911.

ӨЖ 655.535.52

ГАЗЕТ ТАҚЫРЫП АТАУЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ (ТИПТЕРІ)

А.А. ЕСІМХАНОВА

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тақырып атауы назар аударту құралы болып табылғандықтан, журналистика саласында үлкен маңыздылыққа ие екені сөзсіз. Сапалы құрастырылған тақырып атауының маңызы зор. Сонымен қатар тақырып атауы мәтінге бағыт беріп, материалдың маңызды көрсеткіші болуы мүмкін. Журналист еңбегі сан қырлы, әрі көпфункционалды болып келеді. Шығармашылық қызмет тақырыбы және жанры түрлері бойынша сан алуан түрлерге бөлінеді. Сол себепті әр редакцияда әр түрлі сала бойынша мамандар еңбек атқарады — журналист-саясаткерлер, экономистер, репортерлер, спорт шолушылары және т.б. Аудитория тарапынан жоғарғы деңгейлі қызығушылыққа жету үшін материал тақырыбы атауының дұрыс таңдалуы маңызды аспект екені даусыз. Мақала тақырыбы атауының көмегімен газет бағанасында орналасқан материалдарға көркемдік берілетіні анық.

Ғалым Л.А. Коробова тақырып атауларын ақпараттардың идеялық-тақырыптық негізі тұрғысынан үш түрге бөліп қарастырады:

1) Ақпараттық тақырыптық қырын білдіретін тақырыптар. Бұл жерде тақырып деп хабарлама материалы түсінідіріледі. Мұндай тақырыптар баяндалатын ақпаратты талдап түсіндірмейді, тек қана оны меззейді. Мұндай тақырып атауларының мазмұны тек мақала арқылы түсініледі. Оған төмендегідей мысалдар келтіруге болады:

«Бұл — футбол мерекесі» («Шаһар», №29, 2009 ж.);

«Бабабар мұрасы — халық қазынасы» («Сарыарқа самалы», №127, 2009 ж.).

2) Ақпараттың идеялық мазмұнын білдіретін тақырыптар. Хабарламаның тақырыбы аталатын бірінші типтегі тақырып атауынан айырмашылығы — екінші типтегі тақырып атаулары бүкіл ақпаратты қамтитын негізгі идеяның манифестациясы болып табылады. Мысалы осы тектес тақырыптар:

«Театр маусымы аяқталды» («Шаһар», №28, 2008 ж.);

«Жаңа кітап жарық көрді» («Сарыарқа самалы», №104, 2009 ж.).

3) Мақалада берілетін ақпараттың идеялық-тақырыптық негізін білдіретін тақырып атаулары [1, 80]. Мысалы: «Кәсіпкерлік дамуына кең жол ашылды», («Сарыарқа самалы», №13, 2009 ж.);

«Доңыз тұмауы рас па, әлде «пысықайлардың пайда табу көзі ме?» («Шаһар», №31, 2009 ж.).

Жоғарыда аталған жіктеулерге негізінде тақырып атауларын әртүрлі принциптерге байланысты сан алуан түрлерге бөліп қарастыруға болады. Тақырыптың қандай мақсатымен құрыстырылғанына байланысты автор өзінің материалында оған белгілі мән бере отырып, оқырман назарына ұсынады, ойлары мен көзқарастарымен бөлісуге шақырады.

Зерттеуші-ғалым Э.А. Лазарева тақырып атауларын бірбағытты және кешенді тақырыптар деп бөледі. Бірбағытты тақырып атаулар мәтіннің мағыналық құрылымының бір элементіне байланысты болады. Мысалы:

«Спорт өркендеп келеді» («Шаһар», №37, 2008 ж.);

«Денгейлес қарсыластар кездесулері» («Шаһар», №49, 2009 ж.).

Яғни газеттегі материалдың бір ғана атауы болып, бір ақпаратты жеткізеді.

Ал кешенді тақырыптар бір мезгілде мәтін құрылымының бірнеше элементімен байланысты болады. Олар күрделенген ақпаратты жеткізеді. Мұндай тақырып атауларының ақпараттық дәрежесі жоғары, мәтінмен байланыстары алуан түрлі болып келеді. Мысалы осындай тақырыптар атап кетуге болады:

«Аралық бақылаудың «көлеңке тұсы» көп...» («Сарыарқа самалы» №41, 2009 ж.) - тақырып аты болса, оның бөлімдері:

«Екінші сортты пөндер...»;

«Жасырғанның жарасы асқынады»;

«Бақылаушыны құдайдай күтіп...»;

«Қайғылы жағжайға не себеп?».

Мұның өзі оларды бірбағытты тақырыптардан ерекшелетін тұсы болып, мәтіннің мәнерлігін арттыратын құралдарының бірі. Яғни, кешенді тақырыптар әрі мақала тақырыбының өзектілігін көрсетеді, әрі жағдайға аналитикалық баға береді, сонымен қатар қандай да бір тезистің немесе көрнекті материалдың мағынасын аша түседі. Мақала құрылымының жекелеген бөліктерін кешенді түрде әр алуан түрлері бар. Сондай-ақ зерттеуші тақырып атауының мақалада қандай да бір мағыналық элементтің жеткізілу сипатына орай толық ақпараттық және толық емес ақпараттық түрлерге бөледі. Толық ақпараттық мағыналық компоненттің толығымен жеткізуге бағытталса, толық емес түрі жартылай жеткізеді [2, 15].

Егер де тақырып атауы — бұл фраза немесе сөз болса, тақырыптық кешен өзінің құрамына тақырыптармен қоса, айдар, лид және тақырыпшаларды (хедлайн) қосады. Айдарлар тұрақты, уақытша және арнайы болуы мүмкін. Тақырыпша және тақырып мәтін мазмұнын оқырманға нақты, әрі жан-жақты жеткізу мақсатында құрылады. Ал лид материалды одан әрі нақтылау мақсатында жазылады. Ол газет мәтінінің бірінші фразасы, кей кездері бірінші абзацы болып табылады. Лид, тақырыпша, айдар — тақырыптық кешеннің құрамдас бөліктері.

Сапалы жасалған тақырып атының маңызы зор. Сонымен қатар, тақырып атауы мәтінге бағыт беріп, материалдың маңызды көрсеткіші болуы мүмкін. Журналист еңбегі сан қырлы, әрі көпфункционалды болып келеді. Шығармашылық қызмет тақырыбы және жанры түрлері бойынша көптеген түрлерге бөлінеді. Сол себепті әр газет редакциясында әр түрлі мамандар еңбек атқарады — журналист-саясаткерлер, экономистер, репортерлер, спорт шолушылары және т.б. Аудитория тарапынан жоғарғы деңгейлі қызығушылыққа жету үшін материал тақырыбы атауының дұрыс таңдалуы маңызды аспект екені даусыз. Мақала тақырыбы атауының көмегімен газет бағанасында орналасқан материалдарға көркемдік беріледі.

Қазіргі заманғы баспасөзде кездесетін тақырып атаулары әртүрлі негіздемелерге байланысты бірнеше түрлерге бөлінуі мүмкін. Мысалға оларды күрделілік деңгейі бойынша бөліп қарастыруға болады. Осы тұрғыдан тақырып атаулары негізгі екі түрге бөлінеді.

1) «қарапайым» тақырып атауы.

Ереже бойынша олар бір сөйлемнен құралып, белгілі бір аяқталған ойды білдіреді. Сипаты бойынша хабарлы сөйлем ғана емес, сонымен қатар сұраулы да болуы мүмкін. Оған төмендегі мысалдар дәлел бола алады:

«Әлеуметтік көмек ұлғайтылады» («Шаһар», №45, 2009 ж.);

«Жас фотосурентші көрмесі ашылды» («Сарыарқа самалы», №79, 2009 ж.).

2) «күрделі» тақырып атауы.

Бұл түрлі тақырып атаулары қарапайым тақырып атауына қарағанда бірнеше сөйлемнен немесе аяқталған ойды білдіретін логикалық бөліктерден тұруы мүмкін. Көбінесе құрмалас сөйлем түрінде келеді. Мысалы:

«Маска киіп, үйіне кірген» («Шаһар», №30, 2009 ж.);

«Өнер коржынына жаңа сегіз ән қосылды, бұл «Жаңа ән, жаңа әнші, байқауының жемісі» («Сарыарқа самалы», №81, 2009 ж.).

Журналистика теоретиктерінің тақырып атауы бойынша әртүрлі типологиялар жасалды, бірақ біртекті жіктеулер жоқ. Олардың әрқайсысы тақырып атауларының қызметі, құрылымы бойынша әртүрлі түрлерге бөлініп зерттелген.

Зерттеуші-ғалым А. Тертычный баспасөздің түрлеріне байланысты тақырып атауының әртүрлі міндеттері болуы мүмкін екендігін атап көрсетеді. Мысалы, кәсіби-салалық, ресми баспасөзде тақырып атауы бірінші кезекте мәтіннің мағынасын түсіндіруі керек. Қоғамдық-саяси баспасөз үшін тақырып атауының мақсаты екі есе артады – ол оның мазмұнын түсіндірумен қатар, оқырманның қызығушылығын аударту керек. Сары басылым жарнамалық міндет атқарады – ол сан алуан қырлы аудиторияның назарын аударту керек екенін атай келе, тақырыптарының аудиторияға эмоционалды әсер ету мақсатына байланысты зерттеуші А. Тертычный тақырып атауларын келесі түрлерге бөледі:

«назар аудартатын». Мысалы:

«Абай болыңыз: қыс қаһарына мініп тұр» («Сарыарқа самалы», №147, 2009 ж.);

2) «қорқынышты» Мысалы:

«Қызымды өз қолыммен өлтіре алмадым» («Жас Алаш», №104, 2009 ж.);

3) «таңқаларлық» Мысалы:

«Қазақстандағы 858 шағын мектеп құрдымға кетуі мүмкін» («Жас Алаш», № 98, 2009 ж.);

4) «жанжалды». Мысалы:

«Балабақшаны қайтарындар!» («Жас Алаш», №102, 2009 ж.).

Тақырып атауы мен мазмұны арасындағы байланыс бойынша ол үш түрді анықтады:

1) тақырып атауы-тақырып (белгілі бір фактіні атап көрсетеді). Мысалы: «Маңызды мәселелер талқыға түсті» («Сарыарқа самалы», №149, 2009 ж.);

2) тақырып атауы-мінездеме (тұлғаның, оқиғаның, проблеманың мінезін ашады). Мысалы:

«Өзгелерге шарапатын аямаған» («Сарыарқа самалы», №150, 2009 ж.);

3) тақырып-ассоциациялар: Мысалы:

«Кәсіпкерлікке - кең өріс» («Сарыарқа самалы», №69, 2009 ж.) [3, 81].

Журналистика туралы көптеген кітаптардың авторы М. Шостак тақырып атауларын бес түрге бөліп қарастырады.

1) тақырып атауы - хроника (жаңалықты хабарлау барысында). Мысалы:

«Жайлау» бағдарламасы жүзеге аса бастады» («Сарыарқа самалы», №117, 2009 ж.);

2) тақырып атауы - «жүгіртпе жол» (тақырып атауы – материал басы мәтінге ұласады. Мысалы:

«ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ аурухана Железинка ауылында ашылды», («Сарыарқа самалы», №149, 2009 ж.);

3) тақырып атауы - резюме (оқиғаны түсіндіруге мүмкіндік береді). Мысалы: «Өткенді сыйламаған, келешекте опық жейді» («Жас Алаш», №102, 2009 ж.);

4) тақырып атауы-цитата (оқырман қызығушылығын одан әрі арттыруға бағыт алады):

Рафаэль Вахитов: «Қарсыласыңнан мысың да, күшің де басым болсын», («Сарыарқа самалы», №142, 2009);

5) «назар аудартуға» бағыт алған тақырып атауы (оқырманды қызықтырады және мәтінді одан әрі оқуға қызықтырады). Мысалы:

«Құны 6 миллиард көпір неліктен құлады?» («Жас Алаш», №74, 2009 ж.).

Ғалым М. Шостак тақырып атауларын сонымен қатар зерттеу жұмыстарында оларды сөз қолданысы бойынша келесі түрлерге бөледі:

1) «вирши» (ұйқасты тақырып атауы):

«Ел ағадан азар, тон жағадан тозар» («Жас Алаш», №60-61, 2009 ж.);

2) аллитерация (дыбыс үйлесімі):

«Студенттің сағын сындыра алмады» («Жас Алаш», №73, 2009 ж.);

3) күлкілі түзетулі тақырып атаулары (атақты нақыл сөздерді өзгерту): «Алпысқа келген мұғалімнен ақыл сұрама» («Жас Алаш», №79, 2009 ж.);

4) сұрақ, дыбыстық белгілерді білдіретін тақырып атаулары: «Астафиралла» асылық сөз айтпағайсыздар» («Жас Алаш», №91, 2009 ж.) [34, 66].

Қорыға айтатын болсақ, тақырып мәселесін зерттеп жүрген бірқатар ғалымдардың зерттеу жұмыстары бойынша тақырып атаулары, олардың ақпараттардың идеялық-тақырыптық негізі тұрғысынан, құрылымы, күрделілік деңгейі, аудиторияға эмоционалды әсер ету мақсатына байланысты және тақырып пен мазмұны арасындағы байланыс ерекшелігіне байланысты түрлерге бөлінетіні анықталды. Осылардың негізінде

тақырыптардың түрлеріне байланысты бірізді пікірлердің жоктығы, бірдей түрлерге жіктелуі жоқ екенін атап кетуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Лазарева Э.А. Заголовок в газете. – Свердловск.: Изд-во Урал. ун-та, 1989. – Б. 15.

2 Тертычный А.А. Заголовок – слово главное. // «Журналист», № 1. 2004. – Б. 81.

3 Шостак М. Репортер: профессионализм и этика. – М.: Изд. РИП-холдинг, 2001. – Б. 66.

ӘӨЖ 372.881.151.212.2

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА КӨРНЕКІЛІК ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ-ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ШАРТЫ

Г.Қ. ЖАКИЯНОВА
қазақ тілі пәнінің оқытушысы, № 17 ЖОББСОБМ, Павлодар қ.

Көрнекілік мұғалімдердің шығармашылық ізденесін, әдістеме жаңалықтарын сергектігі, оны сабақ өткізу барысында шебер пайдалана білуді талап етеді.

Болашақ маманың ең негізгі міндеті таңдаған мамандағы бойынша теориялық білімі мен практикалық дағдысын меңгеру болса, кәсіби тұрғыдан қалыптасуына педагогикалық іс-тәжірибе кезеңінің үлкен көмегі болады. Сондай іс-тәжірибе кезеңдерінде бағдарламаның тақырыптық құрылымына сай сан алуан көрнекіліктерді пайдалана отырып, оқушыларды қызықтыра білу керек.

Оқытудың көрнекілігі дидактиканың негізгі ұстанымдардың бірі екені мәлім. Әсіресе, қазақ тілі сабақтарында көрнекілікті пайдаланудың маңызы ерекше. Сабақта қолданылатын көрнекіліктің тілдік ұғымдарды (материалдарды) түсіндіруді жеңілдететін, көрнекілік арқылы түсіндірілген тақырып оқушының ойында берік сақталатынын, оқушының елестету қабілетінің дамитынын, теориялық білімнің практикамен байланысын нығайтатынын көреміз.

Оқушының байқау, көру қабілеттерінің ерекшеліктерін ескеріп, дамытатын көрнекілік болып табылады.

Көрнекілік мұғалімнің шығармашылығын ізденесі мен әдістеме жаңалықтарына сергек қарап, сабақ барысында шебер пайдалана білуді талап етеді. Көрнекіліктерді пайдалануға қазақтың ұлы педагогы Ы. Алтынсарин де зор көңіл бөлген.

«Қазақ жастары ғылым, өнерді кітап сөзі деп қарамай, заттай, көзімен көріп ажырата білулері керек», - деген.

Көрнекілік сабақтың кез келген бөлімінде, атап айтқанда, жаңа сабақты түсіндіру, бекіту, қайталау кезеңдерінде де қолданыла береді.

Қазақ тілі сабақтарында қолданылатын көрнекі құралдардың түрі көп. Соның ішінде дәстүрлі әрі кеңінен пайдаланылатыны – кесте (таблица).

Көрнекіліктің кесте ретінде берілуіндегі артықшылық-тілдік категориялардың ұқсастығын, айырмашылығын, ере кшілігін салыстырып көрсетуге мүмкін болады. Көрнекілік арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыта аламыз.

Сабақты түсіндіру кезеңінде мынадай кестелерді пайдалануға болады.

1 кесте

Орфоэпиясы	Орфографиясы
Ұйым	Ұйым
Жұлдыз	Жұлдыз
күрүлүс	күрылыс

2 кесте

Орфоэпиясы	Орфографиясы
Жұууну	Жуыну
жүүүк	жуык

3 кесте – Дауысты дыбыстар


	жуан	жінішке	ашық	қысаң	еріндік	езулік
А	*		*			*
Ә		*	*			*
Е		*				*
І		*		*		*
Ы	*			*		*
О	*		*		*	
Ө		*	*		*	

Ү		*		*	*	
Ұ	*			*	*	

Сондай сияқты әр тақырыпқа кестелерді қолдануға болады.

Көрнекіліктердің түрлері көп: дидактикалық көрнекіліктер, суретті көрнекілік, интерактивті тақта, жылжымалы тақта, т.б..

Сурет-схема арқылы балалар тақырыптарды тез меңгере алады. Мысалы төмендегі сурет-схеманы пайдалана отырып, оқушы өз туралы әңгімелей біледі.



1 сурет

Менің атым Оразалы. Мен сегіз жастамын. Мен мектепке барамын. Екінші сыныпта оқимын. Менің отбасым шағын. Отбасымда әке, шеше, мен және інім бар.

Сондай сияқты әр балаға арналған жеке конверт.

Ұсақ карточкаларда:

1. Жануарлар, құстар, отбасы, жыл мезгілдері т.б. суреті
2. Негізгі түстер
3. Сандар (1-100)
4. Белгілер («-» жоқ, «+» бар, «--» жатыр, өседі)

Оқушылар көрнекіліктерді қарап алып, сөйлемдерді құрастырады. Көрнекіліктерді қолдану жақсы нәтиже көрсетеді.

Сабақта осындай әр түрлі көрнекіліктерді пайдалану оқушылардың логикалық ойын дамытады. Тақырыптарды салыстыра отырып, тілдің категориялардың атаулары мен бір-бірінен мағыналық айырмашылықтарын, кейбір тақырыптардың іштей байланысын түсінетін болады.

Педагогикалық машық кезеңдерінде ұстаздар көрнекіліктерді көбірек қолдануға тырысады. Себебі, сыныпты жалпы және әр баланы жеке көріп-білуге, олардың эстетикалық талғамын, қызуғышылуығын, сабаққа деген ынтасын арттыруға зор ықпал етеді.

Күнделікті сабақтарда тақырыпқа сай күйтабақтар, үй таспалары, тақырыптық суреттер, музыкалық т.б. пайдаланады. Көрнекіліктерді қолдануға мынадай талаптарды ескерген жөн.


1. Көрнекілік оқу бағдарламасына сай дайындалуы керек.
2. Эстетикалық тәрбие беру мақсатында балалардың талғамын өсіретіндей әсем, ұқыпты да тартымды орындалғаны жөн.
3. Жүйелі, жинақты тұруы тиіс.
4. Тақырыптың мазмұнын аша түсіп, толықтыратындай болуы керек.

Көрнекілік пен техникалық құралдарды ұтымды пайдалануы оқушылардың материалдарды жеңіл меңгеруіне мүмкіндік туғызады. Олардың сабаққа ынтасын ұштап, қызығушылығын арттырады.

Мысалы: «Жыл мезгілдері» туралы сабақ өткізсек, оқушыларға сөйлемдер құрастыруға оңай келеді, себебі суретке қарап:

1. Жыл мезгілін атайды
2. Жерде болатын өзгерістер туралы айтады
3. Тағдарда болатын өзгерістер туралы айтады
4. Жел жайлы айтады
5. Әр жыл мезгілінің өзгерістер туралы айтады.

Мысалы: «Күз» тақырыбы туралы суреттер.



Этнолингвистиканың тіл білімінің өз алдына жеке пәні болып қалыптасқанда негізгі қойған мақсаты - тарихи ретроспектива, яғни кез келген ұлттың фольклорлық дүние суретін қайта өңдеу, күнгірт тұстарының мәнін ашу мәдениет, салт-дәстүр және ритуал формаларын айқындау болған. Қазіргі кезде айтылып жүрген лингвомәдениеттанудың жалпы, кең көлемдегі, яғни тіл біліміндегі алар орны жөніндегі пікірлер этнолингвистиканы оның фундаменті деп қарастырады. Соның ішінде, С.Исабеков: «этнолингвистикамен салыстырғанда халықтың материалдық және рухани өмірінің ерекшеліктерін, мәдениетті тіл және адамдардың сөйлеу әрекеттері арқылы зерттейтін ғылыми бағыттардың барлығы да уақыт шамасы жағынан едәуір кейін және де тіптен бөлек жағдаяттар, басқа мақсат және міндеттер негізінде пайда боды. Алайда олардың барлығы да этнолингвистиканың фундаменталды ғылым мен теорияға жағымды әсерін қалайда сезінеді. Сонымен, қазіргі заман этнолингвистикасы белгілі бір материалдық және тарихи-мәдени кешендермен байланысты тілдік бірліктерді ғана зерттейді ал лингвомәдениеттану өзіндік мақсаты мен міндеті бар ол тарихи да қазіргі заманның да тілдік айғақтарын рухани мәдениет арқылы зерттейді. Қазіргі уақытта лингвомәдениеттанудың диахроникалық, салыстырылмалы, салғастырмалы және лингвомәдени лексикография салалары айқындалды соңғысы белгілі бір тіл мен мәдениеттің байланысын практикалық мақсатта атап айтқанда, шетел тілін оқыту әдістемесімен аударматануды зерттейтін этнолингвистиканың қолданбалы бөлігі - елтанумен тығыз байланысты. Аударматанудың лингвомәдени аспектілерін зерттеген А.Алдашова «этнолингвистикамен елтануға қарағанда лингвомәдениеттанудың ауқымы өте кең» деп анықтайды.

Лингвомәдениеттану мен этнолингвистиканың кең көлемде, яғни тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеу бағытына байланысты бір саладағы ғылымдар деп тұжырым жасауымызға әбден болады. Ал нақты түрде қарастырса, этнолингвистикамен лингвомәдениеттанудың өзіндік ерекшеліктері мынаған саяды:

- Этнолингвистикалық зерттеу белгілі бір этностың немесе этномәдени аймақтық шеңберде болса, лингвомәдениеттану салыстырмалы және салғастырмалы түрде зерттеуге негізделген;

- Этнолингвистикалық зерттеу нысаны негізінен мәдениеттің фольклор үлгілерінде көрініс тапқан дүниелер;

- Этнолингвистикалық зерттеуде тілдік белгілерімен қатар, түрлі ритуал формаларын, қайта жаңғырту жұмыстары мақсат етіледі;

- Этнолингвистикада мәдениеттің материалдық жағына көбірек көңіл бөлінсе, лингвомәдениеттануда рухани жақтары, яғни дүниетаным негіздері, діл, ұлттық психология, ұлттық рухани моральдық құндылықтар айқындалады;

- Этнолингвистика фольклорлық үлгілер негізінде, яғни ретроспективалық бағытта болса, лингвомәдениеттануда тарихи және қазіргі замандағы ұлт өкілдерінің яғни мәдениет пен тіл иелерінің құндылықтарды танудағы өзгерістерді де зерттейді;

- Этнолингвистикалық ізденістер тілдік материалға көбірек көңіл бөлсе, лингвомәдениеттануда тілдік және мәдени контекстер тең қарастырылады;

- Этнолингвистикалық зерттеулерде тілдік, атап айтқанда этимологиялық әдістемелер басым қолданылса, лингвомәдениеттануда танымдық лингвистиканың, ассоциативті психологияның т.б. салалардың озық әдістемелерінің, кешенді түрде өзіндік қолданыс табады.

Әдістемелер ішіндегі лингвомәдени сараптама этимологиялық сараптамамен тең келмейді. Лингвомәдени сараптаманың мақсаты - тілдік бірліктің шығу тегін айқындау емес, әр түрлі типтегі, яғни әдеби, діни, саяси және т.б. дискурстар ықпалымен пайда болған сөздік бірліктерге түсініктеме бере отырып, оның пайда болу шарттары мен жағдаяттарын анықтау болып табылады.

Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы этнографизмдерді көп кездестіреміз. Ұлттық құрал-сайман атауларына байланысты этнографизмдер, ұлттық киім-кешекке байланысты этнографизмдер :

Қамшы қазақ халқының ежелгі заманнан бергі келе жатқан қолөнер үлгісі, құрал аты, сонымен бірге ұлттық құндылықтың тағы бір көрінісі.

Қазақтарда ертеде қамшы - ишарат білдіру, яғни қарым-қатынас құралы болған. Үйге кіргенде қамшысын екі бүктеп кіру адамның тәрбиелілігінің белгісі болып есептелген.

- *Ана арқасында қайыс қамшы* жыландай жүйткіп жүр. *Тек отыз орм қамшы* ғана әйел арқасында жыландай ысылдайды. *Қанға боялған қамшы* ана денесінің ашылған жерлерін иіскеп табатындай, жанға батар жеріне дәл-дәл тиеді. (Ғ.М. «Ананың арашасы» 87 б.).

- *Қамшы сарт етіп қалғанда* ана көзінен от ұшқыны да жалт етіп қалады. Ашуға булығып, қамшыны үсті-үстіне жаудырып тұрған ызалы Антоновтың өзі болдыруға айналды (Ғ.М. «Ананың арашасы» 87 б.).

- *Аттының қамшысы, жаяудың таяғы* қашан да бізге тиеді ғой (Ғ.М. «Ашынған ана» 77 б.).

Қамшы мен пышақ қазақтарда басқа да этномәдени белгі ретінде қолданылған. Хан ордасына келгенде келушінің қамшысы мен пышағынан басқа қаруын алып қоятын болған, қамшысын алғаны - сөз сөйлеуге құқы жоқтығын, пышағын алғаны - бұл жерде оған арналған сыбаға жоқтығын білдірген. Бұл ең бір ауыр жаза ретінде қабылданған .

- Табақтың шетінде жалтырап жатқан сар кездікке көзім түсе қалды. Өзім, көзім қарайып, обалымды пышаққа артып, қанымды шашайын деп жүрген адам, сар кездікті жұлып алып, жүгіріп келіп шалқасынан жатқан болыстың жұтқыншағынан салып кеп жібердім.

Жазушы қазақ халқының ұлттық киімдерін қазақ қызының образын ашуда шебер пайдаланады. Мұндағы *күрең барқытпен тыстаған қара елтірі бөрік, жеңіл пұшпақ ішік, күрең барқыт шалбар, белінде күміс жапқан қаптырмалы былғары белдік* деген сөздік қолданыстар арқылы автор қазақ халқының киім-киісін бейнелеу арқылы ұлттық құндылықтардың ерекшелігін айқын көрсетеді.

- Шайды іше отырып қанша қарамайын десе де, Есенең көзін қыздан аударма алмай қойды. *Басында күрең барқытпен тыстаған қара елтірі бөрік, үстінде сол күрең барқытпен тыстаған жеңіл пұшпақ ішік, күрең барқыт шалбар, белінде күміс жапқан қаптырмалы былғары белдік. Аяғында биік өкіелі шоңқайма етік - «қосай калош», бәрі де сандық түбінде жататын «бір киер» екені танылып тұр.* Бәрі де шеше қолынан өткен (Ғ.М. «Ұлпан» 38 б.).

Ақ жібек шаршыны шәлі, үстінен сәукеле, қына сары жібек қойлек, қызыл жібектен бұрме жаға, қара көк барқыт камзол деген тіркестерді пайдалана отырып, қазақ менталитетіне тән ұлттық киім үлгілерін одан әрі дамыта суреттейді.

Сонымен қорыта келгенде Ғабит Мүсірепов - ұлттық болмыстың сипатын шебер бейнелейтін қазақ жазушыларының бірі. Оның шығармалары арқылы қазақ болмысын, қазақ халқының менталитетін айқын көруге болады. Жазушының шығармаларынан этнолингвистикалық және лингвомәдени сипаты басым, қазақ халқының болмысын суреттеуде айқын көрініс болатын бірнеше мысал алынды. Кез келген этностың мәдениеті шеңберінде көзі ашылмаған мол қазынаның бастау бұлағын іздеп, оларды сала-сала бойынша жинап-теріп, мән-мазмұны себебі мен қалыптасуын, даму дәстүрін байланыстыра қарастыруда этнолингвистиканың маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кәрімов Х. Қанатты тіл, Алматы 1995, 141 бет
2. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. Алматы 1997, 224 бет
3. Сәрсекке Г.Ә . Р.Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкерді мінездеуші тідік-стильдік тәсілдер. Фил. ғыл.канд.дисс.автореферт. Алматы 1999
4. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді . Алматы 1994, 105 бет
5. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі, Алматы 1968, 264 бет
6. Шалабай Б. Көркем әдебиет тілін мектепте оқыту, Алматы 1984, 22-26 беттер
7. Сейілхан А. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні. Фил.ғыл.канд.дис. қолжазбасы. - Алматы, 2001.-154 б.

ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСІ

Г.Б. ЖУНУСОВА

казак тілі пәнінің мұғалімі, ММ лицейі, Павлодар облысы, Ақсу к.

Адам ойын ауызша не жазбаша жеткізеді. Сондықтан оқушы тілін дамытуда ауызша және жазбаша бағыттар бір – бірімен байланысты жүргізіледі. Адамның сөйлеуіне қолданылатын тілдің нұсқалар – дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің тілді оқытудағы негізгі мәселелер екендігі анық.

Тіл дамытуда дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру, казак сөздерінің айтылу нормасын қалыптастыру, казак тілінің орфоэпиясын меңгеру жұмыстары жүргізіледі. Ал бұлар ауызша сөйлеу тілінің негізгі мәселесі болып табылады.

Екінші тілді үйрету ісінде оқушы тілін дамыту жұмыстарын ұйымдастырғанда, жаттығулардың атқаратын қызметі зор. Тілге үйрету қай тілде болсын басталады. Жаттығулар ғылымда екіге бөлінеді: тілдік және сөйлесу жаттығулары. Тілдік жаттығулардың міндеті - тілдің грамматикалық материалын оқушыға меңгерту. Тілдік жаттығулар оқушыларға тілдік тұлғаларды қолдандыруға жаттықтырып , оны сөйлеуде қолдану дағдысын қалыптастырады.

Сөйлесу жаттығулары тілдік жаттығуларда меңгерген тілдік материалды керек кезінде айтылған ойға байланысты оқушы орынды қолдана алатын болуын көздейді. Ол қарым – қатынас жасауға бағытталады. Оған сұраққа дұрыс жауап беру, сұрақ қоя білу, сөйлем үлгілерін дұрыс пайдалана білу, аудару, шығарма жазу, ситуациялық жағдайларда сөйлей білу, т.б.,

Оқушы казак тілінен меңгерген бай сөздік қарым – қатынаста қолдана алмаса, тіл білген болып саналмайды. Сондықтан оқушының сөздік қорын байыту сөздердің сөйлесуде қолданысына жаттықтырумен бірге байланысты жүргізіледі. Жаттығулар тілдік материалдың негізінде оқушының жас ерекшелігіне, білім деңгейіне сай беріледі. Тілдік жаттығулар әр тілдік тұлғаны таныстырады, оны қолданып үйренуге жаттықтырады. Тілдік жаттығулар тұлғаларды дұрыс, ойланбай қолдану дәрежесіне жеткізуді көздейді. Тілдік жаттығулар алуан түрлі болып келеді. Тілдік тұлғалардың жаттығуда алғаш қолданыстағы дайын қалпында беруге болады. Мұндай жаттығулар тілдік тұлғаның қолдану үлгісі ретінде оның қолдануына оқушының назарын аударып көзін үйрету мақсатын көздейді. Ал тілдік жаттығуда тілдік тұлғаның көздегі онына нүкте қойылатын жаттығулар оқушыны тілдік тұлғалардың дыбыстық вариантын дұрыс таңдауға үйрету мақсатын көздейді.

Тілдік жаттығулар оқушыларға тілдік тұлғаларды қолдандыруға жаттықтырып, оны сөйлеуде қолдану дағдысын қалыптастырады.

Ана тілінде адам ойын жеткізу үшін сөздерді қалай байланыстыруды, қай қосымшаны қай сөзбен қолдануды, білдіретін ойына сөйлемнің қандай түрін, қалай қалыптастыруды ойланып жатпайды. Екінші тілді үйренуші оқушылар алғаш ойды қалай жеткізуді ойлайды, дайындау жаттығулары тілдік тұлғаларды қолдануды үйретіп қоймай, оны ойланбай қолданатын дәрежеге жеткізуде жүзеге асырады.

Ал сөйлеу жаттығулары тілдік жаттығуларда меңгерген тілдік материалды керек кезінде, айтылатын ойға байланысты оқушы орынды қолдана алатын болуын көздейді. Сөйлеу жаттығулары қарым – қатынас жасауға бағытталады. Оған сұраққа жауап беру, өзі сөзге сұрақ қоя білу, тілдік жаттығуларда меңгерген сөйлем үлгілерін сөйлеуде еркін қолдану, орысшадан қазақшаға ауыстырып, тақырып бойынша шығарма жазу, жоспарланбаған, дайындалмаған тақырыптарда сөйлеу, т.б. жатады. Сөйлеу жаттығуларын орындау барысында казакша сөйлеуге оқушылар әбден жаттығады. Сөйлеудің жеке адамға қатысты түрін, екі немесе көп адамның сөйлесуін, ауызша, жазбаша сөйлеуді оқушы сөйлеу жаттығулары арқылы меңгереді. Сөйлеудің, сөйлесудің барлық түрлерін меңгерген оқушыны казак тілі дамыған деп санауға болады. Ондай оқушылар ойын барлық жағдайда толық жеткізіп , казакша еркін сөйлей алады. Казак тілін үйренген сөздік қоры оған негіз болады.

Сөйлеу жаттығуларын сурет арқылы оқушыны сөйлеуге үйрету, оқыған кітабының мазмұнын әңгіме ету, мақал – мәтелдерді сөйлеуде қолдануға жаттықтыру, тақпақ, өлең айтуға үйрету де жатады.

Грамматиканы оқытуда жаттығу жұмысының мәні зор. Тақырып түсіндірілгеннен кейін жаттығу жұмыстары орындалады. Әрбір ұстаз оқушылардың керекті дағдылардың қалыптастыратын және қалыптасқан дағдыны тілдің басқа да ұқсас құбылыстарына да қолдана алатын жаттығу әдістерін білгені жөн. Жаттығу нәтижесінде оқушылар алған теориялық білімдерін практикада тез де дәл қолдана алу дағдысына ие болады: біріншіден, оқушының білімін нақтылайды, әрі нығайтады, екіншіден, өздігінен жұмыс істеуге жаттықтырады, ой қабілетін арттырады. Сабақтағы жаттығу жұмысы оқушылардың қандай тілдік материалмен жұмыс жасауына қарай фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік болып бөлінеді. Фонетикалық жаттығулардың міндеті- оқушылардың айтылған буындар мен дыбыстарды айыра алуын және оларды дұрыс , анық айтып берулерін қамтамасыз ету.

Фонетикалық жаттығулар кезінде кейбір оқушылардың тілін тістеп, сақауланып сөйлеуі кейбір дыбысты қалдырып кету әдеті немесе «с» мен «ш», «р» мен «л», «ж» мен «з» сияқты дыбыстарды алмастырып айту кемшіліктері оқуға да, да жазуға да зиян келтіреді. Фонетикадан алған білімдері мен жаттығулары тек дұрыс жазу, емле үшін ғана пайдаланып қоймайды, сонымен қатар оқуларды әдеби тіліміздің нормасын сақтап оқуға

үйрету үшін қолдануға болады. Оқу сабақтарында шәкірттердің жауаптарында, әңгімелерінде байқалған орфоэпиялық қателер, теріс айтылған сөздер түзетіліп, сөз ішіндегі дыбыстардың құбылуы ескеріліп отырады. Бұған қоса тілімізге басқа тілдерден енген термин сөздердің дұрыс айтылуы да практикалық жаттығулар арқылы үйретіледі. Морфологиялық жаттығулардың мақсатына ана тіліміздің морфологиялық құрылысын оқушыларға саналы түрде меңгерту кіреді. Мазмұны жағынан бұл жаттығулар екі түрлі болады:

1. Сөз тұлғасын оқу барысындағы жаттығулар
2. Сөз таптарын оқу барысындағы жаттығулар

Сөз тұлғасына байланысты жүргізілетін жаттығуларға мынандай талаптар қойылады:

1. Алдымен негізгі түбірлерді, одан әрі туынды түбірлерді, сосын түбірлес сөздерді талдайды;
2. Белгілі бір сөздердің ішінен негізгі түбірді тапқызу үшін сол негізгі түбірден жасалатын туынды сөздермен салыстыру жұмысы ескертіледі;
3. Туынды сөздермен негізгі түбірді ажырату барысында мағына жағына назар аударылады.

Жаттығу жұмыстары кезінде шәкірттер әрбір сөз табының қасиетін, ерекшеліктерін саналы түсінеді. Септік, көптік, жіктік, тәуелдік жалғауларын меңгереді. Оларды жазбаша, ауызша сөйлегенде дұрыс, орынды қоладнып үйренеді.

Сөз табы бойынша жүргізілетін жаттығулар:

1. Мәтіннен керекті сөздерді тапқызу;
2. Керекті сөздерді қатыстырып сөйлем құрастыру;
3. Сөздің мағынасын түсіндіріп сөйлемдегі қызметін көрсету;
4. Мағына және тұлға жағынан қандай айырмашылықтары барын салыстыру.

Синтаксистік жаттығуларға пунктуациялық жаттығулар да қосылады: мәтіндегі ойылған тыныс белгілерін талдау, қойылмаған тыныс белгілерін қою, өздері құрастырып сөйлемдер мен мәтіндерге қажетті тыныс белгісін қойып түсіндіру.

Шәкірттердің алған білімдерін бекіту мақсатында жүргізілетін жаттығуларда мынадай талаптар қамтылуы тиіс.

1. Белгілі бір жаттығуды орындау үшін оқушылардың сол жаттығуларды орындай алатындай білімі болуы шарт.
2. Жаттығу оқушының тілге қызығуын, ынтығасын арттыруы тиіс.
3. Жаттығу кездейсоқ болмай, белгілі бір жүйемен келуі, ұсынылуы керек.
4. Өз беттерінше жұмыс істеуге дағдыландыру.
5. Шығармашылықты талап ететін жаттығулар көбірек болуы керек.

Жаттығу жұмыстары білімінің беріктік принципін жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды. Жаттығу жұмысы - білімді бекіту, пысықтау, қайталау кездерінде жүргізіліп, оқушыларды іскерлік пен дағдыға қалыптастырады. Казак тілінен сабақ беріп жүрген мұғалім жаңа сабақ түсіндіріп болғаннан кейін, сол берілген білімді оқушының санасына бекіту үшін жаттығудың бірнеше түрін: ауызша да, жазбаша да тақтаға шығарып та, кітаппен жұмыс істеп те, суретпен де, карточкамен де, техникалық құралды пайдалану, т.б. бірнеше әдіс - тәсілді пайдалана отырып , жаттығулардың тиімді әдісін іздестіреді. Соңғы «Тіл ұстартудың ғылыми - практикалық маңызы» деген тақырыпты оқушыларға түсіндіру үшін қанша әдіс – тәсіл керек десеніңші?! Тіл ұстартудың басты материалы, қолданатыны сөз. Сөздердің алуан түрлі өзгеріске түсуі, ойды басқаға тіл арқылы өсем де көрікті жеткізу, т.б. тақырыптарға жаттығуды кітаптан іздемей, газет, журнал, әдеби кітаптан оқытып, жаздыруға болады.

Дыбысты, дыбыстан соң сөз, сөздерден сөз тіркестері, сөз тіркестерінен сөйлемдер, сөйлемдерден құрылған мәтін. Оны дұрыс айтып, дұрыс жазу дәрежесіне жеткізу үшін, бірнеше күн, бірнеше материалдық құрал, бірнеше әдістемелер керек. Былайша айтқанда, алдыңғы сыныпта өткен сабақты пысықтап, қайталау ретінде сондағы бүкіл көрнекілікті пайдаланған жаттығулар ауызша да, жазбаша да жаттығу үлгілерімен түсіндіруді талап етеді. Ауызша жаттықтырған кезінде сол мәтінді диалог түрінде де, монолог түрінде де игеруге болады.

Ана тілінен берілген білімді оқытушы қайталау арқылы пысықтап отырады. Профессор Р.Лемберг: «Балалардың білімін арттырып, дағдысын күшейту туралы» деген еңбегінде: «Оқылып кеткен материалдар жаңа тақырыппен байланысты пысықталады, арнаулы сабақ түрінде де пысықталады. Қай түрі болғанда да нені және қалай пысықтау керек, істің тетігі осында» деген болатын.

Білімді бекіту үшін жүргізілетін жаттығулардың бірнеше түрі дұрыс та, қызық ұйымдастырылса , оқушы білімі соғұрлым берік есте қалып, нығая бермек. Жаттығуды теориялық – практикалық жақтан үйрету әдістеріне байланыстырып өту, түсінікті сөздерді үйрету, диалогтық және монологтық сөйлеуді үйрету, ауызша түсіндіру, ауызша мазмұндау және мөнерлеп оқу, дайын материалдарды талдау, көшіріп жазу, диктант жазу, т.б. әдістері көп. Осылайша түсіндіріп оқытудың әдістері оқушыларға сапалы білім беруге қол жеткізеді.

Грамматикалық ойындар - берілген білімді бекіту мен тіл дамытудың бірден - бір әсерлі жолы. Оқушылардың ойлау динамикасын дамытуда, шапшандығын , тез тапқыштығын қалыптастыруда грамматикалық ойынның маңызы зор. Соңғы кезде казак тілі сабағының соңғы этаптарында өтілген тақырыпты қайталау, пысықтау кезінде казактың ұлттық ойындарын сабаққа сай ойнатып сабақты бекітіп жүрмін «Сақина салмақ», «Көкпар», «Алты бақан» жаңылтпаш т.б. Әрбір ойын элементі оқушылар белсенділігін арттырып , грамматикадан алған теориялық білімдерін санада меңгеріп бекітуге және шапшандық дағдысын қалыптастыруға көмектеседі.

СТУДЕНТТІҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ШАРТЫ РЕТІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ЖОБАЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

З.Г. ЖУСУПОВА

оқытушы, ИнЕУ колледжі, Павлодар қ.

Қазіргі білім беруде негізгі беталыстардың дамуына байланысты үлкен өзгерістер болып жатыр. Біріншіден, кәсіби білім беру әрекеттік бағыт алады және жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкес нақты кәсіби қызметке бағытталған. Екіншіден, кәсіби білім беру, мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін, «өмір бойы білім алу» мұратын жүзеге асыруға бағытталған. Осыған байланысты педагогикалық қоғамдастық инновациялық қызметтің жаңа сапалы деңгейіне көшеді.

«Инновация» ұғымы іс-әрекеттің барлық салаларында қолданылады. Мемлекеттік білім беру стандарты студенттердің бойында жалпы және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін сабақтарды өткізудің белсенді және интерактивті формаларын қолдану бойынша негізгі кәсіби білім беру бағдарламасына талаптар қояды. Бүгін қоғамға қазіргі заман ақпараттық технологияларды жетік меңгерген маман қажет. Жаңа ұрпақты ақпараттық кеңістіктің қазіргі жағдайларындағы өмірге дайындау керек. Педагогикалық қызметтің тұжырымдамалық ойлары мен түлектің кәсіби деңгейіне талаптардың тиімді үйлесуіне жобалар әдісін қолдану арқылы жетуге болады.

Қойған міндеттер мен мақсаттарды жүзеге асырудың маңыздысы білім алушылардың мотивациясын арттыру мәселесі. Пәнге қызығушылықты арттыру оқытудың әдістері мен формаларын дұрыс тандай алу. Сондықтан педагогикалық қызметіміз жобалар әдісі басты орын алады. Жобалар әдісінің басты ерекшелігі студенттің жеке қызығушылықтарына сәйкес келетін тақырыптар бойынша студент пен оқытушының бірлескен іс-әрекеті арқылы белсенді оқыту. Жобалау әдісі білім беруде жеке тұлғаға бағытталған амалды қамтамасыз етеді. Біріншіден, жоба тақырыбын белгілеуде студент қызығушылықтары, мүмкіндіктері есепке алынады. Екіншіден, жобамен жұмыс істеу барысында команда қалыптасады және студент нәтиже үшін жауаптылықты сезеді. Үшіншіден, студент автор болып келеді, сондықтан ол өзінің әлеуметтік маңыздылығын сезеді. Төртіншіден, оның жоба тапсырмаларын орындау барысында алдын-ала оқыту мүмкіндіктері бар.

Сондықтан, жобалау іс-әрекетінің негізгі мақсаттары:

1. жобалау іс-әрекетінің әр қатысушының жеке сенімділігін арттыру;
2. ұжымдық жұмыстың, шығармашылық тапсырмаларды орындау нәтижелерін алу үшін ынтымақтастықтың маңыздылығын түсінуді дамыту;
3. зерттеу дағдыларын дамыту.

Жобалау іс-әрекетінде педагогтан үлкен дайындық жұмыс талап етіледі: тақырыпты тандап алу, оның пәннің білім беру мақсаттарымен үйлесуі, ақпарат көздерін іздеу, пәнаралық байланыстарды анықтау және т.б. Мысалы, «Мемлекеттік тілде іс жүргізу» пәнінен «Бұйрық» тақырыбына студенттің жобасы нақты мәліметтерге негізделген. Автор тапсырмаға сәйкес негізгі құжаттарды, бірінші бұйрықтардың шығу тарихын, құжаттың анықтамасын, жазу ережелерін, ресімдеу үлгілерін, бұйрықтарды шығару заңдылығын, мәтін құрылымын, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін зерттеу керек. Яғни жоба мазмұны бірнеше пәндерді (кәсіби қазақ тілі, орыс тілі, тарих, құқық негізі, еңбекті қорғау) қамтиды. Жобамен жұмыс істеудің соңғы кезеңі жұмыстың мазмұнын көрсету, тұжырымдарды негіздеу. Бұл кезеңнің жақсы нәтижесі студенттің қосымша әдебиетті, өткен теориялық білімді қайталауына байланысты. Сондықтан жобаны орындау барысында студент қосымша ақпаратты іздеу, оны өңдеу жағдайына түседі.

Жобаның түрлері:

- **Тәжірибеге бағытталған жоба** – жоба қатысушыларының әлеуметтік мүдделеріне бағытталған және өмірде қолданылу мүмкін.
- **Зерттеу жобасы** – құрылымы бойынша ғылыми зерттеуге ұқсас. Оған тақырыптың өзектілігін дәлелдеу, нәтижелерді талқылау кіреді.
- **Ақпараттық жоба** – нақты бір объект туралы ақпаратты жинау, оны талдау, өңдеу. Мысалы, электрондық оқулықтарды, анықтағыштарды, сөздіктерді жасау. Сонымен қатар студенттер интерактивті сөзжұмбақтарды, макросовтар көмегімен тестілерді құрастырады. Сабақ барысында студенттерге топ портфолиосын жасау ұсынылады.
- **Шығармашылық жоба** – нәтижелерді ресімдеуге еркін және дәстүрден тыс амалдарды қолдану. Студенттер берілген тақырып бойынша графикалық редакторларды пайдаланып, слайд-шоу жобаларды жасайды. Олар интернет-жоба, олимпиада, сайыс, конференцияларға ақпараттық-компьютерлік технологияларды қолданып қатысады.

Студент жобамен жұмыс істеу барысында келесі сызбаны қолданады:

1. Проблема. Жобалау (жұмысты жоспарлау). Ақпаратты іздеу және жинау. Жұмыс өнімі. Презентация. Жобаның портфолиосы.

Жоба папкісін ресімдеу: оқу мекемесінің атауы, автордың аты-жөні, жұмыстың тақырыбы.

Жобалау жұмысының төлқұжаты: жобаның тақырыбы, жобаның авторы, жобаның мақсаттары мен міндеттері.

Негізгі бөлімі.

Қорытындылар.

Пайдаланған әдебиет тізімі.

Кез келген жобаның негізіне студенттің оқу-танымдық іс-әрекетінің нәтижеге бағытталуы туралы ой салынған. Жобалау әрекетінің қорытындылары бойынша студент көруге, түсінуге, практикалық іс-әрекетінде қолдануға болатын нәтижені алады. Сонымен қатар, ол білім мен дағдыларды, құзыреттілік пен құндылықтарды біріктіретін іс-әрекет тәжірибесін алады. Студенттің өзін-өзі бағалауы арттады.

Жобалар әдісін қолдану мемлекеттік білім беру стандартын жүзеге асыруда және қазіргі заман түлектеріне талаптарды орындауда өзекті болып келеді.

Бұл әдісті қолданған кезде педагогтардың ақпараттық құзыреттілігі маңызды. Оның көрсеткіштері:

- ақпаратты іздеу, педагогикалық процесс ерекшеліктеріне және дидактикалық талаптарға бейімделуі;
- педагогикалық мәселелерді және практикалық міндеттерді шешімін жобалауға көмектесетін, дайын бағдарламалық-әдістемелік кешендермен, әртүрлі ақпараттық қорлармен білікті жұмыс;
- білім беру процесінде оқытушының автоматтандырылған жұмыс орындарын қолдану;
- компьютерлік және мультимедиялық технологияларды әзірлеу және қолдану;
- құжаттаманы электронды тасымалдаушыларда жүргізу.

ӘОЖ 82 (574)

Қ. МЫРЗАЛИЕВТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЛИРИКАСЫ

Г.А. ЖҰМАБЕКОВА

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

А. МАРАТ

Фил(қ)-101 тобының студенті

«Суреттеу құралдарының байлығы, ой-пікірдің айқындығы поэзия үшін аса қажет» [1, 141 б.] – демекші, Қ.Мырзалиев лирикасындағы заман көрінісі осыны аңғартқандай.

Ақынның «Бізді неге бұрынғыдай жаз айы» деп басталатын өлеңінен қазіргі заман тынысын айқын көруге болады. Риторикаға құрылған философиялық, әрі көңіл-күй лирикасы. Дегенмен, табиғат та құр қалмаған, жанама түрінде көрінеді. Лирикалық қаһарманы шынайылығымен ерекше, өлеңде «тәуелсіз» лирикалық қаһарман бой көрсетеді. Лирикалық қаһарман адамдардың қатыгез, тар пейілденіп, жігіттердің жақсы қасиеттерден айырылып бара жатқандығына қатты қынжылады. Адамдардың осындай халге түсуіне табиғаттың өзі наразы екендігін «Бізді көрсе, // Орман неге шуылдап, // Бізді көрсе, // Аңдар неге үркеді?!», - жолдарынан аңғарсақ, енді бірде ақын сауал қоя отырып, адамзаттың тағдыры, адами қасиеттердің құнсызданып бара жатқандығын, адамдардың өздері өз қолдарымен барды құртуда екендігін алға тартады. Мысалы:

Неге төмен кәрияның ақ басы?!
Неге жабық ақ ниеттің қақпасы?!
Жақсы-жақсы қасиетін
Жігіттер
Жоғалтуға жакын жүрген жоқ па осы?!

Қазіргі замандағы адамдардың қатыгезденіп бара жатқандығы лирикалық қаһарманды қатты толғандырады:

Келген кезде біреу саған еңіреп,
Көңіл неге бола алмайды кеңірек?!
Ел тұрғанда,
Жер тұрғанда
Ойлайсың
Қара бастың қамын неге көбірек?!
Оңбағанда кеткенменен бір кегі,
Ойлы жандар сөзін неге іркеді?!
Бізді көрсе,
Орман неге шуылдап,
Бізді көрсе,
Аңдар неге үркеді?! [2, 131-132 б.].

Жыр шумақтарында «неге» сөзі он рет қайталауға түскен. Бұл қайталаулар арқылы ақын өлең мазмұнына оқырманының бірден ден қоятынына, ойлантатынына көміл сенген. Өлеңдегі ерекшелікке келетін болсақ, кейбір ақындар өзі қойған сұрағына өзі таусылып жауап беріп жатады. Ал, Қ. Мырзалиев ше? Ол – оқырманына

жұмбақ етіп қалдырады. Оқушысын толғанып қойып, шешімін өзіне тапқызуды жөн санайды. Біз ақынның бұл қырын құптап, қылығын да жаратамыз.

3. Қабдолов ақын шеберлігі туралы былай дейді: «Қадыр өлеңдерінің тақырыбы мен мазмұны – адам, адамға тән алуан түрлі сезімдер, ой-толғаныстар, адамның өмірге деген көзқарасы, адамның табиғатқа қарым-қатынасы. Бұлардың қай-қайсысы да тақырып-мазмұн ретінде тіпті жаңалық емес, сан рет толғанған сырлар, жырланған шындықтар, әбден шиыр болған тақырыптар мен мазмұндар. Бірақ осы тақырыптар мен мазмұндардың қандай болмасын, Қадырдың жырлауында жана қырынан, бұрын-соңды ешкім айта қоймаған соны мағынада, тың пішінде көрінеді» [49, 7 б.].

«Маған түк те керек емес - сенсеңіз» деп аталатын өлеңінде адалдық, ар, өткіңші өмір секілді уақыт, сана өлшемдері айтылып, өмір-өлім туралы философиялық толғам бар. Ой мұраты - данышпан ойшылдарымыз Жүсіп Баласағұни, Ахмед Йүгінеки, Сүлеймен Бақырғани, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қағидаларымен сарындас.

Маған түк те керек емес – сенсеңіз.

Қызықтырма соғымыңмен ең семіз.

Қора-қора мал ұстауға болады,

Одан бірақ көтерілмес еңсеміз.

Маған түк те керекі жоқ – сенсеңіз [2, 184 б.].

Өлең қарапайымдылығымен, аз сөзге көп мән сыйғыза білуімен қымбат. Ақынның бұл өлеңі өмір туралы, айнала, жұрт, ел және т.б. туралы ойлы, философиялық толғанысқа толы, әсері қуатты туынды. Әсіресе мына шумақ аса шеберлікпен өрілген:

Сарғаяды жапырағың, келсе күз

Артық нәрсе ала алмайсыз өмірден,

Адалдықтың ақ уызын емсеңіз

Маған түк те керекі жоқ – сенсеңіз.

Осы шумақтағы «Артық нәрсе ала алмайсыз өмірден», - деген сөйлем көп мәнді жинақтап тұрғандай. Мәселен, адамның жазмышы, әрбір адам маңдайына жазылғанын көреді де, соған көнеді. Көнбеске лажың жоқ, өйткені ол – Құдірет салдары. Ал, енді екі жолды өлеңнің басын қоссаңыз: «Артық нәрсе ала алмайсыз өмірден, // Адалдықтың ақ уызын емсеңіз», - адамның Алладан қорқып, құлдарына рұқсат етпеген нәрселерге жол бермеу болса, бір жағынан нәпсіні тыю, нәпсінің құрбаны болмау, дүниеқоныздықтан, жемқорлықтан ада болу деген ұғымдарға саяды. Сондай-ақ адал, тура жолмен жүрген адам ондайға бармайды, бара алмайды дегенге меңзейді. «Адалдықтың ақ уызын емсеңіз» - метафоралық тіркесті өте шебер қолданғандығын айта кеткен жөн. «Жоқты-барды жинай беріп қайтемін, // Бәрі қалар, бәрі қалар, өлсеңіз», - тармақтары астарында өмір-өлім философиясы танымы жатқандығын әлем ғұламалары, данышпан Ж.Баласағұнның, С.Бақырғанидың ой мұраттарымен үндесетіндігін аңғарамыз. Мысалы, Ж.Баласағұни «Құтты білікте»:

Адам байыса, көрмейсің бе, халықтың төбесінен қарайды.

Кедей болса, көңіліне кішіпейілділік енеді.

Құдай мен деуші – кісінің есуасы,

Дүниені тілеп, ит тәрізді өлді.

Көрмейсің бе, адам жалаңаш туады, жалаңаш көміледі.

Дүние жинау не үшін керек? Қайта тастап кеткен соң.

Ей, өлетін пенде, сен несіне алданасың,

Өзің екі күндік қонақ бола отырып.

Тірілердің өлуге жаратылғанын білесің.

Өз уақытын бағып, өне өлім күтіп тұр.

Дүние қақпасын ашты. Тағы бір қақпа –

Өлім қақпасы ашылды. Оған барша халық кіреді.

Өзің екі күндік жалған үшін

Көріп тұрып жаныңды отқа күштеп күйдірме!

Баянсыз дүние опасыз бақытымен айналып тұр.

Нені берсе, соны тез қайтып алады.

Тіршілік береді, көрмейсің бе, берген затын қайта жейді.

Күн сайын басқа бір үнмен өзіне шақырып тұрады [3, 110 б.].

- десе, ал, А.Йүгінеки «Ақиқат сыйында»:

Ұлық болуға қол ұсынғаның,

Менменсіңгенің малға байланысты болса,

Малдың пайдасы немене? Жалаңаш өлесің.

Кісең де, себетің де, сандығың да бұл дүниеде қалады [3, 142 б.].

- дейді. Осы тәріздес ойлар «Бағырғани кітабында» да айтылады:

Өлімге жоқ еш ылаж.

Барша туар өлмек үшін

Өлімге жоқ еш ылаж.

Жаһанда қанша жан болса,

Барлығы бұған қайран қалады.

Патша да, кедей де жермен жексен болады.

Қорғаны қат-қат темірден

Дарбазасы болаттан болса да,

Баршасын жайпап өтеді.

Өлімге жоқ еш ылаж.

Өкім қанатыңды қайырап

Туған-туысқаныңнан айырап.

Ақырғы ісің осындай болар

Өлімге жоқ еш ылаж [3, 172 б.].

Әдебиет әлемінде сонау X-XII ғасырлардан бері жырланып келе жатқан дидактикалық үлгідегі жырлардың әр кезде де бой көрсетіп отыруы заңдылық. Сол сияқты ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда қазақ хандығы дәуірі әдебиетінде қазақ жырауларынан бастап, қолбасшы батырларына дейін ат салысқан мәнді тақырыптардың бірі емес, бірегейі болып табылды. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі жана, биік белестер Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атымен тығыз байланысты. Өлеңдерінің мазмұны, көркемдік тілі, құрылысы жағынан бірден ерекшеленіп тұратын, қияли емес, нақты дәйектермен, Құран мен хадистер негізіндегі дәлелдермен, ақиқаттығымен, ең маңыздысы - оқып отырған адамға «пайдалы» білім, ақыл беретін, адамгершілікке үндейтіндігімен аса қымбат. Мәшһүр Жүсіп туындыларының дені адамның дұрыс өмір сүруіне, ақиқат пен жалғанды айыра білуге, жалпы «өмірдің мәні» неде екендігін танып-білуге зор мүмкіндіктер береді. Ойшыл ақынның туындылары арқылы дін, діл және ұлт құндылықтарын дәріптеуге, ең пайдалысы, адам өзін дін негізінде дұрыс өмір сүруді үйреніп, уақытын босқа кетірмеуге, парыз нәрселерді орындауға, жалпы адамзаттың өзін-өзі тануға, өзгені түзетуге ғибраты мол және адамның мұқтаж болатын рухани дүниелер болып табылады. Мәселен, «Жалған туралы» өлеңінде мынадай ой орамдары бар:

Дүние фәни жалған – қолдың кірі,

Жүрсең де қанша жумай, қолдан кетер.

Көрмеген дүние жүзін жарғанаттай,

Дәнеме жақсылықтан көрмей өтер.

Дүниенің ыстықтығы сондай тәтті,

Көзді – соқыр, құлағын саңырау етер.

Жақсыға айтқан сөзің – алуан шекер,

Жаманға ащы тиер удаң бетер.

Өлімнің, өлмей бұрын, қамын ойла,

Абайсыз жүргеніңде ажал жетер!

Көргенің жалғандағы еш нәрсе емес,

Тыйышың, бір күн өлсең, сонда кетер.

Жігіттер, байлар қанша бай болғанмен,

Деймісің: «Малды көрге ала кетер!» [4, 267-268 б.].

Демек, ежелгі, ислам дәуірі мен қазақ хандығы дәуіріндегі және ХІХ ғасыр мен қазіргі қазақ әдебиетіндегі «өмір», «дүние», «жалған» ұғымындағы сөздер дәстүр тағылымымен сабақтасып, Қадыр Мырзалиевте де өз жалғасын тапқандығына назар аудартқымыз келеді. Мысалы:

Өзге жарық көмектеспес – сөнсеңіз

Асылыңнан, алтыныңнан не пайда,

Енді қайтып оралмайды он сегіз!

Маған түк те керекі жоқ – сенсеңіз!

Қарапайым сөздер, бірақ адам көкейіне қонатын нақыл сөздер. «Өзге жарық көмектеспес – сөнсеңіз // Асылыңнан, алтыныңнан не пайда, // Енді қайтып оралмайды он сегіз!», - тармақтарында «сөнсеңіз» сөзінің салмағы ауыр. «Сөнү, өшу» деген ұғымдар – адамның дүниеден қайтуы, адамның дүниеден озғаннан кейін ешкім де, ештеңе де («Асылыңнан, алтыныңнан не пайда») оған көмектесе алмайтынын лирикалық қаһарман жақсы түсінеді. Лирикалық қаһарман дүниеге берілмеу, дүниеге қызықпау, «нәпсіні жөндірмеу» сияқты жақсы қасиеттерімен ерекшеленеді. Қорыға келгенде, Қ.Мырзалиевтің бұл туындысы философиялық өлең болғанымен, табиғат көрінісі ойдың өзегін ашуға тірек болып тұр. Табиғаттың мезгілдері көбінесе адам өмірінің бір кезеңін көрсетуге арналады. Жырдағы «Сарғаяды жапырағың, келсе күз» - тармағындағы табиғат элементтері негізгі ойды ашуға қызмет етіп, адам өмірінің мәнін түюге бағындырылған. Демек, лирикалық қаһарман көзімен табиғат дегеніміз жай, таза табиғаттың өзін жырлау немесе жылда қайталанып тұратын күз мезгілін көрсету емес, табиғаттың көрініс арқылы адамға пайдалы жақтарын меңгерту болып табылады. Лирикалық қаһарманның көзімен «Күз» - адам өмірінің кезеңіне ұқсайды. Ақын күзді жай, әдеттегі құбылыс ретінде ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар өмірді бос өткізбеді ескертіп, өмірдің сұрауы бар екендігін аңғартқысы келеді.

«Шындығында, прозада бірінші жақтан баяндауда немесе лирикалық өлеңдерде автордың көркем мәтінге, көркемдік әлемге тікелей қатынасы анық байқалады. Бірақ бәрібір автор оған көлденеңінен өзі кілікпейді.

Заман, қоғам шындығын баяндаушы, әңгімеші немесе қаһармандардың көзімен, солардың ойымен, сөзімен жеткізеді», [5, 68 б.] - демекші, Қ.Мырзалиевтің «Табиғи тірлік» өлеңінде лирикалық қаһарманның көзімен заман шындығы бейнеленеді:

Заман сырын қалай айтып таусамын!
Шатыр ұстап мәз боламыз жауса күн.
Біздер түгіл,
Сиырлардың желіні
Сағынады арулардың саусағын!

Мәні бөлек,
Дәмі бөлек көк шөптің.
Күні өтпейді алау үшін шөпшектің.
Табиғаттың орны бөлек:
Еміздік
Өмірі орнын баса алмайды емшектің! [2, 227 б.].

Ақын өлеңде осы замандағы, қоғамдағы болып жатқан елеулі мәселелерді көтереді. Лирикалық қаһарман табиғи тазалықты аңсайды. Жырда қазіргі заманның шынайы көрінісін мына өлең тармақтарынан аңғаруға болады:

Айналғандай жаңбыр менен қарға су,
Моторларға алмайтұғын бар ма сау?!
Қазір бірақ мүмкін болмай барады
Жалаң аяқ көгал кешу,
Жер басу!
Бізден қазір жабайы өскен гүл де аулақ
Бір дуадақ табу қиын күнде аулап.
Жұмыртқада дәм бола ма
Қоразсыз
Тауық оны тапқаннан соң күлге аунап?!

Адамдардың табиғи қалыптан арылып, жасандылыққа бой ұруы, соған үйреніп бара жатқандығы лирикалық қаһарманды мазалайды. Осы ретте ақындар адам проблемасын табиғатпен бірге тығыз байланыстыратынын, табиғатқа деген қарым-қатынас арқылы адамға тиесілі мәселелерді шешуге болатындығын көреміз.

В.Г. Гегель: «Ақын өз өлеңінде лирикалық қаһарманын барынша биікке көтеріп қана қоймайды, бәрінен бұрын ол өз дауысын естіруге ақындық қуатын танытуға тырысады», [6, 144 б.] - демекші, Қ. Мырзалиевтің «Табиғат тазалығы» деп аталатын өлеңінде де жоғарыда айтқанымыздың жалғасы іспетті және ақын мұратын толықтыра түсетін секілді. Мысалы:

Таза ауаға кешегі кім шанады?
Түтін, тұман аспанды тұмшалады.
Кір шалады қанатын аққулардың,
Соны ойласаң көңілді кір шалады.

Қазақ лирикасындағы табиғат пен тағдыр мәселесін қарастырған Ш. Қияхметова осы өлеңдегі лирикалық қаһарман, ақын идеясы туралы былай дейді: «Ақын көңілін құлазытқан – табиғат дерті. «Сексеуілдің орнына көмір келіп, соның нәтижесінде ауа ластанып, енді аппақ дала, ақ тоғайымыз да, шаһарларымыз да қоңыр түсті қармен көмкеріледі» деген өлең жолдарынан ластанған өмірдің көрінісін көруімізге болады. Лирикалық кейіпкерді өз қиялындағы таза табиғат құшағына жетектеген – жүдеген жанына, қажулы көңіліне уәж, дауа іздеген үміт. Бұл өлеңді экологиялық жоқтау деп айтуымызға да болады. Ақын идеясы төл табиғатпен ежелгі бауырластыққа, туыстыққа, ашық аспан аясында жан рахатын сезініп, жайланып, адал еңбек етуге шақырады» [7, 87 б.],- деген пікіріне қосыла отырып, біздің айтпағымыз, бұл өлеңнен ең алдымен, Қ. Мырзалиевтің гуманист екендігін көреміз. Мысалға ақын мынадай ой тастайды:

Көлдер қайда жататын сұқсыр қонып?!
Қайда барсаң бір түтін бықсыр келіп...
Ақ көжек боп өкпеңе кірген самал
Шығарында шығады сүп-сүр болып!

Лирикалық қаһарман адамзатты тазалыққа шақырады. Ақын лирикалық қаһарман көзімен табиғат тазалығын мензеу арқылы үлкен бір өзекті мәселені – адамзатты құтқару, оның алдын алуға болатындығын ескертеді.

Бар дейсің бе өмірде азап ондай
Дүние азса ол енді азады оңбай!
Адам таза болмайды ешқашанда
Айналайын табиғат таза болмай! [2, 243 б.].

Демек, бұл өлеңнен лирикалық қаһарманының күйзелісі байқалады. Лирикалық қаһарман экологиялық мәселелерді қазіргі қоғамдағы болып жатқан елеусіз нәрселер мен кемшілік тұстарына назар аудартады.

«Қ. Мырзалиевтің «Маған болу керек еді...» деп басталатын өлеңіндегі ұлы Отанының «көк орманы», «қыр гүлі», «тау суы», «бұла таңы» болып жаратылмағанына өкінетін лирикалық қаһарман сөзінің соңында: «О бастан-ақ анам – Дала, әкем менің – Күн екен, // Осы мені ата-анамнан бөліп алған кім екен?!» - деген риторикалық сауал тастайды. Ә дегеннен байқалатыны, ақынның «ана - Даласы» динамикалық қозғалысқа түсірілместен, статикалық калыпта – бар болғаны «әке - Күннің» жұбайы ретінде ғана аталған. Өйткені өлең логикасының өзі одан артықты тілеп тұрған жоқ» [8, 72 б.].

Қ. Мырзалиевтің «Қорамсақ» кітабындағы екінші бөлімге енген «Пендешілік кім-кімге де тән дендер» деп басталатын бір өлеңінде лирикалық қаһарманның «шынайылық», «тәуелсіз» сияқты ерекше сипаты бой көрсетеді. Мысалы: бірінші шумақтағы «Пендешілік кім-кімге де тән дендер // Пайғамбарды менсінбейді менмендер», - дегенде пайғамбардың жолын ұстанбайтын менмендіктердің кесірінен «Судай жаңа өтіріктің бешпеті, // Ал шындықтың жыртқы-жыртқы шекпені» болатынын, сондай-ақ қоғамның кеселіне айналып бара жатқан әділетсіздік, өтірік сияқты нәрселердің зардабынан лирикалық қаһарман табиғат-өмір заңдылығын елекке салған. «Сұңқарларға сықылықтап сауысқан, // Сандуғашты естіртпейді қарғалар» - тармақтарынан лирикалық қаһарман табиғаттың бір бөлшегі – құстар арқылы қазіргі заман адамдарының ақ пен қараның, күшті мен шалажансарлардың, білімді мен білімсіздің күнсызданып бара жатқандығы туралы түйіндеуін көреміз. Төртінші шумаққа үнілсек, лирикалық қаһарманды қолдағы барды қадірлей алмау ойлантады және соңғы тармақтарында («Судай жаңа өтіріктің бешпеті, // Ал шындықтың жыртқы-жыртқы шекпені!») қазіргі қоғамдағы әділетсіздік образды түрде суреттелген. Ойды жеткізуде ақынның шеберлігі: көзге көріне бермейтін ұсақ нәрселерді тауып алып, өмірде кездесетін ситуацияны образға салу жиі кездесетінін осы өлеңді талдау негізінде көз жеткіздік. Соңғы шумақта лирикалық қаһарманның әділдіктің таңы ататынына сенетінін, болашаққа үміт, келешекке сенім артатындығын байқауға болады. Демек, бұл өлеңде лирикалық қаһарманның көзімен қазіргі заман дерті көрсетіліп, қоғамдық мәселелер көтерілгенін көруге болады.

Қорыта келгенде, Қ. Мырзалиевтің тұсында лирикада сезім күрделілігі суреттелуімен бірге лирикалық қаһарманның бір мезетте әрі қуану, әрі қайғыру және т.с.с. сезімдері алға шықты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбдірахманова Т. Қасым Аманжоловтың поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1946. – 298 б.
2. Мырза Әли Қадыр. Таңдамалы. 2 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т.1. – 424 б.
3. Ежелгі дәуір әдебиеті. Құрастырған Қыраубаева А.– Алматы, Ана тілі, 1991. – 280 б.
4. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: ЭКО, 2007. – Т.3. – 480 б.
5. Карибаева Б., Жакупбекова Д. Художественно-стилистические особенности казахской лирики 60-80 гг // Известия МОН РК. НАН РК. Серия филологическая. – 2003. №1. Б. 6-7.
6. Гегель. Эстетика. – Москва, 1981. – 345 с.
7. Қияхметова Ш.Ә. Қазақ лирикасындағы табиғат пен тағдыр: филол.ғыл.канд. ...диссер. – Алматы, 2001.
8. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000. – 336 б.

ӘОЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

И.Н. ЖҰМАНАЕВА

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, № 8 орта мектебі, Ақсу қ.

Басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілінен сабақ беру өте қиын және жауапты жұмыс. Сондықтан мұғалім әр сабаққа жауапкершілікпен дайындалып, оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын ояту үшін жақсы әдіс-тәсілдерді қолданады.

Атақты ғалым-әдіскер Ахмет Байтұрсынұлы «Қай әдіс жақсы?» деген еңбегінде: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі — бір ғана әдісті болу. Шеберліктің белгісі — түрлі әдісті болу, керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек».

Әрбір сабақтың мазмұнына сай әдістер мен тәсілдерді дұрыс таңдап оқытқанда ғана біз, мұғалімдер, басқа ұлт өкілдерін қазақ тілін өз ынтасымен қызыға, түсініп оқуға, қадірлеуге, жақсы менгеруге, ауызекі дұрыс сөйлеуге үйретеміз. Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану басты мақсат болып отыр. Ол тек қана техникалық құрал емес, сонымен бірге жаңа ақпараттық-коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің заманауи әдісі болып отыр.

Елбасымыздың Қазақстан халқына Жолдауында ХХІ ғасырда ақпараттық қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетті:

- компьютерлік техниканы, ғаламтор, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын

көрсету. Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің болашағы - жарқын, білімді, парасатты, өз ана тілімен бірге шетел тілі «ағылшын тілінде» еркін сөйлейтін азамат болып шығуы керек деген еді.

Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық білімді және ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек.

Сабақ барысында компьютерді қолданудың жақсы жақтары:

1. Түрлі-түсті иллюстрациялар есте сақтау процесі үшін пайдалы.
2. Әр сабақта әрекетінің бес түрі де қолданылады: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім.
3. Бірнеше рет тыңдау мен оқып-білген материалдарды қайталай алады.

Ең тиімді бағдарламалардың бірі Microsoft Power Point. Ол мұғалімге қысқа мерзімде өзінің үлкен дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіп, компьютерлік білімін даярлауға көмектеседі. Және ол оқушылардың түрлі қабілеттерін ашады. Олар: есте сақтау, көру, есту, ойлау, эмоционалды және т.б.

Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Қазақ тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Мысалы, жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеуге тырысамын. Оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеймін. Ол үшін оқытудың интерактивті формаларын сабақта қолданамын.

Олар:

- Жеке шығармашылық тапсырмалар, жобалар.
- Блок-схема, класстер, вен. диаграмма т.б.
- Тірек-схема, көрнекіліктер және анықтама құралдары
- Ойын арқылы оқыту
- Сөзжұмбақ, ребустар
- Тестілеу және бақылау.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеудің артықшылықтары:

- Бағдарлама бойынша барлық топ оқушыларына қолайлы;
- Берілген материалды әсерлі жеткізуге және оны топтағы оқушылары арасында талқылауға үлкен мүмкіндіктер туғызады;
- Интерактивті тақта топтағы барлық оқушылардың басты назарына айналуына байланысты орталықтан демонстрациялауға қолайлы жағдай туғыза алады;
- Оқытушының, оқушының да қызығушылығын арттырып, сабақты тартымды өткізуге ынталандырады;
- Оқушы алдына жаңа материалды жанды түрде көрсете отырып, танымдық қабілетін арттыруға мүмкіндік алады.

Интерактивті оқыту моделін пайдалану - өмірлік жағдаяттарды модельдеуді, рөлдік ойындарды қолдануды, мәселені бірлесіп шешуді қарастырады. Оқу процесінің қандайда бір қатысушысын немесе идеяны ерекшелеуді шектейді. Әр ұстаз өз бетінше топпен жұмыстың жаңа түрлерін ойлап таба алады. Оқушылар бір-біріне сұрақ қойып және оған жауап беруді үйрететін, жұптасып жұмыс істеу әдісі сабақтарда жиі қолданылады.

Мысалы:

1. «Ассоциация»

Оқушылар топпен, жұп немесе жеке тапсырма алады.

Мәтіннің тақырыбын естігеннен кейін қандай ассоциация пайда болды? Мәтін не (кім) туралы қалай деп ойлайсыздар?

2. «Сұрақ-жауап»

Мәтінді тыңдатып, бір-біріне сұрақ қояды, өздерінің жауаптарынан мәтін құрастырады. Құрастырған мәтінді мен аудио мәтінді қайта тыңдап, салыстырады.

3. «Айтылым әрекеті»

Мәтіннің басын тыңдап, аяғын өзі құрастырып, аяқтайды.

4. «Сөйлесім әрекеті»

Аудио мәтінді бірнеше рет тыңдап, кейіпкердің сөйлеу тіліне, яғни әріптердің айтылуына қарап, сөйлеуші рөліне еніп сөйлейді.

5. «Тыңдалым әрекеті»

Мәтінді тыңдап, мәтін мазмұнына сай әуен тыңдайды.

6. «Жазылым әрекеті»

Деңгейлік тапсырмаларды орындайды.

Оқушылардың қазақ тілі пәніне деген қызығушылығын арттыруда көп ізденіп, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруді, әр - түрлі әдіс-тәсілдерді білуді қажет деп санаймын.

Жаңа ақпараттық құралдарды қазақ тілі сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер:

- үлгерімі төмен оқушыларға көмектеседі;
- оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- оқушылардың шығармашылығын арттырады;
- оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
- оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- пікірталас, талдау, анализ жасау мүмкіндіктерін арттырады;

Сонымен, интерактивті тақтаны қазақ тілі сабақтарында пайдалану - сабақтың негізгі тапсырмаларын білуді жеңілдетеді, мәліметтер мен жаңа ұғымдарды есте берік сақтауға ықпал жасайды. Ұсынылып отырған технологияда заман талабына сай интерактивті тақтаның мол мүмкіндігін пайдалану - оқушы тұлғасының тынымдық қабілеттерін арттырып, белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін дамытып, шығармашылық қырын қалыптастырады. Қорыта келгенде, қазақ тілі сабағында компьютер және тағы басқа жаңа ақпараттық құралдарды пайдалану заман талабы. Жаңа замандағы - Жаңа Қазақстанымыздың дамып келе жатқан қадамында оқу үрдісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізілуі де, келешекте компьютер заманы болатынына көз жеткізеді.

«Ұстаз жан-жақты ізденісті қажет етеді. Нашар ұстаз шындықты қайталайды, жақсы ұстаз сол шындықты іздеп табуға үйретеді» деп ұлы ойшыл А. Дистерверг айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты. Өз білімімді үздіксіз көтеріп, үнемі ізденіс үстінде боламын деген үміттемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Білім туралы. Қазақстан Республикасының Заңы.
2. Қазақстан мектебі. № 11, 2004
3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» (Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы)
4. «Обучение для будущего» Проектная деятельность в информационной образовательной среде 21 века. Астана 2009г.
5. Қазақ тілі мен әдебиет орыс мектебінде. №4, 8 2006ж, №3, 9 2008, 7, 9 2009ж
6. Байтұрсынов А. Жаңа мектеп, 1928 ж, № 4, 3б.

ӘОЖ 882.151.212.2-1

АЙТЫС, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Н.А. ЖҰМАШЕВА

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 24 ЖОМ

Қазақтың ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан айтыс жанрының туу негіздері мен өзіне тән ерекшеліктері, даму тарихы бар.

Айтыс – халық ауыз әдебиетінің ерекше бір түрі. Айтыс қазақтан басқа арабтың бәдеуилер тайпасында және түрік тілдес елдердің бірқатарында, ірі ақындар айтысы Үндістан халықтарында бар.

Кейбір зерттеушілер айтыстың алғашқы шығу тегі өте ерте заманнан келе жатқанын айтады. Оның әуелгі элементі көркемөнердің түрлері сараланып, бір-бірінен әлі ажырамай, бәрі бірігіп бір бүтін өнер саналып, әні де, өлені де, оны шығару да, орындау да, кимыл, бет құбылысы, тағы басқалары да қосыла жүрген дәуірде туса керек деп топшылайды. Айтыстың алғашқы адымы осы кезеңде басталса керек.

Айтыстың ескі түрі деп есептелетін бәдік айтысының негізінде адам баласының табиғатқа әсер ету мақсаты жатса, басқа айтыстардың ішінде қайсысы ерте, қайсысы кеш туды, оны айту қиын.

Дегенмен, кейбір айтыстардың мазмұнына, лексикасына, сөйлем құрылыстарына қарап, қай заманда пайда болғанын топшылауға болады. Мысалы, жануарлар айтысына, өлі мен тірінің айтысына қарағанда, жұмбақ айтысының анағұрлым кеш туғандығы анық.

Салт айтысының ескі түрі қыз бен жігіт айтысында негізгі тақырып – жастық көңіл күйі мен өнер сынасу болса, ақындар айтысында өнер салыстыру, сөз сынасудың үстіне әр ақын өз руын дәріптей жырлаушылық келіп қосылғанын көреміз. Әсіресе бұл XIX ғ. етегін кеңірек жайған. Осы дәуірде өмір сүрген атақты ақындар: Шөже, Балта, Орынбай, Кемпірбай, Тезекбай, Сүйінбай, Түбек, Омарқұл, Тәбия, Мұрат, Сүгір, Жаскілен, Бала Омар, Біржан, Сара, т.б. түрлі тақырыпта шығарған қысқа өлеңдерімен қатар, айтысқа түсіп, сан алуан сөз тартыстарын бастарынан кешірген және тарихта көпшілігінің аттары осы айтыс арқылы сақталған.

Айтыс жанры қазақ ауыз әдебиетінде саны жағынан да, сапасы жағынан да айрықша орын алады. Тек қазақта ғана емес, бүкіл Шығыс елінде бар айтыс қазір өзінің жанрлық қасиетін, түрін қазақ әдебиетінде ғана сақтап қалып отыр.

Айтыстың өзіне тән ерекшеліктері бар. Ақындар айтысында “жаттама (трафарет) өлеңдер аз болады” (С. Мұқанов). Олар өлеңді табан астында шығарады, тосыннан айтысады. Айтыс үстінде талай күтпеген жайлар кездеседі. Айтысар тақырыбы белгісіз, тосын сұрауларға тап болады. Екі ақын да бірін-бірі тығырыққа қамау үшін, бірін-бірі сүріндіру үшін, өмір құбылыстарын жұмбақ етіп те тартады. Соның бәріне ақындар жөпелдеме жауап беруге, дәлел айтуға әзір болуы керек. Мұның бәрі ақындардан сөзге жүйріктікті, білгірлікті, тапқырлықты, ұсталықты қажетсінумен қатар, ел-елдің шежіресін, тарихын, жер жайын, этнографиялық ерекшеліктерін білуді керек етеді. Олай болмаған күнде құр ділмарлықпен ештеңе өндіре алмайды, сайыста дәрменсіз болып қала береді. Жаттанды сөз өрнегін қолдану ақынға абырой әпермейді.

Ақындар айтыстың бас кезінде асқақ әуенге басады, өздерінің мойны озық сөз жүйрігі екенін таныта, қарсылас ақынын тұқырта, кеміте, үркіте сөйлейді. Әсет пен Ырысжан айтысында Ырысжан:

Дау айтып күні бұрын көрсетпелік,
Майданда озса жүйрікке есептелік.
Орта жүз түгел білген Ырысжанмын
Үш кессе қауқарым бар кесірткелік,

– деп, Әсетті ықтыра сөз тастайды, ал Әсет оған:

Айыр көмей, жез таңдай, қаусырма жақ,
Берілген мысалдағы алғашқы екі сөйлем авторлық баяндау болса, кейінгі сөйлемдер кейіпкердің ішкі сөзі екенін байқаймыз. Бұл мысалда авторлық баяндау мен кейіпкер сөзінің ара жігі контекстегі ой желісінен аңғарылса, кейде кейіпкердің ойы екені «деп ойлады», «деген ой келді» сияқты етістіктерден байқалады.

Аталары айбары асып бүкіл Дәштіні дүбірлеткен, әкелері қайраты тасып, қазақтың кең даласын қақпақыл ойнаған, ағалары ақыл тауып, алыспен айқаса, жақынмен жұғыса білген, өзі – от басында екі отаудың, халық қасында екі рудың дауын шешуге шамасы келмейтін дәрменсіз, ақылсыз, қорқақ... жоқ, қорқақ емес, басқа болар қорқақ емес... сосын... аузынан емшек табы кетпеген бала, иә бала!! Арада қырық жыл өткен соң, қалың қазақ – батыр қазақ, дарқан қазақ осы жаман баланы хан көтермек! Жоқ! Келіспеймін! – деп ойлады Ораз-Мұхамед (А,127).

Кейіпкердің ойын, көзқарасын беруде қос үнді сөздерді де қолданады. Қос үнді сөздерде кейіпкер көзқарасымен қоса автордың пікірі бірге беріледі.

«Қосүнді сөздің ең қажетті де маңызды белгісі – баяндаудың объективті бағытына кейіпкердің субъективті бағытының қосылатындығында. Яғни, ол – авторлық баяндау мен қатысушылар сөздерінің екеуінің де белгісі бар аралық құбылыс есепті» [5,72].

Тәуекел-хан ұрыс-соғыссыз бітімге келіпті. Қалмақ арасында отырған, енді көп шығынға ұшырап, тұтқында қалған ауылдарды қайтарумен, Шах-Мұхамед пен Дондүкқа мол кесімді күн алумен тоқтаған. О,тоба! Бұдан өткен маскара бола ма? Әлсіздік! Дәрменсіздік! Қазақ-Ата баласы, бағың біржола қайтқан екен ғой!... Енді аялдар не қалды!...Ақ өлімге алаңсыз бет бұрған (А,451).

Берілген үзіндінің алғашқы екі сөйлемі мен соңғы сөйлем таза авторлық баяндауға жатса, ортасында Ораз-Мұхамедтің пікірі қоса беріледі.

Берілген мысалдардағы парцелляциялар түгелдей постпозицияда келіп, сөйлем түсініктілігін жеңілдету үшін, сөйлеу тіліне тән синтаксистің көрінісін және т.б. білдіру үшін әр түрлі стилистикалық қызметте жұмсалған.

Жазушының «Аласапыран» дилогиясы мен басқа романдарының («Көкмұнар»,«Көкбалақ») тілінде, баяндау стилінде ұқсастықтар, жазушының өзіндік қолтаңбасын танытатын белгілер болуымен қатар өзгешеліктер де көрінеді. Мұның себебі, ең алдымен «Аласапыранның» тарихи стиль тезіне түсіріліп жазылған, қазақ халқының өткендегі тарихын көркем де шешен тілмен баяндайтын туынды екендігінде. Ал «...тарихи роман, эпопеяларға жазушы өзінің шығармашылық тәжірибесі әбден жетілген «қаламы төселген»

кезінде барады, сондықтан тарихты көркем түрде сөз етудің тілдік-стильдік амал-тәсілдерін де көп іздейді, табады...» – дейді Р.Сыздық [6,73].

Екіншіден жазушы таңдап қолданған баяндау формалары мен тілдік құралдардың алуан түрлілігіне және қаламгердің оларды түрлендіріп қолдануына байланысты бір жазушы қаламынан туған бұл туындылар өртүрлі сипат алады. «Аласапыран» романы жазушы туындыларының ішіндегі көркемдігі жағынан да, тілдік-стильдік белгілері жағынан да шоқтығы биік туынды. «Аласапыранның» тілі туралы ғалым Р.Сыздық былай дейді:

«Жазушы М. Мағауиннің «Аласапыран» романын қазақ көркем әдебиетіндегі тарихи шығармалардың ең сәтті үлгілерінің бірі деп санауға тек оның көркемдік-шығармашылық сипаты ғана емес, тілдік-стильдік белгілері де мүмкіндік береді. Бұл көркем туындыны «тарихи стиль» дегеннің тезіне салып жазудың да бірден бір көрнеу үлгісі. Ал « тарихи стиль тезі» (историческая стилизация) жалғыз ғылыми таным үшін емес, қазақ халқының бұдан бірнеше ғасыр бұрынғы, тіпті күні кешегі XIX ғасырдағы өмір шындығын дұрыс тануымыз үшін де қажет» [6,127].

«Аласапыран» романының жазушының өзге шығармаларынан ерекшелігі оның баяндау стилінен де байқалады. Мұнда әңгімелеу мен диалогтан гөрі терең суреттеу басым. Ал кейіпкер сөзі, ойы көбінесе монолог, ішкі монолог түрінде беріледі.

Романды әдеби тұрғыдан зерттеген ғалым Т.Сыдықовтың «сөзге сараң, образға толы, суретке бай роман» [7] деуі осыдан.

«Аласапыран» тарихи шығарма болғандықтан, онда суреттеліп отырған заманға тән әскери терминдер, лауазым, титул атаулары, киім-кешек, бұйым атаулары, жер-су аттары көп ұшырасады. Жазушы бұл күнде мағынасы түсініксіз немесе ескірген мұндай атауларға кейде қосымша түсініктеме беріп отырады.

Сонымен қатар «Аласапыран» романы бұдан төрт ғасыр бұрынғы заманды суреттейтіндіктен кейіпкерлерінің сөйлеу мәнері де өзгеше.

«...язык в историческом романе должен полностью совпадать с языком с той среды и той эпохи, которую воспроизводит исторический романист» [9,410]. Жазушы кейіпкерлерін сол заманның тілімен сөйлетеді. Кейіпкер тілінде көнерген сөздермен қатар, мақал-мәтелдер, канатты сөздер, шешендік сөз үлгісіне тән ұйқасты оралымдарды пайдаланады. Сондықтан шығарма кейіпкерлерінің ішіндегі ел басындағы сұлтандар мен билер, кейде қарапайым адамдар да шешен де оралымды тілмен сөйлейді. «Аласапыран» романын жазушының өзге шығармаларынан ерекшелеп тұратын белгілерінің бірі – шығарма тіліндегі шешендік сөз үлгілері, мақал-мәтелдер, авторлық афоризмдер, синтаксистік параллель түзілімдердің мол ұшырасуы.

Сұлтан ызғары – өткір сүңгінің жүзі, аламан жұрттың ызғары – үнірейген көрдің өзі, мен сол көрден қорқам. Хан ашуы – қара қылыш, қайтпай шапқанымен қара орманды отап түгесе ала ма; халық ашуы – қаптаған өрт, жалыны жапандағы орданы шалса, оған адам жұғыса ала ма. Мен сол өрттен қорқам. Мені алдына келтірген – анау айбары күшті бұқара жұртың. Мені ашына сөйлеткен – мынау, айдыны сесті қарашы бегің (А,60).

Томан бидің осы сөздері шешендік өнердің үлгісін көрсетеді. Жазушы кейіпкер тілінде шешендік үлгіге жататын сөз орамдары мен параллель түзілімдерден тұратын сөйлемдерді пайдалану арқылы кейіпкердің шешендігін, тапқырлығын т.б. қасиеттерін көрсете отырып, шығарма тілінің шұрайлылығын арттырады, шығармаға көркемдік әр береді.

«Аласапыран» романында шешендік сөз орамына тән риторикалық сұрақтар жиі кездеседі.

Мен бастап, қалғандар қосылып, мына қарашы жұртың түгел жалған сөйлесе сен не боласың?

Шын сияпат пен жалпаң аярлықты айыра алмасаң ел не болады? (А,76).

...ханын жерге қаратқан бидің құны қандай, елін екіге бөлген сұлтанның сыны қандай? (А,76).

Ондан ағамыздың өзі болмаса да, көзі – Ораз-Мұхамедтен жолы үлкен кім бар?! Ата тегі - Өз Жәнібек хан, ана тегі Керей хан, одан асыл кім бар?! (А,17).

«Аласапыран» романының тілінде шығармаға көркемдік көрік беріп, мазмұнына тереңдік сипат беретін ұйқасқа, ырғаққа құрылған параллель түзілімдер мен синтаксистік қайталаулар жиі ұшырасады.

...қалмақ - қатты халық, ер халық. Иіп бұқтыра алмайсың. Қорқытып ықтыра алмайсың. Имендір де икемге келтір. Өлтір, бірақ өшпенділік туғызба (А,106).

Жағана жау қарысы жетпесін, денеңе жезайырдың оғы өтпесін. Емінсең іліп түсір, ұмсынсаң ұрып түсір (А,261).

Романда авторлық афоризмдер көп қолданылған.

Қаламгер романдағы оқиға желісіне қатысты өзіндік ой-тұжырымдарын, түйіндеулерін канатты сөз түрінде беріп, шығарма тілінің көркемдігін арттыра түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ванников Ю. Синтаксические особенности русской речи. (Явление парцелляций). М., 1969.
2. Балақаев М, Сайрамбаев Т. Аударманың лексика-стилистикалық мәселелері. Алматы, 1987.
3. Ақыжанова А. Қазіргі қазақ тіліндегі парцелляция құбылысы. Филол. ғыл. канд...дисс: Алматы, 1999, 110 б.
4. Ержанова Г. Қазіргі қазақ повестеріндегі психологизм мәселелері (70-80 жылдар). Филол. ғыл. канд... дисс: Алматы, 1994, 134 б.
5. Шалабаев Б. Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми теориялық негіздері. Филол. ғыл. докт... дисс: Алматы, 1999, 340 б.

6. Сыздық Р. Сөз күдіреті. Алматы, 1997, 224 б.

7. Сыдықов Т. Қазақ тарихи романы. (Жанрлық спецификасы. Типология. Стиль. Ұлттық кейіпкер. Тарихилық сипаты. Поэтика.) Филология ғыл. докт...дисс. Алматы, 1997,

8. Винокур Г.О языка художественной литературы. Москва, 1991, 447 с.

ӘОЖ 882.151.212.2

«ҚҰТТЫ БІЛІК» ЕСКЕРТКІШІНІҢ ТАРИХЫ ТАНЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ КӨРКЕМ-ИДЕЯЛЫҚ ӘСЕРІ

И. ҚАБЫЛҒАҚОВА

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Ежелгі Түркістанның батысы мен шығысында бірдей IX ғасырдан бастап-ақ ықпалды іргелі елдік құрған Қарахандар әулетінің билігі дәуірлеп тұрған заманнан (841-1212 ж.ж.) бізге жеткен Жүсіп Хас Хажибтың «Құтты білігі» адамзат өркениетінің өлмес қазыналарының баға жетпес асыл мұрасы. Осындай кең толғамды, тарихи, парасатты пайымдаулар мол ғылыми ойдың, ақындық өнердің үздік дара туындылардың дүниеге келуіне белгілі бір өркениетті ахуалдың құнарлы топырағы, тарихи-әлеуметтік орта тынысы мен қоғамдық саяси жағдайлардың заңдылықтары болғаны күмәнсіз.

Бұл классикалық шығарма сол кездің өзінде белгілі дәрежеде тарихи-идеологиялық, психо-педагогикалық, әдеби-мәдени дәстүрдің, көркемдік-эстетикалық танымның қалыптасқан мектебінің болғандығын меңзейді. Мұндай көлемді шығармалардың дүниеге келуі, жазылуы-тұтас бір шығармашылық кезеңнің, өрісті дәстүрдің жемісі. Сол кездің өзінде-ақ түрлі ірілі-ұсақты, мәнді-мәңсіз сан алуан шығарма, жазбалардың болғандығын бүгінге дейін сақталып келген түрлі тізбелерден жақсы аңғаруға болады. Бір қызығы, Орта Азия мен Қазақстан жерінде жазылған шығармалар жөніндегі көне сипаттамаларда, библиографиялық тізбелерде осы еңбектің аты аталмайды. Мәселен, Әбу Сеит Сәмәдидің (1113 ж.ө.) белгілі «Китәб Әл-әнсәб» [1] атты еңбегінде, сол дәуірдегі белгісіз, ұсақ авторлар жөнінде жүздеген бет мағлұматтар жазылғанда, Жүсіп Баласағұндың әлемге аян еңбегі хақында еш дерек түспеген. Аталып, түстеліп, хатталып ең тағылған шығармаға қарағанда «Құтты біліктің» бізге тұтастай сақталып жеткені ерекше жағдай.

Түркі мәдениетінің ұлы да ұлағатты әдеби ескерткіші «Құтадғұ білік» дастанын жазған Жүсіп Баласағұндың өмірі мен қызметі, мақсаты, жас шамасы хақында деректерді негізінен шығарманың өз мәтінінен ғана табамыз. Дастанның ел өміріндегі маңызы, сипаты мен қасиеті, мұрат-мақсаты мен тілі жайлы мағлұматтар да мәтінде кездесетін автордың өз пайымдауларынан жақсы аңғарылады.

Бұл тақырып бүгінгі күнде өте өзекті және әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Сондықтан осы тақырыпты алған себебім, мақсатым, біріншіден осы «Құтты білікті» терең зерттеп, ашылмаған мәселелерін ашқым келеді, екіншіден Жүсіп Хас Хажиб Баласағұнға жеке тұлға ретінде тоқталғым келіп отыр. Үшіншіден еңбектің жалпы адамзат әлеміне тигізген әсері қандай екен, соны білгім келеді. Төртіншіден бұл сонау XI ғасырда жазылған еңбек біздің заманымызға қалай жетті, мазмұны неде, автордың аңсағаны не? Міне негізінен мақсаттарым осы болып табылады.

Жүсіп Хас Хажиб Баласағұн–XI ғасырдың аса көрнекті ақыны, есімі күллі шығыс елдеріне белгілі болған данышпан-ойшыл, энциклопедист-ғалымы, белгілі қоғам қайраткері.

Жүсіп Баласағұн өз замандастарына және өзінен көп жылдар кейін өмір сүрген ұрпақтарға орта ғасырдың ғалымы, дәлірек айтсақ, табиғаттану, ризият (математика), фәләкиәт (астрономия), тарих, араб-парсы тілдер білімі т.б. толып жатқан ғылым салаларын жете меңгерген ғұлама ғалым ретінде жақсы мәлім болған.

Әйтсе де, Жүсіптің есімін әлемдік әдебиет тарихында мәңгілікке өшпестей етіп жазып қалдырған бірден-бір тарихи-әдеби мұрасы–«Құтадғұ білік» дастаны. Бұл дастан көзіргі түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы тарихы, қоғамдық саяси өмірі, ғылымы, әдебиеті мен мәдени дәрежесі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі т.б. жөнінде аса қызықты да құнды, әрі қыруар мол деректер беретін көркем туынды.

Ақын «Құтты білікте» қандай адам «Ұлы Хас Хажиб» болып істеуі мүмкін деген сауал қойып, оған өзі егжей-тегжей жауап айтады. «Ұлы Хас Хажиб-әмірші-патшаның көрер көзі, есітер құлағы, ол мемлекет заңдары мен сол елдің әдет-ғұрпының дұрыс орындалуын қадағалап отырады. Сондай-ақ, ұлы-уәзір-қазына ісін басқарушы адамға, сарайда қызмет ететін хан көшірушілер мен қолөнершілерге патша атынан өмір етеді, елшілерді қабылдап, шығарып салады, ресми түрдегі салтанатты жиындардың заңға сәйкес өтуін қадағалайды, әрі кедейлер мен жетім-жесірлердің арызын тындап, оны эликбекке, яғни Табғаш Қара Богра ханға жеткізіп отыруы тиіс» [2]. Бұған қарап, Жүсіп Баласағұнның патша сарайында қандай қызмет атқарғанын емес, сонымен бірге ақын «Құтты білікте» өзіне өте жақсы таныс мәселелерді мейілінше терең біліп барып жазғанын да аңғарамыз.

«Арабша, тәжікше кітаптар көп

Ал, бұл–біздің тіліміздегі тұңғыш даналық жинағы».

«Біздің тіліміз» деп ақын түркі тілін айтып отырғаны мәлім. Сондай-ақ бұл дастанға қарасөзбен жазылған кіріспеден шығарманың тілі жөнінде айтылған мынадай пікір бар: «Шығыс елдерінде, бүкіл Түркістан халықтарында түркі сөздерімен бограхан тілінде жазылған бұдан артық кітап жоқ»[3]. Табғаш Қара Богра хан

әулеті Қарахан мемлекетінде билік жүргізген дәуірде кеңінен тараған жазба-әдеби тіл кезінде «бограхан тілі» деп те айтылған [4].

Сонымен, «Құтты білік» дастанының тілін қазіргі түркі тілдерінің қайсы тобына жатқызуға болады деген сауал туады. Бұл жөнінде бүгінгі түркология ғылымында әртүрлі пікір айтылып келеді. Мысалы, С.Е. Малов «Құтты білік» көне ұйғыр тілінде жазылған дейді, өйткені, шығарманы аударғанда ұйғыр сөздері көп кездескен» [5] (және нұсқаның біреуі ұйғыр тілімен көшірілген; Вена нұсқасы).

Ал А.И. Щербак қарлұқ тілінде, Г.Ф. Благова дастандағы сөздердің талдану сипатына қарап, бұл шығарма қарлұқ-қыпшақ тілінде жазылған деген қорытынды жасайды.

Ол қалай болған күнде де Жүсіп Баласағұн өз дастанын сол кезде Қашқардан бастап, сонау Амударияға дейінгі ұлан-ғайыр өлкелер мен уәлаяттарды өзіне қаратқан Қарахан мемлекетінде өмір сүрген түркі тайпаларының бәріне бірдей түсінікті, ортақ тілде жазғаны даусыз. Оның үстіне есімі күллі әлемге белгілі шығыстанушы-ғалым В.В. Бартольдтың: «қарахан елінің азаматтары өздерін ұйғыр деп атаған емес, Жүсіп Баласағұн үшін өзі жазған тіл ұйғыр тілі болған емес» [6]-деген әділ пікір айтты.

Жүсіп Хас Хажиб Баласағұнның, «Құтты білік» дастанының бүгінгі күнге дейін сақталған үш нұсқасы бар:

Біріншісі, Вена нұсқасы, оны Герат нұсқасы деп те атайды. Бұл қолжазба кәзір Венаның Корольдік кітапханасында сақтаулы тұр. Сол үшін оны Вена нұсқасы дейді. Ал дәл осы қолжазбаны Герат нұсқасы деуінің себебі, бұл қолжазба 1439 ж. Герат шаһарында көшірілген екен. Оны ұйғыр әрпімен көшірген адамның есімі—Хасан Қара Сеил [7].

Дастанның осы Вена нұсқасының тағдыры қызық. Бұл қолжазба әлде кімдер арқылы Гераттан Түркияға жеткізіледі. Ал, 1474 жылы «Құтты білік» қолжазбасын біреу сатып алып, Стамбулға әкетеді. Арада 300 жылдай уақыт өтіп, 1796 жылы Австрияның белгілі ғалымы Иосиф фон Хаммер—Пургшталь Стамбулда дипломатиялық жұмыста жүрген кезде біреуден осы қолжазбаны сатып алып, оны Венадағы корольдік кітапханаға сыйға тартады.

Екіншісі Каир нұсқасы. Бұл қолжазба араб әрпімен көшірілген. Оны Каирдағы бір кітапхананың сирек кездесетін қолжазбалар қорынан 1896 ж. неміс ғалымы Б.Мориц тапқан [8]. Белгілі орыс ғалымы В.В. Радлов Петербург ғылым академиясының Азия музейі үшін Каир нұсқасының бір данасын көшіріп алады. Қазір бұл қолжазба Ресей Ғылым академиясы шығыстану институтының Ленинград бөлімшесінде сақтаулы тұр.

Үшіншісі, Наманган нұсқасы. Оны 1913 жылы А.В.Валидов Өзбекстанның Наманган шаһарынан тапқан еді [9]. «Құтты білік» дастанының араб әрпімен көшірілген ең толық саналатын осы нұсқасы Өзбекстан Республикасының Ғылым академиясының Әбу Райхан Әл-Бируни атындағы шығыстану институтында сақталып келеді.

Ал енді тарихнамаға келетін болсақ өзбек ғалымы Каюм Каримов Наманган нұсқасы бойынша ұзақ жылдар бойы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сөйтіп, 1971 жылы дастанды қазіргі өзбек әрпі негізінде транскрипция жасап, оны ғылыми хаттамасымен бірге жеке кітап етіп басып шығарды.

Әрине, жоғарыдағы аталған үш қолжазбаның әр қайсысының өзіндік ерекшеліктері, яғни әрбір қолжазбаның өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Сондықтан, ғалымдар үш нұсқаны да өзара салыстыра зерттеп «Құтты біліктің» ғылымға негізделген толық мәтінін жасап шығу үшін көп еңбек сіңірді.

«Құтты білік» дастаны жөнінде тұңғыш рет баспасөз бетінде хабар беріп, оның нұсқасының бір бөлігін 1823 жылы «Азия» журналында бастырып шығарған ғалым француз Жауберт Амадес болды [10].

Бұл істі кейінірек венгр ғалымы Герман Вамбери қолға алды. Ол дастанның бірнеше тарауын транскрипциялап, неміс тіліне аударды, оған түсінік беретіндей сөздік жасады. Соның бәрін қосып, 1870 жылы «Құтты білікті» жеке кітап етіп шығарды [11].

Әйтсе де, мұның бәрі әлі де алдағы үлкен жұмыстардың бастамасы ғана еді. «Құтты білікті» кең көлемде зерттеу, оны басқа тілдерге аударма жасау саласында келелі істер тындырған адам академик В.В. Радлов болды. В.В.Радлов бұл шығарманы зерттеу, аудару, баспаға әзірлеу істерімен 20 жыл бойы (1890-1910ж.ж.) айналысты. Дастанның бірнеше тарауын неміс тіліне аударып, баспасөзде шетінен жариялай бастады. Алайда, осы кезде «Құтты біліктің» бұрын белгісіз болып келген Каир қолжазбасының табылуына байланысты В.В. Радлов шығарманы неміс тіліне аудару және кітап етіп шығару жұмыстарын уақытша тоқтатып қойды. Өйткені алдымен Каир нұсқасының ерекшеліктерін зерттеп біліп алу қажет еді [12].

Қазақтың белгілі ақыны, әрі әдебиет зерттеушісі Асқар Егеубаев «Құтты білік дастанының қазақ әдебиетінің қалыптасып, дамуына идеялық-көркемдік әсері» (дәстүр, поэтика және аударма мәселелері) деген тақырыпқа ғылыми еңбек жазды. Сондай-ақ, ол ақын ретінде «Құтты білік» дастанының түпнұсқаға мейілінше жақын поэтикалық аудармасын жасап шықты [13].

Поэманың кейбір үзінділерінен орыс тіліне бірнеше рет С.Е. Малов аударып шықты. Еркін аудармасы «Ғылым бағытқа ие» деген атпен 1971 жылы И. Гребнев арқылы жүзеге асып, жоғарыда айтылғандай, К. Каримов «Құтадғұ білікті» өзбек тіліне аударды. Р.Р. Арат жоғарыда айтылған үш қолжазбамен үлкен зерттеу жұмысын жүргізе отырып, 1947 ж. ғылыми жинақты жазып шықты. «Құтты білік» атты «Құтадғұ біліктің» толық мәтінін орыс тіліне С.И. Иванов Москвада 1983ж. аударып шықты [14].

Жекелеген бөлімдердің басылымы академиялық дәрежеде академик А.И. Кононов пен С.И. Ивановтың редакциялық етуімен жүзеге асты. 1970 ж. Ленинградта «Құтадғұ білікке» арналған IV-түркологиялық конференция өтіп, онда бұл ескерткішті терең зерттеудің ауқымын кеңейту қажеттілігі айтылып өтті.

Баласағұни шығармашылығын жалпы мәдени орта көлемде алғашқы араб халифатының құрылуымен байланысты зерттеу керек екенін алғаш неміс ғалымы Отто Альбертс [15] ұсынды, ол Баласағұн көзқарастарының әйгілі ғалым Ибн-Синамен байланысын, атап айтқанда, оның этика туралы көзқарастарының ұштасып жататыны туралы айқындамасын ұсынды. Сонымен қатар, Альбертс Аристотель мен Жүсіптің этикасын салыстырып зерттеуге әрекет жасады.

Баласағұнның шығармашылығын зерттеуде орыстың шығыстанушы ғалымдары В.В. Бартольд пен С.Е. Малов, белгілі кеңес тарихшысы мен әдебиеттанушы ғалымдары С.Э. Бертельс пен А.И. Самойлович, А.И. Кононов және басқалары ойдағыдай нәтижеге жетті. Бірақ бұл ескерткіш лингвистика, әдебиеттану және тарихи - мәдениет саласында күнды бола тұрса да, шығыстың ойшыл ғалымының еңбектерін зерттеу көбінесе тарихи-филологиялық жоспарда жүрді. Ғалымдар еңбектің философиялық тұрғыдан зерттелуін ұлғайтудың қажеттілігі туғанын атап көрсетті [16]. Баласағұнның «Құтадғұ білігі» сол кездегі ресми әдеби тіл—араб тілінде емес, түркі халқының тіліндегі бірінші энциклопедиялық еңбек болып табылады. Мұны Баласағұнның ана тілге сүйіспеншілігі, халықтың төл перзенті, шынайы өкілі деп білуге болады. Сол кездегі әлі көшпенділіктен айырыла қоймаған ортаазиялық қараханидтер әулетіне дамыған отырықшы аймақтардағыдай (Мауреннахр, Шығыс Түркістан) билеу саясатын жүргізуге ұмтылу тән болды. Сондықтан да, бұл еңбек көшпелі қараханидтерге түсінікті болу үшін түркі тілінде жазылды деп атап көрсетті А.А. Валитова [17]. Бірақ «Құтадғұ білік» тек қана саяси трактат емес, ол сол ғасырдағы әртүрлі ғылым мен мәдениет салаларының да дамуын да көрсетті. Бұл еңбек автордың өмірді көрсетудегі философиялық пайымдауының тереңділігін, адам құқының сол замандағы дамуын көрсетеді. Жалпы алғанда, Баласағұн еңбегі кең көлемді философиялық мінез-құлықты, практикалық өмірдің эстетикалық көзқарасын көрсетеді. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғұ білік» поэмасы түрік тіліндегі мұсылман дінін үгіттейтін бірден-бір ежелгі еңбек болып есептеледі деп атап көрсетті А.И. Кононов [18]. Поэманың философиялық негізінде мұсылмандық элементтер қалыптасқан деп есептеледі. А.И. Кононовтың айтуынша, Ж. Баласағұнның «Құтадғұ білік» поэмасы әзірге, ертедегі түрік тілінде жазылған шығармалардың ішіндегі мұсылман идеологиясына негізделген және сол «идеологияны» уағыздаған бірінші шығарма [19].

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты тарихи-философиялық ғылыми шығармасын жан-жақты зерттеу қазіргі уақыттың келелі мәселесі. Ол орта ғасырлық халқымыздың мәдениетін, шығыс мәдениетімен салыстыра зерттеуге жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Баласағұн Жүсіп. «Құтты білік». -Алматы, 1986.
2. Егеубай А. Жүсіп Баласағұн «Құтты білік», Жұлдыз—1996. №3.
3. Егеубай А. Жүсіп Баласағұн «Құтты білік». -Алматы: «Ана тілі», 1905.
4. IX—XVIII ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының шығармалар жинағы.—Алматы, 1971.
5. Қазақстанның XI—XV ғасырлардағы тарихының жаңа материалдары.-Алматы: «Рауан», 1960.

ӘОЖ 80

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНІҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

А.Б. КАЙРАКБАЕВА

қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі, Майтүбек жалпы орта білім беретін мектебі,
Май ауданы, Майтүбек ауылы

Ауыз әдебиеті – халық шығармашылығының айрықша саласы, ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем-әдеби туындылардың жиынтық атауы. Қазақ халқының мұндай сөз өнерін ғалымдар ауыз әдебиеті деп атаған. Сонымен бірге ғылым мен мәдениетте “халық шығармашылығы”, “халық поэзиясы”, “халықтың ауызша сөз өнері” дейтін атаулар да осыған жақын мағынада қолданылады. 1846 жылы ағылшын Вильям Томс ұсынған “фольклор” (ағылшынша folk – халық, lore – білім, даналық) сөзі де ауыз әдебиеті атауы үшін халықаралық ғылым атау ретінде орныққан.

Фольклордағы бейнелі, бедерлі көркемдеу үлгілері – поэзияның суреттілік сипатын артыратын шарттық бірі. Поэзиядағы нақышты сөз шығарманың ажарын ашады, оның эстетикалық – эмоциялық әсерін арттырады. Адамды нәзік сезімге бөлеп, ойын оятады. Көркемдік қуаты әлсіз болса, шығарманың нәрсіз болуы әбден мүмкін. Сондықтан оның көріктеулерінен ақпа-төкпе ақындардың талай буындары үлгі алып өздерінің шеберліктерін шындаған. Менің ойымша, халықтың өткен тарихын, тұрмыс- жайын, әдет-ғұрпын жан-жақты тану үшін, ауыз әдебиетін білуіміз қажет. Өйткені, ауыз әдебиеті – халықтың әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі, ел өмірінің тарихи шежіресі.

Әуелі жеке дарындардың дуалы ауыздарынан шығып, кейін оны халық қарап, қастерлеп, ғасырлар бойы өңдеп, өркендетіп, қадірлеп, қалыптастырып, асылым деп, ақыл санасына сіңірген ауыз әдебиетінің үкілі үлгілері мәдениет мұрамыздың ең күнды қазынасы. Ол – ұрпақ тәрбиесінің күн сәулесіндегідей әселі нұрымен

от алатын ой тамызығы болып, жанды жалындататын ақыл-санасының айшықты көріністерін бейнелейтін қасиетті, киелі мұрамыз.

Тұсау кесу, бесік жыры, жаңылтпаш, санамақ, жұмбақ, мазақтама, тақпақ, жырлар мен ертегілер, аңыз-әңгімелер мақал-мәтелдер бәрі де – тілімізді, ойымызды дамытып, тәлім-тәрбие беріп, дүние танытатын ғаламат туындылар. Сол туындылар ішіндегі мақал-мәтелдер педагогикамен қатар, философиялық дәстүрдің де түсініктемелеріне арқау бола алатын шығарма. Психологиялық мәні жағынан қазақ фольклорының түрлі жанрларының ішіндегі мақал-мәтелдер өте зор бағаланады. Бұлардан халықтың өмір туралы сан алуан пайымдауларының, ойға түйгендерінің дәл сипаттамалары көрінеді. Әрине, осынау – халық даналығында шындықты бейнелейтін білім-іліммен қоса қоршаған орта жайында, әсіресе, әлеуметтік өмірдің кейбір жақтары туралы жекелеген ойлар бар. Бірақ осыған қарамастан, бұлар халықтың дүниетанымының, күрделі де қайшылықты даму процестерін дұрыс көрсетеді.

Меніңше, мақал-мәтелдер адам іс әрекетінің себебін тікелей бақылау арқылы өзінше түйіндейді. Сондықтан олар ғылыми бақылаудан өзінің кездейсоқтығымен, арнайы ұйымдастырылып, жоспарланбаған негізімен ерекшеленеді. Әсіресе, ақиқат білімнің алғашқы көріністері есепсіз мол кездеседі.

Көшпелі тұрмыс салтында мақал-мәтелдер мектеп пен мұғалімнің, кітап пен баспа сөздің, қызметін де алмасатырған болатын. Ол айналадағы сыры мол дүние туралы білімнің сұрыпталған жиынтығы, халықтың өзінше шағын ауызша энциклопедиясы ғана болып қоймай, ұстаздық, тәлімгерлік рөлді де атқарады, адам бойында барлық жақсылықты көтеріп, жамандықты жерлеп, үлкіге айналдырған. Мұндағы ақыл-кеңестер ұзақ өсиетсіз, қысқа да нұсқа, әрі иланымды болды. Бұлардың бала тәрбиесіндегі орны да айрықша еді. Халық даналығы ата-анаға ұрпақ тәрбиесі жөнінде өзінен бұрынғылардың моральдық психологиялық, медициналық, гигиеналық, өнер сайыпкерлік ой-пікірлерін, көзқарастарын да шоғырландырып, бүкіл халықтың тәлім-тәрбиелік тәжірибесін мирасқа қалдырып отырады.

Бала ұғымына лайықты пайдалы кеңестерде айналадағы дүние мен адамның өзара қарым-қатынасын әр қырынан қамтыған сан алуан ақпараттар аз емес. Мұнда оқу мен еңбек, ойын мен өнер, сондай-ақ адамның жақсы-жаман қасиеттері, елін сүю, ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау сияқты үлгі өнегелер бала санасына біртіндеп күйіла беретін. Сондықтан да мақал-мәтелдердің қай халықтың болмасын өз ілкі түсініктері бар, олардың спорт, музыка, медицина сияқты қызықты топтасқаны іспетті. Қазақ мақалдары адамның ішкі дүниесіне терен бойлап, кісінің адам арасындағы қары-қатынасын аша түсуде басты рөл ойнайды. Мәселен, халық ұғымында «Ақылдылық – баға жетпес қазына». Бұл туралы халық: «Түйедей бойың болғанша, оймақтай ойың болсын», «Ақыл азбайды, білім тозбайды» дейді. Әр мақалдың мағынасын терен ұғыну керек. Өйткені, ақыл білім, тәжірибе, тәлім-тәрбиенің нәр алатын бастауы. Демек, әрбір адам тіпті күнделікті күйбең тіршілігінде де әр істі ақылға салып отырмаса болмайды, онсыз мақсатқа жету де қиынға түседі. Алдағы істің нәтижелілігін, болжауда ақылға байланысты. Мақалдар сөзді салмақтап, ойлана айтуға үйретеді. Оған мысал ретінде «Ойнап сөйлесен де, ойлап сөйле», «Андамай сөйлеген ауырмай өледі» сияқты мақалдарды келтіруге болады. «Құрғақ сөз баса ауыртар», «Көп сөз – күміс, аз сөз – алтын», «Қысыр сөзде қырысқ көп» сияқты мақалдар халық даналығы бөпе сөз бен мылжындықты ұнатпай, ондайларды өткір сынға алған. Осы айтылғандардың бәрі ақыл ой мен зерделіліктің сөйлеу мәдениеті мен тығыз ұштасып отыратынын дәлелдейді.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті өзінің көркемдік-идеялық нәрімен, эстетикалық қуат-тегеурінімен, түрі мен жанрларының молдығымен, тақырыптық және сюжеттік байлығымен, қоғамдық-әлеуметтік және тәрбиелік терен мән-мазмұнымен ерекшеленеді. Ол – көне тас дәуірінде пайда болып, түркілік тұтастықты бастан кешірген, одан бері де қазақ халқының қалыптасу тарихымен біте қайнасып, бірге жасап келе жатқан теңдесі жоқ рухани мұра. Байырғы ата-бабаларымыздың наным-сенімдерінен, тарихынан, тұрмыс-тіршілігінен, жақсы мен жаман туралы түсініктерінен, асыл арманы, биік мұратынан жан-жақты мағлұмат береді. Әрі ұлттық рухани мәдениеттің ғасырлар тізбегіндегі тарихи өзгерісін, этникалық санамен қарайлас жүріп өткен жолын да көз алдымызға елестете алады. Ауыз әдебиетінің шығарушысы да, таратушысы да, тыңдаушысы да – халық. Сондықтан ол, шын мәнінде, халықтың өз еншісі болып табылады. Ауыз әдебиетінің осы өзгешілігі оның әлеум. бітімін де айқын сипаттайды. Ауызша айту фольклордың тек қана шығарылу, таралу жолы емес, бүкіл қоғам тарапынан қолдау тапқан өнердің басты шарты болды. Үлкен де, кіші де ауызша өнер дәстүріне дағдыланды, жасынан санасына сіңіріп, соны ғана мойындады. Бүкіл қоғам ауызша өнер мектебі болды. Осыған лайық ауыз әдебиетінің көтерген жүгі де орасан зор еді. Халықтың тарихи зердесі, философиялық ой-түйіндері, педагогикалық тәжірибесі, адамгершілік нормалары, кәсіптік әдебиетке тән көркемдік сұраныстары, театрлық өнерге тиесілі есесі ауыз әдебиетіне жүктеледі. Іс жүзінде оның араласпайтын саласы қалған жоқ. Шілдеханадан бастап рулар арасындағы дау-дамайларға, бесік жырынан бастап жоқтауға, ем-домнан бастап лирикалық өлеңдерге, ырым-түсініктерден бастап қоғамдық дүниетанымдық аңыз-әңгімелерге, мифтік сенімдерден бастап қоғамдық ой-пікірлерге дейінгінің бәрі де фольклорға тоғысты. Сондықтан да ол қай заманда да белгілі бір топтың (немесе таптың) ғана мұрасы болған жоқ. Бұған өткен қоғамдарда қазақ ауыз әдебиеті туралы пікір білдірген адамдардың әр түрлі мамандық иелері болуы да дәлел бола алады. Олар өздеріне қажет елдің тарихы, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, мінез-сипаты, дүниетанымы, моральдық-этикалық нормалары, заңдары, діні, дәрігерлік тәжірибесі, қару-жарақ, киім-кешек, жер-су, мекен, тау-тас, көл, өсімдіктер мен жануарлар туралы мәліметтерді алдымен осы фольклордан тапқан. Авторлық ауызша әдеби мұраны ауыз әдебиетінің қатарына қоспағанымызбен оның төл тарихы содан басталатынына ешбір күмән жоқ. Қазақ фольклоры біздің заманымызда өткен қоғамдардағыдай дамудың қайнар көзінде, өсіп-өркендеудің ең биік сатысында тұрмағанымен қазір де ұлан-ғайыр әлеум. жүк арқалауда.

Ұлттың рухани болмысын, мінез-сипатын, тұрмыс-тіршілік тынысын әлі сол фольклор арқылы айна қатесіз танымыз. Еліміздің тәрбиелік, эстетикалық, адамгершілік мұраттарының айқын айғағы, рухани өлшемі де сол фольклордан бастау алады. Ауыз әдебиеті жанрлық құрамы жағынан да сан-салалы болып қалыптасты. Тұрмыс-салт өлеңдері (еңбек-кәсіп, аңшылық, үйлену, жерлеу салты, наным-сенім т. б.), ертегілер, аңыздар, әпсаналар, мифтер, эпостық жырлар, тарихи өлең, қара өлең, лирикалық өлең, өтірік өлең, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, айтыс, шешендік сөздер, жаңылтпаштар, драмалық үлгідегі шығармалар... – міне, ауыз әдебиетінің негізін құрайтын осы бір жанрлардың өзі әрі қарай түр-түрге бөлініп кете береді. Бұлардың қай-қайсысы болса да сөзбен айтылатын шығармалар және олардың негізгі құралы сөз. Сондықтан ауыз әдебиеті, ең алдымен, сөз өнері. Рас, ауыз әдебиетінде сөзден басқа өншілік және орындаушылық өнер де айрықша қызмет атқарады. Себебі ауызша шығарма тыңдаушы алдында қолма-қол шығарылатындықтан оны жазба әдебиетіндегідей үздік-создық, бірде жылдамдатып, бірде үзіліс жасап, ұзақ ойланып шығаруға мүмкіндік жоқ. Сөйте тұра табан астында шығарылған өлең-жырдың эстетикалық қуаты, нысанаға дөп тиіп жатқан әсерлілігі, өнер ретіндегі өзгешелігі тыңдаушысын қашанда тәнті еткен. Бұл жағынан жазба әдебиеттен оның қызметі бір де кем емес. Дегенмен, ауыз әдебиетінің импровизаторлық сипаты оның көркемдік табиғатының өзгешелігін көрсетеді.

Заман өзгерген сайын халық мұрасында да жаңа мазмұнды жұмбақтар мен толыса берді. Соған сәйкес ақырғы кездерде ғарыш кемелері, электро техника, мәдени пргрестерге байланысты жұмбақтар туды. Жұмбақты шешуші адам әрі заттарды салыстыра көз алдына елестетіп, дүниетанымдық қабілетін дамытады. Жұмбақтар, көбінесе үйлесімді ұйқасы әсем де ырғақты өлеңмен құрылады. Оның дүниетанымдық, ой дамытарлық мәдениетпен қатар, тәрбиелік мәні де ерекше. Өйткені жұмбақ айтысу, жұмбақтарды жаттау кезінде тәрбиеленуші өзінің білімінің дәрежесін байқап, көп білуге талпынады, ынта жігері артады, жауапкершілікке бейімделіп, өнерге талпынушылығы артады. Меніңше, жұмбақтар адамды шығармашылық ойдың дамуына түрткі болады.

Ал, баланың тілін ширату үшін, оған сөз үйретіп, дүниетанымын дамыту мақсатында жаңылтпаштар ойлап табылған.

Бөбектің тілі шығып, балдырған жасында сөздік қоры молая бастаған кезде, кейбір дыбыстарды айта алмай немесе қинала айтады. Тілін мүкістендірмей, мүдірмей сөйлеу үшін, қиналып айтатын дыбыстары бар сөздерді бала неғұрлым жиі дыбыстап айтып, жаңылмай жаттықса, сөйлегенде мүдірмей, өз ойын толық жеткізетін болады. Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тілін ардақтау, сөз қадірін білу сезімі қалыптасып, ой-қиялы дамиды, тәлім-тәрбие алады. Халық балада болатын мүкістерге сәйкес жаңылтпаштарды шығаратын болған. Бала тіліндегі «ш» дыбысы мен «с» дыбысын шатастырып айтуды түзету үшін халық:

Шымдай шытырмыш,
Ол шытырмышты
Мен шым-шытырмыштай,
Кім шытырмыштайды,

– деген сияқты жаңылтпаштарды ойлап шығарған. Ол тек жас балалардың тілін ширату тәсілі ретінде ғана емес, сонымен қатар тіл ұстартуды үлкендер де салтқа айналдыру үшін қолдану қажет.

Сол сияқты тұрмыс салт әуендерімен айтылатын бесік жыры бөбекті жұбату үшін және оған тілек айту мақсатымен ғана шығарылған жоқ. Ең әуелі ырғағы бесіктің тербелісіне сәйкес келетін сабырлы екпінде айтылатын қоңыржай әуен бөбектің сезім мүшелері арқылы оған сүйкімді, сүйсінерлік әсер етіп, жан-жүйесін жадыратып, яғни ұнамды ықпалмен баланы жұбатады. Екіншіден, баланың келешегіне үміт артып, тілек айта отырып, оны жұбатушы ана болашақтың шамшырағы мен нұр сәулесінен қуат алғандай әсерленеді. Үшіншіден, ата-ана жатқа айтқан тілектерді тілі шыққаен балдырғандар да жаттап, әрі тілі дамиды, әрі сол сөздер мен тәлім алатын болады. Бесік жырының сонымен қатар психологиялық және медициналық мәні зор, әуен бөбек жанына дем беріп, рахатқа бөленеді.

Менің пікірімше, ата-бабаларымыздың бізге, яғни келешек ұрпаққа деп қалдырған ұлы мирас өнегелері еш уақытта ұмытылмайды. Біз күнделікті өмірімізде сол өсиеттер арқылы ғұмыр кешуіміз керек. Ұлылардың айтқан сөзіне сөз қосып, еңбектерін қастерлеп, егемен еліміздің жан-жағынан көркейіп, дамуы үшін біз барынша үлес қосуымыз қажет.

Ойлап отырсақ, осы өмірде ең бастысы – адал өмір кешу. Өмірдегі жаманды да, жақсыны да татып, белестерге, әрқилы жетістіктерге жету үшін аталарымыздың, халқымыздың сөзін ұстану қажет. Сөзімізді аяқтай келке, біз «Жақсы сөз-жарым ырыс» демекші, сол асыл сөздерді сіздерде, бізбен бірге бірлесіп ұстанып, «Ұлы сөздің ұлағаттылығымен жаңа өмірге қадам басайық!» дегіміз келеді.

Қорыта айтқанда, бүгінгі заманның басты талаптарының бірі – ел болашағына ұлттық тәлім-тәрбиенің қайнар көздерін менгерте отырып, оларды отаншылдыққа, адамгершілікке, ізгілікке, сол сияқты басқа да гуманистік қасиеттерге тәрбиелеу болып табылады.

Ұлттық тіл, ұлттық рух, ұлттық мүдде болмаған жерде халықтың өмір сүруі мүмкін емес. Осы аталғандарды қалыптастыруда халықтық педагогиканың маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ ұлттық энциклопедиясы
2. Қазақ фольклористикасының тарихы, А., 1988
3. Қазақ фольклорының тарихылығы, А., 1993

4. Жұмалиев Қ., Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері, А., 1958
5. Ғабдуллин М., Қазақ халқының ауыз әдебиеті, А., 1972
6. Ысмайылов Е., Ақындар, А., 1956
7. Қазақ фольклорының типологиясы, А., 1981
8. Уәлиханов Ш., шығ. жинағы, 5 т. А., 1984
9. Фольклор шындығы, А., 1990;
10. Марғұлан Ә., Ежелгі жыр, аңыздар, А., 1985
11. Бердібаев Р., Қазақ эпосы, А., 1982
12. Табылдыев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Санат, 2001-314 б.
13. Жарықбаев Қ. Қалиев. С Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы жазушы 1992.-350 б.

ӨОЖ 882.151.212.2-1

I. ЖАНСҮГРОВТЫҢ ҒҰМЫРНАМАСЫНДАҒЫ ШЫНДЫҚТЫҢ ШАРАЙНАСЫ

А.А. ҚАЙЫРБЕКОВА

Халқының елдігіне, рухына қажет мәдени қазынаны жаратқан алып тұлға арыстарымыз бен асылдарымыздың қатарында біз бүгін Ілияс Жансүгіров есімін айрықша атаймыз. Оның ұлан-ғайыр шығармашылығы «өнер алды - қызыл тіл» деп, сөз өнерін қадірлеп, өнерпазын қастерлеген текті жұрттың поэтикалық дәстүрінен қуат, серпін алған аса бір дарынды, терең де нұрлы ағыс болып көрініс береді. Бұл ағыста замана дауылы көтерген шуда жал бұрқак толқындар да, шымырлап сыр бүккен тылсым иірімдер де, тегеуіріні тұнғыықта тепсінген жұмбақ қуат та бар. Адам баласының санасын сан соқпаққа бұрып, жан дүниесін жапырып, қалыпқа құйған ХХ ғасырдың бұрқасын өткелектері, саяси жүйенің алдамшы идеологиясы, империялық өкімнің қаншеңгел құрсауы Ілиястың тау бұзып, тас жарған алапат дарынын да өз арнасына икемдеп, өз танабына тартып-ақ бақты.

Ілияс Жансүгіров қазіргі Талдықорған облысы (Алматы обл.) Ақсу ауд. «Қызыл таң» кеңшарында 1894 жылы 14 мамырда дүниеге келді. Әкесі Жансүгір ескіше сауаты бар, қазақ ауыз әдебиеті мен қисса-дастандарын көп оқыған, көп жаттаған, тіпті кейбірін ел аузынан жазып алып, насихаттауды дәстүрге айналдырған көкірегі ояу, зерек, білікті, халық құрметтеген адам. Ақынның өзі 1928 жылы Мәскеуде жазған өмірдерегі жайында Бексұлтан Нұржекеұлы: «Ә дегеннен-ақ әсерлі сөздің сиқырына тап боласыз: «Өмір таңы балалық қой. Оны еске алсам, өскен жерім ойыма түседі. Боз дала, құла құм. Оларды қақ аққан иір өзен. Өзен өлкесі түлкі жүн құла қамыс. Тал, жыңғыл. Жиде. Қыры – теріскен, кара жусан. Ойы – ши, ұсақ құрақ. Құмы – сағыз, селеу, қылша. Қырда құм ішінде, өлкеде өзен бойында шок-шок қыстау, шошайта үйген қамыс. Сарғайған мая. Міне, менің өскен жерім», дейді.

Сөз саптасынан суреткерліктің, дәл айтудың, анық білудің лебі есіп ақ тұр емес пе? Өзге айтса, оған тағы қосымша дәлел тілейтін талай мәліметті Ілекең осы жазбасында өзі айтады. Бұл «Өмірбаянымның» құндылығы да сонда. Төрт жасында анасынан айырылыпты, әліпбиге әуелі әкесі оқытыпты, содан соң Қасен молдадан, ноғай молдадан оқыпты, т.б.» [1.] Осы жазғандарынан ақынның бала кезінен қиыншылық көріп өскенін аңғаруға болады. Баласының тумысында зерек, ұғымтал екенін аңғарған әкесі қайтсе де оқытып, жұрт қатарына қосуды арман етеді. Ес біліп, ақыл тоқтатқан кезден бастап әкесі Жансүгір әкесінен, сосын ауыл молдаларынан сауат ашқан. Жеті жасқа шыққанда әкесі Ілиясты Маман-Тұрысбек ауылы – «Қарғашта» ашылған қазақ-татар тіліндегі бастауыш мектепке орналастырады. Оны ол 1911 жылы бітіріп шығады. Бұл атақты әнші Майра сабақ жүргізген тарихи мектеп. Қарағаш ауылында жәдитше бастауыш мектепті бітіреді. Ақынның алғашқы қалам ұштап жазған өлеңі «Күзгі гүлге». Бұдан кейін біраз уақыты ауылында өтеді. 1914-1919 жж. аралығында «Әншіге», «Бұлбұлға», «Арман», «Өзіме», «Сәлемдеме», «Көңілдің жүгірісі», «Жанды сөз», «Мұнды құс», «Алдымда», «БІнтықтар», «Замандасқа», «Жыбырлақ», «Маңым», «Шым-шытырақ», «Жаңылғаным», «Талғамалар», «Тілек», «Не күйде», «Ел шетінде, жау бетінде», «Тәңір-ау, неге болам мәз» деген өлеңдері жарық көреді. 1919 ж. Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсқа түседі. Оны бітірген соң өз ауылында мұғалім болып, кейін «Тілші» газетінде қызмет атқарады. Әкесі Ілиястың шаңырақ ұстар азамат болғанын қалап, үйлендіргісі келеді. І. Жансүгіров 1921 жылы Ташкенттегі оқытушылар даярлайтын курсты бітіріп келісімен Талдықорған уезіндегі Белтоған ауылында оқытушылық қызметке кіріседі. Сол жылы жарлы-жалшылардың «Қосшы» ұйымына мүше бола жүріп, қоғамдық жұмысқа белсене араласады Соның арқасында «Жебір болыс» пьесасын жазып, онда өзі басты рольді ойнайды да, оның әйелінің ролін ойнайтын ешкім болмайды. Тек әйелдердің арасында жаңа заманның түсінігін жүргізудің ықпалынан соң, болыстың әйелінің ролін Аманша ой-найды[3]. Осы таныстықтан соң, алғашқы әйелі Аманшаға үйленеді. Аманшамен 7 жылдай өмір сүреді, Бұл жайында «Қазақ елі» газетінің «Атақтылардың махаббаты» айдарымен шыққан баспада Ілияс Жансүгіров атындағы мұражайының қызметкері К. Қоқымованың «Ақын жары» деген мақаласында ақынның Қарғаш мектебінде бірге оқыған Мейрман Ермектасовтың жұбайының естелігінен: «Ілияс Талдықорғанда біздің үйде тұрып қызмет істеді. Үйіміз қазіргі көкбазардың төңірегіндегі мешіттің жанында болатын. Бір күні қақаған суықта ол шанамен кішкене бойлы нәзік келген Аманша есімді сары келіншекті ертіп келді. Ол

керемет балажан еді, біздің балаларды қолынан тастамай көтеріп жүретін. Кейін баладан қайтыс болғанын естідім дейді қарт ана» [2].

1922 ж. Верныйдағы (Алматыдағы) Қазақ ағарту институтының меңгерушілігіне тағайындалады. 1925 ж. Мәскеудегі Журналистика институтына оқуға түсіп, оны 1928 ж. бітіріп шыққан соң, «Еңбекші Қазақ» газетіне қызметке жіберіледі. Аманша 1927 жылы Ілияс оқуда жүргенде қайтыс болады Мәскеуден жерлеуге Ілияс кешігіп жетіп, Аманшаға жоқтау арнаған[3]. Ілияс Жансүгіровтың өмірі мен мұрасын зерделей зерттеп жүрген ағаларымыздың бірі Бақыт Сарбалаевтың мұрағатында «Қазақ әдебиетінде»(1989ж. 8 желтоқсан) жариялаған бір топ өлеңдерінің ішінде «Айырылысу аттанысында» (1925 ж.), «Моласында» (1927 ж.) өлеңдері бар. Кезінде бұл дүниелер ақынның «Сағанақ» (1928 ж.) жинағына және өзі топтастырған өлеңдерінің толық жинағына енген екен. Алыс жолға оқу іздеп бара жатқан ақын жан жарын қимай, өлеңмен төгілте жырлайды. Осы жылдары Аманша мен Ілиястың Алматыда бірге болғаны жөнінде Ф. Ғабитованың «Алыптар тағдыры» (1995 ж) естелік жинағында да айтылған Онда 1923 жылы ақпан айының аяқ шенінде Жамбыл атамыз Б. Сүлеевтың үйіне, ұлы Жәнібектің дүниеге келуіне байланысты шілдеханаға келеді. Жамбылдың келгенін естіген институт мұғалімдері мен оқушылары осы үйге жиналады. Ас қамын мұғалімдердің әйелдері Нәсіма, Зейнеп, Аманша бастаған бір топ оқушы қыздар өзірлейді. Ілияс болса Жамбылдың кейбір айтыстарын есіне алғызып, жазып алады [3].

І Жансүгіровтың 1924 жылы 10 қыркүйекте жазған өмірбаянына назар аударсақ, онда Ілияс ағарту институтына директорлық міндеті жүктелгенін жасы 30-да бір үйде екі бас екенін айтып кетеді.

1923-1925 ж.ж. І Жансүгіровтың өсу кезеңі болады. Сол тұста 50-ден астам өлеңдерін баспаға даярлайды. Фатима Төребаева деген әйелінен бір ұл көреді. Аманшадан кейін ақын Фатима Төребаевамен танысқан бұл жайлы деректі Саят Жансүгіров: «– Мен осы Алматының өзінде 1930 жылы 21 ақпанда туғанмын. Әкем – Ілияс Жансүгіров, шешем – Фатима Төребаева. Әкем осы Талдықорғанның Ақсу өңірінің тумасы. Шешем – Жаңақорғаннан. Екеуі 1928 жылы Қызылорда ел астанасы болып тұрған кезде сол жерде табысқан» келтіреді. Қазақ ақыны Ілияс Жансүгіровтің баласы Саят Жансүгіровтің жасы қазір сексенде. Жыр құлагерінен қалған тұяқ Алматыда тұрады. Азаттық радиосына берген сұхбатында ол әкесінің және отбасының қилы тағдыры жайлы әңгімелейді.

Көп өтпей екінші әйелімен ажырасқаннан соң Фатима Ғабитовамен көңіл қосады. Фатима Ғабитовадан Үміт, Ильфа есімді екі қыз, Болат есімді бір ұлы бар. Ақынның біраз өмірі жайлы жазған Гүлнар Жансүгірова былай деп жазады: «Әкемнің бейнесі менің есімде ап-айқын, бірақ, үзік-үзік күйінде қалыпты. Есім ерте кіріпті. Ширақтығыма, әрнені тез аңғаратынымға қарап, төрт жасар мені жұрт естияр санайды екен. Қызының үлкені болған соң ба, әкеме өзге баладан гөрі біртабан жақын болсам керек.

Қамсыз отырған шаңырағымыз қасірет төнерден бір жыл бұрын біз Құрманғазы көшесіндегі 59-үйге (Коммунист проспектісімен қиылыста – ол бұрын Сталин проспектісі еді ғой) көшіп келдік. Қырықтың қырықасына шыққан әкеме тұнғыш рет жұмыс істейтін бөлме тигенде қатты қуаныпты. Сол бөлме әлі күнге жадымда. Сынғырлаған әшекейлері бар люстралық сәулесі де ерекше еді. Еденде ескі түрікпен оюымен нақышталған ескі кілемше жататын. Қызыл ағаштан жасалған, жапырлаған тартпалары бар үлкен жұмыс үстелі әкемнің музейінде әлі тұр. Үстелге бізді жуытпайтын. Жасыл кездеме жабылған оның үстінде жасыл шам, патефон және домбыра тұратын. Қара ағаштан ойып істелген сиясауыт та біздің үйдің қымбат естелігіне айналарын кім білген, әйтеуір, оның қақпағындағы әшекейлі суретке танданатынбыз: қара ат мінген біреу ақ арғымақты қуып бара жататын... Бала біздерге сол қара атты кісі қорқынышты көрінетін. Оның жанында дәл сондай өрнек суреті бар қорапша тұрушы еді. Столға сабына күміс қаптаған үлкен, бұж-бұж бұтақты асатаяқ сүйеулі тұратын, әкем оны Кавказдан әкепті, қолына соны ұстап, Лермонтов гротының жанында түскен суреті де бар. (Бұл трость республикамыздың Орталық музейінде сақтаулы тұр). Бөлмеде үстіне кілемше жапқан кішкене төсекше де бартын. Дәл сондай шкафтар әкемнің бөлмесіне жалғас тар үйде де көп-ті. Жұрттың айтуынша, қаладағы ең бай жеке кітапхана біздікінде болыпты. Онда, өзгесін қойғанда, география, биология, медицина ғылымдары бойынша небір академиялық бірегей басылымдар да бар еді. Біз әкемнің мазасын алып, шуылдап кеткен сәттерде (ол жұмыс үстеліне түнде отыратын) әкеміз әлгі шкафтардың бірін ашып, Брэмнің әсем безендірілген «Андар өмірін» әперетін де, біз кітаптағы некилы суреттерді қарап тынши қалатынбыз. Төр үйге жапсарлас ауызғы бөлмеде әкеме ерекше ұнайтын, жылтырақ терімен қапталған диван тұратын... Есік алды толған емен еді. Сарғайған жапырақ жинап, мәз болатынымыз да есімде.

Тау баурайының тандай қақтырап табиғаты мен мұңдалап тұратын қала шеті біздің үйден алыс емес-ті. О кезде сол тұсты Бос арық деп атайтын (қазіргі Абай проспектісі). Таудан тулап аққан тентек өзен осы жерден тарамдалып, қаланың бау-бақшасына тарап кетуші еді.

Әкем сол жерге күнде баратын. Таң қылаң бере, ел әлі тұра қоймаған кезде түнгі жұмысын аяқтаған ол сатымен төмен түсетін де, жоғары жаққа, өзенге беттейтін. Кейде інім екеумізді де ерте кететін. Ол шөптерді биологтан кем танымайтын. Бізге олардың әрқайсысының атын атап, түсін түстеп, қызықтыра әңгімелеп беретін.

Әншейінде ұстамды, сөзге сараң кісі осындай таңғы сәттерде, өлеңінен алған ләззаты, қуанғаны ма, сөзуар, көңілді боп кетуші еді.

Кейде таң ата тысқа шығар кезде (біз ерте тұратынбыз) ол өз бөлмесінен бізге:

– Балаларым-ау! – деп көңілдене тіл қататын.

Біз шуласа жүгіріп бөлмесіне кіріп, алдына отырып, мәз-мейрам боп қалушы едік. Ол баланы бетінен қақпайтын, үлкен адамша мән беріп, байыппен қарайтын. Өзінің «Азатпен әңгіме» атты әңгімесін жазғанда

ұлы жетіде еді. Сол тамаша әңгімеде оның балаға деген пейілі, көзқарасы айқын көрініс тауыпты. Ол адам атаулыға ерекше бір құрмет сезімімен қарайтын.

Біздің үй қонақсыз болмаушы еді. Сәкен Сейфуллин, Ғали Орманов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаев, Мұхаметжан Қаратаев секілді сыйлы қонақтар жиі келетін. Тар үйде, кітап толы шкафттардың қақ ортасында көгілдір дастарқанмен жабулы тұратын үстел маған орасан зор нәрседей әсер ететін. Қонақ келгенде соның астына кіріп кетіп, төбемнен естіліп жатқан қызық-қызық үндердің арасынан әкемнің даусын танып, мәз болатынымын.

Сол үстел үстінде ішкілік тұрмайтын. Қалада жеңіл шараптың енді-енді пайда болған кезі ғой, үй иесі ішпеген соң ба, әлде салтымызда болмаған соң ба, әйтеуір, сол отырыстарда баппен ішілетін шай ғана еді. Әрқилы әңгіме шертіліп, күлкіден, патефон даусынан бөлме жаңғырып тұрар еді... Дастар-қанға қазақ дәмі мен татар тағамының талайы кеп жататын. Әжем әкемнің сүйсініп ішер асы – тары көже мен бидай көжені әрдайым әзірлеп отыратын. Революциядан кейін әдебиет пен өнерде, қоғамдық өмірде жұлдыздары жарқырай бастаған талай тарланбоздар әкеммен дос болды. Жұрт Мамандар үйі деп атап кеткен біздің мекенімізде Күләш Байсейітова, Ахмет Жұбанов, Бейімбет Майлин, Евгений Брусиловскийлер тұратын»[4].

Осындай естеліктерінде ақынның қызы әкесінің әйгілі өнертанушы Александр Затаевич және Евгений Брусиловскиймен әкесінің сыйлас дос болғанын жазады. Александр Затаевич көптеген әндерді Илияс Жансүгіровтың айтуымен жазып алады, соның ақыл-кеңесіне қарай көптеген зерттеулер жүргізеді. Осы бір кездің соншалықты сәуелі, бақытты дәурен, шаттыққа толы шаңырақ болғанын еске алған Гүлнар Жансүгірова еске ала отырып, әкесінің жаз мезгілінде жайлауға шығып, әсем Алатаудың көркіне көзі тоймай табиғат аясында жыр жолдарын төгілте, шарықтата жырлайтынын айтады: «Ақынның «Құлагер» поэмасын бірнеше күн қатарымен басып шығарған «Социалистік Қазақстан» газетінің кезегінде тұрған адамдардың көптігі соншалық ақынның шабытын асырады.

Осындай бір жайма шуақты күндердің бірінде ақын жанұясымен жайлаудан келген күннің ертесінде тұтқынға алынады.

Жаз шыға ол бізді жайлауға алып шығатын. Қаланың тымырсығын суқаны сүймейтін ол қыста кабинеттегі өмірге амалсыз шыдаған сияқты. Шабытын жебеп, жанын әлдилейтін ана-табиғатқа асығып тұрушы еді. Көктем келісімен тең буып, текемет жиып, киіз үйді әзірлеп, қарбалас әрі қуанышты тірлікке кірісетініміз әлі есімде. Өзімізді үлкен мерекеге баратқандай сезінетінбіз. Жайлаудан қараша түспей қайтпайтынбыз. Сол жолы тамыздың тап ортасында, күн күйіп тұрғанда қайтып оралдық...

Оны келген күннің ертеңіне алып кетті. Сірә, сырттай бақылап жүрсе керек. Ол анамызды жұбата берді. «Бір білместік, әлдеқандай қате шығар, ештеме өзгере қоймас», – деді. Талайды басынан көрген әкем мен шешем нағыз жаудың кім екенін, қандай боларын білетін. Сондықтан ба, әйтеуір, айдың күні аманында, достарының арасында қамсыз күн кешіп жүргенінде басымызға қара бұлт төнер, бәрі де аламан-асыр боп кетер деген ой қаперіне кірмепті ғой. Соңғы рет өз үйінен шығып бара жатып ол қайтып ораларына күманданбаған да шығар:

Жүрегім, жырым

Сенікі,

Кеңесті далам, кең далам.

Ен далам – анам, мен – балаң,

Ендеше қалам бер маған.

Әкемнің қоржыны жайлаудан қолжазбаға толып қайтқан-ды. Бүгіндері солардың бәрі талапайға түсіп, із-түссіз кеткен Сәкен мен Бейімбет қолжазбаларының көбін құшпағанына қуанам. Әкемнің мұрасын кездейсоқтық құтқарып кетті. Қолжазбалар салынған үлкен ақ сандық орауы шешусіз күйі ауыз үйде қалыпты. Әкемді әкетуге келгенде киізге ораулы теңге ешкім мән бермепті. Бірінші тінту үйдің ту-талақайын шығарды, келгендер қолына ілінгеннің, көңілі соққанның бәрін, тіпті біздің ойыншықтарымызды да алды. Үлкен мрамор қолжұғышты өкірендеген төтенше өкіл үйден әзер шығарған. Анам сол қолжұғышты кейін әлгі офицердің үйінен көріпті. Кейін бізбен қысылмай, ақжарқын амандасып жүрді-ау сол кісі...»[4].

Ақынның бізге жеткен біраз қолжазбалары мен туындылары, сол есіктің артында тұрған сандықта тұрғанын байқамаған НКВД қызметкерлерінен қалғанын жары Фатима сол кезде НКВД-да қызмет атқарған немере інісі Оспан Жалқыбаевқа тыққызып қояды.

Сол ұсталғанда қазақтың бір туар тұлғасы, дүлдүл ақын Илияс Жансүгіров Алматы қаласының Виноградов пен бұрынғы Дзержинский (қазіргі Шапырашты Наурызбай) көшелерінің қиылысындағы сұр тас үйде 1937-38 жж. қамауда, алты ай болады. 1938 жылдың ақпан айында ату жазасына кесіледі.

Жансүгіров шығармаларының бастау алар арнасы — Қазақ халқының бай ауыз әдебиеті, Абай поэзиясы, орыс және дүние жүзі әдебиетінің озық үлгілері. Оның шығармалары сан салалы, көп қырлы. Ол әдебиеттің күллі жанрында қалам сілтеген қаламгер. Алғашқыда ол лирика жанрымен қатар қоғамдық талапқа сай сол заманның өзекті мәселелерін көтерген шағын жанр-әңгіме, фельетон түріндегі сатира жанрын дамытты. Қоғамдағы теріс мінез, ұсқынсыз әрекет, сыйықсыз қылықтарды тез көріп, өткір әжуа, ащы тілмен сатиралық образ жасау ақынның дарынының негізгі бір қыры. Оның «Сөз Қамысбаевқа!», «Құқ», «Сыйға сый, сыраға бал», «Жарайсың, Шұлғаубаев!», «Шалқыбай», т.б. туындылары «Құқ» деген атпен жеке жинақ болып басылып шығып, оқырман ілтипатына бөленді. Жансүгіровтің прозалық шығармалары еңбек адамдарының өміріндегі жаңа сипатты бейнелейді. Қаламгер Қазақ халқының өмірінде бұрын болмаған жаңару процесін, адамдардың еңбекке де-тен

көзқарасының өзгеруін типтік образдар арқылы суреттеді. Мұның өзі зор тәрбиелік рөл атқарды. Жансүгіров прозасының елеулісі-оның «Жолдастар» романы (1935). «Жолдастар» жаңа дами бастаған қазақ прозасын тың белеске көтерген салмақты шығарма. Романда І-дүние-жүз. соғыс кезіндегі Қазақ аулының әлеуметтік жағдайы, өмір қайшылықтары, 1916 жылғы көтеріліс, Ақпан, Қазан төңкерістері халық өмірі аясында көркем бейнеленеді. Жансүгіров драматургия жанрында да жемісті еңбек етіп, «Кек», (1931), «Түркісіб», «Исатай Махамбет» (1936), т.б. пьесалар жазды. «Кек» қазақ ауылындағы тарихи тартыс тақырыбын қозғаса, «Түркісіб» Түркістан-Сібір темір жолын салу жұмысындағы шытырман тартыс оқиғаларын бейнелейді. Жазылып, сахнада қойылып үлгермеген «Исатай-Махамбет» пьесасы тарихи тақырыпты қозғаған жазушының елеулі шығармасы. 1931-36 ж. Жансүгіров ақын ретінде толысып, кемелдене өсті. Бұл тұстағы оның ерекше еңбегі, әсіресе, үлкен эпикалық поэмаларынан байқалады. Әрбір үлкен шығармаларының алдында Ж. сол тақырыпқа шағын өлеңдер жазып, экскурстар жасап отырды. Мыс, әйгілі «Дала» (1930) поэмасының алдында «Бүгінгі дала» (1928), «Гималай» (1929), т.б. туындылары дүниеге келді. Ж. барлығы 15 поэма жазған. Бұлардың ішінде «Рүстем қырғыны» (1926), «Байқал» (1937), т.б. кезінде жарық көре алмаған. Ал «Мақпал», «Исатай», «Көбік шашқан» тәрізді поэмалары аяқталмай қалса да, ақынның мол дарынын, ерен суреткерлігін танытатын дүниелер. Сондай-ақ, «Мәйек» (1929), «Жаңа туған» (1933), «Жарық» (1934) поэмалары-заман бейнесін, өмір шындығын көркем бейнелеген үздік эпикалық туындылар. Ақынның алғашқы шығармашылығына «Бұлбұлға», «Әншіге» өлеңдерінен бастап ерекше бір сарын тән болатын. Сол сарын 30-жылдары үлкен бір арнаға ұласты. Ол 1929 ж. «Күй», 1934 ж. «Күйші», 1936 ж. «Құлагер» поэмаларын жазды. Бұл шығармалар ақынның эпикалық жанрдағы ізденістерінің сәтті жемісі. «Күй» поэмасында ол өнер тегін, тетігін терең бойлап тани білетін нәзік эстет екенін танытса, «Күйші» поэмасында ол өнердің адам өміріндегі рөлін, азаттық пен азаматтыққа әсерін, махаббат парасатының биіктігін бейнелей тұрып, әлеум. қайшылықтар төркінін де аңғартады. «Құлагер»-алуан сырлы ақыл-ой сезімдерінің ағындап, тасқындап келіп күйған терең арналы туындысы. Шығармаға халық композиторы Ақан серінің өміріндегі трагедия өзек болған. Сюжет желісі — халықтық аңызға айналған тарихи шындық. Поэмада заман сипаты, адамдар арасындағы әлеум. тартыс, Құлагердің өліміне байланысты жанды көріністер шынайы суреттеліп, сол дәуірдегі халық өмірінің тыныс-тіршілігінен мол мағлұмат берілген. Шығармадағы оқиғаның шымыр дамуы, кейіпкерлердің мінез даралығы, портреттік бейнелер - ақын шеберлігінің айғағы. Поэмада халық өмірі, тұрмысы, әдет-ғұрып, дала табиғаты әсерлі суреттелген. 20 ғ-дың 70-жылдары Жансүгіровтің осы шығармасы негізінде кинофильм түсірілді. Ақын халықтың бай фольклорын жинасуға, оның озық үлгілерін халық игілігіне айналдыруға, басылып кітап болып шығуына да үлкен үлес қосқан. Олардың озық үлгілерін өзі жазған мектеп оқулықтары мен хрестоматияларына енгізіп, мектеп оқушыларының халықтық тарихынан, өткен өмірінен хабардар болуына зер салған. Осы мақсатта ол «Балаларға Тарту» (1926), «Байшұбар» (1923), «Малта», «Шәркей» (1929), «Жұмбақ» (1930), «Өтірік» (1930) өлеңдер жинағын жазды. Ж. әдебиет сынына да араласып, әдеби көркем сын жанрының дамуына ат салысты. Ж-тің, әсіресе, өндіре жұмыс істеген саласының бірі-көркем аударма. Ол Пушкиннің көптеген өлеңдерін, «Евгений Онегин» романын (1937) қазақ тіліне аударып шықты. М.Лермонтовтың «Ақынның өлімі», «Тұтқын», «Қанжар», Н. Некрасовтың «Темір жол», М. Горькийдің «Дауылпаз», Гейне мен Гюгоның, татар ақыны Ғ. Тоқайдың, тәжік ақыны К. Лахутидің классик, шығармаларын қазақ тіліне аударып, қазақ әдебиетінің әлем әдебиетімен байланысын кеңейтті. Жансүгіров поэзиясы терең ойдың, үлкен сезімнің поэзиясы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бексұлтан Нұржекеұлы «Илиястанудың тың беттері» Қазақ әдебиеті. №15 (3019) 13-19 сәуір 2007жыл
2. Қоқымова Кәмила «Ақын жары-Аманша» Қазақ елі. №10 6 наурыз 1998 ж.
3. Қоқымова Кәмила «Ақынның ақ махаббаты» Астана ақшамы №40 (1045) 26.03.2002ж.
4. Үміт Жансүгірова «Асылдың сынығы» (І. Жансүгіров туралы естелік) /жазып алған Г. Алексеева // Арай.-1988-№6.-20-22б.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ОБРАЗДАР ЖҮЙЕСІ

Ә. ҚАЛЖАН

казак тілі пәнінің мұғалімі, М. Горький атындағы № 16 орта мектебі, Қызылорда облысы, Қазалы к.



Сұлтанмахмұт 1893 жылы, 29 қазан күні қазіргі Көкшетау облысының Қызылту ауданында туып, төрт-бес жасынан Павлодар облысының Баянауыл ауданында өседі. Ақынның арғы атасы — Торайғыр би, ел аузында аты аңызға айналған көптеген шешендік, билік сездері халық жадында сақталған адам, Ақынның өз әкесі, Әубәкір аты ұмытылып, Шокпыт, Шоқа атанған момын кедей шаруа екен.

Болашақ от ауыз, орақ тілді ақын алты жасында әкесінен оқып, хат таниды. Кара таныған баланы осыдан кейін кейде Шокпыт өзі оқытып, кейде ауыл арасындағы молдаға беріп оқытып, баласын оқудан үзбейді. Болса да малға жарымадық, енді тек Сұлтанмахмұт білімге жарлы болмасыншы деген тілек үстінде жүреді көзі ашық, көкірегі ояу әке.(Сұлтанмахмұт 1902— 1903 жылдары Әлі деген молдада, 1904—1905 жылдары Тортай деген молдада, 1906—1907 жылдары Мұқан деген молдада оқиды Молдалардың ішінде Мұқан біраз оқыған, әдебиеттен хабардар, өзі де жадынан елең шығаратын көңілінің желі бар жан екен. Ол араб, парсы ертегілерін қазақша өлең етіп жазады;біреуді мақтап, біреуді мазақтап өлең шығарады. Оқушыларын қазақ халқының ауыз әдебиетімен, шығыс әдебиетінің ертедегі үлгілі әдебиеттерімен таныстырады, Ол кезде шығыс халықтарының лирикалық жолмен жырланып, түрлі вариацияға ұшырап, қазақ даласына жеткен шығармалары мол болғаны мәлім. Ол шәкірт-терін осы шығармалармен таныстырады екен, Шәкірттерін өлең жазуға қызықтырады, машықтандырады.

Дәріс беретін молдаға еліктеуші шәкірттің бірі – Сұлтан-махмұт. Ол Мұқан молдаға еліктеп он уш жасында өлең жаза бастайды. Тұңғыш жазған өлеңі —«Секілді өмір қысқа жарты тұтам» деп аталады. Тырнақалды өлеңінде Сұлтанмахмұт өзін оқытушы молдалары, оқуы туралы, ақындыққа талпынып жүргені жайында сыр айтады.

Сол кезде Баянауыл қаласында медресе ашылып, Сұлтанмах-мұт 1908–1910 жылдары сонда оқиды. Молданың үйінде жатып оқыған Сұлтанмахмұт малай есепті жүреді. Сабақтан босағанда су әкеліп, отын жарып, шәй қайнатады. Молданың малый күтеді. Жығылған үстіне жұдырық дегендей, өлең атаулыға жаны қас, молда өлең жазсаң теріс батамды беремін деп бала Сұлтан-махмұтты қорқытып ұстайды. Тәліміне қарай талапты бала бұл жылдары басылыңқы жүреді. Тұла бойы толған тұмар, мойнында дұғалық, аузында зікір, оқығаны намаз болады. Қари болам деп «Құранды» он үш парасына дейін жаттап алады.

Абайдан кейінгі ірі тұлға. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің тақырып ауқымының кейейіп, идеялық тұрғысының биіктеп, көркемдік жоғарлауына ерекше үлес қосқан ақын, ағартушы-демократ Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 28 қазанда Баянауыл ауданы Павлодар облысында туған. Әкесі Шокпыт (Әубәкір) кедей шаруа болған. Торайғыров әкесінен алғаш азкем сауатын ашып, 13 жасында молдандан оқиды. Сол кезде өлең жаза бастайды. 1911 жылы Троицкіден жаңаша білім алып келген Нұрғалимен кездесу Торайғыровтың өміріне айтарлықтай өзгеріс әкелді.

Ол халқын оқуға, білімге үндеген ағартушы. Адамдық табиғаты жағынан алғанда күрескер, дүниеге көзқарасы жағынан алғанда, гуманист, демократ, философия, әдебиет тұрғысынан алғанда сыншыл, реалист жазушы. Торайғыров қазақ поэзиясындағы дәстүрлі философиялық бағытты дамытқан жаңашыл адам.

1912 жылы ақындыққа ден қойған. 1912-1913 жылдары «Оқып жүрген жастарға», «Талаптарға», «Оқудағы мақсат не», Анау-мынау», «Жарлау», «Досыма хат» т.б. өлеңдер жазады.

1913-14 жылдардың қысында «Айқапта» хатшылық қызмет істеп, жазғандарының бірқатарын журналға жариялады. Шығармаларының аздап болса да баспасөз бетін көруі, жұртшылыққа ақын ретінде біраз танылуы Торайғыровтың ақындыққа сенімін арттырып, болашақ өмірін сол жолға бағыттай түседі.

1914 жылы Баянауылда «Шоң серіктігі» атты ағартушылық ұйым ашып, өзі сияқты өнер іздеген жастардың оқуына қаражат жинамақ болады. Осы тұста «Ендігі беталыс», «Тұрмысқа», «Бір адамға», «Туған еліме»,

«Сымбатты сұлуға», «Қыз сүю», «Гүләйім», «Ләнет бұлты шатырлап», «Өмірімнің уәдесі», «Жан қалқам», «Гүл» т.б. өлеңдерін жазады.

Кейіпкерлердің тілдік мінездемесін бір – бірімен салыстыра талдау, табиғат суретін, кейіпкерлер портретін жасаудағы автор шеберлігіне нақты мысалдар келтіріп талдау жасау. Ғалым Б. Шалабаевтың пайымдауынша “Қай жазушының болмасын шығармаларының тілін талдауда жүзеге асырылуға тиіс маңызды шарттардың бірі – салыстырмалы талдау жүргізу... [1.35.]. Сондай – ақ Сөз өнерінде адамнан тыс, адам тағдырынан тыс бірде – бір өрнек – өмір Суреті жоқ және болуы мүмкін емес (З.Қабдолов) десек, онда сол адамның алуан сезімін, мінез – қылығын, типі, қимыл – қозғалысын, жүріс – тұрысына дейін бейнелеуде жазушылық шеберлік тұратыны ескерлуі керек. Сонымен бірге жазушының тілдік қолданыстары шығарманың идеясы мен мазмұнына, композициялық құрлымына қарай әсері барын да ажырата білу қажет. Жазушы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың “Қамар сұлу” романын башылыққа ала отырып басқада ақын – жазушылардың шығармаларымен салыстыра отырып, кейіпкерлер портретін, мінез – қылығын сол сияқты тағы басқа қырынан ашуды жөн көріп отырмыз. С.Торайғыровтың осы тұста жазған алғашқы эпикалық туындысы «Қамар сұлудың» да негізгі тақырыбы. Бұл тұрғыдан оны әулеметтік роман есебінде қарауға әбден болады. Автор роман сюжетін қазақ әйелінің теңсіздіктегі күйін көрсетуге құрғанмен, сол оқиғаға байланысты бүкіл қазақ қоғамының тіршілігін, ұғымнанымын терең бейнелейді, ескі ауылды құрт ауруды жайлап есенгіреткен, тоздырып бара жатқан өдет – ғұрыптың кертартпа жақтарын әшкерлейді. Сол негізде феодалдық – патриархалдық қоғамның күйреуін көрсетеді. Осыған жалғас жазылған «Кім жазықты?» романы да Сұлтанмахмұттың өз дәуірі туралы толғанысын тереңдете ашуға арналады. Мұнда ол қазақ қоғамы жайлы ойларын ел тағдырын ұстап тұрған белді адамдардың бейнесі арқылы көрсетеді, олардың өмір жолы, тәрбиесі, ісі, мінез – құлқы жан – жақты суреттеледі. Жасынан тәрбиесіз өскен бай баласы Әжібайдың жеке өмірі де, қоғамдық – болыстық қызметі де халық көңілінен шыға алмайды. Ол зорлық – зомбылықты, кара күшті жақтап, өзі тектес әлділермен байланыс жасап, іргесі шайқалған шаруасын реттеуге, ауылға кіре бастаған жаңалықтарды өршітпеуге, тіпті қуып шығуға күш салады. Жазушы Әжібайды жеке адам ғана емес, қазақ қоғамын салмағымен басып қорғап, жанаруына бөгет болып отырған ауыртпалықтың жиынтық бейнесіне көтереді.-деді Серік Қирабаев.[2.11]. Бұл романдар – дәуірдің тарихи тақырыбын тап баса білген жаңашыл шығармалар. Әрине, ақын тарихшы емес. Ол тарихи уақиғаны түгендемейді. Мәселе – заманның рухын, дәуір сырын аңғартар моменттерді де дәл басып, оған тән белгілерді айқындауда. XX ғасырдың басындағы қазақ аулы өмірін, ескішілдік жайлап тозып, іріп бара жатқан салт – сананың көріністерін энциклопедиялық суреттелген іргелі туындылар, ол көпті қинаған шындықты ашынып, батыл, ашық айтып, онымен күреске шықты. Бұл – Сұлтанмахмұт реализмінің ең бір биікке көтерілген тұсы. Мұның бәрі Сұлтанмахмұттың жаңа жол – «шындықтың аулын іздеуге» ұмтылуының заңдылығын көрсетеді. Өзінің тегі жағынан Қамар бай қызы, бірақ өз әліңше оқыған, өмірді танитын қыз. Ол қазақ әдебиетінде көрінген жаңа тұлға, жаңа характер. Алғашқы кезде ол ұянда болып көрінеді. Басына күн туып, ескі салтпен айкасақнда ғана Қамар өршелене бастайды. Сөйтсе де ол махаббат сезімнен құр емес. “Ахметтің алғашқы хатында оқығанда, ол бір қызарып, бір сұрланып, жүрегі кеудесіне сыймай қысылып, қарап тұрып бір тынымсыздыққа қалады”. Мұнда пән сезім, шын сүюдің белгісі бар. Бірақ оны терең ойға батыратын нәрсе – өз ойы, арманы мен қоғам салты арасындағы зор қайшылық. Тағы мұнда «Қамар сұлу» романында теріс сипаттарын көреміз.[3.273]. Мынау залымдықты көргенше, қанғып өлейін. Мұнда Ахметтің кетер алдында Қасен деген досына жазған хатында байқаймыз. Шыдай алмай күйіп – жанып кеттім қашып, Қышмауға көре күйік жан таласып. Бұл күнде өлетінім сол қайғыдан, Қамардың халін ойлап жаным ашып [4.45] дейді. Оқуды сылтау қылып, екі жүз шақырым жерден шаһарға кетті. Бұл арадан Ақметтің Қамарға деген сезімі бар және ғашығы үшін қиналуы, жаны ашуын байқаймыз. Енді бірде Қамардың қандай халге түскенін байқайтын болсақ, мына шумақтан көреміз. Қорлықты зорлықпенен көрген Қамар, Амалсыз бәріне де көнген Қамар Айдай әлем аузының суын құртып, Арманда арсыздардан өлген Қамар. [4.58]. Ал романның басындағы Қамар портретін ақын былай суреттейді. Бастапқы келтірген шумаққа қарағанда мұнан мүлде өзгеше, оны мына шумақтан аңғарамыз. Жінішке сымға тартқан әні қандай, Бал ауыз, балбыраған төні қандай. Ақыл-ой, мінез-көрік түгел келіп, Толысып, толып тұрған сәні қандай. [4.81]. Сұлтанмахмұт Торайғыров жоғарыда келтірілген екі шумақта Қамардың портретін сәтті суреттеген. Жаңа заманның қызының бейнесін ашуға ден қойған. Ақын кешегі еркін де балғын өскен сұлу қыз, озбырлыққа душар болып, бақытсыздыққа ұшыраған сәтін байқатса. Мұндағы қарсыласқан екі түрлі портрет автордың осы гуманистік, азатшылдық идеясын береді. Осындай мысал келтіретін болсақ Міржақып Дулатовтың “Бақытсыз Жамал” романындағы Жамал бейнесі алатын болсақ. Жамал – өз тағдыры үшін күресуге дайын, сауатты, саналы қыз. Бақыт жолында қандай қиындыққа да қарсы тұратын қайсар жан. Жамалдың рухани жан дүниесі, ішкі әлемі ғашығына жазған өлең хатында ашылады. Қосылсам нәсіп болып сеніменен, Кім айтар жүрмеді деп теңіменен? Сенімен отқа түссем – арманым жоқ, Жуылмаған Жұман атты періменен. [6.173] деген үзінділер ден байқауға болады. Енді бірде Жамал басындағы қиындықты автыр былай деп жеткізеді. Сүйгені Ғали қайтыс болғандағы Жамалдың монологу – бостандық бақыты жолындағы күресте жеңіліс тауып, өмірден үміті үзілген жанның трагедиясын былай суреттейді. Анасы Шолпан: “Енді қайтеміз?” – дегенде. Жамал: “Апа, енді мен үшін жаманатты болмаңыз, маған енді, Ғали болмаған соң, бәрібір, суға батырып, отқа жандырса да, ықтияр бере беріндер, алла тағалла меннің маңдайымды ашайын десе, Ғалиды мұндай қылмас еді”, – деп мұның шағады. [6.174]. Ана мен қыз арасындағы дәрменсіздік, өмірден күдерін үзуі және өз ризашылығымен түседі. Осындай дәрменсіздікті біз Ахмет сүйгеніне қолы жетпей арманда кеткен Қамар сұлудан да байқаймыз. Ағатай

болдым ғашық мұрынына, Көк бурыл иектегі құрымына. Кірпідей аяқ – қолы жиырылған, Қосылар күн бар ма екен тұлыбына, – [4.212] деген Қамар өлеңінен Нұрымды сүймейді тіпті мейлінше жек көреді. Оның көрлігін, ұсқынсыздығын мазақ етіп, өлең шығарады. Ал екінші бір шумақтан Қамардың зорлық, зомбылығына шыдамай Нұрымға былай дейді. Айтайын шын сырымды ауызба – ауыз, Дөңкиген күйек сақал, сасық ауыз! Ақ жүзді, ақыл – ойлы ақ сұңқарға, Дәрі емес мал секілді малды жауыз. Уай, шіркін, өмір сүрмек мені менен, Мал шашып, маңызданған еңбегіңнен. Өлсем де отқа түсіп, суға түсіп, Бір минут тұра алмаспын сеніменен, — [4.117] дейді. Бұл сөзінен қандай қорлық көрсе де алған бетінен таймайтынын ашық айтады. Және Нұрымға көнбес үшін өлімге де дайын екенін сездіретінін мына шумақтан көреміз. Бір өлем, күнде өлгенше саған тиіп, Кетемін келмес жерге жаным қиып. Ол жерден ала алмассың, бара алмассың, Болыспын деп айқайлап, кісің жиып, — [4.119]. Ақын бұл шумақтарда Нұрымға бетпе – бет кездесу үстіндегі жасаған зұлымдығын бетіне баса айтатынын ашады. Алғашқы шумақта ақын кейіпкердің ішкі мінез – құлқының беріктігін, қайсарлығын, күйініш – сүйінішін суреттейді. Жамалға анасы жаны ашыса Қамарда әкесі жаны ашып араша түседі. Бұл сол кездегі қазақ қыздарының басындағы ең бір қайғылы да ауыр қиын кезеңді ақын заман кінәлі дей отырып бір қырынан ашса, екінші қоғамдағы әр түрлі келеңсіздікті баса сынап айтады. С.Торайғыров Омар бейнесінен әлсіздік, шыдамсыз, панасыз, дәрменсіздікті танытады. Біріншіден, “Омар Қамарды Нұрымға беруге бірден қарсы шығады. Оспан мен Қалтан келіп, Қамарды Нұрымға беру жайлы сөз еткенде, шошып кетеді. – “Сыпыра бұзылған иттер, дендерің саума? Мәжүн болмасаңдар, қаражүрек болмасаңдар... Апырмай, апырмай, ұялмай – қызармай періштедей қарашығымды аяқты малдан жаман дөңкиген жауызға ұйғардық деп не беттеріңмен айтып отырсыңдар? Неден қысылдыңдар? Неден жүректерің үзілді?...” , – деп Омардың бірінші батылдығын , дәрменділігін танытса. Екінші мына суреттеуден “Қамар секілді асып туған қарашығым сендердің надандықтарына шынымен – ақ кара тоқты болғаны – ау! Көз жасы, обалы мойындарында! Илайым көздерің ашылмасын ! Мейлің, итіне, құсыңа бер. Ай, бағы ашылмаған қарағым – ай! Надандық – ай! – деп барып, еңіреп бүк түсіп жатып алады”, – десе. [4.215]. Шамасы келмей ақыры дәрменсіздік танытып, қайғырып киналса [4.382] Үшінші бір суреттеуде “Омар қайтсін, амалы бар ма?! Іші – түтін, сырты – бүтін өлмегенге кара жер, құр сұлдері ғана, өрт сөндірген кісідей болып жүріп, тойын қылып, құдасын түсіріп жөнелтті”. [4.382] Бұл арадан Омардың әлсіз наразылықтан аса алмайтынын танытады. Романда Нұрымды суреттеуінің өзі – ақ оның ебдейсіз, дөрекі, зұлым екенін бірден байқатады. “Бұл өзі жеті атасынан бері уызы арылмаған, бағы таймаған, қолынан ұры кетпеген, бір жақсылық етпеген, басы сәждеге тимеген, жамандықтан басқаны сүймеген, бірді – бірге атыстырып, елді қан жылатумен шынжыр балақ, шұбар төс, қанды ауыз атанған бір жауыз еді” [4.216] десе Екіншіден, “Құр Нұрымның залымдығы мен атағы болмаса, әліпті таяқ деп білмейтін надан, пішіні де жаман, ауызы толған боғауыз бен былш – былш насыбай, ішпей мас, әрі нас, елу шамасында жасы бар, қойсақтардың басындай басы бар, жай форымның өзі сүп – суық, бүйі секілді, түксиген, күпсиген, бұқа мойын, өгіз құрсақ, алақан көз, жайын ауыз, дорба сақал, тоқпақ мұрын, бір түрлі нысаналы жануар еді”. [4.216] Үшіншіден, Феодалдық ғұрыптың барлық тізгінін қолына берік ұстанған ол – елді жеп, қан қақсатып жүрген адам. Елдің оған шығарған бір шумақ өлеңінен де байқауға болады. Халқыңды қан жылаттың, Жорға Нұрым, Болдың ғой заманында сорға Нұрым. Оспан деген жұтқышы тағы шықты, Бара – бара қайтерсің, қайран күнім. [4.216] Деп, Нұрым мен оның сыбайластарының жауыздығын әшкерлейтін осы өлеңде халықтың басына төнген ауыртпалықтың мұнылы сарыны байқалады. Ақын Жорға Нұрым бейнесін Қамар арқылы тіпті ашыла түседі. Ол Қалтан мен Оспан арқылы Қамарды ризашылықсыз, күшпен айтырады. Қамардың наразылығымен есептеспей, оны зорлықпен тартып әкетеді. Осындай қым – қиғаш қайшылықтар арқылы ақын әр нәрсенің бетін ашып көрсетеді. Осындай келеңсіз қатыгез алаяқ жауыздардың қолына түскен Қамардай қыздың бүкіл өмірі, қазақ қыздарының басындағы ең бір қиын жағдайда өмір кешкен бақытсыз махаббаттары үшін күрескен жаңашыл жастарды ақын қинала суреттейді. Демек осындай келеңсіз жағдайды біз “Бақытсыз Жамал” романынан да қарастырсақ. Ақын Жамалдың әкесін былай суреттейді. “Жүздеген жылқысы, үш жүздей қойы, дөңгелек шаруасы бар, негізі жұмсақ, момын адам” [6..216] деп ақын суреттейді. Роман орта шеніне келгенде Сәрсенбай бұрын момын, жуас, қақ – соқпен шаруасы жоқ жан енді билік үшін, байлық үшін неге болса да белін буады деп көрсетеді. Автор Сәрсенбайды қазақ жерінде капиталистік қарым – қатынас дами бастаған тұста билікке ұмтылған жаңа дәуірдің қаһарманы ретінде бейнелейді. Көркем шығармада кейіпкерге баға беру әр кейіпкерге сай даралау мен жинақтау, кейіпкер мінез – құлық, жүріс – тұрысының іс әрекеті арқылы автор жан – жақты ашып сипаттап көрсетеді. Сол арқылы көркем шығарманың идеясы ашылып, кейіпкердің мінез – құл қайшылықтары арқылы ақынның жазушы тілінің шеберлігін аңғарамыз

Сұлтанмахмұт Торайғыров — екі дәуір тоғысында, аса күрделі кезеңде тіршілік кешті. Ол Россия тарихының, Россияға біріккен қазақ халқы тарихының аса бір өрлеу кезеңінде — тарихи дамулар, күрес-көтерілістер, қиян-кескі соғыстар, дүрбелеңді революциялар дәуірінде өмір сүрді.

Россияда капитализмнің өркендеп, әуелі прогрес-шіл эсер етуі, кейін империализмге ұласып, реакцияшыл бағыт алуы; 1905—1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революция, 1914— 1918 жылдардағы бірінші дүниежүзілік империа-листік соғыс; қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917 жылғы февральда болған буржуазиялық-демократиялық революция, сол жылғы Ұлы Октябрь социалистік революциясы, Совет өкіметінің орнауы; 1918—1920 жылдар арасындағы азамат соғысы... осының бәрі ақын өмір сүрген заманда болып жатты. Сондықтан да ақынның өмір-тіршілігіне, күнделікті қызметіне, дүниетаным-көзқарасына, шығармаларының тақырыптық мазмұны мен жанр, түріне зор әсер етті, із-таңбасын салды. Өйткені, ақын —

заман перзенті. Сұлтанмахмұттай ірі ойлы, асау жүрек, асқан шабытты, лапылдап жанып тұрған ақын көз алдында болып жатқан ірі өзгерістің қайсысына да бейтарап қарай алмайтын еді. Заманына лайық, ірі табиғатына сай Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің саналы саяси өмірін, творчестволық қызметін:

Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,

Разымын не көрсем де осы жолда.

Шаршармын, адасармын, шалдығармын,

Бірақ бір табамын деп, көңілім сонда, -

деп бастады. Өмір бойы осы сертін орындау жолында қызмет істеді. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, өзіне, халқына өнер-білім, еркіндік, бақыт іздеді.

Сұлтанмахмұттан зор әдеби мұра қалды. Бұл халқымызға қалдырған ақынның аманаты. Сол мұраны қадірлей білуіміз, оның алтын нәрін ала білуіміз керек. Шығармалары халықтың рухани өміріне терең қабысқан ақын мұралары әрбір оқушыға қымбат, әрі сүйікті. Сұлтанмахмұтқа берілген ең үлкен баға да осы. Мұндай сүйіспенілікке әдебиеттің асқан алыптары ғана ие бола алады. Сол алыптың бірі - қазақтың халықтық, классик ақыны - Сұлтанмахмұт. Ол қазақ әдебиетінің көгіндегі жарық жұлдыздың бірі. Қазақ халқы мәдениеттің биігіне өрлеген сайын, өткендегі мәдениет күрескерлеріне, ақындарына өшпес ескерткіш жасай береді. Ол ескерткіш ақынға деген халық махаббаты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шалабаев Б. Көркем шығарма тілі және оны мектепте оқыту Алматы, “Мектеп” 1982
2. Қирабаев С. Алматы, “Мектеп баспасы” 2001
3. Аймауытов Ж. Шығармалары Алматы, “Жазушы” баспасы 1989
4. Дүйсенбаев Ы.Т. Сұлтанмахмұт Торайғыров “Жазушы” баспасы 1967
5. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы Алматы, “Санат” 1994
6. Міржақып Дулатов “Бақытсыз – Жамал” романы Алматы 1998
7. Сұлтанмахмұт Торайғыров. (1893-1920) // Қазақ прозасы: Хрестоматия. 3 томдық. - Алматы: Ғылым, 2001. 3 т. - 213 б.
8. Сұңғыла жыр сұлтаны: Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920) // Дала даналары. – Алматы, 2001. - 541-554 б.
9. Торайғыров С. // Қазақ ССР: қысқаша энциклопедия. - 4томдық. - Алматы, 1989. – 4 т. - 577-579 б.

ӘОЖ 372.881.1.811.512.122

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚИТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

А.Е. КАМЗИНА

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 42 орта мектебі, Павлодар қ.

Мектепте оқытылатын әрбір пәннің жас жеткіншек өміріндегі мән-маңызы ерекше. Соның бірі - әдебиет пәні. Әдебиет - өнер болғанымен, оның мақсаты - әрбір оқушыдан өнер адамын жасау емес, сол өнерді түсіне, сүйе білуге, одан жан жүрегіне қажет нәр, ләззат алып, рухани рахаттана білуге тәрбиелеу, эстетикалық таным мен талғамын қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу.

Әдебиет - өмір шындығы дейтін болсақ, тіл - өмір шындығын үйретудің, меңгерудің таптырмас құралы. Оның әр халықтың өткен өмірі мен тарихын көркем сөз арқылы бүгінгі ұрпаққа жеткізудің әдісі болып табылатынын дәлелдеудің қажеті жоқ.

Әдебиетші мұғалімдердің міндеті оқушы қызығушылығын оята алу. Сабақ барысында көбінесе көркем шығарманы мазмұндап, ғылыми, публицистикалық мәтіндермен түсінгенін баяндалумен шектелеміз де, тақырыбы мен идеясын, композициялық құрылымы мен сюжеттік желісін, көркемдік мұратын танытуды тереңдетілген сыныптардың еншісіне қалдырамыз. Сонда бала әдебиеттің өзіндік тарихи мен теориясы бар ғылым екенін, қиыннан қиыстырып, сұлулықпен өрнектелген сөз өнері екенін білмеу керек пе?

Бүгінгі таңда әдебиетші мамандардың алуында тұрған көкейкесті мәселелердің бірі – осы. Яғни, алдауымен әдебиет пәніне оқушылардың қызығушылығын арттыру, икем-дағдыларын қалыптастыру, содан кейін барып білім сапасын көтеру қажет. Әдебиетші мұғалімдердің алдындағы өзекті мәселенің бірі және бірегейі – оқушының көркемдік білім-танымның деңгейін арттыру. Осы мәселелерді дұрыс шешу – мұғалімнен іздепаздықты талап етеді.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу. Мұғалімдер алдында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызу қажеттілігі тұр. Жаңа әдіс мұғалімнің өзін-өзі дамытып, жан-жақты маман болу үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бүгінгі таңда оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту мұғалім жұмысына жаңа технология енгізумен тығыз байланысты. Ондағы мақсат:

1. Жаңашыл технология негізінде шығармашылық қызметінің тәжірибесін қалыптастыру, дамыту.
2. Жаңа технология әрбір мұғалімнен жаңа ізденісті, шығармашылықпен ойлауды талап етеді. Оқытудың және тәрбие берудің жаңа технологиясын қолдану мұғалімнің ізденісін, шеберлігін шындай түседі.

Ал «технология» дегеніміз не?

Технология туралы өз пайымдауымызға келсек, ол, ең біріншіден, диагностиканы басшылыққа алған, жеке тұлғаға қарай бағыттаған мақсатты, сапалы оқу әрекетін ұйымдастыру. Жеке тұлға алдымен өз әрекеті арқылы ғана дамиды. Технология – жеке тұлғаны дамытуға негізделген мақсатты педагогикалық жүйе. Технология – оқытудың, білім берудің, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың жаңа ізденістерін, тиімді, нәтижелі ізденістерін талап етеді. Баланың білім алу, даму, т.б. іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу, оған басшылық ету, білімді өз белсенділіктерімен алуларына түрткі жасау – технологияның басты белгілері болып табылады.

Бүгінгі таңда республика бойынша оқу үрдісіне кеңінен еніп, ұстаздар тарапынан қолдау тауып отырған технологиялар СТО (сын тұрғысынан ойлау) Ж.Қараевтың «Оқытудың педогогикалық технологиясы», М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы», «Қатысымдық әдіс» (Ф.Оразбаева), «Дамыта оқыту технологиясы», «Ұжымдық оқыту технологиясы», Қ.Бітібаеваның «Сатылай комплексті талдау» технологиялар жоғарыдағы мәселенің бәрін дұрыс шешуге көмегін тигізеді. Бұл технологиялар бойынша оқушылар білімнің қажеттілігін түсініп, оны өз бетінше игеруге талпынады, ал мұғалім бұрынғы бір сарынды схематизмге негізделген әдіс-тәсілдерінен арылып, оқыту процесіне жаңаша көзқараспен қарайды. Бағдарламаның өзектілігі адам баласына тән ең басты қасиет – ойды шындайды.

СТО (сыни тұрғысынан ойлау) технологиясы қолдануға ыңғайлы, былайша айтқанда, барша үшін қоғамдық маңызы мен мәні зор идеялар, игеруге болатын нақтылы әдістер және тәсілдер.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарлама бойынша ол:

– шындалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сын көзбен қарау;

– күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімге қабылдауға құштардық;

– үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

«Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясы үш кезең бойынша қолданылады:

1. Қызығушылықты ояту.

8. Мағынаны тану.

9. Ой толғанys.

Осы кезеңдердің ұтымды өткізілуі мынадай нәтиже береді:

- оқушылар басқалармен қарым-қатынас жасай біледі;
- басқаларды тындауды, кез келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарауға;
- өз ойын топ алдында ашық айта алу, қорғай білуге;
- керек кезде өз көзқарасын өзгертуге үйретеді, дамуын қамтамасыз етеді;
- оқушының өз мотивациясы өзгереді, өз бетінше ізденуге үйретеді;
- ең бастысы сабаққа қызығушылығы артып, бабалардың белсенділігі артып, балалардың белсенділігі өте жоғары болады.

Осы технология бойынша жұмыс істегеннен бері, сабақ өткізу мәнерінде көп өзгерістер бар.

Әдебиет сабағында *Рафат әдісін* қолданған тиімді. Ол оқушыларды әдемі, жүйелі, сауатты, көркем, нақты сөйлеуге, яғни шешендікке баулудың ең тиімді жолы. Ол, негізінен, көркем шығарма талданып, болған соң жүргізіледі.

М.Жанпейісованың модульдік технологиясы. Бұл технологияның басты ерекшелігі – тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді, яғни жадының алуан түрлерін ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу мен танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталады. Технология модульдік сипатта беріледі. (Модуль дегеніміз – қандай да бір жүйенің, ұйымның анықталатын, біршама дербес бөлшегі) (С.И.Ожегов).

Оқу модулі үш құрылымды бөліктен тұрады: кіріспе, сөйлесу бөлімі, қорытынды бөлімі.

Кіріспе бөлімінде мұғалім модульдің жалпы құрылымымен таныстырады. Бұл бөліміндегі мұғалімнің негізгі мақсаты: оқушыларға нені білу? Нені үйрету керек? Және не үшін қажет? Екенін түсіндіріп жеткізу. Сөйлесу бөлімінде оқытуды ойын түрінде ұйымдастыру және әр түрлі белсенді формаларды (топтық, жұппен, диспуттар) қолдану – оқытудың міндетті шарты болып табылады. Қорытынды бөлім – бақылау. Оқушы сөйлесу бөлімінде алған білімін және білігі мен дағдысын ешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс. Міндетті бағалау – тестілеу. Басқа түрлері – сынақ, бақылау жұмысы, диктант. Тексерудің бұл түрлері білім деңгейін әділ бағалауға, бағасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Тапсырмалар деңгей бойынша беріледі.

I деңгей – дарынды балаларға арналған шығармашылық тапсырмалар. Тақырыпты қарапайым білім мен түсінік деңгейінде игеру. Таксономия бойынша: білу, түсіну.

II деңгей – стандарт талабына сай тапсырмалар. Мемлекеттік білім стандартының талабына сай тапсырмаларды алған білімін қолдана білу және талдау деңгейінде игеру. Таксономия бойынша: қолдану, талдау.

III деңгей – жеңілдетілген тапсырмалар беріледі. Жоғары күрделілік дәрежесіндегі («Стандарттан жоғары») тапсырмалар алған білімін топтау және бағалау деңгейіне бағытталған.

Коммуникативтік технология – оқушының қызығушылығын арттырады, өзіндік көмек көрсету, жауаптылық, яғни тілді игеруге жоғары қызығушылықтың пайда болуына ықпал етеді. Қазақ тіл білімінде қатысымдық әдістің негізін қалаған профессор Ф.Оразбаева берген анықтамаға жүгінсек, «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым – қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың басты жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі».

Коммуникативтік әдіс. Қолдану жолдары:

Сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен немесе қалыппен іске асырылады:

1. Жұптық.
2. Топтық.
3. Ұжымдық.

Технологияда жетістікке жетудің негізгі факторы мағыналы жоспардың болуы, оқушылардың іскерлігін жоспарлау, коммуникативті жаттығулар жүйесін ойластыру, оқушылардың тілдік қорын молайту және түрлі сұрақтар көмегімен проблемалық жағдай туғызу. Бұл технология оқушының қызығушылығын арттырады, өзіндік көмек көрсету, жауаптылық, яғни тілді игеруге жоғары қызығушылықтың пайда болуына ықпал етеді.

Дамыта оқыту технологиясы саласында көптеген зерттулер жүргізіліп келеді. Дамыта оқытуды ұйымдастыру – балаға ақыл – ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау, яғни бұл кезде мұғалім дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымды іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйтқысы. Тек осындай оқыту ғана бала интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады, шығармашылықпен ойлап, өз бетінде тұжырымдар жасау, дерексізден нақтыға көше алу, байқампаздық қасиеттері дамиды. Дамыта оқыту технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта оқыту. Бұны ұсынған Л.В.Занков қиын тапсырмалар беріп, баланың миын жұмыс істеуге үнемі ынталандырып отырғанда ғана оның ақыл-ойын жоғары деңгейге дамытуға болады деп есептейді. Мысалы, қазақ әдебиеті сабағында мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қою немесе әңгімелету арқылы мәтінде айтылған ойға жақын іс-әрекетті оқушының көз алдында елестету арқылы әңгімені сен қалай аяқтар едің? Өмірде осындай жағдайлар кездесе ме? Деген сұрақтар қою арқылы оқушының өз ойын толығынан жеткізе білуге шығармашылықпен ойлауға жетілдіруге болады.

Қанипа Бітібаеваның «Жаңа білімді меңгерту технологиясы» - көркем мәтінмен жұмыс, ақындардың поэтикалық ерекшеліктері мен шеберліктерін таныту, сабақтарды түрлендіріп оқыту арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру мәселелеріне ерекше көңіл аударады. Технологияда оқушылардың ікем-дағдысын қалыптастыру, әдеби шығармаларды талдауға машықтандыру, өзіндік пікір айту, әдеби таласқа баулу, ауызекі, шебер де шешен сөйлеуге, бедерлі, айшықты, сұлу жазба тілінің дамуына, оқушылардың өз шығармашылығына баса көңіл бөлу, оқушылардың ікем-дағдысына қойылатын талаптар нақтыланып, шығармашылық жұмыстар ұсынылып, тақырып ауқымына сай түрлендіріліп беріледі. Мұғалімдердің өз мүмкіндігін тиімді түрде таңдап алуына мүмкіндік береді.

Қазіргі ақпараттық технологиялар заманында өркениет көшінен қалмау үшін қандай болмасын мүмкіндіктерді қарастыру-күттірмейтін нәрсе.Осындай мәселелердің бірі-қазақ әдебиетін оқыту үрдісін компьютерлендіру. Барлық сыныптарда әдебиет пәнін компьютерлендіріп WINDOWS-тың бағдарламаларын пайдаланып, соның нәбижесінде оқушының пәнге қызығушылығын арттыруға күш салу керек деп ойлаймын.

Компьютермен оқыту – оқушылардың өз бетімен іздену жұмысының өте тиімді түрі. Компьютерлік оқулықтар және компьютермен түрлі жұмыстар жүргізу арқылы оқушының біліктілігі мен белсенділігін, пәнге деген қызығушылығын арттыру жүзеге асырылады.

Мультимедиа бағдарламасы ақын-жазушылардың шығармаларын, сазгерлердің күйлерін тындау арқылы мәнерлеп оқуды, эстетикалық тәрбиені қалыптастырады.

Қазақ әдебиетін оқытумен байланысты сабақтардағы диaposитивтер мен диафильмдерді, оқу кинофильмдерін, сондай-ақ сабақтағы фотодокументтерді сканер желісі арқылы шешуге болады.

Оқыту процесінде шәкірт пен ұстаз арасындағы қарым-қатынастың атқаратын рөлі ерекше. Осы талапты жақсы түсінген ұстаз ғана өз оқушыларының жүрегіне жол тауып, олардың компьютерге деген қызығушылығын, пәнді үйренуге деген ынта жігерін, құштарлығын арттырады.

Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Менің өз әдісім – ізденіс, ізденіске жұмылдыру, проблемалық міндеттерді шешуге талаптандыру. Шәкірттерді берілген тапсырмаларды қызыға, ынталандыра орындауға, кез келген қиыншылыққа төзуге, жеңуге үйрету.

Білім берудің моделі берік негізді болу үшін оқушылар санасына өз халқының тарихи тамырын, рухани және адамгершілік қағидаларын, азаматтық және отансүйіштік идеяларын, басқа халықтарға деген ізгі көзқарасты сіңіру қажет. Осының бәрі - әдебиет пәні арқылы жүзеге асады. Сондықтан да тәуелсіз мемлекеттің еркін ойлау азаматын қалыптастырудағы әдебиет пәнінің маңызы зор екенін ескере келе, оны оқыту мәселесіне үлкен жауапкершілікпен қарауымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Г. Құрманбаева. Әдебиет сабақтарының үлгілері/ Г. Құрманбаева, С. Дүйсенбаев. Алматы, 1999 ж.
2. Қ. Бітібаева. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. Алматы, 2003 ж.
3. М. Жанпейісова. Модульдік технология бойынша оқулықтардың теориялық және әдістемелік негіздері. М.Жанпейісова. Алматы, 2000 ж.
4. М.Х. Төлеуова. Қазақ әдебиеті пәніне арналған оқу модульдері. (әдістемелік нұсқау)/ М.Х. Төлеуова. Алматы, 2005 ж.
5. Әдебиетті оқытудың кейбір мәселелері. Б. Алтынсарын атындағы ҚБАР баспасы Алматы, 1999 ж.

ӘОЖ 37.018.1

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ КЛАССИКТЕРІ МЕН М. ӘУЕЗОВТІҢ ҮНДЕСТІГІ

Ж. КАНАПИНА

магистрант, 2 курс, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Менің аңдауымша, бір кезде орыс мәдениетінің өсіп - өркендеуіне Пушкин әсері қандай болса, бүгінгі Орта Азиялық көркем ойдың, іргелес халықтарымыздың күллі рухани өмірінің қалыптасуына Әуезов әсері де дәл сондай болды.

Шығыс Айтматов

М. Әуезов - ауыз әдебиеті мен классикалық әдебиеттің, батыс пен шығыс көркем сөз мұрасының озық дәстүрін жете меңгеріп, қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиетінің реалистік сапасын арттыруға, әдеби тілді байытуға ересен еңбек сіңірген ұлы жазушы. Қайсібір шығармаларын алсақ та көркемсөздің хас шебері Мұхтар Омарханұлы Әуезов өзінің стильдік даралығы мен сөздік қорының қаншалықты мол екендігін көрсете білді.

Жас Мұхтар драматургиямен қатар өз қаламының күшін көркем прозада байқап көріп, әңгімелер мен очерктер жазады, аудармамен айналысады. М.Әуезовтың алғашқы әңгімелеріне «Дауыл», «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Барымта», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», «Жуандық» және т.б. туындылары жатады. Автордың әңгімелері «Шолпан», «Сапа», «Таң», «Абай», «Қазақ тілі» газетінде жарияланады. «Қорғансыздың күні» жазушының ең алғаш жарияланған дүниесі бастапқыда «Қызыл Қазақстан» журналының 1921 жылғы наурыздағы нөмірінде жарық көрді, содан кейін ол «Еңлік-Кебек» сияқты 1922 жылы Орынборда жеке кітап болып шықты. Арғын псевдонимімен жазылған осы әңгіме М.Әуезовтің эпикалық дарынын айқын аша түседі, ал әңгіменің стилистикасы мен ауаны Джозеф Конрадтың стилистикасымен үндестік табады.

Алғашқы жарияланымдардың көпшілігі Арғын, Жаяу сал, Қоңыр, Айғақ және т.б. псевдонимдермен жарық көрді. Мұхтар Әуезовтің «Чусовойдағы бурлақтар» аудармасы «Сана» журналының 1924 жылғы 2-3 сандарында жарияланды. Соңына «Арқалық» деп жазылған. «Арқалық» Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің он бір бүркеншік атының бірі еді. Аударма, жоғарыда айтып өткендей «Арқалық» деген бүркеншік атпен жарияланды. «Арқалықты» Жұмат Шанин де бүркеншік ат ретінде пайдаланған екен. Ал Мұхтар Әуезов бұл бүркеншік атты қыркыншы жылдардың екінші жартысында жазылған «Асыл нәсілдер» пьесасына да пайдаланып, бәйгеге ұсынған. Стиліне, сөз қолдану ерекшеліктеріне қарап, ғылыми кеңес мүшелері Әуезов аудармасы дегенге тоқталады. қазақтың көркем сөзінің жүйрігі Мұхтар Әуезовте алғашқы секундтерін аударма саласында Л.Н.Толстойдың әңгімелерін аударғанда тілдік-көркемдік қадамдарын бірден дұрыс алған. Бәйгеге енді қосылып, қатарға тұрған қазақ тәржымасының барлық өлшемі жағынан «мәдениеті жоғары Еуропа әдебиетінің» деңгейіне көтерген деп ойлаймыз.

Көркем аудармаға да көп еңбек сіңірген жазушы орыс әдебиетінің белді-белді туындыларын қазақ тіліне аударып көркем аударманың тамаша үлгілерін жасаған. М. Әуезовтің шығармашылық жолының өзі көркем аудармадан басталған.

Семейде өткізген осы жылдарда Мұхтар Әуезов Л.Н. Толстойдың «Будда» шығармасын қазақшаға аударып, оны «Абай» журналының бірінші нөміріне 1918 жылы жариялайды. 1924 жылы Ташкентте профессор Ю. Вагнердің «Рассказы о происхождении земли» («Жердің пайда болуы туралы әңгімелер») туындысы М. Әуезовтің аудармасымен жеке кітап болып шығады. Содан кейін аудармашының шығармашылық қанжығасында У. Шекспирдің, Н. Гогольдің, И. Тургеневтің, Дж. Лондонның, Л. Толстойдың, Погдиннің, К. Треневтің және т.б. шығармалары. Оның үстіне, М. Әуезов көркем аудармадағы ең беделді теоретиктердің біріне айналады, ол өз өмірінің басым бөлігінде жай аудармамен ғана шұғылданумен шектелген жоқ: Гоголь, Тургенев, Чехов болып сөйлеген жазушы, сонымен қатар оларға да ұлттық мәдениеттің рухын сіңіре білді.

Мұхтар Әуезов 1921 жылы жазған «Қорғансыздың күні» мен 1928 жылы жазған «Қилы заман» повесінің арасындағы бір топ шығармаларының қайсысында да Толстой мен Тургеневтің, Чехов пен Горькийдің дәстүрінде адам әрекеттерінің психологиялық дәлелдемелерін бейнелеуге бейімделгенін көреміз. Мысалға «Ескілік

көлеңкесінде» атты әңгімесін алып қарайық. Бәйбіше әкесінің ескішіл тәрбиесінде болған бай қызы Жәміш өлген апасы Қадияның орнына тоқалдыққа баруға ықылас білдіреді. Өзін сүйген, оқыған жас жігіт Қабыштан елудегі шал жездесі Кенжеханды артық көреді. Мұнысын білген Қабыш Жәмішті сүюін қоймайды, сонымен бірге шалды қалағаны үшін оны жек көреді. Әрі сүйген, әрі жек көрген қызын бір көріп қалуға бара жатқан Қабыштың қарама – қарсы қос қыртыс сезімін жазушы психологиялық нәзіктікпен өте шебер суреттейді. Мұнда жек көру сезімі қаншама қисынды болғанмен сүйіспендік сезімі оған еш жеңгізбейді. Жәміштен үмітті үзіп алыстаған сайын оған деген арманы асқынды түскендей. Әңгімеде осындай екі сезімнің түйісуі конфликтін көрсетумен қатар, табиғат көрінісін кейіпкердің немесе автордың өз көңіл – күйіне еріп суреттеу шеберлігі де көз тартады.

Мұхтар Әуезов қазақ арасынан шығып оқыған жігіттердің әрқилы образдарын орыс классиктерінің дәстүрінде бейнелейтін бірнеше әңгімелер жазды. Әдебиетте әдетте сауатты жігіттер ұнамды кейіпкерлер болып келетін («Қамар сұлуадағы» - Ахмет, «Қалың малдағы» - Қожаш, «Шұғаның белгісіндегі» - Әбдірахман т.б.) Ал Мұхтар Әуезов әңгімелерінде оқыған жігіттер әлденеше қырынан көрінеді, бірде ол «Үйленудегі» қаладан келіп Жамиланы алып кететін көзі ашық Оспан секілді сенімді, бірде ол «Кім кінәлідегі» Ісләм секілді адал, жұмсақ, сезімтал, бірақ дәрменсіз (Ғазиза жөніндегі жаладан қорғана алмайды), бірде ол «Сөніп – жанудағы» Сыздық секілді зейінді, пысық, жалындап сүйгіш, бірақ асығыс қимылдап алданғыш (Жамиланы тез сүйіп, тез суынады), бірде ол «Оқыған азаматтағы» өлген жолдасының әйеліне үйленіп, мал-мүлкін иелену үшін оның шешесін өлімге итерген Жұмағұл секілді арамза, қу, жауыз болып келеді. Мұның өзі, Мұхтар Әуезов шығармашылығында адам мінезінің жаңа қыр, қалтарыстарын ашып, толығымен аңдатады. Мұхтар Әуезовтің жазу мәдениеті көтеріліп, әдеби шеберлігі одан әрі шыңдалғаны белгілі. Бұл кезде оның қаламынан ауқымы кең, көркемдігі кемел шығармалар туады.

Әуезовтің 20-30-шы жылдарда жазған «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу», «Кім кінәлі», «Ескілік көлеңкесінде», «Бүркітші», «Барымта», «Қилы заман», «Қараш-қараш оқиғасы», «Көксерек» шығармаларын талдай келе, Мұхтар Әуезовтің даланың ұлы жыршысы немесе «дала Айвазовскийі» деген тосын теңеуді алға тартамыз. Шындығында Дж. Лондон үшін – солтүстік, Э. Хемингуэй үшін – саванна, Д. Конрад үшін – теңіз, М. Твен үшін – жабайы америкалық батыс, Х.Бохрес үшін – пампа қандай жақын болса, Мұхтар Әуезовтің жүрегіне дала да сондай жақын. Өйткені, ол – Дала перзенті. Осы туралы ойын Н. Анастьев: «Это передаст прежде всего исторический слом степной цивилизации и культуры, который, собственно, и именно содержание, а не частные сюжеты, ранних вещей Мухтара Ауэзова», - деп түйіндейді.

Н. Анастьев «Көксеректі» Фолкнердің «Аюь», Дж. Лондонның «Ақ азуы», Л. Толстойдың «Холстомерімен» салыстыра суреттеп, Әуезов әңгімелеріндегі дала келбетін, ағылшын Джозеф Конрадтың «Тайфун», «Түнек төрінде» повестеріндегі теңіз стихиясымен шендестіреді. Осы тұста мына бір ақиқатты айта кетпеске болмайды. «Көксеректі» Чеховтың «Каштанкасы», Толстойдың «Холстомері», Лондонның «Ақ азуы», Сетон-Томпсонның «Виннирег қасқырымен» салыстыра зерттеген тұңғыш әдебиетші ғалымы, академик Рымғали Нұрғали болатын.

Автор шығармашылық параллельдер жүргізген У. Фолкнер, Дж. Конрад шығармаларын дәл сол жылдары жас Әуезов оқи қоймаған да болар, бірақ қазақтың ұлы жазушысы әлем әдебиетіндегі жаңа үрдісті хас суреткерге ғана тән екендігін аңғара білген.

Мұхтар Әуезовтің «Өз жайымнан мағлұмат» өмірбаяндық мақаласында жазушы: Орыс жазушыларында анық сүйетінім: Толстой, Достоевский. Адам жанын соларша қойма ақтарғандай ақтармаған соң жазушылықтың мәні де жоқ. Прозаға психологизм араласпа өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ – тақ жолы. Мына екеуіне қарағанда өзін де ұяласың, өзін үшін де ұяласың. Жан құдайының алып жұртын көргендей болып кішірейіп, тапталып қаласың. Жазушылықтың асқары деп сүйемін», - дейді. М. Әуезовтің шығармашылық жолының өзі көркем аудармадан басталған.

Европаның жазушысында Анатолий Франсты жақсы көрем. Бұның алуаны өзгелерден бөлек. Терең білімге, сыншы ақылға бой ұрған данышпан жазушы. «Чтобы быть прекрасным, надо быть разумным» - деген Еврипид айтқандай, бұл ірі жазушылықтың екінші бір тұрғысы сияқтанады», - деп пікірін білдіреді. Анатолий Франстың шығармаларын оқып тамсанғанымен, жазушы оның шығармаларын аударуға қалам тартпаған.

Көркем сөздің шебері, көп қырлы талант иесі М.Әуезов бүкіл қазақ ұлт мәдениетінің өркендеп жетілуіне орасан зор еңбек сіңірді, оның ішінде әсіресе туған қазақ әдебиетінің барлық кезеңінде үздіксіз дамып, ілгері басуына үнемі үлкен үлес қосып отырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.Әуезовтің қолжазба мұрасы. Алматы, 1997, - 160 б
2. Анастасьев Н. Трагедия триумфатора. Москва, 2006, - 280 л
3. Нұрғали Р. Мұхтар Әуезов тағылымы. Алматы, 1987, - 429 б
4. Қабдолов З. Арна. Алматы, 1988, - 315 б
5. Мырзахметұлы М. Мұхтартану және уақыт талабы \ Егемен Қазақстан, 27 қыркүйек, 2007, - 2 б

ЖЕРГІЛІКТІ АҚЫНДАР ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАЛА ТІЛІН ДАМУ

Ж.П. КАРАМБАЕВ

Дарынды балаларға арналған №3 гимназиясы, Павлодар қ.

Баланың сөздік қорын молайтуда ең бірінші сөз мағынасын түсінуіне бағыт беру керек екендігі, әсіресе қазіргі екі тілді ортада, қажетті де міндетті мәселе болып отыр. Бұл ойға Ахмет Байтұрсынның тұжырымы дәлел бола алады: “Тіл дамыту мәселесі тек қана грамматика заңдарына үйретіп, не болмаса, сөздерді балаға үйретіп қана емес, сөзді тіршілігінде көрсету барысында ғана шешуге болады”.

Бала мектепке келгеннен бастап оның сөздігін молайту және ол сөздіктерді дұрыс қолдану қолданбауын анықтау жұмысын жоспарлы түрде қадағалау қажет.

Бұл бағытта жерлес балалар ақындарымыз М.Әлімбаевтің, М.Жаманбалиновтың баланың дүниетанымына жақын ортадағы жан-жануарлар, құстар, орман-тоғай өсімдіктері туралы шығармаларының және ертегі-мысалдарының мәні зор екендігі дәлелденді. Жыл мезгілдерін, оның ерекше белгілерін қысқа жолды өлеңдерімен жеткізе алған М. Әлімбаевтың «Бұл қай кезде болады?» атты өлеңін, М.Жаманбалиновтың Есентай Ерботиннің «Қарағанды-Ертіс» каналы, Қазақстан республикасы мен туы туралы шығармаларының, Ескен Елубаевтың «Қайда не бар?» шығармаларының сөздік қорды дамытуда ықпалы бар екендігі ескертілді.

Демек, жаңа сөздерді меңгерту, сөздік қорын молайту жұмыстары бірнеше бағыттардан тұрады және мұғалімнің арнайы дайындығын қажет етеді. Осы себептен балалардың сөздік қорын молайту мәселесінде сөздік қорды молайтуға арналған лексикалық негіздердің мағынасын қалай ашып, қандай амал-тәсілдерді қолдану қажет деген сияқты сұрақтар тууы орынды. Себебі дұрыс таңдалып алынған лексикалық амал-тәсілдер мен жаттығулар жүйесі - жемісті істің нәтижелі болуының кепілі.

Жаңа сөздерді меңгерту барысында иллюстрациялық суреттерді пайдалану өзіндік нәтижесін береді. Сурет арқылы сөз, сөйлем құрастыруға дағдыландыру - өте тиімді әдіс, сонымен қатар суреттер бойынша әр түрлі ойға шомады. Оның елестетуімен қиялдау қабілеті дамиды. Ал қиялдан әңгіме шығару, әсіресе әр тақырыпқа іріктеліп жинақталған, тақырыптың топтама суреттерге қатысты суреттеме әңгімелер құрастыру – бүгінгі білімнің жоғарғы деңгейіне баланың өзінің баруы деген сөз.

Оқушыларға жаңа сөздерді меңгертуде ұсталатын тағы бір басты мәселе – ол сөздердің күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жаңа сөздерді жеке дара емес, белгілі бір жағдайға байланысты тақырып ішінде қолдануға мүмкіндік жасау керек.

Ауыз әдебиетінен келе жатқан санамақ үлгісінде көркем сөз шеберлерінің төрт түрлі санамақ өлеңдер жазған, олардың мазмұны да формасы да әр жастағы балаға лайықтығы аңғарылады. Жалпы балаға жыр арнайтын, балаларға жақын ақындар эмоциясы – ақынның баланы жақсы көру сезімі өлең әуенінен, ырғағынан байқалып тұрады.

Балаларға жергілікті ақынымыз М.Жаманбалиновтың бүлдіршіндерге арналған төмендегі «Бес саусақ» санамағын табиғат аясында айтқызу тиімді:

Бас бармағым,	Орған қолым,
Бақташы бол.	Орманшы бол!
Қырағы көз	Күлі орманға
Сақ малшы бол!	Қорғаншы бол!

Сұқ саусағым	Аты жоғым,
Сауыншы бол!	Аспазшы бол!
Өнеріне	Өз қолыңнан
Табынсын ел.	Дәм татсын ел.

Шынашағым,
Бакшашы бол.

Жемісінді мақтасын ел.

Ақындардың өлеңдерінен тәрбиелік, яғни еңбекқорлыққа, тапқырлыққа, қоршаған ортаны танып білуге бағытталған туындыларды молынан кездестіреміз. Біраз мысал:

-Қайда болдың бал ара?

-Жүрдім бақта далада.

-Неге жүрдің далада?

-Қонақтадым аралап.

Күллі-күллі атырап

Жайыпты гүл – жапырақ

Жауқазын дәм татырды,

Райхан гүл де шақырды.

Раушанның, алманың

Бәрін – бәрін шарладым,

Бәрінен де бал алдым.

Жомарттығы – ай даланның !

Міне, еңбекқор бал арасымен екеуара болған әңгіме осындай. Баланың қойған сауалына араның жауабынан көп мағлұмат аламыз. Ол дала жомарттығына тіреледі. Ал оның еңбекқорлығынан да мәлімет аламыз. Бірақ, жай әңгімелегеннен гөрі өлеңді оқыған анағұрлым тартымды. Сөз дәмдісі өлеңде қолданады ғой. Бұл орайда халық тілін жақсы білетін ақын сөздерді тиісті орнына қиоластыра қойып өлеңге көрік, ойға бояу беретіндей ұйқас құрайды. Әрі балаларды еңбексүйгіштікке бағыштаған ой көңілге оралады. Аң-құстармен қатар, жеміс-жидектердің сипатын беретін бір шумақ өлеңдерді жинастырып, жұмбақ түрінде шешкізу балалардың олар туралы білімдерін ұштай түседі.

«Жапырағы салалы

Бейне қаздың табаны.

Гүлі сары алтындай

Көзі тартады жалтылдай.

Жемісін ел қарайды.

Қара көзге балайды».

(«Қарақат»)

Жоғарыда аталған пікірімізге осы жыр жолдары шынайы жауап бере алады деп ойлаймыз.

Табиғат туралы жерлес ақындарымыздың татымды дүниелерін тақырып жағынан топтасақ, мынандай жүйе шығады:

1. Жыл мезгілі ішінен қысты ерекше жырлауы: «Алғашқы қар», «Үскірік», «Рахмет», «Шеберін-ай аяздың», «Шанғышыға», «Ел ырысы шалқысын»;

2. Табиғат құбылыстары туралы жырлары: «Күн күркіреп, жар салды», «Бұйра бұлттар», «Күркіреді күн, күн...», «Жанбыр», «Бұйрық», «Дауыл»;

3. Табиғаттағы еңбек жайлы өлеңдері: «Ит мұрын тергенде», «Балақан мен долана», «Алма ағаш», «Терекке тілек», «Табиғаттан үйренген», «Ақ қайран»;

4. Тоғайда өсетін шөптер, ағаштар, жемістер, жидектер туралы: «Шілік», «Терек жыры», «Қарақат», «Ошаған мен қошақан», «Қаңбақ пен дауыл», «Қымыздық», «Лимон», «Ақ қайың»;

5. Қырда, орманда тұратын аңдар, құстар, жәндіктер туралы: «Торғайлар қуанышы», «Қарлығаш», «Тырнарлар», «Шағала», «Бүркіт», «Торғай саған не керек?», «Қара қарға», «Сауысқан», «Ләйлек», «Суық торғай», «Қаршыға», «Жылқышы-құс», «Әуілдек», «Пингвин», «Бал ара», «Кесіртке», «Кірпі», «Ондатр үйі», «Тартар»» «Гүлге ұқсай қалады»;

6. Үй хайуанаттары жайында: «Құлыншақ», «Бұзау», «Күшік», «Түйе», «Қаздың жауабы», «Лағым»;

7. Туған жер табиғаты мен туған елге махаббат туралы: «Туған жерге жетпейді», «Ертісте», «Шопан», «Ол жылқышы ағамыз», «Арқа».

Жер бетіндегі табиғат сырларына үнілте білген бір ғана ақынның (М.Жаманбалиновтың), міне, осылайша балаларды аспан әлемі бүккен жасырын сырларға бастайтын шығармаларын құрылысына, көлеміне қарата сабақтарда жас ерекшеліктеріне қарата қолдану – қазіргі мұғалімдердің шығармашылық ізденістерін қажет етеді. «Ызғар» деген өлеңінде «Қыста ызғар бетті неліктен қып-қызыл қылып сүйеді?» деп ақылмен болжайтын баланың «Қыс аязы-киелі, киеле бас иемін» деп тұруы, «Жұлдыздар» өлеңінде *жымыңдайды жұлдыздар, қызығамыз ұл-қыздар, қызығамыз, қараймыз, кереметке балаймыз, бірақ әлі баламыз, өссек ұшып барамыз*- осы бір жол бойына тізіліп жазылған егіз бастауышқа жалғастырылған етістік тұлғасындағы өзара ұйқасты баяндауыштармен бір шумақ өлеңге сыйғыза сөйлетілген. Қоршаған ортаға алуан сұрақпен қарайтын баланы аң-құстармен, нөсер, бұлт, жаңбырмен сөйлетіп қоймай, жеміс-жидектермен де сөйлетеді ақын.

Қандай әдіс түрінде ұйымдастырылса да, М.Әлімбаевтің шығармалары балаларға тартымды қабылданады.

«Қоян мен қасқыр» өлеңіне негіздеп, қосымшада берілген ақынның «Айлакер қоян» атты хикая-ертегісінің балаларға берер тағылымы ерекше. Өлең тілі жеңіл. Соңында айлакер қоянымыз тағы да қасқырдан да үлкен бір аңды алдап соғыпты. Ертегіні тамашалап болғаннан кейін, қоянға бәріміз бірігіп сипаттама береміз. Ал енді шығарманы тыңдаймыз дейміз. Шығарманы біраз күн бұрын балалар сахнаға даярлаған, қалған балалар көріп тамашалайды.

Сөздік қорды дамыту әдістемесі жайында жинақтап айтарымыз - баланы үлкендермен тілдік қатынасқа түсуі олардың сезімдік қатынасынан басталады. Бұл баланың үлкендермен қатынасқа түсуінің басы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбдікәрімова Т.М. Бастауыш сыныпта мәтін арқылы тіл дамытудың ғылыми негіздері мен оқыту әдістемесі. Алматы, 2002.

2. К. М. Кертаева Мемлекеттің тілдер туралы саясатын білім беру жүйесі арқылы іске асыру, – Павлодар, – 2001.

3. Ж. Мусин. Оқушылардың тілін ұстарту. – Алматы – 2003

4. Қалиев Ж. С. Жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік құрал. – Қ. – 2005.

5. Дүкенбаева Ф. Х. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. – Алматы: – Мектеп, – 2000. – 184б.

ӘОЖ 37.013

ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

З.С. КАРТОВА

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 6 жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 қыркүйектегі № 6435 өкімімен бекітілген білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасында: «Оқу үдерісінде педагогикалық және ақпараттық –коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану - жалпы білім беруді дамытудың басты бағыттарының бірі», - делінген.

Қазақстан Республикасының « Білім туралы» Заңында білім беру жүйесін ақпараттандыру осы саладағы мемлекеттік саясат негізінде анықталып, осы жүйедегі басты міндеттердің біріне айналып отыр.

Қазіргі заман талабы бойынша білім берудің ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі – оқу үдерісінде мультимедиялық технологиялар мен коммуникативтік интерактивті әдістемелердің үйлесімді байланысы негізінде жасалған, оқыту және тексеру модульдерінен тұратын электрондық бағдармаларды, оқулықтарды енгізу.

Жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру барысында мұғалімдер өз бетімен ізденіп, маман ретінде креативтік қабілеттері дами түседі және кәсіби құзыреттілігі қалыптасады.

Жаңа педагогикалық технологияларды оқыту үрдісінің өзіне тән компоненттері бар. Олар: оқытудың мақсаты, мазмұны, формалары мен әдістері, сонымен қатар нәтижесі.

Оқытудың ақпараттық технологиясы - бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдармалық және техникалық құралдар (кино, аудио, және видеокұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер) .

Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.

Бірақ компьютер мүмкіндіктерін асыра бағалауға болмайды, өйткені ақпарат беру – бұл білім мен мәдениетті беру емес, сондықтан ақпараттық технологиялар педагогтарға қосымша тиімді құрал ретінде қызмет атқарады.

XXI ғасырдың өкіліне нағыз керегі - сандық бейне ,анимация, компьютерлік оқыту ойындары, дыбысты жаңғырту т.б. компьютерлік технологиялар. Осылардың бәрін қолдануға мүмкіндік беретін қазіргі мультимедиялық бағдармалар тіл үйретуді жеделдетуге, оқу уәждемесін көтеруге, сөйлесім әрекетін дамытуға зор әсерін тигізеді.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап , оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудың негізгі құрал компьютер болып табылады. Компьютер білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін зор құрал.

Жаңа ақпараттық технологияның ішінде ең тиімді технологиялар: оқытудың компьютерлік технологиясы, ойын технологиялары, мультимедиялық технологиялары, презентациялық технологиялар т. б.

Сабағымда қолданылып жүрген жаңа әдістердің түрі презентациялық технологиялар және ойын технологиялары. Мысалға, интерактивті тактада қолданылатын (гиперссылка арқылы) ойын:

«Кім көп біледі?»

1	6
3	4
5	2

1. «Азық-түлік» сөзінің аудармасын тап.
2. Жалғаулық шылауға мысал келтір.
3. «Масло» сөзінің аудармасын тап.
4. «Нан» аудармасын тап.
5. Сүт тағамдары неден жасалынады?
6. «Пайдалы» сөзінің аудармасын тап.

«Ұйқасын тап» ойыны

Өзінше ноян,

Қорқақ кім... (қоян)

Алмастан тыным,

Шабады ... (кұлын)

Бата алмас түлкі,
Үсті тікен ... (кірпі)

Айбат шегер алыстан,
Аң патшасы ... (арыстан)

“Бұл не? Бұл кім?” ойыны.

Ақ, тәтті, қатты, ұсақ – бұл не?

Домалақ, жұмсақ, үрленген – бұл не?

Ащы, қызыл, жасыл – бұл не?

Тәтті, нәрлі, қызыл, сары, көк – бұл не?

Ойлап тап.

Төмендегі тор көздердегі әріптердің ішінен киіз үйдің жабдықтарының атын оқи аласыздар.



Мультимедиялық технология сабақтың көрсеткішін әлдеқайда жоғарылата түседі яғни ол бірмезгілде оқу материалын көре отырып, әрі есту қабілеттері арқылы меңгеріледі. Сол сияқты, слайд – дәрістер де мұғалім мен оқушыны кең мүмкіндіктерді туғызады.

Қорыта келгенде жаңа технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқыту программалары сияқты тақырыптық өнімдер қызмет етеді. Білім саласында компьютер оқушы үшін оқу құралы, ал мұғалім үшін жұмысшы болып табылады.

Бүгінде біз орта білім берудің одан әрі ақпараттандырудың екінші кезеңіне көштік, ол мазмұндық тұрғыда болады және компьютерлік сауаттылықтан жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетінің іргелі операциялық негіздеріне ауысуды білдіреді, мұнда әрбір оқушы ақпаратқа, қазіргі ақпараттық технологиялар назар салып қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі , Интернет ғаламдық ақпарат желісін пайдалана алуы тиіс.

Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашу керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Жалпыға міндетті білім берудің мемлекеттік стандарттары;
2. Жоба. / 12 жылдық білім беру, 2006 ж/
3. Бөрібаев Б, Балапанов Е. Жаңа технологиялар. – Алматы , 2001 ж
4. Информационные технология. – 2005.ж
5. Жаңа педагогикалық технологияларды оқыту әдістемесі. А.Б.Жанәділ,Қ.Б.Жанадилова 2009.ж

ӘОЖ 80

ХИМИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ

Ә.Ж. ҚАСАНОВА

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

А.Ф. ЗЕЙНУЛИНА

ф.ғ.д, профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тәуелсіздік алып, егемен ел болуымыздың арқасында қазақ тілінің мәртебесі өсіп, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып жарияланды. Соған орай ұлттық мәдениетіміздің бір саласы ана тіліміз жаңа қарқынмен ілгері даму үстінде. Ана тілімізде баспадан жарық көрген оқулықтардың саны көбейіп, сапасы жылдан жылға өсуде. Мұндай оң өзгерістер экономикамыздың, мәдениетіміздің жаңа деңгейге көтерілуіне елеулі ықпал етеді.

Соңғы жылдары барлық салалар бойынша көптеп жарық көрген сөздіктер де бұл процестің көрінісі.

Экономика, мәдениет, білімнің қай саласы болса да сөздіктердің орны ерекше. Алғашқы және негізгі ұғымдардың санада дұрыс қалыптасуы азаматтардың білімнің жаңа деңгейін игеруге, жаңа мамандықтар алуға елеулі әсер етеді.

Химия – заттарды және олардың бір-біріне айналу заңдылықтарын зерттейтін жаратылыстану ғылымы

Химия элементтерді (атомдарды), жай және күрделі заттарды, олардың құрамын, құрылысын, қасиеттерін, химиялық өзгерістер мен оған әсер ететін жағдайлар мен өзгерістер кезінде байқалатын құбылыстарды зерттейді. Химиялық жеке заттар бір-бірінен химиялық құрамы мен қасиеттері бойынша ажыратылады. Әр зат белгілі жағдайдағы физикалық қасиеттері (түсі, тығыздығы, балқу, қайнау температуралары, жылу мен электр өткізгіштігі, тағы басқа) және химиялық қасиеттері (басқа заттармен әрекеттесу, белгілі бір өнімге айналу қабілеті) жағынан ерекшеленеді.

Химия ғылымының қоғамдағы практикалық мәселелерді, табиғат дамуы туралы материалдық көзқарастарды шешу мен жаңа заттар, дәрі-дәрмек, энергия мен отынның жаңа көздерін табу, тағы басқа адамзат қажетіне керекті көптеген заттар алуда маңызы зор. Қазақстанда химия ғылымы мен химия өнеркәсібі 1930 – 1990 жылы қарқынды дамыды. Осы кездегі химия алуан түрлі зерттеу әдістері, аса маңызды өндірістік, өнер-кәсіптік мәні бар ғылымға айналды.

Атомдар мен молекулалардағы электрондарды сипаттайтын кванттық механика заңдарының ашылуы химиялық әрекеттесудің табиғатын анықтады. Заттардың қасиеті және құрылымымен қатар олардың өзгерістері кинетикасының заңдылықтары ашылуға, әсіресе химиялық реакциялардағы аралық өнімдер көбірек зерттелуде. Заттар мен процестерді зерттеуге осы күнгі физикалық әдістер мен құралдар (рентген структуралы анализ, спектроскопия т.б.) қолданылуда.

Химиялық сөздікте химик-технологтарды дайындауда жалпы химияға қатысты бейорганикалық химияның, аналитикалық химияның, физикалық химияның, химиялық технологияның аса жиі қолданылатын аса маңызды терминдері қамтылған.

Ғылыми әдебиетте қабылданған дәстүрге сай, халықаралық терминдер аударылмай, өзгеріссіз беріледі. Жеке терминдердің жетекші, негізгі сөздері алфавитке сай, олардан туындайтын қосалқы терминдер сол жетекші сөзден кейін өз ретімен келтірілді. Мысалы «жүйе» терминінен кейін оның түрлері: ашық, гетерогенді, гомогенді, жабық, тұйықталған және т.б. деп берілді.

И. Нугумановтың диссертациясында «Қазақ орта мектебінде химия пәнін оқытуында терминология мәселелері» (1966) химиялық терминологиясының қазақ тілінде бастауы және құралымының жолдары талданады; химиялық терминологияның әдебиетте қолданысының күйінің қысқашан анализі беріледі; қазақ тілде химиялық терминологияның негізгі міндері және оның себептері байқалынады, оның ұстанымы және жетілдірілген жолдары белгіленеді; қазақ орта мектебінде химиялық терминологиясының байқауының әдістемелік сұрақтары әзірленеді.

Химиялық терминологияны жиналу және сөздіктің қисында үлкен лексикографиялық жұмыс көптеген түркі тілдерде еңсер. Түрлі-түрлі химиялық терминологиялық сөздіктерімен татар, қазақ, өзірбайжан, қырғыз, түркімен, өзбек, чуваш, башқұрт және тағы басқа тілдері бай.

Химиялық лексика ғылыми терминология ретінде XIX ғасырдың екінші жартысында енген. Осы байланыста химиялық терминологияның дамуының периодизациясы тап бұдан басталады. Оның бес кезеңді қасқайтады:

I кезең – XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап 1920 жылға дейін; II кезең - 1920 жылдан 1927 жылға дейін; III кезең – 1928 жылдан 1939 жылға дейін; IV кезең - 1940 жылдан 1990 жылдарға дейін; V кезең - қайта 1990 жылдарынан осы уақытқа дейін.

Түрлі-түрлі қаракеттің және сауданың дамуы химиялық заттардың, аспаптардың және т.б. атауындарды туындырды.

II кезеңде химиялық терминологияның озықтығы ғылымның және техниканың, технологияның, индустрияның дамуымен байланысты. Осы кезінде арабтың лексикасының игерушілігі және оның ауыстырушылығы қазақ және орыс-халықаралық терминдермен белгіленді.

III кезеңде қазақ тілінде химиялық терминологияның дамуы белсендікті алады. Химиялық терминология орыс-халықаралық терминологияның және қазақ тілінде терминдерді жаралғанының аудармасының арқасында байыды. Зар ұғымның және жаңа терминнің атауын, осындай сөздердің қазақ тілінде болмағандықтан, химиялық терминологияның стандарттандырылған және халықаралық қолданыста болған интернационалдық лексиканы мемлекеттік тілге келтірді.

IV кезеңде химиялық терминологиясының дамуы тарихи себептеріне байланысты соңшама белсенді болмаған.

V кезең қазақ тілдің химиялық терминологиясының дамуы біздің еліміздің әлеуметтік - саясат өмірінің өзгерістерімен байланысты. Осы уақыттан бастап қазақ тілінің тірілуі басталды, қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде жарияланды. Осыған байланысты қазақ тілшілер бар саланың терминологиясының, соның ішінде химиялық, реттілеуінің мәселелеріне көз қарастырды.

Меншікті-қазақ химиялық терминдерге қазақ тілдің лексикалық және сөз туындыру тәсілдерінің арқасында пайда болған сөздер жатады.

Мынадай сөздің негізгі бөлігі жалпы түркі лексикалық қорымен сәйкес. Оларға келесі жатады: мыс (медь), күкірт (сера), темір (железо), алтын (золото), шойын (чугун) және т.б.

Маңызды рөлді химиялық лексиканың дамуында кірме сөздер атқарады.

Қазақ тілдің алғашқы ең ортақ химиялық лексемасының құралымында араб және парсы тілдер маңызды міндеттерді атқарды. Қазақ тілге араб тілінен сүрме (сурьма), калий, алмаз (арабша алмас), маржан (арабша маржан (коралл)), зүбәржат (изумруд) және т.б. сөздер келді. Осы сөздер қазір кірме сөздер ретінде қарастырылмайды, өйткені олар ғасырлар бойы пайдалынады.

Қазақ химиялық терминологияның дамуына үлкен ықпалды орыс тілі көрсетеді. Өйткені осы тілден орыс ғана емес, халықаралық игерушілікте бар химиялық терминдер және олардың калькалары да алынады.

Орыс тілден немесе ол арқылы басқа тілдерден келген сөздер бөлек-бөлек ұғымдарды білдіреді, ең көптеген болып табылады және семантикалық қатынаста түрлі-түрлі болып саналады. Бұлар - түрлі химиялық заттардың, металлдардың, пайдалы кендердің атауы, мысалы: гипс, марганец, алебастр, спирт және т.б.

Қазіргі кезеңде орыс тілі негізгі сөздердің еуропа тілдерден таралудың тіл-дәнекер болып табылады. Олардың көбі - халықаралық пайдаланылатын сөздер. Халықаралық терминдер химиялық лексиканың үлкен бөлігін құрайды. Халықаралық сөздер туралы айтсақ, латын – грек, ағылшын және т.б. тілдердің жалпы еуропалық таралғандықты ұмытпау керек, өйткені олар орыс тілінен қазақ тіліне таратылады. Латын – неміс немесе латын – француз параллельдері де көзге алуы тиіс. Оларға атом, эфир, элемент, эксперимент және т.б. сөздер жатады. Грек тілден халықаралық терминдері: топаз, йод, хром, электрон, оксид, галоген, аммиак және т.б. сөздер болып табылады. Латынша опал, формула, реакция, индикатор, молекула, металл сөздер халықаралық болып саналады.

Латын тілі XVIII ғасырға дейін ғылымның халықаралық тілі болды. Латын сөздерден шыққан терминдер көбіне технологиялық операцияны және әрекетті білдіреді: «кылғу» деген адсорбция, «құралым» деген ассоциация, «тарату» деген диффузия. Латын сөздің мағынасының қолданбалы мінезі қазіргі арада терминнің үзінділерінде сақталды. Мысалы, сөздердің құрамында ко- үзіндісінің құралымды таңбалаушы: конденсация (қоймалжың); ал үзінді де- терминдерге кірсе, аулақтануды, аулақтауды таңбалаушы: денатурация (табиғи ұрғашылықтың шығыны), деструкция (құрылымның шығыны), гидратсыздану (судың тартуы), дегидротату (сутегінің тартуы).

Сан қилы топты ағылшын тілден келген сөздер құрайды. Оларға родий, блистр, каучук, компост, гуттаперча және т.б. сөздер жатады. Тигель, колба, перламутр – неміс , резерваж, вазелин, желатин, меланж, мельхиор – француз тілдерден келген сөздер.

Сонымен, химиялық терминологиясы қазақ тілінде халықаралық қолданыста пайдаланылатын сөздерімен толық (олардың саны 80 пайызға жақын келеді), сол халықаралық ынтымақтастықтың зарымен түсіндіреді.

Химиялық терминдері жалпы және арнаулы лексикада пайдаланылатын сөздерден және түбірлерден құрылады.

Химиялық терминнің үш құрылымды үлгісін белгілейді: термин-сөздер, термин-сөз тіркесі, түртінді сөздер.

1. Химиялық термин-сөздердің топтастыруы сөздің морфема құрылымымен жүзеге асады: туындысыз, туынды, күрделі, аббревиатуралар.

Туындысыз сөздерге жіктелемейтін мәнді морфема, түбірлі терминдер жатады. Түбірлі терминдер – ең ескі атаулары, мысалы: алтын, су, жез, тұз және т.б. Басқа тілдерден келген сөздер де көбінесі түбірлі терминдерге жатады (атом, газ, бор, йод).

Туынды терминдерге негізінге аффикстерді (морфемаларды - префикс және жұрнақ) қосумен пайда болған терминдер жатады.

Химиялық терминдерді құрастыруда грек және латын тектің интернационалдық префикстері (де-, ре-, ко- және т.б.) кең таратуда және химияда ғана пайдаланылатын термин - элементтері (орто-, мета-, тио-, пер-, изо- және т.б.).

Шетелдік тілдердің жұрнақтарының арасында жиі қолданылатын келесілер: -ат, -ид, -ит, -кат, -лиз, -он, -аль, -ан, -ил, -од, -анд, -анта, -ент алға шығады. Мысалы: бензоат, оксид, сульфид, гидролиз, орбиталь, этан, нитрил және т.б.

Қазақ тілінің әсерімен келесі жұрнақты терминдер пайда болды: бромдау, сілтілік және т.б.

Күрделі терминдер екі немесе одан да көп негіздердің қосылу жолымен құрастырылады: ақалтын (платина), монохлорсірке қышқылы, дихлоротетрааквахром(III), метилциклопентадиенилтрикарбонилмарганец.

Аббревиатуралар - номенклатуралық белгінің қысқартқан баламалары: АОСК - атомды орбиталдардың сызықша комбинациясы (линейная комбинация атомных орбиталей (ЛКАО)), МОӨ – молекуляр орбиталдардың әдісі (метод молекулярных орбиталей).

2 Термин-сөз тіркестері – екі немесе бірнеше сөздердің мағыналы немесе грамматикалық бірлестік. Сөз тіркестері жіктелетін және жіктелемейтін екіге болып бөлінеді. Жіктелетін термин-сөз тіркестері екіге бөлінеді: а) еркін сөз тіркестері, бас-басы компоненттері термин болып табылады және екі жақтық байланысқа кіруі мүмкін: физикалық химия, атом энергиясы, сутекті көрсеткіш және т.б.; б) тұсаулы сөз тіркестері, компоненттері өзара алғанда термин болмау да мүмкін. Мысалы: жолбарыс көзі (тигринный глаз – минерал).

3 Түртінді сөздер - терминологиялық номинацияның айрықша құрама құрылымды үлгісі, ауызша белгілермен қатар сандық, жазу-сызудың белгілері, түртінділер кіреді: β-бөлшектер, N-метил-N-нитро-2,4,6-тринитробензенамин, уран- 235 және т.б.

Химиялық терминнің сөздіктің құрамы келесі топтарға бөлінеді:

- жалпы қолданылатын сөздер: су, құм, тұз;
- термин – сөздер: сұйықтық, суыту, ірітіп-шіріту, байланыс, сипат;
- жалпы ғылым, техникалық және салааралық терминдер: тәжірибе (опыт, эксперимент), аппарат, анализ, реакция, формула;

– жеке арнаулы, меншікті химиялық терминология: аммиак, йод, кальций.

Меншікті химиялық терминология лексикасы келесі ұғым-тематикалық топтарға бөленеді:

- 1) заттардың, материалдардың атауы: сынап (ртуть), мыс (медь), сүрме (сурьма), желім (клей);
- 2) үдерістердің, реакциялардың, операциялардың атаулары: араластыру (смешивание), балку (плавление), бірден булану (возгонка);
- 3) аспаптардың, бейімдемелердің атауы: абсорбциялық колонна (абсорбционная колонна), шарлы диірмен (шаровая мельница), араластырғыш (мешалка), вакуумды сорғы (вакуумный насос);
- 4) ұрғашылықтардың, сапалардың, белгілердің атауы: хлор, ұялық, сілтілілік, еркін, дәм, түс және т.б.;
- 5) физика-химиялық аумақтардың атаулары: зіл, салмақ, жүк, шара, арақатынас, сан, жағым, арақатынас, көлем.

Химиялық терминдерді құрылысында жұрнақтарды қосу ең мардымды әдіс.

Белсенді жұрнақтар:

- қы /-кі, -ғы /-гі : ақауапқы -дефектоскоп, белгі - отметка;
- ғыш / -гіш, -қыш/-кіш: айырғыш - сепаратор, белгібергіш – сигнализатор, жапқыш – заслонка, бояғыш, сіңіргіш;

- ым/ -ім: бұйым – изделие, игерім бұрғылау – бурение эксплуатационное;
- ныш: катодты қорғаныш – защита катодная;
- шы / -ші : мұнайшы – нефтяник, бұрғылаушы – бутовщик;
- лық/ -лік : аралық (интервал), беріктілік (прочность),);
- ма/-ме: анкер бұрандама (болт анкерный), барлама аудан (площадь разведочная), койма (хранилище);
- лы/ -лі, -ды/-ді, -ты/-ті: құбырлы бұрғылау (бурение колонковое), күрделі жұмсалымдар (затраты накопительные), айданды (дистиллят), денгейжиекті ашу (вскрытие горизонта);
- қы/-кі: алғашқы өндірім (добыча начальная), ішкі құбыр (внутренняя труба);
- ған/-ген: байытылған сұйық (жидкость обогащенная), доломиттенген әктас (известняк доломитизированный),
- тын/-тін: мұнай сақтайтын койма (нефтехранилище), жыныстың ашылымы (обнажение породы).
- тық / -тік: айналғыштық, валенттік, тотық, сұйықтық;
- лылық/-лілік: азоттылық, сілтілілік;
- сыз/-сі: әлсіз, оттексіз;
- дау/-деу, -лау/-леу: синтездеу, хлорлау, бромдау, кальцийлеу;
- сыздану (-сыздандыру)/ -сіздану (-сіздендіру): сусыздану, сусыздандыру, газсыздану, газсыздандыру, майсыздану, майсыздандыру, зарарсыздандыру, тұзсыздану, тұзсыздандыру, түссіздендіру, түссіздену;
- тау/ - теу: бөлшектеу, ұсақтау.

Жұрнақтандыру химиялық терминдерді құрастырудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Өндіргіш негіздердің ретінде түркі-қазақ, халықаралық сөздер және араб-парсы тілдердің кірме сөздер пайдаланылады.

Келесі өнімді сөзжасам әрекеті – сөз қосылуы. Термин компоненттердің арасында салалас немесе бағыныңқы байланысы бар.

Салалас байланысы бар терминдер: гамма – темір, алтын – күміс, атом – төш.

Бағыныңқы байланысы бар терминдері қазақ тілінде маңызды рөлдерді атқарады: нитрокосылыс, қызүнімділік, шаң ұстағыш, – ауажылытқыш - ауа + жылытқыш (воздухонагреватель), белгібергіш – белгі + бергіш (сигнализатор), су-мұнай жапсарының беті (поверхность водонефтяного контакта), газ-мұнай жапсарының беті (поверхность газонефтяного контакта); анод құлағы – анодное ушко, бұрғылау жеңі – рукав буровой, сынабекітпе (ковш), табақша (тарелка) және т.б.

Қазіргі уақытта барлық химиялық басылымдар IUPAC – номенклатураны пайдаланады. Қазақ тілінде IUPAC ережелердің ағылшын нұсқасына сәйкес заттардың атаулары химиялық формуласына ұқсас құрастырады. Мысалы: СаО – кальций оксиді, Н₂О₂ – сутегі пероксиді.

Кірме сөздер қазақ тіліндегі химиялық терминдердің негізгі бөлімін құрайды. Қазіргі мемлекеттік тіліне барынша терминдерді аудару беталыс көбінесе ақталмаған. Өйткені осы аударудың әсерінен терминнің алғашқы мағынасы өзгеруі мүмкін.

Қазіргі химиялық терминологияда қазақ тілінде аударусыз қолдануға болатын көптеген сөздері бар. Осы сөздер қазақ сөз жасам әдістерімен шетел тілдердің негізін сақталуымен қолдануы мүмкін.

Химиялық терминологияның даму тарихы қазақ тілінен шыққан сөздердің араб және парсы кірме сөздер екенін көрсетеді.

Халықаралық пайдалануда бар терминдерді алынуы қазақ тілін шетел азаматтарына түсінуін жеңілдетеді, біздің экономиканы және ғылымды әлемдік қоғамдастыққа енгізуге мүмкіндік жасайды.

Химиялық терминдерді аудару қиынға соғады, өйткені бұл терминдер көбінесе қандай да бір технологиялық жобаны немесе үрдісті білдіреді.

Дегенмен, химиялық терминдердің орындайтын қызметін мен мағынасын сақтай отырып, қазақ тілінде дұрыс баламасын, атауын бере білсек, қазақ ұлтты үшін жақсы болары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Закиева З.Р. Источники становления и обогащения татарской химической терминологии / З.Р. Закиева // Сборник научных трудов докторантов и аспирантов. – Казань: КГАСУ, 2008. – С. 121 – 125.
2. Закиева З.Р. Способы словообразования как фактор системности терминологии химии в татарском языке / З.Р. Закиева // Вестник Челябинского государственного университета. – 2011. – № 8. – С. 60 – 65.
3. Жұмаділов Т.Қ., Ерғожин Е.Е., Жұбанов Б.А. Химия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Русско-казахский словарь химических терминов / Т.Қ. Жұмаділов, Е.Е. Ерғожин, Б.А. Жұбанов. – Алматы : ҚазлимФАҒЗИ, 2001. – 177 б.
4. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: химия / жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар : С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2002. – 79 б.
5. Терминдік сөз тіркестерінің құрылымы // Ақиқат ұлттық қоғамдық-саяси журнал. – № 6 – Алматы, 2009. 96– 99 бб.

ӘОЖ 26

СҰЛТАНМАХМҰТ ҮШІН СЫНАЛҒАН...

Р.Қ. ҚАСЫМҚАНОВА

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 24 жалы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

*Біреуге қарғыс таңба басылғанда,
Біреудің даңқы кетер гасырларға.*

Сағди

Қазақ жазба поэзиясының аса көрнекті өкілінің бірі Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ақындық творчествосына арналған еңбектер газет беттерінде, сондай-ақ түрлі мәжілістерде талқыланып жүрген жазушыларымыз бәрімізге мәлім. Солардың бірі Баян Адырбекова мен Құлбек Ерғобек. Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы 1995 жылғы «Ақиқат» журналында басылып шыққан мақаланы қайта кейінгі буынға жаңғыртуды жөн көрдім. Себебі, бұл сол кездегі өз арнасымен ағып жатқан өмір болатын.

Сұлтанмахмұт Торайғыров бар әдеби мұрасын-бар тағдырын Бейсембай Кенжебайұлына аманат етіп тапсырып кеткендей, ол бар ғұмырын ұлы ақын мұрасын тануға, танытуға, әр кезеңде жабылған жаладан арашалауға бағыштайды. Өзі анық танығанынан танбайтын табанды, белдескен жерде не белі сынбай, не белдігі кетпей қайтпас, қайсар ғалым Бейсембай Кенжебайұлы болмағанда, ол ақын әруағы үшін басын бәйгеге тігіп, жан сала күреспегенде Сұлтанмахмұт есімін әлдеқашан ақтандаққа айналдырып жіберіп, өзінің тұстастары-ардақты ағаларымызбен бірге тарих қойнауынан енді-енді қайта ашып, қайыра қауышып жатар едік...

Бірде Құлбек Ерғобек Бейсембай ағамыздан: «Торайғырұлы тақырыбына қашан, қалай келдіңіз?»-деп сұрайды. Бейсембай аға сонда «Ұлы ақын есімін мен тұңғыш рет 1922 жылы естідім, келесі жылы ақынның «Адасқан өмір» деген атпен жарық көрген жинағын оқыдым. Ақын шығармалары маған айырықша әсер етті. Сол күннен бастап Сұлтанмахмұт менің сүйіп оқитын ақыныма айналды. Мәскеуде М.Горький атындағы Әдебиет институтын оқып жүргенде, 1939-40 оқу жылдары «Сұлтанмахмұт Торайғыров» деген тақырыпта» курс жұмысын жаздым. Ол 1940 жылы мамыр айында, ақынның қайтыс болғанына жиырма жыл толуына орай «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланды. Міне, содан бері мен Сұлтанмахмұттың өмірі мен шығармасын зерттеу жұмысымен үздіксіз айналысып келемін. Ақынның екі поэмасын кітап етіп шығардым. Таңдамалы шығармалары екі рет менің басқаруыммен жарыққа шықты. Ақын өмірі мен шығармалары хақында көптеген мақала, «Сұлтанмахмұттың ақындығы» (1949ж), «Сұлтанмахмұт Торайғыров» (1957ж), «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың зерттеу, тану мәселесі» (1968ж), секілді зерттеу еңбектерін, «Асау жүрек» әңгімелер жинағын шығардым.»

Ғалым кезінде бұл жайларды жай хабарлау ыңғайында қарапайым ғана шыққанымен, бастан кешкен қиындығы айта қалғандай ауыр болыпты.

Б. Кенжебайұлы сонау қыркыншы жылдардың өзінде, Сұлтанмахмұт ұлтшыл буржуазия өкілі ретінде бағаланатын кезеңде, ақын мұрасына төніп келе жатқан қауіпті айтып, оны «Халық ақыны» биігіне көтере бағалапты. Солай бағалапты да айықпас пәлеге қалыпты. Ол «Сұлтанмахмұт қазақ халқының ашынған ойын, мұңын, тілегін, аңсаған арманын, асыл сана- сезімін бойына сіңірген, қазақ халқының өмірі мен тұрмысын, әлеуметтік және рухани бейнесін түгел қамтып жырлаған талантты ақын. Қазақ халқының Абайдан кейінгі реалист, үлкен ақыны» («Социалистік Қазақстан», №158, тамыз, 1945ж) деп жазған екен игі ниетпен.

Ақынға ізгі ниет, анық бағалауды қимған солақайлар тап- тап беріп, ғалымға, атап айтқанда Жұмағал Сәрсеков «Сұлтанмахмұт- Шокан Уәлхановтың, Абай Құнанбаевтың, тағы басқалардың үлгілі дәстүрінен тіпті аулақ, реакцияшыл ақын» («Казахстанская правда» №185, 15қыркүйек, 1946ж)-деп ұлы ақынды кеудесінен итере, кері сырып тастапты. Халық ақыны деп бағалаған Бейсекеңе недәуір тіл тигізіпті. Ол аз десеніз, тап

солай «халық ақыны» де бағалағаны үшін Қ. Бекхожин Бейсекенді «Буржуазияшыл-ұлтшыл ақындардың адвокаты» («Казахстанская правда», №212, 28 қазан, 1946 ж)- деп қаралапты.

Ғалым Сұлтанмахмұттың дүниетанымы озық, жыр- мұрасы үздік дегені үшін жазықты болады. Әдетте халыққа еңбегі сіңген сүйікті ақынды не өлідей, не тірідей кем бағалап, кері тартып жатса, не кір жағып алып білімсіздік танытса үшінші біреу ара ағайынды жасап «мұныыз дұрыс болмады» деп араласар еді. Бұл – қатты айтқанда, тып- тыныш зерттеу жұмысымен айналысып жүрген кісінің мойнына қоңырау тағу, күйрығына шала байлаумен бара- бар әрекет емес пе?!

«Даудың басы-Дайрабайдың көк сиыры» дегендей ғалым көрген қуғын-сүргіннің басы осы! Бұл қуғын 1947 жылы ғалым «Сұлтанмахмұттың ақындығы» аталатын тақырыпта кандидаттық диссертация қорғар тұста тіпті үдеп кетеді. Қылышынан қан тамған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті 1947 жылы «Қазақ ССР Ғылым академиясының, Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателіктер туралы» арнайы Қаулы қабылдады. Онда бірсыпыра еңбектермен бірге Сұлтанмахмұт әдеби мұрасының ұлтшылдық сипаты, оны зерттеген ғалым Бейсембай Кенжебаевтың бағалауындағы «ұстамсыздық» сыналады. Кейін ғалымның өзі бұл қаулы жөнінде былай деп жазады: «Болған іс, басымнан қткен уақиға ретінде бір жайды айтпасыма болмайды. Мен өзімнің әлеуметтік өмірімде сынға, талқыға көп түстім. Әсіресе қыркыншы, елуінші жылдары жиырма жыл бойына дерлік үздіксіз орынды, орынсыз сыналып, айыпталып, соққы көріп жүрдім. » («Өмір өрінде» аталатын қолжазбасы, 36 бет, ғалым архиві)

Қазір ғалым архивінде «Сұлтанмахмұттың ақындығы (1947)» аталатын кандидаттық диссертациясының түптелген қолжазбасы сақтаулы. Қолжазба еңбектің бірнеше тарауы жыртылып алынған. (16 бет) Мән – жайын сұрағандарға: «Қаулыға орай кезінде жыртылып тасталған» деген екен ғалым. Ол «Кіріспеде» нендей ой бар еді? Бұл сұраққа жауапты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сол жердегі бірінші хатшысы Ж. Шаяхметовтың Алматы қаласының ғылым, әдебиет және көркемөнер қызметкерлерінің жиналысында жасаған «Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері» деп аталатын баяндамасын табамыз. Баяндамада Ж.Шаяхметов: «Тіл және әдебиет институты, оның жеке ғылыми қызметкерлері бізге дейін болған таптық қоғамдардың өндіріс қатынастарының әлеуметтік мәнін ашып көрсетпеді. Мәселен, Кенжебаев жолдас өзінің «С. Торайғыров ақындығы туралы» (диссертация аты қате аталып отыр.) Диссертациясында былай деді: «... халқымыз тап ретімен ұйымдасып үлгермегені былай тұрсын, тапқа айқын жіктеліп те жеткен жоқ еді. Сондықтан да, біздің ол қазақ әдебиетімізде таптық бағыт, таптық көзқарас күнгірт жатады. Бізде айқын, таза тап ақыны, тап жазушысы жоқ деуге болады.» деген»

Қазақ әдебиеті тарихының мәселелерін мұндай өрескел қате және ғылымға қайшы әдіспен баяндау салаларынан өткен заманның әдебиет мұрасының бәрі, қазақ халқының әдебиет өкілдерінің бәрі біржақты, тек жақсы жағынан зерттелді. Осыдан келіп өткен заманның әдебиет өкілдерінің бәрі жалпы ұлт, жалпы халық қамқоры деп көрсетілді.

Мұндай теріс әдіс өткен заманды, хандарды, байларды, билерді дәріптеуге, қазақ ауылының бұрынғы феодалдық- рушылық қалпын көксеуге әкеліп соқты.

Ақыр аяғынд, қазақ әдебиеті тарихының мәселелерін мұндай өрескел қате ғылымға жат әдістермен баяндау салаларынан марксизм, ленинизмге қарсы көріне қайта келіп ғылыми әдебиетімізде бұрынғы қанаушы таптардың өкілдерінің бәрі мұнтаздай болып шықты, езілген таптардың өкілдері өткен заманда халықтың тұрмыс мүдделерін көксеген, үстем тапқа, билер мен бектерге қарсы шыққан таңдаулы адамдар ескерусіз қалдырылды... (Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары), Алматы 1948 ж 6 б).

Сөйтіп Сұлтанмахмұттанушы Бейсембай Кенжебаевқа қарсы «компания» басталып-ақ кетті. Жиналыс сайын Кенжебаев Сыналды. Баспасөз біткен Кенжебаевты сынап, ай- көпірге айналдырады. Ал құдайшылығына келсек, бүгінгі биігінен қарасақ, Б. Кенжебаевтың тап туралы айтып отырған пікірі мейлінше дұрыс еді. Уақыт, саясаттан қаймықпай ақиқатты қалай ашып айтқан десенізіші?! «Торғай жаңбыр жауса балапанын қорғайды, бұршақ жауса басын қорғайды»- дегендей үйіріліп соғып келе жатқан дауылдан ықпасқа, қорықпасқа мүмкін емес-ті. Кенжебаев та Сұлтанмахмұттың «аз- кем қателескенін» айтып, кандидаттық диссертациясын 1949 жылы «қайта жөндеп», «Сұлтанмахмұттың ақындығы» деген атпен кітап етіп шығарады. Кітапқа Тіл және әдебиет институтының сол кездегі директоры Мәлік Ғабдуллин партиялық сынға қарсы келмейтін, партиялық этиканы ескере отырып алғысөз жазды: «... ҚК (б) п Орталық Комитетінің жоғарыда аталған қаулысында және Ж. Шаяхметов жолдастың «Идеология майданындағы қызметкерлердің айбынды міндеттері» туралы жасаған баяндамасында Б. Кенжебаевтың осы еңбегі большевиктік әділ сынға алынып, Сұлтанмахмұт шығармашылығын зерттеудегі автордың жіберіп алған елеулі қате- кемшіліктері атап көрсетілген болатын. Онда: Кенжебаев жолдас Сұлтанмахмұт шығармаларын мадақтаумен болып, оның таптық әлеуметтік мәнін және қайшылықтарын толық аша алмады, делінген.»

Содан бергі кезде Б. Кенжебаев жолдас қазақ әдебиетінің тарихын жасау жөнінде күрделі ғылыми жұмыстар жүргізе отырып, өзінің Сұлтанмахмұт жайында жазған осы еңбегін қайта қарап, ондағы қате-кемшіліктерін түзеп шықты... (Б. Кенжебаев «Сұлтанмахмұттың ақындығы» А, 1949, 3- бет)- деді онда. Алайда «қателігін» мойындағанына қарамастан, Б. Кенжебаевты сыналудан, ұлтшыл атандырудан- сынаудан, басына бұл үйіруден тынбады «достары». Дегенмен кейбір жолдастар, газет- журналдар менің бұл істерімді місе тұтпады. Тіпті ескермеді. Кенжебаев қателерін мойындамады, түзemedі, тіпті мойындағысы келмеді деп мені сынап берді. Бұл қарапайым жолдарда қадірменді ғалым бастаған кешкен қуғын-сүргін жәбірлеудің ызалы табы жатыр.

«Күйрықты бұйрықтар» дегендей Б. Кенжебаевтың Сұлтанмахмұт үшін көрер құқайының екінші бір кезені осылай басталып кетті. «Саяси қырғылық» деген ұғыммен бүркемеленген қуғын, ізге түсі, шалу, мұқату, мазақтау одан әрі жалғасып жатты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің сол кездегі хатшысы Нұрымбек Жәнділдин «Коммунист» жинағында, 1950 жылы Б. Кенжебаевтың «қателігін мойындап», «жөндеп» шығарған аталмыш кітабы жөнінде «Сұлтанмахмұт туралы сапасыз дүниетаным- көзқарасы туралы пікірі қатты сыналып, улы тіл, ащы сия зәрі ақынға да аямай төнгілді: «Б. Кенжебаев өзінің кітабында Сұлтанмахмұт творчествосын марксизм- ленинизм тұрғысынан зерттеймін деп тырысқан. Бірақ ол марксизм қағидаларын қоғамдық құбылыстарды түсіндіруге марксистерше емес, талмуд- карилерше қолданған»

Сұлтанмахмұттың сары уайымға салынып, дүниеден үміт үзуге дейін баруын біз қалайша ақтай аламыз? Сұлтанмахмұтта жазық жоқ, бұған сол кездегі дәуір кінәлі деу- тарихқа жапқан болар еді. Сұлтанмахмұттың бұл дәуірде де (1918-20 жылдары Қ.Е.) ұсақ буржуазияшылықтың, буржуазияшыл-ұлтшылдықтың идеясына, оны бүркемелеуге, немесе ақтауға тырысу- марксизмге жат нәрсе» деп жазды ол. Мақала авторы философиялық терминдерді орынды-орынсыз үсемелеп, Сұлтанмахмұтты қате-кемшіліктерге мелдектетіп, оны жақтаушы, ақтаушы Б. Кенжебаевты қайдағы-жайдағы талмуд-кариге балаудағы мақсат не? С. Торайғыров сынды ұлы ақынды әдебиет тарихынан сызып тастау ма? Әлде ақын арқылы оның мұрасын зерттеуші Б. Кенжебаевты кінәлау ма? Меніңше, бұл- артық айтсақ, Б. Кенжебаевты құрту, шегеріп айтсақ мүдірту үшін жасалып отырған әрекет.

Әрекет аяғы ушығып, Б. Кенжебаев пен Н. Жәнділдиннің бірін-бірі андуы республика шенберінде күн көрсетпеген әкім үстінен Мәскеуге арыз жазуға дейін мәжбүр еткен ғалымды. Ғалым Б. Кенжебаевтың Н. Жәнділдиннен зәбір көрген соң Мәскеуге жазған арызы күні бүгін архивінде сақтаулы. Бір-бірімен сабақтас ойлар, бір-бірімен жалғас кінәлаулар әрі сондай сауатсыз, әрі сондай қатерлі. Сауатсыз дегеннен гөрі кейде саясатты жамылшы, көзперде, ұр да жық сыншы Ж. Сәрсекөвтің кім көрінгеннің қолында қолшпқпар болып жүретін сауатсыз сыншы екені кім-кімге де аян. Ал философ- философия ғылымдарының докторығ, кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясының академигі атанған Нұрымбек Жәнділдинге жол болсын? Мансап пен ғылымды «сәтті ұштастырған». Н. Жәнділдинді де қоя тұрайық, әдебиетті нәзік түсінеді дейтін талғампаз сыншы Баламер Сахариевке не көрінген?- деп жазған екен өз мақаласында Баян Адырбекова. Ол былай дейді: « «Социалистік Қазақстан» газетінің 1952 жылғы наурыз айында жарияланған «Б. Кенжебаевтың творчествосындағы қателіктер»- Сұлтанмахмұтты да ондырмайды, тірі Бейсембайды да аямайды. «Б. Кенжебаев ақын- жазушысы» деп... жөнсіз асыра бағалайды да, ақынның алашордашыл, ұлтшыл бағытта болған қателіктерін атүсті сүйей салады... шынында Сұлтанмахмұт ұсақ буржуазияның сойылынан соғушы, соның мүддесін қорғаушы болды.»- дейді. Ол аз болса «... Б. Кенжебаев өзінің бұл ұлтшылдық бағыттағы өрескел қателері талай рет қайталанып көрестілсе де, ол баспасөз бетіндегі мұндай пікірлерге күні бүгінге дейін құлақ аспай, қателіктерін түзеуге тырыспай келеді»- деп сөз етеді Баян Адырбекова өз мақаласында.

Бәлкім, Бейсембай Кенжебаев ұлы ақын С. Торайғыровты жете біліп (танып), жетік бағалағаны үшін кінәлі. Бәлкім «Абай» секілді ұлы эпопеяның алғашқы кітабын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшылары қарсы болуына қарамастан жарыққа шығарып жібергені үшін жалалы...Әйтеуір біздің аңғарғанымыз ол Комитеті, Ғылым академиясы арасында табанды ғалым Бейсембай Кенжебаевқа қарсы жасақталған үлкен күш, екі арада жортуыл, жорық...»- деп жазады өз мақаласында Құлбек Ерғөбек.

«1951-1952 жылдары. Кенесары-Наурызбай қозғалысының кертартпа, феодалдық- монархиялық қозғалыс деп танылуына байланысты даурықпа сынның қызған кезі. Газеттер қазақ оқығандарын шетінен буржуазияшыл-ұлтшыл деп «әшкерелеп» жатыр. Мені де күн құрғатпай әшкереледі...»-деп жаза келе Кенжебаев өз дәптерінде былай дейді: Ол кезде қазақ университетінің ректоры профессор Төлеген Тәжібаев. Төлеген әрі депутат, әрі Орталық Комитеттің мүшесі. Қысылған соң бір күні, осы Төлегенге барып сөйлесейін: мәселенің мән-жайын түсіндірейін, жәрдем етуін, әділдігін айтып, ара түсуін сұрайын деп ойладым...

Бардым. Ойыма алған әңгімемді айта бастадым. Төлеген тез сөзімді бөлді:

-Сіз Торайғыров жинағын шығарған екенсіз. Оны еш жерде айтпай-ақ та қойыңыз, өзіңізге еңбек, заслуга деп те есептеуші де болмаңыз.- деп тағы бірдеңелерді айтып, шығарып салды, ішімнен «сенген қойым сен болсаң...» деп кете бардым деп жазыпты Кенжебаев өз дәптерінде» Ғалым архивінде осындай жазба сақталған.

Жақсы аталып, жайсаң жазамат атанып жүрген қазақтың маңдай алды адамының да түсінігі осындай ол кезде. Бәлкім білместік. Бәлкім басын алып қашу. Басты мәселе- Сұлтанмахмұтта деп тұрған жоқ. Гәп-Бейсембай Кенжебаевта. Артына шала байланған кісіні қолдау- жалалы адаммен бірге жалалы атану, бірге жауапты болу. Жақсы азамат болғанымен өккі әкімнің қашып отырғаны- осы жайлар! Оның Сұлтанмахмұттан қашуы Кенжебаевтан қашу, оны қолдаудан қорқу. Мұндай адам, ұзамай М. Әуезов пен Б. Кенжебаевты теріс көзқарастары үшін бір бұйрықпен қызметтен босатады да. Алаштың кенже баласындай Кенжебаевқа енді университеттің есігі де жабылғалы тұр..

Жақсылыққа дегенде алтыбақан алауыз қазақтың, жамандыққа келгенде ынтымақшыл топтың әрекетінің «нәтижесі» қандай? Нәтижесін білу үшін біз ғалымның күнделігіне үнілеміз.

«Бір жылдан кейін- деп жазды ол күнделігіне,-1953 жылы март айында аудандық, қалалық партия комитеттері мені партия қатарынан шығарды. Қазақтың С.М. Киров атындағы мемлекеттік университеті қызметтен босатты. Осыдан мен тоғыз ай қызметсіз отырдым: жау деп ешбір мекеме қызметке алмады, ешбір газет-журнал жазғандарымды баспады.» Бірқатар жолдастар маған жоламай кетті. (Болқан, бастан өткен

оқиғалар, 37-38 беттер) Әрине «ұлтшылсын» деп көзге шұқығанға көнер, мәжіліс сайын сыналар, сөзге шыдар. Ал адам пенде ретінде қалай күн көрді десеңізші? Алда үрей туғызып үрдектеніп келе жатқан қатерге қалай қарсы тұрды? Басына қаралы күн туғанда «достарының» жоламай кеткеніне өлердей өкінген ол «Тек бірді –екілі жолдастардың аударуға алған кітаптарын аударысады. Сонымен күнін көреді. Кейде баспа орындары біліп қалып, оны да бергізбей қояды.» «Күн жауғанда қойнында, күн шыққанда мойнында» болатын жалған достарын қойып, басына бәйге тігіп, жалалы жанға жақындап, аудармаға тартып, нәпақа бөліскен «бірді-екілі жолдастары» кім? Осы жайында ғалымнан сұрағандарға ол ерекше еміреніп, зор ризашылықпен тебіреніп былай деп жауап берген екен: «дарынды аудармашы, үздік әдебиетші, ғазиз жүректі жан-Әбен Сатыбалдиев болды.» Сол қиын кездерде аударма материалдарын да бергізбей қойыпты, сонда ғалым Ә. Сатыбалдиевтың атынан алып, аударып күн кешкен екен. Жазушы- ғалым Меңжамал Кенжебаева: -Тарыққанда күйсандық сатып, нан-пұл ажыратпақ болдық. Сонда көрші- қолаң «халық жауы, партиядан шығарылған ұлтшылдың күйсандығы құрысын, бөлесінен аулақ», - деп алмады. Бейсембайдың қымбат кітаптарын базарға апарып сатып, нан қылған күндеріміз болды ғой қарағым-деген кезінде тарыққан, зарыққан жылдарын есіне алып. Көңілсіз күй, күйсіз күндер қанша уақытқа созыларын кім білсін, егер де Бейсекеңнің шешімді әрекеті болмаса. Өзінің тәуекелшіл әрекетінде ол: «Қалалық партия комитеті партиядан шығарған соң, мен облыстық партия комитетінің екінші секретары, сол кезде бірінші секретардың қызметін атқарып отырған З.А. Бунаков жолдасқа барып жолықтым, жайымды айттым. Партиядан шығармақ түгіл жапқызып, атқызып тастасаңыз да материалдарды түгел жете тексеруін өтіндім. Ол кісі соған уәде етті.Істі партия бақылау комиссиясына беріп алты- жеті ай тексерді (Аталған қолжазба,38 бет)» Сөйтіп жүріп өзінің қатесін мойындағансып Социалистік Қазақстан газетіне хат жазумен болды. Асылында қаралау, солақай мақала авторларының бір апарасы жастай өлген Сұлтанмахмұтқа кекті, оны ұлтшыл- буржуазияшыл, алашордашыл ақын кебінін кигізіп, халық қолынан тартып алып, жапырып тастамақ. Саяси науқан кезінде, одан кейін де Бейсекең өзі жайында әртүрлі әрекетке барған адамдардың бас- басына хат жазып, айптарын айтып,аярлықтарын бетіне басқан. Сондай хаттың бірін Ісмет Кеңесбаевқа да жазған.

Халық деп атқарған істің, мезетінде азабы қаншалық зор болуына қарамастан, аяғы-қайыр! Су ағады, тас қалады. Кезеңдік саяси науқанды малданған мансап иелерінің іс-әрекеті теріске шықты, ғалым пікірі әділетке айналып күні бүгін салтанат құрып отыр. Қазір Сұлтанмахмұт атын атасақ ойымызға ұлы ақын мұрасы үшін күрескен де тірескен Бейсекеңдей ғалым есімі қоса оралады. Кезінде тірескен табанды іс-әрекеті үшін белуардан сор кешсе, бүгін «Сұлтанмахмұттанудың негізін салушы» аталады, ұрпақтарынан алғыс алады...

ӘОЖ 882.151.212.2-091

Ж. АЙМАУЫТОВТЫҢ “АҚБІЛЕК” РОМАНЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТЫ ТАНЫТАТЫН ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Ж.Т. КЕТИКОВА

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұгілімі, Қараоба орта мектебі, Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы

Тіл — этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының негізгі көрсеткіші. Кез келген тілдің көрінісі этностың тарихына, мәдениетіне, шаруашылығына байланысты болып, сол тіл туралы мол деректер беретіні белгілі. Ұлттық болмыс пен танымды бойына сіңірген тылсым дүние сырын бейнелейтін қазақ тіліндегі сөз маржандарының табиғатын тануда тіл байлығымыздың ең өзекті саласының бірі ретінде этнолексика ерекше назар аудартады. Осы орайда этнолексиканы тануда соңғы жылдарда өріс алып келе жатқан этностың өзіндік болмысы мен танымын, этнос бейнесін «тіл әлемі» арқылы ғана танытатын этнолингвистикалық зерттеу саласын айрықша атауымызға болады. Тілді мәдениетке қатысты зерттейтін, сонымен бірге тілдің қызметіндегі және дамуындағы тілдік, этномәдени және этнопсихологиялық факторлардың өзара әсерін, бір-бірімен байланысын қарастыратын тіл білімінің жанадан дамып келе жатқан саласы — этнолингвистика. «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» этнолингвис-тиканың кең түрдегі ұғымына мынадай анықтама берілген: «Этнолингвистика, қандай тәсіл арқылы берілгеніне қарамастан, — мәдениеттің, халықтың психологиялық және мифологиялық «мазмұнын» лингвистикалық әдістер көмегімен зерттейтін кешенді пән». Академик Ә.Қайдардың «Этнос және оның тілін біртұтас, өзара тығыз байланысты құбылыс деп қарасақ, тіл қоғамда тек сол этностың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар оның (этностың) бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасы асыл қазына ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі тағы бар» деген тұжырымы тілді зерттеудің этнолингвистикалық негізін белгілегендей.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистиканың ғылыми-теориялық алғышарттары Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, М. Копыленко т.б. ғалымдардың зерттеулерінде жасалса, Р. Сыздық, Ш. Сарыбаев, О. Нақысбеков, Т. Жанұзақов, Б. Қалиев, Н. Уәлиев, Ж. Манкеева, С. Сәтенова, Р. Шойбеков т.б. ғалымдардың еңбектерінен этностың рухани-материалдық мәдениетіне қатысты этнолексиканың зерттелуіне байланысты құнды, маңызды деректерді кездестіруге болады. Қазақ тіліндегі тұрмыстық лексиканы құрайтын қазақ

халқының материалдық өндірісінің деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктерін, киім-кешек атаулары мен тұрмысқа қажетгі бұйымдары, қазақтың қолөнер бұйымдары қазақ халқының материалдық қана емес, рухани байлығының да көрсеткіші. Осы тұрғыдан келгенде этномәдени лексиканы рухани мәдениет лексикасы және материалдық мәдениет лексикасы деп шартты түрге бөлу қажеттілігі туындайды. Профессор Е. Жанпейісов: «*Этнолингвистика өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінен жалпы тарихи категория болып табылады. Себебі ол этностың қазіргісін емес, көбінесе өткенін зерттейді. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді*», - дейді.

Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында қазақ халқының ұлттық өмірін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын бейнелейтін этнолексикалық қолданыстар өте көп кездеседі. Романда қазақ өмірінің болмысы, ондағы этнографиялық суреттеулер алуан түрлі детальдар арқылы бар сипат-айшығымен көрінеді. Бұл орайда: «Ақбілектегі» дуана Іскендірдің үстіндегі ылдырмақ-сылдырмақтарын естеріңізге түсіріп көріңіздерші, сонда сіз Аймауытов прозасындағы этнографиялық суреттеулер мен сан түрлі детальдардың молдығына, оның бізге үлкен ғибраттық мән-мағынасы бар екеніне көзіңізді жеткізесіз» деп жазады Г.Бельгер. «Ақбілек» романын оқып, танысып, талдау үстінде кемел ой мен көркем, нақышты тілге, келісті суреттеулерге кез боларымыз хақ. Оны романның кез келген тұстарынан, атап айтқанда, ауыл көрінісі мен табиғат тамашаларынан, адам портреттерінен, этнографиялық деректерден де кездестіреміз. Сонымен қатар романда заттық мәдениет лексикасына қатысты ұлттық киім-кешек атаулары, ыдыс-аяқ атаулары, тағам атаулары да жиі ұшырасады. Жазушы шығармаларында кейіпкер бейнесін сомдауда мольнан кездесетін материалдық мәдениет құндылықтарына жататын осы сияқты **этнографизмдерді** былайша топтауға болады: **а) қару-жарақ, тұрмыстық құрал-жабдықтар; ә) салт-дәстүрге және дінге қатысты атаулар; б) ел басқару және қоғамдық-әлеуметтік өмірге қатысты атаулар.** Ғалым А. Сейіл-хан өз зерттеуінде: «*Этноатаулар көркем шығармада тіл мен әдебиеттің ғана байланысын көрсетпей, ұлттық болмыс пен ұлттық белгіні де танытады. Осының өзі қаламгерлер тілінде этномәдени фон жасаудың негізгі құралы*», - деп анықтама береді. «Ақбілек» романындағы этнографизмдер бір жағынан, ұлттық болмысты көрсетсе, екінші жағынан белгілі бір стильдік жүк арқалап тұрады. Мысалы: «...*Ақбілектің көзі тоқтап тұра алмай, сырғанап келіп жер ошақтың басындағы қазақтың қара құманына, қара астауға, жырық шөмішіне келіп тоқтады. Орыстың қолына түскен әлдеқандай сорлының астауы, шөміші екен?*» [86]. Осындағы *жер ошақ, құман, астау, шөміш* арқылы автор бөтен ортада тұтқынға түскен Ақбілекке солардан жақын нәрсенің жоқ екенін көрсете отырып, Ақбілектің уайым-қайғысынның қаншалықты терең екендігін байқатады. Жазушы ұлттық нақышты білдіретін мұндай этнографизмдерді кейіпкердің психологиясын беруде де өте шебер пайдаланған. Мысалы: «*Қойтекеннің астында желқом, оның астында торшолақ, қолында шығыршықты кендір қамшы, кигені шолақ қара тон, аяғында шона бас шоқай. Жыртық мильық, жалбыр тымағын қолына алды...*» [213]. Осындағы киім атаулары арқылы автор:

- кейіпкердің қандай әлеуметтік топтың өкілі екендігін;
- сол арқылы оның тұрмыс-тіршілігін;
- қазақ даласындағы жалпы тұтас қоғамның бейнесін танытады.

Жоғарыдағы мысалда берілген кейіпкер *торшолақ, қара тоын, шона бас шоқайы, жыртық мильығы мен жалбыр тымағы* оның кедей ортасынан шыққандығын білдіреді. Ал «*Басымда барқытпен тыстаған қара елтірі жекей тымақ, үстімде орысшалау пенжек, шалбар бар. Сұр шапан, сар сафиянға қара ала жапқан күміс белбеу... Белбеуімдегі жарғақ далбағайым, шашақты сары қынды мүйіз сапты өткір кездігім - менің өнерсіз жігіт еместігіме айғақ болар*» [77] деген сөйлемде автор киім атаулары арқылы кейіпкердің, яғни Бекболаттың дәулетті ортадан шыққанын, өнерден құр алақан емес екендігінен хабар береді. Тіліміздегі киім атауларына байланысты туындаған мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер арқылы қалыптасқан ұлттық таным, ұлттық мәдениет, халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері оның баға жетпес тілінде ғана бейнеліп, көрініс табады. Осыған байланысты қазақ тіліндегі киім атаулары арқылы жасалған мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер халықтың тұрмыстық, әлеуметтік тәжірибесінің негізінде пайда болған сан ғасырлар құпиясы сақталып келген танымдық табиғаты оның тілдік бейнесінде айқын көрінеді. Мысалы, «Кенесті ел азбас, кеңінен пішкен тон тозбас», «Көлеңкеге қарап, көйлек пішпес болар», «Пішілмеген етігінді мақтама, орылмаған тарынды мақтама», «Шақырусыз тойға барғанша, шарығынды ки де қойға бар», «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді», «Қасқыр ішік киген қасындағы жолдасының тонғанын білмес» және «Тонның ішкі бауындай», «Шен алып, шекпен киді», «Кебіні жоқ, көрі жоқ», «Бөріктің намысы бір», «Байпағынан басқа сүйенері жоқ», «Қардан кебіс, мұздан құрсау», «Көн етіктіге құрым шұлғау», «Кебіс басы қар», «Тон жамылды» халықтың болмысын, ерекшелігін танытатын, яғни ұлттық философиялық ойдың мазмұндылығын дәйектейтін, этносқа тән дүниенің тілдік бейнесін танытатын фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер тілімізде көптеп саналады. Киім атаулары көркем шығарма тілінде, яғни суреткердің де тіл шеберлігінен, көрінеді. Киім атаулары арқылы кейіпкерлерінің мінез-құлқын, әлеуметтік жағдайын, іс-әрекетін, адами қасиеттерін суреттеуде Ж. Аймауытовтың «Ақбілегінен» байқауға болады. Жазушы Ақбілекті оқырмандарға алғаш таныстырған сәтте де этнографизмдерді, соның ішінде киім атауларын қолданады: «*Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі - жас түлегі, айы-күні - жалғыз қызы алтын сырға, күміс шолпы сылдыратып, ақ көйлегін көлеңдетіп, қызыл-жасыл көрпелерін қағып үйге әкелген еді*» [73]. «*Шапаны биқасап, әдібі батсайы, жеңсізі дүрия, көйлегі батес екенін айтысып,...Бозінген Ақбілекті былай қойып, көйлек жайынан қыздармен айтысып кетті* [1;125]. Бұл

сөйлемдердегі *алтын сырға, күміс шолты, биқасап шапан, батсайы әдіп, дүрия жеңсіз*, Ақбілектің ауқатты тектен шыққандығын білдірсе, роман басталар сәттегі Ақбілектің үстіндегі *ақ көйлегі* оның арына еш сызат түспеген, ата-анасының пәк, үлбіреген ерке қызы екендігінен хабар беретіндей.

«*Күнісін жамылып, қара домалақ келіншегі - Алтынай тырпылдап келіп есік ашты*» [93]; «*Алтынайда ақ бәтес көйлек, жасыл жеңсіз де пайда бола бастады*» [95] деген сөйлемдерде автор бұрын тұрмысы нашар болған Алтынайдың кезінде кедей ортадан шыққанын, бара-бара күйеуі Мұқаштың арқасында «ұлықтын» әйелі атанып, дәулетке де қол жеткізгенін оның үстіндегі киімді суреттеу арқылы көрсетеді.

Осы үзінділерді оқып отырғанда қазақ тұрмысының суреті санамызда бейнеленіп, ассоциацияланады. Тілімізде ұлттық мәдениеттің негізгі өзегін құрайтын киім атауларының этнолингвистикалық табиғатын тануда тілдік құралдармен өрнектелген күрделі құрылымын қазіргі қоғамдық сана мен мәдениеттің бүгінгі деңгейіне сабақтастырудың негізі олардың тілінде жатыр.

Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғатын тереңірек зерттеген Ә.Б.Алмауытова: «*Ұлтымыздың этникалық мәдениетінің бір бөлігін құрайтын киім-кешек атаулары - халқымыздың рухани мәдениетінің ең құнды деректерінің бірі. Небір тарихи дәуірлердің куәгері іспетті халықпен бірге жасап келе жатқан, халқымыздың материалдық мәдениетін бейнелейтін тіліміздегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғатын оларға байланысты фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден айқын көруге болады*», - деп жазады. Кейіпкердің киімін бейнелеген сөз қолданыстары шығармаға экспрессивті-эмоционалды рең беріп, образды айшықтап, автор ойын нақтылай түседі. Романда киім-кешек атауларынан басқа үй жабдығы, ыдыс-аяқ, тағам атауларына қатысты этнографизмдер де көптеп кездеседі. Сөзімізді мысалмен дәлелдесек: «*Өмірі бітпеген қара ала сырмақ та, ақ киіз де төр алдында пайда болды. Бұрынғыдай емес, көк ала әбдіренің аузын да көбірек аша беретін күйге ұшырады*» [94]; «*Медеужанға ұқсаған бет-аузы қожалақ таукенішк самаурын...*» [97]; «*Қою, салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шытылдайды*»; «*Аққа қалай ауыз тиді, солай ірімшік, құрт қайнатам деп арпалысады. Оның есесіне қыстыгүні сорпаға, көжеге сарқасқа қылып құрт езіп, тойып алса, бойы қыз-қыз қайнап жүреді*» [96]. Бұл этнографизмдердің барлығы сол замандағы тұрмыс-тіршілікті, ауыл өмірі мен әлеуметтік жағдайды суреттеуге қызмет етіп тұр.

Осы жоғарыда келтірілген мысалдардан кейіпкер образын ашуда автор этнолингвистикалық атауларды орынды қолданып, оның табиғатын, болмысын аша түседі. Жазушының сөзді түрлендіріп, мағынасын кеңейтіп, көркейтіп қолдануда өзіне тән стильдік-тілдік ерекшеліктері анық байқалады. Романдағы ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісін бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады: **ұлттық психология, ұлттық тұрмыс-салт, ұлттық өлшем, ұлттық әдет-ғұрып, діни дүниетаным**. Сонымен, романда кездесетін лингвомәдени бірліктер төмендегі ұғымдармен тығыз байланысты:

- романдағы көне түркілік, тотемдік ұғымдар, шаманизм сарындары;
- тәңірге, ата-бабалар аруағына, отқа табыну, пірге сыйыну;
- дүниеден көшкен жанның аруағын еске алу; жоқтау, көңіл айту;
- салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, ырымдар (келін түсіру, күйеу кәде, жасау, шашу, сүйінші, көрімдік, байғазы, түс жору, т.б.)
- бата, алғыс мәнді, қарғыс мәнді сөздер, т.б.

Жазушы тілінің даралығын ұлттық мәндегі сөздер мен тілдік қолданыстардан, ұлтқа тән ойлау қызметінің ерекшеліктерінен де аңғарамыз. Г. Снасапова «Авторлық дүние бейнесінің ұлттық және танымдық сипаты « атты мақаласында: ... мәдени ақпаратқа бай, дүниенің тілдік бейнесіндегі ұлттық сипаты айқындайтын мәдени «ең-таңбасы» бар бірліктер болып табылады. Бұл көп қаламгерлерде кездесе бермейтін жайт. Осы арқылы сөздің ішкі формасы ашылып, тасаланған мәдени ақпараттар алынады,» - деп жазады. Осындай ерекшелікті Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романынан да көруге болады. Романдағы дүниетанымдық сөздерді халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыпмен тікелей байланысты туындаған **ұлттық салт-дәстүр лингвомәдени бірліктері** деп атаймыз. Өйткені ұлттың өмір сүруі барысында қалыптасқан сөздердің көпшілігі ұлт санасында берік орын алған салт-дәстүрлердің арқасында сөздік қорымызға енгені белгілі. Салт-дәстүрлер әрбір халықтың тәлім-тәрбие беру ережелері мен нормаларының жиынтығы болып табылады. Романда ұлттық салт-дәстүрлердің сан алуан түрі көрініс тауып, шебер сөзбен өрнектеліп берілген.

Өз ұрпағының өнегелі, өнерлі азамат болып өсуін армандаған халықтың жарасымды салт-дәстүрлері де мол. Соның бірі - *күйеу кәде*. Романда «Құдағи, мұнда келіңіз!» деп, Ақберген астың алдын ана жақтағы қайын ағасына жіберу керектігін білдіреді. «*Ойбай, жей беріңдер, қарақтарым! Күйеу кәдесін соң істерсіңдер, - деп еді. Бекболат сақау кісіше ымдап болмаған соң, Ұрқия табақты ауыз үйге апарып, бір жапырақ кесіп беріп, қайта әкелді*» [202]. Осы үзіндідегі күйеу кәде дәстүрі - күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан игі дәстүрлердің бірі.

Халықтық салт-дәстүрлердің бірі - бала өмірге келгенде қуанышқа ортақтасып, *құтты болсын айту*. Мысалы: «*Бір күні Ақбілектің көңілін сұрағалы Ұрқия келді. Келмегелі бір жұма боп қалған ғой. Ақбілек емшегі қайтып келе жатқан кезі ғой. Өзі бүйтіп жатса да, жеңешесіне «құтты болсын» айтты*» [231]. Мұндай қуаныштың тағы бір үрдісін Ақбілек пен Балташтың, Төлегеннің Мамырбайдың үйіне келгендегі сәтінен байқауымызға болады. «*Қатындар шуласын: - Е, ақсақал, үлкен кісі! Балаларың келіп, көзайым болдың ба? Мынау жігіт күйеу бала екен ғой! Өмір жастарың ұзақ болсын! Балаңыз құтты болсын! - десіп жатыр*»

[274]. Осындағы «балаңыз құтты болсын» деп ауыл әйелдерінің қуанышқа ортақтасуы, жастарға бата беруі де жарасымды суреттер арқылы берілген.

Қазақ халқын басқа ұлттардан ерекшелендіріп тұратын тағы бір игі дәстүр - ат қою дәстүрі. «*Жеңеше-ау, осының атын Ескендір деп қайдан қойып жүрсің? Орыстар Александр дейді ғой, - деп сұрады. Ұрқия баяғыда түсінде Іскендір дуананың балапан ұстап бергенін есіне алып:*

- Ескендір дуананы ырым ғып, атын Ескендір қойып едім, - деді» [277]. Міне, осындағы Ұрқияның балаға Ескендір деп ат қоюында үлкен мән бар. Жалпы, қазақта балаға ат қойғанда өмірден көрген-түйгені мол, ешкімге жамандық ойламайтын жақсы адамдардың аттарын қояды. Романда Ұрқия да Ескендірдің есімін осы дәстүрге сүйеніп, дуананың жолын берсін деп қойғаны аңғарылады.

Қазақтың салт-дәстүрлері - халықтық сананың сәбилік шағында туып, бүгінгі күнге дейін өмір кешіп келе жатқан бай мұра. Осындай сарқылмайтын кен, асыл мұраның бірі - *келін түсіру* салты. Бұл - отбасылық сән-салтанаттардың бірі. Дәстүрлі қазақ қоғамында мұндай салтанатқа бүкіл ауыл болып дайындалған. Келіннің алдынан ауылдың қыз-келіншектері шымылдық алып шығып, шашу шашады. Бұдан кейінгі барлық тиісті рәсімдер орындалып болған соң, келінді өзіне арнайы тігілген ақ отауға енгізеді. Оң аяғымен аттап кірген келінді сол жақтағы төсекке құрылған шымылдық ішіне кіргізіп отырғызады. Дәл осы дәстүрдің жарқын көрінісі «Ақбілекте» әдемі суреттелген: «*Жасауын жайнатып жиып, кілем, көрпе-төсегін оюлы ақ отауға әкеліп, кіргізеді. Қурулы шымылдық ішінде бықырлаған қыз-келіншіктердің ортасында Ақбілек отырады. «Келінді көреміз» деп үлкен қатындар келгенде, Ақбілек сызылып түрегеледі*» [198], немесе: «*Күйеу келтіріп, келін түсіріп, шәлі салындырып, көрімдік сұрап, үлкен қатындарша тамсанысып, сыңқып сөйлесер еді*» [119]. Бұл тұстан осы бір тамаша салт-дәстүр өз бойына бірнеше ұлттық мәдени ұғымдарды біріктірген тұтас құрылым екенін көруімізге болады.

Романда кездесетін ұлттық танымды білдіретін келесі бір лингвомәдени ұғым - «*жоқтау*». Бұл - қазақ халқының дәстүрлі ғұрыптық салты, тұрмыс-салт жырларының бір түрі. Қазақ халқының әдет-ғұрпы бойынша, жоқтауды марқұм болған адамның артында қалған әйелі, қызы, қарындасы, келіні, басқа да туыстарының әйелдері айтады. Романда Ақбілектің анасы өз қызы үшін басын қатерге тігіп, соның жолында құрбан болады. Анасынан айырылған, оның үстіне талай зорлық көрген Ақбілек әбден есеңгіреп қалса да, жеңгелері үйреткен жаттанды жоқтауды «солай болуға тиіс екен» деп айта берді: «*Алғашқы кездегі Ақбілектің ісі: басына қара салу, бата қыла келген қатындарға көрісу-жылау, үһілеу, күрсіну, алдына тосқан құманға қолын тосып, көз жасын шаю... Бұрынғыдай емес:*

...Есіктің алды қазған жар,

Жар жағалай қаз қонар.

Жан апамнан айырылып,

Ішімде қалың қайғым бар...» деген тәрізді, жырынды жеңгелері үйреткен, құрама-сұрама жоқтауын, кісі келсе, сұңқылдатып қоя беретін болды [181]. Жоқтаумен байланысып жатқан тағы бір ұлттық бірлік - *көңіл айту*. Бұл - азалу адамды жұбаттуға арналған дәстүрлі ғұрыптық салт. Бұл ізгі дәстүр көп халықтарда ертеден бар. Көңіл айту қайғыға ортақтықты, жақындықты, сыйластықты білдіреді. Қазақ халқында жеке адам, отбасы, ауыл, ру басына түскен қайғы-қасірет, өлім-жетімге байланысты көңіл айту қара сөзбен де, өлеңмен де айтылады. Романда бұл салттың көрінісін мына тұстан байқаймыз: «*- Анаңның артқы жақсылығын берсін! Құдай әмірі, бәрі мақұл. Тек өз маңдайларын ашылсын! - деп, үнсіздікті Ақберген сейілтті*» [202]. Қазақ халқында көз тарту, алақан қышу, нық тарту, түс көру, т.б. әрекеттерге қатысты ырымдар ежелден сақталған. Берілген үзінді де соған дәлел бола алады: «*Қасындағы қыздарына қабақ шытып, қаңқыл етіп, дауысы сыңқыл-сыңқыл етіп:*

- Көзім тартып тұрғаны несі? - деп, бір бұраңдап қойған еді...

- Жай тартады да, қуанасың ... қай көзің?

- Қуанар ем: сол көзім..., - деді бітті, кім елеген ондайды? [73]. Осы бір кішкентай ғана келтірілген үзіндіде Ақбілек көзінің тартуынан-ақ алда бір жамандықтың боларын сезгендей еді. Жалпы алғанда, «Ақбілек» романының өне бойы ұлттың таным-парасатын, болмысы мен дүниетанымын көрсететін, тек қазақ халқының өзіне тән ерекшелік, салт-дәстүрлер, наным-сенімдер, ғұрыптар жиынтығының қойнауы десек, артық болмас еді. Автор романда қазақ халқына тән ұлттық қасиеттерді ата-салт, дәстүр жалғастығымен байланыстырып, қанға сіңген, бойға біткен киелі болмыс-бітімді, ұлттық пайым-парасатты асқан көркемдікпен шебер жеткізе білген.

Т. МОЛДАҒАЛИЕВТИҢ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

М.А КИСИНА

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ақтоғай ауданы, Қараоба ауылы

«Балалар әдебиеті – қиын әдебиет. Оның бірталай өзіндік ерекше сипаттары бар. Балалар кітаптарында әрекеттің нақтылығы мен образдың көрнектілігі, лириктік сезімталдылық, характерлер мен уақиғаның динамикалық түрде дамуы, тіл тазалығы мен тартымдылығы қажет» [1, 74] - деген С.Қирабаев пікірі балалар әдебиеті сияқты әдебиеттің жеке бір арнасының өзіндік ерекшеліктері жайлы мәлімет береді. Шындығында да, балаларға арнап шығарма жазу – қаламгерден үлкен жауапкершілікті талап етері сөзсіз. Өйткені балалар ақыны жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін, оның дүниетанымын кеңейтетін шынайы көркем шығармалар жазуы қажет. Қаламгердің айтпақ ойы жас оқырманның көңілінен шығып, жүрегіне жылы тиюі шарт. Сонда ғана ол шығарма балаларды ізгілік, адамгершілік әдептілік, адалдық, еңбексүйгіштік, инабаттылық, тәртізді өзге де игі қасиеттерге баулып, жалқаулық, көрсеқызарлық, тентектік, сотқарлық пен бұзақылық сияқты мінездегі міндерден сақтандырады, ал қаламгердің шебер киноластырған сөз өрнектері бөбектерге эстетикалық тәрбие береді. И. Лейбсон «Өлең неге үйретеді» еңбегінде: «Иә, өнер оның ішінде поэзия – тәрбиенің ең күшті құралы» [2, 13] дейді. Балаларға арнап шығарма жазатын қаламгер өзін тек сөз зергері ретінде ғана емес, сонымен қатар тәрбиеші, кеңесші және нұсқаушы ретінде де сезінеді [2, 225].

Қазақ балалар әдебиетінен өз орнын алып, әдебиет деген «қазына аралында» ғасырдан-ғасырға жететін байлық қалдырып отырған көрнекті ақынымыз Тұманбай Молдағалиев балалық шақ, оның қызығы, қала берсе балаларға тәрбие берерлік көптеген өлеңдер жазды. Сол өлеңдері жинақ болып, балалардың сүйікті кітаптарына айналып, жарты ғасырдай олармен бірге өмір сүріп келеді. Оның басты себебі, ақынның түсінікті де жеңіл тілі, адам психологиясын жете түсінуі, балаларды үлкен адамдарша елеп олармен тез тіл табысып кетуінде сияқты.

Т. Молдағалиев шығармаларының дені балалар әдебиетіне арналған десек қателеспейміз. Оның алғашқысы балаларға арналған өлеңдері мен дастандары. 1961 жылы «Құралай» атты балаларға арналған өлеңдер жинағы шықты. Содан кейін 1977 жылы «Бөбегімін Ильичтің» деген атпен өлеңдер жинағы жарық көреді. Сонымен қатар бірнеше өлеңдері баспа жүзінде жарық көріп жүреді. Әсіресе «Пионер», «Балдырған» журналдарында көптеп жарық көреді.

Т. Молдағалиевтің өмір жолы, әсіресе балалық шағы қиын-қыстау кезеңге тура келген. Әрине, ол кездің балаларының барлығы дерлік қиындық көріп өсті. Соғыс кезі мен соғыстан кейінгі кезде барлық балалар өз басынан сондай қиындықты өткізді деуге болады. Т.Молдағалиевтің әкеден, шешеден жетім қалғаны, оның өмірі одан әрі қиындата түседі. «Өзім туралы сыр» деген өлеңінде ақын өзінің осындай қиындықпен өткен балалық шағын еске алады.

Т. Молдағалиевтің көптеген өлеңдері негізінен балалардың жүрегіне жана жол, жана арна салуға арналған десек қателеспейміз. Оның өлеңдері философиядан тұрады. Балалардың өз өмірі жайында ойлануына, болашағын кіші кезінен-ақ болжауына жағдай жасайды. Мәселен «Заманның ұлы болуды» [3, 30] деген өлеңінде жеткіншектердің арманын өз арманындай етіп көрсете:

Заманның ұлы болуды,
Ойлайды іштей әркім-ақ.
Тыңдай ма бірақ онынды,

Тіршілік деген арғымақ - деп сегіз буынды, егіз өлең ұйқасымен өріп әркімнің-ақ арманын өз атынан ойлады да, «тіршілік деген арғымақтың» ол арманынды тыңдай ма деген ой тастай кетеді.

Ұста өз бұйымдарын түрлі затпен қалай әшекейлесе, ақын да өз жырларында көркемдегіш құралдары (ажарлау, құбылту, айшықтау) орын тауып қолданары хақ. Бұл жерде нағыз ақынға тән шеберлік қажет.

Ақын өлеңдерінде троптар мен фигуралар көптеп кездеседі. Көбінесе ақын өлеңдерінде балаға әсерін тигізетін, олардың фантазиясын дамытып, ойлау шеберліктері мен қиялын ұштайтын кейіптеу әдісі көп қолданылады.

Қалғиды қысқы орман
Мүлгиді қысқы орман
Айрылып қалған соң,
Жаздағы құстардан [4, 46] деп қысқы орманға жан бітіреді.
Қарағай, емен бақ
Ортаға қайынды ап
Бір-бірін аялап

Бір-бірін түр қорғап, -деп ағаштарға да жан бітіреді. Өлеңді құбылтудың ерекше ұтымды пайдаланылғанын тұсы деп айтуымызға әбден болады. Ағаштар ортаға қайынды алып, бір-бірін аялауы, бірін-бірін қорғауы жансыз нәрсеге жан бітіріп бала қиялында шын мәнінде де сондай болып жатқан секілді көрінеді, елестетеді.

Мүмкін бала бұл өлеңді оқып болып ағаштармен сөйлесіп те, тілдесіп те кетер. Бұл оның табиғатты сүюіне, табиғатты қорғауына, оны түсіне білетін нәзік сезімді жан болып өсуіне игі әсер тигізетін сөзсіз деп білеміз.

«Обь өзені» [4, 87], «Ақ қар, көк мұз айнала» [4, 81], «Көктем келді» [4, 80] өлеңдері де кейіптеу әдісіне толы өлеңдер.

Т. Молдағалиев балаларға арнап жазған шығармаларында көбінесе өлеңді кейіптеумен жазады. Оның өзі түсінікті болса керек. Балалардың психологиясына өте тиімді келетін осы әдіс бір поэзияда емес, сонау ерте заманғы төл мәдениетіміздің, ауыз әдебиетіміздің бір емес бірнеше жанрларында кездеседі. Ертегінің өзінде, осы әдістің молынан пайдаланылып жүргендігі, оны тәрбиелік мәніне ешқандай кедергісін келтірмейді. Керісінше, балаға түсінікті болуына оның фантазиясын дамытуға, жансыз нәрсеге жан бітіру нәтижесінде баланың оларға терең сезіммен қарауына көп ықпалын тигізеді. [5, 80]

Ақынның өлеңдерінде көптеп кездесетін троптың түрі теңеу. Теңеу арқылы ақын өлеңдерін оқырмандарына қызықтыра жетуін қамтамасыз етеді. Мәселен оны:

Күн қабағы біртіндеп,
Ашыларға бекінді
Қардың асты бүлкілдеп
Қайнап жатқан секілді

-деген өлең шумағынан байқауымызға болады. Немесе:

Жатыр әсем көл тұнып,
Көзіндей жас ботаның.
Құшақтаймын толқынның,

Қуанышқа батамын. Осындағы теңеуге мән беріп қаранышы.

«Жатыр әсем көл тұнып, \ \ Көзіндей жас ботаның», -дейді. Ия, шын мәнінде күшті теңеу. Көлдін әсемдігін ботаның көзіне теңеп, керемет сұлу сурет жасағанына таң қаласың. Осы өлеңнің екінші шумағында:

Жағадағы тал-құрақ,
Өзін содан көреді.
Қозылардай жамырап,

Құстар ұшып келеді, -делінген. Мұнда да ақын күшті теңеу түрін тапқан. Осы өлеңге мән бере қарасаңыз, осы теңеудің өзінен ұлттық ерекшелігі сезіліп тұр. «Қозылардай жамырап» дегендей ғой. Қазақтың қара көз, қара домалақ балалары құстардың қай дәрежеде «шулап» жамырап көлге келіп қонып жатқанын бірден түсіне қояды. Себебі, оның әрқайсысы қозылардың қалай жамырайтынын біледі. Мейлі ол қойшының баласы болмасын, мейлі ол қалада өскен болсын, бәрібір бұл сезім оның қанында бар емес пе? Орманшының баласына осыны түсіндіру үшін құстардың қиу-шикуын қозылардың жамырағанымен теңестірмей, керісінше қозылардың жамырағандарын көз алдарына келтіру үшін құстардың қиу-шикуымен оларға теңей отырып көз алдарына суретті сұлу бейнені келтіру әлдеқайда оңай болар еді деп ойлаймын. Міне, теңеудің өзі ұлттық ерекшелікте болуы керек екен. Ақын оны ойланып отырып келтірген болсын, ойланбай табиғи дарын нәтижесінде келтірген болсын, бәрібір, бұл теңеу өз орнын жақсы тапқан.

Т. Молдағалиевтің өлеңдеріне тың теңеулерімен қатар дәстүрлі қалыптасып кеткен теңеулер де қолданылады. Оны «Тас жүрек» [4, 63] өлеңінен кездестіреміз:

Күн кенет шайдай ашылып,
Аңызак аптап еседі.
Садағын бала асынып,
Тас болып қаты деседі.

Осы шумақтағы «шайдай ашылу» теңеуі қазірде тұрақты тіркестер тобына кіріп кеткен. Сонау заманнан келе жатқан тұрақты тіркестің бірі.

Сонымен, ақын өлеңдерінде дәстүрлі теңеулермен қатар, жаңа өзі жасаған тың теңеулер сол сәттегі құбылыстарды жөнді, әсерлі етіп жеткізудегі орны да ерекше болатынын байқадық. Балалар түгілі өзіміз сол теңеулерден ерекше эмоционалды, әсер күші басым күдіретті танығандай болдық.

Енді ақын өлеңдерінен метафораларға да біршама мысалдар келтірейік.

Аэровокзал - гүл түгел,
Аэровокзал - бір бақша.
Естілгендей күлкілер,
Есігін кеп кім қақса.

Мұндағы ауыстыруы да орынды жасалған екінші тармақта теңеуді пайдалана отырып бірінші тармақтағы метафораны ақын айқындай түсетін тәртізді.

Ақын өлеңдерінде бізді өзіне қаратқан тағы бір фигураның түрі психологиялық паралелизм. Психологиялық паралелизм негізінен күрделі философиялық шығармаларда болады. Ал, балаларға арнап жазылған ақын шығармаларында оның жай түрі, кейіпкердің табиғатпен тілдесуі, соның нәтижесінде кейіпкер мен табиғи құбылыстардың өзгерістерін салыстыра отырып туған. Бұл әдіспен жазылған, дәлірек айтасак бұл әдіс көптеу кездесетін ақынның үнді халық аңызының ізімен жазған «Тас жүрек» өлеңі. Бұл өлеңде бала амалы құрып, бұлақпен бірге қимыл жасайды. Осы жерде ақын табиғат құбылысы мен адамның көңіл-күйін негіздеп тамаша психологиялық паралелизмді тудырған.

Ақын өлеңінде фигураның бір түрі – қайталау да кездеседі. «Т.Молдағалиевтің өлеңінде әдепкі қайталуды немесе анафораның (анафора - биікке шығару) үлгісін көреміз. Ол «Жаз» өлеңінде кездеседі. Мұнда өлеңнің әр ой ағымы бір сөзден басталып отырады.

Жаз келіпті *дегенеше*,
 Алма пісті *дегейсің*.
 Бағымызда *ендеше*,
 Алма теру *қобейсін*.
 Жаз келіпті *дегенеше*,
 Қарбыз пісті *дегейсің*.
 Бақшамызда *ендеше*,
 Қарбыз жинау *қобейсін*.
 Жаз келіпті *дегенеше*,
 Жайлау бардық *дегейсің*.
 Жайлаудағы *ендеше*,
 Қой-қозылар *қобейсін*.
 Жаз келіпті *дегенеше*,
 «Артек» кетті *дегейсің*.
 Хат жазысып тұратын,
 Достарымыз *қобейсін*. [4, 147]

Бұл өлеңнен жоғарыда айтып кеткен анафора үлгісін көреміз. Жаз келіптіден басталған әр шумақ өлеңінің соңына дейін сол қалт сақтаған «Жаздың келуі» деген әр шумақта ақын әр қырын анықтай, айқындай түседі де қайталудың үлгісін керемет жасайды. Бұндай өлең кейде бір көре көркемдік ерекшелігін жоғалтып алған сықылды болып көрінгенімен, балаларға өлеңнің идеясын ұғындыруда, оларға өлеңді жатап алуда таптырмайтын құрал болып көрінеді.

Сонымен ақын өлеңдерінен көретініміз поэтикалық жағына өте шебер қиыстырған, жұмыр, беретін идеясын күрделі де тілі жеңіл шумақтарды қарапайым етіп буын сандарын барынша балаларға ыңғайластырып жеті-сегіз буыннан тырысатындығы.

Т.Молдағалиевтің өлеңдерінде біздің ойлауымызша және зерттеу нәтижесінде байқағанымыз, кейіптеуді өте көп қолданғандығы. Оның өзі балалар әдебиетінде таптырмайтын, ұтымды құрал екенін білеміз. Себебі сонау ауыз әдебиетіміздің үлгілері ертегі жанрынан жалғасып келе жатқан бұл әдіс қазіргі тәлім-тәрбиесі мол балалар әдебиетінің де ұтымды әдіс болып табылатындығында болса керек. Сонымен қатар ақын тенеуді де, қайталуды да, психологиялық паралелизмді де, метафораны да басқа да көркемдеу тәсілдерін шығармаларында ұтымды пайдалана біледі. Бұның өзіне тән ерекшелігі және шеберлігі болса керек.

Өмірдің түйінді мәселелерін көтеріп, балалардың өздерін осындай күрделі оқиғалар желісіне араластырып жіберуі суреткердің тапқырлығынан туған шеберлік дер едік. Заманына қарай сол заман үнімен жаза білді, соның өзінде ұлттықты, ұлшылдықты да үгіттей, насихаттай отырып, керек десеніз теңеулердің өзінде ұлттық ерекшеліктерді молынан пайдалана біледі. Бұның өзі ақынға тән ерекшелігін басқалардан ершелендіріп тұратын өзіндік қолтаңбасы іспеттес. Сондықтан болар, заманының ұлы ақыны жайлы айтылған пікірлер де аз емес. Ол жайында кім сөз қозғаса да терең толғаныс пен сезімін серпілте отырып айтып жатады. Сонау қалт-құлт еткен заманнан творчествалық бастау алып, егемендіктің таңын елмен қарсы алып, елден асыра үн қосып келе жатқан ұлы ақын жайында тебірене отырып айтпаса болмайтын да шығар. Өзімен замандас Мұзафар Әлімбаев Т.Молдағалиев творчествасындағы ерекшеліктерін тізе келіп былай дейді: «Туған әке мен шешеге, аялап өсірген әке мен шеше орнына әке болған оққа ұшқан ағаға, жалғыз әпкесіне, өз перзенттеріне бертініректе немерелеріне деген сүйспеншілік сезімнің жалыны, жарты ғасыр бойында солғын тартпақ, суымақ түгілі ақын поэзиясында түтіні үзілмей лаулай түсіп ылғи тамасандыруымен келеді. Бұл – Т.Молдағалиевтің өзіндік тамашалары. Жалпы қазақ бауырмалдылығы мен мейірбандығына гимн» десе дегендей. [6, 106] Балаларға арналған өлеңдерінің дені ақынның өз өмір жолынан тұрады десек те болады. Өмір жолында тілінің балы басым ақындар да, уы басым ақындарда болады. Екеуін үйлестіре алатындар да, үйлестіре алмайтындар да табылады. Екеуінің арасындағы шек пен шекараны білетіндер де, білмейтіндер де жеткілікті. Тұманбай - тілінің балы басым ақын. Ешкімнің бетіне жел болып келмейтін қыз мінезді, ақпейіл ақын. Адам түгіл ағын су мен жайқалған жапырақтың көңіліне қарайтын сезімтал ақын. Жанашырлық жаршысы, бауырмалдық дәріптеушісі», - дейді. [7, 166].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <http://www.adebiet.kz> Т. Молдағалиев. Шығармашылығы.
2. Молдағалиев Т. Махаббат оты сөнбейді. – Алматы: Жазушы, 1975. – 260 б.
3. Молдағалиев Т. Қош, көктем. – Алматы: Жазушы, 1971. – 240 б.
4. Молдағалиев Т. Жүректегі жазулар. – Алматы: Жалын, 1981. – 200 б.
5. Молдағалиев Т. Жүрегім менің сапарда. – Алматы: Жазушы, 1966. – 220 б.
6. Молдағалиев Т. Хаттар, Хаттар. – Алматы: Жазушы, 1974. – 170 б.
7. Оразалин Н.Т. Молдағалиев туралы толғау сөз. // Егеменді Қазақстан. 1995. 8-маусым. – 8 б.

ӘОЖ [330:658] (512.122) : 008

ҚАЗАҚ БИЗНЕСІНДЕГІ АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ КЕЙБІР КӨРІНІСТЕРІ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ (XV-XX ҒАСЫРДА ӨМІР СҮРГЕН ҚАЗАҚТЫҢ АҚЫН-ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША)

М. ҚОЖАНҰЛЫ, М. ҚОЖАН
 «Polyart» ЖШС, Астана қ.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты кезекті Қазақстан халқына арнаған Жолдауында (14 желтоқсан, 2012 жыл) [1.] «Дәстүр мен мәдениет - ұлттың генетикалық коды», - дегендей, әрбір қазақ бизнесі (кәсіпкері) бойынан ұлттық келбетті ұлықтау, ұлттық ұстаным, ұлттық рух пен намыс, ұлттық таным мен тағылымды өзгеге көрсете білу – бүгінгі уақыттың талабы.

Бірақ та осы уақыт талабы бизнесте үнемі назарда бола бере ме?

«Қазақ қазақпен қазақша сөйлес», - демекші, әрбір кәсіпкер өзінің кәсібінде қазақтың Дала заңында жазылмаған нормаларын, қазақи салт-дәстүрлерін, «Мен» дегізерлік қасиеттері мен төл мәдениеті негізінде қалыптасқан, яғни адами құндылықтар арқылы қоғамда әлеуметтік капиталдың элементтерін қалыптастырады.

Біз, бұл мақалада қазақ бизнесін қазақ мәдениеті мектебінде қалай қалыптастыруға болады? деген сауал төңірегінде ой бөлісуді жөн көрдік.

Өйткені, бұл мәселе ерте ме, кеш пе күн тәртібіне көтерілетіні анық. Сондықтан да осы сауалдың жауаптарын бойында қазақтың қаны бар немесе қазақтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін бойына толық сіңірген (және екі мәдениетті бойына сіңірген өзге ұлт өкілі немесе қазіргі заманғы бизнес өкілі) жиырма жастың ол жақ, бұл жағында ашқан кәсіпкер азаматтардың басынан өткен кейбір жағдайларын қазақтың ақын-жыраулар шығармаларындағы [2.] адамның жасына қатысты өлең жолдарын АДАМ – БИЗНЕС – ЕҢБЕК деп, үштікаралық қарым-қатынасты ПИРАМИДА бойымен сырттай салыстырып қарауға болатын секілді.

Біз, бұл жерде XV-XX ғасырда өмір сүрген қазақ поэзиясы өкілдерінің адамның жасына байланысты жырлаған өлең жолдарын шартты түрде сырттай кәсіпкердің (бизнес) өсу, өрлеу, кей сәтте құлдырау, соңында тұрақтану, қалыпты бір жүйеге түсу арқылы үнемі ізденістегі бейнесі ретінде алып қарастырдық. Алайда, кез келген бизнес (кәсіпкер) саласына адам ертелі-кеш (бұл күнде жасқа қарамайды) келе беруі мүмкін. Сондықтан да төмендегі кесте арқылы бизнес саласына келген 20-30-40-50 жастағы адамдардың бейнесін салыстырмалы түрде қарастырдық. Сонымен:

Ақын-жырау өлеңдерінен үзінді*	ПИРАМИДАмен (немесе БИЗНЕСпен) өрбіген факторлар
Бұқар жырау Қалқаманұлы: Жиырма деген жасыңыз Ағып жатқан бұлақтай. Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы): Бой түзеп жиырмада сылақтаймын. ***	ЖИЫРМА ЖАС: – бастаған ісінің дәмін тату; – білімін ескере бермеу; – тәртібі мен реттілікке мән бермеу; – бәрін дос санау; – тапқан табысына қуану;
Жиырмаға келген соң Жын қуалап ақтадым. Жиырма беске келген соң Жаксыларды жактадым. ***	– «мен» арқылы «өзіне» деген сенімінің пайда болуы; – қазақтың «Мен» дегізерлік қасиеттері мен төл мәдениетімізге жете көңіл бөлмейтіні, санасында «Мен қазақтың» деген сөз жетіп жатқан жоқ па деген ұғым-түсініктің үстем болуы; – ақ көңіл, әр істі бастап, аяғына дейін жеткізе алмауы, психологиялық жағдайға дайын еместігі;
Жиырмада құрып өттім жігіт салтын, Ойламай еш нәрсенің алды-артын. Бар болса елде сұлу менікі деп, Болмапты еш нәрседен сонда паркым. Мәделі Жүсіпқожаұлы Жиырма жас ақ алмастай жалтылдайды, Көргенде көздің жауын тартып енді-ай. ... Жиырма бес барлық жастың алтыны еді-ай Барында қызығынның қиялай бас, Жігіттік оралмайды қайтып енді-ай.	– қателікке бой алдырған, түйыққа тірелген кезде одан шығу жолын айналасынан (ата-анасынан, достарынан) іздеуі; – мәселені шешуде ресмиден гөрі биресми жағдайға көбірек көңіл бөлуі; – «тек мен» деп, өмірдің паркын жете түсінбей шалқып жүрген жас бизнесмен.
Қорытынды:	
– «мен - менікі», «тек мен» деген ұғымның қалыптасуы; – қазақтың «Тәуекел түбі – қайық, мінесің де өтесін» деген принципті ұстануы.	

<p>Бұқар жырау Қалқаманұлы: Отыз деген жасыңыз Жарға ойнаған лактай. Шал ақын (Тілеуке Күлекеұлы) Отызда ағып жатқан бұлақтаймын. ***</p> <p>Отыз жасқа келген соң Әр ісін сүйіп мақтадым. ***</p> <p>Отызда ор қояндай арыстадым, Болса да қайдан дүбір қалыспадым. Бүркіттей тасқа конған талап етіп Алдында хан-қараның қарыштадым. Мәделі Жүсіпқожаұлы Жиырма алты мен отыздың аралығын «Орда бұзар жас» дейді халқым енді-ай От басы емес, жалпы елдің қамын жесен, Соңынан дос-жаран боп халқын ерді-ай. Құлтума Сармұратұлы Жиырмадан шыққаннан соң отыз бардық, Сол кезде қабындады ұрлық-қарлық, Шұбардың арғымағын місе тұтпай, Ат бар деп текежаумыт, Шамбыл бардық.</p>	<p>ОТЫЗ ЖАС:</p> <p>– басталған істің нәтижесін көру; – тәртіп пен реттілік басты мәселеге екенін түсіну, оны толық жолға қоя алмауы; – дос пен дұшпанын толық ажырата алмауы, «дос» деп жүргені алдамшы болуы; – жұмысын әр бағытта кеңейтуді қолға алуы, сол арқылы «білсем, үйренсем» деп ойын әр саққа жүгіртуі; – білімін пайдалану, қосымша білім алу; – көргенінен өзінше ой тую; – тәжірибе жинақтау және ғылымның жетістіктерін пайдалану жолдарын қарастыру; – «Адамның күні адаммен» дегендей, қарым-қатынас жасап жүрген жігіттерге деген сенімін қалыптастыру; – қазақтың «алаған қолым берген» немесе «берсем аламын» деген ұғым-түсінікті бойына сіңіру кезеңі; – адами құндылықтарға бет бұруы немесе қазақтың «Мен» дегізгерлік қасиеттері мен төл мәдениетімізді немесе «Тіл – Сана – Ұлт» деген үштұғырлық ұғымды кітаптан білетін, бойында қазақи қасиеттері бар, әлі де ол қасиеттерді бойына сіңіре алмаған азамат; – 50x50 пайдасы мен зиянын көруі, психологиялық күйзелістерді бастан кешіруі; – психологиялық күйзелістер кезінде қазақтың «сақтықта қорлық жоқ», «сақтансаң сақтанармын» деген мәтелдерін үнемі қатаң есте сақтай бермеуі; – мәселені шешуді ресмиден гөрі көбінесе биресми тұрғысынан ойластыруы; – келеңсіз тұстардан жалтарудың жолын қарастырғанмен одан құтыла алмайтындығын сезінуі және өз-өзіне қол жұмсау әрекеттеріне бой алдыруы; – психологиялық күйзелістер кезінде ішімдікке, немесе түрлі орынсыз әрекеттерге бейімделуі; – «біреудікі бірәуге қыздай» болып көрінуін бастан кешіріп, «қайран жиырма беске» бой алдырып алатын бизнесмен.</p>
<p>Қорытынды:</p> <p>– «мен - менікі» деген ұғымды санасына әбден қалыптастырып, енді «біз - біздікі» ұғыммен ұжым мүддесін ауызбірлік, ынтымақ арқылы басқаруы; – қай жаста, қай болмасын адамның күні адаммен деген ұғымды білдіретін қазақтың «Баланың жеті де тісі түседі, Жетпісте бір-біріңе ісі түседі» деген нақылын басты қағида етіп ұстануы.</p>	

<p>Бұқар жырау Қалқаманұлы: Қырық деген жасыңыз Ерттеп қойған құр аттай. Шал ақын (Тілеуке Күлекеұлы): Қыркымда қынаптағы қылыштаймын. ***</p> <p>Қырық жастан асқан соң, Артық айтқан сөздерім, Сеняң де пайда таппадым. ***</p> <p>Қырық та бір жас екен, қырдан астым, Көңілді тасып жүрген өрең бастым. Жанасып жақсылармен өзіл айтып, Арада сол секілді орындастым. Мәделі Жүсіпқожаұлы Қыркында қыр басына шыққандайсың, Ойдағы мақсатыңды айтып енді-ай. Қақ жарған қара қылды әділ болсаң, Атаңның жайылады жалпы елге-ай. Құлтума Сармұратұлы Отыздан шығып бардық дәл қырыққа, Сол күнде таныс болдық талай жұртқа, Буынып, алмас қылыш қолыма алып, Қайратқа шыдай алмай шықтық сыртқа.</p>	<p>ҚЫРЫҚ ЖАС:</p> <p>– басталған істің басы мен аяғы бар, жүйеге түскен, бірақ та әлі де тиімді бағыттарды қарастыру; – атқарылған жұмыстарын ой елегінен өткізу; – білімінің жетістігі мен кемшін тұстарын толықтыру; – ақыл тоқтатқан, кімнің кім екенін ажыратқан (өріптестік) халге жеткен, көрген-білген, жинаған тәжірибелерінен өзінше ой қорыту; – отандық және шетелдік ғылым жетістіктерін пайдалану немесе тәжірибе, көру арқылы уақыт талабына сай сауатты басқара білу; – тәртіп пен реттілік арқылы ұйымдастыру; – елге, қоғамға пайдасын тигізу басты принципке айналдыру; – қаражатты ұжымға, қоғамға қалай жұмсау деген сенімінің қалыптасуы; – қазақтың «алаған қолым берген» немесе «берсем аламын» деген ұғым-түсінікті бойына сіңіріп, толық аяқталған кезеңі; – қазақтың «Мен» дегізгерлік қасиеттері мен төл мәдениетімізді, «Тіл – Сана – Ұлт» деген үштұғырлық ұғымды өмірден көргені мен түйгені бар қазақи қасиеттерді бойына толық сіңірген азамат; – қателікке бой алдырмау, заң алдында жауапты екенін анық сезіну; – Абайдың «Асығыс түбі – өкініш, Ойланып алмақ – сабыр сол...» дегендей, әрбір іске сабырлық танытып, түрлі психологиялық жағдайларға төтеп беруі; – мәселені биресмиден гөрі, мүмкіндігінше ресми тұрғыдан шешуге талпыну; – еңбек нарық заманына деген сенімі қалыптаса бастаған бизнесмен.</p>
<p>Қорытынды:</p> <p>– «біз - біздікі» деген ұғым арқылы ұжымның ынтымақ, бірлікте қалыптасуы; – «Бұғының мүйізі қарағайдай, өзіне қаңбақтай» деген қазақтың қанағатты сөзін өз ісі өзіне лайықты екенін басты кредосы етіп алуы.</p>	

<p>Бұқар жырау Қалқаманұлы: Елу деген жасыңыз, О да бір көшкен ел екен. Шал ақын (Тілеуке Күлекеұлы): Елуде әр жұмысты жұмыстаймын. ***</p> <p>Елу жасқа келген соң, Пірдің сөзін сақтадым. ***</p> <p>Елу де бір жас екен есептеулі, Есептеп елдің жөнін білсек дейді, Кешегі жиырма бес жас қайтып келіп, Көңілім бұрынғыдай жүрсек дейді. Мәделі Жүсіпқожаұлы Қырық бес ассаң елің елендейді, Елуді есі жарым елемейді. «Елуді – ердің жасы» десе-дағы, Қайратың бұрынғыдан төмендейді. Құлтума Сармұратұлы Елуде қол тапсырдым, кәміл-пірге, Болсын деп бір шапағат күнөмізге. Күнөм – көп, сауабым – аз, мен бір пақыр, Қанағат айт деп қақсар қайран тілге.</p>	<p>ЕЛУ ЖАС:</p> <p>– басталған істің басы мен аяғы бар, бірнеше бағытқа негізделген және дамыту жолдарын қарастыру; – тәртіп пен реттілік ең басты мәселе екенін есте сақтау; – атқарылған жұмыстары негізінде бай тәжірибелерін жинақтау; – қанағат тұтып, шаруасына дөңгелетіп, білімді, сауатты басқару; – табысын ұжымға, қоғамға қалай жұмсау деген сенімінің толық қалыптасуы; – қазақтың «Мен» дегізгерлік қасиеттері мен төл мәдениетімізді және «Тіл – Сана – Ұлт» деген үштұғырлық ұғымды бойына жан-жақты меңгерген, сіңірген азамат; – басты принцип елге, қоғамға пайдасын тигізу арқылы еңбек нарық қатынасына деген сенімінің толық қалыптасуы; – мәселенің ретіне қарай ресми және биресми жағдайда шешуді қарастыру; – «Тау қанша биік болса да – күн астында, Адам қанша биік болса да – заң алдында», - деген мақалды жете түсінген бизнесмен; – «Елу – ердің жасы» дегендей, бірәуге – әке, ақылшы, енді бірәуге – қамқоршы, өмірде, қоғамда өз орны бар, кейінгі буынға өз эстафетасын тапсырған бизнесмен.</p>
<p>Қорытынды:</p> <p>– «біз-біздікі» және «сен-сенікі» ұғымдары арқылы «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Өз еліне қызмет ет!» деп, жаңа буынды тәрбиелеуі, қалыптастыруы; – «Сабыр түбі – сары алтын», «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген қазақ нақылын басты кредосына айналдыруы.</p>	

Ескерту: Ақын-жыраулардың адамның жастық кезеңдеріне арналған өлеңдерінің әрбір жолдарына талдауды мақсат етпей, тек бұл жерде ақын-жырау өлеңдерінің айтайын деген негізгі ойын сақтай отырып, бизнеспен айналысқан адамның басынан өткен жастық кезеңдерімен шартты түрде салыстырып қарауды жөн көрдік.

Жоғарыда аталған өлең жолдарынан қазақ бизнесінің төрт буын ұрпағының басынан өткен кезеңдерінің сатысын ПИРАМИДА бойымен адамның өзіне тән мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, қарым-қатысы,

іс-әрекеті т.б. ерекшеліктерін (имидж-бет-бейнесін) бизнес тіліне айналдырсақ, онда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласындағы елдің өркендеуінде әрбір азаматтың еңбегі, білімі мен жауапкершілігі біртұтас және бөлінбейтін отбасы,- деген пікірімен үндесіп жатқанын көреміз.

Енді бір-екі ауыз сөз: өзіміз қарастырған адам жасын шартты түрде қазақ бизнесінің төрт буын ұрпағының өкілі ретінде бизнес саласындағы жігіттер қандай жігіттермен әріптес болған жөн? деген сауал кез келген кәсіпкер үшін заңды сұрақ екені белгілі. Осы сұрақтың жауабын Ақан сері Қорамсаұлы «Айтамын замандасқа біраз кеңес» атты өлеңінен [2. 317-321] табуға болады.

Біз бұл жерде, мақала көлеміне орай, жоғарыда аталған ақын суреттеген өлең жолдарындағы он үш жігіттің бойындағы басты қасиеттерін толық беруді мақсат етпей, тек бүгінгі қазақ кәсіпкер-бизнес жігіттердің бойында да ол қасиеттер әбден кездесуі мүмкін деген оймен түйіндеуді жөн көрдік.

Қорыта келгенде, «...біздің Отанымыздың дәулеті артуы үшін мен не істедім деп сұрауы керек.» [3.],- деп, Елбасы айтқандай, ақын-жыраулар шығармаларындағы адамның жасына байланысты өлеңдерден адами құндылықтар арқылы да ЕҢБЕК ұлттық шешуші фактор екенін терең ұғынып, үшінші мыңжылдықта ҚАЗАҚ КӘСІПКЕРІН – мемлекеттік, ұлттық менталитеттік ретінде таныту – «МЕН» дегізгерлік қасиеттері мен төл мәдениетімізді [4. 30] отандық ғылым және бизнесті сабақтастырғанда ғана қазақ бизнесінің артықшылығын айқындауға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы. 14 желтоқсан, 2012 жыл//Интернеттен алынды.
2. Бес ғасыр жырлайды. 1-2 том. А., 1984.
3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласы // Интернеттен алынды. 2012 ж.
4. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. А.,2003.

ӨОЖ 81.373.21

«АҚ» ЖӘНЕ «ҚАРА» КОНЦЕПТИЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)

Ж.Н. ҚҰЗАР

магистрант, 2 курс, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Әлем тарихында топонимдік номинацияға негіз болатын фактордың бірі -түр-түс атаулары. Кеңістіктегі алуан түрлі түсті ажырату үдерісі адамның перцептивтік қабылдауы арқылы орталық жүйке жүйесінде өңделіп, жүзеге асады. Сондықтан адамды, қоршаған ортаны, нысанның пішінін, көлемін, түр-түсі атауына қатысты, оның лексикалық, құрылымдық, этнолингвистикалық, когнитивтік сипатын зерттеуге арналған жұмыстар баршылық. А. Н. Кононов, Ф. Қошқанбаев, О.Т. Молчанованың жеке зерттеу мақалалары мен Ә. Қайдаров, З.Т. Ахтамбердиева, Б. Өмірбековтың «Түр-түстердің тілдегі көрінісі», Ф.Р. Ахмеджанова, Қ.Т. Қайырбаеваның «Түр-түске байланысты тұрақты тіркестер» атты ұжымдық монографияларын атауға болады. Ш.Қ. Жарқынбекова «Языковая концептуализация цвета в казахском и русском языках» атты докторлық диссертациясында қазақ-орыс тілдеріндегі түр-түстер атауларына қатысты топонимдерге қысқаша салыстырмалы сипаттама беріп өтеді. Сондықтан, біз бұл мақаламызда жалпы түр-түс атауларының тілдік теориялық аспектілеріне тереңдемей, жер-су атауларына тек когнитивтік номинация тұрғысынан ғана тоқталамыз.

Қ.Қ. Рысбергін «Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік негіздері» атты докторлық диссертациясында «Когнитивтік лингвистиканың түпкі мақсаты - адам санасының тереңде жатқан менталдық құрылымдарды зерттеу, салыстыру, интерпретациялау арқылы тілдік, лингвокогнитологиялық заңдылықтарды көрсетіп қана қоймай, ұлтқа, адамзатқа тән адами құндылықтар жүйесін айқындау. Нәтижесінде ұлттың, адамзаттың биологиялық түр болып, ұлт болып сақталып қалуы үшін тек адами құндылықтарды айқындап тізбектеу ғана емес, оның ар жағында қоғамдық, тұлғааралық қатынастарды, халықтар, ұлттар арасындағы қатынастарды үйлесімді ету, гуманизациялау, өзара түсіністік тудыру, рухани, мәдени интеграциялауға қол жеткізілмек» деп қарастырады [1, 62].

Топонимдік жүйенің онтологиялық болмысын оның менталды табиғатынан бөлек қарастыруға болмайды, өйткені онтологиялық болмыс менталдық жүйе арқылы іске асады, біз оның онтологиялық қалпын қатар танып жатамыз. Тіл онтологиясы (тіл, тілдік жүйе, мәтін, сөйлеу әрекеті) барлығы да бірдей нәтиже, себеп болып табылатын менталдық болмыспен тұтас күйде болады.

Түр-түстердің мүмкіншілігі кең. Оны біз, әсіресе, кең-байтақ өлкеміздің тарихи шежіресі жер бетіне «жазылып» қалған жер-су аттарындағы түр-түс атауларының космогониялық бағыт-бағдарынан анық аңғартамыз. Пропорционалдық

номинацияның когнитивтік аспектісіне этномәдени мәліметінде қайта оралып, түр-түс атрибуттарының қатысуымен жасалған жер-су атауларында репрезентталу ерекшеліктерін қарастырып көрелік.

Космогониялық мағына мен геосимволика өзара жақын ұғымдар. Космогония жалпы космос әлеміне қатысты ұғымдарды білдірсе, геосимволика жер бетіне, географиялық объектілерге қатысты символикалық ұғымдарды білдіреді [2,107]. Біріншісінің ауқымы екіншісіне қарағанда әлдеқайда кең. Дегенмен, бұлардың біз қарастырғалы отырған жер-су аттарын анықтауда өзара сәйкестіктері көп.

Мәселені ашығырақ айтқанда, мындаған жер-су аттарында өте жиі кездесетін түр-түс атаулары барлық жағдайда бірдей түр-түстік мәнінде қолданылмай, ол ұғымдардың әр түрлі табиғи жағдаймен сәйкестігін, географиялық ерекшелігін, бағыт-бағдарын, орын-жайын анықтауда қатысады. Қазақ тіліндегі жер-су атаулар құрамындағы кездесетін түр-түс аттары көптеген жағдайда дүниенің төрт бұрышын, батысы мен шығысын, оңтүстігі мен солтүстігін, сондай-ақ белгілі бір географиялық нысанның екінші бір нысанға қатыстылығын, алыс-жақын, жоғары-төмен болып орналасуын анықтауы тек қазақ тіліне немесе тек қазақ халқына ғана тән ерекшелік деп қарастыруға болмайды. Бұл бүкіл әлемге ортақ, көне замандардан келе жатқан космогониялық, геосимволикалық дәстүр болып саналады.

Ондай дәстүр тіпті көптеген басқа тілдерге де тән: оны Қиыр Шығыстағы, Орталық Азия мен Үндістан халықтарының тілдерінен де кездестіруге болады. Мысалы, А.Н. Кононовтың зерттеуіне қарағанда, қытай, иран халықтарында көк, көгілдір және жасыл түстің батысты, сары түс-орталықты, жер кіндігін (мұны қытайлықтар «император түсі» деп те атаған), қызыл түс – оңтүстік, ақ түс – шығыс, қара түс – солтүстік геосимволикасы болып саналған [3,67].

Айта кететін бір жайт: түр-түстердің геосимволикалық немесе космогониялық мәні барлық халықтарда бірдей болмаған. Мысалы: Америка үндістері шығысты, керісінше, қара түспен, оңтүстікті – ақ түспен, батысты-сары (кейде қызыл түспен), солтүстікті-көк түспен белгілегені мәлім.

Қазіргі түркі халықтары тілдеріндегі мындаған жер-су атауларын өзара салыстырып қарағанда, олардың құрамындағы түр-түстердің беретін, анықтайтын мән-мағыналары бірдей емес. Дегенмен, бұл салада түркі тілдеріне ортақ ұғымдар да бар. Мысалы, ақ түстің батысты білдіруіне байланысты бір кездерінде Каспий теңізін түркі халықтары Ақ теңіз (Батыс теңізі) деп атаған екен. Ертедегі моңғол, түркі халықтарының Русьті Ақ, қара деп бөлуі де бекер емес. Қара теңіз гидронимы жөнінде толып жатқан пікірлер бар. Олардың бірі Қара теңіз «қатал, қатыгез теңіз» деген ұғымды білдіреді десе, Батыс қолжазбаларында «Ұлы теңіз» болып аударылған, енді бір жерде ол – «Солтүстік теңіз» дегенді білдірген. Дәл осы сияқты, қарақұм атауы жайында да, Ақтеңіз, Қызылтеңіз, Ақтоғай, Ақтау, Ақеділ т.б. толып жатқан топонимдердің түр-түстік геосимволикасы мен космогониялық мәні жөнінде пікірталастар бар.

Қазақ тіліндегі жер-су аттарында да түр-түске байланысты компоненттер көп кездеседі және олардың барлығы түр-түстік мағына беріп тұр ма деген сұрақ туындайды.

«Ақ» компонентті жер-су аттары қазақ топонимикасында өте жиі және топоним түрлерінің (жер, су, тау, қала, мекен, дала т.б.) бәрінде де кездесе береді. Мысалы: Ақсу, Ақтоғай, Ақсай, Ақкөл, Ақбұлақ, Ақсар, Ақтерек, Аққобы.

Ендігі туындайтын сұрақ, «ақ» лексемасы біздің түсінігіміздегі «ақ» түсті білдіріп тұр ма, әлде басқа мағынада қолданылып тұра ма? Бұл сауалға топонимист ғалымдар «түр-түстен басқа мағынада да қолданылады» деп жауап береді. Шынында да, мәңгі қар басып, мұз қаптап жатқан таулардан нәр алып, оның жылғалы қойнауларымен етекке қарай құлай ағып жатқан асау сулардың көп жерде «ақсу» атануы кездейсоқ болмаса керек. А.Н. Кононовтың пікірі бойынша, бұл жердегі ақ су түсінің ақтығын көрсетіп тұрған жоқ, керісінше, ол «ағынды, ағыны қатты тау суы» дегенді білдіреді. Ақсай деп аталатын гидроним де осыған орай бір кездерде ағыны қатты тау суы аққан арна, сай болғандығын аңғартады [3, 81].

Әрине, ақ түстің гидронимге қатысты мағынасы тек осымен ғана шектелмейді. Ол Ақбұлақ, Ақжылға, Ақтұма, Аққайнар, Ақбастау сияқты атауларда «таза, мөлдір, қар суы» деген ұғымдарды беруі де даусыз.

Ақ түстің мекен-жай, тау-жыра, фауна мен флораға байланысты қолданылуы бұл мағыналардан мүлдем өзгеше болуы да мүмкін. Мысалы, Е. Қойшыбаевтың «Қазақ топонимикасының қысқаша түсіндірме сөздігінде»: [4, 30]

- 1) «жемшөбі мол тау сілемі» Ақдыр (Қарағанды обл) дегенді білдіреді;
- 2) «алыстан көрінетін төбе, дөңес» Ақбике (Арал теңізіндегі арал);
- 3) «шөбі шүйгін беткей» Аққия (тау етегі);

4) «желмен суырып, жылжып отыратын құм» Аққұм (Балхаш көлі бойындағы құмды алқап), Ақкемер - «суымен шайылып, бір жағынан қара жайдақталған өзен жағасы». Осының керісінше, Қаракемер (Алматы обл) – «су орып, өзен арнасының төмендеуіне байланысты өте биік болып кеткен жаға» - «подмытый водой берег, круча». Ақ түр-түс атрибуты ең алдымен тас, төбе, жар, дала, бастау, бұлақ, сай т.б. лексемаларымен тіркесіп: *Ақтас, Ақтөбе, Ақжар, Ақдала, Ақбастау, Ақбұлақ, Ақсай* т.б. сияқты атаулар аталымына ұйытқы болған.

Зерттеушінің түсіндіруі бойынша қара, көк, сары, қызыл т.б. түр-түс атаулары қатысқан Қазақстан топонимдері түр-түстен бөлек төмендегідей бірқатар мағыналарды білдіреді:

Қара:

- 1) Функционалдық сипатына қарай қара сын есімімен келетін атаулар туралы Е. Қойшыбаев «Қарасу - үлкен өзен емес, жер астынан сай-жыралардан шығып жатқан, бұлақ, қайнар суы». Бұл деген жердің астынан,

тегіс жерден шығып жатқан су (подземная грунтовая вода): *Қарабұлақ (гидроним), Қарагем (Шығыс Қазақстан обл.), Қаракешу, Қарасу, Қаракөл (Қызылора обл.);*

2) «Шөп өспейтін, қуан жер» (местность с бедной кормовой травой): Қарадала (көп жердің аты), Қаракұдық (шөпсіз жердегі құдықтардың аты), Қарасай (шөбі құнарсыз сай);

3) «Жер, жермен тектес», «қалын» (земля, суша, толстый слой): Қарақұм (көп жерде бар), Қараөткел (топырақты өткел), Қарасаз (топырақты саз);

4) «Қалың, қою, жиі» (густой, плотный, густонаселенный): Қаратұрық (Алматы обл., густонаселенный), Қарашалғын (Целиноград обл. «шөбі мол, шалғынды жер»);

5) «Төбелі, жоталы ойпат» (холмистая низина): Қараой (Алматы обл), Қаратөбе (Орал обл) және т.б.

6) «Қара» лексемасының қатысуымен жасалған жер атаулары мұнай кен орындарын білдіреді. А.Н. Кононов пен Э.М. Мурзаевтың байқауынша «қара» сөзі түркі географиялық терминологиясында өзінің негізгі мағынасынан басқа қосымша «жер, құрлық, топырақ» мағыналарына ие болады [5, 57]. Мысалы: *Қаражамбас, Қарамандыбас, Қаратөбе, Қараарна* мұнай кен орындары жердің қара түсін көрсетеді. Қазақстан топонимикасында қара түс атауы ең көп тіркесетін географиялық терминдердің ішінде бірінші орында су, екінші орында сай, үшінші орында төбе тұратындығы айқындалады: Қарасу, Қарасай, Қаратөбе.

Қазақ тіліндегі топонимдерді қысқаша қарастырып, енді Америка Құрама Штаттарының топонимикасына келетін болсақ, АҚШ аумағы топонимикалық зерттеудің өзекті мәселесі болып табылады. Өйткені, біріншіден ағылшын тілінің топонимикалық жүйесі жақында ғана, яғни XVIII ғасырда толық қалыптасты және оның барлық қалыптасуының кезеңдері жақсы бақылауға алынған, құжаттанған. Екіншіден, топонимикалық тұтастық аумаққа басқа ұлт өкілдерінің кіргізілуі салдарынан болғандықтан, еуропалықтардың, менгеруіне қиындық туғызды. Сонымен қатар, АҚШ – да миграциялық ағымдар әртүрлі аумақтан келіп тұрды, осы жерде «Топонимикалық үлгі» мен «Топонимикалық талғам» араласып кетті [6, 54]. Американдық топонимияға әр түрлі тіл салаларының сабақтас материалдары қатысады, соның ішінде бастапқыда ағылшын тілімен байланысты емес, кейінірек тілмен теңестіріліп кететін материалдар болады. Сайып келгенде, американдық топонимикасының зерттелуі ағылшын тілді ортаға бөгде топонимдердің ену мәселесімен және кеңірек, тілдердің өзара әрекеттесу мәселесімен тығыз байланысты.

Америка Құрама Штаттарының астанасы Вашингтон қаласы болып табылады. Вашингтондағы АҚШ Президентінің резиденциясы немесе ауыспалы мағынада Ақ Үй АҚШ үкіметін білдіреді, яғни «The White House» - Ақ Үй деген аудармасы. Мысалы: *This account of success in the counterterrorism campaign, which the officials laid out in an effort by the White House to advance an argument for a swift pace of with-drawl from Afghanistan.* (New York Times P-1. 19 June, 2011 № 55,441)

Ал біздің Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясы - Ақ Орда резиденциясы болады. Мысалы: *«Кеше Ақ Ордада Мемлекет басшысы құқық қорғау органдарының өткен жылғы жұмысын қорытындылаған және «Қазақстан -2050» Стратегиясын жүзеге асыру міндеттеріне арналған кеңес өткізді»* (Егемен Қазақстан, 31.01.13 № 4). Бұл жерде біз екі елдің ортақ символдарын көреміз.

Жоғарыда атап кеткеніміздей, Американың жер-су аттары басқа тілден енген, және сонымен қатар зерттеуші саяхатшылар жердің сипатына қарай қойып кеткен аттар сақталып қалған. Америка жалауының сол жақ жоғары бұрышындағы көк төрт бұрышқа салынған елу ақ жұлдызша АҚШ-тың қазіргі күндегі штаттарының санына сай келеді. Вашингтон бұл тудың әрленімін өзінше түсіндірді: «Жұлдыздарды аспаннан алдық, қызыл түс-біздің еліміздің символы, ақ түс-жолақ, бостандық символын білдіреді» дейді. Сонымен қатар, Ресей Федерациясының туына көптеген символикалық мағыналар беріледі. Ту үш түстен тұрады: ақ, көк, қызыл. Ұлыбританияда көк, қызыл, ақ түстер. Бұлар үш мемлекет туларының бірігуінен тұрады (Англия, Шотландия және Ирландия). Бұл ту символдары негізінен – мемлекет, оның дербестігін, тәелсіздігін, басқа елдермен терезісінің теңдігін сипаттайтын әлеуметтік символикалық белгі.

Ұлыбритания еліндегі «қара» түске байланысты 100 астам елді мекен, көл, су қоймалары аттары берілген. Мысалы:

1) «Burn» - ағынды су «Blackburn», яғни Англияда орналасқан елді мекен. Алғашқыда «Black bogne» деген «черный поток» деп аталған.

2) «Black Belt» Қара белдік деген аудармасында, АҚШ-тың оңтүстік аумақтарында тіршілік ететін қара нәсілді халық.

Осы тұрғыда The Great Britain-нің қазақша атауы Ұлыбритания емес, Ұлы Британ болып қалыптанғаны жөн. Оның үстіне британдықтар сөзі қолданысымызда бар, британиялықтар деген сөз қолданыс жоқ.

Қорытындылай келгенде, біз қарастырып отырған мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі топонимдердің түр-түс атауларының репрезенттелу ерекшелігін айқындап, кез келген елдің өткені мен бүгіннің сабақтастығы оның жер-су атауларын салғастырып, топонимдері арқылы көрініс табады. Ұлттық топонимдік кеңістіктің едәуір бөлігін түр-түс атауларының қатысуымен жасалған жер-су атаулары құрайды. Бұл кез келген тілдегі өнімжасау үдерісіндегі ортақ универсалия. Қазақ тіліндегі жер-су атаулары жүйесін сипаттайтын аймақтық зерттеулерде де түр-түс атаулары міндетті түрде жеке топонимдік лексика-семантикалық топ ретінде қарастырылып келеді. Мақсатымыз ол жұмыстардың барлығын талдап, саралау емес, түр-түс атрибуттарының топонимдік атауларда берілу ерекшелігі мен жиілігін салыстырмалы түрде айқындау. Түр-түсті қабылдау да адамның орталық жүйке жүйесімен, перцептивтік қабілетімен байланысты. Морфогенетикалық тұрғыдан алғашқы «таза» айқын түстерге

ақ, қара, қызыл, сары түстерді жатқызуға болады. Сонымен қатар, «таза» алғашқы қанық түстер мен олардың араласуы арқылы жасалатын реңктері ажыратылады.

Қазіргі кезде ең өзектісі – топонимдерді жөнге келтіріп алу, өйткені адам есімі де, өмірі де өтпелі, уақытша құбылыс, ал жер-су – мәңгілік. Топонимдер жас мемлекетіміздің ұлттық келбетін айқындайтын символдар қатарына жатады. Түр-түсті қабылдауға қатысты тәжірибелер қоршаған кеңістікте түр-түстер үздіксіз алуандылық құрайтындығын дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рысберген Қ.Қ. «Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері», фил. ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. диссер. Алматы, 2010-165 бет

2. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. Алматы: «Ана тілі», 1992-160 бет.

3. Кононов А.Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках. Москва, 1978-160 бет

4. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп, 1985-256 бет

5. Мурзаев Э.М. Тюркские географические названия. Москва, 1996 – 170 бет

6. Карпенко Ю.А. Признаки молодости топонимической системы//Перспективы развития славянской ономастики. Москва, 1980-198 бет

ӘОЖ 37.091.3:811.512.122

ОҚУШЫЛАРҒА ОҚУДА КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНШЫЛЫҚТАРДЫ ЖОЮҒА КӨМЕКТЕСУ

Г.М. МАЖИТОВА

мұғалім, № 34 инновациялық үлгідегі жалпы орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Өз пікірін, ойын қоршаған ортаға жеткізе алмау, түсіндіре алмау тұлғаны жағымсыз сезімге ұшыратады. Бұл жетіспеушіліктер тұлғаның толыққанды жетілуіне кедергі келтіреді.

Сіз өміріңізде кітаптың немесе фильм атын үнсіз қимыл арқылы түсіндіретін ойынға қатысып көрдіңіз бе? Сізді ойыншылар ұға алмаса қандай сезімде болар едіңіз? Басқа тілде сөйлейтін адамдар арасында өз ойымызды жеткізу үшін біз де осындай амалдарды қолданамыз.

Психикалық кеш дамитын (ПКД) және аутизм қиындықтары бар балаларды оқыту ерекше сұраныстарды қажет етеді, бірақ олардың достары болмауы, оқшауланып қалуы және тентектердің мазағына ұшырауы мүмкін. Сынып ішінде өз қабілеттерін, біліктіліктерін көрсетуде де қиындыққа тап болады.

Дегенмен мұғалімнің оқыту кезіндегі қиындықтарды жеңу үшін қолданатын бірнеше стратегиялары бар. Сондықтан, ең біріншіден, мұндай балаларды оқытатын мұғалімдердің арнайы білімінің болғаны жөн.

Қоршаған орта: визуалды тәсілдерді қолданыңыз, мысалы, ауызша және жазбаша сөйлеуді ымдау, дене қимылдарымен толықтыруға болады. Көрнекті кесте жасаңыз. Мүмкіндігінше бөгде дыбыстардан алшақтатыңыз. Жұмыста гүл терапиясын қолданып, сабақты өте жарқыраған заттармен ауырлатудан аулақ болу керек.

Тұрақты режим: балаларды оқытуды жеңілдетуге және олар өзін қамқорлықта сезінуі үшін мұның өмірлік маңызы зор. Егер де күн тәртібі өзгеріп жатса, ол туралы балаларға алдын ала хабарлауды ұмытпаңыз. Жаңа мұғалімдерді алдын-ала таныстырыңыз. Балалар болашақта одан қорықпау үшін, таныстыру барынша дәйектілікпен жүргізілуі керек.

Вербальды нұсқаулықтар: Мінез-құлықтың вербалды нұсқаулықтары қысқа әрі нақты болуы керек. Балалар сіздің тек өздеріне ғана көңіл бөлетініңізді білсін. Әр жағдайға байланысты бір ғана нұсқау беріңіз. Бала сіздің бет – жүзіңізді көріп тұрсын. Анық, қарапайым, қалыпты жылдамдықпен сөйлеңіз. Қимылдарды қолданыңыз. Анық жеткізілмейтін, дәлме-дәл қабылдануы мүмкін астарлы, бейнелі сөздерді қолданбаңыз. Балаға не істеуге болмайтынын емес, істеуге болатынын айтыңыз. Балаға осы кезде нақты не істеу керек екенін дәл айтыңыз.

Құрмет: егер балалар жұптасып, топтасып атқарылатын жұмыстарда өздерін еркін сезіне алмайтын болса, оларды мәжбүрлеудің қажеті жоқ. Осы мақсатта сыныптағы ПКД балалардың және аутист-балалардың кімдермен қарым-қатынас жасайтынын білу керек. Бұған «Достар ортасы» немесе «әлеуметтік тарих» сияқты жаттығулар көмектесе алады.

Мадақтама: баланың қарым-қатынас жасау үшін қабылдаған барлық әрекеттерін марапаттаңыз. Баланың ауызекі тілін жөндеуден аулақ болыңыз, одан да сөйлеуді дамытатын жақсы модельдермен және мүмкіндіктермен қамтамасыз етіңіз. Баланың әлеуметтік дағдыларын, тіл қолданысын арттыруды баланың қызығушылық танытатын істері арқылы жүзеге асырыңыз.

Мультисенсорлы (көп сенсорлы): оқытудың көру және кинестикалық тәсілдерін қолданыңыз. Бірақ психикалық кеш дамыған бала құм мен суды жақсы көріп, ал аутист баланың оларды жек көруі ықтимал екенін естен шығармаңыз.

Сыныптан тыс әрекеттер: ПҚД балаларда және аутизммен сырқат балаларда қиындықтар үзілісте, тамақтануда, аялдамада автобусты күткенде немесе кез келген уақытта туындауы мүмкін. Бұл уақыттағы жағдаяттардан компьютер клубтары, ұйымдастырылған ойындар және тәлімгерлер ұсынған оңды қолдаулар оқушыларды әлеуметтік дағдыларға үйрете алады.

Егер баланың сөйлеу тілінде қиындықтар болған жағдайда ұсынылатын шешімдер:

- Оқушыға берілген сұраққа жауап беру үшін қосымша уақыт алуына мүмкіндік беріңіз;
- Оның өзара қарым-қатынастан алар пайдасын бақылаңыз;
- Осындай санаттағы балаларға көмегі болуы мүмкін қарым-қатынас жүйесін зерттеудегі британдық ымдау тілі (BSL) немесе Makaton тәжірибелерін зерделеніз;
- (пәнді анықтауға арналған сөздерді қоса алғанда) жана сөздерді оқытыңыз;
- Сөз қолданысына, сөздердің орын тәртібін жүйелендіруге арналған тапсырмалар беріңіз;
- Ауызекі сөйлеу дағдысы жетілген балалармен қарым-қатынас жасауына, олармен түрлі тақырыпта диалог құруына жағдай жасаңыз.

Сөйлеу әрекетін жоспарлауда, ұйымдастыруда кездесетін қиындықтар.

Құрбылары немесе мұғалім оқушының сөйлеу әрекетін ұйымдастыруға көмектесе алады. ПҚД балалар және аутизммен ауыратын балалар оларды күнделікті өмірде еш қиындықсыз қолдануы үшін сөйлемдердің ойластырылған құрылымын пайдалану керек.

Егер баланың қарым-қатынас жасауда проблемалары болса:

- Баланы әрдайым атымен атаңыз;
- Сабақтан тыс шаралар өткізу кезінде балаларға өздері отырғысы келетін орындарға (кілемде, диванда, т.б.) отыруға рұқсат етіңіз;
- Балалардың компьютерге қол жеткізуін қамтамасыз етіңіз. Олар балаларға бар назарын қажетті мәселеге аударып, кедергісіз жұмыс істеуге мүмкіндік береді;
- Қажет болған жағдайда, нұсқаулықты қайталап айтыңыз; бірақ басқа сөздермен қайталап айтудың ПҚД балаға көмектесіп, аутизммен сырқат баланы шатастыратындығын ұмытпаңыз;
- Сұрақтарға өте мұқият болыңыз, себебі күрделі жауапты талап ететін сұрақтарға қарағанда, қарапайым жауапты талап ететін сұрақтар аутизммен сырқат бала үшін қолайлы жағдай туғызады;
- Баладан олардың түсінігін тексеру үшін, сіздерге қандай әрекет жасау керектігін тағы басқаларға айтып көруін өтінізіңіз;
- Баланың күнделікті қолдануы үшін қысқа сөйлемдерді үйретіңіз (бұл жөнінде үлкендердің барлығы билетіндігіне көз жеткізіңіз!) немесе оған көмек қажет болған жағдайда мағыналы карталар арқылы қолдау көрсетіңіз;

- Сәті келгенде қалжың аралас метафораны қолдана оқытыңыз;
- мимика арқылы сөздердің мағынасын түсіндіріңіз;
- баланың жұмыс орнында қолайлы жағдай жасаңыз.

Оқудағы қиындықтарды жеңу

Өзара іс-әрекет арқылы оқу (интерактив)у

Құрамдас бөлшектері:

- Тиімділік: оқушылардың орнында болсақ, өзімізді қалай сезінередік.
- Әлеуметтілік: өзара іс-әрекет арқылы оқыту.
- Когнитивтік: ойлау операцияларының үдерісі.
- Қиындықтарды түсіну.
- Оқуға деген танымдық қабілет.

Оқушыларға қажетті көптеген дағдылар бар: санай, оқи, жаза білу, жинақылық, қабылдау және қайтадан айтып беру. Кейбір оқушылар осы салаларда қиындық көріп жатады, сондықтан олардың өзіне деген сенімін арттырып, өздеріне беретін бағасын көтеру мақсатында алған білімдерін дұрыс қолдануға, бұл қиындықтарды барабар қабылдауға және жеңуге бағытталған, арнайы әзірленген стратегияларды қажет сінеді. Оқуда белгілі бір қиындық көретін оқушылар жалпы білім беретін мектептерде көп кездеседі, бірақ әдетте оларға аса көңіл бөліне бермейді. Дислексия оқушының танымдық қабілеттер ішегіндегі оқудағы кедергілердің тағы бір үлгісі болып табылады. Бұл кемшілік оқушының оқу, жазу, сауатты жазу, есептеу қабілеттеріне әсеретеді. Дислексияны оқушы жадысының қысқа болуынан, кеш түсінетіндігінен, қозғалыс үйлесімінің әлсіздігінен көруге болады, сонымен қатар сауаттылық дағдысы күнделікті өмірдің бір бөлігі болғандықтан және де бұл саладағы қиындықтар оқушының өзінің өзіне беретін бағасына ықпал етуі мүмкін болғандықтан, бұл ақаулық жасырын еңбекке жарамсыздық болып табылады.

Әлеуметтілік: қарым-қатынас және интерактивтілік (өз арақарым-қатынас)

Оқу – әлеуметтік үдеріс, сондықтан оқушылар басқа оқушылармен өз арақарым-қатынас арқылы да, өз беттерімен де дами алады. Осыған байланысты қазіргі кезде топтық және жұппен жұмыс істеуге көп көңіл бөлінеді. Сынып ұжымының мүшесі ретінде оқушыларға қойылатын негізгі талаптардың бірі: тыңдау, түсіну,

сөйлеу және өз пікірін нақты және анық білдіру, дұрыс жауап беру, ұжымдық жұмыс пен ойын. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда оқу басқалармен араласып, қарым-қатынас жасауда қиыншылық көретін оқушылар үшін проблема болып табылады. Қиыншылықтардың қатарына дислексия және диспраксия (қимыл қозғалысының бұзылуы) сияқты тілдік және сөйлеу проблемалары да кіруі мүмкін. Сөйлеудегі кедергілерді жеңу ең басты мәселе болып табылады. Бұл оқушыларға оқу бағдарламасына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Тиімділік: мінез-құлық, эмоциялық және әлеуметтік даму

Оқушылардың сенімін, ынтасы мен тәуелсіздігін дамытудың әртүрлі әлеуметтік және психологиялық тәсілдері бар. Олар өзіндік «менін» тануды, эмоцияларын басқаруды, әлеуметтік тәжірибе, ынтасы және аяушылық пен қарай білуді қамтиды. Кейбір оқушылар үшін ынталандырудың жетіспей жататыны анықталды, олардың сәтсіздіктен қорқынышы, қарым-қатынас жасаудағы, эмоцияларын басқарудағы қиыншылықтары кедергі жасайды. Жоғарыда айтылған қиыншылықтар оқуда айтарлықтай психологиялық және әлеуметтік кедергілердің пайда болуына әкелуі мүмкін. Оқушылар физиологиялық, ақыл-ой немесе қоршаған орта факторларына (себептерге) немесе осылардың барлығына байланысты бірқатар әлеуметтік, мінез-құлықтық, эмоциялық әрекеттер жасауы мүмкін. Бұл саладағы проблемалар уақытша (адамның өмір мәнін жоғалтуына бейімделуі) және тұрақты бола алады.

Оқушылар өздерінің эмоциялық және әлеуметтік қажеттіліктерін әртүрлі тәсілдермен көрсетіп жатады. Олар оқшауланып қала алады, жалғыздыққа ұрынып, ойларын жинақтай алмай қалуы да мүмкін, ал кейбір балалар керісінше өте белсенді, проблемалы болып кетеді.

Эмоциялық және физиологиялық қажеттіліктер

Жекелеген оқушыларда оқуда кедергі болып табылатын психофизиологиялық ақаулықтар көп кездеседі.

Сенсорлық проблемалар көру немесе есту қиыншылықтарын да қамтуы ықтимал, бірақ олар да уақытша болуы мүмкін. Физиологиялық қиындықтар физиологиялық, заталмасу, неврологиялық себептерден туындайды, олар сабақ өтетін сыныптарды лайықты түрде жабдықтауды талап етеді. Бірақ көптеген оқушылар одан да күрделі білім беру және әлеуметтік қиындықтарға қалып отыр. Кейбір оқушылар мультисенсорлық қиындық көрсе, кейбіреулері – физиологиялық қиындықта болады. Өте күрделі физиологиялық ауытқулары бар оқушылар үшін арнайы оқу және жабдықтар қажет.

Тапсырма: арнайы білім беру қажеттіліктері (АБК) бар оқушыларды диагностикалау

Сыныбыңыздағы оқушылар туралы ойланыңыз:

1. Қандай өзекті және әлеуеттік кедергілер бар?
2. Оқушылар кестеде келтірілген АБК санаттарының біреуіне болсын сәйкес келе ме? Оны қалай анықтадыңыз?
3. Сыныпта қандай қиындықтар кең тараған? Оны қалай анықтадыңыз?
4. Қандай проблеманы жеңу ең қиын соқты және неліктен?
5. Бұл қиындықтарды жеңу үшін не істейсіз?
6. Осы оқушыларға көмектесу үшін Сізге қандай көмек, қолдау қажет?

Танымдық қабілет және оқу

Мұғалім әрекеттері оқушыға:

- пәнді түсінуін дамытуға;
- ақпаратты есте сақтауға және толықтыруға (есте сақтау);
- мәтінді оқудағы, жазудағы және ойлау қабілеттеріндегі қиындықтарды жеңуге мүмкіндік беруге тиісті.

Саналы түрде ұғынып оқу оқушылар орындауға тиісті әрекеттермен және олардың өзіндік білім алуын дамыту үшін біздің қолайлы жағдай жасауымызбен ғана шектелмейтіндігін түсіну керек.

Сіздер оқушыларға оқу жоспарын меңгеруге көмектесе алатын көптеген жолдар бар. Біз бірнеше стратегия ұсынамыз. Бірақ жекелеген оқушылардың қажеттіліктері, сіз жұмыс істейтін жағдайлар жеке оқушыларға оқуға көмектесетін бірқатар шығармашыл тәсілдерді меңзейді.

Түсіну

• оқушылардың мәтінді оқуына және ережелерді дұрыс түсінуіне көмек көрсетуде ымды, визуалды белгілерді қолдану және өзге де көмек көрсету;

• сұрақты ұқпағансып, сұрақ қою немесе мәселе тудыру, бұл Сізге ережелердің реттілігі арқылы жүріп өтуге мүмкіндік береді;

• олардың қазір не істеулері керектігі туралы сұрақ қоя отырып, түсініктерін тексеру;

• нақты объектілерді, белгілерді, символдарды, фотосуреттерді, сандық осьтер және компьютерлік анимацияларды қолдану арқылы абстракттілі ұғымдарды нақты ұғымдарға айналдыру;

• мәтін құрылымын, сұраққа жауап берудің әртүрлі нысандарын құруға мүмкіндік беретін міндеттерді пайдалану.

Қорыта келгенде оқушыларға кездесетін қиыншылықтарды жоя отырып, жадында қалтыра алу үшін...

- оқушыларға оқу мақсаты туралы еске салып отыру;

- көрнекі құралдар пайдалану;

- есептерді шешуде бұйымдарды, суреттерді, белгілерді немесе тірек сөздерді, алгоритмдерді пайдалану;

- оқушылардың орындауындағы нұсқаулардың дыбыстық жазбаларын жасау үшін диктофонды пайдалану;

- есте сақтауға қажетті тірек сөздердің қысқаша жазбаларын тақтаға жазып қою.

НЕМІС ТІЛІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІК ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.А. МУКУШОВА

оқушы, Павлодар медициналық колледжі, Павлодар қ.

Бүгінгі білім жүйесі бүкіл әлем деңгейінде қоғамдық дамудың өлшемі мен сол қоғамның негізін құрайтын басты тетіктердің біріне айналды. Сондықтан да әлемдік қауымдастықта айтарлықтай ықпалы артып келе жатқан еліміздің білім беру саласын халықаралық дәрежеге көтеру және бәсекеге қабілетті маман даярлау мақсатында тың да, нақты қадам жасалуда. Ғылымның қай саласы болмасын ұстаз қауымы алдына зор міндеттер жүктейді. Соның ең бастысы сапалы білім және саналы тәрбие беру барысында ұстаздар алдында өмірге жан-жақты дайындалған, еңбек сүйгіш, ынталы, шығармашылықпен ойлайтын, интеллектуалдық және адамгершілік тұрғысынан бай жеке тұлғаны оқытып, тәрбиелеу қажеттілігін дамыту мәселесі түр.

Ендеше жеке тұлғаның өсіп жетілуі мен адами құндылықтарының дамып қалыптасуындағы маңызды істі мойнына аларда әр ұстаз өзінің алдындағы борышын жан-жақты ойластырып, өзінің және оқушысының көкейінен шығатын жолды тандайды. Егер ұстаз өз пәнін сүймесе, оған өзі сүйсіне білмесе, ол шәкірт бойына да сүйіспеншілікті дамыта алмас еді.

Қазіргі таңда еліміздегі білім жүйесі ағылшын тіліне бет бұрғаны белгілі, өйткені дүние жүзілік қарым-қатынас ағылшын тілінде ғана жүреді деген пікір бар. Ал мұның өте кереғар, бір жақты пікір екендігі түсінікті. Осы орайда, «өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте», - деген өлең жолдарын жадымыздан шығармағанымыз жөн. Өзге тілдермен қатар оқушының бейім, түсінігіне орай әртүрлі тілдерді, оның ішінде неміс тілін де меңгерудің пайдасы зор екендігін айтқым келеді. Қазіргі таңда, қарап отырсақ, біздің елімізбен тікелей экономикалық байланыс қалыптастырып жатқан немістің іскер адамдары көптеп саналады. Неміс тілі әлем әдебиетінің өшпес жұлдыздары Гейне, Шиллер тілі екенін, кезінде неміс халқының ұлы ақыны Гете өлеңін Абай атамыз аударып, өшпес мұра қалдырғанын еске алсақ та жеткілікті.

Мұнымен қатар неміс тілі шет тілі ретінде Еуропа елдерінің барлық мектептерінде оқытылады. Осы тілді білу арқылы ағылшын, дат, швед, норвег, голланд тілдерін тез үйреніп алуға болады. Неміс тілі сондай-ақ, Біріккен Ұлттар Ұйымына кіретін мемлекеттер үшін жұмыс тілі ретінде белгіленген бес тілдің қатарына жатады.

Біздер, неміс тілінің оқытушылары қазіргі кезде неміс тілін оқыту сапасын жақсарту мақсатында тіл үйрету саласында әлемдік озық тәжірибелерді, жаңа педагогикалық технологияларды барынша белсенді қолдануға тырысамыз. Жаңа педагогикалық технология студенттердің сабақ барысындағы белсенділігін арттыруға тікелей әсер етеді. Осы тұрғыдан қарағанда «Интерактивтік әдіс» маңызды орын алады.

Бұл тәсіл оқыту үрдісінде студенттерді бірігіп, белгілі бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетке өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және осы кезде өз қиялын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл әдіс студенттерді жұп болып, бірігіп жұмыс жасауға, жұмыс жасай отырып, өзгелерге көмек көрсетуге үйретеді. Сонымен қатар бұл ұғым, тәсіл ретінде төмендегідей талаптарға сай келеді:

-ақпаратты терең игереді, өйткені оны ой елегінен өткізеді;

-студент өзін-өзі еркін және ыңғайлы сезінетін өрісті қалыптастырады, тілді оқып үйрену ниетін арттырады;

-студенттің жеке тұлғасына тікелей әсер етіп, танымдық, шығармашылық қабілетін оятады;

-топ студенттерімен жасалатын жұмысты түрлі нысандарда (жұптық, топтық, ұжымдық) өткізуді қамтамасыз етеді;

-ойлауды белсендіреді;

-ынтымақтастықпен әрекет етуге үйретеді;

-тындау дағдысын қалыптастырып, өзгені тындай алады.

Әрине мұндай тәсілді қолдануда кездесетін қиындықтар жоқ емес. Себебі әр студенттің ойлау қабілеті, жылдамдығы, білім деңгейі, ақпаратты игеру деңгейі бірдей жағдайда емес. Осыдан келіп студенттердің алдында шынайы және психологиялық қиындықтар туындайды.

Шынайы қиындық:

- берілген тапсырма дұрыс ұйымдастырылмаған жағдайда;

-жүріп жатқан әңгіме студентке қызық емес болса;

-әңгімені тындамағандықтан сөйлей алмаған жағдайда туындайды.

Ал психологиялық қиындық шынайы қиындыққа қарағанда жиірек кездеседі. Студент мұндай жағдайда көбінесе үнсіз қалады. Ол мынадай жағдайларда туындайды:

-студент өз ойын білдіру үшін көмекші сөздерді, тілдік құралды таба алмағандықтан үндемейді;

-оқытушымен топ алдында сөйлеуге қысылғандықтан үндемейді;

-өз білім дәрежесінің төмен екендігін көрсеткісі келмегендіктен үндемейді.

Мұндай жағдайда студентті сөйлету үшін оған қысым көрсетпей, оған ыңғайлы, қолайлы мүмкіндік туғызылуы керек, студентті өз әрекеттерін тыңдай білуге үйрету қажет. Оқытушы алдымен студенттерді сөйлеуге үйретуде, соның ішінде тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге ұмтылуын, студенттерде өз

іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру үшін оған сай ниетін оятап, әрі қарай оқу ахуалын орната білу қажет. Ол үшін:

• біріншіден, неміс тілін оқытуда интерактивтік тәсілді қолдану кезінде қойылатын талаптың, жасалатын жұмыстың оқыту үрдісіне сай болуы қажет;

• екіншіден, жұмыс түрлері, онда қолданылатын оқу құралдары, жаттығулар, студенттердің білім деңгейіне, жас ерекшеліктеріне сай болуы керек;

• үшіншіден, студенттер жіберген қателерін оқытушы көмегімен өзі табуға дағдылануы керек.

Студенттер әр түрлі болады. Олардың бірі оқытушының айтқанын жылдам ұғып алады, енді біріне материалды ұғу үшін қосымша түсіндірмелер мен мысалдар қажет болады. Мұндай студенттер нақты нені түсінгенін ұғына алмай сұрақ қоюға жасқанады. Осындай жағдайда студенттерді топқа, не болмаса жұпқа біріктіріп, оларға ортақ тапсырма беріп, ол тапсырманы орындау барысында әрбір студентке жеке рөлдер мен міндеттер атқаруды талап етсе, онда әр студенттің өз жұмысына жауапты болып, жалпы жұмыс нәтижесінде қол жеткізуге ұмтылатын жағдаят пайда болады. Сондықтан да, білімі төмен студенттер үлгерімі жоғары студенттерден өзіне түсініксіз болған жерді сұрап, ал үлгерімі жақсы студент топтың жеңіп шығуын ойлап, барлық студенттердің, әсіресе білімі төмен студенттердің нәтижелі жұмыс істеуін көздейді.

Интерактивтік тәсіл, әсіресе сабақты пысықтап, қорытындылауға бірден-бір көмегін тигізетін тәсілдердің бірі. Сонымен қатар интерактивтік әдіс арқылы студенттер өз білімін өздері бағалайды да, олар алған білім, білік дағдылары бойынша бағаланады. Әсіресе өзін-өзі бақылау, жұптық өзара бақылау, топтық өзара бақылау кезеңдері сабақты бекітуге біршама септігін тигізеді.

Бұл бақылауды төмендегі бағалау әдіс белгілері арқылы іске асыруға болады.

Өздік бағалауы:

1. Менің бүгінгі тақырыпқа өз бетімше дайындығым. Төмен, орта, жоғары.

2. Бүгінгі жаңа тақырыпты игеруім: төмен, орташа, жоғары.

3. Бүгінгі сабаққа қатысуым: төмен, орташа, жоғары.

Топтың өзара бағалауы (топтар бірін-бірі бағалайды). Бұл бағыттау мен бағалау студенттердің бойына еңбексүйгіштік, өз біліміне сенімділік, қабілеттілік, жауапкершілікті сезіну, сөйлеу мәдениетін сияқты қасиеттерді қалыптастырады.

Сабақ барысында қолданылған төмендегі бір-екі мысалға көңіл аударайық.

Белгілі бір тақырыпты өту мақсатында студенттерді үш топқа бөліп, оларға негізгі тақырыпқа байланысты (мысалы, «der Bereichsarzt»-Учаскелік дәрігер тақырыбын алайық) тақырыпшаларды беремін:

1 топқа «Das Gesundheitswesen Kasachstans»/Қазақстанның денсаулық сақтау саласы/

2 топқа «In der Poliklinik»/Поликлиникада/

3 топқа «Der Bereichsarzt»/Учаскелік дәрігер/

Әрбір топ өздеріне берілген тақырыпшалар бойынша ассоциограмма жасайды. Топтар бір-біріне сұрақтар қойып, жауап береді. Ассоциограмма көмегімен сөздік, сөз тіркестерін, сөйлем құрастырады. Мұнан соң топ студенттері бірігіп, өздеріне берілген негізгі тақырып, денсаулық сақтау саласы жөнінде толық мағлұмат беруі қажет. Соңында өзін /оқытушы/ топтарға бірін-бірі бағалауға мүмкіндік беріп, оларға қойған бағаны қорытындылай отырып, әр топтың ортақ бағасын шығарамын.

Осы тәрізді тәсілді грамматикалық жаттығуларды орындау кезінде де пайдаланған өте тиімді.

Ал мәтіндермен жұмыс жасау кезінде студенттердің берілген мәтінді кемінде екі-үш рет оқығаны дұрыс. Бұлайша жасау талқылау алдында қайта пысықтап алуға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, интерактивтік тәсілдің ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған тапсырмаларды орындау барысында студенттерге оқытылып отырған тілдің жемісін көруге мүмкіндік береді және осы жағдай олардың шетел тілін оқып-үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Оқытудың басқа әдістеріне қарағанда, интерактивтік әдіс оқытушының жоғары белсенділік танытуын талап ететін әдіс. Сабақ кезінде оқытушының көбінесе тындаушы рөлін атқаруы оның үрдістен шет қалуы болып саналмайды. Сабақтың жоспары студенттер өзара талқылау барысында нені ұғынуы керектігін көрсетеді, яғни, оқытушы студенттердің іс-әрекетін алға қойған мақсатқа жетуге бағыттайтын басқарушының міндетін атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бим И.А. Некоторые проблемы современного обучения иностранным языкам.—ЯИШ, 2003, №4.
2. Дженикс С., Фаттахова А. Интерактивные методы обучения и управление классом. К., 2004 г.
3. Абсатова М.А. Қазіргі педагогикалық технологиялар.-Алматы, 2006 ж.

ПОЛИЯЗЫЧИЕ И ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ В МЕДИЦИНСКОМ ВУЗЕ

У.А. МУСАБЕКОВА, Б.З. ДОЛТАЕВА

Южно-Казахстанская государственная фармацевтическая академия, г. Шымкент

Современное образование должно быть фундаментальным и универсальным, непрерывным и гуманистическим, интегрированным и информативным, а выпускники академии могли быть востребованы и конкурентоспособны на рынках труда.

Современный Казахстан, являясь полиэтничным и поликонфессиональным государством, развивается в условиях многоязычия. Казахский язык как государственный, владение которым способствует успешной гражданской интеграции; русский язык как источник научно-технической информации и межнационального общения; иностранные языки, способствующие интеграции и развивающие способности к самоидентификации в мировом сообществе. Владение несколькими языками всегда расширяло коммуникационные и интеграционные способности стран и народов. Знание языков ценилось еще во времена Древнего Египта, где толмачи занимали на иерархической лестнице привилегированное положение и часто освобождались от налогов. И вот уже в современной Европе многоязычие является общепринятой нормой.

Период культурно-языкового развития переживает сегодня и Казахстан, о чем свидетельствуют сложившиеся языковая ситуация, характеристика которой дана в Концепции языковой политики РК. Следует отметить, что практически во всех документах в области языковой политики стержневой идеей является необходимость овладения, как минимум, тремя языками: казахским как государственным, русским как средством межнационального общения и английским- языком интеграции в мировое пространство. В концепции развития образования в Республике Казахстан большое внимание уделяется полиязычному образованию, которое рассматривается как действенный инструмент подготовки молодого поколения к жизнедеятельности в условиях взаимосвязанного и взаимозависимого мира. Следовательно, владение казахским, русским и английским языками становится в современном казахстанском обществе неотъемлемым компонентом личной и профессиональной деятельности человечества.

Все эти объективные характеристики обусловили переход от свойственной казахстанскому обществу ситуации билингвизма к полиязычию. Это актуализирует изучение языка в качестве одного из главных индикаторов адаптации к новым социально-политическим и социально-культурным реалиям. Необходимо отметить концептуальную обоснованность государственной стратегии развития идеи триединства языков, высокую мотивацию студентов полиязычных групп, конкурентные преимущества полиязычных специалистов.

В послании Президента страны народу Казахстана (2008), Законе Республики Казахстан «Об образовании» (2007), Государственной программе «Образование» (2004) (1-3), и других стратегически важных нормативных документах и подзаконных актах в качестве актуальной поставлена задача раскрытия духовных и физических возможностей личности, формирования прочных основ нравственности и здорового образа жизни, обогащения интеллекта путем создания благоприятных условий для выявления творческого потенциала каждой личности, развития ее индивидуальности.

С развитием казахстанской экономики изменяется роль функционирования языков, которые будут обслуживать данную сферу, а в частности функционирование трехязычия с участием казахского, русского и английского языков, которая обусловлена языковой политикой нашего государства, необходимостью поэтапной реализации культурного проекта «Триединство языков» (1).

С обретением суверенитета Республики Казахстан приобретает все большее значение овладение языками, которые являются средствами общения и информационного обмена с народами других стран.

Триединство языков в Казахстане – концепция, направленная на дальнейшее укрепление страны, ее потенциала, которую общество должно поддерживать. Идея языкового триединства является частью национальной идеологии, нацеленной на становление и развитие конкурентоспособного Казахстана.

Работа по развитию речи на занятиях выражается в составлении студентами полных и правильно построенных ответов на вопросы, планов к статьям и рассказам, в устном пересказе и систематической словарной работе по тексту произведения.

При обучении можно выделить 3 составляющих аспекта технологии интерактивного обучения:

1. **Активизация словаря** (работа над словарем),
2. **Грамматическая справка** (работа над предложением),
3. **Коммуникация** (работа над связанной речью).

Работа по первому и второму этапу осуществляется параллельно. В качестве примера практической реализации интерактивных методов для каждого этапа в рамках преподавания русского языка можно привести следующие:

Работа над словарем – это основа, фундамент всей работы по развитию речи. Не обладая достаточным запасом слов, студент не сумеет построить предложение и выразить свою мысль.

Необходимо определить виды словарной работы. На доречевом этапе целесообразно проводить следующую работу активизации словаря:

Логические упражнения;

Тематические словари.

Работа над предложением. Речь состоит из предложений. Предложения, правильно логично сформулированные, точно, ясно выражают высказываемую мысль. Составление предложения по образцу.

1. Составление предложения как ответа на вопрос преподавателя.

2. Составление предложения в связи наблюдениями.

Студенты должны научиться грамотно, последовательно выражать и передавать свои и чужие мысли, главным образом, в устной, а также в письменной форме, принимать активное участие в общении. Умение выражать свои мысли достигается последовательной работе над сочинениями, а умение передавать чужие мысли- работой над устными и письменными пересказами. Эта работа должна носить обучающий характер и проводится в строгой последовательности от легкого к более трудному. Виды работ над связанной речью по уровням одинаковые, но материал для работы используется в зависимости от общего уровня развития постепенно увеличивается по объему, усложняется по содержанию, по словарю и по конструкции речи.

Полиязыковая личность – это активный носитель нескольких языков, представляющий собой: личность речевую – комплекс психико-физиологических свойств, позволяющих индивиду осуществлять речевую деятельность одновременно на нескольких языках; личность коммуникативную- совокупность способностей к вербальному поведению использованию нескольких языков как средства общения с представителями разных лингвосоциумов; личность словарную или этносемантическую,- симбиоз мировоззренческих установок, ценностных направленностей, поведенческого опыта, интегрированно отраженных в лексической системе нескольких языков.



Полиязычное образование – это целенаправленный, организуемый, номируемый триединный процесс обучения, воспитания и развития индивида как полиязычной личности на основе одновременного овладения несколькими языками как «фрагментом» социально значимого опыта человечества, воплощенного в языковых знаниях и умениях, языковой и речевой деятельности.

В содержательном аспекте единицами полиязычного образования являются строго языковые учебные дисциплины: казахский язык – государственный язык, русский – как язык межнационального общения и английский – как язык успешной интеграции в глобальную экономику. Идею триединства выражает простая и понятная задача: развиваем государственный язык, поддерживаем русский и изучаем английский. В современных условиях происходит поиск и создание концепции полиязычного образования, благодаря которой многообразие языков и культур превратится в средство взаимного понимания и обогащения, в инструмент развития профессионально самостоятельной и активной личности, на основе ведущего принципа- принципа полиязычности и поликультурности.

ЛИТЕРАТУРА

1. ГОСО РК 6.08.085 -2010 Языки триединства (казахский, русский, и иностранный языки).-Астана, 2010.-45стр.
2. Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров «Язык и культура», 1973, стр.49-50
3. А.А. Лукаженец «Общество. Язык. Политика», Минск, 1988, стр.45
4. Новое десятилетие – новый экономический подъем –новые возможности: Послание Президента РК Н.А. Назарбаев народу Казахстана.- Астана, 2010-40стр.

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ САН ЕСІМДІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Р.Қ. МҰРАТБЕКОВА

ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, № 5 орта білім беру мектебі, Павлодар қ.

Сандардың тілдік элементтерін халықтың рухани және материалдық мәдениетінен іздеу керек. Себебі, біріншіден, мотивациялық және танымдық факторлар арқылы ұлттық ерекшеліктерді танып білу, екіншіден, мәдениеттің қай түрін алсақ та, оның түрі мен мазмұны тек сөз арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізілген. Ендеше, тіл арқылы мәдениеттану - ұлттық, халықтық кешегісі мен бүгінгісін таным. Осы тұста сандар арқылы жеткен этнофразеологизмдерді екіншісі бірі, егіздің сынары таратып бере алмайтынын ескеру керек.

«Сан есім – фразеологизм жасауда көп кездесетін сөз табының бірі. Сан есім фразеологиялық бірліктері (ары қарай – ФБ) құрамында лексика-семантикалық жағынан бүтін бір бірліктік мәнге ие болып, синтаксистік тұрғыдан күрделі бір мүшенің ғана қызметін атқарады және даяр күйінде қолданылады»[1]. Сан есімді фразеологиялық бірліктердің (ары қарай - СЕФ) құрылымдық - грамматикалық табиғатын зерттеуде, олардың сыңарларының сөз жасамның құрамы, грамматикалық түр өзгерулері, сыңарлардың арасындағы синтактикалық байланыстары негізге алынып, осы типтес ФБ-тің құрылымдық-синтактикалық модельдері жасалады. Зерттеудің негізінде СЕФ-тердің екі құрылымдық-грамматикалық түрлері анықталды: сөз тіркес құрылымды ФБ-тер және сөйлем түріндегі ФБ-тер. 1. Сөз тіркес құрылымды ФБ-тер ішінара лексика-грамматикалық кластарға топтастырылады. Өзінің лексика-грамматикалық мағыналарына қарай ФБ-тер: субстантивті ФБ-тер, етістікті ФБ, адъективті ФБ, адвербиальды ФБ болып жіктеледі. Әрбір фразеологиялық категория кластары құрылымдық-синтаксистік моделдерден тұрады. Субстантивті ФБ төмендегідей модельдерден құралған:

1) сан есім - зат есім: жеті ата, төрт түлік, тоғыз құмалақ ағылшын тілінде, zero hour, the sixty-four question, forty winks. Ағылшын тіліндегі сан есімдік тіркестердің өзіндік ерекшеліктері бар, ондағы сан есімдер реттік сан есімдер жалғауын алады: the fourth estate, second sight. Сонымен қатар, ағылшын ФБ-тері, керісінше, зат есім+сан есім формасында келуі мүмкін: coach and four.

2) сан есім - зат есім - зат есім: қырық күн шілде, бір ауыз сөз, алты бақан ала ауыз; *five o'clock tea, two penny tube, one-track mind*. 3) сан есім - ілік септігіндегі зат есім - зат есім: *тоғыз жолдың торабы, жемі тордың басы, төрт арыстың баласы; nine men's morris, one of the Nature's noble men, a nine day's wonder, four corners of the world*. 4) сан есім - қатыстық сын есім - зат есім: *жемі басты обыр, тоқсан баулы ақ көбе; double edged weapon, seven-leagued boots, the cat o' nine tails*.

Сонымен қатар, субстантивті фразеологизмдерге құрамы жағынан үш немесе төрт сыңардан тұратын тұрақсыз тіркестер жатады: *заманы бір замандас, ауылдың алты ауызы, ошақтың үш бұты, толғауы тоқсан қызыл тіл*. Субстантивті ФБ-тер қабысу жолымен 1,2,4-модельдер және изафеттік байланыс арқылы 3-модель жасалады. Субстантивті ФБ-тің негізгі сөзі - зат есім септік бойынша түрлене береді, бірақ шектеулі шамада ғана, оның семантикалық құрылымы бұзылмауы керек. Субстантивті ФБ-нің сыңарлары сөйлем ішінде дистанттық шамада тұрмайды, бұл оның синтактикалық тұрақтылық белгісі. «Адъективті және адвербиальды ФБ-тер морфологиялық сипаттарына қарай қатып қалған формада келеді. Сан есіммен қатар келген ФБ-нің семантикасы әр түрлі атрибуттық тіркестер, есімшелік құрылымдар және күрделі компаративтік оралымдар жасайды»[2]. Адъективті ФБ-тер сан есіммен қатар келіп, мынандай модельдер құрады: сан есім - зат есім: *бір ішек қырық жасау, бір бет; second birth, fifth wheel*. сан есім - қатыстық сын есім: *бір бейілді, екі жүзді, сегіз қырлы, бір сырлы; two faced, once removed*. Ағылшын тілінде, сын есім - зат есім тізбегі жиі кездеседі; *sweet seventeen, great, long hundred*. тәуелдік жалғаулы зат есім - сын есім: *түбі бір, ым-жымы бір*; сан есім - шығыс, табыс септігіндегі зат есім - есімше: *он саусағынан өнері тамған, төрт аяғын тең басқан*; компаративтік ФБ-тер салыстырмалы мүшесі болып, зат есім немесе -дай (дей) жұрнағы жалғанған есімше: *екі беті шиқандай, бес биенің сабасындай, бір қалыпқа сонандай*. Ағылшын тілінің адъективті ФБ-тері басқалай жіктеледі. Олар: компаративтік және компаративтік емес ФБ-тер болып бөлінеді. Компаративтік емес ағылшын ФБ-тері: as ... like as, as ... as, as (like) үлгілері бойынша жасалады; *as like as two peas, as one man, as (like) a hen with one chicken, as neat as ninepence, as fresh as adaisy, as clear as that two and two makes four*. Адъективті ФБ-тің морфологиялық ерекшелігі, олар кейде салыстырмалы шырайда келеді *more fresh than a daisy*. Жоғарыда аталынып көрсетілген ФБ-тің түрлерінен басқа -ған есімше жұрнағымен келетін тұрақты емес тіркестер табылып жатады: *он екіде бір гүлі ашылмаған, бір деген, ұяттан үш күн бұрын туган*. Компоненттер арасындағы грамматикалық байланыс қабысу 1,2,3-моделдер және менгеру арқылы 4,5-модельдер жүзеге асқан. Адъективті ФБ-тер ішінде есімшелік тіркестер көптеп кездеседі. Бұл есімшелердің атрибутивтік мағынасына байланысты. Есімше заттардың әр түрлі үрдістік белгілерін көрсетіп, ФБ-тің басқа сыңарларымен біріге отырып, сындық бағалаудың қосымша элементін тауып алады. Адъективті фразеологизмдер арасында сапалық сын есім кездеспейді. сан есім - зат есім: *бір төбе, бір қарқын, бір сәт; double tides, eleventh hour, one fell swoop*. сан есім - шығыс септігіндегі зат есім: *жемі атадан, бір ауыздан, бір кіндікпен; at first hand, at second hand, at the first glance, with one accord, from the first face, in a word*; сан есім - жатыс септігіндегі зат есім: *бір демде, жемі мұнде, екі арада; at one dash, in two*

twos, at a sitting, on second thoughts, in the seventh heaven. Бұл модельдің күрделенген конструкциясы бар: *бір қаға берісте, алты қырдың астында, екі кешінің арасында; when two Sundays come together, between two days, on the shady side, on the sunny side of 30, 40*; сан есім - үстеу: екі талай, бір басқа ағылшын тілінде мұндай модельге сәйкес табылған ФБ-тер жоқ. есімшелік жұрнақ -дай (дей) мен жасалған компаративтік теңеу ФБ-тері: *жерден жемі қоян тапқандай, екі иінінен су кеткендей, бір ернімен жер, бір ернімен көк тіреп тұрғандай; as the day is long, like forty, like sixty, like a hundred of bricks*. Компоненттер арасындағы синтаксистік байланыстар, 1,2,3 модельдерде қабысу, 4-модельде менгеру арқылы жасалған. Осындай ФБ-тердегі екі тілде де ең көп тараған түрі сан есім - жатыс септігіндегі зат есім, сан есім - зат есім болып табылады. Бұндай ФБ-дің арасындағы көп кездесетін синтактикалық байланыстар түрі - қабысу 1-4 модельдер және менгеру 5-модель.

Ең көп тараған және құрылымы жағынан әр қилы болып келетін етістікті ФБ-нің мынандай түрлері бар:

1) сан есім - етістік: *бір жамбастау, екі емтеу; күрделі конструкциялы түрі: түн ұйқысын төрт болу; бір өліп, бір тірілу; екі шоқын, бір қарау*; Ағылшын тілінде, қатаң сөз тәртібі ережесіне орай, етістік бірінші орында келіп, сонынан сан есім ереді *measure thrice and cut once, not to think twice about, to give the once-over*.

2) сан есім - атау септігіндегі зат есім - етістік, ағылшын тілінде, бұл модель: етістік - сан есім - зат есім болып келеді: қаз. - *екі жар болу, бір уыс қылу; care two straws, to lay the first stone*;

3) сан есім - барыс септігіндегі зат есім - етістік: *бір уысына сыйғызу, екі сөзге келмеу; not to give two hoots for, have all one's work cut one*.

4) сан есім - табыс септігіндегі зат есім - барыс септігіндегі зат есім: екі аяғын қолына алып жүгіру, екі аяғын бір етікке тығу; *have all one's eggs in one basket, have all one's eyes on one*.

5) сан есім - шығыс септігіндегі зат есім - зат есім - етістік: *бір көзден қан, бір көзден жас ағу, бір жеңінен қол, бір жағадан бас шығару*. Ағылшын тілінде мұндай типтес етістікті ФБ-тер жоқ. Етістікті ФБ-тер құрамында сан есімдер етістіктермен қатар келіп, өздерінің сандық мәнін жоғалтып, заттанады. Заттанған сан есімде әр түрлі етістік формада келеді; а) табыс септігі: қырық беру, бірді екі ету; ә) барыс септігі: мыңға балау, екіге жарылу; б) шығыс септігі: қырықтан шығару, Бірақ мұндай құрылымдар сан жағынан аса көп емес. Етістікті ФБ екі немесе одан да көп сыңардан тұруы мүмкін. Сыңарларды байланыстырушы синтактикалық байланыстар менгеру және қабысу. Ең көп тараған модельдер: сан есім - атау мен іліктен өзге септіктерде тұрған зат есім - етістік; сан есім - етістік. Бір сыңары сан есіммен келетін ФБ-тің тұрақтылығы мен құрылымдық-грамматикалық ерекшеліктерін қарастыру, олардың әр текті табиғатын анықтады. Субстантивті ФБ-тің сыңарлары қатаң тәртіп бойынша орналасқан. Тек соңғы сыңар - зат есім ғана парадигмалық өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Оған тәуелділік пен септік парадигмалары тән. Субстантивті ФБ-тің септік бойынша өзгеруі затты білдіру мағынасының сақталу деңгейімен, сыртқы байланыстар түрлерімен өлшенеді. Адъективті және адвербиальды ФБ-тер көп өзгермейді, олардың формалары тиянақты, тұрақты болып келеді. Адъективті ФБ-тер анықталушы сөзбен контакты не дистантты жағдайлардың екеуінде де тұра алмайды. Тілдің ситуацияларға қарай, адъективті ФБ-тер адвербиальды ФБ-ке немесе керісінше айналуы мүмкін.

«Етістікті ФБ-тің стержендік негізгі етістік - сөзі өзіне тән байланыстарды, грамматикалық қоршауда тұрса да еркін иемденеді»[3]. Не дегенмен, етістіктің парадигмалық қасиеттері біршама шектелген. Бұл қасиет шак, рай формаларында байқалады және осы арқылы ФБ-дің семантикасының ерекшелігін түсінуге болады.

Сөйлем түрінде келген СЕФ-дер тұрақты фразалар болып табылады. Тұрақты фразалар дегеніміз сөйлем үлгісінде жасалған тұрақты сөз тіркестері. Олар екі топқа бөлініп, жіктеледі:

а) лексика-грамматикалық жағынан сөзбен немесе сөз тіркесімен ұғымдас келетін ТФ-лар төмендегі модельдер бойынша жасалады:

1) зат есім - сан есім - зат есім: *табаны алты қарыс, құны бір тиын*;

2) сан есім - зат есім - үстеу: *төрт көзі түгел*;

3) сан есім - зат есім - жатыс септігіндегі зат есім: *бір іні ішінде*;

4) зат есім - сан есім - шығыс септігіндегі зат есім - етістік: *алар демі бір төбеден шығып тұр*;

5) сан есім - зат есім - сан есім - етістік: *екі көзі төрт болды*.

Ағылшын тілінде бұл жүйені басқалай көрсетуге болады:

1) етістік - тәуелділік жалғаулы зат есім - сан есім - зат есім: *hang all one's eggs in one basket, hang all one's bells on one horse, never hang a man twice for one offence*.

2) үстеу - жатыс септігіндегі зат есім: *once in a blue moon, once upon a time*.

3) етістік - сан есім - зат есім - үстеу: *put two and two together, put first things first, put the best foot first*.

4) етістік - табыс септігіндегі зат есім - жатыс септігіндегі зат есім үстеу - сан есім: *wish somebody further first, see somebody at Jericho first*.

5) етістік - сын есім - зат есім - тәуелділік жалғаулы зат есім - етістік: *to give the cold shoulder of mutton, to know best where the shoik pinches*.

Құрылымы жағынан мұндай фразеологизмдер жай сөйлемге сәйкес болып келеді, алайда толықтай тиянақтылық, тұрақтылық қасиеті жоқ және тәуелділік жалғауын көп қолданады.

«Пайымдау, пікір айту мазмұнында келген ФБ-тер коммуникативті бірліктер қатарына жатады»[4]. Бұл топқа мақал-мәтелдер, тілдік штамптар кіреді. Бұндай ТФ-лар төмендегі сөйлем түріндегі құрылымдық схемалар бойынша жасалады:

1) жай жайылма сөйлем: тоғыз қатынның толғағы қатар келді, *one cloud is enough to eclipse the sun*;

2) сабақтас құрмалас сөйлем: *Жүздің мүсін білгенше, бірдің атын біл; He that once deceives is ever suspected*;

3) сабақтас салалас сөйлем: *Берерменге бесеу көп, аларманға алмай аз; A wonder lasts but nine days and then the puppy's eyes are open;*

Алеыс пен қарғыс мағынасындағы тілдің штамптар келемі жағынан онша көп емес: *Мың жаса! Егізде екі болма! Be a Man, not a sixpence!*

ФБ-дің сыңарларының мағыналарын тілдің лексика-семантикалық жүйесінің бірліктері деп қабылдау арқылы, ФБ-тің біртұтас мағынасын айқындап, оның идиомдық семантикасын көруге болады. «Идиомдықтың семантикалық факторлары: ФБ-тің идиомдылығы, тұрақты сөз тіркес пен еркін сөз тіркестің мазмұны және олардың компоненттердің еркін қолданыстағы мағынасымен айқындалады»[5]. Сыңарлардың мағыналарының ауысуы идиомдылықтың көрсеткіші болып табылады. ФБ-тің семантикасының ауысуының төмендегідей түрлері болады:

1) метафоралық мағыналық алмасу - сөз тіркестердің тура және фразеологиялық мағыналарының қарама-қайшылығы мен ортақтастығы негізінде жүзеге асады: *бес биенің сабасындай; it's on the stroke of 4,5,6,etc.*

2) метанимиялық мағыналық алмасу - ФБ-тің ауыспалы мағынасы мен фразеологиялық мағынасының бірігуі нәтижесінде жасалады: *қазан-аяғы бір болу; to know how many beans make five;*

3) гиперболалық мағыналық ауысу - белгілі бір қасиетті, *ойды үлкейтіп көрсету, ұлғайту, күшейту мақсатында іске асады: жеті хат жер астында; to be in the seventh heaven;*

Гиперболизмдерге қарама-қайшы болып, құрамында бір сан есімі бар ФБ-тер құбылыстың сапалық мағынасы мен қасиетін едәуір кішірейтіп көрсетеді: *бір аттам жер, бір ауыз сөз; one link is broken, the whole chain is broken;*

Зерттеулер көрсеткендей, ФБ-тің, гиперболизациялануы кезінде сан есімдердің мағыналары үлкен роль атқарады. Бұндай ФБ-тер құрамында, әдетте, қырық, жеті, жүз, мың сан есімдері жиі қолданылады.

Мағыналардың ауысу түрлері бір-бірімен қабаттасып келуі мүмкін. Мысалы, гиперболалық ауысу метафоралық ауысумен бірге келеді; *қырық қабаттанып отыру, жүз түйіннен түйілген; like hundred, thousand of bricks, the sixty four question.* Семантикалық механизмдердің бірігіп келуі алогизмдерді тудырады: *бір көзден қан, бір көзден жас ағу, бір ұрты май, бір ұрты қан;* 1) ФБ-тің мағыналарының символизациясы. Лингвистикалық экстралингвистикалық факторлардың әсерінен *жеті, қырық, төрт, он екі* сан есімдері жиі символ сөздерге айналады. *Жеті, қырық* сан есімдері бар ФБ қатарлар діни - мистикалық түсінік береді және бір тылсым дүниені мензеп тұрғандай әсер береді. Мысалы, *жеті шептек беру, қырқын беру.* Ал, ағылшын тілінде *жеті, қырық* сан есімдерінде ешқандай діни-нанымдық мағына жоқ. Барлық дерлік халықтарда жеті сан есімі бақыт, сәттілік әкелетін жақсы сан. Американдықтар жеті санын бір тұтастықтың нышаны деп біледі, бәлкім бұл түсінік аптаның жеті күніне байланысты шыққан шығар. Қырық сан есімі - шапшаңдық, лездектің белгісін білдіреді. Мысалы, *like forty - mez, forty winks* - мызғып алу ФБ-тері ағылшын тілінің американ вариантында кездеседі. Төрт сан есімі материалдық әлемнің, дәулеттіліктің белгісі төрт құбыласы сай, төрт аяғын тең басқан, ал ағылшын тілінде, төрт саны бүтіндіктің, түгелдіктің символы ретінде келеді: the four corners of the world - дүниенің төрт бұрышы, the four seas - Ұлыбританияны жуып-шайып жатқан төрт теңіз;

Он екі сан есімі тұтастықтың, толықтықтың символы болып табылады: он екі мүшесі сау, жыл он екі ай. Аталған сан есімдер тек белгілі бір сөз тіркестерінде ғана символдық мағынаға ие болады.

2) Глобалды-жанама идиомдылық. Глобалды идиомдылық ФБ-тің жекелеген сыңарларының ғана емес, біртұтас құрамымен қосымша мағынасы болу ерекшелігімен сипатталады. Глобалды идиомдылық, әсіресе, мақал -мәтелдердің бойынан табылады. Мысалы, *Алты жасар бала жолдан келсе, алтыстағы шал алдынан шығар; score twice before you cut once.* Мақал-мәтелдердегі әр сыңар өзінің лексикалық мағынасын сақтайды. Ал, бірақ негізгі мазмұны - үлкенді сыйлау және кеңеспен істелетін істің артықшылығын көрсету. Глобалды идиомдылық әзілдік немесе ирониялық ФБ-тен да табылып жатады. ФБ-тің ирониялануы бүкіл тіркестің; мағынасының ауысуымен жүзеге асады: *айдағаны екі ешкі, ысқырығы жер жарады; one of the Nature's noble men.*

ФБ-тің идиомдылығы кей кездері тіркестің мағыналық жағына тиіспей, тек формальды жағын өзгертеді, оларға: 1. Лексикалық амалдар: а) нақты бір ғана сан есіммен тіркесіп келіп, тілдік мағынаға ие болатын ФБ-тің; сыңары: *бір сәрі, бір сыдырғы, бес бетер;* архаизмдік сыңармен келген ФБ: *жеті дұшпан, алты алаш, төрт арыстың баласы;* б) қайталау: *бір емес, екі емес, ақ ит, қара ит - бәрі бір ит;* 2. Фонетикалық амалдар: а) аллитерация: *тоғыз тұрып, тоқсан толғау; tweedledee and twedledum.* ә) рифма: *екі жапсақ, бір епсек measure thrice, cut once.* ФБ-тің құрамында сан есімдердің мағынасы толықтай десемантизацияға ұшырайды, бұл СЕФ-тер табиғатының бір ерекшелігі: *табаның үш тартын жесе - мұқтаж болу, бір жасау - марқайып қалу, қырық нышақ болу төбелесу; the sixty four question - ең қиын сұрақ, second sight - көріпкелдік, dressed up to the nine's - үлде мен бүлдеге оранып, жақсы киініп алу.*

Сан есіммен келген тұрақты тіркестердің ұзақ дәуір барысында алдымен еркін тіркес ретінде, одан фразеологизмге айналу процесінде мағына жағынан дамып, әр дәуірдегі халықтың ой-санасына сай нақты өмір шындығынан көріну байқалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Амосова Н.Н. Основы английской фразеологии. - Л., 1963, -208 с.
2. Виноградов В.В. Русский язык. Грамматическое учение о слове. Издательство: -Москва, Высшая школа. 1972.

3. Будагов Р.А. Французская стилистика III. Балли: // Балли Ш.Французская стилистика/ Пер. с фр. К.А. Долинина. - Москва, 1961.

4. Амосова Н.Н. Основы английской фразеологии. Автореферат диссертации на соискание учебной степени доктора филологических наук, 1962. -24с.

5. Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка - Москва. Высшая школа. Издательский центр «Феникс» 1996.

ӘОЖ 81'373.49

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАР ЖЫРЫНДАҒЫ ЭВФЕМИЗМДЕР

Р.Ж. МҰХАМЕТЖАНОВА

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

М. МОЛДАХМЕТОВА

6 сынып оқушысы

Діни нанымдар негізінде қалыптасқан ырымдар мен тиымдардың кейбірі көп халықтың мәдениетінен орын алған. Олар қазақтарға да тән. Мысалы, ертеректе бай болсын, жарлы болсын қазақтар құдайдың қарғысы немесе тіл-көз тиеді деп, малының, бала-шағасының нешеу екенін ешкімге тіс жарып айтпаған әрі олай етуді жаман ырым санап, тыйым салатын болған. Бала-шағаның нешеу екенін кездейсоқ немесе көп адам отырған жерде ашық айтудан сескенушілік қазақ арасында күні бүгінге дейін сақталған деп айтуымызға болады. Осы сияқты түрлі наным-сенімдерге байланысты эвфемизмдер батырлар жырының лексикасынан мол кездеседі. Батырлар жырындағы дәстүрлі моральдық –этикалық қатынастар саласында қалыптасқан эвфемизмдердің қолданылуы. Эвфемизм табиғатының өзі сыпайыгершілік пен әдептілікке негізделеді. Тілімізде қолданылып жүрген эвфемизмдер өскелең халқымыздың қалыптасқан моральдық-этикалық нормаларының нақ көріністері болып саналады. Олар қазақ тілінде сан ғасырдың жемісі болып табылады. Тілдің дамуына байланысты олардың қатары толығы беретіні сөзсіз. Эвфемизмдер ойды көркем жеткізудің негізгі құралы болғандықтан көркем шығармаларда жиі қолданылады. Батырлар жыры ауыз әдебиетінің көркем туындылары қатарына жатады. Сондықтан оларда эвфемизмдер жиі кездесіп отырады. Батырлар жырында халықтың тұрмысы, күн көрісі, дәстүрі, салты мен санасы көрініс табады. Эвфемизмдердің өзі әдет-ғұрыпқа негізделетіндіктен батырлар жырында жиі кездесуі заңдылық болып табылады. Батырлар жырында ең көп кездесетін эвфемизмдерді топтарға жіктеп бердік. Топтарға жіктегенде аңғарғанымыз өлімге және анатомиялық атауларға байланысты эвфемизмдердің жиілігі. Осы тарауда соларды талдап көрсетпекшіміз[1.471].

Өлімге байланысты эвфемизмдер. Адам баласы үшін табиғи құбылыстардың ішіндегі ең қорқыныштысы да, сескендіретін суығы да өлім. Сондықтан кез келген халықтың тілінде «өлім», «өлді» деген сөздердің орнына сол ұғымдарды білдіретін, бірақ әлдеқайда сыпайы айтылатын эвфемистік синонимдерді қолданады.

Кісінің қайтыс болуына байланысты эвфемизмдер басқа халықтар сияқты түркі халықтарының тілінде де кездеседі. Қазақтың «Өлім жайлы көп айтса, тірінің берекесі кетеді» деген мақалы соның айғағы сияқты. Түркі халқының салт-дәстүрінде өлім туралы суық хабарды туыс-жақындарға астарлап естіртіп, көңіл айту ертеден келе жатқан дәстүр. Бұл қазақтарға да тән жағдай. Қазақ арасында қалыптасқан салт бойынша қайтыс болған адамның жақындарына қазаны бірден естірте салмаған. Суық хабарды мүмкіндігінше астарлап, тұспалдап немесе жұмбақтап жеткізуге тырысқан. Әдетте ауыр қайғыны естірту эвфемистік мағыналы сөздерден басталып, көңіл айту, жұбату сөздермен аяқталып отырған.

Өліммен байланысты немесе сонымен ұштасып жататын тағы біраз ұғымдар бар. Олар: *өлік, мола, қор, қому, бейіт, сүйек, дене, жерлеу, зират, қабір* сияқты сөздер. Аталған сөздердің бояулары адамға әсер ету жағынан бірдей емес. Әсіресе *өлік, мола, қор, қому* сөздерінің мағыналары өте суық. Сондықтан олардан гөрі тігісі біршама жатықтау *дене, сүйек, зират, қабір, жерлеу, қою* сияқты эвфемистік баламалар жиірек қолданылады. Ал кейде *мола, қор* деген суық сөздердің орнын *орны, жай* деген сөздер басып отырады.

Басқа тілдердегі сияқты қазақ тілінде «өлу» деген ұғымды *қайтпас сапарға кету, үзілу, көз жұму, қайту, кету, шетін болу, көз жазып қалу, айрылу, адасу, беру, мәңгі ұйқыға кету, аттану, дүние салу, дүниеден қошу, демі тоқтау, жан тәсілім қылу* сияқты астарлы мағыналы эвфемизмдер алмастырып отырған. Осы айтылғандарға батырлар жыры арқылы да көз жеткіземіз. Мысалы «Қобланды батыр» жырында:

Ұлы Қобда бойында

Қобландының *моласы,*

Ажалға кімнің шарасы,

Салынған белгі *тамы* бар.

Бұрыннан қалған жоба бар.

«Қалмақ қырғын» атайды,

Неше бір биік *оба* бар.

Халық аузынан есіттім,
Бөкенбайдың **зираты**,
Сол маңайда және бер.
Қалың қазақ баласы,
Жайлауы кең даласы,
Ақыры откен дүниеден,

Халықтың сүйген баласы (Қобланды батыр, 3.256-Б).

Жыр үзіндісінде өлімге байланысты бес сөз бар. Олардың ішінде *мола, там, оба, зират*- сөздері синоним ретінде қолданылған. *Мола* – деген қаталдау айтылса, қалған үшеуі эвфемистік сөздерге жатады. Алдыңғы сөзге қарағанда неғұрлым жұмсартылып, сыпайыландырылып айтылған. *Өлді* дегенді *дүниеден отті* түрінде эвфемизм сөзбен ауыстырып берген.

Қорлықпенен өлсін деп,
Тасқа соғып боршалап
Қызыл ерді еңіретті,
Домаланды жерге бас,
Кеудесінен **жан кетті** (Қобланды батыр, 2.20-б).

«Менен туған қыз болсаң
Мұсылманның, шырағым,
Етегің ұста,-деп еді»(2.83-б).

Тұлпар мініп ту алған
Елдегі жолдас бектерге
Мені жауда қалды деп,
Аяққа кісен салды деп,
Үлкен аға, кіші іні
Зар салмасын біздерге (2.83).

Жазым болып, **көз жұмсам**,
Аға, інім жоқ еді
Кім жоқтайды, беглерім? (Қобланды батыр,2. 84-б).
Байлаудан қашып Қобланды,
Әскер жиып барғаны.
Қайратқа әкең жарамай
Қаза тауып қалғаны (Қобланды батыр, 2.140-б).

Бауырын суық жерге беріп, жеті күн, жеті түн далаға шықпай, қапа болып жатты(Алпамыс батыр,4.9-б).
Батырлар жырының тіліне тереңдеп көз жүгіртсек, өлімге байланысты эвфемизмдерді көптеп кездестіреміз.

Батырлар жырында қолданылатын эвфемизмдердің жасалу жолдары.

Эвфемизмдердің жасалу жолдары мен тәсілдері басқа тілдер сияқты қазақ тілінде де сан-ауан болып келеді. Тілдегі алатын орны мен атқаратын қызметі жағынан эвфемизмдер метафора, метонимия, синекдоха, символ, парафраза сияқты троптарға жақын болады. Өйткені троптар сияқты эвфемизмдер де ауыспалы мағына тудыратын ең өнімді тәсілдің бірі. Бірақ жоғарыда аталған троптардан эвфемизмдер өздерінің қолданылу аясы, мақсаты мен атқаратын қызметінің бөлектігімен етекшеленеді. Алайда осындай айырмашылықтардың болуына қарамастан, метафора, метонимия немесе басқа троптар эвфемизмдерден мүлдем алшақтап кетпейді. Оның басты себебі троптар сезімге әсер ететін немесе айтайын деген ойды әсем жеткізетін поэтикалық көркемдегіш құрал болып қана қоймай, ара-тұра эвфемизмдердің де жүгін арқалайды. Демек, тілде поэтикалық троптармен қатар эвфемистік метафора, эвфемистік метонимиялар немесе басқа да троптар қоса кездеседі. Біз бұған батырлар жырының тілі арқылы да көз жеткіземіз.

Эвфемистік метафоралар, синекдохалар мен символдар.

Метафора – бейнелі образ тудыратын троптардың ішіндегі аса жиі қолданылатын өнімді де белсенді түрі. Қарапайым тілмен айтқанда, метафора- екі ұғымның белгілі бір ұқсастығына бола, бірінің атауының екіншісіне телініп, балама атау түрінде ауысып қолданылуы. Батырлар жырынан мысал келтірсек:

Атасы менен анасын!
Тоқтамасқа меңзеймін
Жалғызымның шамасын.
Кетер болсаң, сұлтаным,
Енекемнің еміп кет
Тосінде екі алмасын (Алпамыс батыр, 4.47-б).

Мен өлгенмен артымда
Арлан қасқыр бөрім бар,

Атағы шыққан ерім бар (Аңшыбай батыр)

Бұл мысалдағы алма деген сөздің көркем образ тудырып тұрған метафора екендігіне дауа жоқ. Бұл метафорадан поэтикалық мағынамен қатар басқа да мағынасы қатар көрініп тұр. Өйткені ол өз атымен аталса,

құлаққа ерсілеу естілер еді. Анатомиялық ұғымның атауы эвфемизм арқылы берілген. *Арлан қасқыр бөрі* деген де метафора ретінде қолданылған.

Эвфемистік мағына тудыратын троптың енді бір түрі - синекдоха. Бұл-бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, жекешенің орнына көпшені, бөлшектің орнына бүтінді қолдану әдісі.

Синекдоха да эвфемизм ретінде қолданылады. Мысалы қазақ тілінде бала көтермеген әйелді *бедеу* деумен қатар *нұштағы қанамаған* немесе *өкшесі қанамаған* сияқты тұрақты сөз тіркестерімен де білдіреді. Мұндағы *нұштақ, өкше* дегендер адам денесінің белгілі бір бөлшегі болумен қатар тілдегі екінші бір сөзбен тіркесіп, *бедеу қатын, бала тумаған*, ал кейде мағынасы ауырырақ *қубас қатын* деген сөз тіркесінің орнына қолданылып, эвфемистік мағына тудырады. Эвфемистік синекдоханы мына мысалдан көруге болады.

«Еш нәрсе көрмей дүниеден,
Өткенім деген **тұяқсыз ->**
Токтарбайдың зарына
Қалың қыпшақ қайысқан (Қобыланды батыр. 2.15).

Артыңда тұяқ жоқ, мені қалай тұл қалдырмақсың (Ер Тарғын,5.51-б). *Тұлпар кетті, тұяғы қалды*(Ер Тарғын, 5. 53-б).

Бұл үзіндідегі *тұяқсыз* деген сөз баласыз, *перзентсіз* немесе *қубас* деген мағынасы құлаққа жылы тие қоймайтын ұғымдарды қалкалап тұрған эвфемистік синекдоха.

Ашуына тисең батырдың,
Боларсың дал-дал сен деді.
Біз перінің қызымыз,
Білгендерің жөн деді.
Айтқаныма көнбесең,
Мекенің болар көр деді.
Жайлаған екен ішінді
Арамдықтың аласы(Аңшыбай батыр)

Аңшыбай батыр жырынан алынған үзіндіде де қарамен ерекшеленіп берілген сөздер де эвфемизмдерге жатады.

Троптардың басқа түрлері сияқты символ (бейнелеу) да тілдің көркемдегіш құралдарының бірі болып табылады. Ол - айтылмақшы ойды түп-турасынан гөрі белгілі бір бейнелі образдар арқылы танытып әрі астарлап жеткізу тәсілі. Осы тұрғыдан қарағанда символ эвфемизмге жуықтай түседі. Өйткені белгілі бір ұғымды астарлап, бүркемелеп жеткізу символға да, эвфемизмге де ортақ қасиет. Осындай ұқсастықтарының болуымен байланысты символ көркем образдар жасаумен қатар эвфемизмнің де қызметін қоса атқарады. Бұның дәлелін батырлар жырынан көруге болады.

Арызымды сізге айтайын
Көтерсең менің назымды:
Саусағы алтын сұңқарға
Ілдірейін деп келдім
Көлдегі үйрек қазынды;
Алтайы қызыл түлкіне
Қосайын деп ойлап ем
Құмай жүйрік тазымды;
Тікпекке ақ үй сұраймын,
Ел қонбаған сазынды.
Бұйырып патшам жіберген
Қайта алмаймын бұл жерден,
Іздеген жоғым табылмай (Қамбар батыр,5.329-б).

«Қамбар батыр» жырынан алынған бұл үзінді Керей ұлы Келменбеттің Әзімбайға айтқан сөзі. Бұның ішінде символға мысал бола алатын тамаша жолдар бар. Қалмақ ханы Қараманның жаушысы Келменбеттің Әзімбайға түспалдап айтпақшы болғаны –бір-ақ сауал. Ол-Назымды Қараманға әйелдікке бер деу. Алайда Келменбет сауалын келген бетте айта салмайды, алыстан орағытып, астарлай сөйлейді. Оның *алтын сұңқар мен құмай жүйрік тазыға* балап отырғаны –Қараманның символдық бейнесі. Ал енді *сұңқарға* ілдірмек болып отырған *үйрек пен қазы* немесе *тазы қоспақ болып отырған алтайы қызыл түлкісі* мен ақ үй тікпек болып отырған *ел қонбаған сазы* және *іздеген жоғым* - Назымды бейнелейтін символдық образдар болумен қатар, Қараманның бұйымтайын бүркемелеп тұрған эвфемизмдер.

Эвфемизмдердің белсенділігі әр тілде әр түрлі дәрежеде. Кейбір тілдерде эвфемизмдердің салдарынан лексика айтарлықтай өзгеріске ұшырап, үздіксіз дамып отырады. Эвфемизмдер сөздік қорды дамытып отырады.

Қазақ халқы өте ерте кезден бастап-ақ тіл күдіретін кастерлеп, құрметтеген. Оған халық кемеңгерлігінің тобықтай түйіні- мақал-мәтелдер дәдел бола алады. Әрбір сөзді орындыжұмсай немесе дұрыс сөз саптай білудің үлкен өнер, күшті құрал екендігін бағалап, халық: «Өнер алды-қызыл тіл», «Қаһарлы сөз бас жарады, бас жармаса тас жарады», «қаһарлы сөз-қамал бұзар» десе, адамның көңіл-күйіне, сезіміне қаншалықты терең әсер ететінін дөп басып: «Бал тамған тілден у тамар», «Қотыр қолдан жұғады, пәле тілден жұғады», «жақсы

сөз –жарым ырыс», «Сіз-біз» деген жылы сөз – тіріліктің қанибеті», «Құлақтан кірген суық сөз көңілге барып мұз болар», «Жаман сөз-жанға кірген тікен» тағы сол сияқты мақал-мәтелдерді айтқан.

Бұл сияқты халықтың асыл қазынасы тіл мәдениетінің қалыптасуына, өсуіне үнемі өз себін тигізе бермек. Олар адам көнілін жығатын немесе кесел келтіретін, жігерін күм ететін зәрлі, суық, кесапатты, дөрекі немесе былапыт сөздерден бойды аулақ салуға, сол сияқты ізеттілікке, сыпайылыққа, әдептілікке баулиды.

Ізеттілік, сыпайылық, әдептілік сияқты қасиеттерді жоғалтып алмай, қандай болмасын өрескел немесе дөрекі сөздердің тігісін жатық етуге немесе кез келген ұғымды майдалап, жұмсақтап жеткізуге тіліміздің байлығы жеткілікті. Осы тұрғыдан қарағанда, кез келген тіл лексикасының ерекше тобын құрайтын эвфемизмдердің ролі өте күшті. Этикалық нормалардың негізінде қалыптасқан эвфемизмдердің барлығы тіл мәдениеті үшін ғасырлар бойы қызмет ете бермек.

Эвфемизмдер ойды көркем жеткізудің негізгі құралы болғандықтан көркем шығармаларда жиі қолданылады. Батырлар жыры ауыз әдебиетінің көркем туындылары қатарына жатады. Сондықтан оларда эвфемизмдер жиі кездесіп отырады. Батырлар жырының халықтың тұрмысы, күн көрісі, дәстүрі, салты мен санасы көрініс табады. Эвфемизмдердің өзі әдет-ғұрыпқа негізделетіндіктен батырлар жырында жиі кездесуі заңдылық болып табылады.

Эвфемизмдердің стильдік қызметі олардың қуаты мен эмоциональдық әсер күшінің жоғарылығы арқылы да ерекшеленеді. Сонымен қатар олардан қазақ халқына тән сөз жұмсау мәдениеті байқалатындығы анықталды.

Батырлар жырының тілі - бейнелі сөздер мен тіркестерге де аса бай. Қазақ әдеби тілінің ұлттық белгілерінің бірі ретінде сөзді астарлап, бейнелеп қолдануды айтады. Бейнелілік тек көркем әдебиет тіліне ғана емес, қазақтың жалпы сөйлеу тіліне тән белгі. Бұған сөздік қордағы атауларға зер салу арқылы көз жеткізуге болады. Затты, құбылысты, іс-әрекетті суреттеп сипаттап, астарлап айту мен теңеулердің активтілігі сияқты белгілер – қазақ көркем тілінің ұлттық сипаты. Батырлар жыры ұлттық тілдің сөз байлығын мол қамтыған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметов.Ә.Қ. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер 1995.
2. Нұрмағамбетова. О. Ақсауыт. – Алматы: «Жазушы» баспасы,1977.
3. Күмісбаев. Ш. Қобыланды батыр. -ЖШС :«Алматыкітап», 2006 .
4. Күмісбаев. Ш. Алпамыс батыр. –ЖШС: «Алматыкітап», 2006 .
5. Күмісбаев. Ш. Ер Тарғын. –ЖШС: «Алматыкітап», 2006 жыл
6. Нұршайықов Ә. Қамбар батыр -ААҚ, «Алматыкітап», 2004 жыл
7. Ақшолоқов Т., Жұмажанова Т., Қалиева С., Дүйсебаев С. Қазақ әдебиеті.- Алматы «Мектеп» баспасы, 2009 жыл
8. Хасенов Ә. Тіл білімі –Астана:«Ер-Дәулет» баспасы, 2007
9. Томанов, Манасбаев, Балақаев, Жанпейісов Қазақ тілінің стилистикасы, -Алматы:2005

ӘОЖ 8

Ә. КЕКІЛБАЕВТІҢ СУРЕТКЕРЛІГІ

А.Т. НАЙМАНОВА

қазақ тілі пәнінің мұғалімі, № 8 мектебі, Ақсу қ.

Әбіш өзінің шығармаларында атақты тарихи тұлғалар есімін саудаға салмайды. Ол өз халқының өткен тұрмысын әспеттеу, әйтпесе мансұқ ету секілді мінезден де аулақ. Адам өмірінің әлеуметтік сыр –сипаттарын философиялық тұрғыдан өзінің повестерінде шын -шылдық қасиетін ерекше көтере түскен.

Ә.Нүрпейісов

Әбіш романдарының тарихилық сипаты күшті. Ол халықтар тарихының даму бағытына әлеуметтік өзгерістер негізінде қарайды. Адамдардың қай дәуірінде болса да үмітті болашақтан күткенін, өзара қарым-қатынасқа материалдық және рухани байланысқа ұмытылғанын ол жақсы түсінеді. Көрші елдерді ол жан-жақты қыспағына түсіп көшпелі өмір кешкен қазақтың да ендігі жерде томаға-тұйық, оқшау өмір сүруі мүмкін емес еді. Дүниежүзілік әлеуметтік тіршіліктің ірі қозғалысқа түсуі, жаңа жерлердің ашылып, халықтар арасында байланыстың күшеюі, басып ала, бағыну шындықтары қазақ халқын да бұрынғы күйінен қозғап, жолына бағыттады. Осы жолда оның іздеп тапқаны да орыс халқының кең қолтығы болатын. Осы бір тарихи құбылыстың заңдылығын жазушы «Үркерде» үлкен суреткерлікпен және ойшылықпен бейнелейді.«Үркер» - мандай алдынан туып, жолына нұр беріп тұрған, адастырмайтын жұлдыздар шоғыры.Орыс халқымен туысу арқылы қазақ елі тапқан жол да роман осылай ұғылады.Ұзақ көшпелі өмірден қажыған,қашқылықты-пысықылықты тіршілікті көп кешкен, көп жауласқан қазақ та адаспайтын жолға шықты.Оның төбесінде үркер жанып тұр.Үркердің қарсы алдынан туғанын қазақ қашан да жақсылыққа жорыған,халық бойын билеген үміт оты осыған жетектейді. Ал,«Елең-алаң» әлі жарқырап таны атып болмаған ел үмітінің туа бастаған сәулесі.

Адам табиғаты зорлықты, күштеуді қандай сүймесе, жалғыздыққа, онашалануға да сондай жат. Тіршілік үшін күрес оны айналасымен қарым-қатынасқа, тіл табысуға үйретті. Адамдар ынтымақтастығы, туыстығы осылай туған. Оның негізінде күштеу, бағыну, бағындыру саясаты емес, түсіну, мүдделестілік, тағдырластық жатады. Қазақстанның Рессейге еркімен қосылуын да екі халықтың осындай тағдырластығын, мүдделестігін туғызды.

Қашан да ел өмірінің қиын да күрделі шақтарында сыннан өтіп, оны бастайтын азаматтары болады. Тарихтағы жеке адамның ролін Маркс- Ленин ілімі де жоққа шығармайды, қайта оның қалың қауымыды бастап, халық үшін пайдалы іске,күреске ұйымдастыру алатынын атап көрсетеді. Қазақ халқының Рессейге қосылынуының прогресті жолын,оның қазақ елін күйден, рулық тартыстардан, көршілердің феодалдық көз алартуынан құтқаратынын ұғынған да осындай іс басындағы,ел билігіндегі азаматар болғанын тарихи деректер растайды. Әбіш романдары осыны кең суреттеп жеткізеді. Ол данққұмар билеушілердің ғана емес, ақылды, ойлы, төзімді, тәуекелге бел буған десек характердің ғана қолынан келмек. «Үркер» мен «Елең-алаң» бізге осындай характер ашып берледі. Ондағы бүкіл оқиға дамуы, әрекет, өмір құбылыстары-бәрі де оның негізгі қаһарманы Әбілқайырдың көзқарасымен байланысты дамиды, соның ой-елегінен көрсетіп суреттейді.

Әбілқайыр, ең алдымен,хан тұқымы,сұлтан. Осы тұқымға тән билік, құмарлық, эгойстік сезімдерден де ол құр емес. Әбіш оның сұлтандық психологиясына да үңіледі. Бұған болмаса,билікке қолы ерте жеткенін Әбілқайыр біледі.Оның көз алдына көкпен таласқан күмбез алдында жыртылып-айырылып тұрған қалың қазақ елестеуі де осы сезімнің көріністері. Бұл заңда да, хан тұқымының бәрінің басында да болатын жай.

Жазушы Әбілқайыр өмірінің барлық кезеңін тізіп, оның жеке басының тіршілігін тәптіштеп жатпайды. «Үркерде» оның Петербургтен хабар күтуі мен патша елшілігінің келуін, оның қиын жағдайда жүргізілген келіссөз бен оның ұзақ тартыстан соң сәтті аяқталуын суреттейді.

Ал, «Елең-алаңда» қазақ даласындағы орыс үстемдігін нығайту үшін қала салу жайын көбірек сөз болады. Сырттан қарағанда, бір сәттік мәселелерді ашуға арналмағанмен, бұл екі романда да өмірінің кең тынысты тіршілігі, Рессейге қосылуды жақтаған және оған қарсы топтардың күшті тартысы, ру басшыларының алауыздық әрекеттері, соған қарамастан біртіндеп халық ішіне сіңе бастаған орыс-қазақ қарым-қатынасының факторлері шынайы көрініс табады. Роман мазмұнында халық тағдыры жайында ойлану күшті. Сондықтан онда оқиғадан гөрі ой салмағы басым көрінеді.

«Үркер»уақиғаларына естелік күйінде,лирикалық шегіністер арқылы араласатын Толе, Қазыбек, Әйтеке билер бейнелерінде де әділдік аңсаған халық ойларының даналық сипаттары жинақталған. Орыс адамдардың ішінде көзге түсетіні-орыс елшісі Тевкелев. Оның характерін жасауда жазушы тарихи деректерге молырақ сүйенеді. Елшілік,келіссөз оқиғағаларының күрделі, қайшылықты әсерлері Тевкелевтің күнделігіне сүйіне отырып суреттеледі.

«Елең-алаң» романында Кирлов пен Татишевтің қазақ өлкесін басқару саласындағы еңбектеріне көбірек көңіл бөлінеді. Олардың екеуі де тарихта болған адамдар,қазақ жерін зерттеп, патша саясатын жүргізуге тірек болар қала салуды жоспарлаған, Орынбор экспедициясын басқарған Рессейдің белгілі қоғам қайраткерлері.

«Үркер» де «Елең-алаңда» реализмі бай шығармалар. Сол кездегі қазақ қоғамының өмірі, оның көрші елдермен тартысты тіршілігінің алуан түрлі шындығы терең суреттелген. Жазушы тарихи оқиғалар ізін сактай отырып, сол арқылы ел тағдыры,халық өмірінің кешегі мен бүгінгісі,ертеңі жөнінде ойланады.Қазақтың ұлттық ерекшеліктері,халық салт-санасы ұғым-түсініктеріне қатысты материялдар мол келтіреді. Автор жақсыны мадақтап, ұнамсыз жайларға сын көзімен қарайды. Халықтық жиындар мен ондағы ел тіршілігі,аға билердің өнегелі сөздерді халық санасында қалыптасқан шешендік өнер поэтикасына негізделеді. Шығармада көрініс тапқан ел тағдырына қатысты ақылды ойлар халықтың мінез-құлқы сол елдің мекені даланың кеңдігі бейнеленеді. Халықтың характерінде де осындай сипат басым. Ерлік те, сөз ұстар тапқырлық та сол ортаның шындығынан туады.

Прозашы Әбіш Кекілбаев, біздіңше, тарихқа басқадай жолмен барды. «Күй» , «Ханша –дария хикаясы», «Шынырау» атты повестерінде автор ежелгі аңыз-әңгімелерді шебер падалана отырып, өткен күннің жарқын да қаһарлы бейнесін жасайды, бүгінгі күннің көкейтесті мәселерін қозғайды.

«Құс қанаты» повесіндегі кемпірдің басынан өткендері аз емес. Алыстағы ауылда, құм-белестердің ортасында дүниеге келген ол бала жасынан ашты-тоқты, қиын-қыстау тірлік кешеді, кейін күйеуі өліп жесір қалады, бірақ қайғы-қасіреттің шылауында кетпей, қапа-наланың бәрін дала әйелдеріне ежелден тән көнбістікпен, қайсарлықпен қарсы алады. Майданда қазаға ұшыраған ерінің артында қалған жалғыз тұяғы-ұлын аман-есен адам қатарына қосуды өзінің осы өмірдегі ең зор аналық мұраты деп біледі. Сол ұлы ержетіп,семья құрған шағында, белгілі азамат қатарына қомылған кезінде де анасы оның қасына қалмайды, оның қазіргі тұрмысын, ой-мүддесін, жүріс-тұрысын, дос-жарандарын, құдай қосқан жарын тіпті қартайған шағында тап келген бейтаныс қала тіршілігін өзінше танып, өзінше түсінуге жұмылады.

Қазақ прозашылары ауыл жайында көбірек құлшына жазады. Солардың көпшілігінен адамшылық асыл мұраттың тұрағына айналған, небір романтикалық жақсы ойлардың қозғашушысы болған әрдайым сағына, зарына еске алатын ауылды көруші едік. Ондай шығармаларда кейде ауыл қалаға қарама-қарсы қойылады да, барша жамандық пен күнәкарлықтың балалап жатқан жері қала ретінде суреттеледі. Ә. Кекілбаев повестерінде мұндай қарама-қарсылықтар кездеспейді. Құс қанатындағы кемпірдің ұзын көйлегі мен ақ кимешегіне көше жүзінде тандана қарайтындар табылады,кемпір өзі шаһар тұрмысына бірден үйреніп кете қоймайды. Баласының үйіне темір шүмек бойымен ағып жатқан ыстық-суық су да,даланың ортасындағы базарда алыңыз, алыңыз!-

деп айқай салған пысықай саудагер –майдагерлер де, қамша тастар жердегі дүкендерде бой түзеген сылқым сатушылар да кейуанаға алғашқы күндері тосын қызықпай көрінеді. Кейуаның туысындағы байқампаздығы мен аңқаулығын, ақыл-парасатын автор әдемі нәзік юмор тілімен суреттейді. Автор ауылда өскен қазақ әйелін қала ортасына алып келіп, ғасырлар бойы қалыптасқан далалық мінез-құлықтың жаңа қоныста сынға түскенде, бәрібір обастағы тұрғыдан ауытқымайтындығын алаңсыз адамшылық пен қарапайым қайырымдылық әсте жоғалып-жіңішкеріп кетпейтіндігін нанымды сипаттайды. Өзге замандас жазушылары секілді Ә. Кекілбаев та өз халқының ежелгі әдет-ғұрып, дәстүр-тағылымдарын, егжей-тегжейлі, кейде суреттеуге құмбыл, ол көшпенділілер өмірін қазір ұмытыла бастаған этнографиялық детальдардың әлеуметтік, философиялық мән-мағынасына үңіліп, халық өмірін адам жанының ішкі иірімдерін ашуға тырысады.

Ә. Кекілбаевтің прозасы жалпы алғанда өмір құбылыстарына бай-салды ой-парсат көзімен қарауға шақырып, өткен мен бүгіннің ажырамас диалектикалық бірлігін тереңрек түсінуге көмектеседі. Оның прозалары қазақ тілінің ауызша, жазбаша озық өнегелеріне арқа сүйенеді, содан да ол философиялық интеллектуалдық мағыналарға бай болып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ә. Кекілбаев. Он екі томдық шығармалар жинағы. Алматы «Өлке» баспасы 1999 ж
 - а) «Күй» повесі
 - ә) «Үркер» повесі
 - б) «Құс қанаты» повесі
 - в) «Шынырау» повесі
2. «Қазақ әдебиеті» газеті 15 сәуір 2004 ж

ӘОЖ 94 (47+57)

ЕЛ БАСЫНА КҮН ТУСА, ЕР ЕТІКПЕН СУ КЕШЕР

Б.И. НҰРТАЗИНА

қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі, Байқоныс орта мектебі, Павлодар облысы, Қашыр ауданы

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау төтті ұйқыңды ғана бұзған жоқ. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Қыз жігітпен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда диханшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды. Сол жылдардың бозбала, бойжеткендері ақын болуды, инженер болуды, оқымысты болуды армандаған еді...

Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды... Ішінде ақын да, әншісі де бар еді. Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде, өттең дариға-ай, қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен ...

Фашистік Германия тізе бүкті... Бірақ сол сұм соғыс өзімен бірге 10 миллионнан астам немістің өмірін алып кетті. Оны жеңген Кеңестер Одағы 27 миллион адамның өмірін берді. Талай ғасырлар бойы жасалған материалдық және мәдени қазынаны күртты. Міне, соғыстың әкелген қасіреті. Сондықтан адамзатқа әрқашан соғысты тоқтататын жеңіс керек. Осыдан 60 жыл бұрынғы Жеңіс сонысымен қымбат. 1418 күн мен түн толарсақтан қан кешіп, кейінгі ұрпаққа тыныштық әкелгені үшін қасиетті. Әрине, жеңіс өздігінен келген жоқ. Оны елі, жері үшін отқа түскен ерлер ерлігі жеткізді. Қазақстаннан 1941-1945 жылдардағы қанды қырғынға 1,3 миллион ұл мен қыз аттаныпты. Бәрі де жанқиярлықпен соғысты. 500-ден астамы елге Батыр атанып, аңызға айнала оралды. Содан бері зымырап 60 жыл өте шықты.

Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты кеңес халқының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен, аңыздарымен жауға қарсы тұрды. Халық жадында сапында 30 ұлттың өкілі бар (бұлардың 3 мыңдайы қазақстандықтар) Брест қорғаушыларының өшпес ерлігі мәңгі сақталмақ. Қазақстан жерінде жасақталған И.В. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия Москваны қорғауда тарихта болып көрмеген теңдессіз ерліктің үлгісін танытты. Панфиловшылардың ішінде шын мәнінде болаттай беріктік пен ер жүректілік көрсеткен, өз заманында-ақ аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы да бар еді.

Әжеттік пен ерлікке бару кездейсоқтық емес. Отаны мен артында қалған елінің алдында жауынгерлік борышты өтеуде болаттай берік тәртіпке бойұсыну еді. Алматыда жасақталған генерал-майор И. Панфилов атындағы сегізінші қазақстандық гвардияшы атқыштар дивизиясы Кеңес Одағының астанасы – Москваны қорғау күндерінде Ұлы Отан соғысының тарихына мәңгі өшпейтін ерлік беттерін жазды. Москваны қайсарлықпен қорғаған 28 панфиловшы батырларды халқы ғұмыр бойы құрметтеп есте сақтайды. Қазақстандық жауынгерлер рейхстагқа шабуыл жасауға қатысты, оның шаңырағына Жеңіс туын алғашқы болып қазақ халқының даңқты ұлы Рақымжан Қошқарбаев қадады.

Ұлы Отан соғысының шежіресіне Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың, Мәлік Ғабдуллиннің, Бауыржан Момышұлы мен Талғат Бигельдиновтың және көптеген жерлестеріміздің аттары алтын әріптермен жазылды.

Севастополь үшін шайқаста Кеңес Одағының батыры Дабаш Бабажанов айрықша көзге түсті. Оның ерлігі батыр қаланы қорғау үшін болған қырғын-қиямет соғыс бейнеленген панорамаға түсірілген. Николай Гастеллоның ерлігін қайталаған Нұркен Әбдіров, Александр Матросовтың ерлігін қайталаған Сұлтан Баймағамбетовтың, жау “жолбарысына” қас қақпай қарсы шауып, гранатамен қоса жарылған Қарсыбай Сыпатаевтың есімдерін мақтанышпен атайды. Бұлардың бәріне Кеңес Одағының батыры атағы берілген. Кеңес Одағының Батыры атағын екі реттен алған, даңқты сұңқарларымыз Талғат Бигельдиновтың, Сергей Луганскийдің, Леонид Беданың және Иван Павловтың ерліктері халқымыздың мәңгі есінде. Белорусс ормандарында Әди Шәріповтың басқаруындағы партизан отрядтары жауға қарсы шайқасты. Украин жерінде Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған батыры С.Ковпактың партизандық бірлестігінде Қасым Қайсеновтың отряды болған еді.

Біз 900 күн қоршауда қалған ленинградтықтардың рухын көтеріп, қажырын жаныған Жамбыл атамыздың «Ленинградтық өренім» атты жалынды жырын жадымызда ұстаймыз.

Республика ұлы жеңіс үшін орасан үлес қосты. Қазақстан майданға қорғасынның 85 пайызын, мыстың 30 пайызын, көмір мен мұнайдың барлығын өндірді. Сол ауыр жылдарда еліміз майданға 6 миллион тонна бидай, 797 мың тонна ет, 150 мың мініс жылқысын берді. Сондай ақ, республикамыз 4 миллиард сом ақша жинап, әскери техникалар мен қару-жарақтар сатып әперді.

Соғыстың қысылтаяң кезеңінде емшектегі баласын жөргекке орай салып, кәсіпорын, колхоз бен совхоз жұмысына таң сәріден жүгіріп, түн ортасында қайтқан олардың жарлары мен аяулы ата-анасын, туыстарын, «өзім жемесем жемейін, өзім ішпесем ішпейін, бәрі де солар үшін, бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін болсын!» деген игі ниетті асыл сезімін кім есінен шығара алады. Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында майданда да, тылда да есі жаңа кіріп келе жатқан жас баладан бастап, жасы жүзге келген Жамбылға дейін отандастарымыз жауға қарсы майданға жаппай қатысты. Қазақстандықтар Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласын туған жеріндей жанқиярлықпен қорғады, Сталинград (қазіргі Волгоград) түбінде, Украинаны, Белоруссияны, Прибалтиканы, Молдавияны неміс-фашист басқыншыларынан азат етуге қатысты. Ленинград қаласына қауіп төнгенде Жамбыл Жабаев «Ленинградтық өренім» атты жүрек жарды, жалынды жырын майдандағы «күзі басқа болғанмен жүрегі бір, тілі басқа болғанмен тілегі бір» жауынгер балаларына жолдады. Кейіннен қаланы қорғаушы жауынгерлердің бірі: «Бұл сәлемді көзге жас, көңілге қуаныш толы сезіммен оқымауға болмайды... Біз күшімізді еселей түсіп ұрысқа аттандық», - деп еске алды.

Қазақстандықтар Варшаваны, Софияны, Белградты, Праганы азат етушілердің қатарында болды. 151-қазақстандық бригада негізінде құрылған 150-Идриск атқыштар дивизиясы жауынгерлері «ұялы қасқырдың» ордасы Берлинге шабуыл жасады, Рейхстагтың күмбезіне жеңіс туын тігуге қатысты. Алқызыл туды биікке көтеріп, алғаш болып жеңіс дабылын қаққандардың қатарында қазақ Рақымжан Қошқарбаев болды.

Ұлы Жеңіске жау тылында ел кегін, ер намысын қорғаған партизан жасақтары да үлес қосты. Зерттеулер бойынша Белоруссия мен Украина ормандарының партизан отрядтарында 3 мыңнан аса қазақтар шайқасқан. Партизан отрядтарына командир, комиссар болған, есімдері ел аузында аңызға айналып, кейінгі ұрпаққа жеткен Әди Шәріпов, Қасым Қайсенов, Жұмағали Саин есімдері көзі қарақты көпшілікке мәлім.

Қазақстандықтар қанішер жаумен қасық қанын аямай осылай шайқасты. Олардың бәрін ортақ іске, жеңіске, отанына деген сезім біріктірді. Дүниежүзін шарпыған жиһандық соғыс қазақ халқының батыр ұлт екенін баршаға мәлімдеді. «Правда» газетінің бетінде 1941 жылы қазан айында «Қазақтар» деген мақала жарияланды. Бұл Мәскеуді қорғаған 8-гвардиялық Панфилов атындағы дивизия туралы еді. Осы бір жеңіс күндері көрнекті совет жазушысы И.Эренбургтың 1942 жылы жазған «Қазақтар» деген мақаласында: «Бір фриц маған: «Біз жойқын күші бар қаһарман солдаттармен беттестік, оларды алған бетінен тіпті ешқандай оқ та, өрт те тоқтата алмады. Олар тура бізге қарай дауылдай дүркіреп жүгіріп келе жатты. Мен бұлардың қазақ деген халық екенін естідім. Бұрын мұндай халық бар екенін естімеп едім...» деді. Фрицтер көп нәрсені білмеуші еді. Оларға Ресейдің үлкен екенін ғана айтып, ал ол елде көптеген халық тұратынын айтпаған. Шығыстың кең даласында ежелден қыстың қақаған аязы мен жаздың аптап ыстығында көндіккен ержүрек адамдар тұрады. Бұл елдің ақындары Қазақстанның даңқты батырлары жайлы сыр шертеді. Ал бұл елдің батырлары ең алдымен арын ардақтаған. Ер Тарғын алты кез алдаспаннан қолына алып, алты мың жауға жалғыз өзі қарсы шабуылға шығып тұрып: «Маған бәрінен де арым қымбат!» деп айғай салған!...

Далада салт атпен жүруге үйренген қазақ. Егер қажет болса еңбектей де алады, жүгіреді де, таулы жерде шынға қарай өрмелейді, батпақ болса белуардан саз кешіп те жүре береді. Әйтеуір, қазақтарды ешнәрсе де тоқтата алмайды...

Қазақтар орыстармен қатар тұрып ұрыс салуда. Біз бірге қайғы кештік, бірге жаумен шайқасып жүрміз, жеңістің алғашқы таңын да бірге қарсы алып, бірге қуанатын боламыз!» -деп жазды.

Белгілі ағылшын тарихшысы Александр Верт өзінің «Ресей 1941-1945 жылдағы соғыста» деген кітабында: «Қызыл Армияның табанды солдаттарының бірі қазақтар болды, тұтас алғанда қазақтар бүкіл соғыс бойында өздерін жақсы жағынан таныта білді. Тіпті Сталинградтың өзінде ең өжет солдаттар қатарында қазақтар тұрды.»- дегенді айтады.

От кешіп, қан жұтқан сол бір жылдар барған сайын бізден алыстауда. Майдан мен тылдың аты аңызға айналған ерлері барған сайын азая түсуде. Бірақ олар жасаған Ұлы ерлік ешқашан ұмытылмақ емес. Зұлым жаумен шайқаста әке, аға, бауырларымыз қанын төгіп, қолымыз жеткен Жәніс шапағы кейінгі ұрпақтарға жетпек. Келешек үшін, дүние жүзілік жаңа жойқын соғысқа жол бермеу үшін бұл туралы ұмытуға болмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Соғыс жылдары. Бауыржан Момышұлы 1998ж
2. 1941-1945жылдар . Мәлік Ғабдулин. 2001ж

ӨОЖ 882.151.212.2

ӘДІСКЕР ҒАЛЫМДАР ІЗІМЕН – БОЛАШАҚҚА САРА ЖОЛ

Н.С. ОМАРОВА

магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Қазақстан Республикасы егеменді ел болып, өзін тәуелсіз мемлекет ретінде танылып отырған тұста ХХІ ғасырдың жаңа бітім болмысы мен талабына сәйкес келетін жан-жақты жетілген жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеуге күш жігерін жұмылдыру - әрбір жеке тұлғаның, бүкіл қоғамның өзекті міндетіне айналуы тиіс. Ал мұны жүзеге асыратын бірден бір ұлағатты орда мектеп десек, онда осы оқу орындарын жан-жақты кемелденген бойларына парасаттылықпен білімдарлықты дарытқан ұстаздар. Ол ұстаздар заманға сай білім үрдістерінен қаруланған сабақ өткізудің соны әдіс-тәсілдерін меңгерген болулары керек.

Өлемнің екінші ұстазы атанған, ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз «*Тарихты білмей, өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын*» - деген екен. Қазіргі кезеңдегі әдебиетті оқыту әдістемесіне тоқталмас бұрын, өткен тарихымыздағы әдістерді зерттеген ғалымдарға азды көпті тоқталсақ, себебі осы ғалымдардың жазған еңбектері мен ғылыми зерттеулері арқылы өзімізге жол ашып, болашақ жастарға білім, тәрбие беру барысында қолданатын бірден бір азық болмақ.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі ғылым тарихында Ахмет Байтұрсынұлының көшбасшы болғаны белгілі. А.Байтұрсынұлының оқудың негізгі білімді өз бетінше алу екенін айтқан пікірлері әлі күнге дейін педагогиканың өзекті мәселесі болып отырған оқушының оқу әрекетіндегі субъектілік қызметін арттыру міндетімен үйлесімде көрінеді. Ғалымның «Тіл жұмсар» атты әдістемелік еңбегінде тұжырымды ойлары бүгінгі қазақ әдебиеті әдістемесінің де негізіне жатады, себебі ол баланың білімді өздігінен алу жолдарын анықтау- әдістеменің басты қызметі мен міндеті екенін меңзейді. Бұл мәселелер А. Байтұрсынұлының «Баяншы», «Әлифба астары» сияқты әдістемелік еңбектерінде де айтылған [2, 446б.]. Әдіскер ғалым ретінде А. Байтұрсынұлы бастаған істі әрі қарай дамытушылардың бірі Мағжан Жұмабаев баланы сұлу әдебиетпен таныстыруға аса үлкен мән берген. Ол жұмыстың жүзеге асырылуын бастауыш мектептен бастап мұқият дайындау керек деп танып, өзінің «Бастауыш мектептегі ана тілі» атты белгілі әдістемелік еңбегін жазған. Онда М. Жұмабаев әдіскер- ғалым ретінде төрт жылдық бастауыш мектептің әр жылына сәйкес ана тілі бойынша бала тілін дамыту үшін жаттығулар жүйесін жасап ұсынған [3.5]. Пікірімізді жүйелей келе әдіскер- ғалым, ақын Мағжан Жұмабаевтың жасаған жүйесі қазіргі әдебиетті оқыту мақсатында қолданылатын ең негізгі еңбек бола алатынын да айта кеткен жөн. Бұл пікірді біз саралап-сараптаушы, әдіскер ғалым Бақыт Әрінованың зерттеуін негізге ала отырып айтып отырмыз.

Әдіскер ғалым Қанипа Бітібаеваның зерттеу жолы бойынша, өз зерттеуімізге негіз етіп алатын болсақ, зерттеу жолында шатаспасыз деп ойлаймын. Оқыту барысының нәтижелі, жемісті болуы мұғалім әдістемесіне, шеберлігіне де байланысты болады. Әдіс тәсілдер деген не? Оқыту процесінде мынадай екі түрлі қызмет жүзеге асады. Бірінші мәселе- мұғалім оқытуы, екінші мәселе- оқушының оқуы. Мұғалім мен оқушының осы арақатынасы әр түрлі оқу қызметтері, оқыту әдістеріне жатады. Мысалы, мұғалімнің әңгімелесуі- әңгіме әдісі немесе кітаппен жүргізілетін жұмыс түрлері- кітаппен жұмыс әдісі, оқушының жауап беруі оқушы білімін тексеру әдісі деп аталады. Сонымен, әдіс- тәсіл оқытушы мен оқушы арасындағы жұмыс түрлеріне байланысты әр түрлі болып келеді. Мектептегі оқыту процесі оқытуәдістері арқылы жүзеге асады. Мысалы, әдеби айтыс тудыратын сұрақтар оқушы белсенділігін танытып, арттыратын тәсілдердің бір түріне жатса, көркем мәтінді талдау оқушының тәжірибелік жұмысын бақылаудың бір тәсілі, жолы болып келеді. Әдебиетті оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, тәжірибелік әдіс, түсіндірмелі- иллюстративтік әдіс немесе репордуктивтік әдіс,

эвристикалық әдіс, зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, проблемалық баяндау әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың орны ерекше [1, 126.]

Аса көрнекті әдіскер-ғалым В.В. Голубков «Әдістеме дегеніміз - уақытты үнемдей білу, оқушы күш-жігерін ақылмен жұмсау, оқу материалынан негізгі және басты мәселелерді таба алу, ұжым болып табылатын сыныптың еңбегін ұйымдастыру шеберлігі, оқушылардың әр түрлі жеке әрекеттеріне ықпал етуді алдын ала ойластыру»- деп әдістеме ғылымына анықтама беріп, оның құрылымы жайында қай пән бойынша болмасын барлық әдістеме оқытушы жұмысының ұстанымдарын, материалдарын және әдістерін қарастырумен өзара ұқсас, сондай-ақ, олар «не үшін, нені және қалай?» деген үш негізгі сұраққа жауап беретінін айтады [2, 5б.].

Біздің зерттеуіміз тікелей орта мектептің оқушыларына арналғандықтан, әдіскер-ғалым Бақыт Әрінованың «Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңа жүйедегі мазмұндық құрылымына тоқталып, осы жүйе бойынша орта мектеп оқушыларына әдебиетті қандай тиімді және жаңа, тың әдістермен оқытуға болатындығын анықтап зерделесек.

Еліміздің жас жеткіншектерін ұлттық сана, ұлттық болмыс, рухани адамгершілік қағидалары арқылы тәрбиелеуде алатын орны ерекше «Қазақ әдебиеті» пәнінің білім мазмұны Қазақстан Республикасының « Білім туралы» заңына және Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасында көрсетілген міндетерге сай құрылды.

Білім берудің жаңа жүйесінде пән бойынша берілетін оқу материалдарын сұрыптауда көркем шығарманың жалпы адамзаттық мұраттары мен ұлттық рухани құндылықтарының өзара сабақтастығының тұтастығын сақтау басты бағдар болды. Оқу пәнінің дамытушылық және тәрбиелеушілік міндеті - әр тұлғаның азаматтық келбетінің жоғары болып, олардың кез келген ортада белсенділік көрсете алатын қабілеттерін жетілдіруге бағытталады. Әдебиетті оқытуда сөз өнерінің қалыптасуы мен дамуының тарихи жолдарын меңгерту басты назарда болғандықтан, әдебиет тарихының кезеңдерін түсіндіре тұтастық, бірізділік ұстанымы сақталады. Әдеби мазмұндық құрылымды меңгертуде қазақ халқының өрелі өрісінің түп төркіні ауыз әдебиетінен бастап, оның үзілмес арқауының бүгінгі әдебиетпен өрімделуі қарастырылады.

Әдебиетті жеке пән ретінде оқыту 5-сыныптан басталады. Білім беру жүйесінің негізгі сатысындағы 5-10 сыныптар «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты көркем әдебиетте көрініс тапқан халқымыздың тіршілік-тынысын, өмір тарихын, салт-дәстүрін, өнерін, әдебиеті мен мәдениетін ұлттық құндылық ретінде бағалап, құрметтей білетін және әдеби көркем туындыда көрсетілген кескінделген құбылысты эстетикалық тұрғыда қабылдауға қажетті білім, білік, дағдыларымен қаруланған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады [4, 60б.]

Алдымызға қойылған келесідей мақсатпен әдеби білімі қалыптасып, дамитын 5-10 сынып оқушыларына әдебиетті меңгерту үшін қолданылатын әдістерге тоқталсақ. Әдебиет сабағы болсын, өзге пәндер болсын бір қатып қалған әдіспен жүрмейді сондықтан әдебиетті оқыту механикалық құбылыс болып табылады.

Оқыту әдістерін тандау әдетте сабаққа оқу материалының мазмұнын тандаған кезде жүреді. Ол дидактикалық мақсатқа, оқушылардың білім деңгейіне мұғалімнің өзінің дайындық деңгейіне байланысты. Үйдің іргетасы қаланбас бұрын, сол үйдің сызбасы сызылып дайындалатыны секілді, сабақты өтпес бұрын қандай әдіс-тәсілді пайдалана отырып мұғалімнің мақсатына жеткендігін байқап, әдебиетті оқытуда тиімді болатын мына әдістерді жеке-жеке қарастырсақ.

Әңгіме әдісі – оқу материалын ауызша баяндау. А. Байтұрсынов “Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас” дейді. Сөз өнерінің айшықты болуы сөздің дұрыстығына, тілдің анықтығына, дәлдігіне, көркемділігіне, тіл тазалығына байланысты екенін дәлелдеп, алмастыру, кейіптеу, бейнелеу (ұқсату), әсірелеу тәсілдерінің мәнін ашады. Міржақып Дулатов Оқытудың баяндау, әңгіме, түсіндіру әдістеріне ерекше мән беріп, тұрмыс-салтқа, әдет-ғұрыпқа байланысты тақырыптарды әсерлі баяндаудың тәсілдерін көрсетіп берді. Ол “баланы толық жауап беруге әдеттендіру керек”, - дейді. Сөйтіп, оқытушы көркемдеп оқытудың жаңаша жолдарын ұсынып, мұғалімдерден соны іс-әрекеттерді талап етеді. “Балалар дұрыс оқи алмай, қиналған жерде мұғалім өзі оқып, көрсету лайық”, - дейді.

Сөздік әдісі мектептің барлық сатыларында қолданылып, әңгіменің сипаты, көлемі, ұзақтығы өзгереді. Әңгіме арқылы жаңа білімді хабарлау үшін оған кейбір талаптар қойылады. Олар:

- әңгіменің оқушылардың адамгершілігіне әсер етуі;
- әңгімеде дәлелді және ғылыми фактілердің болуы;
- ой пікірдің дұрыстығын дәлелдейтін жарқын және нанымды мысалдардың, фактілердің жеткіліктілігі;
- әңгіменің жүйелілігі болуы керек;
- әңгіменің әсерлілігі;
- тілінің қарапайымдылығы және түсініктілігі;
- мұғалімнің фактілер, оқиғаларға берген бағасының болуы.

Түсіндіру – жеке ұғым, құбылыстарды, құралдар, көрнекі құралдардың жұмыс істеу әдіс-тәсілдерін ауызша баяндау. Мұғалім оқушыларға таныс емес құралдарды немесе басқа көрнекі құралдарды сабаққа алып келіп, жаңа материалды түсіндірмес бұрын оларды оқушыларға түсіндіреді.

Түсіндіру – оқыту әдісі ретінде әр жастағы балалар тобымен жұмыста кең қолданылады. Бірақ орта және жоғары сатыларда оқу материалының күрделеніп, оқушылардың ақыл-ой жұмысының мүмкіндіктері өскенде бұл әдіс кіші жастағы оқушылармен жұмысқа қарағанда көбірек қолданылады.

Әңгімелесу – оқытудың диалогтық әдісі, мұғалім оқушыларға мұқият ойластырылған сұрақтарды жүйелі қою арқылы олардың жаңа оқу материалын меңгеруіне жағдай жасап, бұрын оқылған материалдарды қалай

менгергенін тексереді. Өнгімелесу - дидактикалық әдістің ескі түрі, оны Сократ шебер түрде қолданған, сондықтан өнгімелесу әдісін Сократ әдісі деп атайды [5, 456.]

Өнгімелесу әдісі. Оқушыны жаңа білімді алуға белсене қатыстырып, оны білім алу әдістеріне, мұғалім қойған сұрақтарға өз бетімен жауап беруге үйретеді. Эвристикалық өнгімелесу барысында мұғалім оқушылардың білімі мен тәжірибесіне сүйеніп, олардың жаңа білімді түсінуін, қорытынды жасауын жеңілдетеді. Бірлескен іс-әрекет арқылы оқушылар өздері еңбектеніп, ойланып жаңа білім алады. Білімді жинақтайтын, бекітетін өнгіме оқушылардан теориялық білімдерін, оны қолдану тәсілдерін жүйелеуге бағытталған. Оқушы өз білімін жаңа оқу және ғылыми мәселелерді шешуге қолданады.

Сөздік әдісі әдебиет сабағының күре тамыры, өйткені оқушы өнгіме немесе мәтін ішіндегі сөздерді түсінбей қалса сабақ өз дәрежесінде өтілмей, оқушының жүрегінен жол таппайды.

Әдебиет сабағын өткізу барысында көрнекілік әдісінің алатын орны ерекше. Себебі: оқушы естіп қана қойғысы келмейді, оны жетік түсініп білу үшін көзбен көргісі келеді, психологиялық тұрғыдан қарастырсақ орта мектептің алғашқы сатысында жүрген оқушылар Конфуций айтқандай: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын; көрсетсең – есте сақтаймын; өзіме жасатсаң – үйренемін»,- деген қағидамен жүреді.

Көрнекілік әдісі. Әл-Фараби “Оқытудың негізгі әдісі - көрнекілік” деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Оқу материалын меңгеру көп жағдайда оқыту процесінде қолданылатын көрнекі құралдарға және техникалық құралдарға байланысты. Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, объектілермен оқушыларды таныстырғанда олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, процесс, объектілердің символдық бейнелерін немесе оларды табиғи күйінде қабылдайды. Қазіргі мектепте осы мақсатпен экрандық және техникалық құралдар кең қолданылады.

Оқу процесіне жаңа техникалық құралдарды енгізу (теледидар, видеомагнитофондар) оқытудың көрнекілік әдісінің мүмкіндіктерін кеңейтеді. Қазіргі уақытта көрнекі құралдың жаңа түрі – жеке тұлғалар қолданатын компьютерлерге ерекше көңіл бөлініп, мектептерде электронды-есептегіш техникасы кабинеттерін құру міндеті шешілуде, оқу процесіне белгілі бір жағдаяттарды және процестерді үлгілеуге мүмкіндік беретін компьютерлерді енгізу міндеті де қолға алынуда. Олар оқушыларға бұрын Оқытудың көрнекілік әдісінің шарттары:

- көрнекіліктің оқушылардың жасына сәйкестігі;
- көрнекілікті сабақтың керек сәтінде қолдану;
- демонстрацияланған затты барлық оқушылардың көруі;
- иллюстрацияның ең бастысын, мәндісін нақты бөлу;
- құбылыстарды демонстрациялау кезінде берілетін түсініктерді мұқият ойластыру; [1, 136.]

«Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқытудың тиімділігі» Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, білім беру мекемелерінің тәжірибесіне енуде. Жаңа технологияларды меңгерту мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына шараларды орындауы шарт:

1. Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін уақыт керек.
2. Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
3. Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
4. Үйрену барысында оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау.
5. Кейбір оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.
6. Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының басты мақсаты – оқытуды оқушыға бағыттау. Осы орайда ең бастысы оқыту философиясы түбегейлі өзгереді. Оқыту үрдісінде алдымен оқыту мақсаты, оқыту мазмұны және сабақ құрылымы мен формалары өзгереді.

«Ойната отырып оқыту арқылы бала сабақты қалай меңгергенін білмей қалуы керек» ,-деген Мағжан атамның сөзін қуат ете отырып осы әдістің тиімділігі мен артықшылығына тоқталсақ.

Оқыту мақсатында қолданылатын ойындардың түрлері көп. Ойын - қанағат алу үшін жасалатын іс-әрекет. Ол мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің негізгі түрі, ал оқушылар мен ересектер ойынды сабақтан және жұмыстан қолы бос кездерінде ойнайды. Бірақ оқуда да, еңбекте де ойын элементтерін қолдануға болады. Ойын арқылы бала білім алады, тәрбиеленеді, қоғамды құрметтеуге үйренеді, ынтымақтасып жұмыс істеуге дағдыланып, ұтылуға емес, ұтуға тырысады. Оқушылар ертегілерді, аңыздарды, әдеби шығармаларды, өмірден алынған оқиғаларды сахнаға лайықтап қойып, өздері түрлі рөлдерде ойнайды.

Симулятивтік ойындар кезінде оқушылар өз бетімен күрделі мәселелерді шешеді. Ойын түрінде болатын саяхат, электрлендірілген викториналар арқылы белгілі бір ауданның жануарлар дүниесі, ұшақ, корабльдердің түрлері оқылады [5, 476.].

Алуан түрлі ребустар, сөзжұмбақтар, құпияхаттар, сөзтуымдар, логикалық есептер білім береді және оқушыларды ынталандырады. Әдебиетте “Кім жылдам”, “Ең үздік ақын”, ойындары шабыттандыруға, әдебиетті білуге, түсінуге үйретеді. “Ағашты кім тез отырғызады” ойыны табиғатты күтіп ұстауға тәрбиелейді, ағашты отырғызу барысында қандай да бір ұлағатты нақыл сөздерді айтуға, қолдануға машықтанады.

Іскерлік ойындар ойнағанда бала нақты оқиғалардың куәгері болып еңбек етуге отбасылық өмірге, қоғамдық қатынастарға әзірленеді.

Көркем шығарманы оқытуда шығарманың негізгі ойын тиімді әдіс тәсілдермен түсіндіру және кейіпкерлердің мінез құлқын, олардың ерекшелігі мен рухани әлемін сипаттау мақсатында «Әдеби кейіпкерді танып ал» немесе «Кейіпкерге сипаттама» атты түрлі ойындарды өткізу арқылы оқушылардың шығарманы меңгергенін анықтауға болады. Ойындар арқылы балалардың көркем шығармаға деген қызығушылықтарын арттырып, өз пікірлерін дәлелдеуге үйретеді.

Еліміздің өз тәуелділігіне қол жеткізіп, саяси - әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан уақытта терең білім, сауатты ұрпақ тәрбиелеу - негізгі міндеттердің бірі. Әлемдік саяси аренада Қазақстан Республикасының өзіндік салмағын пайымдау оның ұлттық білім жүйесінің жоғары дәрежеде дамуымен байланысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ел халқына жолдауында «Қазақтың ел болуы, ұлт тағдыры – оның келешек мектебінің қалай болып құрылуына тіреледі» - деп атап көрсетті.

Егемендіктің тұғыры тұрақталып, мемлекеттің іргесін нығайту және қазіргі уақыттағы жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, тұтастықты сақтау, ұлттық сананың сарқылмауы, тіл мен ділдің баянды болуы үшін мектеп қабырғасында елжандылық тәрбие идеяларының санасына дарытуда әдебиеттің алатын орны ерекше.

Әдебиетті оқыту – ғылым саласымен тығыз байланысқан. Себебі, ғылымның қай саласын алсаңыз да теориялық және қолданбалы практикалық мәндес болады деп білсек, әдебиетті оқыту арқылы оқушыға көркем шығарманы оқытуды қалыптастыру әрі теориялық, әрі қолданбалы жүйесін бірлікте қарастырумен қатар оның өнер екендігін де ескерген жөн. Өйткені игерілуге тиісті ұғым, сөздің мәні, айтылмақ ой – түсінік оқушыға әсер етерліктей болса, ол тиісті деңгейде көңіл толқытып, тереңірек ойланады. Сондай – ақ әсер санаға ерекше ықпал етеді. Әсердің нәтижесі бір жағынан тұлғаны әрекетке итермелесе, екінші жағынан пәнге деген қызығушылықты арттырып, көркем шығарманы оқуға талпындырады.

Әдебиет – сөз өнері. Барлық сөзді тізе берсең өнгіме, жыр шықпайды. Адам жүрегі тербетіп, ақыл таразылап, тіл кестелеп айтқан сөз орнында тұрса ғана әдебиет деген өнер пайда болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бітібаева Қ.О. «Әдебиетті оқыту әдістемесі», - Алматы: «Рауан», 1997
2. Байтұрсынұлы А. «Тіл тағылымы»; - Алматы: Ана тілі, 1992
3. Әрінова Б.А. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы: Монография. – Алматы: жазушы, 2004.
4. М.Жұмабаев. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992.
5. Бітібаева Қ.О. «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары», - Алматы: «Рауан», 1997.

ӘОЖ 37.026

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ІЗДЕНУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТА ОТЫРЫП, ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Г.К. ОМАРОВА

бастауыш сынып мұғалімі, № 2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі, Ертіс ауданы, Ертіс ауылы

«Адам ұрпағымен мың жасайды»-дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз-оқу.»Надан жұрттың күні-қаран, келешегі тұман»,-деп М. Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі-білімді ұрпақ. Сусыз, құрғақ, таса көлеңке жерге дән ексең өнбейтіні сияқты, жас ұрпақтарымызды тәрбиелемесек өспейді. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Міне, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу-тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Сондықтан, ұстаз- мұғалімдер қауымының алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгін таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі-жаңа технология негіздері болып табылады. Дамыта оқыту технологиясы қазіргі уақытта жаңа технологиялардың бірі деп келеді. Дамыта оқытудың негізін Ян Амос Коменский өзінің 17 ғасырда «Ұлы дидактикасында» айтып талдап берген. Содан кейін орыс ғалымдары К.Д. Ушинский, Л.С. Выготский еңбектерінде қарастырылып, 1969 жылдары Ресей ғалымдары Л.В. Занков, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов көтерді. Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың зерттеулері оқушыны «субъект» ретінде тануға бағытталды. Жаңа технологияны сабақ үрдісіне қолдану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, өзінің шеберлігіне байланысты таңдап алады. Жаңа технологияны жүзеге асыру үшін мұғалімге көп ізденіс керек. Сондықтан Қараевтың насихаттап жүрген деңгейлеп оқыту технологиясында оқушыны жан-жақты мүмкіндігін ескере отырып жеңілден аурына қарай деген принципті қолдана отырып,

жүйелі түрде қойылатын мақсат – білім, білік дағдыларын тұрақты болуына, өз бетімен жұмыс істеу қабілетінің дамуына ықпал ету. Ол үшін оқушылар мынадай әдіс тәсілдерді қолдану қажет:

- Берілген тапсырмалардың ерекшелігіне көңіл бөлу;
- Берілген тапсырма қызықты, маңызды болған кезде гана оқушылардың сабаққа қызығушылығы артады.

Деңгейлеп оқыту, біріншіден, білім алушының жеке қабілетін анықтауға, екіншіден, білім алушылардың бір-бірінен қалмауына мүмкіндік берсе, үшіншіден, әр білім алушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады, төртіншіден, әр білім алушы өз деңгейімен бағаланады.

Оқыту технологиясының тиімді жақтары:

- 1 Жаңа тақырыпты түсіндіру.
- 2 Төменнен, жоғарыға қарай деңгейлік тапсырмалар беру;
- 3 Әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады
- 4 Оқушылардың тақырыптан алған білімдерін бекіту.
- 5 Күрделі тапсырмаға байланысты оқушының ойлау қабілеті артады.
- 6 Оқушылардың білімін қолма-қол бағалау.

Мақсаты:

1. Әр оқушының оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту.
2. деңгейі төмен оқушылармен жеке жұмыс жасау, қолдау көрсету;
3. дарынды оқушының тереңірек білім алуына жағдай жасау;
4. оқушының ынтасын қабілетін арттыру.

Ерекшелігі:

1. Таланттылар, дарынды оқушылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.

2. оқушылардың оқуға деген ынтасы артады.
3. білім дәрежесі бірдей топтарды оқыту ісі жеңілдейді.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылардың психологиялық ерекшелігін, ақыл-ойының дамуы және өзін-өзі жетілдіру.
2. Дарынды балалар болса – зерттеу жұмыстарын дамыту.
3. Мұғалімнің жан-жақты дамуына мүмкіндік туғызады.

Осы нәтижелерге жыл басынан тәжірибе жасай отырып, өзім беретін 3 сыныпта ең әлсіз оқушылар мен ең мықты деген оқушыларды іріктеей отырып, олардың шын мәнінде жаңа айтылған жоғарыдағы қасиеттер қажет ететінін байқадым. Олардың барлығы өздерімен жеке жұмыс жасауды қажет етеді. Оларды сыныпта отырған өзге оқушылардан артта қалмас үшін әр сабақ үстінде, сол өтілген тақырып бойынша оқулықтан тыс, жеңіл тапсырмалар беру арқылы жұмыс жасаймын. Содан соң барып, оқулықтағы ең жеңіл деңгейдегі «А»-нұсқасын орындауға жүгіндіремін. Соның нәтижесіне ол оқушылар өздерін қалған оқушылармен бірдей деңгейде жұмыс істеп отырмын деп санайды. Нәтижесінде жеңіл тапсырмаларды берудің барысында оқушының да ынтасы арта түседі.

Керісінше шамасы келмегеніне қарамастан басқалармен бірдей тапсырмаларды орындағысы келеді. Бірақ, бұдан еш нәтиже шықпайды. Неге? Өйткені бұл балардың психологиясы жас ерекшелігіне қарай жеке талапты көп қажет етпейтін сияқты. Олар өзгелерден кем болғысы келмейді. Сөйте тұра олардың пәнге деген қызығушылығы да жоқ деп айта алмаймын. Олар кейде сабақ арасында айтылатын қызықты, логикалық есептерге көңіл бөле алады, ойлап, шешуге тырысады. Ал қазақ тілінен де оқушылардың білімін тексеруге болады. Мұндай кезде ондай оқушыларды қолдап, қолпаштап отыру керек «жарайсың» «мықтысың» деген сияқты сөздер айту керек.

Жалпы қызықты жаттығу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп отыру – сол тиімді әдістердің бірі. Қызықты жаттығулар балалардың ойлау белсенділігін арттырып, оларды есептеуге деген үлкен қызығушылық тудырады, осындай жұмыстар кезінде оқушылардың есте сақтау қабілеті арта түседі, математикалық тілі жетіледі.

Қызықты жаттығуларды орынды әрі шеберлікпен пайдалана білу сабақтың нәтижелігі мен сапасын арттырудың да негізгі тәсілдерінің бірі екендігін тәжірибеде көрсеттім. Қазіргі қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістерге байланысты әрбір мұғалім оқытудың сан қилы әдістері мен формаларын білулері қажет.

Сонымен қатар, сыныбындағы оқушыларының қай пәнге қабілетті екенін байқап, ары қарай дамытуға көп көмегін тигізу қажет. Мен жаңа технология бойынша өз сыныбыма Ж.Қараевтың «Деңгейлеп оқыту» технологиясын математика және қазақ тілі пәндеріне қолданамын. Мұндағы мақсатым - өз бетімен дами алатын, әртүрлі өмірдің қиындықтарына төзе білетін, белсенді, білімді оқушы тәрбиелеу. Жылдар бойы сабақ жүргізу нәтижесінде оқушының білім сапасын көтеруге, олардың пәнге деген қызығушылығын арттыру барысында жан-жақтылыққа ұмтыламыз және ізденеміз. Алдында отырған оқушының білім деңгейі, білімді менгеру дағдысы барлығында бірдей болуы мүмкін емес жағдай. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағыттайды. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан жұмысты І деңгейден орындайды. І деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. І деңгейді орындаған оқушы «3» деген бағамен

бағаланады. Әрбір оқушы І деңгейді орындауға міндетті және одан жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы. Осы тұрғыдан алғанда «үлгерімі төмен, баяу» оқушы жақсы оқитын оқушыға ілесе алмай жатса не істеуге болады? - деген сұрақ туады. І деңгейден аса алмай жатқан жағдайда қалған тапсырмаларды үйде орындауға беру керек. ІІ деңгейдегі тапсырмалар өзгертілген жағдайда немес өткен сабаққа арналған тапсырмалар бойынша, ІІІ деңгейдегі тапсырмаларына талдау, жинақтау, қорыту барысында есептер, тапсырмалар беріледі. Ал ІV деңгейлік тапсырмалар оқушының шығармашылықпен жұмыс істей алатындай, ойын дәлелдей алатындай, қабілетті оқушылар орындау үшін беруге әр мұғалімнің тәжірибесіне байланысты.

Деңгейлік тапсырмалардың рейтингі-ұпай – балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді. Келесі тапсырмаларда оқушы неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін ізденіп оқытушыдан, жолдастарынан, қосымша материалдардан білім жинайды. Деңгейлік тапсырмалар бойынша бағалау «ұпайлық» жүйемен жүзеге асырылады. І деңгейді орындаған бала 5 ұпай жинаса «3» алады. ІІ деңгейді орындаған 10 ұпай жинаса «4» алады. ІІІ деңгейді орындаған оқушы 15 ұпай жинайды «5» баға қойылады. ІV деңгейге 20 ұпай «5» деген бағаға бағаланады.

1. Өтілген материалды толық меңгереді, өйткені сабақ сайын қайталанып, пысықталып отырады.
2. Тақырыпқа байланысты оқулықта берілген тапсырмалар толығымен орындалады.
3. Оқушы өзін-өзі тексереді, өзінің жіберген қателерін біліп отырады.
4. Талдау жұмыстарын үнемі жүргізіп отырады. Талдаудың барлық түрінде сабақ сайын қайталап отырады.
5. Білім сапасы әр сабақ сайын тексеріліп отырады, алған білімдерінің нәтижесі айқын көрініп тұрады.
6. Ойлау қабілетін арттыратын тапсырмалар орындайды.
7. Әр оқушының әр пәннен 100% үлгеріміне қол жеткізудің кепілі болады және әр оқу пәнінің барлық тақырыбы бойынша ең болмағанда міндетті І деңгейді игеруін толық жүзеге асырады.
8. Әр деңгейдің барлық тапсырмаларын дұрыс орындағаны үшін оқушылар сол деңгейді игергеніне сәйкес балдық жүйемен ерекше бағаланады.
9. Сынып оқушыларын жаппай жұмыс істеуге өкеледі.
10. Бос отырған оқушы болмайды
11. таланттылар өздерінің қабілетті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.

Дегенмен, олар сол деңгейлерді өз бетінше орындауға талпынды. Деңгейлеп оқыту кезінде мұғалім өзіне:

- 1) Теориялық даярлық;
- 2) Сапалы сабақ жоспары;
- 3) Пәнаралық байланыс;
- 4) Уақытты тиімді пайдалану;
- 5) Көрнекілік-құралдармен, ойындармен түрлендіру;
- 6) Тәрбиелік мәні;
- 7) Ұлттық элементтердің тиімді қолдану талаптарын қоя білуі керек;

Мысал ретінде, (3-сынып) Тақырыбы: Етістік

І-деңгей

1. Сөздерді дұрыс тіркестір.

Ит	жылайды
Сыыр	үреді
Сәби	кынсылайды
Күшік	мөніреді

2. Өлеңдерді әрі қарай жалғастырып, етістігін тауып жаз.

Дала гүлге.....
Құанышқа ел.....
Жаңбыр жауып.....
Аспан шайдай.....

2-деңгей

1. Берілген етістіктерді қатысырып сөйлем құра.

Келді, оқыды, гүлдеді, сайрады.

2. Үш топқа берілген сөздерден бірнеше сөйлем құрап жаз.

Жылқышы	ән	шығарды
Диірменші	есеп	суарды
Сауыншы	жылқыларын	салды
Оқушы	сыыр	тартты
Әншілер	үн	сауды

3-деңгей

1. Негізгі етістіктерді бір бағанға, туынды етістіктерді екінші бағанға жаз.

Биле, оқы, жүр, қолда, арқала, ақылдас, жаз, күт, сұрт.

2.Болымды етістікті болымсыз етістікке айналдырып сөйлем құра.
Сөйле, көр, жырт, үз, айт.

4-деңгей

«Менің досым» атты шағын әңгіме жаз. Етістіктердің астын сыз.

Мұнан кейін деңгейлік тапсырмаларды орындай білу керек. Тақырып бойынша жасалған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өйткені, ол оқушының ойлауын, елестеу мен еске сақтауын, белсенділігі мен дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Сонымен ойымды қорыта келгенде, ұстаздық деген киелі мамандықтың сырын ашып, қыры мол, терең дүниеге еніп кеткендей көңілдегі арман толастамай, тоқу мен қуаныш қатар аралып мектеп деген үлкен дарияда жүзіп келеміз. Ұрпақ тәрбиесі- бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды іс. Жан жемісі, ең алдымен, оқу, білім, тәрбие десек, сол жемісті берер мәуелі ағашымыз- білім ошақтары емес пе? Білім деңгейі қасиет пен қабілетті бағалау жолдарымен жүзеге асады. Еліміздің басынан өтіп жатқан жанартаудай «сілкіністер» бүгінгі білім беру жүйесіне де түрлі өзгерістер енгізуде. Заман талабы «білу аз, сол білгенінді іске қолдана білу» дейді. «Әркім қолда барын ұсынады» деп немқұрайлыққа салынсақ алдымызда отырған бейкүнә оқушылардың тағдырына қиянат жасаған болар едік. Не ексең, соңы орасың. Шәкіртіміздің білімін шындау, қабілетті, дарынды тұлға дайындау - біздің алдағы жауапкершілікті міндеттеріміздің бірі болып табылады. Бүгінгі шәкірт ертеңгі күнгі әр түрлі саланың маман иесі. Мұндай сабақтарда оқушылардың тапсырылған жұмыстарға іскерлігі қалыптасады. Болашақ өмірінде белгілі бір кәсіби мамандықты таңдап алуға септігін тигізеді. Сондықтан тынбай, жалықпай, үнемі шығармашылықпен іздене жүріп, білімді ұрпақ тәрбиелеуге атсалысайық, ұстаздар!

ӘОЖ 82-95

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Б.Қ. ОРАЗБАЕВА, Д.Қ. ТОҚЖІГІТОВА
оқытушылар, С. Торайғыров атындағы ПМУ колледжі

Егеменді елдің бүгінгі іргетасы мен ертеңгі өркениеті ұрпақ еншісінде. Сол ұрпақты өзге өркениетті мемлекеттердің қатарына қосу – оны тәрбиелеп, білім беруші ұстаз міндеті.

Білім оқушыға негізінен пән арқылы берілетіндіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз.

Бүгінгі күн, бүгінгі заман – білім мен техника үндесе жол тапқан бәсекелес заман. Ізденген, білімін тереңдете білген жан ғана бәсекеге түсе алады. Бәсеке – нақтылық пен өзіндікті ғана мойындайтын құбылыс.

Білімді меңгерту – тек қана оқу материалын, ережелерді, заңдылықтарды, мағлұматтарды есте сақтау арқылы емес, оны оқушылардың өзі логикалық талдау жасай отырып, орынды пайдалана білуі арқылы жүзеге асады. Бұлай ету оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілетін дамытады.

Мұндағы басты мақсат – келешек ұрпақты жан – жақты қалыптастыру, яғни терең білімді, рухани шығармашылық қабілеті жоғары, сыни ойлау мүмкіншілігі бар, өз бетімен ізденетін, игерген білімін іс жүзінде асыра алатын тұлға дайындау. Мақсат – айқын. Аталған мақсатқа жетудің тиімді жолы ретінде дидактика ғылымы оқытудың әр алуан технологиясын, әдістемесін ұсынып отырғаны белгілі.

Оқыту технологияларының қай түрін алсақ та, «мақсат – нәтиже» әрекеті бірінші орынға қойылатындықтан, оқыту технологиялары педагогикалық ғылым мен тәжірибенің жаңа, болашағы мол бағыты болмақ. Осыған орай, оқушыларға нәтижелі білім берудің бірден – бір тиімді жолы – оқыту технологиялары екендігі түсінікті жайт.

Кезінде орыс ғалымы В.В. Радлов «Қазақтың ақыл-ой қабілетінің зор екендігіне барған сайын көзім жете түсуде. Қандай әдемі сөйлейді. Айтқысы келгенінің бәрін тез түсіндіріп, қарсыласының сөзіне де шебер тойтарыс бере біледі. Тіпті, балаларының ақыл-есі де өте тез жетіледі,- деп өз деңгейінде баға берген тілді біз өзге ұлт өкілдеріне қандай жолдармен, қандай дәрежеде меңгертудеміз?

Қазіргі уақытта ақпарат, ақпараттық үрдіс адам өмірінің құрамдас бөлігі деуге болады. Соның бір дәлелі ретінде білім беру саласында, компьютерлік техника, ғаламтор, колледжішілік компьютерлік желі, интерактивті тақта, проектор сияқты түрлі электронды құралдар оқу үрдісін бөлек алуға келмейтін дүниеге айналды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта және сабақтан тыс уақытта қолдану арқылы төмендегідей жетістіктерге қол жеткізуге болады:

- Пәнге деген қызығушылықты ояту;
- Ақпараттық-коммуникациялық құралдарды меңгеруге мүмкіндік беру;
- Өз бетінше іздену мүмкіндігін тудыру.

Неміс философы әрі математигі Готфрид Лейбниц: «Өмірде ең өзекті жаңалықтардан да мәнді нәрсе бар, ол-соған мүмкіндік берген әдісті білу»,- деген екен. Ал, әдісті таңдау және оны тиімді қолдану әр оқытушының өз еркінде.

Әдіс ұғымының мағынасы кең. Біздің саламызда білім берудің, тәрбиелеудің және үйренушілердің білімін көтерудің мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған, үйретуші мен үйренушінің өзара бірлескен іс-

қимыл жиынтығы- оқыту әдісі болып табылады. Оқыту әдісі- дидактиканың ең басты құрамды бөлігінің бірі. Әдіс - тілді оқытудың мазмұнын, мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыратын және оларға қол жеткізудің амалдарын айқындайтын бағыттар.

«Тілді үйретпейді, тілге үйрену керек» деген қағиданы еске алсақ, тіл үйренуде әр оқушыда ішкі ұмтылыс болу керек. Олардың тіл үйренуге деген ішкі дайындығы мен ықыласы ғана табысқа қол жеткізеді.

Кейінгі кездері жиі қолданып жүрген оқыту технологиясының бірі - интербелсенді оқыту әдісіне келетін болсақ, «интерактив»- «өзара», ал «аст» әрекет жасау деген мағынаны білдіреді. Сонымен, интербелсенді әдіс дегеніміз- біреумен бірлесіп әрекет жасау деген сөз. Ал, «интербелсенді» дегеніміз- диалог арқылы үйрену, үйрету. Осы әдіс оқушыларды ойлауға, өз ойын айтуға, басқалармен әрекет жасауға, топпен жұмыс істеуге үйретеді.

Сонымен қатар, кәсіби қазақ тілін меңгертуде өзге тілді оқушыларға тыңдалым бойынша жүргізілетін жұмыстардың да берер нәтижесі мол. Оқушы тыңдау арқылы оның дұрыс айтылуына мән бере отырып, тыңдайды, түсінеді.

Тыңдалымға үйретудің нәтижелі болуы мәтіннің дұрыс таңдалуына да байланысты. Оның көлемі үйренушінің қабылдауына әсер етеді. 2-3 минуттық материалды I деңгейде үйренуші есінде толық сақтай алмауы мүмкін. Аудиомәтінді қалай түсінетінін бақылау мәселесі түсінудің деңгейлерімен тығыз байланысты. Біздіңше, тыңдалым дағдысының қалыптасуы фонематикалық және интонациялық тыңдауды қалыптастырумен байланысты

Кәсіби қазақ тілі сабағында қазақ тіліндегі сөздердің мағынасын аша отырып, оны кәсіби деңгейде пайдалану басты мәселе.

Білім беру жүйесінде оқушылармен жұмыс барысында кейбір әдіс-тәсілдер әрі қарай дамытуды талап етеді, сол сияқты жоба технологиясы да дамуы тиіс.

Жобалық оқытудың мақсаты мен ерекшелігі де сол- кәсіби қазақ тілін үйретуде бастапқы мақсат коммуникативтік бағытта оқыту. Осылай, біз оқушылардың жалпы ойларын бір жүйеге келтіріп, жақсы психологиялық жағдай жасаймыз. Осының бәрі оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді. Білім алушы үшін тіл өз ойын жеткізуде қажетті құрал болып табылады. Бұл бағытта негізгі лингвистикалық жұмысты қарым-қатынас түрінде жүргізіп, бір мезгілде іске асырамыз. Жаңа технологияларды қолдана келе сабақ бойы біз бүкіл топтың жұмыс істеуін талап етеміз, сондықтан өткізген сабағымыз мазмұнды, интенсивті болады. Студенттердің ойлау қабілеттерін дамыту және өз бетінше білімдерін бір жүйеге келтіру мақсаты жобалау әдісінің соңғы сатысында қолданылады. Жоба түсінігі бойынша алынып отырған идея теориялық және тәжірибелік тұрғыда шешіледі. Осы аталмыш жұмыс белгіленген нәтижеге жетіп, қорытынды шығаруға бағытталған. Қорытындыға жету барысында студенттер ойланып, негізгі тақырыпқа сүйене отырып ізденеді. Кез- келген уақыт мерзімінде студенттердің жекеше, жұптық, топтық жұмыс істеу іскерліктерін жоба тәсілі бойынша іске асырамыз. Сонымен қатар, білім алушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады. Білім жүйесінде жоба – бұл нәтижелі қызмет. Жобалық оқытудың проблемалық оқытудан айырмашылығы студенттер жобалау қызметін атқара отырып, нақты нәтиже алады және оны көпшілікке ұсынады.

Жобалық оқытудың технологиясы – проблемалық оқытудың идеясын дамыту. Жобаны орындаудың мақсаты – қарым-қатынас, сөйлеу барысында білім алушылардың белсенділігін арттыру, өз бетімен атқаратын жұмысын жете білу, жоғарылату болып табылады. Жобамен жұмыс істей отырып, студенттер ақпарат жинайды, әр түрлі ғылыми және әдеби зерттеулерге негіз болатын жазба дүниені немесе дерекнаманы қолданады: хат, баспасөз, кітаптар. Жоба технологиясы білім жүйесінде студенттердің қызығушылығын арттырады.

Жоба – шығармашылық мазмұндағы тәжірибе жүзінде хабардар жұмыстың түпнұсқасы. Студенттердің өз бетімен ұйымдастырылған шығармашылық жұмыстарының жалғасымен жалғасын тапқан түрі. Жобаны орындаудағы талап – студент өз ынтасымен, шығармашылық сезіммен келелі мәселені шешу. Ал оның жобалық қызметі өнімді жұмыс болып табылады. [5]

Сабақ бойы әр түрлі тапсырмаларды жүйелі орындай келе, сонында білім алушылар тақырыпты өз таңдауы бойынша қорытындылайды. Бұл студенттердің өтілген тақырыпты, (терминдерді, оларды байланыстырып сөйлем құру) өз деңгейінде меңгеруінің айғағы деуге болады. Орыс тілді оқушы бір сабақта екі тілдің басын біріктіріп, нәтижеге жетуі – үлкен жетістік. Ең бастысы, кәсіби қазақ тілін оқытудың осындай білімдендіру жобасы арқылы тілдік тұлға ортасын қалыптастырып, ауызша және жазбаша қарым – қатынас деңгейінің қолданылу бағытын анықтауға болады.

Білім жолы – қашан да қиын, күрделі жол. Бұл жол - аянбай еңбек ету мен қажырлылықты талап ететін табысты жол. Білім алып қана қоймай, сол білімін өзгеге үйрете білетін ұстаз жүгі тіптен ерекше. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп, ұлы Абай кезінде-ақ бағасын бергендей, жалығуды көтермейтін, ізденуге бағыттайтын ұлы кәсіп.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ж. Құрман. «Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері». – Астана, 2008
2. Б. Қасым. «Қазақ тілін оқытуда интербелсенді тәсілді қолданудың ерекшеліктері мен тиімділігі»
3. Қазақ тілі: әдістеме.- №67 -2008
4. Қазақ тілі: әдістеме.- №1-2008, 3 б.

5. Қазақ тілі. - №1.- 2011.

6. И.Л. Бим Теория и практика обучения немецкому языку в средней школе: Проблемы и перспективы. – М.Просвещение,1988.

ӘОЖ 372.881=512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕСІ

Қ.Ж. ОСПАНОВА

қазақ тілі пәнінің мұғалімі, Кеңжекөл жалпы орта білім беру мектебі

М.Ж. КАСЕНОВА

қазақ тілі пәнінің мұғалімі, Кеңжекөл жалпы орта білім беру мектебі

Профессор Ж. Қараев технологиясының тиімділігі - жаңа тақырыпты балалар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі тиіс. Сондықтан мұндай сабақтарда оқушылардың ынтасын, белсенділігін арттыру үшін мәселелік сұрақтар қойылып отырады. Тақырып бойынша жасалған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені, ол оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтауын, белсенділігін, дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Саралап, деңгейлеп оқыту технологиясының талаптарына сай сабақ үш кезеңмен жүргізіледі және оның мынадай тиімділіктері бар.

1-кезең – тірек-тапсырмаларымен жұмыс, яғни, жаңа тақырыпты меңгеруге қажетті бұрын өтілген материалдарды қайталау. Бұл үйде орындалып келетін тапсырма болғандықтан, үй жұмысын талдауға барлық оқушыларды толық қатыстыруға және уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Осы кезеңде әңгімелесу, көрнекілік, мәселелік оқыту әдістерін қолдана отырып, оқушылардың бұрын алған білімін еске түсіру, сабаққа қызығуын арттыру және білімін қадағалау жүзеге асырылады. Сонымен бірге осы жұмыстар арқылы оқушының сабаққа зейіні ауып, жаңа тақырыпты өздігінен меңгеруге дайындалады.

2-кезең — жаңа тақырыпты өздігінен меңгеру.

Бұл кезеңде оқушыларға тақырыпты меңгеру алгоритмі беріледі. Алгоритм бойынша оқушылар оқулықпен жұмыс істеп, тақырыптан керекті мәліметті таба білуге, ізденімпаздыққа үйренеді, әр оқушының, танымдық қызметіндегі дербестікті дамытуға мүмкіндік туады.

Оқытудағы іздену көзқарасы оқушының өнімді іс-әрекетіне негізделеді. Мұндай оқытудың мақсаты - оқушылардың жаңа тәжірибені мүмкіндігінше өз бетімен меңгеруін дамыту. Оқыту барысында оқушылар өзін-өзі жетілдіреді. Іздену көзқарасы гуманитарлық бағдарға сәйкес келеді. Екінші кезеңді екі бөлімге бөліп, бірінші бөлімде тақырыпты алгоритм бойынша оқып-үйреніп, топ болып талдауға уақыт беріледі. Оқушылар тақырыпты оқып отырған кезде мұғалімнің үй тапсырмасын тексеруге немесе жеке оқушылармен жұмыс істеуге мүмкіндігі болады.

Екінші бөлімде барлық оқушыларды қатыстыра отырып, берілген тақырып алгоритм бойынша тақтада талданады. Оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастырудың жартылай ізденіс, мәселелік және зерттеу әдістерін қолданады.

3-кезең — деңгейлік тапсырмалар. Оны оқушылар өздігінен орындап, әркім қабілетіне қарай алған білімін іс жүзінде қолдана білуге үйренеді.

Бұл технологияның тағы да бір тиімділігі - оқушылар білімін бағалау мен бақылау жүйесі арасындағы байланыс. Оқушының әр сабақта жинаған ұпайларын «Даму мониторингі» кестесінде белгілеп отыру арқылы тарау бойынша оқушы біліміне талдау жасап отыруға мүмкіндік туады. Барлық оқушы өз қызметін ең төменгі тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана келесі деңгейге көшіп отырады. Бұл оқушылар арасында жарыс туғызады және әр оқушының мемлекеттік стандарт бойынша білім алуына кепілдік береді, әр оқушының, өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады. Өзіндік жұмыстар мұғалімнің кеңес беруімен өтеді, ал бақылау жұмысын сырттан көмексіз өздері атқарады. Объективті себептерге байланысты әр деңгейлі тапсырмалары бар пікірлесу кітапшасы дайын болмағандықтан, оқушылар тапсырмаларды жұмыс дәптерлерінде орындайды».

Деңгейлік тапсырмалардың мақсаты:

- жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар жүйесін ұсына отырып, оқушыны ізденіске, шығармашылыққа баулу;

- дарынды оқушылардың мүмкіндігін анықтау;

- әр оқушы өзін-өзі бағалайды, өз білімін жоғары деңгейге өзі жеткізе алады, материалды толық меңгереді.

Әр деңгейлі сараланған педагогикалық технологиямен оқыту жүйесі:

- жаңа тақырыпты мәселелік әдіспен ізденіс барысында түсіндіру;

- тест немесе диктант, тақырыптың меңгерілуін тексеру;

- жалпылама тест, тексерудің әр түрлі әдістерін қолдану;

- өзіндік жұмыс, деңгейлік тапсырмалар;

- саралау сабағы, катемен жұмыс, кері есептер құрастыру;

- әр деңгейлі сараланған бақылау жұмысы;

- қорытынды бағалау, бағалау парағы.

Оқыту технологиясын пайдалану оқу үрдісінің «субъект-субъект» қатынас жағдайында өтуіне ықпал етеді, өйткені, оқушы да, оқытушы да белсенді шығармашылықпен қызмет етеді. Технологияны пайдалану кезінде мұғалім шығармашылығынан туған әдістемелік құрал болашақ жаңа оқулықтың негізі бола алады.

Білім берудің жаңа мазмұнын оқу үрдісіне енгізудегі Ж.Қараевтың технологиясының мақсаты — әркімді мүмкіндігіне сай оқыту, әр түрлі топтағы оқушыларды ерекшелігі бойынша оқуға бейімдеу. Деңгейлеп-саралап оқытуда оқушыларды екі-үш топқа бөліп топ басшыларын тағайындайды. Олар әр деңгей бойынша орындалған жұмыстың нәтижесін мұғалімнің көмегімен айқындайды. Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың жас ерекшелігімен ақыл-ой деңгейі бойынша үлестіріледі. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы әр оқушының қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқытуды көздейді. Мықтылар өз қабілетін бекіте түседі, әлсіздер өзіне сын көзімен қарауға дағдыланып, сенімсіздіктен арылады, белсенділігі артады. Күшті топтарда оқуға деген құлшыныс ұлғайып, білім дәрежесі деңгейлес топтарда оқу жеңілдейді. Жеңілден ауырға қарай, білгеннен білмегенге қарай ұстанымын жүзеге асыруда оқушылардың жауабы ұпай санымен есептеледі. Рейтинг жүйесімен мониторинг жинақтап, оқушылардың білімі бағаланады. Қорытындылау — жинақтау оқушының сабаққа белсенділігін арттырады. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын қазақ тілі сабағында пайдалану қиын балалармен тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Жақсы оқитын оқушының тереңірек білім алуына жағдай туғызады. Ендеше оқушының жан-жақты танымдық қабілетін арттыру үшін деңгейлеп оқытудың тиімділігі өте зор деуге әбден болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - М., Педагогика, 1989.

2.. Кларин М.В. Педагогическая технология.- М., 1989 г.

3. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. - М,1998.

4. Хмель Н.Д. Біртұтас педагогикалық процессті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы. - Алматы, 2003.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҒҮР-ЖҮСІПТІҢ «САЛАҚТЫҚ-ДЕРТ» ӨЛЕҢІНІҢ МӘНІ

Ә. ПАЗЫЛОВ

Мәшһүр-Жүсіп мұражайы, Баянауыл ауданы

20-ғасырдың басындағы қазақ, елінің қоғамдық өміріне, мәдениеті мен өнерінде, ұлттық әдебиетінде аса игі жаңғырулар бой көрсетті десек қателеспеген болар едік. Жаңашыл бағыттағы реалистік әдебиеттің шаңырағын көтеріп, уығын қадасқан Мәшһүр-Жүсіп бұқараны саналы әрекетке шақырады. Мәшһүр-Жүсіп пен Шәкәрім лирикасындағы үндескен тұсы гуманистік және адамгершілік тақырыбы. Қос тұлға жаратушы мен адамның құбылысы мен болмысын зерттей келе адамның мінез-құлқындағы салақтық пен еріншектік, жалқаулық пен мақтаншақтық қасиеттерді сыңға алды. Адамгершілікке үндеген педагогикалық топшылаулары, бүгінгі таңда көптеген зиялы қауымның ой-пікірлерімен сабақтас, өзектес келеді. Мәшһүр-Жүсіп қазақтың қоғамдық ой-пікірін өзінің ағартушылық тұрғыдағы тұжырымдарымен байытты. Мәшһүр-Жүсіп баланың бойындағы мінездердің тәрбиеге байланысты қалыптасатынын ашып көрсетеді.

Шәкәрім болса адамды үнемі жақсылыққа жеткізуге, оның бойында жаңаша қасиеттер қалыптастыруға ұмтылады. Мәселен:

Еріншектен салақтық

Салақтықтан надандық.

Бірінен бірі туады,

Жоғалар сүйтіп адамдық, - дейді ақын.

Дана халқымыз: «Әдепсіз бала – сорлы бала», «Жаман бала - күйік, «Талабы жоқ жас ұлын, жалыны жоқ шокпен тең», – деп әдепсіз, жалқау, салдыр-салақ, қорқақ, күйгелек, балалардың келешегінен күдіктенеді де, тіл алғыш, зерек, тәртіпті балаларды басқаларға үлгі етеді. Адамның мәдениеті мен тәрбие деңгейі оның адамгершілігі мен ісінен көрінеді. Салақтықтың еріншектіктен бастау алары анық. Себебі бойды және айналаны таза ұстап, ұқыпты жүру үшін еңбектенуге, сергек жүруге тура келеді. Бұл қарекеттер табанды болуды талап етіп, жүйкеге салмақ түсіреді. Қазақ халқы “Олақтан салақ жаман” деп салақтықты ең жаман қасиеттердің қатарына жатқызған. Салақтық адамның өзіне ғана емес, онымен бірге айналасындағы басқа адамдарға да кесірін тигізеді [1]. Ыбырай Алтынсарин өзінің «Салақтық» деген әңгімесінде Кәрім деген жігіттің салақтығының арқасында жан тапсырғанын баядап, Салақтықтың тазалық сақтамаушылық және ұқыпсыздық екенін ашып көрсетеді. Ыбырайдың осы әңгімесінің мазмұны мен мән мағынасы, халық санасында сақталған осы бір өлең жолдарында нақты көрсетілген:

Салақ болсаң жасыңнан,
Шыбын кетпес қасыңнан.
Таза болсаң жасыңнан,
Сабын қалмас қасыңнан.
Жалқау болсаң жасыңнан,
Ұйқы қалмас қасыңнан.
Еңбек сүйсең, табылар
Бар жақсылық басыңнан.

Мәшһүр Жүсіп «салақтық-дерт» деген өлеңінде салақтық туралы жан-жақты талдау жасап, өрелі тұжырымдар айтады. Әсіресе қыздың салақтығын сынға ала отырып, әдепті әиел мен салақ әйелдің айырмашылығын, болмысын, мінез құлқын сипаттап береді. Бойына адамгершіліктің асыл қасиеттерін жинақтаған қыз балаларды болашақ көтерілер шаңырақтың берік қазығы деп есептеген Мәшһүр Жүсіп:

Кіршіктен тап-таза ғып үсті-басын,
Қылшықтан жырақ қылып ішкен асын.
“Осындай тәрбиемен тұрса зайып,
Жігіттің бекер өтті,- деме-жасын!”
Алуға лайық қой мұның тілін,
Өзінен табылған соң нағыз білім.
Біреудің душар қылса бағына еніп,
Иражатпен өткізген ай мен жылын [2],

-деп анасының тәрбиесін көріп, әжесінің шаңырағында өскен қыздарды аялауға шақырып, солардан үміт күтетінін жеткізеді. Абайда: «Жасаулы деп, малды деп байдан алма, Кедей қызы арзан деп құмарланба. Ары бар, ақылы бар, ұяты бар Ата-ананың қызынан ғапыл қалма», - деп, жар таңдағанда тәрбиелі, жақсы ананың перзентін малды болмаса да бағалай біл, өмірлік жолдас ет деген аса құнды пікір айтты. Халық өсіп келе жатқан қыздың алдына келешектегі өмірлік міндеттерін қойып, оларды орындап отыруды да қыздың абыройы деп санаған. Бұларға ізетті болу, әсем киіну, әкені күту, шешені сыйлау, дөрекі сөйлемей, қабақ шытпай жүру, ұлт дәстүрлің құрметтеу, ана тілін ардақтау, орынсыз сөз айтпау, арқан, жіп есе білу, қой, сиыр сауа білу, кілем токи, кесте тіге білу т.б секілді мінез-құлықтық қасиеттер мен дағды, икемділіктерді жатқызған.

Ал енді тәрбие көрмеген қызға кез болсаңыз құрығаныңыз. Онда шаңырақтың берекесі кетіп, үйдің сәні келмес. Мәшһүр-Жүсіп:

Ал енді кез боп қалса жаман қатын,

Білдірер пиғылынан есек затын [3],-деп салақтықтың дерт екенін ескертеді. Сонымен бірге: «Салақ қатынның үйінен, Сабақты ине табылмас», «Салақ қатынның етін құрт жейді,

Терісін ит жейді», «Салақ қатын сауықшыл», деп ұлт даналары халықтың санасына салақ әйелдің ісі мен тіршілігін мақалдармен, даналық сөздерімен жеткізе білді. Мәшһүр-Жүсіптің пайымдауыншағ салақтықтың себебі білімсіздік пен жеткіліксіз тәрбие. Ол «салақтық-дерт» деген өлеңінде:

Сөз айтса, қолсырнайдай тақылдайды,
Өз сөзін өзі қори мақұлдайды.
Бір шаруа бір кішкене біте қалса,
“Қылдым!”-деп, суыр[дың] айғырындай шақылдайды.
Қайда жаман қатын отырар бойын күтіп,
Үй ішінде байына күңк-күңк етіп:
“Тамақ кем, сен тауып бермесен де,
Бір күні мен кетермін күңіреңтіп!” [4],

-деп салақ әйелдің басты қаруы ашты тілі екенін дәл тауып сипаттайды. Сонымен бірге аталмыш өлең жолдарында: «[Тамақ] қылса, үй ішін тұмандатқан», деп астың өзін әзірлей алмайтынын, ыдыс аяқтарының шашылып жататынын, ыдысы қи, тезекпен араласып, тамағы дәмсіз болып, столы кір, үйі шаң болып, отбасында берекесі болмайтынын сипаттап береді. Ал енді үйде бір емес екі салақ әйел болса, онда Мәшһүр-Жүсіптің сөзімен айтар болсақ:

Бір үйде екеу болса жаман қатын,
Тағы да мен сөйлейін кесапатын.
Ішімен бірі-біріне ерегесіп,
Сөйлесем тауыса алман [машақатын].
[Ү]стің табақ, етегін орамал ғып,
Семіртіп әр мүшесін жуандатқан.
Енесі барды-жоқты сөзбен жұптап (иүптап),
Мейрімсіз, сараң қулар қуаң тартқан.
Бір үйде бірдей болса екі қатын,
Олардың мен сөйлейін ар-ұятын.
Менменсіп бір-бірінің тілін алмай,
Қағазға жазсам сыймас хикаятын [5].

Әйел танымына байланысты Қорқыт атаның пайымдауынша әйел төрт түрлі болады. Оның бірі - ниеті құраған әйел, екіншісі - ынсапсыз әйел, үшіншісі - үйдің құты болған әйел, төртіншісі - кесір әйел. Әйел біткеннің ең жаманы осы.

• Отбасының құты (тірегі) болған әйел даладан бір қонақ келсе, үйінде ері болмаса да, оған сусын беріп, бар дәмін алдына қояды, сыйлап аттандырып салады. Бұлар - Айша мен Фатимадан бата алған әйелдер. Хан ием, мұндай әйелдер өссе де көп емес, бәлкі аз. Сіздің ошағыңызға да сондай әйел кез болсын.

• Одан соңғысы - ынсапсыз, қанағатсыз әйел. Ондай әйел таңертен төсегінен тұрып, беті-қолын жумастан тоғыз тоқаштың бәрін аударыстырып, ең тәуірін тандап жейді, аузын томпайтады, бір шелек айранды басына көтеріп, қарынды қампатады, содан соң маңдайын сабалап, жылана бастайды да: Қаран қалғыр, осы күйше мен қайдан душар болдым. Бір күн қарным тойып ас ішпедім, жүзіме күлкі келмеді, аяғыма ілген кебісім болмады, бетімнан перде түспеді. Ерім өліп басқаға тисем, бағым ашылар еді, сол үмітім өшпесін», - дейді. Хан ием, ондай әйел мың болса да, өсіп-өнбесін, сіздің ошағыңызға кез бола көрмесін.

• Одан соңғысын салақ әйел дейміз. Ондай әйел төсегінен тұрған соң беті-қолын жуады, үйдің ол шеті мен бұл шетіне қарайды да, күбіні абыл-құбыл пісіп, көрпе-төсегін жинайды. Содан соң «шуу!» - деп ауыл кезіп, түс қайта үйіне оралады. Келсе үйі ұрланған, қазан-аяғын ит жалаған, бие-бұзау сүйкеніп, үйдің қорадағы байлаулы қалған сиыры мөңірейді. Келе сала әйел көршілеріне барып, шаптыға бастайды: «Ау, қыздар-ау, Зылихам, Зүбайрам, Рүгейдам, бикештерім. Уа, азамат туған жігіт-желендерім, Айна-Мәлік, Құтлы-Мәлік қайда едіңдер? Ойбай-ау, үйім құлап қалыпты, түнде қайда жатамыз? Мені ерігіп жүр дедіңдер ме? Зәру жұмыс болған соң кетіп едім ғой. Үйіме неге көз қырын салмадыңдар? «Көрші ақысы - Тәңір ақысы деген қайда? - деп, безек қағады. Хан ием, ондай әйел мың болса да өсіп-өнбесін, сіздің ошағыңызға кез болмасын.

• Ең соңғысы - адам тілін алмайтын кесір (қырсық) әйел. Үйге түзден бір ұятты қонақ келіп, ері оған: «Орныннан тұрып, нан әкел, желік, қонағын да жесін» - десе, әйелі еріне: «Үйде піскен нан жоқ», - дейді. «Барынды бер», десе, әйелі: «Не сандалып отырсын, үйіңнің әлдеқашан қу молаға айналғанын білмейсің бе? Үйде ұн жоқ, диірменге кеткен түйе қайтқан жоқ, оның не әкелері белгісіз. Дастарханымды жемесе, берерім жоқ», - деп бармағын көрсетеді, еріне сыртын беріп, дастарханды кісі алдына лақтырып тастайды. Ондай әйелге мың сөз айтсаң, соның бәріне жауап қатады, бірақ ерінің айтқанын құлаққа ілмейді. Ондай әйелді Нұх пайғамбардың көз жасынан пайда болғандар дейміз. Хан ием, сізді Алла осындай әйелдерден сақтасын, ондай әйел сіздің ошағыңызға кез болмасын» [6].

«Қызды асырай алмаған күн етеді, ұлды асырай алмаған күл етеді» демекші, жас ұрпақ тәрбиесі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Содан болар қызды қырық үйден тыйған аталарымыз қыз тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Қыз — ата-анасының, отбасының айнасы. Қыз бала тәрбиесіне тек ана ғана жауапты емес. Бұл баршамыздың ісіміз. Дегенмен де «Қыз ақылы-шешеден» демекші, қыздың анаға бір табан жақын екені ақиқат. Тәрбиенің негізі «ананың әлдиінен» басталады емес пе?! Ана қыз үшін тұлға, әрі жанашыр адамы. Сонымен бірге мұндасы. Ол анасына ғана ашылып сырын айта алады. Ол анасынан үлгі алып қана қызға тән қасиеттерді бойына сіңіріп, ізеттілік пен ар-ұяттың және адамгершіліктің мағынасын түсінеді. Мәшһүр Жүсіп: «Қазақ айтпай ма «алып (яғни батыр, балуан) анадан» деп. Бұған қарағанда, ана жақсы болса, онан туған бала да жақсы болады. Ана бір жаман, ғылымсыз, меңіреу болған соң онан туған бала не қылып оңсын?!», деп, ана сүтімен бойға сіңген асыл қасиеттер, сәбидің көкірегінде жатталып, ұлттық рух болып сінетінін ескертсе керек.. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» демекші, көргенді отбасылары қыз баланы «қонақ» деп мөпелеп, қадірлеп өсірген. Бой жеткен ару қыздарын сырт көзден сақтап, оларды биязылыққа, ибалылыққа тәрбиелеген.

Қыз – нәзік те қайратты, алғыр, салмақты да ширақ, төзімді жан. Ол бойжетіп келін, дүниеге сәби әкеліп ана кейін салиқалы әже болады. Осы арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді. Бұл ұлы заңдылық. Сондықтан әйел тіршіліктің мәні, жылулық пен мейірімділіктің, берекенің бастауы болмақ. Әйелдің басты міндет – отбасы беріктігін сақтау, бала тәрбиелеу, ерлерін барынша сыйлау, рухани қолдау көрсету болып табылады.

Мәшһүр-Жүсіптің «Салақтық-дерт» өлеңі - халықтың рухани қазынасы болмақ. Ол жастарды салақтықтан аулақ болуға уағыздаған асыл мұра. Сондықтан да ұрпақ тәрбиесіне берері мол Мәшһүр-жүсіп мұрасы адамзат жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармалары адамды биік мұраттарға тәрбиелеп, пенделік, салақтық сияқты ұсақ әрекеттерден аулақ болуға үгіттейді демекпіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ энциклопедиясы, 7 – том.
2. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4-том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, -2004-ж. 215 б.
3. Бұл да сонда.
4. Бұл да сонда.
5. Бұл да сонда.
6. Қорқыт ата кітабы оғыздардың батырлық жырлары: Орыс тілінен аударған Ә. Қоңыратбаев, М.Байділдаев. - Алматы: Жазушы, 1986.

МӘШҲҮР ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ «ДИУАНА» ЖӘНЕ ӘБЖАЛАПТЫҢ ДҮНИЕДЕН ӨТУІ

Ә. ПАЗЫЛОВ

Мәшһүр-Жүсіп мұражайы, Баянауыл ауданы

Диуана көбінесе кедей немесе қаңғыбас түрүнде кездеседі. «Диуана» парсы тілінен аударғанда «дүниеден безіп Құдай жолына берілген адам» деген мағынаны білдіреді /1/. Негізінде Диуана - араб сөзі, қазақшаға аударғанда «ақылды адам» деген ұғымды білдіреді /2/. Тіпті араб тілінде кездесетін «Лапас» деген сөз - диуаналардың киімінің атауы. Оның әлем-жәлемі жоқ, жағасыз және жеңі ұзын. Ақ матадан жасалған шапанға ұқсас. Ал Мәшһүр Жүсіп өз шығармаларында «диуана /пар/ -сопылыққа бет бұрған, дүниені ойламайтын адам» деп тұжырымдайды /3/. Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында дуана жақсылық иесі ретінде суреттелген. Ал диуаның таяғын - «Сота» деп атаған. Ол Алпамыс батыр жырында жиі кездеседі.

Көбінесе диуаналар азан шақырып қойған есімдерімен аталмай, «лақап» аттармен танымал болған. Диуаналар ризығын жаратқан иемізден тілеп, тақуа, көп сөйлейтін, киім талғамайтын, еш кәсіпсіз ел кезіп тіршілік етеді. Диуана мен әулиенің бірінші сипаты — олардың керемет күш иесі болуында. Бойына қасиет дарыған Мәстек абыз бен Мәшһүр-Жүсіп, Сағымбек, Әбжалап диуаналар жын-періні өз еркіне бағындыра білгендер. Олардың сиынған өз пірлері болған. Төртеуі де бойындағы қасиетін ұрпағына аманат еткен. Әрқашан да ауыздарынан Алланы бір сәт тастамаған. Мәшһүр Жүсіп: «Шайхы Бұрқы диуана» деген еңбегінде: «Мұса пайғамбардың заманында Шайхы Бұрқы деген диуана болыпты. «Құдайға құлшылықты жан аямай қыламын!»-деп, иірген ұршықтай қырық күн, қырық түн шыр айналған екен. Заңғар биік таудың басына шығып:

– Ал, мен Құдайға кеттім!- деп, төмен қарай құлайды екен. Өлмей-талмай, дік етіп жерге түсіп, бүтін түгел дін есен жүре береді екен. Бұл Шайхы Бұрқының атасы- адамзат, шешесі- мекіре балық екен»,-деп қортытындылайды. Демек қазақ бақсыларының пірі - Қорқыт болса, Диуаналардың - сыйынатын иесі - Шайхы-Бұрқы дуана деп түйін жасауға негіз бар. Мәшһүр Жүсіп: «Бұл Қыпшақ екеу. Бірі - Шайхы Бұрқы диуанының дуасымен бір кісіден тоқсан екі ұл туған, бәрі де өсіп-өніп, ел-жұрт болған. «Қытай көп пе, Қыпшақ көп пе?!»-делінген Қыпшақ - осы. Бұл Қыпшақ та Мұғал - Татардың Мұғалынан шыққан. Бірі - Арғын – Қыпшақтың Қыпшағы, мұнан шыққан - Қобыланды батыр», деп Шайхы Бұрқы диуанының ерекше кереметтерінің бірі - перзентсіз ата-анаға ұрпақ сыйлайтын қасиеті екендігін дәріптейді. Ал диуанының шыр көбелек айналып билеу арқылы экстазға кіріп, Жаратушымен жақындасуға ынтық болады. Соғылық жолмен Тәңірді сүю арқылы оның жаратқан дүниесін сүюге ынтыққан жандар ел кезіп диуана атанған. Қ. Халид еңбегінде: шайх (шейх) – арапша шал, кейде ұстаз, кейде пір, кейде әулие ретінде кездеседі /4/. Шайхы – ескі. Діни ұғым бойынша шарапаты тиетін қасиетті диуана.

Ел арасында есімдері сақталған диуаналардың көбі құран оқып, намазды қаза жібермеген, енді бірі таза дін жолында жүрмеген. Дегенменде олардың қажылыққа қас қағым сәтте барып қайтуы, жылдам жүруі, бір күнде бірнеше жерде кездесуі баршамызды таңқалдырмай қоймас. Диуаналар ғайыптан пайда болып, киналған әйелдің, өмірден түңілген кедейдің, адасқан жолаушының, ел басқарған тұлғалардың маңынан табылады. Әбжәлап диуана да қажылыққа еш бармаған, бірақ оны қажылықта көргенін ант ете отырып айтқандар да болған. Ислам дінінде ладуні ілімін меңгерген жанға уақыт пен кеңістік ешқандай кедергі келтіре алмайды. Барам деген жеріне аңыздағыдай көзді ашып жұмғанша жетіп барады. Бұлар көпшілік алдында мұғжизаның бір түрі өз кереметтерін көрсете алады. Жалпы, бұл ілім жүрек тазалығымен Жаратушы тарапынан келетін ілім. Құранның «Бақара» сүресінде; «Алла (Тағала) хикметті (терең білімді) қалаған құлына береді. Ал кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Мұны ақыл иелері ғана түсіне алады», – деп көрсетілген.

Мәшһүр Жүсіп «Абылайдың қырғызға жорығы» деген еңбегінің бірінші нұсқасында: «Созақта «Жалаң аяқ Әшдер (Әудер)»- деген бір әулие диуана бар екен, Абылайдың қосынына кез болған екен», деп жазады /5/. Жырда ол туралы былай дейді:

Абылай жалғыз өзі отыр еді,
Есіктен бір диуана кіріп келді.
Иығына шашы түскен жалаңаяқ,
Иіліп күле қарап сәлем берді.
Абылай диуанының түрін көріп,
Әулие-қаландар деп көңіліне еніп.
Сәлемін ап, түрегеп қолын ұстап,
Қасына отырғызды орын беріп.

Бұқар жыраудың өзі диуаналарға қамқорлық жасап, жауынгерлерге тиіскізбеген. Мәшһүр Жүсіптің «Баян өңіріне діннің таралу тарихы» деген еңбегінде диуаналардың қарапайым ел арасында дінді таратудағы еңбегін сипаттай келе Жолбарыс пен Шалбай диуаналардың сөзге де шебер болғанын көрсетеді. « ... Бірі- халфе, бірі ишан болып тұрғанда, Жолбарыс диуана, Шалбай диуана- екі диуана Ғайсабек ишанға қонақ болып отырғанда, Ғайсабек ишан сұрапты:

– Диуанам, Қоңырбай қалай, мен қалаймын- мейман күтуге?-деп.

Сонда диуаналар айтыпты:

– Халфекемдікі-төпелеме, сіздікі- сипалама,- деп.

– Рас, рас!-деп, ишан қарқ-қарқ күліпті /6/.

Қазақ ертегілерінде диуана жын-пері немесе дию мағынасында суреттеледі. Ал қазақ әдебиетінде жағымды бине ретінде таныстырылады. Мәселен Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романында диуана жақсылықтың сәулесі ретінде бинеленген. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларында диуаналар халық батыры, әулие, ағартушы, абыз, көріпкел, қыдыр ата, пір ретінде сипатталады. Мәшһүр Жүсіптің өзі диуаналарды айрықша қадірлеп, кастерлеген. Кейбір кезде Мәшһүр Жүсіп:

Дүниеде көрдім бәрін бар не қатты,
Бес жаста қалам ұстап, жаздым хатты.
Ат беріп, ақша беріп, шашқаным жоқ
Жүзіне жалған дүние «Мәшһүр» атты.
Мен өзім өз сөзіме уанамын,
«Ләйлі» жоқ, қоржын да жоқ, диуанамын.
Көрінбесем, илаһи, көрінбейін,

Ешкім керек қылмаса, қуанамын,-деп өзін де диуанаға теңейді

Қожанасырды да диуанаға тенеген. Оның шын аты – Қожа Насреддин. Ол әуелде ел аралап диуана, күлдіргі және бақсы-балгерлікпен айналысқан, қыстақтық жерлерде әкесі сияқты имам болған. Есімі танымал Илья Муромецтің өзі бала кезінде дертке шалдығып, кедейдің күнін кешкен. Бір күні тентіреп жүрген диуана шал (кейде кемпір) келіп, садақа я сусын сұрайды. Бала мешел екенін айтады. Диуана сен қол-аяғыңды қимылдат дейді. Бала қимылдатса қол-аяғының жаны бар. Ол зыр қағып жүріп, диуанаға қалаған сусынын әкеп береді. Шәлі қанған диуана ғайып болады, ал бала бойында орасан күш бар екенін сезініп, ата-анасына барады. Осыдан бастап ол батырлық харекеттер істей бастайды /7/.

XX ғасырдың басында Әбжәлап диуана қайтыс болып, оның денесін арулап жуу кезінде, Мәшһүр Жүсіптің өзі шәйнекпен су құйып тұрып: “Мына төбеміздегі шоқ бұлтты көрдіңдер ме, ол бізге көлеңкесін түсіріп тұр. Әбжәлап тегін кісі емес”, – деген. Кейін бейіт басына барып, диуаны ораған кигізді ашқанда, Әбжәлап диуанының денесі жоқ болып шығады. Бұған дейін адамдар үстінен бір топ шағала ұшып өткені еске алынады. Сонда Мәшһүр Жүсіп: “Әбжәлаптың денесі көрде жатпайды, менің денем 41 жыл бүлінбес” десе керек.

Аталмыш әңгіменің бір үлгісін жеткізген Мәшһүр Жүсіптің шәкірті әрі атқосшысы Иманғали Мәненов: «Бисми–иллаһи–р–рахмани–р–рахим! Құлболды баба айтқан екен: «Менің құтым, қасиетім ортамда қалады. Шетке шыққан үрім-бұтағым онша мықты болмаса керек. Әншейін менің атымды абырой қылып, күн көріс жасай алса керек. Құтым өз ортамда жүрсе, соған қонса керек хәм Құлболды бабаның сүйегі жерге жерленбеген. Сүйегі жерленбегендері - Алланың сүйген құлдары. Біріншісі, Қызыр ғалайһи–уассалам. Екіншісі, Иса пайғамбар. Үшіншісі - қазретті Ғалы. Төртіншісі – Құлболды әулие баба. Бесінші - Лекер әулие. Алтыншысы - Жұматай әулие (Әбжәлап диуана). Растық – көзбен көрген. Сенімсіздік - құлақпен естіген. Әбжәлап дуанын көзбен көрдік, содан соң айтамыз да. Алла шексіз ұлық», деп жазады. Ел арасындағы әңгімелерге құлақ түрсек Көтен тәуіп өзі қайтыс болған соң денесі жерлер алдында, ғайыпқа ұшып кетерін білген. Шынында да әулиенің өлі денесін бейітіне жерлейміз дегенде, дене ораған мата ішінде жоқ болып шыққан. Енді бір аңызда әулие құдайы тамақ беріп болғанда, үйі алдында ғайыптан бір түйе пайда болады. Әулие сол түйеге мініп, көзден таса болады. Артындағы жалғыз қызының ащы даусынан ертесінде бір көрініп, жоқ болады. Айдабол Аққозы батырдың Сопағы деген диуана аттан, түйеден қалыспай тез жүреді екен. Түсі суық, бойы ұзын, жалаң аяқ жүретін. Жүрген жерінде кедей мен жетімді қорғап, байдан алғанын соларға беретін жан екен. Өзі тауық жылы өлген. Жұрттың жұтайтынын айтып сөйлеп жүріпті. Өлген соң, денесі көрден ғайып болған деседі /8/. Мәшһүр Жүсіп шығармаларында: Орманшы: Батыр диуана, Ақбура: Шалқыма диуана, Қаржас: Ескендір диуана, Шалқыма баласы Айсабай қажы да диуаналардың есімдері кездеседі.

Баянаула төңірегінде әулиелі Қызылтауда Түйте әулиенің қонысы болған. Оның жын-перімен алысқан жеріне әлі күнге дейін шөп шықпайды екен. Ол әулиелі Қызылтаудан жырақ бір жерге бару үшін салт атқа мінбей, не арбалы көлікке отырмай, сол жерге лезде жетеді екен. Оның барар жеріне қалайша жылдам жететінін бүгінге дейін ешкім де түсіндіріп бере алмапты. Жұртта осыған байланысты «Түйтені періштелер үлкен жылдамдықпен көкке көтеріп алып кетті» деген түсінік қалыптасқан.

1930 - ашаршылық жылдары Айтекен деген диуана ауылдарға даланың еліктерін айдап әкеліп, сауғызып тұратын болған. Айтекең диуана жас кезінде: «ана ауылға кеттім», деп кез келген өзеннің үстінен жүгіріп өтіп, көзден ғайып болады екен. «Ғайыперен қырық шілтен жіберді»,-деп, еліктерін қадір тұтып, сүтімен қоректеніп, ауырғандарын емдеген.

Бойына қасиет дарыған аталмыш тұлғалар, Алланың сүйікті үмбеттері болса керек. Мәшһүр Жүсіп «Ғылым және дін» деген бірінші әңгімесінде: «Сүйіндікте диуанының көптігі жұртқа жайылды...», - деп диуаналардың тылсым күш пен кереметтің иесі екенін аңғартады.

Керемет – Алла Тағаланың әулиеге берген ихсаны (сыйы). Дәлірек айтар болсақ «... керемет – Алла Тағаланың сыйы ретінде, кәміл иман, мағрифат және тақуалықтың нәтижесінде әулие құлдарда байқалатын және табиғат заңдарымен түсіндірілмейтін, метафизикалық таңғажайып оқиғалар.... Хақ достары қол жеткізген осы рухани билік, көзқарас, ойлау, тіпті, іс-қимыл тұрғысынан басқа адамдардан өзгеше болады». Әулиелер

халықтың сенімсіздік танытуына қарай неше түрлі кереметтерді көрсетіп, иманына келтіретін. Қасындағы адамдардың жүректерінде Аллаға деген махаббаты пайда болып, басқа нәрселерге деген қызығушылық өшеді. Пайғамбарымыздан алейһиссалам әулиенің белгілері сұралғанда «Оларды көргенде Алла еске түседі» деп жауап берген. Бірақ Имам Шәфиидің: «Егер су бетімен жүріп бара жатқан немесе ауада ұшып жүрген адамды көрсендер, оның Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) ілесуші екеніне көз жеткізбейінше оған сенбеңдер және ілесіп кетпендер», деген сөзін де естен шығармаған жөн. Құдайдың ризашылығына бөленіп, сүйікті құлдарына айналған әулиелердің бастарынан өткен оқиғалар ел аузында аңыздар, я болмаса хикаялар деп айтылады. Сол үшін олардың табытын сақтайтын күмбездер, мазарлар, табыттар ислам діні тараған барлық жерлерде орын алған. Алла тағала: «Сүйген (әулие) құлдарымды халықтың ішіне жасырғанмын, оларды әр адам тани бермейді» деген. Әулиені тану мүмкін емес. Ол қарапайым істерімен, қайырымдылығымен, жетімдерге қамқорлығымен, діни сауаттылығымен ерекшеленеді. Мұхаммед Сәлим хазреттен «бір адамның әулие екенін қалай білуге болады?» деп сұрағанда «Тәтті сөзі, көркем мінезі, жомарттығы таласып тартыспауы, кешірімділігі және бүкіл адамдарға, жандыларға мейірімділігінен кісінің әулие екенін білуге болады» деген. Мәшһүр Жүсіптің әулиелігіне байланысты әңгімелер көп. Оның қасиеті мен кереметтері жайлы деректерді, көзімен көрген жандар бүгінгі күнге жеткізді. Шығармаларын мұра тұтқан ұрпақ рухани пір санап, Алланың әмірімен ғайыптан қажетті хабарын ала алатын жан екеніне танып, құрметпен қарады. Ғұмыр бойы Құдай мен Құран сөзін насихаттап, ұрпақтарға тағылымы мол тәрбие беруді мақсат еткен, әулиелеріміздің рухын асқақтатудан артық мүдде, одан қымбат парыз жоқ екендігі сөзсіз.

Осыған ұқсас әңгіме Мәшһүр Жүсіптің замандасы Әбжалап дуананың да басынан өткен. Аталмыш әңгіме: «Әбжалаптің денесі қабірде жатпас, Мәшһүрдің денесі қырық бір жыл бүлінбес», деген тақырыпта басылым беттерінде бірнеше рет жарық көрген болатын.

Иманғали Мәненұлы Құрмандомалақ деген жерде қыстап отырған Мәшһүр-Жүсіпке сәлем беруге келе жатып, жолда сәл жылынып алайын деп бір малшының үйіне соғады. Амандық-саулық сұрасып болған соң малшы:

- Кеше Әбжалап диуана Мәшһүр-Жүсіп Көпеевті тосып отырып, үсіп қалыпты. Тірі ме, өлі ме, соны білмей дал болып отырмыз,-депті.

- Ойбай, Әбжалап диуана дегенің Қаржас руының ішіндегі Жәдігерден тараған Жұматай Тышқанбайұлы емес пе? - деп Иманғали орнынан асығыс тұра бергенде, малшы:

- Келгенің жаңа ғана еді, асығып қайда кеттіңіз?, - дейді.

- Әбжалап диуана үйінен жеті қадам шығып, асасын «Алла хақ» деп жерге соққанда қара құсқа айналып ұшып кететін күдіретті күш иесі ғой, ол жерге кеш батпай жетейін,- деп Иманғали аттанып кетеді.

Көп ұзамай Мәшһүр-Жүсіп Көпеев түскен шаңыраққа келіп, отырған адамдарға сәлем беріп кіріп келеді. Иманғали шымылдықтың артынан шығып жатқан дауысты естіп, құлағын түрсе:

- Я, Алла, бар екенсің ғой. Намазымды Мәшекең шығаратын болды, ризамын, - деп жатқан Әбжалап диуана екен.

- Бүгін сен осында қон, ертең азаннан қалмай Әбжалап та жан берер, жерлеп бірақ қайт. Ол да бір Алланың еркесі ғой, - деген Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің сөзінен кейін іштей екі-үш күн кешігермін деп жоспарлап отырған Иманғали:

-Сіздің айтқаныңыз болады, - деді.

Бөлмедегі тыныштықты сырттан естілген ащы дауыстар бөліп жіберді. Бұлар Әбжалап диуананың туыстары болатын.

- Хабар келісімен тұра шаптық, - деп көздеріндегі жастарын жендерімен сүртіп, ішке енді.

Ертеңінде азан уақытында Әбжалап диуана көз жұмды. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев:

- Ал, жігіттер, қайла, күрек алып, жер қазыңдар, - деген соң лажы бар ма. Иманғали және Қаржастың екі-үш жігіті бар бет қаратпайтын аязда Мәшһүр-Жүсіп Көпеев көрсеткен жерді қаза бастады. Қыстың аяғында жер борпылдақ күм сияқты қазылар деп кім ойлаған. Ештеңеге түсінбеген жігіттер бір-біріне қарап тұрып қалса керек. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев:

- Кигізді әкеліңдер, - ортаға кілемге оралған Әбжалап диуананың денесін көтеріп, төрт жігіт те жетті. Құран оқылып болған соң, жігіттер кигізді ашса, құр кебіні ғана жатыр.

- Астафіралла, - деп тұрғандар ештеңеге түсінбей, бәрі Мәшһүр-Жүсіп Көпеевке қарап қалыпты. Сонда қабір басында тұрған ақсақалдардың бірі:

-Ойбай-ау, жаңа ғана болған мәйіт қайда кетуі мүмкін?-деп, кілемге жақындай бергенде бірнеше ақ шағала күс ұшып келіп, жұрттың мазасын алса керек. Қыстың қақаған аязында өз-өздерімен күс қуып, әуре-сарсаңға түскен жұртқа қарап, Мәшһүр-Жүсіп:

- Е, Әбжалаптің денесі қабірде жатпас, Мәшһүрдің денесі қырық бір жыл бүлінбес, - деп басын шайқаса керек.



ӘДЕБИЕТТЕР


1. Дуана (XVIII-XIXғғ.). Суретімі П.М. Кошаров.
2. Қажы Мәдіқожа (диуана) ұрпақтарының шежіресі. Қызылорда 2005 жыл. 25 бет.
3. Мәшһүр Жүсіп Шығармалары, 9 том. Павлодар, 2006 ж.
4. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса. – Алматы: Қазақстан, 1992. – б.281.
5. Мәшһүр Жүсіп Шығармалары, 9 том. Павлодар, 2006 ж.
6. Бұл да сонда.
7. Былины Печоры и Зимнего берега. М.–Л., 1961, № 44, 46, 77, 92.
8. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 6-том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ,-2005 ж. -206 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

ИНТЕРНЕТ ЖӘНЕ МӘШҺҮРТАНУ

Ә. ПАЗЫЛОВ

Мәшһүр Жүсіп мұражайы, Баянауыл ауданы



Ғылым мен техниканың дамуының арқасында бүкіләлемдік интернет жүйесі пайда болды. Интернет - кез келген компьютерлермен бүкіл әлем бойынша ақпарат алмасу мен беру мүмкіндігі, желілер жүйесі. Интернет - байланыс араларын өзара біріктіретін, тораптардың жиынтығы. Қазіргі уақытта кез келген информациялық технологияның жаппай техникалық компоненті компьютер болып табылатыны белгілі. Компьютерлік телекоммуникацияны пайдалану - алыстағы компьютермен диалогтық режимде немесе электрондық почта режимде жұмыс істеуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, электрондық почта өте қолайлы және аса қымбат емес. Осыдан 10 жыл бұрын интернетсіз ешбір жұмыстың бітпейтінін кім ойлаған. Озық технологиялардың дамыған заманында интернетті пайдаланбайтын жан кем де кем шығар. Интернет желісі қазақстандық сегментінің (Қазнет) бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру мен дамытудың 2008 - 2012 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 сәуірдегі № 358 Қаулысы негізінде отандық сайттар да бой көтерді. Қоғамда болып жатқан мәселелер толғандырса: Нұр Астана газетінің, Ана тілі ұлт газетінің, «ҚАЗАҚ» Халықаралық интернет газетінің т.б. газет журналдардың электрондық нұсқаларын оқуға болады.

Қазақстанда интернет қолданушыларының саны мобильді телефондар есебінен көбейіп отырғаны мәлім. Ал мобильді телефон Қазақстанның барлық аймағына жетті десе де болады. Өз басым ауылдық жерде тұрғандықтан «GSM Kazakhstan» ЖШС KCell сауда белгісінің ұсынған: «Kcell CONNECT» және «SKYLINK» қондырғылары арқылы интернет желісін жиі пайдаланамын. Мобильді интернеттің мүмкіндігі шектеулі болғанымен де берері мол.

Мен Мәшһүр-Жүсіп сайты өздігімен қалыптастыруға бірнеше рет талпындым.

Ия Қазақстанда хостинг беруші компания көп. Дегенмен де қазақ тіліне келгенде техникалық қолданылуы нашар әрі дұрыс жолға қойылмағандықтан хостерлер берген хостингтерінде көп нәрсеге тосқауыл қойылған.

Ашқан жаңа сайты қазақстандық сервер көтере алмады. Ал ресейлік серверге ауысуға намысым жібермеді. Сонымен бірге бүкіл интерфейсті қазақ тіліне аударуға мәжбүр болдым.

Былтырғы жылы Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығы мен ғұмырнамасына арналған мақалалар: Мемлекеттік тіл порталы <http://til.gov.kz>, Өте керемет қазақша рефераттар сайты <http://kz-ref.ucoz.kz/> және <http://www.referattar-kz.narod.ru>, қазақ халқы жайлы сайт www.qazaq.ru, қазақ халқына қатысты сайт www.tor.kz сайттарында жарияланды. Сонымен бірге «Мәшһүртану» ғылыми практикалық орталығының ұйымдастыруымен жарыққа шыққан: www.mashhur.psu.kz немесе www.psu.kz сайттарындағы мұралар Мәшһүр-Жүсіп төңірегінде көптеген мағлұматтар береді. Онда: Өмірбаян, Шығармашылығы, Библиографиялық көрсеткіш, Іс-шаралар, Мәшһүр әлемімен сырласу, Қонақтар, Форум, Жаңалықтар, Кері байланыс сияқты тараулар бар. Мәшһүр Жүсіпке арналған сайтты ұйымдастырушы Көпеев Арсыланның баяндауынша, аталмыш сайт әр дайым жаңа мақалалармен толықтырылып отырады.

Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығын уағыздауда көш бастап келе жатқан «Абай-ақпарат» (www.abai.kz) парталына және бас редакторы Дәурен Қуатқа айтар алғысымыз шексіз. Себебі Мәшһүр-Жүсіп мұражайы қызметкерлерінің мақалалары аталмыш сайтта жиі жарияланады.

Бүгінгі таңда Гуглдан қажетті тақырыптарыңыздың бәрін де табасыз. Керек десеңіз көшірмесінде түсіріп ала аласыз. Тіпті өзіңіз белгілі бір тақырыпта, жеке доменмен KZ сайт жасауға да болады. Бір қуаныштысы kz доменінде 601 сайт тіркелген/kazakh.ru (20.07.2010). Тәуелсіз зерттеу компанияларының мәліметтеріне сенсек, 2010 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда интернет қолданушыларының саны 4,3 млн халықты құраған, бұл дегеніңіз ел халқының 26,5 пайыз үлесі?! Бұл көрсеткіш 2009 жылмен салыстырғанда елімізде интернет қолданушылар санының 30 пайызға артқанын көрсетеді. Ең қызығы, ел азаматтарының 94 пайызы интернетті айына бірнеше рет, не одан да жиірек қолданатын көрінеді. Бұл зерттеулерді «ICT-Marketing» тәуелсіз зерттеу компаниясы (www.ictm.kz) жүргізіпті.

Қазақстандағы интернет қолданушылардың ресейлік mail.ru компаниясының тегін пошталық қызметіне жүгіну қарқыны бәсеңдеген жоқ. Alexa интернет статистикасы жинақтайтын ресурстың мәліметінше Қазақстандағы ең жиі қолданатын ресурс осы пошталық қызмет болып отыр.

Интернет мындаған корпоративті, үкіметтік, ғылыми және үй желілерінен құралған. Әртүрлі архитектуралы және топологиялы желілерді біріктіруге IP (Интернет Protocol) протоколын және мәліметтер пакеттерін маршрутизациялауды қолдану арқылы қол жеткізілді. IP протоколы әдейі физикалық байланыс арналарына тәуелсіз етіп жасалды. Яғни цифрлық мәліметтерді тасымалдауға арналған кез-келген жүйе Интернетпен де байланыса алады. Желілердің байланысқан түйіндерінде арнайы маршрутизаторлар (бағдарламалық немесе аппараттық) пакеттердің қабылдаушылардың IP-адрестерін қарай отырып, мәліметтер пакеттерін сұрыптаумен және бағыттаумен айналысады. IP протоколы бүкіл әлем көлемінде біртұтас адрес кеңістігін құрады, бірақ әрбір жеке желіде өзіндік адрес кеңістігі болуы мүмкін. IP-адрестерді осылайша ұйымдастыру маршрутизаторларға әрбір мәлімет пакетінің бағытын анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, Интернет құрамындағы жекелеген желілер арасында конфликттер болмайды, ал мәліметтер бүкіл әлем көлемінде дәл жеткізіледі. IP протоколын IETF (Интернет Engineering Task Force) ұйымы ойлап тапқан болатын. IETF және оның жұмыс топтары қазіргі күні де Бүкіләлемдік желінің протоколдарын дамытумен айналысады. IETF қызметіне қарапайым пайдаланушылар қатыса алады. Бұл ұйым комитеттері RFC құжаттарын жариялайды. Бұл құжаттарда көптеген сұрақтардың техникалық спецификациялары және дәл түсініктемелері беріледі.

ӨОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Ә. ПАЗЫЛОВ

Мәшһүр Жүсіп мұражайы, Баянауыл ауданы

Қорқыт ата: «Бас аман болса, бөрік табылады», - деп амандығымызды тілесе, Мәшһүр Жүсіп: «денсаулық-ғылымның бір тарауы», - екенін ескертіп, салауатты өмір салтын уағыздап, әр қайсымыздың бойымызда денсаулыққа деген жауапкершілікті қалыптастыруға тырысады. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші, адамның жаны мен тәнінің амандығына не жетсін. Мәшһүр Жүсіп: «Адамның ішкі қуатымен, сыртқы қуатының арасы теңдестік болып, [де]ненің тіршілік етіп, бөгет нәрсе болмай өсуін «денсаулық»-деп атайды. Соның үшін кісі денсаулық жағын білмекші болса, әуелі өз денесінің жайын, онан соң, денесіне кіріп қосылатын тамақтардың жайын білу керек. Және де ол тамақтардың жүретін[ін], іште қалай таралып сіңетінін, бүтін тіршілікті[ін] қатынасып жүретін су, топырақ, ыстықтық, суықтық, жарықтықтардың жайын және адамға зияндас нәрселердің жайын біліп ұғынарға керек. Міне, осылардың бәрін мән-жайын үйретіп, рахат ғұмыр сүруге, адамның тіршілігін сақтауға себеп көрсететін ғылымдарды – «Денсаулық ғылымы»-дейді» /1/, - деп денсаулықтың Алланың адамзатқа тапсырған аманаты екенін ескертеді. Денсаулықтың өзі ғылымның бір тармағы екенін ескерсек, адамдардың денсаулығы- динамикалық құбылыс екені анық. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жарғысы бойынша, денсаулық деп «аурушандық пен дене бітімінде

кемшіліктердің бар не жоғы ғана емес, сонымен қатар адамдардың толық физикалық, әлеуметтік және рухани қолайлы жағдайларын» түсінеміз. Академик В.П.Казначеевтің жеке бас денсаулығы туралы анықтамасы бұдан да толығырақ: «... денсаулық дегеніміз, организмнің ұзақ өмір сүру барысында биологиялық және психикалық әрекеттері мен тиімді жұмыскерлігінің, әлеуметтік белсенділігінің, сондай-ақ жас етекшеліктеріне сәйкес дені сау ұрпақ жалғастыру қабілетінің сақталуы мен дамуы». Қалай дегенмен де дені саудың – жаны сау болмақ. Адамның денсаулығы - өмір тіршілігінің ең бірінші шарты болып табылады. Сондықтан үкіметіміз денсаулық сақтау ісіне, адамдарымыздың дені сау, ағзасының күшті болуына үнемі қамқорлық жасап отыр.

Мәшһүр Жүсіп «Денсаулық-ғылымның бір тарауы» /2/, деген көлемді мақаласында, денсаулықтың толық физикалық, психологиялық және әлеуметтік қолайлылық екенін ашып көрсетеді. Аталмыш шығармасында Мәшһүр Жүсіп адамзат бойындағы микробтың пайдасы мен ілімі, азықтың бойға сіңуі, қанның денеге тарауы, демалыс жолы, ауа және ауаның қанды тазартуы, ауадағы және судағы микроб туралы ғылыми тұрғыдан мінездеме беріп, қажеттілігі мен адамның ішкі органдары, әрі тыныс жолдары төңірегінде құнды мағлұматтар келтіреді. Медицина саласының белді маманы ретінде ой тұжырымдарын ортаға салады. Тіпті дұрыс тамақтану мен денсаулыққа қоршаған ортаның әсерін ашып көрсетеді. Мәселен адам денесінде пайда болған нәрселердің бәрін де себебі бар. Себебі еш нәрсе болған жоқ, деп, Микраскоптың пайда болуы мен аурудың таралу жолдары туралы ой бөлісіп: «Бұрынғы заманда адам баласының біреуі бір нашар аурумен ауырған болса, ол кісіге қатынасып, араласқандардың бәрі де ауырып қырылатын болған. Ол замандағы хакімдер бұл жұғудың бір жанды нәрседе екенін біліп, тексеріп қараса да, ғылым өспегендіктен, дәл неден екенін біле алмаған. Бұл соңғы уақыттарда табиғат ғылымы сұрай бастады. Ғалымдар асыл шыны жасап, асыл шынылар бір нәрсені әлденеше миллион өсіріп, үлкейтіп көрсетеді. Соның арқасында қандай көзге ілінбейтін уақ нәрселерді көзбен көретін бол[ған]» /3/, -деп тұжырымдайды.

Алла тағала адамдарды басқа мақұлықтардан ажыратып, өзімізді пәк ұстап, харамнан сақтануымызды бұйырған. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) өзінің бір хадисінде: «Алла тағала адамда бір жапырақ еттен жаратқан, егер сол бір жапырақ ет пәк болса, адамның денесі, яғни басқа мүшелері де пәк болады. Егер сол бір жапырақ ет бұзылса, адамның басқа мүшелері де бұзылады, пәктігінен айырылады. Ол бір жапырақ ет - жүрек», - деген. Мәшһүр Жүсіп табиғат пен адам денесін салыстыра келе: «Жерлер таулар болса, дененде сүйектер. Жерде ағаш, шөптер болса, дененің шаш, түктер. Жерде жеті қылым болса, дененде: көз ..., құлақ..., мұрын..., ауыз..., қол..., аяқ..., ұят жері... Жерде зіл зала болса, дененде түшкірмек, селк етіп шошып қалу бар. Жерде өзендер болса, дененде үш жүз алпыс қан тамырлары бар. Жерде ашы, тұщы бұлақтар болған болса, дененде: құлақта құлқы ашы, көзде жас тұзлы, мұрында сіңбірліктер батпақ» /4/, деп табиғат пен адамның бір жаратушыдан жаратылғанын дәлелдеп отыр. Енді бірде: «Адамды Алла тағала қалай шеберлеп жасады? Қан өкпе, бауыр, жүрек үшеуінде жүреді. Қақырық өкпеде, зерде өтте, қарақұрым талақта», деп адамзаттың жаратылуы мен тыныс тіршілігі туралы сыр шерте келе, бейне бір заводтан шыққан техника тәріздес іші сыртының бірде бір ақаусыз тұрғанына бас иеді /5/. Сөз кезегінде Мәшһүр Жүсіп шығармасында қарастырылған мәселелерінің біразына тоқталып кетуді жөн көрдік.

Микроб туралы: Мәшһүр Жүсіп: «XIX –ыншы ғасырдың соңына таман француз ғалымы Пастор, неміс ғалымы Кох деген кісілер шығып, әлгідей бір кісіден неше кісіге жұғып қырылатын аурудың себебін тапты. Ауру микроб деген кішкене тіршілік екенін көріп білді... Микроб жайы үлкен ғылым болды- ол ғылым - бактериология... Микробтың бәрі зиянды болмайды. Өйтсе-дағы ішінде оқта- текте зияндылары да бар. Осы замандағы дәрігерлер микробтың қандай микроб екені[н] микроскоппен көріп айырады. Қандай дәріден өлетінін, ыстыққа шыдамы қанша екенін біледі. Еттің сасуы, сүттің іруі, жемістердің шіруі, осы сияқты істер- бәрі микробтан болады. Аурудың микробы ғана зиянды» /6/, деп микробты тек қана микроскоппен көруге болатын өте ұсақ тірі организмдер екенін ашып көрсетуге тырысады. Мәшһүр Жүсіп тым ұсақ болғандықтан, оларды табиғи субстраттардан оқшаулап алуда (таза дақыл күйінде), өсіруде және зерттеуде ерекше тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Микробтардың басым көпшілігі бір клеткалы организмдер. Олар, көбінесе қарапайым бөліну арқылы тез көбейетіні мәлім. Мәшһүр Жүсіп шығармаларына көз жүгіртсек: «Микроб- қараңғы, дымқыл, жылы болған орында тез өрбіп, рахат жасайды» /7/. Ол тек ыстықта күйіп өледі. Микробтың кіретін жолы- адамның тамақ пен ас аузынан, дем алуы мен мұрыннан, не болмаса денесінде бір жыртылған терісінің жыртқығы болса, сонан кіріп қанға қатыса бастайтынын ескертіп, сақтануға не болмаса дер кезінде көңіл аударуға шақырады. Микробтар биологияның көптеген мәселелерін шешуде маңызды зерттеу нысаны болып саналады. Соның нәтижесінде көптеген биологиялық заңдылықтар ашылып, биотехнологияның негізі қаланды /8/.

Қанның денеге тарауы туралы: Мәшһүр Жүсіп: «Азық келіс халіне келген соң, бауырдан сүзіліп өтіп, қанға қатысып бойға тарайды. Қанның жиылып тұратын орны жүрек болады. Сол жүректің өзі сол ішектің астында екі өкпенің арасында, төбесінен асылып тұрған қозының басы секілді бір кесек ет. Ол жүректің ұзынынан қақ жарып шықсақ, оң жағында- асытлы, үсітлі екі қалташа, сол жағында- асытлы, үсітлі екі қалташа бар. Оң жағындағы қалташалардың жоғарғысын- жоғарғы оң қалташа, төменгісін- төменгі оң қалташа деп аталады» /9/, деп адам бойындағы қанның өзіне тән физиологиялық қызметтерді бір ғана жағдайда – тоқтаусыз айналымда болғанда, атқаратынын баяндайды. Ал оның қан тамырларымен тоқтаусыз қозғалуы қан айналым жүйесі мүшелерінің қызметіне байланысты. Қанайналым жүйесі — денедегі қан немесе гемолимфаның үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ететін тамырлар мен қуыстардың жүйесі. Қанды құдыретті, қасиетті күш ретінде таныған дана халқымыз:

Қан айналады жүректің өмірімен,
Қан тілдеседі жүрек деген тәңірімен.
Ақ түсті мөлдір және қызылданып,

Адамға күш береді пәрменімен, десе қан тамырларының маңызы мен

мәнін Мәшһүр Жүсіп: «жүрек қызметі тоқтаса, кісі дереу өледі. Соның секілді қан тамырлар бөлініп, дененің ұшығына қан жете алмай қалады. Қан болмаған дене азғындайды», - деп түсіндіреді. Қан бүкіл денені аралап, оның ұлпаларындағы клеткалардағы заттың алмасуына қажетті химиялық заттарды әкеліп, қажетсіз заттарын әкетеді. Мұны мен қоса, қан дененің тұрақты температурасын сақтауға қатысады, организмнің иммундық қасиеттерін қамтамасыз етеді және мүшелердің қызметін гуморальдық реттеуге қатысатыны мәлім.

Мәшһүр Жүсіптің қан айналымына байланысты жүргіген зерттеу жұмыстарын, 1553 жылы қанайналым жолы туралы көлемді еңбек жазған Мигуляю Сервет Везалийдің және 1628 жылы «Жануарлар қаны мен жүрек қозғалысына анатомиялық зерттеу» жұмысында қанайналымның жолдары ашып көрсеткен Уильям Гарвейдің мұраларымен ұштасып, заңды жалғасы деп қарастырған жөн болар. Мәшһүр Жүсіп «125 тамырдың соғуы, жүректің лүпілдеуінен денені аралап бара жатқан қан жіберіп тұрады, соққаны білінеді. Сау адамдікі минутына 70-75 қабат, балалардікі жүзден де артық соғады. Денені аралап бара жатқан қанның түсі әдемі қызыл түсте болады. Дененің ұшығынан қайтқан қанның асылы таусылып, қарайып қайтады. Соның үшін қайтқан қанның шабан жылжып аққандығынан тамырдың соғуы аса білінбейді. Көгеріп көрініп тұрған қара тамырлар- осы қандікі. Аяқ-қолдың сыртындағы көк тамырлар да солардікі. Қанның ішінде де екі бүртік бар: ақ бүртік, қызыл бүртік, денемізді асырап, жылытып тұрады. Ақ бүртік денемізге сырттан келген жау зиянды микробпен соғысады. Жүрек зияндаса, бүкіл дене асыраусыз қалмақ. Қан тамырлары бұзылған дене нашарланбақ /10/, - деп қанның бауырда, көк бауырда, сүйек кемігінде түзілетінін және қанның құрамы мен қасиеттерін ашып көрсетуге тырысады.

Ауа туралы: «Таза ауа – жанға дауа» демекші, таза ауа- денсаулық кепілі болмақ. Ауа дегеніміз – бұл газ, дәлірек айтсақ, газдар қоспасы. Мәшһүр Жүсіп: «Ауа (һуа) дем алғанда, ішімізге кіріп, шығып тұратын нәрсе. Ауаның жайы хикмет (химияда), толық жан иесі нәрседе: хайуан болсын, ныбатат болсын ауасыз жасамайды... Ауа молда лахмұсына газы мен азоттан жиылған нәрсе. Бір шелек ауаны алып, жүзге бөлсек: 21 бөлімі- молда (лұхмұсына), 79 бөлімі- азот боп шығады» /11/, -деп адамның тыныс алу үшін ауа қажет екенін баяндап, ауаны тек сезінуге болатынын ашып көрсетеді. Ауа мөлдір және түссіз. Ауаның пішіні жоқ. Таза ауада иіс болмайды. Мәшһүр Жүсіп ауаның қанды тазартуы туралы жаза келе: «Қан мен ауаның өкпеде түйісетінін, қосылатынын білу, қанның қызыл бүртігінде имағлобин (гемоглобин) деген нәрсе бар. Ол молдалұхмозаны өзіне қарай бөліп жиып алады. Оның орнына жанып біткен көмірсу буы- токсин нәрселерін береді» /12/, - деп адамның асыз, сусыз шыдайтынын және ауасыз тұруы мүкін емес екенін жазады. Ауаның температурасы жоғарылағанда – қан тамырларының қабырғасы кеңейеді, соның нәтижесінде организмнің шеткі аймақ-тарына қанның ағымы көбейеді де, өзіндегі жылудың артық мөлшерін сыртқа бөледі.

Көзімізге көрінбейді, Ұстағанға білінбейді.

Онсыз бізге өмір жоқ, Таза ауаға жаның тоқ, - демекші ауаның таза болғаны бәрімізге де керек. Ауа былғанып дем алысқа жағымсыз болған жағдайда адам бойында қан айналымы бөгеліп, тітіркену мен дертке шалдығуы мүмкін. Мәшһүр Жүсіп: «Жерде шіріген өлекседен, шөптен һәм басқа борсыған, сасыған, бүксіген нәрселерден малдың, кісінің нәжістерінен шыққан жаман газ иістерімен былғанады. Жаман газдан күкіртті молдаалма, хамтығына, пахым- тағы бұдан басқа кісіні былықтыратын нәрселер жаққан оттан, шамнан шыққан түтіндер» /13/, -деп ауаны ластайтын жағыдайларды ашып көрсетеді. Сонымен бірге жаман газдарды көп уақытта танауымызбен сезетінімізді де баян етеді. Ауаны ластаушы заттарды зерттегенде туатын қортынды - бұл тірі организмдер үшін таза ауаның зор маңызды екендігі. Егер ауаның құрамындағы шаң мен тозаң 0.02 мг/м³-ден артық болмаса, ондай ауа таза болып есептеледі. Көп жылдар бойы-на жиналған мәліметтерге қарағанда ауылдық жердегі ауада шаң -тозаң 0.05 - 0.1 мг/м³, ал қалаларда -2,5-3 мг/м³ болады. Мәшһүр Жүсіп: «Қызыл шоқтан таралған хамсына фақым, хамсына қарбон сияқты нәрселер- бұларды иіс тиді деп атайды. Ауаны тағы бір былғайтын нәрсе: тозаң, шаң борағаны» /14/, деп ауаның ластануы адамдардың денсаулығына, көңіл күйіне, сана - сезіміне және жұмыс істеу қабілетіне зияны тиетінін жазады. Мәшһүр Жүсіп ауаны таза тұту мәселесі төңірегінде де ой қозғап, ауаны былғайтын нәрселерден сақтауға шақырады. Мәселен:

1. Нашар газ шығатұғын нәрселерді өртеп жіберу;
2. Үйдің ішін һәм маңайын таза тұту;
3. Жаққан отқа, жанған шамға сақ болу; пештің жарығын, лампының басын көзде тұту;
4. Тозаң болғанда, үйдің тесіктерін мықтап бекіту;
5. Есік пен басқа былғанған шаңды киіммен үйге кірмеу;
6. Үйді сыпырмау, сілкіп әдеттену, сыпырса сулап сыпыру /15/.

Денсаулықтың мықты болуы адамның өзіне де байланысты. Дегенмен де Мәшһүр Жүсіптің денсаулыққа байланысты мақаласымен таныса отырып, денсаулыққа қоршаған ортаның, жұтқан ауаның, ішкен-жеген тамақтың, судың құрамының лас болуы да айтарлықтай ықпал ететініне көз жеткіземіз. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне жүгінетін болсақ, адам денсаулығының 40 проценті экологияға, 40 проценті өзінің өмір сүру дағдысына байланысты болса, 18-20 проценті ғана дәрігерлік медициналық көмекке тәуелді

екен. Денсаулық – адам өміріндегі ең жоғары бағалы дүние болғандықтан, әр адам баласы өз денсаулығына көңіл бөле қарау қажет, оны орынсыз ысырап етпеу керек, үнемі денсаулықтың қорын көбейтіп отыру керек .

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәшһүр Жүсіп Шығармалары, 9 том. Павлодар, 2006 ж. 303 б.
2. Бұл да сонда. 302-312 бб.
3. Бұл да сонда. 303 б.
4. Мәшһүр-Жүсіп Шығармалары. 13-том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, -2008-жыл. 15 б.
5. М.Ж.Көпейұлы. Шығармалары. 11-том, Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, -2007 жыл. 4 б.
6. Мәшһүр Жүсіп Шығармалары, 9 том. Павлодар, 2006 ж. 303 б.
7. Бұл да сонда. 303 б.
8. О.Д.Дайырбеков, Б.Е.Алтынбеков, Б.К.Торғауытов, У.И.Кенесариев, Т.С.Хайдарова Аурудың алдын алу және сақтандыру бойынша орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Шымкент. “Ғасыр-Ш”, 2005 жыл.
9. Мәшһүр Жүсіп Шығармалары, 9 том. Павлодар, 2006 ж. 305 б.
10. Бұл да сонда. 306 б.
11. Бұл да сонда. 307 б.
12. Бұл да сонда. 307 б.
13. Бұл да сонда. 307 б.
14. Бұл да сонда. 308 б.
15. Бұл да сонда. 308 б.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ «ЖЕТИ ЖЕТИМ»

Ә. ПАЗЫЛОВ

Мәшһүр Жүсіп мұражайы, Баянауыл ауданы

Қазақ халқы қашанан да жеті сөзінің қасиетіне көңіл бөліп, киелілігіне мән беріп, тағзым еткен. Киелі сандардың бірі ретінде қалыптасқан жеті санын қастерлеп өскен ел бірқатар таным-түсінігі мен табиғат құбылыстарын, аспан денелері мен заң жүйелерін жеті санымен байланыстырады. Халық Жеті қазынаны өмір қажетіне негіз етіп таратқан.

«Жеті» сөзімен байланысты халқымызда жеті қазына, жеті күн, жеті жұрт, жеті жоқ, жеті жұт, жеті ғалам, жеті қат көк, жеті ғашық т.б. көптеген сөздері пайда болған. XVI ғасырда өмірге келген Әз Тәукенің «Жеті жарғысы» да жеті санының ерекшелігімен байланысты.

Жеті саны дінге де байланысты қолданылады. Мәселен, өлген адамның жетісін беру, жеті шелпек пісіріп, еске алу сияқты ұғымдар баршылық. Ислам дінінің қасиетті кітабы “Құран”- да “жер бетіндегі нәрсенің бәрін сендер үшін жаратты. Оған жеті қат аспанды үлестірді”, - деген сөз бар. Аллаһ Тағаладан пенделеріне түскен қасиетті кітаптардың бірі – Тауратта жеті саны 500 рет қайталаанады. Сонымен қоса құранда Мұхаммед пайғамбард жыл санауымыздың 621-жылы 7-айдың 27-күні түнде елшімен бірге жеті қабат аспанды аралағаны да баяндалған. Мәшһүр Жүсіп табиғат пен адам денесін салыстыра келе: «Жерлер таулар болса, дененде сүйеклер. Жерде ағаш, шөптер болса, денендн шаш, түктер. Жерде жеті қылым болса, дененде: көз ..., құлақ..., мұрын..., ауыз..., қол..., аяқ..., ұят жері... Жерде зіл зала болса, дененде түшкірмек, селк етіп шошып қалу бар. Жерде өзендер болса, дененде үш жүз алпыс қан тамырлары бар. Жерде ащы, тұщы бұлақтар болған болса, дененде: құлақта құлқы ащы, көзде жас тұзлы, мұрында сінбірліклер батпақ» [1, 15 б.], деп табиғат пен адамның бір жаратушыдан жаратылғанын ескертіп отыр. Парсылардың дүние танымында әлемде жеті аспан шырағы, жеті теңіз, жердің жеті қабаты, жеті қабат аспан әлемі бар делінеді.

Дініміздің Әбу Ләйіс ас – Самарқанди фиһк ғалымы «Мұсылман баласы жеті кәлима сөзден өмірдің жақсылығына жетеді әрі дүниеден өтерінде қиналмауына көп себеп болады» - деген. Ол ақиқи шындық. Бұл жетісіз мұсылман жеті күнін өткізбеуі тиіс. Ал сол жетінің көшбасшысы – «Бисмилла». Мағынасы «Алланың атымен!». Алла тағала әлемнің тағдырын жазбас бұрын қаламды жаратады және оған «Жаз!» деп бұйырады. Қалам: «Не жазам?» - деп сұрайды. Алла тағала: «Осы күннен ту қияметке дейін болатын істерді» - дейді. «Қай сөзден бастайын?» - дегенде: «Бисмилладан баста!» - депті. Сонда қалам «Бисмилла» сөзін жеті жүз жыл жазып бітірген екен. Бұдан Аллаға ниеті таза, шынайы ықыластағы қандай да бір мұсылман бисмилланы үзбей айтса, жеті жүз жыл нәпіл құлшылықтың сауабын алады екен. Құранның барша шарапаты «Фатиха» сүресіне, ал «Фатиха» сүресінің барша шарапаты «Бисмиллаға» нокталанған.

Қазіргі қолданыста жүрген дәстүрлік сөздер мен мақал - мәтелдердің шығуы да жетімен байланысты. Мәселен: «Жетіге келгенше жерден таяқ жерсің», «Жеті қабат жер астында», «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер» т.б. мақалдар, халқымыздың жеті санын қасиет тұтатын айғақтай түспек. Жеті санының қасиет түсіну үшін, қазақтың даналық сөздерінің мағынасына көңіл бөлген жөн болар.

Жеті саны Мәшһүр Жүсіп шығармаларында да жиі кездеседі. Әсіресе «Жеті жетім» деген өлеңінде Мәшһүр Жүсіп дін мен ұлттық сананы ұштастырып, адамзат болмысын қалыптастыратын ұғымдарды ашып көрсетуге тырысады. Алланың үйі - мешіт, қасиетті кітап – құран, Нәпсінің жолы - дәулет, Жігіттің ырзығы – қатын, Ғылымның иесі – ғалым төңірегінде сыр шертіп, бұларсыз өміріміздің мәңгісіз екенін баяндап, қолда бар күмітен айырылып қалмауға шақырады. Мәселен:

Барады ғұмыр өтіп күн-күн санап,
Жолында ғылым – Сарыф еттім талап.
Дегенді: «Жеті жетім» – өлең қылдым,
Күр бекер отырғанша босқа қарап.
Бір жерге мешітті қойса салып,
Жамағат оқымаса, оған барып.
Жалғанда сондай ғазиз босқа тұрса,
Дүниеде не болады онан ғаріп?!
Қайсы бір адамдарға дәулет бітсе,
Молайып төрт түлігі санға жетсе,
Не ішпей, не жұмсамай өз орнына,
Болады күр өкінген – қолдан кетсе!
Кездесе жақсы қатын жаман байға,
Жетпей ме өкініші өмір бойға?!
Долы қатын кездесе ақылды ерге,
Құдайым кез қылмасын осындайға!
Ішінде көп ғалымның, болса надан,
Пазлары ғұламалар түрлі адам.
Отырса сөзге түспей, аңырайып,
Жетімдік – не болады мұнан жаман?!
Ішінде көп наданның болса ғалым,
Бәрі де түк білмейтін болса залым.
Қой менен қасқыр жолдас болғанындай,
Не дейміз: «Жетім!» – демей оның халін?!
Бір үйде оқылмаса Құран – кітап,
О дағы жетімдікке болған хисап (есеп).
Жаранлар, сақтанындар осындайдан –
Күнәсы ауыр болад үтір-ғисап!,

– деп «Жеті» санының қазақ халқының ұғымында қалыптасқан киелі сан екенін ескерте отырып, өлең жолдарында жетім ретінде көрсетілген дүниелерге, жауапкершілікпен және ұлттық сана тұрғысынан қарап, оларды рухани әрі мәдени құбылысы ретінде қабылдаған жөн болар. Сондықтан да аталмыш өлеңді ақынның өзіндік дүние танымынан туындаған құбылыс деп қараған жөн. Аталмыш өлең жолдарынан түсінгеніміз, адам санасы қашан да жетіге келіп тірелері хақ. Мәшһүр Жүсіп «жетім» деген ұғымды, жеті санына мәйік ретінде пайдаланады. Жалпы жетім дегенде есімізге ата-анасынан айырылған бала түсері анық. Дегенмен де «жетім» сөзі қазақтың психологиясында қасіретті әрі болымсыз мағынада қалыптасқан даналық сөз. Мәселен: үйіне келген қонақты күте алмаса қожайының жаны жетімсіреп, мазасызана бастайды. Тәртіпсіз баланы көргенде: «тәрбиесіз, білімсіз өскен жетім екен», деп қынжылыс білдіреді. Қолында берер ештеңесі жоқ адам: «жетімсіреп отырмын, бәрі біткен», -деп кеділгін танытып тұр. Сондықтан да философиялық, діни мағынада жазылған Мәшһүр Жүсіптің «Жеті жетім» деген өлеңі - мәні терең қағидаттарды қозғап, қызық та қисынды ойлар айтқан әрлі, нәрлі туынды.

Ендігі тұста жеті санына байланысты қалыптасқан ұғымдарға тоқталсақ:

Жеті жұт: 1.Құрғақшылық. 2.Жұт (мал қырылу). 3.Өрт. 4.Оба (ауру). 5.Соғыс. 6.Топан су. 7.Зілзала (жер сілкіну).

Жеті жоқ: 1. Жерде өлшеуіш жоқ. 2.Аспанда тіреуіш жоқ. 3.Таста тамыр жоқ. 4.Тасбақада талақ жоқ. 5. Аллада бауыр жоқ. 6.Аққуда сүт жоқ. 7.Жылқыда өт жоқ.

Жеті жетім:

Тындамаған сөз жетім.
Киюсіз қалған бөз жетім.
Иесіз қалған жер жетім.
Басшысы жоқ ел жетім.
Аққу қазсыз көл жетім.
Жерінен айырылған ел жетім.
Замандасы қалмаса – Бәрінен де сол жетім.

Жеті ғалам: Жеті ғалам (дүние, жұрт) қазіргі тілімізде «дүние жүзі», «бүкіл әлем» дегенді білдіреді. Бұл түсінік бойынша жеті саны негізгі жеті бағытты білдірген. Олар дүниенің төрт бұрышы: күншығыс, күнбатыс, түстік, терістік, аспан – жоғарғы ғалам, жер – орта ғалам, жер аста – төменгі ғалам.

Жеті қат көк: Ай, Меркурий, Шолпан, Күн, Қызыл жұлдыз (марс), Мүштәри (Юпитер), Сатурн. Осы жеті шығыс астрономиясында жеті қат (қабат) көк деп аталады. Ол – аспан әлемі туралы мифологиялық түсінік. Оның үш мағыналық сипаты бар. Біріншісі: Аллах Тағала аспанды жеті қабат-ты етіп жаратқан. «Алланың жеті аспанды қабат-қабат етіп жаратқанын көрмедіндер ме?» (Құран Кәрім, 72 сүре, 14 аят). Екіншісі: жеті жұлдызға бай-ланысты атау. Олар: Ай, Мер-курий (Ғұтрад), Шолпан (Зүһ-ра), Күн, Марс (Миррих немесе Қызыл жұлдыз), Юпитер (Мүштари), Сатурн (Зұхал). Үшіншісі: ежелгі түркілік ми-фологиялық түсінік негізіндегі мағына. Ол мұсылмандық ұғыммен сіңісіп, ұмытылып кеткен.

Жеті ғашық: Қазақтың жыршылары мен ақындарының шығармасында екі нұсқада кездесетін жеті ғашыққа мыналар жатады: а) Ләйлі – Мәжнүн, Жүсіп – Зылиқа, Фархад – Шырын, Таһир – Зүһра, Арзу – Қамбар, Уәлік – Ғафра, Уәки – күлшай; ә) Ләйлі – Мәжнүн, Жүсіп – Зылиқа, Фархад – Шырын, Баһрам – Күләнда, Сейпілмәлік – Жамал, Бозжігіт – Анула (кей нұсқаларда Қарашаш), Зияда – Хорлы (Хорлы – Ғайым).

Жеті шәріп: 1. Меке шәріп. 2.Мәдинә шәріп. 3.Бұхар шәріп. 4. Шам шәріп. 5.Қатым шәріп. 6.Құддыс (мысыр) шәріп. 7.Кәлләм шәріп (құран).

Жеті ата: 1.Ата. 2.Әке. 3.Бала. 4.Немере. 5.Шөбере. 6.Шөпшек. 7.Немене. Жеті ата – қазақ хал-қының дәстүрлі салт-сана-сында адамның ата жағы-нан тегін таратудың нақты жүйесі. Қазақта жеті атаға дейін қыз алыспайды, оған дейінгі ұрпақ бір атаның баласы – туыс саналады.

Жеті күн: Бірінші нұсқасы: 1. Бүгін. 2.Ертең. 3.Бүрсігүні. 4.Арғы күні. 5.Ауыр күн. 6.Соңғы күн. 7.Азына. Екінші нұсқасы: 1.Дүйсенбі. 2.Сейсенбі. 3.Сәрсенбі (сәтті күн). 4.Бейсенбі. 5. Жұма (қасиетті күн). 6.Сенбі. 7.Жексенбі.

Жеті қазына: Сұлу әйел, Ер жігіт, Қыран бүркіт, Берен мылтық, Жүйрік ат, Құмай тазы, Ақыл мен білім. Ал, Ислам аңыз бойынша, жеті қазынаға мыналар жатады: 1. Қыдыр (қызыр). Қыдыр дарыған адам бай болады. 2. Бақ. Ол ерекше жаратыл- ған құдірет иесі. Бақ дары-майды, қонады. 3. Ақыл (Бай-лық пен бақыттың тірегі). 4. Денсаулық. 5. Ақ жаулық. 6. Тұз (Ол – Алланың адамдар мен жан-жануарларға берген несібесі, таусылмайтын кені). 7. Ит. (Адам Ата мен Хауа Ананың алғашқы серігі). Ел арасында жігіттің жеті қазынасы туралы да өлең жолдары сақталған.

Жүйрік аты – жігіт қаны, қанаты,
Қыран құсы- қарым күші, қуаты.
Алғыр иті – бастан берік сенімі.
Берен мылтық – сөнбес оты, серігі.
Қақпан-тұзақ – ау-жылымы, әдісі.
Өнер-білім – байлығының мәндісі.
Қазақ-ошақ – берекесі тірліктің.
Осы – жеті қазынасы жігіттің.

Жеті ырыс : Адамның ақыл-ойы, Денсаулық, Ақ жау-лық (ердің жары), Бала (өмір жалғасы), Көңіл (кө-ңіл мен пейіл кең болса, ынтымақ, береке орнайды), Жер («Жерсіз – ел тұл, ерсіз – жер тұл»), Ит.

Жеті тозақ: 1. Сағир. 2. Ла- зо. 3. Сақар. 4. Жажим. 5. Жаһаннам. 6. Хауия. 7. Хатома.

Жеті күнә: 1. Тамақсаулық. 2. Жалқаулық. 3. Нәпсіқұмарлық. 4. Өркөкіректік. 5. Ашу.

6. Қызғаншақтық. 7. Сараңдық.

Жеті континент: Африка, Антарктида, Австралия, Еуропа, Солтүстік және Оңтүстік Америка.

Әлемнің жеті кереметі: 1. Пирамидалар (Мысыр). 2. Семирамида бағы (Вавилон) 3. Зевс мүсіні (Олимпия).

4. Артемида храмы (Эфес). 5. Родос алыбы (Родос аралы) 6. Галикарнас кесенесі (Кіші Азия). 7. Александрия шамшырағы (Мысыр)

Қазақстанның жеті кереметі: 1. Қожа Ахмет Иассауи кесенесі. 2. Тайқазан. 3 .Айша бии мазары. 4. Тамағалы кешені жарта суреттері. 5. Алтын Адам. 6. Домбыра. 7. Күлтегін ескерткіші.

Жұрттың жеті белгісі: Ту, Елтаңба, Әнұран, Ел ұран, Елтеңге, Төлқұжат, Ұлт жазуы.

Жеті қат жер: Тұңғыық, Жылан, Су, Қос балық, Қара тас, Көк өгіз, Жер.

Жеті амал:

1. Күннің тоқырауы – жазғы тоқырау – күн ұзаруының аяқталуы, маусым айының 21 жұлдызы. Қысқы тоқырау – күн қысқаруының аяқталуы, желтоқсан айының 22 жұлдызы.

2. Қарашаның қайтуы – қараша айы аяқталып, желтоқсанның кіруі

Үркердің батуы – Үркер шокжұлдызының мамыр айынан маусымның 10 жұлдызына дейін көкжиектен көрінбеуі.

3. Мұздың қатуы – мұздың қаймақшуы, қарашаның қары.

4. Киіктің матауы – киіктің үйірге түсуі, теке бұрқылдақ.

5. Қыс тоқсан – желтоқсан, қаңтар, ақпан айлары.

6. Ай тоғамы – Үркер мен Айдың тұстас көрінер тоғысы.

Жеті жұрт: Үрім, Қырым, Қытай, Тұран, Шам, Мысыр, Шын-Машын.

Жеті ықылым: Үндістан (Машын), Түркістан (Тұран), Хорезм, Славян, Мағұрып (Батыс), Мәшүріп (Шығыс), Үрім (Кіші Азия).

Жеті әліп: Ашпас әліп түсу, Ақ бата алу, Айтқаны келу, Атқаны тию, Алысқанын жығу., Абыройы арту, Ақ көңіл ниет.

Наурыз дастарханына қойылатын жетеу: Қасиетті құран, Шам, Құрма, Өрік, Мейіз, Жаңғақ.

Жеті су: Лепсі, Аякөз, Іле, Ақсу, Бүйен, Қаратал, Көксу.

Табиғаттың жеті кереметі: Иорданиядағы өлі теңіз, Гавайдағы жаңартау, Бермудтың ажал теңізі, Шизаның мұзды алқабы, Норвегияның түні, Сахараның қызыл құмы, Тунгус метеорит үңгірі.

Имандағы жеті парыз: Алланың барлығына, бірлігіне сену, иман келтіру, періштелеріне сену, пайғамбарларына сену, ахирет күніне сену, жақсылық пен жамандықтың тағдырын Алладан деп сену, өлгеннен кейін қайта тірілуге сену.

Шығыстағы жеті жұлды: Омар һаям, Низами, Жәми, Науаи, Фердауси, Сағди және Фзули.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Мәшһүр-Жүсіп» Шығармалары. 13-том. // Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, -2008-жыл.

ӨОЖ 882.151.212.2

СУ ҚҰДІРЕТІ ЖӘНЕ МӘШҺҮР ЖҮСІП МҰРАСЫ

Ө. ПАЗЫЛОВ

Мәшһүр Жүсіп мұражайы, Баянауыл ауданы



Су – тіршіліктің көзі, адамға күн сәулесіндей, ауадан кейінгі қажетті нәрсе. Адамзаттың суға деген құмарлығы мен құштарлығы, жер бетіндегі тіршіліктің ең алғаш сулы ортада пайда болуы мен байланысты болса керек. Мәшһүр Жүсіп: «Денсаулық-ғылымның бір тарауы», деген мақаласында су туралы арнайы тоқталып: «Кісі ауасыз тірі тұра алмаған секілді сусыз да тірі тұра алмайды. Жалғыз кісі ғана емес, дүниедегі жан иесі бәрі де сусыз жасай алмайды. Сусыз өсімдіктер шықпақ емес. Бұдан білінді: су тірліктің шарты екен», -деп судың бүкіл тіршілік иелерінің негізгі құрамдас бөлігі екеніне көңіл аудартады. Бұдан басқа судың тіршілік үшін физикалық-химиялық қасиеттердің: жоғары жылу өткізгіштік және жылу сыйымдылық, жоғары тығыздық, ауа тығыздығының шамамен 800

есе артуы, мөлдірлік, тұтқырлық, қатқан кезде мұздың көлемін ұлғайтуы және тағы басқа қолайлы қасиеттері болады. Біржасушалы және көпжасушалы ағзалар жасушаларының биохимиялық үдерістерінің барлығы сулы ортада өтеді. Су әр түрлі климаттық жағдайлардағы физиологиялық үдерістердің қалыптасуына себепкер болады. Ол сондай-ақ көптеген минералдық және ағзалық заттардың жақсы еруіне себепкер болады. Сонымен бірге Мәшһүр Жүсіп: «су дәрігерлік жөнінен һәм керек. Бұдан ақланды: судың денсаулық үшін болған орны зор екен», -деп баяндай келе денсаулықта пайдасы бар екенін ескертеді. Табиғи су құрамында сан алуан тұздың болатыны да сондықтан. Ағзалар жұғымды заттарды тек еріген түрінде сіңіреді. Мәшһүр Жүсіп шығармаларын саралай отырып, біз судың мөлдір болатынына, түссіз әрі дәмді немесе ашты, иіссіз болатынына көз жеткіземіз. Теңіз және тұщы су құрамындағы тұздар мөлшері біркелкі болмайды. Мәселен, теңіз суы натрий хлориды мен магний сульфатының тұздарына бай, ал тұщы су құрамында кальций және карбонат иондары көп мөлшерде болады.

Жалпы ғылыми тұрғыдан алғанда, су - сутегі мен оттегінің қалыпты жағдайларда тұрақтылығын сақтайтын қарапайым химиялық қосылысы. Ал Мәшһүр Жүсіп: «Су заты молдалухмуза, молдаалмай деген екі түрлі газдан жиылған. Бір стақан суды тоғызға бөлгенде, ауырлығының біреуі-ақ- молдаалмай, қалған сегізі молдалухмуза газы болады. Молдаалмай өзі өзі ғана жанатын газ. Молдалухмуза өзін де, басқаны да жандыратын газ», -деп судың құрамымен таныстырып, оның жер бетінде көп таралған зат екенін ескертеді. Жер бетінің 2/3 бөлігін су қабаты алып жатыр. Судың тағы бір кереметі оның су қабаты, ауа қабаты, құрлық қабаты арасында тынымсыз айналыста жүретіндігі.

Ел арасында су туралы даналық сөздер көп. Мәселен: «Су жүрген жер береке,

Ел жүрген жер мереке», «Су - ырыстың көзі, Еңбек кірістің көзі», «Судың да сұрауы бар»,

«Суға кеткен тал қармайды», «Су жетпейін демейді, жар жеткізбейді, Ер жетпейін демейді, мал жеткізбейді» демекші, су, табиғатта су айналымы заңының негізінде, таусылмайтын табиғат қорына жатады. Ол - ерекше қасиеті бар минерал, Сусыз өмір жоқ. Суды пайдаланбай, ешбір халық шаруашылығындағы, өнеркәсіптегі процесс іске асуы мүмкін емес.

Су – зат алмасу мен ағзалар дамуына қатысатын негізгі орта. Адамзат өмірі мен мәдениеттің дамуы көне замандардан бері сумен тығыз байланысты. Су тау жыныстарын механикалық бұзу және еріту арқылы жер бетінің сыртқы көрінісін қалыптастырады. Адам ағзасы тәулігіне 4 литр су жоғалтады. Ол тер күйінде дене терісінен, несеп күйінде бүйрек арқылы сыртқа шығады. Адамның тыныстауы мен бүйрек қызметі тікелей байланыста. Тыныстау жиілегенде бүйректің ырғағы да жылдамдайды, сөйтіп, несеп жиі сыртқа шыға бастайды. Сондықтан да адамға таза су шипалы болмақ. Мәшһүр Жүсіп бұл туралы: «Ішкенде пайдалы болатын суды – жұғымды су дейміз. Судың жақсы екендігі сабынның көпіруімен, шайдың жақсы шығуынан белгілі болады.

Ішерлік су нашар нәрседен, микробтан таза, мөлдір болсын. Міне, ауа азырақ тұз тұқымы да қатыскандығы білінсін. Таза су табылмай зәрурт (дарури) халға түссе, нашар суларды тазартып ішуге болады», -деп судың бойына жинақталған таза энергияның небір ауруларға ем болатынын жеткізеді. Бүгінгі экологиялық алаңға айналған қоғамда табиғи, таза су ғана адамға шипа болмақ. Таза су, тек жер астынан шыққан су екенін баян еткен Мәшһүр Жүсіп: «Теңіз суы- барлық судың анасы. Күннің ыстығы мен теңізден көтерілген булар ауаға шығып бұлт болады. Бұлтты жел айдап кара жердің үстіне келтіреді. Жылы болса- жаңбыр, суық болса- қар болып жауады. Жауған соң, жердің бетімен ағады. Не болмаса, топыраққа сіңіп, жердің астына кетеді. Жердің бетімен аққан су топырақты жырып кетеді, оны өзек деп айтылады. Өзектер қосылып өзен, өзендер қосылып дария жасайды. Дария барып теңізге құйылады. Топыраққа сіңген су жер астынан бұлақ болып шығады. Не болмаса, қазған құдықтардан шығады», -деп бұлақтың пайда болуы мен оның суының нәрлілігі мен тазалығын сөз етеді. Бұлақ суын шипалы деп түсінген Қырым, Кавказ елдері шипалы су көздері іздеп, бұлақ суын дәрінің орнына пайдаланып жүрген жайы бар. Бұлақ суының басқа суларға қарағанда құрамында күкіртті аз, құнарлы, минералы көп. Сөз кезегінде Мәшһүр Жүсіп бұлағы туралы да ой бөлісуді жөн көрдім.

Мәшһүр Жүсіптің өмірінің соңғы күндері Ескелдідегі / Негізгі аты Иесі келді/ «Сары бұлақ» деген бұлақтың етегінде өткені баршамызға мәлім. Атамыздың қолы тиген бұлақ бүгінде бар. Кішкене дөңнің бір жақ шетіндегі тасты жарып шығып жатқан шипагерлік қасиеті мол бұлақтың суы өте жұмсақ, дәмді әрі мөп-мөлдір таза. Сондықтан болар, аталмыш бұлақ суын әр қашанда іше бергің келіп тұрады. Сары бұлақтан аққан бұлақ суының адамға да төрт түлік малға да берері мол. Тарихы өте тереңде жатқан киелі бұлақ суын ертеден ата-бабамыз «ағын судың арамы жоқ» деп қадірлей білген.



Мәшһүр-Жүсіп Ескелдідегі өмірінің соңғы күндерінде ішкен «Сары бұлақ» деген бұлақтың суын ішкен.

Бұл бұлақтың суы тұмауға, көкжөтелге, бозөкпеге, демікпеге, бүйрек және жүрек ауруларына, теміреткі, түрлі бөртпе жараларға, жалпы ішкі ағзаларға таптырмас ем. Бұлақтың суын танартең аш қарынға ішкен жөн. Ғалымдардың пайымдауынша, бұлақ суында 11 түрлі минералдық заттар бар. Табиғи, мөлдір тау суының құнары ішкі ағзаларды тазартып, қан айналымын ретке келтіретін хак. Бұлақ суының шипагерлік қасиеті оның нәрлі болуына байланысты. Ол үнемі қозғалыста болғандықтан жер астының қуыстарымен майда құмдар арқылы мындаған шақырымдардан өтіп, жолшыбай өзіне табиғи минеральдарды сіңіріп отырады. Ал күндіз самауырын қойып, терлеп отырып ішкен шайдың дәмі де бір болек. Ұрттаған адам бойындағы бар дертінен айығып, жаны пәк болып, бойында пайда болған жеңілдікті де байқамай қалады.

Мәшһүр Жүсіп кесенесіне зиярат етіп келген жандар Сары бұлаққа соқпай кетпейді. Кезінде осы бұлақ Мәшһүр Жүсіптің және оның айналасындағы адамдардың тіршілік көзі болған. Кесенедегі қонақ үйге электр желісі тартылғанға дейін, баршамыз сол бұлақтың суымен күн кештік. Бүгінгі таңда бұлақ суының кереметіне тамсанған жан көп. Тіпті Жаңажол ауылының тұрғындары сол суды әлі де алғызып ішеді.



Адам ағзасы тәулігіне 4 литр су жоғалтады. Ол тер күйінде дене терісінен, несеп күйінде бүйрек арқылы сыртқа шығады. Ағзада су жетіспесе, буын-буынға, бүйрекке, өтке тұз, тас байланады. Қаладағы судың құрамында кальций мен магний тұздары қажетті мөлшерден көп болады. Сонымен бірге су желісіндегі темірдің дәмі мен хлордың иісін естен шығармаған жөн. Сондықтан да табиғаттың құнарлы да шипалы суы бұлақ екені ақиқат. Бұлақтың суы:

- Дене температурасын тұрақтандырады.
- Бүйрек және бауырдағы қалдықтарды (шлак) тазалайды.
- Дәруменнің және минералдардың таралуын қамтамасыз етеді.
- Ас қорыту жүйесін жеңілдетеді.
- Тері ауруларына шипа.
- Нерв жүйесін тұрақтандырады.
- Денені жарақаттанудан қорғайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәшһүр Жүсіп Шығармалары, 9 том. Павлодар, 2006 ж. 310-311 бб.
3. Биология: Жалпы білім беретін мектептің, 9-сыныбына арналған оқулық, 2-басылымы, өңделген/ М. Гильманов, А. Соловьева, Л. Әбшенова. - Алматы: Атамұра, 2009.
4. Экология (оқулық) - Алматы, 2008.

МӘШҲҮР-ЖҮСІП ЖӘНЕ ТӨРТ АСЫЛ МЕН БЕС БЕРЕКЕ

Ә. ПАЗЫЛОВ

Мәшһүр-Жүсіп мұражайы, Баянауыл ауданы

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Мен құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне нанамын, сенуім күшті, құдай өзі не нәрсе, оны білуге, оны тануға ақыл – ойым, зейін пікірім жетпейді», - деп Алланы бір, пайғамбардың хақтығын баяндап, өз шығармаларында білім мен дінді ұштастырып, шариғат негіздері жайлы құнды мұралар жазды. Мәшһүр Жүсіп өз шығармаларында құран сөздерін жиі пайдаланады. Пайдаланып қана қоймай қарапайым сөздермен Алланың барлығын, кереметін, күштілігін, хақтығын танытуға тырысады. Мәшһүр Жүсіп діни ағартушылық бағытты ұстанған жан. Кеңестік жүйенің дін мен тілге қарсы жүргізген саясатын сынай отыра, ислам құндылықтанын уағыздап, білімге шақырды. Ислам, шариғат тақырыбында көптеген кисса дастандар мен өлеңдер жазды. Серік Негимов ағамыздың сөзімен айтар болсақ: «Шығыс-Батыс өркениеттің араб-парсы, түркі тілдерін және Құран Кәрім философиясын жетік, мінсіз меңгерген Мәшһүр Жүсіп – ғұлама-хакім де. Оның көркемдік ойлау жүйесі де тегеуірінді, қуатты».

Мәшһүр Жүсіптің діни мұралары дінтану саласының шамшырағы болмақ. Дін өкілдерінің өзі шариғат айтқанда, Мәшһүр Жүсіп шығармаларын пайдаланып, салыстырып, байланыстыра білсе саналы да, иманды шәкірт тәрбиелелеп, өркениетті қоғам құрамымыз хақ. Мәшһүр Жүсіптің жалпы ислам діні тарихына Құран Кәрім хикаяттары және пайғамбарлар мен сахабалар, халифалардың, қажылар, әулие мен дуаналар тақырыбына арналған шығармаларының басты ерекшелігі қарапайымдылығы мен тартымдылығында. Оның «Біліс шайтан хикаясы», «Ақыреттің егіні», «Яһуда, Патрос әңгімесі», «Опасыз әйел», «Әдһам диуана және Ибраһим», «Нұх пайғамбар мен бір кемпір», «Жүсіп пайғамбар туралы», «Дін тағылымы» (бірінші, екінші, үшінші әңгімелер), «Дін тарихы», «Ғылым-білім» (1–9-әңгімелер), «Алла құдіреті», «Бала Сүлеймен тапқырлығы», т.б. әңгімелері, өлеңдері, дастандарының рухани мәдениетіміздің өркендеу тарихына қосар үлесі көп. Мәшһүр Жүсіптің діни мұраларынан сусындаған мұсылман баласы қашан да екі дүниенің тепе-теңдігін сақтай білуге тырысып, ісімен және сөзімен иманды болуға тырысары хақ. Мәшһүр Жүсіптің әр туындысы бізге теңдессіз өнеге. Оның: «Шайқы Ысқақ», «Мәшһүрдің алпыс сегізінде сөйлегені», «Қолыма қағаз, қалам алайын да», «Бес парыз», «Қажылық, иман шарттары», «Адам екі түрлі», «Ит дүние», «Шайтанның досы», «Табылар мергенге де бұқтырушы», «Ағашсыз жапырақ», «Жәдігөйдің жыры», «Қажыларға», «Қамаралдин қазірет», «Сүлеймен мен байғыз», «Жарты нан», «Шайтанның саудасы», «Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге», «Төрт асыл, бес береке», «Науан би», «Жалған туралы», «Адам ата мен шайтан», т.б. шығармалары, қасиетті Құран Кәрімнің мазмұнын, өсиеті мен өнегесі мол аят-сүрелері негізінде жазылған діни ағартушылық сарындағы асыл мұра болмақ. Дәстүрлі қазақ халқының дүниетанымы мен ислам өркениеті негізінде сусындаған ақын, адам мәселесі төңірегінде ой толғаған. Алланың хақтығына таза жүреппен иланған Мәшһүр Жүсіп, адамның ғұмырлық міндеті Алланы тану екендігін дәл танып, қапысыз көрсетеді. Ақиқатында ең шыншыл сөз – Алла Тағаланың сөзі болған Қасиетті Құран Кәрім. Ең дұрыс жол – ардақты Пайғамбарымыз Мухаммад с.ғ.с. тұтынған Ислам жолы.

Мәшһүр-Жүсіптің ислам құндылықтары негізінде жазылған өлеңдерінің бірі «Төрт асыл, бес береке» - деп аталады. Қысқа болса да мәні мен болмысы жағынан саналы адамға ой саларлық діни-философиялық тұңғық десек қателеспеген болар едік. Оның: «Ғылым-білім сықылды күннің көзі, Жап-жарық қып дүниені түр ғой өзі»,- деген сөзінің өзінде үлкен көрегендік жатыр. Мәшһүр-Жүсіп төрт асыл мен бес берекенің мәнін жұмбақ түрінде жазып, қаншама сөз маржандарын қадап кеткен. Мәшһүр-Жүсіп: «Төрт асыл, бес береке» деген философиялық өлеңінде төрт асыл іске: жаратқан алла тағаланы бір деп білмек тіліменен, сол тілдің бір дегенін шын деп көңілге алу, он екі мүшесін құдайдың құлшылығында қылу, пайғамбар сенетін орынға келтіруді, бес берекелі іске: құдайдан қорқып уақытымен оқыған намаз, малайғыны сөзден бой баққаны, зікуат уа қайырхасен, екі аяғының арасына ие болу, құдайға және халыққа қылған аманат уағдасында қалуды жатқызыады. Ал Абай Құнанбаев болса «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол», деп, бес дұшпанға: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ; бес асыл іске: талап, енбек, терең ой, қанағат, рақымды келтіріп, тәрбиелік мағынаға көп көңіл бөледі. Хош, енді Мәшһүр-Жүсіптің «Төрт асыл, бес береке» деген өлеңіндегі төрт асылды саралап көрелік. Жалпы мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды, т.б. адамның бойында қалыптасқан рухани-адамгершілік қасиеттерді асылға теңеміз. Сонымен бірге: асыл жан, асыл мұра, асыл қазына, сөз асылы, деп биіктегі шынға жетелітін немесе баға жетпес құндылықты көрсететін құбылыс ретінде танымыз. Ардақты пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Адам баласының төнінде төрт асыл қасиет бар: ақыл, дін, ұят және ізгі амал. Бұл қасиеттерді төрт кесір мінез жойып жібереді. Ашу ақылды, көреалмаушылық дінді, дәмету ұятты ал ғайбат ізгі амалды жойып жібереді», дейді. Дана халқымыздың түсінігінде төрт асыл дегеніміз: иман, намаз, ілім, мейір-шапағат. Бұлардың әр қайсысы да өз алдына жеке ілім. Адамның бойындағы төрт асылдың мәнін Мәшһүр-Жүсіп:

Адамға зәру керек төрт асыл-ды,

Білуге тырысындар бұл пәсілді.

Менгеріп, жиып -теріп ала алмайды,

Төртеуден өсіп-өнген көп хасылды.

Бірі-төрт, бірі-бесеу,- болсын тоғыз,

Ат тезегін әуре боп жинар қоңыз.

Тоғызды түгендемей ұстағанды

Обалсыз, адам демей, деуге- доңыз.

Тоғызы- бойда адамның, өзімен-он,

Үш жүз алпыс үш күнде- бір келіп қон.

Таратып орны-орнымен шешкен жанға

Ер өлтірмей, еңбексіз беремін күн!,

– деп жұмбақтап ашып көрсетеді. Аталмыш төрт асылсыз адамды доңызға теңеп, құлшылық қылуға шақырады. Мәшһүр-Жүсіп шығармасындағы *төрт асылдың біріншісі: Алланы бір деп тану*. Мәшһүр-Жүсіп:

«Құдай- бір, жоқ,- деп-басқа!»- айтса тілін»,-деп Құдай жолын, иман жолын іздеу адамзат баласының парызы екенін танытып, шын көңілмен, көркем мінезбен мұсылман болуға шақырады. Мәшһүр-Жүсіп: «Құдай туралы» деген жазбасында: «Әй, адам баласы! Құдіретті Ақыл мен Киелі Рухтың Иесі-Құдайды жалғыз жаратушы да жасаушы жарылқаушымыз деп ұғайық та, бұған кәміл сенейік! Бұл-Ұлы Ақиқат! Өйткені Жиһандағы ұлылық-кішілік, қарапайым-күрделі жасалыстар мен құбылыстардың бәрі Құдай барлығының айқын дәлелі»,-деп барша мақтау бүкіл әлемдердің Раббысы болған жалғыз ғана Алла Тағалаға тән екенін ескертеді. Алла Тағаланың бар және бір екендігінің ең басты дәлелі қасиетті Құран Кәрім болып саналады. Құранда Алланың жалғыз екендігі, Өзінен басқа тәңірі жоқ екендігі мен құлшылық иесі екендігі, әуелі мен ақыры жоқ екендігі және бар болу үшін ешнәрсеге мұқтаж емес екендігі көптеген аяттарда кездеседі. *Төрт асылдың екіншісі: тілдің бір дегенін шын деп көңілге алу*. Мәшһүр-Жүсіп: «Шын білсе, тіліндегін-жан-ділін»,-деп жаратушыны тіліңмен «бар» деп мойындағансоң жаныңмен де құлшылыққа бой бұруынды ескертіп:

Бірі-тілде, біреуі- көңіл-ойда,

Енді бірі- теп-тегіс түгел бойда,-деп таза көңілмен, адал жүреппен ғибадат жасаған уақытта ғана рухымыз еркін тыныс алып, жүрегіміз жай тауып, жан дүниеміз тыныштыққа, шексіз рахатқа қауышып, ерекше ләззатқа бөленетінін білдіреді. Алла тағала адамның жүрегіне қарап, амалына сауап жазады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтқандай «Аллаһ сыртқы кескін-келбет, дене-пішініңізге емес, жүректеріңізге қарайды» (Муслим, Бирр, 33; Ибн Мажә, Зухд, 9). Мәшһүр Жүсіп: «Алла тағала адамға ғақыл сықылды нұр берді, көңіл сықылды гүл берді...»,-деп шын көңілдің өзі Аллаға жақындаудың жолы екенін аңғартады. *Төрт асылдың үшіншісі: он екі мүшесін Құдайдың құлшылығында қылу*. Бір жылда он екі ай болса, адамда он екі мүше бар. Уақыт көшінін бір жылы 365 күннен тұрса, адамда сонша буын бар екен. Мәшһүр-Жүсіп шығармасындағы:

Тоғызы- бойда адамның, өзімен-он,

Үш жүз алпыс үш күнде- бір келіп қон,- деген сөз адамның дене бітіміне байланысты айтылған. Халық арасында кенінен таралған жұмбақтарының бірінде: «Дүниеде бір ағаш бар түбі жуан, он екі ұл, алпыс екі қыз бір күн туған», – деп жасыра сөйлейді. Мұндағы 12 ұл адамның он екі мүшесі, 62 қыз – адамның алпыс екі тамыры (алпыс екі мүшеге тараған тамыр), ал ағаш – адамның өзі. *Төрт асылдың төртіншісі: пайғамбар сүннетін орынға келтіру*. Мәшһүр-Жүсіп: Дінінмен (дененмен) аянбастан қылып ғамал, Пайғамбар сүннетімен өтсе күнің!,-деп Құран мен хикмет – даналық көзі екенін мақұлдап, пайғамбарымыздың сүннеттерін естен шығармауға шақырады. Әр мұсылман баласы өзін: «Құдайдың құлымын, Мұхаммедтің үмметімін, Алхамду лилла мұсылманмын» деп санаған. Алла Тағала Құранның бірқатар аяттарында Алла Елшісінің сүннеттерінің маңызын айқын көрсеткен. Мысалы, «Ниса» сүресінің 113-аятында: «Алла саған кітапты әрі хикметті түсірді. Саған бұрын-соңды білмеген нәрселерінді үйретті. Алла Тағаланың саған деген кеңшілігі тым көп» делінсе, «Бақара» сүресінің 151-аятында: «Сендерге аяттарымызды (ғаламдағы Алланың құдіретін білдіретін дәлелдер) оқу мақсатында әрі сендерді рухани тазартып, кітабымызды және хикметті һәм басқа да білмеген нәрселерінді үйрету үшін араларыңнан бір кісіні пайғамбар етіп жібердік» делінген. Құранда Алла тарапынан пайғамбарымызға кітаппен бірге хикмет берілгендігі шамамен жеті жерде айрықша айтылған.

Мәшһүр-Жүсіп төрт асылдың құндылығын саралай келе:

Төрт асыл- анық осы бойындағы,

Орнына келе берсе ойындағы.

Түгелдеп бұл төртеуін қыла алмасаң,

Жүре бер тамағына тойын -дағы, – деп төртеуін түгел орынға келтіруші мүмин мұсылман болатынын ескертеді.

Ендігі тұста Мәшһүр-Жүсіптің «бес берекесін» қарастырып көрелік. Береке көңіл пәктігін, жүрек тазалығын білдіреді. Ол молшылық, көпшілік, ырысты деген мағынада қолданылады. Ол – аз нәрселерді молайтып, берекетін арттырады, шектеулі құлшылықты шексізге айналдыратын сый. Ықыластың осы сырлы күшіне байланысты хазірет Әли «Амалдың аздығын емес, қабыл болуын ойла, өйткені, Муаз ибн Жәбәлға Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Діни өмірінде аз амал етсең де, ықыласты болсаң жеткілікті» деген және басқа бір хадисінде «Амалдарыңызда әрқашан ықыласты болындар, өйткені, Аллаһ амалдардың тек қана шынайы болғанын қабылдайды» (Мунауи, фәйзуль-қадир, Бейрут, 1-т., 216) деп ықыласқа ерекше мән берген. *Бес берекенің біріншісі: уақытымен оқыған намаз*. Мәшһүр-Жүсіп:

Береке- өз қарақан басың-дағы,
Әдетің (ғадетің)- ұзын өмір жасың-дағы.
Оқылған уақытымен бес намазың-

Болатын көрде жолдас қасың-дағы!,-деп Намаздың Аллаға және оның елшісіне иман келтіруден кейінгі күллі ғибадаттардың ең абзалы екенін аңғартады. Сондықтан намазды парыздарына, уәжіптеріне, сүннеттері мен мұстахабтарына назар аударып, кемшіліксіз орындау қажет. Намаз - діннің тірегі. Намазын үзбей, әрі қатесіз оқитын жан ислам ғимаратын тұрғызғанмен бірдей. Мәшһүр-Жүсіп: «Намаз оқығанның қабірі жарық болады. Құранның әрпін таныған жан, періштенің сауалына жауап табады. Ораза ұстағандар қияметтің қиындығын жеңеді. Тірлігінде хикмат-хадис айтқан жан бейіштің көлеңкесінен сая табады», - деп, Алла-Тағаланың біздің елге деген рақым, жақсылығы мол екенін байандай келе, бәрімізді иманды болуға шақырады. **Бес берекенің екіншісі: бос сөзден өзін тиганы.** «Сөз қадірін ұққан білер», демекші Мәшһүр-Жүсіп:

Бұл басты әр нәрсеге бастайтын-көз,
Оңбаймыз көзден, тілден тыйылмай біз.
Бойыңа келер мұнан бір береке,
Аузыңнан шығармасаң несие сөз,

– деп, сөз құдіреті мен сөз киесін тілімізге тиек еткенде ұлы өнеріміздің бірі екенін меңзеп тұрғандай. Беталды сандырақпен өсек сөздің, өтіріктің күнә екенін жеткізуге тырысқан Мәшһүр-Жүсіп, сөздің тұнып тұрған мөлдір бұлағынан нәр алғандықтан, «Сөз жүгі» деген еңбегінде: «Көңіл бір жатқан кен. Сөз онан шыққан гауһар. Ауыз бір садап. Сөз онан шыққан гауһар. Тіл бір болат метін. Оның майдалап, уатып, жасап шығарып жатқанының бәрі сөз жүгінің хамалы», деп сөздің халықтың даналығы, танымы мен талғамын тауып айтатын шыншылдығын көрсететін, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан баға жетпес қазынасы екенін паш етеді. Ұлтты ұлт ретінде ұстап тұратын төрт қазық бар. Олар тілі, діні, саны және салт-дәстүрі. Осы төрт қазықтың ең маңыздысы-тіл. Ахмет Байтұрсынов: «Сөзі жоғалған халықтың өзі жоғалады» деп көрегендікпен айтып кеткен болатын. Ал Мәшһүр Жүсіп: «Сөз өзі не нәрсе? Сөз адамның өнері. «Өнер алды қызыл тіл» деген адамның ғазиз шариплік сөзбен болды», деп тіл мен сөздің егіз екенін аңғартып, бізге ана сүтімізбен бірге сіңетінін ескертеді. Сондықтан да бос сөйлеп, сөз құдіретін ластамайық. **Бес берекенің үшіншісі: зекет беру.** Араб тілінде зекет - көбею, өсу, берекеттену, тазалық сияқты мағыналарды білдіреді. Ал зекеттің шарифаттағы терминдік мағынасы: Нисап болған мұсылманның байлығының белгілі бір бөлігін жылына бір рет Алла ризалығы үшін Құранда белгіленген адамдарға иелендіруі. Бұл ғибадаттың зекет деп аталуы - қалған байлықтың көбеюіне, берекеттенуіне әрі берушісінің күнәларынан тазаруына себеп болғандығынан. Мәшһүр-Жүсіп:

...Кем емес кейбір сөзім халуа балдан,
Ләззатлы- қазы-қарта, жая-жалдан!
Бү да адамның басының берекесі,
Берілсе- қайыр, ықсан, зекет- малдан!,

– деп Зекет берген адамның жан жүрегін, ішкі сезімін керемет қуаныш билеп, ерекше ләззат құшағына кіргендей күй кешетінін және өмірдің қысымынан, дүние-мүліктің ауыртпалығынан арылатынын ескертеді. **Бес берекенің төртіншісі: аяғының арасына ие болғаны.** Имам Бухаридің «Сахих» атты кітабында руаят еткен бір хадисте Алла расулы: «Кімде–кім маған екі ұртының арасындағыға (тіл) мен екі шап ортасындағыға (ұятты жері) ие бола алатындығы жайлы серт беріп, сөзінде тұрса, мен де оған жәннат үшін кепілдік берер едім», – дейді. Мәшһүр-Жүсіп:

Сөзінді кім тыңдамас жүйе болса,
Кім термес балбыраған шиіе болса!
Адамға келер мұнан мол мереке,
Екі аяқ арасына ие болса!,

– деп тазалық пен адалдықты меңзеп тұрғандай. Бұл салауатты өмір сүруге, құмарлықтан арылуға итермелеп, дәрет пен ақ некеге бастары анық. Жан тазалығы мен ар тазалығына ие адам, әлбетте, Алла елшісінің шапағатына ие болып жәннатқа кірері хақ. **Бес берекенің бесіншісі: аманатқа қиянат қылмау.** Мәшһүр-Жүсіп:

Қиянат, аманатқа, қастық етпей,
Карантин қылған жерден, тоқталса, өтпей,
Уағда айтқан жерден сөз табылып,
Ұстаған жерден қолы тұрса кетпей!,

– деп аманатқа берік болу керек екенін ескертіп, қазақ халқының ант етсе, антына арамдық араластырмаған, сертіне семсердей, аманатқа қиянат қылмаған халық екенін мақтанышпен жеткізеді. Аманатты сақтау және оны мезгілінде тапсыру зор адамгершілікке жаттады. «Аманат – аман сақтайды» - дейді халық. Аманатқа қиянат жасамайды. Ол өте ауыр күнә деп есептеледі.

Ғылым – «даналық» пен «діннен» туады. Ол – ақиқатқа апаратын, адамды тура жолға жеткізетін жарық көзі, шындықтардың алтын тізбегі. Мәшһүр-Жүсіп төрт асыл мен бес берекенің ақиқатын ғылымнан іздеу керек екенін ескертіп:

Ғылым-білім сықылды күннің көзі,
Жап-жарық қып дүниені тұр ғой өзі.

Меңдей бұлт сол күннің басса бетін,
Қаранғы боп тұрады дүние жүзі,

– деп білімнің күллі ақиқаттың қайнар көзі мен жаратушымыздың адам санасына берген қаруы екенін ашып көрсетуге тырысады. Ғылым мен білімнің арқасында Алаға деген иманымыз бен ғибадатымыз артып, Оның елшісіне (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген махаббатымызға демеу болды.

Жүрегінде иманы бар адам Алланы сүйеді. Алланың әр нәрсені бір қайырымдылық және сұлулықпен жаратқандығын, өмір сүрген әр мезеттінің бір даналықпен өтетіндігін, тағдырына жазылғандарды көретіндігін біле әрекет жасайды. Иман етушілердің Аллаған деген сүйіспеншіліктері Құранда былай көрсетілген: «Адамдар арасында, Алладан басқасыны «тең және ортақ» ұстайтындар бар, олар (бұларды) Алланы сүйгені сияқты сүйеді. Ал иман етушілердің болса Аллаға деген сүйіспеншілігі мықтылау. Ол зылымдық жасағандар, азапқа тартылар кезде, міндетті түрде барлық құдіреттің толығымен Алланыңкі екендігін және Алланың беретін азабының расында өте ауыр екендігін білселер ғой» (Барақа сүресі, 165). Иман сенімнен құралса, сенімнің қайнар көзі білім. Сондықтан болар Мәшһүр Жүсіп: «Ғылым білім немен болады? Әуелі жаратушы Құдай тағаланы танумен болады», деп баршамызға иманның кілтін ұсынған болатын. Мұсылманның иманы қорқыныш пен үміт арасында болуы керек. Алла Тағаланың азабынан қорқу, рақымнан үміт үзбеуі тиіс.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы - рақымды тәңіріміздің мейірбан жаны. Әрине, тізе берсең, табыла беретін тұңғық маржаны. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлына «Халықтың ұлы» деген ұғымын, мәшһүртанушылар, ұрпағы, замандастары емес, халқы өзі берді. Ал халықтың ұлы болуы — ұлылықтың бірден-бір шарты. Оның өзгелерден артықшылығы да осы болса керек. Сондықтан да Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының мұрасы - қыры мен сыры көп, телегей теңіздей мол дүние.

Сол себепті біз бүгінде Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлын – ұлы ғалым, ұлы ойшыл (философ), ұлы ұстаз, әулие, шежіреші, тарихшы, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинақтаушы, тұлғатанушы, зертеуші, сері, т.б. деп атап жүрген жайымыз бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мәшһүр – Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2004 ж. 203 б.
2. Қуандық М.Ж. «Дін және Мәшһүр-Жүсіп». Егемен Қазақстан газеті. №48-49 (25895) 10 ақпан. Сәрсенбі, 2010 ж.
3. Мәшһүр тағылымы: жинақ /кұраст : Тұрышев А.Қ., Кәрібжанова А.О., Оралова М.О – Павлодар : Кереку, 2009. – Т.2.

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ЖӘНЕ АЛЛАНЫ ТАҢУ

Ә. ПАЗЫЛОВ

Мәшһүр-Жүсіп мұражайы, Баянауыл ауданы



Бүгінде Мәшһүр-Жүсіптің қаламынан шыққан туындыларды әр салағы немесе ғылымға бөліп қарастырып жүрген жайымыз бар. Тарих, әдебиет немесе жекелеген бір тақырыпта еңбек жазып, зерттеу жұмысын жүргізер болсаңыз әлбетте Мәшһүр-Жүсіптің шығармаларынан дерек пайдаланарыңыз хақ. Сондықтан да Мәшһүр-Жүсіпті ғылымның осы бір саласында ғана жазған деп айту күнә болар. Дегенмен де әр кім өз шамасы мен тақырыбына байланысты жазады. Осы тұста Мәшһүр-Жүсіптің діни бағатта жазылған еңбектері тасадан тыс қалғаны өкінішті-ақ. Әрине діни тақырыпта жазылған Мәшһүр-Жүсіп еңбектерінің ел арасында таралып, уағыздалмауына кеңес үкіметінің солақай саясаты кедергі болып, тоқырауға ұшырағаны мәлім. Ал бүгінде не бір молда не бір шәкірт бұны керек қылып жатқан жоқ.

Діни ағартушылық ағымының негізін қалаған Қожа Ахмет Яссауи болса, уығын көтеріп, шаңырағын ұстаған Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы болатын. Мәшһүр-Жүсіп Қожа Ахмет Ясауи ілімін меңгеріп, Ислам дінін уағыздағанымен де өзін сопымын деп танымаған жан. Бүгінде Мәшһүр-Жүсіп те сопы болған деген жалған пікір көп айтылады. Мәшһүр-Жүсіп ұлт санасына тән мәселелерді сөз етіп, дін мен ғылымды бірге қарастырады. Ол “...Мен құдайды бір деп білемін, бар деп білемін, күшті деп білемін. Осы үшеуіне нанымым, сенімім күшті», деп Алланың барлығын, бірлігін паш ететін жырлар мен хикметтер жаза отырып, Пайғамбарлар мен сахабалардың уағыз насихаттарын, өмір жолдарын саралай отыра, халқының санасына жетерлік ой қалдырды. Мәшһүр-Жүсіп өзі өмір сүрген қоғадағы сана-сезім мен әлеуметтік өмір шындығын, қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігін, дін өкілдері мен жергілікті билеуші таптың іс-әрекеттерін ашық және шынайы жазған.

«Құдай сөзі – Құран, пайғамбар сөзі – хадис-шәриф: тозбайды, ескірмейді», - деп құрандағы ұлы аяттар мен хадисттерді қарапайым тілмен жеткізуге тырысты. Мәшһүр-Жүсіп:

Әуелгі Әлиф Алланың аты болар,
Би бес парыз пенденің жасы болар.
Кімде-кім құран Кәрім сөзін білсе,
Аузында ас, астында аты болар,

– деп Құдай жолын, иман жолын іздеу адамзат баласының парызы екенін танытып, Шын көңілмен, көркем мінезбен мұсылман болуға шақырады. Пайғамбарымыз Мұхаммед өзінің шарапатты хадистерінің бірінде былай деп айтқан:

“Расында барлық амалдар ниетпен жасалады. Және әрбір кісі ниетіне қарай сауапқа жетеді немесе жазаға ұшырайды”. (Имам Бухари Омар ибн әл-Хаттабтан риуаят еткен.) Әрине біз көбінесе қысылған кездерде ғана Алланы аузымызға алып, мешітке барғыш болып аламыз. Неге ертерек қимылдап, аузымызға Алланы айтып, құран үйренбеске... Ал енді мүлдем қараңғы болсаңыз:

Тұрарда таң намазға кер боларсың,
Шығарда шыбын жаның тер боларсың.
Үстіңе алабота, жусан шығып,
Бір кезде аяқ басар жер боларсың,

– демекші, бір сөз кеі айналып ойланған да жөн болар. Енді бірде Мәшһүр-Жүсіп:

Дүние мойын бұрған біз бір есер,
Есер пенде шайтанмен әзілдесер.
Таудан биік күнәміз болсадағы,
Аллаға шын жыласаң, өзі кешер,

– деп, “Бақара” сүресінің 186-аятын еске түсіреді. Онда: “Егер құлдарым Сенен Мен туралы (яғни, Құдай оларға алыс па, әлде жақын ба деп) сұраса: “Мен оларға өте жақынмын. Қашан Менен тілесе, тілеушінің тілегін қабыл етемін!” – (де).” – деп жазылған.

Мәшһүр-Жүсіп: «Құдай туралы» деген жазбасында: «Әй, адам баласы! Құдіретті Ақыл мен Киелі Рухтың Иесі-Құдайды жалғыз жаратушы да жасаушы жарылқаушымыз деп ұғайық та, бұған кәміл сенейік! Бұл-Ұлы Ақиқат! Өйткені Жиһандағы ұлылы-кішілі, қарапайым-күрделі жасалыстар мен құбылыстардың бәрі Құдай барлығының айқын дәлелі», - деп барша мақтау бүкіл әлемдердің Раббысы болған жалғыз ғана Аллаһ Тағалаға тән екенін ескертеді.

Абай сәлем беріп кіріп келген Мәшһүр-Жүсіпке:

-Мәшһүр болсаң айт, құдай қайда?-деп сұрағаны белгілі. Сонда Мәшһүр-Жүсіп:
-Құдай-жүректелі-деп, оң қолымен кеудесін ұрса керек.

Біз көбінесе Құдайдың барлығы сенеміз де, кереметін көзімізбен көргіміз келіп тұрады. Бұндайда Мәшһүр-Жүсіптің сөзімен айтар болсақ: Жаратушы да Жасаушы Құдайдың хақтығы мен пәктігі, мәңгілігі мен ұлылығы, құдіреттілігі мен киелілігі және де сол Құдайға тән қадір-қасиеттер мен сыр-сипаттардың өзгермейтіндігі мен кереметтігі Ақиқат деп аталады. Шәкәрім де Құранның сырын баяндай келе:

Баспасам да ізінді,
Сезбесем де сырынды,
Көрмесем де жүзінді,
Тиді бізге аманат.
Жазған хаттың сырымен,
Жарқыраған нұрымен,
Тазарып жүрек кірінен
Қайғыдан басым болды азат,

– деп, Жаратушы ретінде тек Аллаһ Тағаланы ғана танитын, Оған ортақ қосуға үзілді-кесілді тыйым салатын дін екенін жырға қосады.

Ойды ой қозғайды, сөз реті келген соң бір жәйттің басын аша кеткен жөн. Мәшһүр-Жүсіптің діни бағыттағы дастандары мен өлеңдерінің көпшілігі молда мен мешіт туралы жазылған. Сонымен бірге Аллаһ Тағалаға дұға етудің артықшылығы туралы да көп жазады. Дұға ету, яғни Аллаһ Тағаладан қажетін тілеу – мұсылман тіршілігіндегі елеулі орын алатын ғибадаттың бір түрі. Хадистердің бірінде «Дұға – мұминнің қаруы, діннің тірегі, аспан мен жердің нұры» деп жазылған. Дұға ету арқылы мұсылман баласы Аллаһ Тағаланың разылығына ие болады. Өз бойынан, айналасынан шайтанды қуады. Қайғы-қасірет пен уайымнан арылып, қуанышқа жол ашып, ризығы молайып, өмірдің рахатына кенеледі.

Дұғаның қабыл болар жері Мекке Мәдине мен мешіт және әулиенің мекені екені анық.

Мәшһүр-Жүсіп: «Халық болған соң, қақ ортаннан «Құдай үйі»-деп, үй сал да, құдайға берілетұған нәзір, нияз, садақа сол үйге берілсін де, садақа мыстыққалар сыбағасын сол үйден алып тұрсын», - деп, мешіт Алланың үйі, Нашар, зәрулердің қамқоры мен тірегі екенін бас баяндайды. Бірақ қазір өкінішке орай керісінше болып тұр. Бүгінде көптеген ауыл мешіттерінің тек жаназа шығаратын орынға айналғаны, әрине өкінішті-ақ. ... Мәшһүр-Жүсіп енді бірде: «халқының құдайы садақасы мешітке жиналғанда, мешіттен бай ешкім болмайды. Құдай үйі мешіт бай болса, аш-арық, көріп-кесір, үйсіз-күйсіз, жетім-жесір, қарыны ашқан, қалжыраған,-бәрі соны

жақтайды. Өне, сонда-ол құдай үйі», - деп жан айқайын білдіреді. Мәшһүр-Жүсіптің пайымдауынша мешітке түскен қаражат мақсатты түрде жұмсалып, қаражатты шынайы қажет еткен жандардың жағыдайларына байланысты жұмсалынуы қажет. Сөйте тұра мешіт қажеттілігі мен еңбек ақы мәселелерін де ұмытпағандарын ескертеді. Бүгінгі таңдағы мешіт пен молданың жағыдайын Мәшһүр-Жүсіп төмендегідей сипаттайды: «... қазақ халқы өлігінің-тірігінің садақасын – қонағасы беріп, шайға қандырып, майға тойғызып тұратұғын қожа, молдаға береді. Аш, жалаңаш, пақыр кісің марқұм қалады».

Мәшһүр-Жүсіп мешіттерде сауда жасауға қарсы болған. Ол: «Құдай үйі-мешіт» - делінген. Мына көріп тұрған мешіттің есігінің алдына «Құдайдың қазынаханасы» деп, бір үй салындар!...» деп жазады. Демек сауда жасау үшін мешіттің қасынан шағын дүкеншік салған жөн болар.

Хош, енді молдаға келиік. Мәшһүр-Жүсіп: «Ол молда атанғанда, неліктен молда атанды? «Ғылым-білім үйренеміз,-деп,-Құдай жолы!»-деп, ұстаз алдына жүгініп, сабақ алып, Құран кітап оқыды. Сонда: «Кірген есігіміз, жүрген жолымыз-Құдай жолы, Құдайды танымыз!»-кірді. Иа, хош, сабақ алып оқығанда, Құраннан оқыды... Оқып үйреніп алған соң, молда атаулы бір-бірімен жаудай алысыты, жаттай салысты. Екі молданың тап-тату болып, ауыз жаласып жүргенін көргенім де жоқ, естігенім де жоқ. Дүниеде кісімен кісі тату болса, молда мен молда тату болса керек еді. Неге десен: түскен жолы бір, іздеген мақсаты бір, бәрінің керек қылғаны Құдайы бір ғой! Молданың молда екенін ғылым оқыған молда таныса керек еді ғой!»,-деп, молда атаулыны сынға алады. Әрине құран оқығанның бәрі де молда емесі анық. Бес саусақ бірдей емес қой. Ендеше қазіргі молдекендердің біразы құранды табыс көзіне айналдырса, енді біразы Алла ризалығы үшін өз қызметтеріне жауапкершілікпен қарап, ел-жұртының көңілінен шығуда.

Өз мақсатын жоғары қойғандарды Мәшһүр-жүсіп: «Мақсаты – қарын тойғызу, дүние табу, өз тұстасынан артық ішіп, артық жеп. Дүние жабдығына ғысырлас, замандасына ілкім болу, ауыздық болу ниетінде болып кірді. Сондай болғаны үшін, дүние бір жемтік болды да, мұндай молдалар бір арам өлген жемтікке таласқан: тазқара, күшіген, қарақұс, қарға, сауысқан, ең аяғы ырылдасқан ит болды», - дей келе: «есі-дерті дүние болып тұрған қудың дұғасында қалай қабылдық болмақ», - деп ашына жазады.

Мәшһүр-Жүсіп: «Намаз оқығанның қабірі жарық болады. Құранның әрпін таныған жан, періштенің сауалына жауап табады. Ораза ұстағандар қияметтің қиындығын женеді. Тірлігінде хикмет-хадис айтқан жан бейіштің көлеңкесінен сая табады», - деп, Алла-Тағаланың біздің елге деген рақым, жақсылығы мол бол екенін байандай келе, бәрімізді иманды болуға шақырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.Ж. Көпейұлы Шығармалары. 9-том. –Павлодар, 2006 ж. 332-336 бб.
3. Көпеев М.Ж. Тандамалы. /Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған: Дәуітов С. – Алматы: Ғылым, 1990. – т.1.
4. Көпеев М.Ж. «Біздің қазақ халқының...» / Дала уалаяты газеті. - 1890. - № 46. – 16 қараша. // Кітапта: Дала уалаяты газеті (Құраст.: Ү. Сұбханбердина) 5 кітап. – Алматы: Ғылым, 1994. – 816 б. (169-172, 787 б.)

ӘОЖ 882.151.212.2

МӘШҺҮР ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ «НАУРЫЗНАМА» ЖӘНЕ НҰҢ КЕМЕСІ

Ә. ПАЗЫЛОВ

Мәшһүр Жүсіп мұражайы, Баянауыл ауданы



Мерекелі, берекелі наурызда келіп жетті. Өмірдің мәні, көңілдің сәні ретінде бағаланып, көзде кірбін, көңілде кіршік, болмайтындай ерекше тойлай білген қазақ халқы Ұлыстың ұлы күнін ерекше құрметтеген. Наурыз айы – Шығыс күн есебі бойынша жылдың алғашқы айы. Сол себептен наурыз жыл басы болып саналған. Сонымен бірге қыстың соңы, көктемнің басы. Күн жылынып, қар еріп, жыл құстары келе бастайды. Сондықтан жылдың күт мезгілі есебінде де жылдың алғашқы айы есебінде де, төл басы есебінде де наурызды бүкіл халық аса құрметпен

қарап, оны есте қаларлық қасиетті ай есебінде бағалаған.

Наурыз (парсыша «нау» (жаңа) және «руз» (күн) – Жаңа жылдың бірінші күні деген мағыны білдіреді. Қазақтар бұл мейрамды Өз-Наурыз мейрамы деп те атайды. Өз-Наурыз дегенде «Әзиз, таза, ең жақсы, құрметті ай келді, күн келді» деген мағынада айтылады. Яғни бұл Наурызды айрықша құрмет тұтудан, басқа айлардың барлығынан жоғары санаудан туған. Наурыз – Шығыс елі үшін ежелден ақынтымақ–бырыс мейрамы. Дана халқымыз наурызды бірліктің, татулықтың, еңбектің, көктемнің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған. Наурыз мерекесіне адамдар бір бірімен жылы жүзде амандасып, Наурыз бата береді, Наурыз көже ішеді, араздасып жүрген ағайынды та туластырып, мүсәпір, мүгедектерге жәрдем береді, ұлттық ойындар

өткізіп, ән – жыр айтады, күй тартады (өнерпаздар), бітелген бұлақтардың көзін ашып, жерге тал отырғызады. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған.

Наурыз мейрамы туралы Махмут Қашқари, Әбунәсір Фирдоуси, Омар һайямның бастап кеткен жыр теңізін Абай, Әлихан, Ахмет, Мәшһүр Жүсіп жалғастырып мол мұра қалдырып кетті. Абай: «Ол күнде Наурыз бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» дейді екен», деп бағаласа, Ахмет Байтұрсынов: «Наурыз – қазақша жыл басы. Біздің Жаңа жылымыз – Наурыз марттың басындағы болсын, ортасын да болсын, әйтеуір мартта келетін болса, шын мағынамен Жаңа жыл деп айтуға лайық», -деп тұжырымдайды.

Ғылыми тұрғыдан саралар болсақ, бір жылды қамтитын 12 айды үш–үш айға бөлсек: наурыз, сәуір, мамыр – көктем, маусым, шілде, тамыз – жаз, қыркүйек, қазан, қараша – күз, желтоқсан, қаңтар, ақпан – қыс мезгілдері болып шығады. Демек Көктем наурыздың 22–інен, жаз маусымның 22–інен, күз қыркүйектің 23–інен, қыс желтоқсанның 23–інен басталуы заңдылық болса керек. Осыған орай маусымдық мерекелерде мән-мағынасына қарай тойланатын болған. Мәселен жыл басы тойы – Наурыз, жаз тойы – Қымызмұрындық, күз мейрамы – Мизам (шопандар тойы мен сабантой), қыс тойы – Соғым. Мұнан 2,5 мың жылға жуық уақыт бұрын күн мен түннің аспандағы тенелу нүктесі тоқты шоқжұлдызы тұсында болғандығын дана халқымыз көргендігімен дәл білген.

Кенес өкіметі тұсында Наурыз мейрамы тойланғанымен де 1926 жылы «діни мейрам» саналып, күрт тоқтатылды. Тек 1988 жылы Наурыз қазақ елімен қайта қауышты. Әрине бұл Мұхтар Шахановтың Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Г.В.Колбинге Наурызды халыққа қайтару жөнінде арнайы хат жазуының арқасында ғана мүмкін болды.

Наурыз мейрамын ежелгі гректер «патрих», бирмалықтар «су мейрамы», тәжіктер «гүл гардон», «бәйшешек», «гүлнаурыз», хорезмдіктер «наусарджи», татарлар «нардуган», буряттар «сагаан сара», соғдылықтар «наусарыз», армяндар «наварсари», чуваштар «норис ояхе» деп атап, сән-салтанатымен жоғары деңгейде өткізген. Қазақтар бұл мейрамды «Әз-Наурыз» дейді. Ел арасында Наурызға байланысты: Наурыз айы, Наурызнама, Наурызкөже, Наурыз тойы, Наурыз жыры, Наурыз жұмбақ, Наурыз бата, Наурыз тілек, Наурыз төл, Наурызкөк, Наурыз есім, Наурыз шешек деген ұғымдар қалыптасқан.

Бүгінгі дін өкілдерінің пайымдауынша, ата-бабамыз мың жылдан бері ұстанып келе жатқан Ханафийа мазхабы бойынша, Наурыз мерекесі ислам негіздеріне қайшы емес. Керісінше имандылық пен жомарттық, жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу, қол ұшын беру, жетім-жесірге қолқанат жасау сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған. Сондықтан да Наурыз мерекесін «жақсы бидғат» деп таныған абзал болар. Наурыз мерекесінің Ислам дінімен ұштастығын Нұх кемесімен және «ашура тәттісін» табуға болады. Ұлыстың ұлы күнінің өзге ұлттардың жаңа жылынан бір ерекшелігі – тән мен дәм тазалығына ғана емес, жан тазалығына да үлкен мән беріледі. Яғни, Наурызда ішімдікке жол берілмеуге тиіс.

Наурыздың – ұлыстың ұлы күні деп аталуы жайында ел арасында сақталған аңыздар жетерлік. Аңыздың түбінде әрдайым шындық жататынын ұмытпауымыз керек. Соның біріне тоқталып өтсек: Бір күні Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауына келген сәтте жердің бетін жайлаған топан су кері қайтады. Сол сәт жер бетіне табаны тиген барлық тіршілік иелері көк аспаннан түскен қасиетті қазаннан бірге дәм татады. Қалай дегенмен де Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрттың басына тоқтаған күн – күн мен түн теңелген сәтіне тура келген. Бұл Алланың шеберлігі деп таныған Пайғамбар сол күнді мерекелеуді, тілек тілеуді жөн көріпті. Мәшһүр Жүсіп: «Хазірет Нұх ғалайссаламның кемесі судан шығып, құрғаққа аяқ басқан күні Махыррам айының оныншы күні екен. Сонан ол күн: «Ғашур күні»- аталып, Ғараб жұрты (нұрты) жыл басын «Махырам» -деп санап Ғашыр күнін мейрам қылған себебі- сол. Жұлдыз хысабында (хісебінде) хамалының бірінші күні болып, Ғыжым жұрты (иурты) һиндистан хакімлері: «Жаңа күн»- деп, атын «Наурыз» қойып, жыл басы деп санаған», /1/ -деп арап жұртының болжамын келтіріп, қалай деген мен де Наурыздың жыл басы екенін ескертеді.

Мәшһүр Жүсіп «Наурызнама» - деген еңбегінде: «Нұх пайғамбар дарақтан кеме пішкен, Ол кемелің тақтайын тышқан тескен» - деп, топан судың қаптағаны айдан анық екендігін айта келіп, әуеде құстан басқаның ұшқанын, суда балықтан басқаның жүзгенін көрдіңдер ме? – деп, міне, енді бұл күнде адамзат аэроплан жасап алып, құстай ұшпай ма, су астымен жүретұғын кеме жасап алып, дариялардан балықтай жүзбей ме?! Бұл уақыт өткен сайын, адамзаттың ақыл-ойы артылып, ғылым-білімнің күшейгені /2/ деп жазады. Топан судың болғандығын, үйіліп, төбе-төбе болып қалған құмдар: Қызылқұм, Қарқұм, Жеті қонырдың құмы т.б. айтады. Су астынан ең алғаш қылтиып көрінген тау - ол Ұлытау, тау тұңғышы болғандықтан Ұлытау атанған. Одан кейін тарбайып-тарбайып, адыр-бұдыр болып көрінген мен едім дейді – Тарбағатай мен Шыңғыс таулары. Ал су астынан көп жыл көрінбей тұншығып шыққан кенже тау – Баянаула. Баянауланың ұзындығы жиырма бес шақырым, көлденеңі – он бес шақырым. Бір өзінде жеті көл бар –дейді Мәшһүр Жүсіп. Неткен ғаламат, дана сөз. Мәшһүр Жүсіп «Наурызнама» деген еңбегінде топан судың салдары мен себептері туралы, Нұх пайғамбардың кемесі туралы, таулар мен көлдердің жаратылысы туралы мағлұматтар келтіріп, наурызнаманың қалай тойланғаны туралы сыр шертеді. Әрі Наурызнаманың Нұх пайғамбар заманынан басталғанын ескертеді.

Нұх (ғалейхиссәләм) «улуль ағзам» пайғамбарлардан. Оның есімі Құран Кәрімде қырық үш рет зikir етілген. Дүниені басып қалған әйгілі топанмен байланысты адамзаттың «екінші атасы» болып есептеледі. Ідрис

пайғамбар аспанға көтерілгеннен кейін адамдар пұттармен мүсіндерге табынып кетті. Алла адамзатты бұл жалған жолдан құтқару үшін Нұхты пайғамбар етіп жеберді. Әзрет Нұхты жас кезінде халқы жақсы көретін еді. Бірақ елу жасқа келгенен соң Жабраил періште оған Алланың әмірімен пайғабарлық берілгенін хабарлайды. Бірінші күндері Нұх (ғалейхиссәләм) адамдарға жасырын үгіт-насихат жасады, содан кейін халқына ашық дағуат айтуды бастады. Пұтқа (Вадду, Сува, Йагусу, Йауку, Насру) табынып келген өз халқын бір Аллаға сыйынуға шақырды.

Ал енді Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған Қазығұрт тауы, Асанқайғы бабамыз жырлағандай «Қазығұрт Алланың мейірімі түсіп, шапағатын шашқан тау екен. Нұх пайғамбардың кемесі қалып, бар қасиет бойыннан табылғандай тау екенсің... Жемісі көп, жері көп, жер төресі мұнда екен, жігіті көп, ері көп, ел төресі мұнда екен», -деп, оның қасиеті мен даралығына бас иген. Жазушы Сәуірбек Бақбергенов “Басында Қазығұрттың...” атты еңбегінде аңыздағы Майқы би, Қорқыт Ата, Асан Қайғы, Аяз Би және Әбу-Насыр-Әл-Фараби сияқты ел камын ойлаған, сол үшін бар саналы ғұмырын арнаған ардақты азаматтардың Қазығұртта тұрғанын немесе, ұзақ сапарға шығар алдында киелі тауға келіп, тәу етіп, бас игенін жазады. Тәуке хан мен Абылай хан да, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке билер де Қазығұрттың бал ауасын жұтып, дәмін татып, талай аялдаған. Абылай хан осы тау айналасында соғысқан. Сол кездігі оқиғаларға байланысты бүгінге дейін Қаралы төбе, Қаралықия, Хан-шейіт атайтын орындар куә. Алыстан қарағанда шөгіп жатқан қос өркешті түйені елестетін Қазығұрт тауының төбесі ойпаң, жазық. Ұзындығы 20, ені 10 шақырымдай, биіктігі теңіз деңгейінен 1768 метр. Онда “Адам Ата шоқысы”, “Пайғамбар тоқтаған”, “Пайғамбардың саусағы”, “Пайғамбар атының су ішкен жері”, “Ғайып ерен, қырық шілтен” сияқты аңыз жетегіндегі орындар бар. Қазығұрт - пайғамбар қазығы деп аталынады. Нұх пайғамбардың өзі түсіп, қазық қаққан екен» деседі.

Мәшһүр-Жүсіп «Нұх, Наурыз тарихы» деген шығармасында: «Естіген құлақтың жазығы жоқ, құйттай күнімізде жарапазан айтатұғын шалдар айтып жүруші еді: «Нұх пайғамбар дарақтан кеме пішкен, Ол кемелің тақтайын тышқан тескен — деп. Бұл — естіген сөз», - деп бастап наурыз туралы баяндай келе, наурызды мерекелеу ашура күнінен басталатынына баса назар аудартады. Мәшһүр Жүсіп: «... Нұх пайғамбар еркегі, әйелі аралас, сексен қаралы жолдаспен кеме жасап мініп, алты ай, он күн суда жүзіп, су тартылып, кемесі Қазығұрт тауына кез болып, соған тоқтап, құрғақшылық көріп, қара жерді басқан» — дей келіп, одан әрі: «...сөйтсе, сол күн ай есебімен санағанда мұхаррам айының оны екен де, жұлдыз есебімен санағанда күннің Хамал бұрышына кірген күні — бірінші хамал болып табылған. Нұх пайғамбардың тұңғышы — Сам деген баласы. Ғарап пен Ғажам — Самның ұрпағы, біреуі ай есебін ұстап, жыл басын Мұхаррам деп санап, оның оны ғашора күні деп, мейрам ғып ұстап қалған. Біреуі — Ғажам жұрты — жұлдыз есебін ұстап, бірінші хамал жыл басы деп ұстап қалған. Мұның ұстап қалған күні «число» есебімен марттың тоғызына дәл келіп, қыс пен жаздың аударыс-төңкерісіне түп-тура дәлме-дәл шыққан» /3/- дейді. Аталмыш еңбегінде Мәшһүр Жүсіп, Нұх пайғамбардың топан судан аман-есен құтылғандарына шүкіршілік ретінде қазан көтеріп, той жасағандығын жеткізеді. Сонымен бірге қазанға дорбаның түбінде қалған бидай, арпа, нокат, бұршақ, құмық секілді дақылдарды айран-сүтке малып, женсік ас әзірлеп, арқа-жарқа болып той жасағанда баян етеді. Бұдан кейін адамзат баласы әрбір жылы топан су қасіретінен құтылған күннің құрметіне Мұхаррам айының оныншы күні Ашура мерекесін дәстүрлі түрде тойлай бастаған /4/. Демек Нұх пайғамбардың Ашурасы бүгінгі Наурыз көже екені мәлім. Сонда қазақтар наурыздың Ашура күнінен бастап тойлаған ба? Әлде 22 дұрыспа? – деген ой қалыптасары анық. Ақиқатына келсек Ашура мен Әз-Наурыз мерекесі бөлек-бөлек екі уақытта тойлануының себебін, Мәшһүр Жүсіп Нұх (с.а.у)-ның бір ұлы бір жылы 355 күннен тұратын ай есебімен, келесі бір ұрпағы бір жылы 365 күннен тұратын жұлдыз есебін ұстауына байланысты өзгеріске ұшырағанын жеткізеді /5/.

Қазақ зиялыларының шығармаларына көз жүгіртер болсақ, наурыз сегіз күн тойланған екен. Оны «Наурызнама» деп атаған. Бұған Мәшһүр Жүсіптің: «Жиырма тоғыз жасымда Бұқари шәріпте Ғабдолла ханның Наурызнама тойының ішінде сегіз күн болдым» /6/- деген сөздері дәлел болмақ. Әдетте, наурызнаманы бай, ауқатты кісілер жасаған. Бірақ әр шаңырақта тойлай да дәстүрге айналған. Жылдың алғашқы күнінде қар жауса «ақша қар», жаңбыр жауса «нұр жауды» деп шаттанған. Наурызнаманың негізгі көркі жастар, ұйымдастырушысы ауқатты адамдар, берекесі ауыл ақсақалдары, ырзығы ақ дастархан болған. Жастар алтыбақан құрып, тойдың сәнін кіргізеді. Бойжеткендер соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, ұнатқан жігіттеріне тартады. Бұл салт қазақта «ұйқыашар» аталады. Ұйқыашардың қарымтасына жігіттер «селт еткізер» рәсімін жасайды. Яғни қалауынша айна, тарақ, өтір суын сыйлайды. Айна - пәктіктің, жастықтың, тарақ - әдемілік пен сұлулықтың, ал иісу - жаңа бүршігін жарған жауқазындай құлпыр деген белгі. Ән мен би, ойын-сауық түннің бір уағына дейін созылған. Наурыз күні думан-тойды аталарымыз наурызнама атаған.

Сенжүредікөктемде астан-кестен,

Ақ атанның бауырын арқан кескен.

Ұлы күні ұлыстың бас қосқанда

Өлеңінді айт, құрбыжан қатар өскен,

– деп, қос-қостан жұптасып, айтысқа түседі.

Ертедегі дәстүр бойынша наурызнаманың сегізінші күні «той тарқар» болады. Мұнда атжарыс пен күрес ұйымдастырылып сыйлықтар үлестіріледі. Мәшһүр Жүсіп шығармасына тағы бір көз жүгіртсек: «Дәл сегізінші күн мазаршәриф делінеді. Қожа Бәһуалдин әулиенің басындағы көлшікке қант төгіп, суды қант татытып жұрт жабыла ішіп, той тарқар болады», -деп жазады /7/. Қарт-қарияларға арналған «бел көтерерде» тіске жұмсақ, тілге майда тағамнан дәм тартылады. Бұл «наурыз көжеге» жалғасады. Наурыз көже — бұл тек наурыз тойына

ғана тән, барша жиналған жұртқа арналған мерекелік тағам. Оны әр үй жеті түрлі дәмнен: сүт, ет, тұз, тары, құрт, т.б сол секілді тағамнан басқа қазы, шұжық қосылып, сый ретінде қонақтарға ұсынылады.

Мәшһүр Жүсіптің «Наурызнама» деген еңбегінде наурызнаманың Баянаула төңірегінде де тойланғаны жазылған. Үйсін Төле билердің заманында наурызнаманың қадір-құны астан, тойдан ілгері болады екен. Едіге би Баянауланың бауырында жүз кісі болып, Қызылтаудағы Сәті тасында отырған Мырзағұл баласы Сәті мырзаға барып, наурызды қылдырамын деп атқа мінген екен дейді. Сәті мырза үйде жоқ екен. Қансонар болған соң, бүркіт алып, аң аулауға шығып кеткен екен. Баяу деген бәйбішесі: «мырзаңыз ас-суды алып кеткен жоқ» деп, ас та төк, шаш та төк наурызнама қылыпты. Баяу бәйбіше Едігеге сіз бір жақтан бір жаққа бара жатқан жолаушы емессіз, әдейі наурызнама қылдыра келдіңіз. Ұдайы сегіз күн қылмаған соң, мұны қылуға не сәндігі бар? – деп сегіз күн күтіп сыйлап, бір күннен бір күнін асыра беріпті. Сәті мырза алдырған түлкілерінің ішінде бір кара түлкісі бар, наурыздаманың үстіне келіп қалыпты. Кара түлкіні алғанына бір қуанып, «Наурыздама қылдырамын» - деп, Едігенің келгеніне екі қуанып: -Бұл наурыздама Баяудікі болды. Мен ұрғашының наурыздамасына ортақтаспаймын! - деп, басы Едігенің өзіне түйе бастатқан тоғыз, онан кейінгісіне: біріне түйе, біріне ат, жүз кісіден бір кісіні құр қоймай, ең аяғы атшыларға дейін бір-бір матадан үлестіріп: Міне, - менің наурызым! - деп, сый қылыпты /8/. Наурыз жайын ұқтыратын кітаптың аты – «Салдама» дейді екен. Ол күнде тілі орамды, сөзге шешен шалдардың батасы болады. Қожа кітап оқығанда, шалдар бата қылғанда, жұрт жылап, шулап: «Амин!» - деп отыратын болған. Мал сойып, наурыздама қылуға шамасы келмейтін кедейлер жалғыз қой сойса да, наурыз күні бір қазан көжеге салып: «Ауылға татырамыз!»-деп, басын сақтап қояды. Байлардың бәйбішелері ірімшік пен майдан жасап, қарын-қарын жент сақтайды. Қыстың күні: «Бұл жентіңізді қашан бастайсыз, бізге қашан татырасыз?-деушіге: «Шырақтарым, әлі Самарқанның көк тасы жібiгенде, бұл жент те өзі балқып, босайды. Сонда бастаймын! Осы күнде қайыршықтай қап-қатты пышақ өте ме!» дейді екен. Мәшһүр Жүсіп: «Міне, мен осы жентті жасатып, дәл наурыз деген күн бастатып көрген кісімін. Айтқаны-айтқандай!» - деп жазады.

Ардақты ағайын, Өз-Наурыз мейрамы қашанда елімізге ырыс, ынтымақ, бақыт сыйласын! Бақ берсін, Қыдыр дарысын! Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Нұх кемесінен кейінгі әңгіме». Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары, 9 том. Павлодар; «ЭКО» ҒӨФ, -2006 ж.
2. «Наурызнама» Дайындаған: С.Дәуітұлы. Алматы «Жалын» баспасы, 1993 ж. 7-б.
3. Мәшһүр Жүсіп. Ит дүние. «Нұх, Наурыз тарихы». Алматы 2008 ж. 242 б.
4. Хусейн Алғұл. «Мүбәрақ күндер мен түндер». Ыстанбул-1996 ж.
5. Мәшһүр Жүсіп. Ит дүние. Нұх, Наурыз тарихы. Алматы 2008 ж. 242 б.
6. «Наурызнама» Дайындаған: С.Дәуітұлы. Алматы «Жалын» баспасы, 1993 ж. 12-б.
7. Бұл да сонда.
8. Бұл да сонда.

УДК 82.091

ИМАГОЛОГИЧЕСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ В ГУМИЛЕВОВЕДЕНИИ

И.О. ПРИХОДЧЕНКО

магистрант, кафедра русской филологии, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Изучение творчества Николая Гумилёва имеет на сегодняшний день богатую историю. Тем не менее, к настоящему времени еще не сложилась научная традиция в изучении наследия поэта, общая концепция его творчества еще не выработана. Современное гумилевоведение отличает, скорее, экстенсивный характер предпринимаемых исследований.

Главной тенденцией последних исследований о Гумилеве можно считать смещение основных акцентов с присвоения лирике поэта экзотического статуса к признанию ее онтологических основ. Современников интересует не экзотика лирики Гумилева, а ее эзотерика. Можно говорить об уже сложившемся взгляде на творчество поэта как испытавшем серьезное влияние различных мистических и религиозных традиций нехристианского толка. О связях гумилевского творчества с оккультизмом, гностицизмом, масонством писали Н. Богомолов, С. Слободнюк, М. Иванович, Р. Эшельман, И. Делич и др.

Иного взгляда на идеологическую основу лирики поэта придерживаются Ю. Зобнин, И. Есаулов и О. Охупкин, которые считают, что духовные поиски Гумилева не выходили из рамок ортодоксального православия, составившего художественную основу всего его творчества.

Работы современных исследователей открывают новые горизонты в неисчерпаемом творчестве поэта, одним из которых является ярко выраженная имагологичность, рассматриваемая в историческом, культурологическом, этническом и прочих аспектах.

Восток, занимающий в творчестве поэта одно из центральных мест, лишь недавно стал предметом исследовательского интереса. О влиянии на формирование гумилевской поэтической философии различных религиозных и культурных традиций восточного региона написаны работы Р. Тименчика, Е. Чудиновой, С. Слободнюка.

Из последних работ интересной представляется статья Ушаковой Т.А., рассматривающей восприятие личности и творчества поэта англоязычными посетителями Интернета. Автор обращает внимание на то, что в профессиональных переводах на английский язык о Гумилёве складывается впечатление как о «гонимом и расстрелянном русском поэте, героически жившем и героически погибшем в эпоху революции» [1]. Сейчас, в то время, когда в России имена поэтов Серебряного века уже практически перестали ассоциироваться с «возвращенной» литературой, их поэзия прочитана и изучена, за рубежом сохраняется традиция восприятия Гумилева как забытого поэта-мученика.

Рассмотрению коммуникативного аспекта стихотворения «Жи́раф» и обзору африканской темы в лирике Н. Гумилёва посвящена статья И. Видугирите [2]. Исследователь приходит к выводу, что данное стихотворение не столько об Африке, сколько о взаимоотношениях мужчины и женщины, их доверия друг другу и разности их веры. «Африка, как и её обитатель Жи́раф, в таком контексте приобретает статус символа веры. Отсюда простирается типологическое сближение евангельской притчи и вдохновенного рассказа о Жи́рафе» [2]. Подобное сближение, как считает автор, в новом качестве представит и роль Африки в творчестве Гумилёва: она явится языком его особого, сугубо индивидуального дискурса веры. Автор заключает, что тема нуждается в дальнейших научных поисках в указанном ключе.

В последние десятилетия XX века в отечественном и зарубежном литературоведении активизировалось изучение культурного взаимодействия России и Италии. Этим объясняется интерес гумилеведов именно к итальянским стихам поэта. Так, С. Гардзонио, рассматривая в своей статье итальянские стихи Гумилёва, Городецкого и Пастернака, отмечает, что «среди многочисленных «итальянских циклов» в русской поэзии начала XX века гумилёвский выделяется особо» [3]. Во многих стихотворениях Гумилёва автор статьи видит намёки и ассоциации, связанные с итальянскими памятниками эпохи треченто, в частности, с пизанским Кампосанто. Как и во фресках этого памятника, в итальянских стихах Гумилёва, по мнению автора, звучит тема триумфа смерти.

В другой своей работе С. Гардзонио приводит некоторые данные и соображения по поводу «языкового, лексического материала («текст Италии») итальянского текста русской поэзии и, в частности, по формальной передаче и функциональной роли итальянизмов в итальянских циклах нескольких поэтов русского модернизма: Александра Блока, Николая Гумилёва и Михаила Кузмина» [4], где творчеству Гумилёва отведено особое место. Лингвистическая передача и поэтическая функция итальянских имен и слов в поэзии Гумилёва отличается такими чертами, как «тенденция включать итальянские имена и топонимы в рифменную позицию, нерелевантность фонической разницы итальянских слов с одной и двойными согласными, некоторая свобода в отношении итальянского ударения» [4].

И. Алонцева в своей работе рассматривает структуру и семантику «итальянского текста» Н. Гумилёва, стараясь проследить развитие итальянской темы в творчестве поэта, определить ее роль в творческом процессе как смысло- и мифообразующего компонента. Исследователь приходит к выводам, что «на восприятие и представление Италии Гумилёвым повлияли многие факторы: «русский итальянский текст»; акмеистическая теория «адамизма»; историософская идея Ф. Ницше о «вечном возвращении»; поэзия парнасцев; творчество прерафаэлитов» [5]. Концепция Италии опирается у Гумилёва на характерную для акмеизма идею единства мира, обуславливающую принцип изображения одного исторического периода в рамках другого. «Итальянские города, наполненные памятниками истории и искусства, в стихотворениях поэта-акмеиста, с одной стороны, воплощают определенную эпоху с характерными для нее чертами, с другой — в той или иной мере соотносятся с современной поэту эпохой рубежа XIX-XX веков, приобретая в итоге статус вечных, вневременных сущностей» [5].

Как видно, новые исследования в области гумилевоведения имеют научный потенциал именно в имагологическом аспекте. Христианство и язычество, Восток и Запад, Россия и Италия – лишь малая часть огромного, имагологически насыщенного художественного мира Николая Гумилёва. Имагологичность его поэзии, как и прочие специфические черты творчества, до сих пор нуждаются в детальном изучении.

ЛИТЕРАТУРА

1. Ушакова Т.А.. Восприятие личности и творчества Николая Гумилева англоязычными посетителями Интернета. – Электронный ресурс: ;
2. Видугирите И. Стихотворение «Жи́раф» и африканская тема Н. Гумилёва. – Электронный ресурс: ;
3. Гардзонио С. Об итальянских стихах Гумилёва, Городецкого, Пастернака. - Электронный ресурс://www.gumilev.ru/about/140/;
4. Гардзонио С. Лингвистическая передача и поэтическая функция итальянских имен и слов в поэзии русского серебряного века. – Электронный ресурс: //www.gumilev.ru/about/141/;
5. Алонцева И. Структура и семантика «итальянского текста» Н. Гумилёва. – Электронный ресурс:.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ – МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҰҚСАСТЫҚТАРЫ

Р. ОҢТАЛАП

ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, М. Горький атындағы № 16 орта мектебі,
Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, Қызылорда облысы, Қазалы қ.

Тіл – қатынас құралы.

Тіл – ұлттың жаны, дәуір мен дәуірдің, ұрпақ пен ұрпақтың арасын жалғаған алтын көпір. Заман келбетінің, халықтың ақыл ойы мен таным түсінігінің көрінісі, алтыннан асыл қымбат қазынасы. Сол қазынаны көзіміздің қарашығындай сақтап, игеру біздің мақсатымыз. Ана тіліміздің табиғатын тереңірек түсініп, оны басқа тілдермен салыстыра отырып, қыр – сырын зерттеу біздің үлесімізде.

«Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Тіл қылыштан өткір», «Өнер алды қызыл тіл» - дегендей, тіл қай ұлтта болса қастерлі, құдыретті. Елімізде және әлемдегі саяси - әлеуметтік жағдайларды түсіну әрі баға беру, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, халықаралық және мәдениетаралық қарым – қатынас құралы болып табылатын орыс, ағылшын тілдерін меңгеру бүгінгі қоғам үшін маңызы зор. Ағылшын тілі – халықаралық саясат, сауда, туризм және интернет тілі. Бұл әлемдік тіл ретінде қолданылады. Көптеген елдерде ағылшын тілі мемлекеттік тіл болып табылады.

XXI ғасыр «Жаңа әлемдегі Жаңа қазақстан» деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, біз жастар елу елдің қатарына қосылу үшін үш тілді жетік меңгеруіміз керек. Соның ішінде әлемдік тіл ағылшын тілінің орны ерекше. Тілді салыстыра отырып оқу біздің тілді жеңіл түсінуімізге әсерін тигізеді. Әрбір оқушының бойында тілді меңгеруге түрлі қасиеттер болу қажет. Мәселен зерттеушілік, шығармашылық, ізденушілік әрекет дағдылары. Осы орайда қазақ тілі мен ағылшын тілінің ұқсастық ерекшеліктерін айқындау мақсатында «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал – мәтелдердің құрылымдық және мағыналық ерекшеліктері мен ұқсастықтары» тақырыбындағы баяндамада ғылыми тұрғыда зерттеулер жүргіздім. Қазіргі заман талабына сәйкес ағылшын тілін меңгеруде оны қазақ тілімен салыстыруды көздеп отырамын. Бұл екі тілде мақал – мәтелдердің салыстырмалылығына зерттеу жұмыстарын жүргіздім.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Ағылшын тіліндегі мақал – мәтелдерді қазақ тіліндегі мақал – мәтелдернен мағыналық жағынан салыстырып, осы зерттеуім арқылы көптеген жеңілдіктер ұйымдастыруда.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

1. Ағылшын тілін үйрену жеңіл әрі жылдам әдісін табу;

2. Екі тілдің яғни қазақ және ағылшын тілі ұқсастығы мен айырмашылығын табу барысында бір – біріне мүлдем ұқсамайтын екі тілдің мақал – мәтелдердің ұқсастықтарын табу.

Ғылыми жаңалығым:

Ағылшын тілі мен қазақ тіліндегі мақал – мәтелдердің айырмашылығының тізбесін құру.

Ғылыми практикалық ұсынысым:

1. Республика көлеміндегі шет тілдеріндегі мақал – мәтелдердің пайдасы мен ерекшелігі, оны жеңіл әрі жылдам тәсілдермен үйрету бағытталған мемлекеттік балалар журналдарын шығару.

2. Ағылшын тілі мен қазақ тіліндегі мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен сәйкестіктері туралы сөздік кітапшалар шығару.

3. II. Зерттеу бөлімі

3.1 Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал – мәтелдердің құрылымдық және мағыналық ерекшеліктері мен ұқсастықтары

Паремология – мақал-мәтелдер мен әр алуан қанатты нақыл сөздерді жан – жақты зерттеуге байланысты пайда болған тіл білімінің дербес те жаңа салаларының бірі. Көкем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын мақал – мәтелдер тіл атаулының баршасына тән, өзіндік ерекшеліктерімен көзге түстеін универсалдық құбылыс. Қазақ тілі бөлімінде барлық тілдердің қоғам мүшелерінің өзара түсінуіне; пікір алмасуына қажетті қатынас құралы ретінде коммуникативтік қызметте де, екіншісі - өмір шындығын, барлық болмысты өзінде бейнелеп көрсету қызметі. Мақал – мәтелдердің табиғатна тән қасиет тілдің осы екінші қызметіне байланысты, өйткені олар белгілі бір тілде сөйлеуші халықтың өткен өмірі мен барлық болмысының куәгері іспеттес, оның дүниетанымы мен, даналығын бойында сақтап, атадан балаға, ұрпақтан - ұрпаққа үзілмей уысып келе жатқан асыл мұра, рухани қазына боып табылады.

Мақал - мәтелдердің өн бойында поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұқсас ырғақтылық байқалады. Онда басы бір сөз болмайды, барлығы өз орнында екшелген сұрыпталған, жымыса біріккен, ішкі мазмұнына сыртқы формасы сай үндестік тапқан болып келеді. В.Винаградов мақал – мәтелдердің тұрақты сөз тіркестерімен бірге зеттелуі қажет дейді. Өйткені олардың мағыналық бірліктері тұрақты сөз тіркестеріндегідей дәстүрлі, сазды және дайын күйінде қолданылады.

Мақал - мәтелдердің ұқсастығы мен ерекшеліктерін тақырыптық жіктеу арқылы екі тілдің мағыналық ерекшеліктерін айқындай аламыз.



Қазақ және ағылшын тіліндегі мақал – мәтелдердің құрылымдық және мағыналық ерекшеліктері.

Мақал – мәтелдер құрылымы жағынан сырттай ұқсас келгенімен, олардың мазмұны түйіндеуінде, ойды шешуінде өзіндік *ерекшелігі* байқалады.

1. Қазақ мақал – мәтелдер көбінесе мал шаруашылығына, саясатшылық – құс баптауға, кей кездері егіншілікке байланысты болса, ағылшын тіліндегі мақал – мәтелдердің көп бөлігі бағбаншылық саласын қамтиды.

Ағылшыншасы	Мағынасы	Баламасы
The rotten apple injures its nature	Шірік алманың қасиеті қалмайды	Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді
Acorns were good till bread was founded	Адамның тоғышарлығына байланысты	Тойғанда тоқтының еті топырақ татиды, қарын тойсақ карта әлем сасиды
A good Jack makes a good Jill	Жасқы ер адамның әйелі де жақсы	Жақсы әйел жігітке біткен бақ. Жақсы жер, жайлы қамыс алтын тақ. Жақсы
Ceaser's wife is above suspect	Цезардың әйелі күдіктен аулақ	Ауыз қисық болса да бай баласы сөйлесін
Leopard can not change his sports	Жолбарыс өз дақтарын өзгерте алмайды	Сүтпен сінген мінез, сүйекпен кетеді не қара киізді жусан да ағармайды
Leopard can not change his sports	Жолбарыс өз дақтарын өзгерте алмайды	Сүтпен сінген мінез, сүйекпен кетеді не қара киізді жусан да ағармайды

Қазақ және ағылшын тіліндегі мақал – мәтелдердің жасалу жолдарындағы ұқсастықтар

А) Екі тілдегі мақал – мәтелдердің де құрамында *сан есімдер* жиі қолданылады. Әсіресе I сан есімі көп кездеседі.

Мысалы: қазақ тіліндегі мақал:

Бір мылтықтың аузына мың кісі сияды.

Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.

Мыңнан түсін білгенше, бірдің атын біл.

Ағылшын тілінде:

One man, no man. Once bitten, twice shy.

Сол сияқты қазақ және ағылшын тіліндегі тұрақты сөз тіркестеріндегі «жеті» нумеративті тіркестерді қарастырайық.

7 саны екі тілде де киелі сан болып есептеледі.

Қазақ тілінде: Жеті рет өлшеп бір рет кес,

Жеті атасын білмеген – жетесіздіктің белгісі.

Ә) Ағылшын тіліндегі жеті нумеративіне қатысты:

At six and sevens (алты мен жеті арасында) – белгісіздік, көңілдегі мазасыздықты білдіреді. To knock seven bells out of somebody (біреуді 7 қоныраумен ұру) – біреуді қатты ұру мағынасын білдіреді. To throw a seven (жетіні лақтыру) - өну деген мағыналарды білдіреді.

Б) Екі тілдеде мақал – мәтел Халықтың әлеуметтік шаруашылық, рухани өмірінің бар саласын қамтиды.

Жақсы қасиеттерін марапаттауға, адамгершілікке

тәрбиелеуге, еңбекке білімге, ғылымға, тағдырға, денсаулық, тіл, өнер тақырыптарына арналған.

В) Екі тілде де халық сөзді барынша үнемдеп қолданады.

Көп жағдайда сөздер түсіп қалады.

Мысалы: «Ақыл – жастан, асыл – тастан» дегенше «шығады» сөзі жасырын тұрады. Бірақ одан ойсырап тұрған жоқ. Түсіп қалған сөз өз - өзінен ойға оралып тұр.

Сол сияқты ағылшын тілінде:

Like master, like man.

Like will to like – деген мақалдардан да осыған ұқсастықты көруге болады.

Г) Қазақ – ағылшын мақал – мәтелдердің *тура* және *ауыспалы* мағынасы болады.

Мысалы: «Ер қанаты – ат», «Жігітті намыс, қоянды қамыс өлтіреді» деген мақалдар ешқандай тұспалдаусыз тура мағынада айтылып тұр.

Ал ағылшын тіліндегі: Time and tide wait no man. Уақыт ешкімді күтпейді. «No news good news». «Жаңалықтың жоғы, жақсы жаңалық» *деген* мақалдар да тура мағынасында айтылып тұр.


Д) Ал қазақ тіліндегі «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда», «Не ексең соны орасың» деген сияқты мақалдарда, айтпақ ой астарлы мағынада ишарамен беріліп отыр.

Осыған ұқсас ағылшын тіліндегі:

Love me, love my dog (Итті қонақ жараспас) деген мағынаны білдіреді.
«English's house is his castle», «Өз үйім, кең сорандай боз үйім».



Ағылшын тіліндегі мақал – мәтелдердің түрлі тақырыпта қолданылады



Мақал – мәтелдер әр халықтың әлем бейнесі

Мақал – мәтелдер бойындағы ұлттық бояу әр халықтың әлем бейнесімен тығыз байланысты. Яғни мақал – мәтелдер – бір жағынан тіл көркемдігінің сипаты. Мақал – мәтелдер өз тарапынан мәдени ақпаратты символдау қызметін атқарады.

Ә. Қайдар «Кез келген этностың, ұлттың, ұлыстың тілінде оның басынан өткен өмірі өрнегі жатыр. Халықтың, яғни этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тілінде ғана сақталады. Әр түрлі

заттың құбылыстың аты – жөні, сыр сипаты, қоғамдық қатынастыр, әдет – ғұрып, салт – санымен дәстүрлер жайлы мағұлматтардың бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал – мәтелдер арқылы жетіп келуі мүмкін», - деп өз тұжырымын айтқан болатын. Біздің қарастырып отырған тақырыбымыз осыған байланысты. Яғни ағылшын тілін шебер сөйлеумен бірге, көркем сөйлей білуіміз қажет. Осыған орай ағылшын, қазақ халқының даналығын, байлығы – мақал – мәтелдерінің елеміздің болашағы жастарды тәрбиелеуде, ақыл – кеңес беріп отыру жолында атқаратын маңызы зор. Ғылымызға, тілімізге байланысты келіп қосылып жатқан жаңалықтарға, жаңа ағымдарға байланысты мақал – мәтелдер толықтырылып, өзінің қорын көбейте береді. Қазіргі таңда ағылшын тілін үйрену оқушылардың ықыласы зор. Өйткені көп тілді меңгеру заман талабы. Екі тілдегі мақал – мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыра талдау жасай отырып, төмендегі ұсыныстарды ұсынамын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектептегі шет тілі 2005 жыл №6
2. Қазақ тілі оқулығы 7 – 8 класс.
3. Ағылшын тілі мектепте 3.2009 жыл.
4. Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері 5(35) 2007жыл.
5. Ғылыми - әдістемелік журнал №3.2007 жыл.
6. Даналық және мақал – мәтелдер жинақ кітабы.
7. Ағылшын – қазақ тілдеріндегі сөздік 2000 жыл.
8. Сыр мектебі №3. 2007 жыл.
9. Қазақ тіліндегі мақал – мәтелдер.
10. Ағылшын тіліндегі мақал – мәтелдер.

ӘОЖ 811

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Ә.Б. РҮСТЕМОВА
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, жалпы білім беретін кешкі мектебі,
Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы

Қазіргі заманда Қазақстанның өзіне ғана тән ұлттық сипаты бар білім беру жүйесін одан әрі дамыту, білім беру сапасында әлемнің басқада алдыңғы қатарлы беделді де, белді елдерімен қатар жұмыс жасау, қазақ тілін дамытуда өзіндік үлес қосу, бүкіл әлемдік деңгейге көтеру, білім беру ісінде әлеуметтік кеңістікке шығу-алдағы тұрған міндеттер.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтары, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Орыс сыныптарында оқылатын қазақ тілі пәнінің көздейтін негізгі мақсаты – оқушыларды белгілі дәрежеде қазақша сөйлеуге, өз ойын басқаға жеткізе алатын, біреудің сөйлеген сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу.

Қазақ тілі сабағында ойын элементтерін кірістіре отырып шығармашыл тұлғаны қалыптастыру мұғалімнің міндеті.

Оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, олардың алған білімдері маңызды практикалық мәселелерді шешуге қажет екендігін түсіндіру керек. Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады, оқушылар біліміндегі формализм элементтерін жояды. Оқушылардың білімге ынтасының болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына, білім сапасының жоғарылауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді, жалпы айтқанда оқу процесінің деңгейін көтереді. Білім берудің құрылысын, оқушылар мұғалім қойған мақсаттарды түсінетіндей, қабылдайтындей етіп құру керек және оқушы мұғалім қойған мақсатты белсенді жүзеге асырушысы болуы тиіс.

Мектепте балалар сабақ үстінде бір-бірімен сөйлеспейді. Балалар сөйлескен жағдайда, ол тәртіпті бұзған болып есептеледі, мұғалімнен ескерту алады. Ойын жағдайын балалар сабақ барысында бір-бірімен ақпарлармен алмасатындай, ақылдасатындай, бір-біріне дәлелдей алатындай, бір-бірін бағалайтындей етіп, ұйымдастыру керек. Ойындар қолданылған сабақтарда оқушылар белсенділік көрсетеді. Бұлай болу барлық ойынға тән нәрсе,

оның топтық түрде өтуіне байланысты. Топтық түрде сабақтағы білім алу, традициялық білім беру «мұғалім – оқушы» өрнегін күрделендіреді. Яғни, өрнек былай күрделенеді: «мұғалім – топ – оқушы», бұдан келесі өрнек туындайды: «оқушы – оқушы». «Оқушы – оқушы» жүйесінде «топ-оқушы», «оқушы – топ» өрнектері өздігінен туындап жатады және оқушылар білмейтіндерін көрсетуге тырыспайды.

Балалар бір-бірінің ойларымен, пікірлерімен алмасадy, дәлелдейдi, қателеседi, өз ойларын ортаға салады, негіздейдi, тексередi, қателерін түзейдi т. с. с. Ойын барысындағы пікірлер алмасу нәтижесінде, оқу материалдарын жылдам және жақсырақ игереді, қиындықтарды бірге шешеді. Мұндай жағдайда, барлық балалар алға жылжиды, білімдері терең балалардың тежелмеуін, білімі төмен балалардың алға ұмтылуына мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабақтарында ойынды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімінің болуы, менмендік және жалқаулықтан безу қасиеттері қалыптасады.

Мұғалімнің ең басты мақсаты – сабақ мақсаты мен қолданылатын ойынның мақсатын ескере отырып, сабақтар мен сыныптан тыс сабақтарда, оны орынды қолдана білу. Оқушылар мен мұғалімнің ойынға ынтасы болған жағдайда ғана, ойын жүруі мүмкін. Ешқандай ойынды формалды ойнауға болмайды. Әрбір дидактикалық ойынға, бір жағынан дидактикалық жаттығуларды орындау тән, мысалы: затқа немесе құбылысқа жалпы сипат беру, олардың ерекшеліктерін табу сияқты жұмыстар, оқушыларды ұқсастықты, айырмашылықты т.с.с. құбылыстарды табуға, байқауға баулиды. Бұл мағынадағы ойындардың үйрету қасиеті бар. Ендігі бір жағынан, дидактикалық ойындарға тән нәрсе ойнау. Оқушының назары біріншіден соған ауады, ал ойын барысында ойынның білім беру мақсатының қалай орындалатындығы байқалмай қалады. Сондықтан, сабақтарда өтілетін ойындар оқушыларға жәй сабақ ретінде емес, жәй алданыш ретінде де емес, қызықты жұмыс ретінде беріледі. Ойынды жүргізу үшін сынып командаларға бөлінеді. Команда құрамын қалаулары бойынша жасауға болар еді, дегенмен топ құрамы аралас және топтардың күштері тең болуы керек.

Бір сабақтың өзінде қолданатын әдістерді кезектестіріп, оқушыларды шаршатпай, материалды қызықты жеткізе білуді де ескерген жөн.

Өзара қатынасқа және сөйлесуге құрылған оқыту оқу процесінде белсенді формаларды қолдану арқылы іске асырылады

Өз сабақтарымда жаңа сөздерді түрлі - түсті суреттердің көмегімен түсіндіремін және суреттердің көмегімен сөйлемдер, сөз тіркестерін құраймыз. Өтілген тақырыптарды қайталаймыз. Доптың көмегімен үй тапсырмасын сұраймын.

Қазақ тілін оқытуда ойын түрлерін мынадай мақсаттарда қолдану тиімді:

1. Алфавитті дұрыс меңгерту
2. Орфографияны дұрыс оқыту
3. Дұрыс оқу дағдысын қалыптастыру
4. Грамматикалық құрылымды меңгеру
5. Оқушының ойын дамыту, дұрыс жазу, айту.

Қазақ тілі сабағында оқытудың жаңа технологиялары, интерактивті әдістер жиі қолданылады. Басқа ұлт өкілдерін оқытуда даралай және деңгейлеп оқыту әдістерін қолдану керек. Инновациялық әдіс тәсілдерді ретімен ендіру арқылы оқытушы оқушының қызығуын, белсенділігін арттыру арқылы сабақтың сапасы көтеріледі.

Қазіргі таңдағы жаңалықтар білім беру жүйесіне жаңа технологияларды әкелгені баршамызға белгілі. Оған білім стандарты, инновациялық техноло - гиядан іздену, әлемдік білім кеңістігіне ену жұмыстарын жатқызуға болады.

Білім берудің қазіргі міндеті – білім алып, білім мен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес әлеуметтік және кәсіби біліктілікті ақпаратты өзі іздеп тауып, талдау және ұғымды пайдалану, тез өзгермелі қоғамға лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Жоғары оқу орындарының студенттеріне мемлекеттік тілді оқытып-үйретудің кәсіби бағдарлы, қатысымдық жағын күшейту, сөйтіп, оны ұлтаралық қатысым құралына айналдыру талабын қойылып отыр. Қазақ тілінің қоғамдағы қатысымдық қызметінің деңгейін көтеру үшін оны студенттерге кәсіби бағытта оқытып - үйрету қырынан жандандыру керек. Бұл үшін студенттерге мемлекеттік тілді оқытып-үйретуді білім берудің кредиттік жүйесіне негіздеп, болашақ маманның кәсібімен тығыз байланыстыра жүзеге асыру көзделеді.

Кәсіби қазақ тілін оқытуда интерактивті оқыту технологиясын қолдану арқылы өмірде болып жататын түрлі жағдаяттарды дидактикалық талаптар тұрғысынан екшеп алған соң, тілдік жағдаят жаттығуларына айналдыра білу керек.

Тіл үйрету жұмысы - өте күрделі процесс. Сондықтан тіл үйрету барысында жүргізілетін жаттығу жұмыстарының барлығы бір-біріне байланысты, жеңілден ауырға қарай, сатылап жүргізілуі қажет. Студенттер қазақ тілі сабағында тек тіл үйреніп қана қоймайды, олардың сабақ үдерісінде қазақша ойлау дағдылары қалыптасып, өмірге өзіндік көзқарасы айқындалып, ұғым-түсінігі кеңейеді. Сондықтан да оқытушы әр студенттің қабілетін, қазақ тіліне деген көзқарасын білуі керек. Өйткені тіл үйрету барысында әрбір студенттің жеке қабілеті еске алынады, жан дүниесі ескеріледі.

Қазақ тілі сабағында студенттер болашақ мамандығы бойынша ғылым негіздерімен танысып, білімді игеруде түрліше оқу әрекеттерін орындай отырып, өзінің шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Ойлау

қабілетіне тәрбиелеу студентті жан-жақты дамытумен тығыз ұштасып жатады. Бұл оның білу құмарлығы, көзқарасы мен сенімін тәрбиелеумен қоса жүргізілуі тиіс. Бүгінгі таңда тіл үйретуші оқытушыларымыз қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың әр түрлі жолдары мен технологияларын қолдануда.

Кәсіби оқыту тәсілдері – бұл жүйелі және логикалық бірізділікпен іс-әрекет жасайтын оқытушы мен студенттің бірлескен қимылы. Осы арқылы студенттер кәсіптік білім негіздерін меңгереді; білік пен дағды, шығармашы-лық қабілеттерін дамытады, кәсіби шеберлік қыр-сырын үйреніп оның негіздерін қалыптастырады.

Оқытудың қазіргі технологияларына келсек, жаңа технологиялардың бірі – модульдік оқыту технологиясы.

Модульдік оқытудың өзегі – оқу моделі. Ол: ақпараттардың аяқталған блогынан, студент іс-әрекеті бағдарламасынан, оқытушының нұсқауларынан тұрады. Модульдік оқыту – бұл студенттің өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту. Модульдік технология әдісі бойынша әр сабақта тек жаңа ақпаратты игеру емес, сонымен қатар қабылдаған ақпаратты өңдеу ептілігі мен дағдылары қалыптастырылады.

Модульдік технология оқу пәнін ірі тарауларға (модуль) бөлінуін, сонымен қатар әр тараудың мазмұны, білімі және ептілігі анықталып, сол модульді меңгеруге қажетті, бақылау және орындалған жұмыс туралы есеп беру әдістерін қарастырады, атап айтқанда: дәріс (жаңа материалды меңгеру сабағы), семинар, практикалық сабақ (білім, ептілік дағдыларын жетілдіру), коллоквиум, зачет (бақылау жұмысы, бағалау сабақтары), рефлексия (оқу материалының мағыналылығын түсіну деңгейін жоғарлататын студенттердің оқу іс –әрекеті компоненттерінің бірі).

Сонымен, оқу процесін модульдік принцип негізінде ұйымдастыру дегеніміз – ол оқу жылын модульге бөлу. Оқу модулі - ол оқу жылының құрылымдылық бөлігі.

Модульде оқу уақытының басым бөлігі студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне жұмсалады, алайда олардың білімдері күнделікті бақылау, тексеру (ағымдық бақылау) әдістері арқылы анықталып тұрады. Күнделікті бақылау нәтижесінде, пән бойынша рейтинг және аралық бақылау (рубеждік бақылау) жүргізіледі.

Модульдік технология жұмысына қойылатын бірыңғай талап тар әр тақырып бойынша: актуалдану модулі; теориялық модуль; практикалық модуль; қателер модулі; тексеру модулі; технологиялық карта модульдердің болуы қажет.

Актуалдану модульде: өткен тақырыптарды қайталауға арналған тест және жаңа білімді талап ететін бір тапсырмаларды орындау көзделеді.

Теориялық модульде тақырып бойынша:

- теориялық материалдың блок-схемасымен жұмыс істеу;
- топпен (жүппен) жұмысы;
- модуль мазмұнын талқылап, бір-біріне мазмұнын айтуы;
- модуль мазмұны бойынша сұрақтар құрастырып, дәптерлеріне жазып алуы;
- теориялық материалға өздерінің мысалдарын келтіруі және оларды жазып алуы;
- студенттердің өзбетінше жаңа тақырып бойынша блок-схема жасауы қажет.

Практикалық модульде:

- нақты тұжырымдалған оқу мақсаты (үйрену, білу);
- үлгі бойынша жұмыс;
- контекстен жаңа материалды ажырата білу;
- жаңа материалды оқу мақсатына байланысты өзгерте білу;
- жаңа материалды шығармашылық түрде қолдану жұмыстары жүргізеді.

Қазақ тілін өзге тілді дәрісханада оқытуда модульдік технология элементтерін қолданудың артықшылықтарына тоқсалсақ: біріншіден, білім деңгейі әртүрлі студенттермен жеке тұлғалық жұмыс ұйымдастыру жүйесін (практикалық модульдер білім деңгейі әртүрлі студенттермен жұмыс) жүргізуге бағытталады.

Екіншіден, оқу үрдісінде студент әр деңгейлі жұмыстарды таңдауда:

- бағаланатын тапсырмаларды айқындауға;
- жоғары балмен бағаланатын күрделі тапсырмаларды орындауға;
- қорытынды бақылау тапсырмаларына алдын ала дайындалуға мүмкіндік алады.

Үшіншіден, технологиялық картада күрделі тапсырмаларды, сөздік қорын қолдану арқылы оқу үрдісінің тиімділігі жоғарлайды.

Модульдік технологияны қолдану – оқытушы мен студенттердің құзыреттілігінің өсуіне әкеледі, өйткені қазақ тілін өзге тілі дәрісханада дәоқытып үйретудің дәстүрлі әдістері жоғарыдағы сұраныстарға жауап бере алмайды. Модульдік технология жаңа және қалыптасқан дәстүрлі әдістерді сабақтастырып қолдануымен қызықты әрі тиімді.

Ол үшін сабақ процесінде интерактивті әдістерді пайдаланған қолайлы.

Интерактивті оқыту жүйесі (жоғары белсенділікті дамыту) сабақта барлық білім алушының белсенді қатысумен ұйымдастырылатын оқу үрдісі. Кәсіби қазақ тілін оқытуда интерактивтік оқыту технологиясын қолдану арқылы өмірде болып жататын түрлі жағдаяттарды дидактикалық талаптар тұрғысынан екшеп алған соң, тілдік жағдаят жаттығуларына айналдыра білу керек. Интерактивті әдісма оқушының оқу процесіндегі тәжірибе негізінде оқылатын пәнге білімі, дағдысы және қатынасы қалыптасқаннан соң, өзара қатысу арқылы жүзеге асырылуын білдіреді. Оқытушының рөлі хабарлама берушіден сырқы және ішкі қатысушылардың арасындағы өзара іс-әрекетіне негізделген оқытудың жетекші процесіне ауысып отырады.

Оқудың сапасы немесе студенттердің өзара әрекеті топтық көлеміне қарай анықталмайды. Сондықтан да әдістің негізі ерекшелігі оқушылардың өзара әрекетінде. Бұл әсіресе, түрлі көзқарастар мен түрліше шешімдерді қарастыратын азаматтық білім берудегі маңызы зор әдіснама.

Интерактивті әдістерді қолданудың басты себептері мыналар:

- ақпараттар мен дағдыларды игереді;
- студенттер өздерінің білетінін басқалармен бөліскенде, ақпаратты беруші де, алушы да білім алады;
- студент идеясының логикалық дұрыстығы бірден анықталады;
- өзара әрекет арқылы студенттер қазіргі кездегі саналы азамат игеруі тиіс демократиялық қатысу практикасына ие болады;
- әріптестерінің көзқарастары мен өзіндік пікірлерінің бірдей болуы-ның мүмкін еместігіне студенттердің көздері жетеді;

– оқытудың бұл түрі оқушыларды қызықтырады. Себебі бұл әдіс студенттердің бойына төмендегідей әдет-дағдыларды қалыптастырады.

1. Студент өзін-өзі еркін, батыл сезінеді. Тілге деген қызығушылығы арттады.
2. Студенттер топ болып, жұп болып әрекет етуге үйренеді. Топпен не жұппен жұмыс істеу кезінде оқушылар арасында өз пікірін дәлелдеп қорғау немесе қателігін көрсете білу мен мойындауға, пікірлесе отырып ұжымдық шешім қабылдауға үйренеді.
3. Білімі төмен студентке, білімі жоғары студент көмек көрсетеді.
4. Студент өз білімін бағалау және бақылау дағдысын меңгереді.

Осылайша интерактивтік әдіс студенттерді мәселені бірігіп шешуге үйретеді. Ал бірігіп жұмыс істеу – әрі жеңіл, қызық, әрі тиімді. Студенттер бірлесіп үйренуде кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауға қалыптасды, ортақ мәселелерді талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарауға төселеді, жаналықтар ашу барысында жұмыс істейді. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып және сол ойларды кесте арқылы көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады. Бірлесіп жұмыс жасағанда мына жайларды: сыйластық, жауапкершілік, топтың әр мүшесінің кезекпен сөйлеу дағдысын үйрену, қажетті кезде кірісіп сөйлеп кету сияқты дағдыларды қалыптастыру керектігін еске ұстау керек. Осылай бірлесіп жұмыс істеп үйренген студенттердің білімдері нәтижелі болады, әрі шындалады. Бірлесіп жұмыс жасауда студент төмендегідей жетістіктерге ие болады:

- есте сақтау қабілеті жоғарлайды;
- студент жұмыс басты болады;
- пәнге деген қызығушылығы оянады;
- топ мүшелерімен ара қатынасы жақсартады.

Қорыта айтқанда жаңа технологияларды қолдану барысында студенттердің пәнге ынтасы, белсенділігі артып, білім сапасын тереңдетеміз. Сол сияқты іздемпаздық, дербес ойлау, өзіндік қорытындылау қабілеттерін дамытамыз. Қазақ тілінде сөйлеу, дұрыс сұрақ қоя білу, өз ойын сауатты, толық жеткізу дағдыларынан одан әрі қалыптастырамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Т. Мейірманқұлова Білім берудегі инновациялық технологиялар. А., 2005.
2. М. Жанпейісова Модульдік технологияны қолдану оқушыны дамыту ретінде. 2003.
3. М. А. Чошанова Гибкая технология проблемно-модульного обучения. Метод. пособие. – М. Народное образование, 1996.-53с.

ӨОЖ 811.512.122

«ТІЛДІ ДАМУДА ТІРЕК СЫЗБАЛАРДЫҢ РӨЛІ»

Г.Қ. САҒИТОВА, В.Х. ЯКУБОВА
мұғалімдер, №6 ЖОМ, Павлодар қ.

Еліміз өз тәуелсіздігіне көл жеткізіп, саяси-әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан уақытта терең білім, сауатты ұрпақ тәрбиелеу – негізі міндеттердің бірі.

Әлемдік саяси аренада Қазақстан Республикасының өзіндік салмағын пайымдау оның ұлттық білім жүйесінің жоғары дәрежеде дамуымен байланысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ел халқына жолдауында Қазақтың ел болуы, ұлт тағдыры – оның келешек мектебінің болып құрылуына тіреледі деп атап көрсетті.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілі пәнінің көздейтін мақсаты – қазақша сөйлеуге, өз ойын басқаға түсіндіре алатын дәрежеге жеткізу. Сондықтан қазақ тілі сабағында оқытушыдан қалайда оқушыны сөйлетуге, сөйлеу тілін дамытуға жағдай туғызу керек. Тіл үйрену, тіл ұстарту адамның ойлау қабілетімен тығыз

байланысты. Ойлау қабілетін дамытудың негізгі әдістерінің бірі жаттығу жұмыстарын тиымды ұйымдастыру болып табылады. Жаттығулар екі топқа бөлінеді:

- 1) тілдік жаттығулар;
- 2) сөйлеу жаттығулары.

Екінші тілді үйрету ісінде сөйлеу жаттығуларының атқаратын рөлі зор. Әдетте сөйлеу жаттығуларына сөйлем және сөз тіркесін құрастыру, мазмұнында жаздыру, сұхбат құрастыру, мәтіннің мазмұнын айту жатады.

Оқушылардың сөйлеу қабілетін дамыту, мәтін бойынша сұхбат құрастыруда, мәтіннің мазмұнын айтқызуға тірек сызбалардың берері мол: өткен сабақтарды бекіте отырып, оқушыны жаңа ізденіске жетелейтін бірден-бір әдіс.


Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда тірек сызбаларын пайдалану оқушылардың танымдық қабілеттерін, тіл шеберлігін ұштайды.

Тірек сызбасын сабақта кеңінен пайдалану – мұғалімнің жан-жақты дайындалуына, уақытты ұтымды өткізуіне әсері зор.

Өз тәжірибемдегі қазақ тілі сабақтарында қолданылып келе жатқан тірек сызбалардың тиімділігі туралы айтқым келеді. Тірек сызбалар – негізінде барлық оқушылардың сөйлеу тілін арттыру мақсатында пайдаланылатын тәсілдің бірі.

Тірек сызба жаңа тақырыпты жеңіл түсінуге, есте сақтап қалуға көмектеседі, сөйлеу дағдысын қалыптастыруға, ойлау қабілетін арттырып, сөйлемдер құрастыра үйретуге мүмкіндік береді.

Тірек сызбаларды қолдану арқылы төмендегі әдістерді дамытуға мүмкіндік туғызамын.



Грамматикалық материалдарды және лексикалық тақырыптарды оқытуда тірек сызбалардың қолданылуы тілді дамытуға, сөздік қорды молайтуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға (сөйлеу, айту, жазу, оқу) ойлау қабілетін дамытуға, ойын қазақша жеткізе білуге үйретеді. Тірек сызбаларды оқушы толық меңгеріп алса, сөйлем құрау, сөйлемді, сөзді талдау, өз ойын жеткізу жеңіл болады.

Тіпті үлгерімі төмен оқушылар үшін де тірек сызбалар олардың жұмыс істеу қабілеттерін арттырып, дамытады.

Морфологиядан «Сөз таптарын» оқыған кезде мынадай тірек сызбаны қолдана отырып сөйлемге толық морфологиялық талдау жасау өте қолайлы.

Зат есім = дара > негізгі > жалпы > жанды > көп > жік
күрделі > тыңды > жалқы > жансыз > төу > септ

Сын есім = дара > негізгі > сапалық > жай шырай
күрделі > тыңды > қатыстық > күшейтпелі
салыстырмалы

Сөйлем және сөйлемнің түрлерін оқып біткен соң, сөйлемге құрамына қарай синтаксистік талдау жасатқанда мына тірек сызбаны қолданамын.


Сөйлем = жай > хабарлы (.) > жалаң (тұрлаулы мүше)
құрмалы > мәтті (!) > жайылма (тұрлаулы, тұрлаусыз)
сұраулы (?) > жақты (баст. бар) > толымды (барлық сөйлем мүшелері бар)
> жақсыз (баст. жоқ) > толымсыз (бір сөйлем мүшесі жоқ)

Тірек сызбаны пайдалану оқушыны сөйлеу үшін емес, олардың оқу-таным белсенділігін арттыру, ой-өрісін кеңейту үшін қажет. Мұндай тірек схемалардың тиімділігі, біріншіден, түгел сыныптағы оқушыларды

камтиды, екіншіден, сөйлем құрастыруға, сұрақ қойып, оған жауап беруге көмектеседі, үшіншіден, әңгіме құрастырып, оны әңгімелеп беруге үйренеді және есінде сақтауға ықпалын тигізеді, төртіншіден, оқушыны пәнге қызықтырады, ынтасын арттырады және мұғалімге сенімді көмекші. Осы арқылы оқушылар қиын тақырыпты жеңіл меңгереді, үлгерімі нашар оқушылар да белсенділік арттырады.

Тірек сызба 5-11 сыныптардың бағдармаласы бойынша жасалады. Жеке-жеке тақырыптар бойынша беріледі. Тірек схема оқушылардың алған білім дағдыларын тексеруге, өтілген материалды одан әрі тануға, жана материалды түсіндіруге бейімделіп жасалады. Әрбір тірек схема үлгісін сыныптағы оқушыларға жететіндей мөлшерде көбейтуге болады, не болмаса тақтаға ілініп қойылады. Осындай тәсілді қазақ әдебиеті сабағында да қолдануға болады.

Төменде 5-11 сыныптарының қазақ тілі сабақтарында қолданылатын тірек схеманың белгілі адамдарға арналған үлгілерін ұсынамын.



Тірек сызбалар – барлық оқушылардың сөйлеу тілін арттыру мақсатында, олардың оқу-таным белсенділігін арттырау және ой-өрісін кеңейту мақсатында пайдаланылатын тәсілдердің бірі.

Тірек сызбалар арқылы оқушылар кез-келген тақырыпқа әңгіме құрастырып, өз ойларын оңай жеткізеді, ауызша тілді дамытады, сөздік қорын молайтады, ауызекі сөйлеуге дағдыланады. Тірек сызбалардың тағы бір тиімділігі сабақтың сапасын арттырады, оқушылардың белсенділігін, ойлау және еске сақтау қабілеттерін дамытып, қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттырады.

Уақыт талабы мұғалімнен сабақты қызықты, тартымды өткізе білуді көп шығармашылық ізденісті, білімділікті, тапқырлықты қажет етеді. Оқушылардың белсенділігін, жеке дара жұмыстануын ынталандыру, жеке көзқарастарының қалыптасуын, дамуын, оқу еңбегінің нәтижесі тиімді болуын талам етеді.

Сондықтан ортақ іс-әрекетті ұйымдастыруда негізгі мақсат – әрбір жеке оқушының дамуына, таным еркешелігі мен іс-әрекеттің дұрыс ұйымдастырылуына үлкен жауапкершілікпен қарау...

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Т. Маденова. Опорные схемы по казахскому языку. «Алматы Атамұра». 2005
2. Б. Қаппасова. Оқушы анықтамасы «Арман ПВ баспасы». 2007
3. Б. Түймебаев. Қазақ тілі сабақтарында тірек сызбаларды қолдану «Атамұра». 2009

ӨОЖ 81

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМУ

Ж.С. САГИТОВА
№ 21 орта мектебі

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, оқушылардың сөздік қорын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс оқып, айта білуге, сауатты жазуға, бір-бірімен сөйлесе білуге дағдыландыру, ойын қазақша жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу, сапалы

және терең білім беру. Өйткені, заман талабы педагог мамандардың оқушы құзыреттілігін артыруына талап қойып отыр.

Ал енді сол «құзирет» және «құзыреттілік» деген сөзге тоқтала кетсек.

Құзирет – дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапалардың (білім, білік, дағды, іскерлік, әрекет тәсілі) жиынтығы.

Құзыреттілік – адамның әрекетке, оның пәніне деген жеке қатынасын камтитын сәйкес құрауыштарды меңгеруі. Мен өзім сабақ беретін 6-сыныптарда оқушылардың коммуникативтік және тілдік құзыреттілігінің дамуына көңіл бөлемін.

1. «Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere» - қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) – оқушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушының тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Егер оқушы сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым-қатынас барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінсе алса, қатысымдық құзыреттілікті меңгергені.

2. Тілдік, лингвистикалық құзыреттілік: сөздерді фонетикалық, лексикалық, грамматикалық нормаларға сай қолдана білуі, сөздің дұрыс айтылу, жазылу ережелерін білуі; мәтін түрлерін құрастыра білу дағдылары қалыптастырылады.

Әр оқушының ақыл-ой қабілеті әр түрлі, сол себепті олардың бағдарламадағы материалдарды қабылдауы да бірдей емес. Біреулері жақсы ұғынып, түсініп жатса, кейбіреулері үлгере алмай жатады. Бұл - оқушы құзыреттілігінің дамуы да әр түрлі екендігін білдіреді. Сондықтан оқушыларды білімге бірдей жетелеу үшін, сабақты меңгертіп, тілін, ой ұшқырлығын, құзыреттілігін арттыру үшін сабақ үдірісін түрлендіретін бір әдіс-ойын түрлері.

Қазақ тіліне байланысты ойын түрлері – грамматикалық ойындар, логикалық ойындар, коммуникативтік ойындар, рөлдік ойындар, салт-дәстүрге байланысты ойындар т.б. болып бөліне береді. Әр сабақтың тақырыбына сай ойын түрлері де өзгеріп отырады.

Мен грамматикалық ойындары қазақ тілінен фонетика, морфология, синтаксис, лексика салаларын оқытқанда қолданамын.

Фонетика бойынша: «Кім жылдам?» ойыны.

1. А әріпінен басталатын қалалардың аттарын жазу. Мысалы: Астана, Алматы, Ақтау, Ақтөбе т.б.

2. Тек қана а, е, ы, і дауысты дыбыстар кездесетін сөздер ойлап жазу. Мысалы: Тамаша, астық, арман, енб ек, тіршілік т.б.

3. Қай жағынан оқылса да мағынасы өзгермейтін сөздер жазу. Мысалы: қырық, нан, ана, апа, қазақ т.б.

4. Сөйлем ішіндегі сөздер бір дыбыстан басталатын сөйлем құрастыр. Мысалы: Оқушы оқып отыр. Талғат табиғатты тамашады.

5. «Адаққан әріптпер». Мына әріптерден сөз жаса. а, ы, з, ұ, к, м, а, н, ғ, р (Құрманғазы); б, ы, д, р, м, о, а. (домбыра); і, ш, қ, й, ү (күйші).

Бұл грамматикалық ойындар оқушылардың сауаттылығын арттыруға көмектеседі.

Логикалық ойындар оқушының ойлау қабілетін жетілдіріп, сұраққа тез, анық жауап беруге ұмтылдырады.

Мысалы:

1. Қолда буын көп пе, аяқта көп пе? (қолда)

2. Шалға қарағанда болады не көп? (дыбыс)

3. Бота мен қозы ұқсас екен, неліктен? (дыбыс саны буын саны бірдей).

«Әрі ойын-әрі сөздік» ойын түрінде берілген тапсырмалар да

Город- қала трава- шөп мысль- ой

Ребенок- ... много- ... рост- ...

Список- тізім бери- ал мать- ана

Виноград- ... мед- ... гений- ...

Коммуникативтік ойындар баланың ашылуына, сөйлеу әрекетінің дамуына ықпал етеді. Мысалы: «Телефон» ойыны. Оқушылар өздерінше бір-біріне қоңырау шалып, сөйлесуге әрекеттенеді. Бұл жерде белгілі бір жағдаятты кіргізуге болады.

1. Сен сабаққа келмей қалдың, үй тапсырмасын сұра.

2. Досыңды қонаққа шақыр.

3. Сен «Бұқар Жырау» мұражайына баратын болдың, бірақ оның қай жерде екенін білмейсің, мекен-жайын сұра т.б.

Рөлдік ойындары оқушылардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге ынтасын арттырамын.

Мысалы: 6 сынып оқулығының VI модуліндегі «Менің қалам» тақырып бойынша рөлдік ойын (жағдаят) ұйымдастырдым. Оқушыларды 3 топқа бөлдім: 1- топ Саяжай ауданы; 2- топ- Усолка ауданы; 3- топ- II Павлодар.

I II III

1. мәтінді құрастыру 4 4 5

2. сұрақ-жауап 3 5 5

3. өзіндік ой жүйесі 3 5 5

Нәтижесінде, оқушылардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге ынтасын арттырамын. Рөлдік ойын кезіндегі оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда сөздік қорларының да орны ерекше. Мысалы: «Туған жерім», «Жабайы аңдар», «Көктем», «Елтану», атты тақырыптық ойындарын өткіземін. «Мерекелер» атты тақырыбын өткен кезде оқушылардың туған күн, мейрам кездегі тілек айту, өз сезімдерін, ойларын жеткізу біліктерін дамытуда қолданылады.

Барлық сыныптарда «Жыл мезгілдері» деген модуль бар. Мен өз сабақтарымда (нәтиже сабақта) көптеген ойын түрлерін қолданамын. Ойын «Кім тез?» ай аттарын дұрыс жаз. 1. накарт

3. уарзын

Қазақтың ұлттық ойындарының бір түрі асық ойыны. Асықты «Сан есім» тақырыбын өткенде де ойынатуға болады. Мысалы «Бес асық» ойыны арқылы оқушылар тез санауды үйренеді.

Дидактикалық ойындардың мақсаты - оқушылардың жан-жақты дамуына қызмет етеді. Олар сөздік ойындар, столда ойналатын ойындар, «Жүп картинкалар», «Ұйқасын тап» т.б. Тапқырлыққа берілетін ойындар әртүрлі болып келуі мүмкін: ребустар, қазақ халқының ауызша есептері, өлең-есептер, викториналар т.б.

Ойын түрлері				
Грамматикалық ойындары	Қазақтың ұлттық ойындары	Коммуникативтік ойыны	Рөлдік ойыны	Дидактикалық ойындары

Жұмыстың бұл түрінде қандай да бір тақырыпты өтіп болған соң, оқушылар өз шығармашылықтарын көрсетуі тиіс. Ол өлең, реферат т.б. түрде болуы мүмкін. Мысалы, «Адамдардың көктемгі киімі», «Ұлттық тағамдар», тақырыбын өткен соң, «киімі» немесе «тағам» тақырыбына үлгілер көрмесін ұйымдастыруға болады. Тіпті сабақта әркім өз үстіндегі киімі туралы айтып беруге де болады. ойын түрін жүргіземін «Адасқан малдар» ойыны.

Үлкен бір модульді аяқтаған кезде нәтиже сабақта «Қоржынды кім тез шешеді?» деген ойын ойнаймыз. Үш қатар болса (немесе 3 топ) үш қоржын дайындайсыз. Әр қоржында аударма жұмысы, сөз тіркесін құру, буынға бөлу, модульға сәйкес грамматикалық тапсырма, мәнгерлеп оқу, диалог болады. Қай топ тез дайындалып, дұрыс айтып шығады (7-10 минут).

«Қазақ тілі» пәнін оқытуда төмендегі құзыреттіліктердің қалыптасуы қажет.

Коммуникативтік құзыреттілік бойынша: әдеп қалыбына сәйкес кейіпкерлер туралы, соған байланысты туындайтын түрлі әрекеттер туралы өз пікірін білдіру, өзіндік тұғырлы көзқарасының болуы; ауызекі қарым-қатынас әдебін меңгеру; ауызекі монолог құра алу; коммуникацияның түрлі құралдарын қолдана білу, т.б.

Мақсаты: Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің 5-6- сынып оқушыларының қазақ тілі сабағында ойын арқылы оқушының қатысымдық құзіреттіліктерін қалыптастыру; тілге деген қызығушылығын дамыту қалыптастыру.

Міндеттері: қазақ тілі пәнін оқыту үрдісінде оқушылардың ойын арқылы қатысымдық құзіреттілік, әрекеттік бағыттармен бірлікте дамытудың әдістерін ұсыну; ойын технологиясының тәрбиелік, дамытушылық мақсатын анықтау; ойын кезінде оқушының дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілін меңгертуде білім мазмұны аяларға бөлініп, қатысымдық, рөлдік ойын, шығармашылық тапсырмалар біртұтас әдістемелік жүйе түрінде жүзеге асырылуы тиіс.

Жүзеге асырынуы: ойын технологиясын оқу үрдісінде пайдалану арқылы оқушының білім, білік дағдысын, белсенділігін арттыру;

- ұлттық ойын элементтерін қолдану арқылы салт-дәстүрді білуге, сүйеге тәрбиелеу.

Болжамы: сабақ барысында ойын технологиясын ұтымды пайдалансақ, оқушының пәнге деген қызығушылығының артатынына, сөздік қорының молайғанына көз жеткізе аламыз. Әр ойынның тәрбиелік, білімділік, дамытушылық маңызын алдын-ала жете түсініп, оның балаларға қандай нәтиже беретіндігін анықтау. Ойын жүргізетін орынның мүмкіндігі, ойын жабдықтарының эстетикалық талаптарға сай болуы, алдын – ала әзірлеу.

Ойын кезіндегі қозғалыс, техникалық қауіпсіздіктен қамтамасыз ету.

Сабақтағы ойын элементтерінің оқушылардың ынтасын тартып, пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталуы.

Ойын барысында грамматикалық анықтамаларды, тілдік нормаларды игерту мүмкіндіктері мол болады; баланың адамгершілік қасиеттері, өмірге деген көзқарасы, қызығушылығы қалыптасады. Ойын арқылы сыныптағы нашар оқитын оқушыларды да сабаққа нәтижелі тартуға болады.

Ойын элементтерін 5-6 сыныптарда қолдануы өте тиімді деп ойлаймын, себебі тез жазу, оқу, пәнді сүйеге, қызығуға ықпал жасайды.

Сабақта қолданылатын негізгі ойын түрлері: «Бәйге», «Аукцион», «Мен саған, сен маған», «Өңгімені қалпына келтір», «Шашыранды сөздерден сөйлем құра», «Жалғасын айт» тағы басқа толып жатқан түрлері бар.

Қорыта келгенде, ойын – балалардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі. Бала өмірі ойынға байланысты. Бала ойынсыз өсіп өркендей алмайды. Бұл – өмірдің заңдылығы. Сондықтан да қазақ тілі сабағында ойын

элементтерін пайдаланудың оқушылардың ой белсенділігін арттырудағы маңызы зор. Сонымен, біз мектепте өз шәкірттеріміздің бойында жоғары дәрежелі білім, біліктілік пен дағдыны қалыптастыруды қамтамасыз етеміз. Оқушыларымыздың өмірлік жағдайларда өздерінің алған білім, біліктілік, дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеміз. Оқушыларымыздың өмірлік жағдаяттарда өздерінің алған білім, білділік, дағдыларын дұрыс қолдана алуына жағдай жасау - біздің ұстаздық міндетіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразбаева Ф. Ш. Тілдік қатынас негіздері. Алматы., 2005.
2. Құлмағанбетова Б. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, «Мектеп», 1998.
3. Ж.Мизамхан. Халық ойындары. Өлгий – 1982ж.
4. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы, 2005.
5. Пособие для учителей. «Введение в коммуникативную методику обучения языку.» Оксфорд-пресс. 1997г.

ӘОЖ 372.881.151.212.2

ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІН БЕЛСЕНДІРУ

Г.Н. САЛЬДИНА

қазақ тілі пәнінің мұғалімі, Камал Макпалжеев атындағы №4 ЖОББМ, Павлодар қ.

Мектепте тіл-әдебиетті оқытуда ұстаздар алдында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, ұлттың рухани саласын қалыптастыру, олардың қазақ тіліне деген құштарлығын ояту, әсемдікке баулу, шығармашылық қабілетін арттыру, ақыл-ойын, сөздік қорын, тілін дамыту міндеті қойылған.

Еліміздің егеменді мемлекет болуымен байланысты халқымыздың тілін, мәдени-рухани қазыналарын жете меңгерген білімді, іскер ұрпақ тәрбиелеу қажеттіліктерінен де туындап отырған уақыт талабы деп түсінген жөн.

Танымдық белсенділік дегеніміз - оқушының оқуға, білімге деген ынта - ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Ал, «таным - ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой - өрісінің күрделі үрдісі».

Оқу - танымдық іс - әрекет - бұл арнайы оқушының өзі ұйымдастырған және адамзат баласы жинақтаған мәдени байлықты игеру мақсатында сырттай тану. Оның пәндік нәтижесі ғылыми білім, білік, дағды, тәртіп үлгісі және оқитындар меңгеретін іс - әрекеттер түрлері болып табылады.

Танымдық іс - әрекеттің өзге әрекет түрлерінен ең басты ерекшелігі - оқушының үнемі «жаңа дүниеге енумен», әрбір жаңа әрекеттерді оқушының оның бірінен екіншісіне ауысып отырумен байланысты. Сондықтан, оқу үрдісінде оқушының білім алуға, өз бетімен әрекет етуге деген құлшынысын оятуға, ақыл - ойының дамып, жетілуіне түрткі болатын танымдық іс - әрекетті ұйымдастырудың тиімді әдіс - тәсілдерін іздестіру өзекті сипат береді. Терең білімге негізделген танымдық біліктердің қалыптасуы оқушылардың білімді теориялық негізде қорыта алуға мүмкіндік беріп, интеллектуалдық белсенді ойлауын жандандырып, шығармашылыққа жетелейді, нәтижесінде, оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына негіз болады. [1]

Мұғалім мен оқушы арасындағы бірлескен қарым - қатынастың маңызы ерекше. Оқушының ой - пікірі мен бастамасы, ұсынысы мен тапсырманы орындау шеберлігі, сөйлеу мәдениеті мен ой тұжырымы, пайымдаулары, талпыныстары мен ізденістері, қызығушылығы мен байқампаздығы, іскерлігі мен дағдысы, іске батыл, сеніммен кірісуі жүзеге асады, мұнда бағыт - бағдар беру, істің дұрыс - бұрыстығын анықтау педагог тарапынан болуы шарт. Оқушының танымдық ынтасын құптау, оған сенімділік таныту - оның мінез - құлқында тұрақтылықты, өзін - өзі бағалауды, ерік әрекетінде батылдық пен табандылық, ұстамдылық пен сабырлықты, өзіне - өзі талап қоя білуді, т. б. үйретеді. [2]

Оқушының танымдық іс - әрекет құрылымын:

- танымдық қызығушылықтан, танымдық белсенділік, танымдық ізденімпаздық және шығармашылық іс - әрекеттен тұрады.

Қазақ тілі оқыту барысында оқушылардың танымдық қызметіне қызығушылық арттыру үшін мынадай жұмыстарды белсендіремін.

1. Деңгейлік тапсырмалар
2. Жаңа технологиялар
- «Дамыта отырып оқыту» технологиясы
- Модульдік оқыту технологиясы
- Ақпаратты технологиясы және т.б.
3. Мәтінмен жұмыс

1. Деңгейлік тапсырмалар үш деңгейде беріледі.

Өзімнің эксперименттік - тәжірибе жұмысымның Деңгейлік тапсырмалар үш деңгейде беріледі.

I-деңгейдегі тапсырмалар «танып білу» және үлгіні қолдану арқылы қолдану арқылы орындалады;

II-денгейдегі тапсырмалар өзгертілген және өткен сабаққа арналған тапсырмалар бойынша талдау, қорыту жасауға арналған;

III-денгейдегі тапсырмалар – шығармашылық тапсырмалар, оқушылардың қабілетін ашу мақсатында беріледі.

Бағалау ұпайылық жүйемен жүргізіледі.

2. Жаңа технология

Жаңа технологиялармен жұмыс істеу үшін мынандай алғы шарттар қажет: оқу үрдісін интенсификациялауды жаппай қолға алу; оқушылардың сабақтастығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру. Оның ғылыми-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандартымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу, оқыту үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу. Өйткені оқыту – тәрбиенің негізі.

«Дамыта отырып оқыту» технологиясы

Д.Б. Элькониннің «Дамыта отырып оқыту» технологиясынан «Дамыта оқытуда нені дамыту керек?» деген өзекті сұрақ туады. Оны былай жіктеуге болады:

- ойлау, қиялдау, болжауын;

- сезімін, түйсігін, зейінін;

- қабылдауын, ынтасын, есте сақтау қабілетін;

- оқу іс- әрекеттерін, дағды- машықтарын.

Ақпаратты технологиясы

Тіл үйрену қабілеті төмен оқушылардың өзі де компьютерден берілген тапсырмалар арқылы сөйлеуге, ойын қазақша жеткізуге тырысады. Қазақ тілін үйретуде интернеттің мүмкіндігіне тоқтайтын болсақ, сөйлеу әрекетінің төрт түрінде (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым) де пайдалануға болатыны белгілі. Яғни, ақпараттық технология - оқу орындарында білім жетілдіруші құрал.

Мысалы: бастауыш сыныптарда - интернеттен алынған суреттерді иллюстративті материал ретінде пайдаланып, әр түрлі жаттығулар құрастыру арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруға; шағын ертегілер мен әңгімелерді тыңдату және оқыту арқылы тіл дамытуға, сонымен қатар материалды таңдау мүмкіндігін оқушылардың өзіне беруге болады. Оқушы материалды іздеу барысында әртүрлі мәтіндерді оқып, оны түсінуге тырысады. Жалғастырушы топтарда -жаңалықтарды көріп, тыңдату, тыңдаған жаңалықтары бойынша пікір алмасу және Қазақ радиосынан: «Бала тілі - бал», «Атадан қалған асыл сөз», «Інжу-маржан», «Даланың дана арулары», Кешкі ертегі айдарларымен берілген материалдарды тіл дамыту жұмыстарына пайдаланамыз т.б. Осы материалдар көмегімен төмендегідей жұмыс түрлерін ұйымдастыруға болады.[4]

Мысалы: 1. «Ассоциация және болжам»

Оқушылар топпен, жұппен немесе жеке тапсырма алады. Мәтіннің тақырыбын естігеннен кейін қандай ассоциация пайда болды? Мәтін не туралы болады деп ойлайсыз?

2. «Сұрақ-жауап»

Мәтінді тыңдатып, бір біріне сұрақ қояды. өздерінің жауаптарынан мәтін құрады. Құрастырған мәтіндері мен аудиомәтінді қайта тыңдап, салыстырады.

3. «Мәтінді тыңдап, аяқта»

Келесі мәтіннің басын тыңдап, аяғын өзі құрастырып, аяқтайды.

4. «Мен диктормын»

Аудиомәтінді бірнеше рет тыңдап, диктор рөліне еніп, (мүмкіндігінше жаттап алады) сөйлейді.

5. «Мен музыкамен көркемдеушімін»

Мәтінді тыңдап, мәтін мазмұнына сай әуен таңдайды. Бұл әуенді неге таңдағанын түсіндіреді.

6. «Мен көркемдік жетекшімін»

Мәтіннің мазмұны мен әуеніне сай әр түрлі слайдтар дайындайды және бұл слайдтарды неге таңдағанын түсіндіреді.

ақпараттық-коммуникативтік технология

а. оқу материалын терең түсінуге;

ә. оқу мотивациясының артуына;

б. алған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына;

в. білім беруге жұмсалатын уақыттың азаюына ықпал етеді.

-Модульдік оқыту технологиясы

Ал, М.М. Жанпейісованың « Модульдік оқыту технологиясы» негізінде қазақ тілі оқулықтарында тақырыптар модульдік сипатта берілген.

« Модуль дегеніміз – қандай да бір жүйенің біршама дербес бөлігі»

(С.И. Ожегов) [3]

Осы технологиялардың ішінен өз тәжірибемде жиі қолданатын технологиялар.

Модульдік оқыту технологиясының ерекшелігі- жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үрдістерін, яғни, жадының алуан түрін (есту, көру, қимыл- қозғалыс және т.б.) ойлау, ынта, қабылдау қабілеттерін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ жеке тұлғаның

қауіпсіздігін , өзін-өзі дамыту, өзін- өзі бекіту, қарым- қатынас жасау , ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазба тілде) дамытуға бағытталуында.

Оқушы қоғам өмірінде маңызды іс - әрекетке дайындалып жатқандықтан, оның оқу - танымдық әрекеті болашақ кәсіби әрекетінің дидактикалық бейнесі болуы керек. Сондықтан оқушының іс - әрекеті бағытталған, ал оның әлеуметтік және танымдық белсенділігі оның өмірлік жолын анықтаудағы ұмтылысы болып табылады. Сонымен қатар, оқушылардың іс - әрекет ерекшелігіне: өзіндік мақсаты мен нәтижесінің болуы (білім, білік және дағдыны игеру, жеке қасиеттерінің дамуы); оқу нысанының ерекше сипаты (ғылыми білім, болашақ қызметі туралы ақпарат және т. б.); оқушы іс - әрекетінің жоспарлы жағдайда өтуі (бағдарлама, оқыту мерзімі); оқыту құралдарының болуы - кітаптар, лабораториялық құрал - жабдықтар, болашақ кәсіптік еңбектегі модельдер, техникалық құралдар, т. б. жоғары интеллектуалды жүктеме (емтихан, сынақ тапсыру, ғылыми жұмыс қорғау, т. б.) жатады.

Қазіргі таңда қазақ тілі сабағында электрондық оқулық , яғни, мультимедиялық оқулықтарды пайдалану.

Қазіргі таңда қазақ тілі сабағында электрондық оқулық , яғни, мультимедиялық оқулықтарды пайдалану бала таным көкжиегін кеңейтуге, замана көшін сезінуге жетелейтін технология Оқыту үрдісіне жаңа инновациялық технологиялардың қайсысын пайдаланбайық біздің, яғни, ұстаздардың басты міндеті – білімі мен ғылымы ғарыштаған бүгінгі заманда өз шәкірттерімізден бәсекеге қабілетті елге тұлға даярлау. Тұлға деген кім? Тұлға – еліне бәйтеректей сая болатын азамат.

Әр оқушының ойлау, қабылдау, түсіну, ес, дағды сияқты психикалық құбылыстарын зерттеп білмей өзге тілді ұлт өкілдеріне қазақ тілін жүйелі, сапалы түрде меңгерту мүмкін емес.Әр оқушының жоғарыда аталған психикалық ерекшеліктерін білуде мектеп психологтарының көмегіне жүгіндім. Халқымыздың «Сөз- ойдың көрінісі, ой бұлдыр болса, сөз де бұлдыр» деген нақыл сөзінен ақыл-ойдың тілден көрінетіндігі байқалады. Яғни, тілдік қатынастың психологиялық негізі адамның ойлау жүйесіне байланысты. Жаңа сөздерді меңгерте отырып байланыстырып сөйлеуге үйрету үшін, оқушыларды ең алдымен ойлана білуге баулу керек. Ол үшін орындалатын жаттығулар мен тапсырмалар қызықты, мақсатты таңдалуы қажет.

Шәкірттің жеке тұлға ретінде дамуына ұстаздың өткізген әрбір сабағы шешуші рөл атқарады.Оқушы білімінің сапалы болуы ұстазының дәріс беру шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді пайдалана білуіне, яғни кәсіби күзиреттілігіне тікелей байланысты.Оқушы үшін мектепте оқытылатын әрбір пәннің орны ерекше.Ал

Оқушының пәнге қызығушылығын арттыру үшін не істеу керек?

- әр сабақты дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық шеберлікті үнемі ізденістермен жанартып отыру ұстаздың міндеті болу керек. Ол:

-Күнделікті сабақты таңқаларлықтай өткізу (Әсіресе сабақтың кіріспе бөлімінің ерекше ұйымдастырылуы, бұрын сонды болмаған ойын түрлерін қолдану,сөзжұмбақ, ребустар пайдалану, проблемалықпен оқыту, өмірмен ұштастыру, әрбір оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау)

-Қиынның қисынын келтіру,күрделіні тартымды, аса сезімталдықпен айту

-Қысқа,нұсқа негізділікке үйрету

Ал оқыту сапасын арттыруда мұғалім:

-Жаңа дидактикалық әдістерді қолдану,

-Сабақтың түрі мен әдістемелерін өзгертіп отыру.

-Оқушының білімін, іскерлігін, дағдысының жетістігін дамыту

-Оқушының сайыстарға, олимпиадаларға, ғылыми конференцияларға қатысуына белсендіру.

Ал оқыту мен ақыл-ойды дамыту-біртұтас педагогикалық процесс.Оқу-тәрбие жұмысы баланың іс-әрекетін, қабілетін қалыптастырады. Алайда адам тумысында 100 % қабілетті болмайды, жүре келетәжірибе жинақтаудың, еңбектенудің,ойланудың нәтижесінде қабілеттілікке ие болады.Ғалымдардың зерттеуінше: 3%-талантты,15 %-қабілетті,15%-қабілеті төмен, 67%-қарапайым болып келеді екен.[5]

Жоғары сыныптарда әр пәннің оқушыларға берер танымдық тәрбиесі мол десек, соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде оқушылардың ақыл-ой, танымдық қабілетін дамыту мүмкіндігі зор. Оқушыларға танымдық тәрбие берудің алғашқы баспалдағы деп оқытудағы саналылық принципін атауға болады, себебі қазақ тілі оқыту барысында тәрбиелік міндеттердің де шешілетіні белгілі.

Қазақ тілі сабақтарында сөз бен сөйлемді, тұрақты тіркес пен мәтінді меңгерту үшін оқушыға ой салу, ойланту, өз пайымын тіл арқылы дәл, нақты,шешен жеткізе білуге жетелеу ұстаз тарапынан көп ізденісті қажет етеді. Осы тұрғыдан келгенде Қанипа Бітібаеваның «Ой салу-ұстаз тарапынан, ойлану-шәкірт тарапынан, ойланту-ұстаз тарапынан, шешімге келу-оқушы тарапынан болу керек» деген пікірінің психологиялық жағынан дұрыс тұжырым екендігін атай кеткен жөн.Өйткені таным үдерісі ұстаз бен оқушының бірлескен іс-әректі арқылы жүзеге асады.

Қазақ тілі оқыту барысында оқушылардың танымдық қызметін белсендіру-білім мазмұнын тереңдетеді, қоғамдық әлеуметтік өмір мен ғылым-білімді ұштастыра келіп шәкірттің дүниетанымын кеңейтеді., өзінше ой-пікір түйіндеуге үйретеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. // www.edu.gov.kz

2. А. Маслоу. Мотивация и личность. 3-е изд. / Питер 2007
3. Сәуле Асанбайқызы Шет тілі сабақтарында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде журналы №1/2010
4. Рахметова Г.А «Жаңа технологиялар» akmoedu.kz/index
5. Әлметова Ә.С. «Қазақ тілі сабағында студенттердің сұхбаттық тілдесім мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» пед.ғыл.доктор.дисс.автореф. Алматы, 2007.-486.

ӨОЖ 81`366754

ЖАТЫС ЖАЛҒАУЛЫ СУБСТАНТИВТЕРДІҢ ҮСТЕУГЕ АЙНАЛУЫ

Ж.Т. САРБАЛАЕВ

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тілдің тарихи даму барысында өзге септік жалғаулы сөздер сықылды жатыс жалғауында тұрған лексикалық единицалар да адвербиализацияға ұшырап, өздерінің бастапқы төркіндерінен қол үзіп, үстеулер қатарына өтіп, оның өз алдына бөлек, дербес грамматикалық категория болып қалыптасуында зор роль атқарған. Оған қазіргі тіл құрамындағы түп төркіні жатыс жалғаулы формативтер болып саналатын абайсызда, анда-санда, мұнда, қапыда, қапылыста, осында, сонда, әлгінде, кейде, алда, артта тәрізді үстеуге айналған жүздеген лексикалық тұлғалар анық дәлел. Алайда тіл білімінде аталған сөздердің үстеуге айналуын түсіндіруде бір жүйеге түскен ой-пікір әлі айтылған жоқ, тіл мамандары қазық етіп ұстар тұжырым күні бүгінге дейін жоқ. Бесенеден белгілі, тілдің лексикалық құрамында пайда болған кез-келген жаңа сөз, әйтеуір, сөзжасамның белгілі бір тәсілі арқылы жүзеге асады. Ендеше, жоғарыда мысалға келтірілген сөздер қандай сипатта, қандай тәсілмен үстеуге айналды екен? Кейбір түркітанушы ғалымдар, соның ішінде қазақ тілшілері де бар, олардың үстеу болып қалыптасуын жатыс септік жалғауының сөзжасамдық қызметімен байланыстырады. Бұл пікірдің ешқандай тілдік негізі жоқ. Өйткені, сөзжасамдық қасиет жатыс жалғауын былай қойғанда, өзге де септік жалғауларының ешқайсысында жоқ. Сондықтан септік жалғауларының сөз жасаушылығы жайындағы тұжырымдардың дұрыс еместігін айтпаққа болмайды. Рас, жатыс септігінің мұндай жағдайда сөзжасамға қатысы актив емес, пассив түрде әйтеуір сөз құрамында тұрғандығымен ғана анықталады. Мәселеле осы тұрғыдан келгенде, белгілі азербайжан ғалымы, профессор С.А. Джафаровтың жатыс жалғауының осындай күйде келуін оның сөзжасамдық жұрнаққа айналуы деп байлам жасауын тіпті де қостауға болмайды. Орайы келгенде айта кету керек, қазақ тіл білімінде де бір топ зерттеушілер сынға алынып отырған осы тұжырымның аясынан шыға алмай жүр. Мысалы, 1967 жылы жарық көрген «Қазақ тілі грамматикасының», 1989 жылы басылып шыққан «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі», 2004 жылы оқырмандар қолына тиген «Қазақ грамматикасының» авторлары дәл осы пікірде.

Мұндай қорытындымен ешқандай келісуге болмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Бірде-бір септік жалғауы жұрнаққа айналып сөзжасамдық қызмет атқаруына тарихи тұрғыдан да, қазіргі тіл дамуы кезеңінде де таяныш етер ешбір дерек, факті жоқ. Бірақ септік тұлғасындағы сөздердің дериваттанған бүтінге айналуы сөзжасам үдерісі екені – анық ақиқат. Бірақ ондай тұлғаларды зерттеушілердің жалғаулардың сөзжасамдық қызметке ауысуымен түсіндіруі жөн емес.

Сондай-ақ, кейбір ғалымдардың олардың үстеу болып қалыптасуын сөзжасамның морфологиялық-синтаксистік тәсілінің нәтижесі деп қарастыруын да қостауға болмайды. Неге десеңіз, сөзжасамның морфологиялық тәсілінде сөз тудырғыш жұрнақтар шешуші роль ойнайды емес пе? Ал мұндай үстеулердің, яғни жатыс жалғаулы сөздердің құрамынан еш жұрнақ көріп тұрғанымыз жоқ. Сол сықылды сөзжасамның синтаксистік тәсілінде сөздерді қосарлау, біріктіру тәрізді амалдар негізгі роль атқарады. Ал, сөз болып отырған үстеулердің қалыптасуында бұл тәсілдің қатысы жоғы айдан анық. Сондықтан жатыс жалғаулы үстеулерді морфологиялық-синтаксистік тәсіл арқылы жасалады деу бос әурешілік. Сондай-ақ кейбір тіл мамандары бұларды лексикалық-семантикалық тәсілдің нәтижесі деп санауға бейім. Рас, жатыс жалғаулы есімдердің үстеуге ауысуында семантикалық фактордың басым орын алатынын бекерге шығаруға болмайды. Алайда сөз болып отырған үстеулерді тек қана сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілінің жемісі деп санау бір жақты болып шығады. Бұл бөрінен бұрын, осы тектес үстеулердің жасалуындағы басқа да факторлардың, атап айтқанда, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік факторлардың ролін жоққа шығарғандық болып шығады. Бұл жерде, біздіңше, қазақ тіл білімінде енді-енді ғана мойындалып, зерттеушілердің назарын өзіне аудара бастаған сөзжасамның жаңа тәсілі-конверсия және оның үстеуге қатысты формасы адвербиализация туралы әңгімелеу жөн болмақ.

Конверсия-сөз таптарының бір-біріне ауысуын білдіретін жалпы процесс болса, адвербиализация басқа сөз таптарының үстеулер қатарына өтуін білдіретіні сөзжасамдық процесс. Тілдің даму барысында өзге сөз таптары басқа бір сөз табының синтаксистік қызметінде тұрақты әрі ұдайы қолданылу нәтижесінде өздерінің бастапқы категориясынан қол үзіп, грамматикалық мәнін өзгертіп екінші бір категорияға ауысады. Уақыт өте келе олар өздері енген сөз табының мағынасы мен қызметін қабылдап, сол сөз табындағы байырғы сөздердей болып кетеді.

Адвербиализация процесіне түбір сөздермен бірге сол сөз табының формалары да ұшырап, үстеулер қатарын жаңа тұлғалармен толықтырып отырады. Осы орайда, жатыс жалғаулы сөздердің де адвербиалданып, үстеулер тобын жаңа лексемалармен толықтырылып отыратыны белгілі. Сонымен, жоғарыда мысалға келтірілген және басқа да осы тектес тұлғалардың септік жалғауларында тұрып, толық мағыналы бүтін ретінде басқа категорияға яғни үстеулер тобына көшуі, әлбетте, сөзжасау процесіне жатады. Профессор А.И. Смирницкий айтқандай: «Переход отдельных форм слова в другую часть речи представляет собой процесс словообразовательный». [1-57]. Мұның үстіне белгілі түрколог Э.В. Севортянның кезінде септік, көсемше тұлғаларынан пайда болған үстеулердің түркі тілдерінің құрамында мол ұшырайтынын айта келіп, оларды септік жалғаулары, көсемше жұрнақтары деп қарауға болмайтынын, бұлардың да жеке лексикалық тұлғалар болып табылатындығы» жайында айтқандарын да есте ұстаған орынды. Жатыс жалғауында тұрған осындай сөздермен қатар біз зорға, басқа, төтесінен, шалқасынан, тосыннан, түнімен, күнімен деген сөздердің құрамынан тұлғалық көрсеткіштер ретінде барыс, шығыс, көмектес септік жалғауларын көреміз. Бұлар да жеке сөздік бүтін ретінде, үстеулер санатына жатады. Олар да тұтас тұлғаларымен өз категориясынан қара үзіп, изоляцияланып, адвербиалдану жолымен үстеулерге айналғаны анық. Ең дұрысы, оларды адвербиалдық, конверсиялық өнім деп қарастыру бірден-бір дұрыс шешім болмақ.

Адвербиалданған жатыс жалғаулы тұлғалар етістік сөздердің жетегінде айтылып, ол арқылы танылатын іс-қимылдың мекенін, мезгілін білдіреді. Мысалы, түнде келді, жазда той болады, осында отыр, артта қалды, алда келеді.

Егер жатыс жалғаулы сөздердің барлығын бірдей адвербиалданған, үстеуге айналған деп санасақ, онда жатыс жалғаулы адвербиалданған сөздердің ұшы-қиыры жоқ болар еді.

Сондықтан жатыс жалғауындағы тұлғалар мен адвербиалданған жатыс септік формаларын бір-бірінен ажырата білу керек. Ол үшін мына екі синтаксистік категорияны өзара салыстырып көрейік. 1. Ол үйде отыр. 2. Ол осында жүр. Мысалға келтірілген екі синтаксистік құрылымның құрамында да жатыс септік тұлғасында тұрған формалар бар. Олар, бірінші сөйлемде үйде сөзі болса, екінші сөйлемде осында сөзі. Бұл екеуінің соңғысы ғана адвербиалданған жатыс септік формасы болып табылады. Әрине, бірінші сөйлемдегі үйде сөзі де сөйлемде пысықтауыштық қызметте жұмсалып тұр. Бірақ бұл сөзді қосымша мен түбірге оңай ажыратуға болады. Соңғы сөйлемдегі осында сөзі болса әрқашан түбір мен қосымшаға жіктелмей, тұтастығын сақтап сөйлемде үнемі пысықтауыштық қызметінде қолданылады.

Жатыс жалғаулы сөздердің адвербиалдануы тілдің қолданылу сферасы әбден айқындалған қазіргі кезеңде емес, көне түркілік кезеңнен басталады.

Көне түркі тілінде –да, -де, -та, -те формалары арқылы есім сөздерден мекен үстеулері жасалған. Мысалы, бунта, анта, онда, антада т.б. қазіргі түркі тілдерінде тек мекен мәнді үстеулер ғана емес мезгіл, бейне үстеулерді де туындайды. Мысалы, анада, ақырында, бертінде, ертеде, кейде, жақында –мезгіл үстеулері, алда, артта, мұнда, сонда, осында-мекен үстеулері, андаусызда, абайсызда, қапылыста, қапелімде-бейне үстеуері. Жатыс септігі формасы арқылы қалыптасқан үстеулер мағыналық ерекшелігіне орай сөйлем ішінде түрлі пысықтауыштық функция атқарады. Қазіргі түркі тілдеріндегі мекендік, мезгілдік үстеулердің қалыптасуына үлкен әсер еткен көне түркі тілі жүйесіндегі үстеу сөздердің тарихы мен ерекшеліктері бар. Көне ескерткіштер тілінде есімдіктердің ішінде сілтеу есімдігінен туындаған үстеулер кездеседі.

Көне түркі:

– Ол түг анта йок қылдымыз. «Ол әскерлерді біз сонда жайраттық».

– Йай анта йайладым. «Мен жазды сонда өткіздім». Анта айғучы йеме бен-өк ертім. «Сол кезде (сонда мен кенесші болған едім)».

– Йабғуғ шадығ анта берміс. «Ол сол кезде йағбы мен шалтарды сайлады».

Берілген мысалдардан көне түркі тілі деректерінде мекендік, мезгілдік мәнде қолданылған нақты үстеу формаларын көруге болады. Бір кездерде есімдік сөз табына телінген сөздер осындай жатыс септігі формаларының көмегімен тарихи тұрғыдан ұзақ жылдар қалыптасуы нәтижесінде үстеулер қатарына өткен. Олар сол кездің өзінде толық адвербиалданған, оның мағыналық ерекшелігінен үстеуден өзге сөз табына тән ешбір қасиет байқалмайды.

Жатыс септігінің формасымен бір жүйеде ауысып келген сөздердің келесі бір тобы мекендік қатынасты білдіретін алда, артта, іште, сыртта, жоғарыда, төменде, кеште, ертеде, басында сөздері. Аталмыш сөздердің қалыптасу жолы мен мағыналық ерекшелігіне тоқталайық. Алдымен зат есімдерден ауысқан сөздердің ерекшелік белгілерін байқайық. Негізінен алсақ, ғалымдар тарапынан әр түрлі көзқарасқа ие болған мекендік және мезгілдік үстеулердің түбірлері зат есімнің қай түрінен жасалғанын анықтау қажет. Біршама деерктерге сүйене отырып, түпкі мағынасын анықтауға болады. –да, -де, -та, -те формалары арқылы жасалған алда, артта, іште, сыртта, тыста сөздерінің түбірі мекендік мағынаны білдіретін зат есімдер. Қараңыз, алды+да, арт+та, іш+те, сырт+та, тыс+та. Ал күнде, кеште, ертеде, азанда, жылда үстеулері мезгілдік зет есімдерден туындаған. Қапыда, жоғарыда, төменде, әуелде, жуықта сөздерінің түбірі үстеу сөздер, сол сияқты жақында, баяғыда, алыста тәрізді сөздердің негізі сын есімдерден болғандығы анық. Негізінен, жатыс септігі формасы арқылы адвербиалданған тұлғалар әр түрлі сөз таптарынан ауысып келгендіктен, атқаратын қызметі де сол төңіректе болады. Құрылымдық ерекшелігін саралағанда аталмыш үстеулердің көбі жатыс септігін тікелей қабылдамастан алдына тәуелдік жалғауының 3 жағын салу арқылы арт+ы+нда, сырт+ы+нда, іш+і+нде, аст+ы+нда түрінде де қалыптасқан.

Сонымен, адвербиалданған жатыс жағаулы сөздер үстеулердің грамматикалық класс болып қалыптасуында өзіндік роль атқарған ерекше топ болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.И. Смирницкий. Лексикология английского языка. М., 1955

ӨЖ 37.035.6

ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Г.А. СӘРСЕМБАЕВА

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Ертіс № 3 ЖОББМ

Ұлттық патриотизмді қалыптасуында ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің орны ерекше. Ұлттық патриотизм дегеніміз-ең алдымен, белгілі бір ұлттың өкіліне сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей келе жатқан құндылықтарды бойына сіңіру.

Қайта жаңғырған ұлттық педагогикамыздың маңызды бір бөлігі рухани мұрадағы тәлім-тәрбиелік ой пікірлер, патриоттық сана-сезім,оған деген ғылыми көзқарас болып табылады. Қазақстан Республикасының егеменді ел болып ана тілінің мемлекеттік тіл болуымен қатар өткен тарихымызды қайта қарап, ондағы рухани құндылықтарды елеп-екшеп және рухани құндылықтардың қорына өлшеусіз үлес қосатын мұраларын оқу бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің керегіне жарату, өзекті мәселелердің бірі болуда.

Ұлттық тәрбиеге тікелей ықпал жасайтын білім ордасы.Олар ұстаздарға мемлекет пен халықтың мүддесін ойлайтын, «Елім, туып-өскен жерім,мен Қазақстан Республикасының азаматымын» деп жүрегі соғатын ұрпақ тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін үйретуге міндетті.Біздің басты парызымыз- жас ұрпақты ата-бабамыздың мол мұрасымен яғни ұлттық құндылықтарымен сусындату.Ұлттық құндылықтарды қазақ тілі сабақтарында пайдалана отырып ұлттық тұлғаны қалыптастыруды мақсат етеміз. Мол тәжірибені пайдалануға тырысып, ең бірінші жаны таза, рухани биік, адамгершілігі мол, халқына пайдасын тигізетін адам тәрбиелеу –ұстаздың міндеті.

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге, қоғамның саяси және рухани өмірі саласындағы міндеттерді қайта жанартуға бағытталған идеялық-тәрбие жұмыстары мемлекеттің стратегиялық бағдарымен анықталды. Еліміздің тәуелсіздік алып, егемендікке жетуі қазақ халқының және республикада тұратын басқа да халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады.Қазақстан Республикасында білім берудің негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Бұл жастарға этнопедагогикалық негізде білім беру бағдарламасы деуге болады. Бұл бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды. Қайта жаңғырған ұлттық педагогикамыздың маңызды бір бөлігі рухани мұрадағы тәлім-тәрбиелік ой пікірлер, патриоттық сана-сезім, оған деген ғылыми көзқарас болып табылады. Оқушылардың ақыл-ойын дамытудың басты құралы-оқыту үрдісі.Оқыту барысында оқушылар оқу материалының мазмұнын игеріп,зиялылық біліктіліктерді қалыптастыруға көмектесетін ойлау операцияларын меңгереді.Оның барлығы3 танымдық іс-әрекеттерін дұрыс ұйымдастыру арқылы жүреді.

Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керегі екенін,ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрып мен дәстүрлер көптеп көмектеседі.Солар арқылы ол жалпы азаматтық әлемге аяқ басып, өз халқына игілігін басқа халықтарға жақында түсінікті ете алады.Сондықтан әрбір ұстаз өз кезі мен өткеннің талаптары, объективті факторлар негізінде жеткіншек ұрпақты өмірге даярлап, оны жинақталған тәжірибе арқылы тәрбиелеп отырып, өзінің ата-бабаларының рухани мұрасын игерте түсуі керек. Еліміз тәуелсіздікке қолы жеткен қазіргі кезде білім беру жүйесіндегі негізгі міндет-ұлттық білімнің таным құндылықтарын бойына сіңіріп, салт-дәстүр, әдет-ғұрып мәйегін ұрпақ санасына егу арқылы тәлім-тәрбие беру. Заман талабына сай тәрбие беру-мұғалімнің басты міндеті.Қазақ тілі сабақтарында халық педагогиканың ой-пірілерін оқушы санасына ұялату үшін халық дәстүрінен хабар беретін сөйлемдер, мәтіндер қолданып, балаларды ауызша әңгімелетеміз. Бастауыш сыныптағы әр сабағымызды біраз ұлттық педагогика саласына негіздеп жоспарлауды жөн көреміз. Қазақ тілі сабақтарындағы жаттығуларында сөйлем құрастыру барысында адам бойындағы ізгі қасиеттермен қатар, ырым, тыйым сөздер, мақал-мәтел, накыл сөздерді қолданып,мағынасына түсінік беру арқылы ұлттық тәрбиені оқушылардың бойына қалыптастыруға тырысамыз.Сабаққа дайындалу кезінде қазақ ертегілерінен кейіпкерлердің суреттерін іліп қоямыз, балалар олардың бейнесін көріп, оларды дос ретінде қабалдағанды көздейміз.Жаттығуларды дұрыс орындаған оқушыға әр кейіпкердің өз марапаты болады.Мысалы домбыра суреті, киіз үй суреті, бауырсақ суреті, асық суреті.Осы суреттерді санап, балалар достарын және өздерін бағалайды. Оның алдында Ұлы билердің суреттеріне қарап,олардың шыншылдығын, әділдігін естеріне салады. Сабақтарға дайындалғанда оқушылардың рухани жан дүниесін оятып, ұлттық дүниетанымын қалыптастыратын

өлеңдерді, ертегілерді, әңгімелерді жас ерекшелігіне сай іріктеп, тандаймыз Тақырыптық мәтіндермен жұмыс жасағанда, оқушылардан күтетін нәтижелердің ішінде мәтінді мазмұндап өз ойларын қоса білуі.Көрнекті педагог В.Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады» дейді.Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертенгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына ықпал етері сөзсіз. Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам тәрбиесі.Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі –озық етіп тәрбиелеу-біздің борышымыз.

Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиенің жүйесін балалардың жадына сіңіріп отыратын халық педагогикасында арнаулы жолдар әрқашанда болған.Мақал-мәтелдерде адамгершілік, әдет-ғұрыптар насихатталады, жұмбақтар арқылы ақыл-ой тәрбиесі, өлең- эстетикалық тәрбиесінің негізгі принциптері, ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерді қозғайтын тәлімдік материал.Халықтық педагогика –тәлім-тәрбиелік ой- пікірдің бастауы, халықтың рухани мұрасы.Орыс мектептерінде берілетін қазақ тілі сабақтарында халық педагогикасының элементтерін енгізуді дұрыс деп ойлаймыз. Сергіту сәттерін қазақы күйдің сүйемелдеумен өткіземіз, бұл балалардың қызығушылығын оятады. Қазіргі таңда мектеп алдында болашақ ұрпақты қоғамда болып жатқан әртүрлі келенсіз істерге қарсы тұра алатындай жігерлі, батыл, интеллектуалды қасиеті жоғары азамат етіп тәрбиелеу міндеті қойылып отыр.Оқушының шығармашылық іс-әрекетін, жекебасылық қасиетін, саяси көзқарастарын қалыптастыруда патриоттық тәрбие негізгі орын алады.Ұлттық құндылықтарды қазақ тілі сабақтарында пайдалана отырып ұлттық тұлғаны қалыптастыруды мақсат етеміз. Мол тәжірибені пайдалануға тырысып, ең бірінші жаны таза, рухани биік, адамгершілігі мол, халқына пайдасын тигізетін адам тәрбиелеу –ұстаздың міндеті.

Халық педагогикасында тәрбие,оның бөліктері туралы ұғымдардың анықтамаларының да ғылыми педагогиканың анықтамаларымен сәйкес келеді.Халық педагогикасы бойынша ақыл-ой тәрбиесі деп шәкірттердің ойлау қабілеттерін,сана сезімін оқу және еңбек процессінде дамытуды айтады. Жас ұрпақ тәрбиесі- адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ұлттың бүгінгі мен болашағы тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Тәрбие-халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалаптастыру. Тәрбиенің негізгі мақсаты-ұлттық сана-сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол адамды тәрбиелеу.Ұлттың болашағы ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі ұстаз қолында.Ал ұстаз мұраты мен мақсаты-жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу.Бала-ертенгі үмітіміз.

Баланың сезіміне әсер ету-шексіз жұмыс және тәрбие жұмысының күрделі саласы. Ұрпақ тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болмасын көкейкесті мәселесі болып келгендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Қазіргі жас ұландардың-болашақтағы еліміздің ертені болып табылатын балалардың сана-сезімін, ақыл-ойын дамытуға, өзін-өзі басқаруды нығайтып, ұжымдық шығармашылық істерге дағдыландыруға тәлім-тәрбиенің маңызы зор. Сабақта бұрыннан келе жатқан «Санамақ», «Бесік жыры « т. б. өлеңтақпақтармен қатар жаңадан дайындалған Қаламақ Сұрамақ , арнаулы тілек өлеңдер оқылып, ойындар ойналады.

Мұғалімнің қатысуымен айтылған өлең, тақпақтар балалардың көңіл-күйін көтеруге, сезімдерін оятуға үлкен әсер етеді. Қазақ ертегілері ізімен «Алдар Көседе қонақта»,«Өнерлі өрге жүзер»,«Халқын сүйген салтын сүйер» т. б сыныптан тыс сабақтарда халық ауыз әдебиетінен көптеген жанр түрлері сахнаға қойылды. Олардың негізгі тәрбиелік мәні-қазақ халқының ұлт болып қалыптасуы, халықтың арманы мен алға ұмытылуы, бақыт пен әділеттік үшін күресі.Бұл шаралар балалардың шығармашылық мүмкіншіліктерін дамытуға, жақсылық пен әділеттілікті сүюге тәрбиелейді.

Сабақтан тыс сабақтары оқушылардың асыл қасиеттерді игеруіне ықпал ететіндей бағытта ұйымдастыруға тырысамыз.Ұлттық нақыштағы іс-шараларды, балалар оларға қатысуға құмартып тұратындай және оның жалғасын асыға күтетіндей дәрежеде тартымды етіп өткізуінің жолдарын қарастырамыз.Мектептің ұлттық келбетін сақтау үшін «Өнер көзі-халықта» екеніне тәрбиелеуіміз керек.Ауылымыздағы тігіншілерді ұлттық өрнекпен көмкерілген киім-кешектерді дайындау үлгісімен таныстыруға шақырамыз.Халықтың нені қастерлеп, нені құрметтейтіні жас ұрпақтың жадында болуы керек. Мейрам, тойдың өзіндік қадір-қасиетін түсіндіру, олардың жоюға жол бермеу де шәкірттердің көкірек көрігін үрлейді.Мектепте Наурыз мерекесін өз мәнісінде , дәрежесінде өткізу дәстүрге айналған. Оған ауыл тұрғындары да кеңінен қатыстырылады. Оқушылардың би,ән айту өнері тамаша көрініс табады.Көлөнер көрмесі ұйымдастырылады, ұлттық нақышпен өрнектелген бұл шарада алтыбақан құрылады.Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Наурыз ұлттық салт-дәстүрімізді жаңғырту үшін, ағайын-туыспен қауышу үшін қажет.Сондай жағдайда ғана наурызды жылдың ғана емес, елдің, жердің жаңаруының мерекесі ретінде жаңаша атап өту жөнінде шешім қабылдай аламыз» дегені бар.Міне,енді айтулы мерекенің салмағын бұрынғыдан да арттыра түсу үшін ауқымды шараларды өткізуге тура келеді.

Ұлтымыздың тұрмыс-салтының,тыныс тіршілігінен туған әдет-ғұрып,дәстүрлері ғасырлар бойы қалыптасып адамгершілік,тазалық тәрбие қағидалары іспетті.Олар уақыт өткен сайын жаңғырып,жаңа қырынан ашылып,жас ұрпақ үшін ғибраты молая бермек ,сондықтан бүгінгі таңда халық педагогикасына ерекше көңіл бөлу керек.Сондықтан Ата-бабаларымыз қалдырған мақал-мәтел ,аныз-әңгіме,әдет-ғұрып,салт-дәстүрлерді жас ұрпақты,соның ішінде орыс тілді оқушыларды тәрбиелеуде пайдаланғанымыз дұрыс.

Жаңа әлеуметтік даму жағдайында баланың жас ерекшелігін және қызығуы , танымын ескере отырып жас ұрпаққа тек білім беріп қоймай, қоғамның барлық саласына еркін араласатын, ұлттық және әлемдік

мәдениеттен нәр алған жеке тұлғаны қалыптастыру-бүгінгі күннің қажеттілігі.Ғасырлар бойы жер бетінде өмір сүре отырып, халық өзінің мәдени құндылықтарын електеп өткізе отырып, артына қалдырып отырды, ал бізге жеткендерін қадірлей білуіміз керек.Біз бесік жырларын, ұлттық киімді, ұлттық мейрамдарды,ұлттық кәсіпті сақтай және қорғай білуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А. Нурканов.Формирование общеказахстанского патриотизма как фактор становления этнополитической общности.Алматы 2001
2. С. Қалиев.Қазақтың халықтық тәлім–тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері.пед.ғыл.докторы диссертация.Алматы.1996.69-б.
3. М. Мұқанов.Жас және педагогикалық психологиясы.1982, 247-б.
4. Бала тәрбиесі.-2006-№ 2,2008-№ 4.

ӘОЖ 85

КҮЙ - ТӘҢІРДІҢ КҮБІРІ

Ғ.Ә. СҮЛЕЙМЕНОВА
мұғалім, 24 мектебі, Павлодар қ.

*Екі ішектің бірін қатты,
бірін қатты сәл-сәл кем бұра.
Қазақ нағыз қазақ емес,
Нағыз қазақ - домбыра*

Қ. Мырзалиев

«Ертеде бір аңшы жігіт болыпты, - деп айтылады «Қос ішек» күйінің аңызында, - сол аңшы жігіт биік таудың қиясын, қалың қарағайдың арасын тұрақ еткен бұғы – маралды аулап, кәсіп етте керек. Бірде жолы болып, биік таудың қиясынан теңбіл марал атын алады да, маралды етекте түсіру үшін ішек – қарынан ақтарып алып тастайды.

Содан арада айлар өткенде аңшы жігіт аң атуға ұрымтал жерді ғой деп баяғы теңбіл маралды атқан жерге соқса, құлағына бір ызындаған дауыс істіледі. Барлап қараса, өткенде атқан маралдың ішегін қарға – құзғын іліп ұшқан болып керек, қарағайдың бұтағына қос тін болып керіліп қалғанын көреді. Ызындаған дыбыстың сол ішектен шығып тұрғанын аңғарады. Қарағайдың бұтақтарына керіле кепкен ішекті сәл ғана жел тербесе ызындап, жаңға жайлы дыбыс шығарады. Оның өзі бірде уілдеп, бірде сарнап, енді бірде сыңсып жылағандай болып, аңшы жігітті алуан түрлі күйге түсіреді.

Сол жерде аңшы жігіт «қой мына қос ішекке тіл бітейін деп тұр екен, бір амал жасайын» деп ішекті үйге алып келеді де, бір аспап жасап, соған қос ішекті тағады. Содан тартып көрсе, шынындада қос ішекке тіл біткендей сұңқылдап қоя береді. Бұл үн аңшы жігіттің ғана жанын жадыратып қоймайды, тындаған жанның бәрін ұйытады. Осылайша домбыра көптің сүйіп тыңдайтып аспабына айналады».

Домбыра – қағып, шертіп ойнайтын шекті музыкалық аспап. Қазақтың ән-күй орындаушылық дәстүріне байланысты домбыра аспабының бірнеше түрі бар, олардың тек сырт пішіні ғана емес, ішек және перне саны да әр қилы болып кел.

Қазір домбыраның екі түрі кездеседі. Негізінен екі ішекті болып келеді. Үш ішекті домбыралар да бар. Қазақстанның батыс өңірі, Арқа мен солтүстік - шығыс өңірлерінің домбыралы ел арасында көп пайдаланылады.

Енді «күй» сөзіне келейік. К. Жұбановтың пікіріне саятын болсақ татар, сияқты түрік нәсілдес халықтарда жалпы саз өнері жанр бойынша дараланбаған, әлі синкретизм күйінде. Өзбек музыкасында ән, күй, би қатар жүреді екен. Татар тілінде әнді де, күйді де «күй» деп атайды екен. Яғни, қазақ саз өнері саз өнері де синкреттік дәуірді осы аталмыш халықтарымен бірге кешкенімен кейіннен жеке халық болып қалыптасқанда өнер түрлерінің генезисі жылдамдап кеткен. Сол себепті қазақта аспаптық музыка бөлек, ән өнері бөлек. Жоғарыда Қ. Жұбанов Махмут Қашғарийдың.

«Диван-и-лұғат » кітабынан мысал ретінде алған «ол көк ләнер» сөзін талдауға тырысайық. «Көк» сөзі дыбыс алмасу заңына бағынып «күй» сөзіне ауысып кетті дейік. Ал енді «ләнер» біздің ойымызша жазба грамматиканың жоқтығының салдарынан бірігіп кеткен сөз болуы керек. Осман түріктерінің тілінде «илән» деген сөз бар. Бұл сөз бір нәрсені жария ету деген мағынаны береді. Кей жағдайда «инану» сөзінің басындағы «и» дыбысы түсіп қалып «нану» сөзінің болып айтылады. Яғни, бұл күнделікті болып жататын жайт. Ал осы сөздері «ер» сөзі біздің ойымызша, әсіресе, осман түріктерінің тілінде көп кездесетін далып кеткен түрі «едиор»(қазақшы «етеді») сөзінің ықшамдалып кеткен түрі. Сонда пікірімізді жинақтай келгенде «ол көкі илән едиор» сөзі «ол күйді айтып» немесе «ол күйді жария етіп,паш етіп тұр» деген мағынаны білдіреді.

Қазақ даласы ұлы тарих көшінің талай дүрмекті дүрбелендеріне куә. Жер бесік пен тал бесіктің арасын мәңгі байланыстырып тұрған киелі тылсымды біздің ұлт өнермен ғана өлшенген. Өнер – адамзат баласының бүгінгі мен болашағы, сонау есте жоқ күндерінің арасын үзіліссіз байланыстарын күн мен түннің арақатнасы сияқты мәңгі ажырамас егізі. Кеменгер Абайдың сөзін саббақтасақ, «туғанда дүние есігін ашады өлең өлеңмен жер қойнына кірер денен» деген өмірлік қағиданың тіні тарқамақ. Өткен күндерден жеткен інжу – тері маржандар көне тарихтан осылайша тағылым береді. Қазақтың сайын даласы қай кезде де өнерге кенде болмаған. Ұлан ғайыр аймақтың, әр өңірдің өзіндік ерекшелігі белес-бедері, үні, әуезі, бояулы, екпіні бар. Әрине, өнер ауқымы кең, әрі сан - саласы екендігі де белгілі. Қазақ даласының өнермен өнерінің бірі –күй.

Қазағымың ғұмырына нәр бірген де, азаптан арашалаған да, алдынан жарқыраған ай боп туып алысқа шақырған да, асудан асырғанда, жауға шапса семсеріне күш берген де арғы – бергідей бар болмысының күре тамыры – күдіретті күй. Күйде ұлттық рух бар. Күй қазақтың өмір қазығы – ұлықты ұраны. Дарабоз дархан күйде де, күйшіні де өмірге келтірген, оған ұзақ өмір, мәңгілік мансап, биік тұғыр берген де халық. Сондықтан күй халқымен бірге насап, ғасырды ғасырға жалғап, өрелі өрімдерінен болашаққа бойтұмар тағып, өзі де өзіне табынғандарымен бақилық ғұмыр кешуді.

Егерде «қазақ күйінің тағдыры кімнің тағдырын елестетеді» деген сауал туса, біз «қазақ» күйінің тағдыры қазақтың өз тағдырын елестетеді деп жауап берер едік. Қазақ күй өнері өзінің биік өресімен де ғажайып, және қасіретке толы, жан-жақты дамыған қоғам тұрғысынан өзінің лайықты бағасын ала алмағандығымен де таңқалдырады. Күй шежіресіне ден қойсыңыз, ертедегідей болып ықылманға сіңген ескі заманда, ескі қоғамда күйдің орындаушының (немесе күйді шығарушының қандай тұғырда тұрғандығына көз жеткізесіз. Күй мен қоса шертілетін хикаяларда күйші ханның өзін тежейді. Адамдық салт – санаға табындырады. Және осылай екеніне ешқандай күмәнің болмасын. Ал қазіргі заманда күйдің ізгілігі, күй айтқан пәлсафа адамға ешқандай әсер етпесе – ол адамның кісілігі, ақылы кемерінен он елі төмен түсті деп біліңіз. Міне осы жерде күй зерттеу ғылымының міндеті он есе өседі.

Жоғарыда аталған күйлердің шығу тегі өнердің әлемсұттік функцияларының бірі тұрмыстық магия болған тарихи кезеңдерді қамтиды. Бізге жеткен көне күйлердің сырлы саздарында магиялық қасиеттердің кейбір жұрнақтары сақталған.

Уақыт өткен сайын ескі діни наным – сенімдер де ұмыт бола бастады. Қазіргі уақытта аңыз – күйлерің көпшілігі ертегі – әңгіме тәрізді болып қалды. Алайда, уақыт сағымның құрдымына кеткен өткен ғасырлардың сырлы үні біздің заманымызға сақтап жеткізген осы аңыз – күйлер екенін ешқашан естен шығармағанымыз жөн.

Шынында да,қазақ елі, жері, өнері десек, алдымен ауызға алып, ойға келетіні шегі жоқ сары дала, көшкен ел, аттың жалында, түйенің қомында туып, дүниеге келген ән мен күй.

Жек алып қарайтын болсақ, домбыра, оның күй өнері – тамыры тереңдегі тұңғыш ғылым. Ол қазақ даласының өнермен өнерлерінің бірі болып табылады. «Шың өнерді еш уақытта тот баспайды» - дейді халық даналығы. Бастауын әріден алған сан салалы күй өнеріміз өзінің дер биігінде, келісті кейіпінде. Ал бұрынғы күй дәстүрі аясында дамып, жаңа белес, жаңа үрдіс күй күдеріттің өміршендігін дәлелдейді.

Қорыта келгенде күй – халқымның қадір – қасиетті, күй –ділі, тілі парқымның дегендей, заманымыздың өміршең өнері бүгінгі күнге дейін сақталып, өміріміздің қазығы, ұлықты ұраны болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахмедияров Қ.«Күй ұран», Алматы - «Дайк - Пресс» - 2001ж.
2. Жүсіпов Б. «Желеді Байсын үйлері», Алматы - «Ғылым» - 2000ж.
3. Раймбергенов А., Аманова С. «Күй қайнары», Алматы – «Өнер» - 1990ж.
4. Сахарбаева К. «Атырау ән- күй мұхиты», Алматы - «Дайк - Пресс» - 2001ж.
5. Сахарбаева К. «Домбыра - дастан», Алматы «Мектеп» - 2002ж.
6. Б. Сарыбаев «Қазақтың ұлттық аспаптары» Алматы – 200ж.

ӘОЖ 808.51

АБАЙ МЕН ЫБЫРАЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ САБАҚТАСТЫҒЫ

Қ.С. ТАБИКЕНОВА
қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, лицей, Ақсу қ.

Бұл жұмысты Абай мен Ыбырай еңбектері, ойлары, көзқарастары арасындағы сарындастық, сабақтастық, тамырластық, ұқсастық жәйттерді қарастырудан бастау орынды деп білеміз. Мұның сан алуан қыры мен сыры бар.

Бұл екеуінің өмір жолдары, еңбек майдандары екі алуан болуымен қатар, екеуін бір туғандай ететін ұқсастық та аса айқын. Ол ұқсастық – олардың нәр алған тамырынан, аналық топырағынан туған. Екеуі де қазақтың киіз үйінде туылып, өз елінің өкілі болып шығуымен қатар, қазақ халқының ғана тіл, өнер, тарихи мәдениет ерекшеліктерінің көлемінде қалған жоқ, туысы қазақ болса да бұлардың өрісі, өсуі басқаша. Олар өздерінен бұрынғы қазақ баласы бармаған ырыс өлкесіне жетті.

Абай Ыбырайды жақсы білген. Кейін Абайдың өзі қадірлегендіктен қолжазбаларының ішінде Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларынан жасалған аудармалар қоса кірумен бірге, Ыбырай өлеңдері үнемі бірге көшіріліп жазылып жүрді. Абайдың өзінің тапсыруы бойынша солай болса керек. Бұл тегін емес. Бұқар, Дулат, Шортанбай – Абайдың қолжазбаларына жалғыз ауыз өлеңмен тұмсық сұғып кірмегенде, Ыбырайдың әрқашан Абай атымен бірге жазылып, жатталып, таралып жүруі, бұл екеуінің үні бір, үміті бір, арман бағыты және болашақ тағдыры бір ақын екендіктерін танытады. Бұған тағы да бір дәлел, олардың творчестволық толысу кезеңдері хронологиялық жағынан тұспа-тұс келеді. Бұл қазақ ағартушыларының екеуі де қазақ жерінің түкпір-түкпірінде танымал болатын. Ыбырай болса Торғай облысы мектептерінің инспекторы сынды аса жауапты қызметте болды. Оның «Қазақ хрестоматиясы» мен «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастапқы құралы» атты кітаптары қазақ жеріндегі қазақ-орыс мектептеріндегі оқу құралына айналды. Бұл екі жайттың Абай назарына ілікпеуі мүмкін емес. Сондай-ақ, Қарқаралыға көршілес Торғай уезінде өмір сүріп, қызмет еткен Ыбырай да Абай сынды атақты ақын әрі «тәбегиді» білмеуі мүмкін емес. Олардың поэтикалық шығармалары сюжеттік әрі стильдік жағынан да көп жағдайда ұқсас болып келеді. Олардың бірлік пен тағдырластық сыры кейбір шығармаларда, анығырақ айтсақ олардың табиғат лирикаларынан айқын аңғаруымызға болады. Дәл осындай өзара астасқан үндестікке көз жеткізу үшін, Ыбырайдың «Жазы» мен Абайдың «Жазғытұрымы» деген өлеңдерінен үзінді келтіруге болады. Мәселен, Ыбырайдың өлеңінде:

«Кеш болса күн қонады таудан асып,
Шапаққа қызыл алтын нұрын шашып.
Аһ ұрып шүкірлікпен құшақтасар
Рақатпен кеш уақытында неше асық...
Боз үйден таң алдында күйеу шықса,
Артынан қарар жары жүзін басып.
Адамзат сайран етер көңілі жай,
Секіріп ойын салар құлын мен тай.
Қой маңырап, сиыр мөңіреп шат болады,
Тасиды күркіресіп өзен мен сай»,[1]

– деп келетін өлең суреті Абайдың «Жазғытұры» өлеңінде:

«Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.
Шаруа қуған жастардың мойны босап,
Сыбырласып, сырласып мауқын басып.
Түйе боздап, қой қоздап-қорада шу,
Көбелек пен құстарда сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып карағанда,
Сыбдыр қағып, бұрандап ағады су»[2]

– деп, ұқсас сарында сипатталатыны бар, алайда бұл әрине, бірінің шығармасын бірі білгендіктен емес, қайта көшпенді өмірдің қайталанатын көріністерінен туған үндестік, бірлік. Екеуінде де асыға келген алты ай жаз адам тіршілігіне қолайлы да шаруаға ыңғайлы кезең екендігін білдіреді. Бұл кезеңдегі өлең-селеңмен бос өткізбей, шаруаның пайдалы жақтарына жұмсап, дұрыс пайдаланып, оның қадіріне жет дегенді ескертеді.

Ыбырайдың «Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым» атты жыры күні бүгінге дейін діни аңызға құрылған деп өзге шығармаларының көлеңкесінде қалып келді. Бас аяғы он тоғыз шумақтан тұратын бұл көлемді жырда Дәуіт пайғамбар, Тақ-Сүлеймен, Қыдыр-Илияс секілді дін өкілдерінің аты аталып, оқиға дамуына қатысқан болмаса, негізгі түйін адамгершілік, ынсап-қанағатшылық мәселесіне барып тіріледі. Жырдың басты кейіпкері билік-мансапқа, байлық-дәулетке тоймайтын әйгілі Ескендір патша. Ол дүниежүзін түгелге жуық жеңіп жаулап алса да, мұның бәріне қанағат етпейді, ең ақырында Ескендір өзінің уәзірі Қыдыр-Илиясты өлмейтін «мәңгі су» алып келуге жұмсайды. Қыдыр-Илияс суды тауып, өзі бір кесесін ішіп көреді де, бір кесе суды Ескендірге арнап алады, алайда сол судың басында «мәңгі судан» ішіп, жалғыз қалып, қайғыдан жапа шеккен бір патшаға кез болады. Ол бастан кешкен оқиғаны айтып, құдайдан өмір сұраса да қаза келмейтінін айтады. Қыдыр-Илиясқа ой түсіп, алып келген суды Ескендірге бермейді.

Жырда дүниеқоңыздық пен сакилық, өзәзілдік пен адамгершілік жайттары да жанама сөз болады. Бұл тұста ақын Қарынбайдың сараңдығы мен Атымтайдың жомарттығын салыстырып, сиыр мен түйе пірлері Зенгібаба, Ойсықаралардың еңбексүйгіштігін жастарға үлгі етеді.

Аталған жыр өзінің құрылысы мен мазмұны жағынан ұлы Абайдың әйгілі «Ескендір» поэмасын еске түсіреді. Екеуінің де басты кейіпкері қанішер де зұлым Ескендір. Оның тойымсыздығы мен зұлымдығы жөнінде Шығыста талай аңыз-әңгімелер бар. Алайда, солардың «мәңгі су» туралы анызы ерекше орын алады. Екі шығарманың өзара ұқсас мазмұнға құрылуы да осыны айғақтайды. Абай дастанында жорықта жүрген Ескендір әскерімен шөлге тап болып, кейін тәтті бұлақ суына кездесетіні, су басындағы бай елді жаулап алмақ ниетінің іске аспай, «көз сүйегіне» қанағаттанатыны мәлім. Ал, Ыбырайда оқиға өрісі сәл басқаша болса да, негізгі түйін Ескендір тойымсыздығын әшкерелеуге сәйкес Абай дастанымен астасып, өзектесе дамиды. Осыған орай екі шығармадағы Аристотель мен Қыдыр-Илияс өмірлік тәжірибені бойға жиған дана кісілер болып суреттеледі. Ыбырай жырының тобықтай түйіні адамгершілік мәселесіне келіп тіреледі:

«Иманды ер құдайынан ұялады,
Ұялып иесінен сый алады.

Ренжітпе пенде болсаң бейшараны

Көріп көңілі бір сынған бияла-ды...»[3]. Абай жырының да, тобықтай түйіні адамгершілік мәселесіне келіп соғылады:

«Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,
Бойыңа өлшеп сөйлесең, нең құрайды?
Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді,
Өз бағанды өзіннен кім сұрайды?!»[4].

Оқиға мазмұны мен көлемінің тіпті шешімінің аяқталуының көптеген айырмашылықтары бола тұра, бұл аталған екі шығарманың өзара бірлік-үндестігін атап айтуға болады.

Орыстың классикалық әдебиетінің әсерін қазақтың Абайы мен Ыбырайының шығармашылығынан да анық көруімізге болады. Мәселен, И.А.Крыловтың «Қарға мен түлкі» атты мысалының аудармасында Абай мен Ыбырай Крылов мысалының мазмұнын толық сақтап, өте көркем аударған. Мәселен, Абайда былай суреттелген:

«Көп жерден қалқам-ай,
Құмарын тарқамай,
Сізді іздеп келіп ем.
Сүйсінсін құлағым,
Тарқасын құмарым,
Әрине, бір салшы,
Асық боп келіп ем».

Ал, Ыбырайда:

«Сандуғаш, бұлбұлдарды көріп едім,
Жүзінді бір көруге келіп едім,
Даусыңды бір шығаршы, шаттанайын,
Сырттай асық болғаннан өліп едім,» - деп суреттеледі.

Абай Ыбырайға әсіресе, адамгершілікті, әділдікті, ғылым-білімді, адал еңбекті уағыздау секілді әлеуметтік мәселелерге қатысты пікір – толғаныстарының үндестігімен жақын сезіледі.

Мәселен, Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылық» атты өлеңі мен Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңдерін оқи отырып, екеуінің де білім-ғылымды уағыздаудағы мақсаттары бір екендігін аңғаруымызға болады.

Ыбырай:

Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар – деп жырлайды.

Ал, Абай:

Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, малда өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз-деп жырлайды.

Абайдың Ыбырай өлеңіне қызыққаны соншалық, оның бір өлеңін естіп, өз өнерімен салыстырады:

Ыбырай:

Адам көркі бас-тағы,
Маңдайдағы қас-тағы,
Кеңшілікте әркім дос,
Таршылықтағы қайырылған дос-тағы.

Абай:

Бес мүшеден бөлекше бас та өзгеше,
Қиғаш біткен маңдайда қас та өзгеше.
Кеңшілікте дос та дос, қасың да дос,
Таршылықта қайырылған дос та өзгеше,- депті.

Жалпы Ыбырай мен Абайдың өлеңдерін, әңгімелерін қай жағынан алсақ та, екі ақынның көздеген мақсаттары мен міндеттері бір екендігін аңғарамыз.

Демек, Ыбырай мен Абай шығармаларындағы үндестіктің негізгі түйіні: жастарды оқу-өнерге ұмтылуға, Отанын, елін сүюге, қажырлы еңбек ете білуге және адамгершілік мінез-құлыққа тәрбиелеу. Ыбырай мен Абай еңбектері, ойлары, көзқарастары арасындағы сарындастық, сабақтастық, тамырластық, ұқсастық жәйттер, әрине, бірінің шығармасын бірі білгендіктен, көшіргендіктен емес, керісінше оларды сол кездегі заман сарыны солай сөйлеткендіктен деп ұғынуымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алтынсарин Ы. Өнер - білім бар жұрттар. Алматы, 1989.
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1985.
3. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Алматы, 1962.
4. Құнанбаев А. Шығарманың бір томдық толық жинағы. Алматы, 1961.

УДК 81`1

ЯЗЫКОВАЯ КАРТИНА МИРА

С.Н. ТАЯНЫШЕВА

заместитель директора по ВР, колледж ПГУ имени С. Торайгырова

Язык - составная часть культуры и ее орудие, это действительность нашего духа, лик культуры; он выражает в обнаженном виде специфические черты национальной ментальности, поэтому концептуальное осмысление культуры может произойти только посредством естественного языка.

Отношения между языком и культурой могут рассматриваться как отношения части и целого. Язык может быть воспринят как компонент культуры и как орудие культуры (что не одно и то же). Однако язык в то же время автономен по отношению к культуре в целом, и он может рассматриваться как независимая, автономная знаковая система. Языковые знаки приобретают способность выполнять функцию знаков культуры и тем самым служат средством представления основных установок культуры, поэтому язык способен отображать культурно-национальную ментальность его носителей. Культура соотносена с языком через концепт пространства.

Наиболее яркой языковой особенностью, в которой отражена культура народа, являются фразеологизмы и паремии, метафоры и символы. Например, в языке закрепляются мифологемы, архетипы, стереотипы, обычаи, ритуалы, верования. Любой текст создается из языковых единиц низших уровней, которые при соответствующем подборе могут усилить культурный сигнал. Именно такими единицами являются пословицы.

Человек и человеческое издавна привлекали внимание представителей гуманитарного знания. Человек в лингвистике понимается как носитель определенной национальной ментальности и языка, участвующий в совместной деятельности (и что особенно важно - речевой деятельности) с другими представителями национальной общности.

Антропоцентрический подход, утвердившийся в языке, рассматривает явления языка в тесной связи с человеком, его мышлением, духовно-практической деятельностью. Лингвисты сделали вывод о том, что человек погружен в содержательный мир языка, что язык в указанном аспекте представляет собой питательную среду существования человека и что язык является участником всех психических, социальных его развитий. «Свойства языка настолько своеобразны, что можно, по существу, говорить о наличии у языка не одной, а нескольких структур, каждая из которых могла бы послужить основанием для возникновения целостной лингвистики» / Бенвенист 1974, с. 56/.

Язык нельзя объяснить без обращения к жизни, человеческой деятельности, так как языковая деятельность есть «форма жизни» человека / Витгенштейн 1953,9/. С помощью языка мы отражаем мир, а не описываем, так как описание, по мнению О.Г.Почепцова, это лишь одна из форм языкового отражения мира. Сфера применения языка столь многообразна, что она адекватна возможностям человеческого разума. Язык есть важнейшее средство не только общения, выражения мысли, но также аккумуляции знаний культуры, в нем оформляется концептуальный образ мира.

Основными лингвокультурологическими понятиями в нашей работе будут «язык - национальная личность - культура», тесное взаимодействие которых обосновано в работах В. фон Гумбольдта: «Сумма всех слов - это мир, лежащий между миром внешних явлений и внутренним миром человека..., изучение языка открывает для нас, помимо собственного его использования, еще и аналогию между человеком и миром вообще и каждой нацией, самовыражающейся в языке» /Гумбольдт 1956, 348/.

С точки зрения интересующей нас проблемы для нас важны два фундаментальных положения: 1) язык есть выражение «духа народа», его национальной культуры...; 2) язык есть важнейший способ формирования национальной «картины мира». Понятие картины мира строится на изучении представленной переработки информации о среде и человеке» /Цивьян 1990, 5/. Языковая картина мира формирует тип отношения человека к миру, задает нормы поведения. По мнению Ю.Д. Апресяна, каждый естественный язык отражает свой способ «концептуализации мира», а «концепт - это как бы сгусток культуры в сознании человека; то, в виде чего культура входит в ментальный мир человека» / Ю.С.Степанов/.

Языку принадлежит активная роль в культуре и познании. Он является уникальным средством, выделяющим человека из остального мира. Говорящий посредством языка отражает все, что его окружает, передает определенное содержание, «опредмеченное» с помощью языковых средств. Человек посредством языка фиксирует результаты своего познания окружающего мира. «Язык ни при каких условиях нельзя изучать как мертвое растение. Язык и жизнь суть неразделенные понятия» /Гумбольдт 1984, с. 112/. Сфера применения

языка столь многообразна, она адекватна возможностям человеческого разума. По мнению Бенвениста Э., при всем разнообразии можно выделить два общих свойства:

- 1) факт языка, как правило, неосознан;
- 2) мыслительные операции всегда получают выражение в языке/Бенвенист 1974, с. 104/.

Язык и мышление образуют диалектически противоречивое единство. Язык представляет разуму средства для выражения мысли. Язык является посредником в решении кардинальных вопросов отражения, преломления и интерпретации мира в мышлении и сознании человека.

Идея о языке как органе мысли принадлежит Гумбольдту В., который писал: «Язык есть орган, образующий мысль (Die Sprache ist das bildende Organ des Gedankens). Интеллектуальная деятельность, совершенно духовная, глубоко внутренняя и проходящая, в известном смысле, бесследно, посредством звука материализуется в речи и становясь доступной для чувственного восприятия. Интеллектуальная деятельность и язык представляют собой единое целое» /Гумбольдт 1984, с. 75/. Рассмотрение языка как динамического образования, как процесса и как продукта тоже принадлежит В.Гумбольдту. Совокупность знаний, запечатленных в языковой форме, представляет собой то, что в различных концепциях называется то как «языковой промежуточный мир», то как «языковая репрезентация мира», то как «языковая модель мира», то как «языковая картина мира».

М. Хайдеггер писал, что при слове «картина» мы думаем прежде всего об отображении чего-либо, «картина мира, сущностно понятая, означает не картину, изображающую мир, а мир, понятый как картина» (Хайдеггер 1986, 103). По мнению В.А. Масловой, между картиной мира, как отражением реального мира, и языковой картиной мира, как фиксацией этого отражения, существуют сложные отношения. Картина мира может быть представлена с помощью пространственных (верх - низ, правый - левый, восток - запад, далекий - близкий), временных (день - ночь, зима - лето), количественных, этических и других параметров./Маелова 1997, 48 - 49/.

Термин «картина мира» впервые был предложен Л.Витгенштейном. В антропологию, семиотику (науку о знаковых системах), а следовательно, и в лингвистику (ибо язык есть самая общезначимая система знаков) термин был введен немецким ученым Лео Вайсгербером. Известный современный семиотик, лингвист и философ В.Руднев определяет «картину мира» как «систему интуитивных представлений о реальности».

В философии картиной мира называют «совокупность предметного содержания, которым обладает человек» (Ясперс) и выделяют чувственно-пространственную картину мира и духовно-культурную.

В качестве рабочего определения мы предлагаем под языковой картиной мира понимать зафиксированную в языке и специфическую для данного народа языкового коллектива схему восприятия действительности. Таким образом, языковая картина мира - это своего рода мировидение через призму языка.

Языковая картина мира изначальна, она предшествует специальным картинам мира (химической, физической и др.). Только через язык человек способен понять себя, свое место в мире, в целом, понять мир.

Языковая картина формирует тип отношения человека к миру, задает нормы поведения.

Таким образом, роль языка состоит не только в передаче сообщения, но «в первую очередь, во внутренней организации того, что подлежит сообщению» (Авоян, 1995). В итоге формируется мир говорящих на данном языке, то есть языковая картина мира как совокупность знаний о мире, выраженных средствами данного языка.

Каждый естественный язык по-своему членит мир, т.е. имеет свой специфический способ концептуализации. Иными словами, в основе каждого конкретного языка лежит особая модель, или картина, мира, и говорящий обязан организовать содержание высказывания в соответствии с этой моделью.

Языковая картина мира противостоит научной. Известно, что «образ мира, запечатленный в языке, во многих существенных деталях отличается от научной картины мира» (Апресян 1995, 5). Уместно привести пример, который любил В.В. Виноградов: мы говорим *Солнце село / взойшло / поднялось высоко; восход, закат...* вопреки нашим научным знаниям, опираясь не на коперниковское доказательство, а на наше непосредственное восприятие.

В целом языковое отражение картины мира носит донаучный характер: в нашем словоупотреблении легко можно заметить следы мифопоэтического, архетипического мышления. Ср.: *подножье горы, устье реки, горный хребет, рукава реки...* - пространство «очеловечивается», описывается с помощью «антропоморфного кода». Языковая картина мира опирается не на научные открытия, а на наше непосредственное восприятие. Ее часто называют наивной.

Язык есть важнейший способ формирования и существования знаний человека о мире. Отражая в процессе деятельности объективный мир, человек фиксирует в слове результаты познания.

Понятие картины мира (в том числе и языковой) строится на изучении представлений человека о мире. Если мир – это человек и среда в их взаимодействии, то картина мира – результат переработки информации о среде и человеке. Таким образом, представители когнитивной лингвистики справедливо утверждают, что наша концептуальная система, отображенная в виде языковой картины мира, зависит от физического и культурного опыта непосредственно связана с ним. Ю.Д. Апресян подчеркивал донаучный характер языковой картины мира, называя ее наивной картиной.

Термин «языковая картина мира» – это не более чем метафора, ибо в реальности специфические особенности национального языка, в которых зафиксирован уникальный общественно-исторический опыт определенной национальной общности людей, создают для носителей этого языка не какую-то иную, неповторимую картину мира, отличную от объективно существующей, а лишь специфическую окраску этого мира, обусловленную

национальной значимостью предметов, явлений, процессов, избирательным отношением к ним, которое порождается спецификой деятельности, образа жизни и национальной культуры данного народа.

Картина мира, которую можно назвать знанием о мире, лежит в основе индивидуального и общественного сознания. Язык же выполняет требования познавательного процесса. Концептуальные картины мира у разных людей могут быть различными, например, у представителей разных эпох, разных социальных, возрастных групп, разных областей научного знания и т.д. Люди, говорящие на разных языках, могут иметь при определенных условиях близкие концептуальные картины мира, а люди, говорящие на одном языке, – разные. Следовательно, в концептуальной картине мира взаимодействует общечеловеческое, национальное и личностное.

Картина мира не есть простой набор «фотографий» предметов, процессов, свойств и т.д., ибо включает в себя не только отраженные объекты, но и позицию отражающего субъекта, его отношение к этим объектам, причем позиция субъекта — такая же реальность, как и сами объекты. Языковая картина мира в целом и главным совпадает с логическим отражением мира в сознании людей. Но при этом сохраняются как бы отдельные участки в языковой картине мира, к которым, по нашему убеждению, относятся пословицы и поговорки.

Елімізде болып жатқан экономикалық реформа кірме сөздердің негізінде жасалған терминдер мен неологизмдерге, егеменизмдерге толығуда. Қазақстан егемендік алуына байланысты көптеген сөздер енді. 1991 – 2005 жылдар арасындағы экономикалық өзгерістерге байланысты енген сөздер Президент Н.Ә. Назарбаевтің публицистикалық шығармаларында көрініс тапты. Егеменді республиканың тарихы тікелей Н.Ә. Назарбаев есімімен байланысты. Демек, бұл – жылдарды «Назарбаев дәуірі» десек артық айтпаймыз. Тарихта жеке мемлекет басшысының есімімен тарихи оқиғалардың болғанын оқып – біліп жүрміз. Мысалы: *Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы, Әз Тәукенің жеті жарғысы, Абылай аспас арқаның сары белі* т.б. Бұндай үрдістің бүгін болмаса да ертең айтылатынына күмән жоқ. Қазақта туу туралы күәлік болмаған. Нәресте дүниеге келгенде белгілі бір ірі оқиғаға байланысты теліп, ат тергеген. Мына, қара бала Сағындайдың асы болған жылы туған. Немесе, қасқа биенің құлындаған жылымен де есептей салған. Бұны айтып отырғанымыз ертең Егеменді елдің балаларын «Назарбаев заманында» туған деп айтатынымызға дау жоқ. Бүгіннің өзінде өткен оқиғаны Андропов заманы (араққа тиым салған жыл), Горбачев заманы (қайта құру), Қонаев заманы (коммунизм), Колбин заманы (желтоқсан оқиғасы), Назарбаев заманы (егемендік) жылын айтпай мөлшер, долбармен сөйлеп жүргемізді көбіміз елеп – ескере бермейміз. Тарихи қоғамдық формацияның өзгеруімен мемлекет басқаратын тұлғаның қабатаса келуі сирек кездесетін жәйттің бірі. Н.Ә. Назарбаев қоғамдық формация өзгерісімен қат – қабат келген тарихи тұлға. Бұл арада салыстырмалы әдістеменің жұмыс істеуі заңдылық қой. XVII ғасырдың бірінші жартысының үштен бірін І Петр патшаның есімімен байланысты әдеби тілдің дамуын «Петровская эпоха» - деп бөліп алып зерттеу қалыптасқан. Қараныз: (Горшков А.И., Ларин Б.А., Каволевская Е.Г., Мещерский Н.А., Судавичене Л.В., Сердобинцев Н.Я., Кадькалов Ю., История русского литературного языка (хрестоматия). Болған өзгерістерді зерттеушілер І Петрдің елдің өміріне әкелген жаңалықтармен өлшейді. Орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкин «Историческая проза» - деген еңбегінде Петрдің тарихына жан – жақты талдау жасап, жылы – жылы пікірлер білдірген.

Соның кейбіреуін ғана атап өтейік:

- Жаңа жылды І қаңтардан бастап белгілеу;
- Ұсақ мыс тиынды жасау туралы 15 мамырдағы жарлық;
- Кішірейтілген есіммен жазуға салынған 30 желтоқсандағы тыйым;
- 16 мамырда Троица күні С. – Петербургтің қалануы;
- І Петр Петербургте тұңғыш рет әскери кемені салады;

- Шет елге инженерлік, кеме өнерін үйрену үшін, сәулет өнерін менгеруге және т.б. ғылымдарды оқып-үйрену үшін жас балаларды жібереді.

Бұл оқиғаның бәрі XIX ғасырда болған І Петрдің арманы реформа жасап, мешеу қалған Ресейді озық елдің қатарына шығару еді. Қазақстан Республикасы КСРО құрамынан бөлініп өз алдына отау тігіп, егемендігін алды. Сәл шегініс жасап, тарихқа көз салсақ қазақ түркі құрамынан ақырын білінбей ғана еншісін алып (ноғайлы – қазақ) бола жүріп XV ғасырда бөлініп шыққан еді. Бұл да егемендік еді. Бастаған әңгімемізге қайтып оралар болсақ: *XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың алғашқы кезеңі тарихта Елбасы Н.Ә. Назарбаев есімімен қалары сөзсіз.* Ауызекі сөйлеу тілінде «Назарбаев заманы» (егемендік алған жыл) деген бір адамның өмір жолына, басшылығына байланысты тұрақты тіркестер баяғыда қалыптасты. «Назарбаев дәуірі» - дегенде еліміз егемендік алғаннан кейінгі болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарды айтамыз. Барлық аймақтарда әлеуметтік – экономикалық он өзгерістер болып жатыр. Шет елдермен тікелей байланыс күшейді. Бұрын шет елге шығу үшін Мәскеуге аузымызды ашып қарап отыратынбыз не берер екен деп. Әлеуметтік – экономикалық жағдай тілді де қозғады. Кеңестер Одағы дәуіріндегі күлді – бадам болып жетім бала «көркемтайдың» күйін кешкен қазақ тілі де толық егемендігін алды. Басқа тілдің субстарт (өктемдігінен) құтылды. Қазақ тілінің жаңа сападағы даму ерекшелігі келіп туды. Қазақ экономикасы қай саланы болмасын қамтыса, сол салаға байланысты қазақ тілінде терминдер, түрлі баламалар, сөздіктердің қажеттігі сезілді. Бұрын орыс тілі арқылы ғана басқа елдердің экономикасы мен мәдениетін танысақ, ендігі жерде сол елдің тілін меңгеру арқылы қарым – қатынасқа шығуға жол ашылды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан Республикасы мынандай өзгерістерге ие болды:

- Наурыз – мейрамы жаңа жыл есебінде 22 – наурызда атлып өтетін болады;
- Ұлттық валютамыз теңгемізді шығардық;
- ов, ев- тардан құтылып, ұлы, қызы, тегі – деп аты- жөнімізді жазатын болдық;
- Астана белгілі мақсатқа байланысты Ақмола, қазіргі Астана қаласына көшірілді;
- Каспий теңізіндегі мұнай қоры игеріле бастап, тұңғыш өз әскери – теңіз флотымыз құрылды;
- Шет елге «Болашақ» бағдарламасы бойынша жастар оқуға жіберілді, бұд бірен – саран ғана мысалдар. Ал,

айта берсек жаңалықтың ұшы – қиыры жоқ. І Петер мен Н.Ә. Назарбаевтың саясатының тарихи ұқсастығы ма, әлде кездейсоқтық па? Терең барып байыптасақ екеуі де өз туған еліне ұлттық мүдде тұрғысынан қарағандығын көреміз. Қазақ тілінің хал – жағдайы Елбасы Н.Ә. Назарбаевті толғандырмай жүрген жоқ. Кейбіреулер бәрі тез – тез бола қалғанды аңсайды. Тіл саясаты оған көнбейді. Тіл де аяғын тәй – тәй басқан жас бала сияқты. Қазақ тілі күндердің күнінде, егемендігімізді алғандай бірақ күнде шешіліп, бір тілде сөйлей салатын күннің тууыда ғажап емес. Халқымыздың саны болашақта оралмандар есебінен 20 миллионға жетсе. Орыс тілділер талаптың күштілігінен мемлекеттік тілді өзінен өзі білуге тура келеді. Тілге деген қажеттілік, мәжбүрлік жаңа хал – ахуал тудырады. Жалпы тіл мәселесі шыны керек бұл да Елбасының көрегендігінің арқасында жүзеге асады. Қандастарымыз қазақ тілінің шұрайын тасушылар (носителіей языка). Сондықтан барлық тіректі соларға салу керек. Елге қайтуына барлық жағдай тудыру керек. Әсіресе, қытай, өзбек жеріндегі қазақтардың оралуына көңіл бөлінсе екен. Сыртқы фактордың (көне сөздер тобы) ішкі факторға күшті әсер етері сөзсіз. Ал, ішкі фактор болып табылатын қазақ тіліне қатысты тіл саясатын күнен – күнге күшейте берген дұрыс болар. Жоғарыда айтылған, сыртқы фактордың бір саласы болып табылатын (қандастардың көптеп келуі) қазақи тілдік орта қалыптастырып, ішкі тіл саясаты (қазақ-орыс тілдерінде) сөйлеу теңесіп барып, келе-келе қазақ тілінде сөйлеу басымдық алады да тіл мәселесі өзінен өзі шешілетін болады. Тіл саясатына не жатады? Біріншіден, қазақтардың өздерінде ұлттық намыс болуы керек. Қазақстанды мекендеп жатқан 130 – дан астам ұлт пен ұлыс, этникалық топтар, тайпалар өкілдері өз тілдерін ғана біліп қоймай қазақ тілінің де қажеттілігін мойындап, сол тілдің дамуына атсалысулары керек. Қазақстан олардың ана тілінің дамуына қалай көмектессе, олар да қазақ тілінің дамуына солай қарымта жауап қайтаруы керек. Қазақ тілі бұрынғыға қарағанда расында сәл де болса ілгері жылжыды. Жоғарғы деңгейдегілерден бастап (өкімет, үкімет, мәжіліс депутаттары, әкімдер т.т.) қазақ тілінде сөйлей бастады. Бірақ, сөздің шыны керек кейбір басшылар ауру қалса да әдет қалмайдының керін келтіріп жүр. Президенттің өзі қазақ тілінде емтихан тапсырды. Бұл үрдіс төменгі буындарға да жалғасып, өміршеңдігін танытты. Мемлекеттік тілде тест тапсырып, мемлекеттік тілде сөйлеу мәселесі расы керек күн сайын жандануда. Бірақ та әлі де болса, баяу жүруде.

Қазақ халқына «егемен» сөзінің баламасы есебінде *ие, иелік* сөздері ежелден бар. Түркия елінде: *егемен үлке, егеменлі жұмхурят, Улусал Егеменлік* сөздері кеңінен қолданыс тапқан. Осыған орайлас 1991 жылы «*суверені*», «*суверинитет*» сөздерінің мағынасы *егемен, егеменді, егемендік* сөздері термин ретінде қалыптасып, тілімізге орнықты. Бұрынғы «Социалистік Қазақстан» газеті «Егемен Қазақстан» газеті болып құрылды. Сондықтан біз Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін енген сөздерді «*егеменизмдер*» - деп атауды лайықты көрдік. Яғни, жаңадан енген сөздерді оның ішінде терминдерден бөлек, аралас тіркеске бейім сөздерді кіргіземіз. Бұл арада басын ашып алатын мәселе, термин – терминдерге басты қасиет дара мағынаға ие болу. Екіншіден, эмоциональды бояуы, экспрессивті қызмет дегендер болмайды. Тіл білімінде орыс тілінен енген сөздер арнайы сөз болып біраз зерттелген. Ал, интернационалдық сөздер зерттелмеді. Тіл білімі араб – парсы – иран. монғол тілдерінен енген сөздерді кірме сөздер – деп қарастырады. Содан әрі аспайды. «Қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасауда қазақ тілінде толық баламасы жоқ шетел және орыс тілдерінен кірген интернационалдық терминдер аударылмай қабылдансын деген принцип басшылыққа алынды» (Аханов 1993: 163 - бет). Бірақ, кей жағдайда

солай бола бере ме? Ә. Қайдаров: «... интернационалдық термин атаулары қазақ тілінде де қалыптастыру, тұрақтандыру қажет» - дегеніне қосыламыз (Егеменді Қазақстан №52 (20127) 1992). Аударуға келмейтін баламасы жоқ сөздерді аударудың қажеті жоқ деп түсінеміз. Бұл арада әңгіме басқа тілден енген сөздер мен төл сөздің тіркесі жөнінде болып отыр. «Аралас тіркес» - деген тіл ғылымында жоқ термин. Бұл терминнің ыңғайсыздығы да сонда тіліміз шұбарланып кетеді, қойыртпақтанып кетеді деген қорғанудан да болса керек. Бірақ, тілімізде ертеден орнығып, орын тепкен «атауы жоқ тіркес» қолданыс тапқалы көп жыл болды. Рас, орыс тілінен аударылған кейбір сөздерді бір сөзбен беру мүмкін емес. Кез келген орысша – қазақша сөздіктерді қараңыз. Әсіресе, техника саласындағы сөздерді аудару қиындық тудырады. Сол салада маманданған маманның қатысынсыз техника жабдығын аудару күлкілі жағдайға әкеледі. Тегіктің жұмыс істеу принципін білмеу, оның атқаратын қызметін білмей аудару да сәтсіздікке ұрындырар еді. Лингвистика *күрделі сөз, сөз тіркесі, тұрақты тіркес, шектеулі тіркес* – дегендерді біледі. Және бірін – бірінен ажыратып – таратып та берген болатын. Мысалы, *сөз тіркесі әрбір сыңарының мағынасы айқын және әрбір сыңарына жеке – жеке сұрақ қоюға болады* т.б. (Сайранбаев 1976: 17 – 18 бет). Олай болса «аралас тіркес те» тілімізде қолданыс тауып жүр. Мойындайтын уақыт болды. Міне, осындай сөз тіркесін «аралас тіркес» - деген қолайлы ма, әлде «егеменизмдер» - деп қолданған қолайлы ма? «Аралас тіркес» - деп алсақ, қазақ халқына баяғыдан енген орыс, шет тілдерді қосуға тура келеді. Ол сөздердің кейбірі қайранға шыққан шабақтай заман ықпалына шыдамай қолданыстан шығып та қалды. Демек, 1991 - 2030 жылдар аралығында енген сөздерді интернационализмдер демей – ақ «егеменизмдер» деген дұрыс па дейміз. Бұл термин жөнінде оқырман не дейді. Егеменизмдер дегенде, аралас тіркес пен терминдік тіркестерден бөлек сөздерді айтамыз. Ондай сөздер нарық эканомикасына байланысты көптеп енді. Және бұл сөздерді елбасымыз Н.Ә. Назарбаев шығармаларының тілі арқылы талдап, көрсетуге болар еді. Өйткені, ХХ ғасырдың соңы мен ХІХ алғашқы жылдарындағы енген сөздердің барлығы Н.Ә. Назарбаев шығармаларында топтасқан, көрініс тапқан. Шығарманың өзінен нақты мысалдар келтірсек, былай болады.

Зат есімді тіркестер: *экономиканы дағдарыстан шығару, қоғамдық организм, қазақ диаспорасы, лидерлер ұсынатын, ортақ валюта, процесс өркениеттері, банк жүйесі, инфрақұрылымды дамыту, депутаттың корпусы, стратификациясына байланысты, инвесторымызға сенім артуымыз, консультациялар беру, авиация ұйымы.*

Кірме сөздердің зат есімнен вербиалдық әдіс арқылы жасалуы: *қатынастарды реформалау, кәсіпорындарын конверсиялаудың, экономикасын милитарландырылуынан, интеграциялануына, диверфикациялау, транзитті жүріп – тұруы, реформалау монополиясыздандырылуы.*

Екі сөздің бірігуінен жасалған сөздер: *инфрақұрылым, этносаяси, компартиялық, геосаяси, космодром, технополитер, технологиялар, технопарктер, телекоммуникацияны, этнодемографиялық, геостратегиялық, биосферасын, Евразияның геосаяси картасы, гиперинфляция, партаппараттан, Ұлыбритания, этнодемографиялық.*

Көбіне анықтауыштық қатынастағы сын есімнен болады: *тоталитарлық режимнің, стратегиялық мақсаттар, президенттік республика, концептуальдық бағыт, қатаң диалектика, тең принцип, державалық саясат, валюталық нарық, индустриялы елге айналуымыз қажет, концептуальдық тұрқы, демократиялық бейбітшілік, тарихи – этикалық терретороясы, шовонистік пиғыл, коммерциялық құрылым, экономикалық апат, импорттық технологияларын, коммерциялық өнімді, ғылыми – техникалық потенциалына, интеллектуалды меншік, нарықтық механизмдер, демократиялық және иммиграциялық саясат жүргізу.*

Ономастикалық атау, географиялық жер атаулары: *Жопония, Оңтүстік Корея, Сингапур, Гавана, Гонконг, Тәжікстан, Тайланд, Түркия, Иран, Ресей, Қытай, Қазақстан, Арал – Тынық мұхиты, Каспий, Жерорта және Қара теңіз, Украина, Беларусь, Өзбекстан, Франция, Англия, Мексика, Латын Америкасы.*

Қысқарған сөздер: *ФРГ, ТМД, АҚШ, НАТО, ОМОН, КСРО, ҚХР, БҰҰ.*

Н.Ә. Назарбаев шығармалары публицистикалық стилге жатады. Демек, айтайын деген ойы газет беттерінде, журналда, кезектен тыс шығатын кітаптар мен кітапшаларда, радио – кино тележурналдарда, қоғам арасында оқыған лекцияларында көрініс тапқан. Публицистикалық стиль кітаби стильдерге қарағанда анағұрлым танымал түр. Ол қоғамның барлық саласын: саяси – идеологиялық, қоғамдық – экономикалық, мәдени және т. б. жақтарын қамтиды. Публицистикалық стильдің таралуына қоғамдық жалпы ақпараттың рөлі үлкен болса, насихаттауда – баспасөздің, радионың, кино, теледидардың да маңызы зор. Мұның жарқын мысалы Н.Ә. Назарбаев шығармалары бола алады. «*Публицистический функциональный стиль, так же как и другой стиль языка, имеет свою специфическую фразеологию*» - дегендей (Панфилов 1984: 192 бет). Н.Ә. Назарбаев шығармасында фразеологиялық көрікті ой, белгілі бір мағына беріп, сөзді астарлап жеткізудің нақты құралына айналған. Айталық, *жұмыр басты пенденің* (қарапайым қатардағы адам), *көлеңкелі жасақтары* (орыс тіліндегі теневая экономика) – дегеннің баламасы ретінде бірақ (жаман қылықтары) дегенді білдірсе, *қараңғы түнек* (алды бұлдыр), *тескенттаудың ар жағында* (алыс), *табан жолымызды* (сара жол) *тың жол* (бағыт, бет) деген ұғымды, *қызыл кеңірдек* (дау - дамай), *қарманып жүріп* (өзі ізденіп), *мидай араласып* (қарым - қатынас), *құлқын сәріден* (таң бозынан), *күніміз қараң* (хал – жағдайдың ауыр кезі), *көкірек қағу* (кеуде соғу) т. б.

Тұрақты тіркестердің публицистикалық жанрдың өтімділігін, оның жүгін көтеретін жақтары да жоқ емес. Мысалы, *домбыраның құлағында ойнауға, қағанағы қарық, сағанағы сарық, ілуде бір қол тиетін, арқа еті арша, борбай еті борша, еңбек ет те, міндет ет, тіл сүріндіретін, үш ұйықтаса түсіне де кірмеген, тамырына балта шапты, маңдай термен келетін, бәрінен жұрдай, жер аударылған, жазалылардың жолы, теориялық*

негіз, экономикалық жағдай, ауыр нәубет, дөрекі басшылық, қарақан бастың қамы сияқты да бүгінгі хал – ахуалға байланысты тіркестер пайда болды.

Немесе фразеологизмдерді эмоционалды – экспрессивті сөз орайына икемдеп, келтіре қолдану бар. Мысалы, *құлақ естіп, көз көрмеген, жан түршігерлік жағдай, жүрегіне жазылмастай жара салды, сайрай беріпін, нұрлы болашаққа, құлағымыз сарсыған, жел қуған қаңбақ* – деген фразаның этимологиясы халықтың шешендік сөзінен жеткенін байқау қиын емес.

Н.Ә. Назарбаевтың өзіндік сөз саптауы да жақсы танылады: *сүтін талшық ететінбіз, ныспысын, керегар, шатқалдарын, үйелмені, ауқат* (кей жерде диалекті), *жалға, жетімке, шынтуайтында, меселі қайтып, қарекетін кешіп, тәркілеу, қара қауесет, мықты қожалық, жеседегабыл, құстаналап, жалгерлік, ақылман, шаруагер, қырсық шалып т. б.*

Мақал – мәтелдерден: *қазақша жеті атасын білмеу мүлде ұят* («жеті атасын білмеген жетесіз») – дегеннің қара сөз үлгісіндегі түрі. «*Асыра сілтеу болмасын, Аша тұяқ қалмасын*», «*Қазақ ауылын Қазан сытырғышымен ұшықтаймыз*» тарихи ұлттық намыс, заман тынысы сезіледі. Мынандай образды сөз тіркесі де бар: *қолды сәл батырсаң, қабығында саусақтардың ізі қалатын* (нан турасында) әңгіме болып отыр немесе *боп – боз болып, жыр сүйер қауым, қуатты тамырлар, бір нәрсенің салқынымен алмасты, жасөспірім, жәрмеңкеде, маған да бір нәрсе жұғыпты, еңбекақы, жеседегабыл, сұхбатта, ойысқанда, қатерлі көктем т.б.* авторлық қолданыстағы сәтті сөздерді айтуға тиістіміз.

Қорыта келгенде, соңғы он жылда тіліміз шет тілінен енген сөздермен байыды. Жүре келе кейбір сөздер қолданыстан шығып, орнына басқа сөздер келеді. Ал, кей сөздер біздің заңдылыққа сай өзгеріп сөздік қорға енеді. Оны өмір дәлелдеп отыр. Тіліміз егемендік алғалы мазмұны жағынан, қолданыс өрісі жағынан өсті. Бұрынғы архаизм сөздердің мағынасы кеңіп, аясы өсті. Мысалы, *әкім, ханымдар, мырзалар т.б.* Кей сөздер келмеске кетті, мысалы, *лениндік комсомол, пионер, октябяттар, учком, финотдел, райфо, горком т.б.* Болашақта облысты – аймақ, республиканы - мемлекет, президент – елбасы деген сөздер ығыстырады. «Сөзжасам» термині өріс алады. Мысалы: *төр* (төрайым); *төр + аға* (төраға), *төр + алқа* (төралқа) т. б. Біз, Н.Ә. Назарбаевтың қазақ тіліне деген қамқорлығын шығармаларының тілі арқылы дәлелдемек болдық. Бұл алдағы істің мысқылдайы ғана. Дегенмен, 1991 жылдан бастап егемендік алған жылымыз ғасырда Н.Ә. Назарбаев атымен қалатыны шындық. Тек қана, тіл мәселесін ғана Елбасының атымен байланыстырмаймыз, әдет – ғұрып, салт – сананы да сол кісінің атымен тығыз байланыстырамыз. Нұрсұлтан (жас балалар) Нұрекеңнің атымен келгендер. Қазақ ежелден, мына бала қай жылы туды десе, Нұрсұлтанның ел билеген заманында туған деп айтып – жазып бергеннің куәсі боламыз. Осыған байланысты, «Нұрсұлтанның нұрлы жолы» - деген фразеологизм баяғыда қалыптасты. Олай болса, бұл дегеніміз тарихқа жіп тағып, одан әрі сабақтағанымыз болып шығады.

Тарихи оқиғамен мен тарихи тұлға бір болған соң, екеуін бөліп алып қарау мүмкін емес. Демек, барымызды бағалай білетін, қолда бар алтынды көздің қарашығындай қадірлей білетін, көзі тірісінде жақсының жақсылығын айтып, нұрын тасытатын қазақтың асыл қасиетін бағалай білетін күн туды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Әділеттің ақ жолы. Алматы, 1991.
2. Назарабаев. Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. Алматы, 1992.
3. Назарбаев. Н.Ә. Реформаларды түбегейлендіру, жалпыұлттық келісім арқылы жанарған Қазақстан. Алматы, 1994.
4. Горшков А.И. История русского литературного языка. М., 1969. С. 169.
5. Ларин Б.А. Лекция по истории русского литературного языка (середина XVIII в) М., 1975. С. 275.
6. Каволевская Е.Г. История русского литературного языка. М., 1978. С. 141.
7. Мещерский Н.А. История русского литературного языка. Л., 1981. С. 139.
8. Судавичене Л.В., Сердобинцев Н.Я., Кадькалов Ю. История русского литературного языка. Л., 1984. С. 99.
9. История русского литературного языка (хрестоматия) М., 1989. С. 163.
10. Пушкин А.С. Историческая проза. М., 1950. Т. 6. С. 259 – 598.
11. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1993. 163 – б.
12. Сайранбаев Т. Күрделі сөз тіркестерінің кейбір мәселелері. Алматы, 1976. 17-18 бб.
13. Панфилов А.К. Сборник упражнений по стилистике русского языка. М., 1984. С. 192.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – ЕУРОПАҒА АШЫЛҒАН ТЕРЕЗЕ

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., профессор, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының директоры,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Латын алфавитін қабылдау туралы жер-жерде әңгіме болып жүр. Бұл арада, басы ашық әңгіме /латын әріптеріне негізделген жаңа қазақ әліпбиіне/ көшу туралы болып отыр. Атап айтсақ, бұл мәселе төңірегінде: Қазақстан Республикасы бұрынғы Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетінде 1996 жыл, 21-ақпан латын әріпін компьютерде пайдалану жөнінде: Әлия Бөлеген, Гүлсім Бөлеген, Бөтен Төрехан, Әлмағамбет Төрехан, Мұрат Алатай өз жобаларымен таныстырды. Көрінекті ғалымдар: С. Қирабаев, А. Сейдімбетов, Р.Нұрғалиев, З.Ахметовтар т.б. латын жазуына көшудің пайдалы жақтарын айтты. Ең алғашқы рет 1996 жылы 6- наурызда Үкіметтің Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінде жаңа әліпбиге көшу жөнінде іс қаралды. Премьер-министрдің 1996 жылғы 16-сәуірдегі №176 өкімімен жұмыс тобы құрылған еді.

2006 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халықтары (халқы-А.Қ.) Ассамблеясының XII сессиясында «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездегі біз оны кейінге қалтырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдылыққа ие. Және де көптеген елдер, соның ішінде посткеңістік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жыл ішінде мәселені зерделеп, нақты ұсыныстарымен шығуы тиіс» - деді. ҚР.ҰҒА академигі Әбдуәли Қайдаровтың «Латын әліпбиінің болашағы зор» - деген көлемді мақаласы да осы келелі істің басталуына түрткі болды (Ана тілі, 1991 қой жылы, қарашаның 7-сі). Жуықта мемлекеттік қайраткер, жазушы Әбіш Кекілбайұлының «Өркениет өзегі» атты көлемді мақаласы жарық көрді. Онда: «Тарихи жазудың төрт жүз түрі болғанымен, бұл заманда соның жиырмадайы қолданыста жүргенімен, ең көп қолданылатын бес жазудың қатарына - әлем тұрғындарының 30 пайызы пайдаланатын латын, 10 пайызы пайдаланатын кириллица, 10 пайызы пайдаланатын араб, 20 пайызы пайдаланатын буындық-үнді, 25 пайызы пайдаланатын түбірлік-қытай жазулары жатқызылады. Ал қалған грек, еврей, эфиоп, гүржі, әрмен және басқа тілдерде жер шарының бар болғаны 5 пайызы ғана жазып – оқиды» - деген еді (Егеменді Қазақстан, №128 (24703) 17 мамыр, 2007 жыл).

Біздің білетініміз өркениетті елдің қатарында көріну үшін, қатардан қалмау үшін, бүкіл ел компьютерлену дәуірінде отырғанда әлемдік еркін нарыққа ену үшін латын әрпіне негізделген жаңа қазақ әліпбиіне көшу күн құрғатпайтын мәселе.

Біз бүгінгі әңгімемізде осы латын алфавиті қайдан келді, қалай пайда болды соған тоқталмақпыз. Содан кейін барып латын әріпіне негізделген жаңа қазақ әліпбиі туралы сөз қозғамақпыз. Бұған оқырман айыпқа бұйырмас деп ойлаймыз.

Гректер ең бірінші консонантты жазбаны пайдаланып келді. Біздің ғасырымызға дейінгі VIII-VII ғ.ғ. вокальды - дыбыстық жазбалар ұшырасып қалады. Біздің дәуірімізге дейінгі 403 жылы архонды Евклидің кезінде Афинада классикалық грек алфавиті енгізілді. Классикалық грек алфавиті 24 әріптен тұрады. 17 әріп дауыссыздарды, 7-уі дауыстыны белгіледі.

Гректердің негізгі жетістігі алфавитте дауысты дыбыстарды айқындайтын әріптерді ойлап шығарды: α, ε, η, ι, υ, ω. Екінші өзгерісі жазудың бағыты болды. Олар оңнан солға қарай емес, египеттіктер мен финикидіктер солай жазды. Керісінше солдан оңға қарай жазды. Жазбаның өзгеру бағытына байланысты әріптер төңкеріліп жазылады. Мысалы: > /гимель/ - Γ /гамма/, м / мен/, - м /мо/, ρ- /реш/ - ρ /ро/ т. б.

Бұдан әрі грек жазбасындағы алфавиттің жылма-жыл өзгеруі мынандай болды.

Эллинистикалық /IV-I ғғ. б.д.д./, римдік /б.д.д. I ғ- б.д. IV ғ/ және византиялық аралық /IV-V ғғ б.д./ Памирус жапырағы мен пергамент пайда болған соң тез жазу басталды содан барып диакритикалық таңбалар жетілді: альфа, вета, эта, псилон, иота, ни, омега т.б.

Византиялық дәуірде әріпті белгілеудің екі түрі қалыптасты оның бірі: жазбалық (маюскульдік) және жол астында жазу (минускульдік). Батыс жазба негізінде латындық /римдік/ -алфавит-латындық қалыптасты, ал шығыс гректіктің негізінде /византиялық/ жазбалығында славяндық алфавитті криллица /берілген кестені қараңыз/ және армяндық, грузиндік алфавит пайда болды.

Латынша және латын әліпбиінің негізінде

Латындар, оған жататын римдіктер Рим қаласының негізін салды /жұртқа мәлім болып ірге тасы қаланған жылы б.д.д. 753-жыл/. Тайпаның басын құрап бір тұтас халық деп /porutus Romanus/ деп атады. Оларды халықтық жиын мен сенат биледі. Шаруашылықтың бірлесе дамуы және мемлекеттің нығайуы жазбалықты ретке келтіруді қажет етті. Латын-римдік жазбалықтың пайда болуы олардың солтүстік көршілері - этрустар мен әсіресе оңтүстік көршілерінің жазбаларына қатты ықпалы болды. Классикалық латын әліпбиі 23 әріптен тұрды. Түрлі таңбалар мысалы: u, v, i, j және жол астындағы әріптер орта ғасырда пайда болды. Мына әріптер: k, u, z гректік сөздердің шығуында ұшырасты. Ал, g әріпі тек қана и әріпімен қоса қолданылады. Кей сөздер былай оқылады: kv- Quadratum-квадрат, Qualitas — качество. Батыс христиандардың діни тілі ретінде және де ғасырлар бойғы жинақталған бай әдебиеттер мен ғылыми

шығармалардың тілі ретінде-латын тілі- Батыс Еуропаға кеңінен мәлім болып, таратылды. Шешуші кезеңде бірегей жазу мен қағаздың пайда болуы, кітап басып шығару ісі қолға алынған негізінен ХІҮ ғ. аталды. 1441 жылы И. Гуттенберг әріп құймаларын қолдана отырып алғашқы кітапты басып шығарды. Іле-шала сол құйылған таңбамен Элия Донатаның (қысқаша латынша грамматикасы) бірнеше «донаттар» өз оқырмандарын тапты. Латын әліпбиі Шығыс Еуропа халықтарының жазбалығын қалыптастыруда үлкен әсер етті. Латын алфавитінің негізінде қалыптасқан еуропалық жазбалық жалпы VIII-XV ғ.ғ қамтыды. Бұдан кейін-ақ испандық, португалдық, ағылшын, француз алфавиттері Америка, Австралия, және де Азия, Африка елдеріне таралды. Бұрындағы мәліметте /1970/ жылдарда 70 шақты алфавиттер латын негізінде жасалып, оның 30-ы еуропалық, 20-сы азиялық, 20-шақтысы африкалық елдерде қолданылып келді.

Латын алфавитіне негізделген бұл - алфавит толығымен классикалық латын-римдік жазбалық әріптерді сақтады. Олар бірді-екілі -i,w әріптері ғана. Біріншісі- i-ден, екіншісі- w, мына әріптің қосалқысы-v. V әріпі сөздің басында қолданылып, сөздің ортасында и әріпі пайдаланылды. Орта ғасырдың соңын ала v орнына /в/, ал, и-дің орнына /у/ бекітілді.

Дыбыстардың латын әріптеріне қарағанда анағұрлым көп болуы латын алфавитін жетілдіре түсуді қажет қылды. Бұл диакритика диакритикалық белгілерді немесе екінші сөзбен айтқанда илигатур енгізумен шектелді. Негізінде, тіл білімінің білгірі алфавиттерге реформа жасаған А. Байтұрсынов бұларды дәйекшелер, ноқаттар /кос/, үтір тағы басқа белгілермен ажыратқан еді. Қосалқы дәйекшелер латын әріптерін қолданғанда дыбыс маңызын айқындау үшін, дыбысты нақтылап алу үшін қолданды. Әсіресе дәйекшесі көп әріптер чехтік, португалдық алфавиттер болды. Мысалы: чехтік әріптерде дәйекшелік әріптер: z / ч/ таңбасын, c/ ц/ таңбасын белгіледі. d' D / жінішке /д/-ні, e /орыс тіліндегі e әрпіне сәйкес келді/ немесе e-э /и/ жінішке /н/,г /рж/ дауыссызын белгіледі.т.б.

XX ғасыр басындағы патшалық Ресей заманында қазақ тілінің дамуы тікелей қазақ халқының көрнекті ұлдарының бірі - А. Байтұрсыновтың /1873-1937/ есімімен тікелей байланысты. Ол 1910 жылдардан бастап қазақтың жазу таңбасын ретке келтірумен шұғылданды. Қазақ дыбыстарының табиғатына сай келмейтін араб таңбаларын алмау Ы, Е , И, О, Ұ, Ү дыбыстарына таңба белгілеу Қ / Г дыбыстарының басқа дыбыстар арқылы жасалған сөздерде алдынан дәйекшелер қою қажеттігін дәлелдейді. Сөйтіп, «Жаңа емле» - деп аталатын қазақ әліпбиінің негізін қалады. Бұл - 1924 жыл еді. Осы әліппе латын графикасына көшкеннен 1929 жылға дейін пайдаланылып келді. Қазан төңкерісіне дейін қазақ даласында қазақ тілі оқытылмады. 1920 жылы осы олқылықтың орнын толтыру басты мақсат болды. Бұл мәселеде: Қ.Досмұхамедов, Телжан Шонанов, Ж.Аймауытов, Қ.Кемелгерев, Әбдірахман Байдилдин, Нәзір Төрекұлов (бұл кісі тікелей латын алфавитінің реформаторы болды) кеңінен ат салысты. Латынға көшу 1924 жылы шешім қабылданғанмен Қазақ өкіметінің «Қазақ жаңа емлесі туралы деректер» 1929 жылы жарияланды.

Бұл жазуды қазақ халқы 1940 жылы орыс графикасына көшкенге дейін қолданды.

Кириллица және кириллица негізіндегі алфавит

Кириллица византиялық әліпбидің шығармашылық жаңадан өңделген нәтижесі болды. Демек славяндықтар грек-византия жазуын жай ғана қабылдай салмай, оны өз тілдеріне ыңғайлап, соның /ориганальный/ нұсқасын жасаған. Славяндық алфавит ІХ ғасырдың соңы мен Х ғасырдың басында графикалық екі түрде дамыды. 1. Кириллица / Константин Философтың екінші аты - Кирилл дегеннен алынған/, 2 /глаголица/ көне славян тілінің «сөз» деген мағынаны білдіретін «глагол» деген сөзінен алынған/. Жасалған азбука /харіц/ діни саясатын, ағартушылық қызметті көздеді. Ағайындылар Кирилл мен Мефоди тегі жағынан бұлғарлық /македониялық/ еді. Олар византиялық Солуни /қазіргі аты Солоники/ дүниеге келген, 862 жылы моравтық князь Ростислав Византияға славян тілінде анық білетін, жақсы діни насихатшы керек деп өтініш қылды.

Таңдау Кирилл мен Мефодиге түсті. Өйткені, Кирилл миссионерлік тәжірибесі мол оның үстіне славян тілінде әжептәуір сөйлеп беретін, славян харіпін жасаған ол екеуі дінге құлшылық ететін кітаптарды аударып, Моравияға сапар шегіп кете барды. Кириллица византиялық әліпби өңделген түрі болды дедік. Ал - гректің жарлық жазбалары VII- VIII ғғ негізделді. 43 әріптің 19-ы алынды яғни 45 пайызы, ал қалған әріптер: буки, живете, зело, цы, червь, ша, шта, ер, еры, ерь, ять, юсы /екеуі/ сол сияқты йотталған а, у, э юсы және лигатура ук кірді. Мына әріптер: омега, фита, пси, кси, и- он сөздікті және ижица сандық нәтиже ретінде қолданылды, Кириллица қанатын кең жайып /бұлғарларға, сербтерге, мокедондықтарға/ тарайды, Россия жерінде орыс жазбасы 1707-1710 жылдары үлкен өзгерістерге ұшырады. Бұл Петр І-дің реформасына байланысты болды. Ол азаматтық шриф пен жаңа әріптер ұсынды. Шынында, Петрдің есімімен тек қана Россияда алфавитте ғана өзгеріс болған жоқ, әлеуметтік-экономиканың барлық саласында елеулі қозғалыстар болды. Көптеген кітаптар сол жылы жарық көрді. Бұл туралы А.С.Пушкин тамаша жазды. Біздің де «Назарбаев дәуірі және қазақ әдеби тілі» атты ғылыми мақаламыз «Тіл білімі» журналында жарық көрген еді.

1917-1918 жылдары, 17 қазан 1918 жылы Халық Комиссарлар Кеңесінің жаңа орфография туралы декреті қабылданды. Қазан төңкерісінен кейін еліміздің жер-жеріне жаңа мәдениет деген бас көтеріп, жаңа әліпбиге көшу саясаты бас көтерді. 20-30 жылдары енгізілген латын алфавитін тиімсіз деп тауып, 30 жылдардың ортасында латын алфавитін жарамсыз деп тапты. Ұлы қызыл империяның саясаты негізінде КСРО-ның бұрынғы барлық одақтас республикасы, оның ішінде латыштар мен эстондар латын

негізде қалды. Армияндар, мен грузиндер өздерінің көне алфавитінде қалды. Сөйтіп, 1940 жылы қазақ жерінде өшпестей із қалдырды. Орыс алфавитіне негізделген қазақ әліпбиінде 41 әріп, оның 32-сі орыс графикасындағы да, 9-ы ғана қазақтың төл әріптері болды. Әрине, бұл алфавитте өзінің прогрестік рөлін атқарды. Оны жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, еліміз егемендігін алып, тәуелсіздігі жарияланып жатқанда, өзіміздің қазақ әліпбиі болу керек-ті. Қазақ елі түрік құрамында жүріп «-түрік», «Орхон-Енесей», «Шағатай», «Ортағасырлық», «Түркі», «Араб» графикасына негізделген «қадым», «жадид», «усул-жадид» бұл - жазуды соңғы рет А. Байтұрсынов өңдеді, өзгерісті басынан өткерді. Ал, «ойма» - жазудың жөні өз алдына бір бөлек әңгіме. Бірақ, бұл әліпбидің өзгерісі қазақ тілін құртып жібере алмады. Кеңес дәуірінде де қазақ тілі сақталып қалды. IX ғасырдан келе жатқан әлі де ел ішінде араб графикасының негізінде оқи алатын, хат танытын көне қарттар бар.

Географиялық, әлемдік кеңістігінде орналасуымызға байланысты көрші Еуропа әлеміне қарай қол созған ләзім. Сол үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев әліпбиімізге реформа жасап, латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиіне көшу жөнінде ұсыныс жасады. Түбі, 1990 жыл мен 2050 жылдар «Назарбаевтың дәуірі» болып қалатыны шындық. Орыс әдеби тілінде «Петровская эпоха» - деп I Петр есіміне байланысты тілін, әдебиетін, мәдениетін, әлеуметтік-экономикалық даму кезеңін күні-бүгінге дейін зерттеп жатыр. Біздің Елбасы екі ғасыр тоғысында келген, қазақ елінің маңдайына біткен тұңғыш - жарық жұлдыз. Ел басқару оңай ма, қиын ба, жақсы ма, жаман ба оны тек қана ел басқарған адам ғана біледі. Төменде жүріп, жоғарыдағыны сынау, ауызға келгенді айту әрине оңай шаруа. Абай айтпақшы: «Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын». Қазақ ең алдымен ел болу үшін бірінші: күншілдікті қою керек. Екінші: руға бөлінуді қою керек. Шыға бере бірін-бірі жамандағанды қою керек. Үшінші: біреудің артынан біреу ши алып жүгірткенді қою керек. Осы үш түрлі себеп күллі қазақты тоздыратын кеселдер мен кесірлер болып табылады. Сонымен, бір ауыз сөздің тобықтай түйіні мынау: Дүниежүзілік кеңістікке бару үшін, тіптен Марстан су алып ішу үшін де латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиі ауадай қажет-ақ. Қазақ елінің әлем алдындағы тағы бір тың өзгерісіміз, жылт етер жаңалығымыз жазуға реформа жасау болмақшы. Еліміздің буын-буынына қан жүгіріп, едел-жедел өзгерістер болып жатқанда бұл мәселенің де көтерілуі заңдылық.

ӨОЖ 882. 151. 212. 2

МӘШҰР-ЖҮСІП ЖӘНЕ КІРМЕ СӨЗДЕР ТУРАЛЫ

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., профессор, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының директоры,

С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Енді, ақын шығармасынан терілген кірме сөздердің кейбірін тілдік тұрғыдан талдап көрсетеміз. Бұл сөздердің бәрін жазып көрсетуіміздің себебі түрлі әлеуметтік қоғамдық өзгерістерге байланысты, әкімшілікке, оқу, өнерге байланысты сөздер тобын атап көрсету, қолданылу, жасалу тәсіліне қарай топтап беретін боламыз. М-Ж. Көпеев шығармаларында орыс тілінен енген сөздер тілдің ұзақ жылғы даму барысында түрлі грамматикалық-морфологиялық қатынасқа, қалыптасы өзгеріске түскенін де байқаймыз. Олардың лексикалық қолданысы да мәтін ішінде әр түрлі, беретін эмоциональды-экспрессивті реңі де әр түрлі екені көрінеді. Кірме сөздер ақын қолданысында синтетикалық [морфологиялық] тәсіл арқылы сөз жасауға бейім болып тұрады. Әрине, қосымшалардың бәрі бірдей жаңа сөз жасай бермейді. Олар жаңа мағыналы сөздер мен лексикалық единица жасайтын қосымшалар. М-Ж. Көпеев орыс тілінен енген сөздерді дәстүрлі қолдануды алдына мақсат-мұрат қылмаған. Заманның өзі мәжбүр, ықпал еткен, өлеңдерінде мысқыл, әжуа қазақ баламасына орай сын-мін айтатын жерінде орынды пайдаланған. Асылы, Абай, Шәкәрім, Дулаттар орыс тілінен енген сөздердің мағынасын аудармай дәл беру үшін және орыс патшалық империясының пиғылын ашу үшін ғана қолданған.

М-Ж. Көпеев шығармаларынан (дастан мен қиссаларынан) теріп алынған мысалдар мынандай: Россияның /30/, манифесті /30/, ходка /30/, сөтке /30/, ауылнайлар /30/, стражник /30/, газеттерде /31/, штраф /31/, повестка /31/, чиновниктер /32/, поселкелер /32/, порым /34/, болыснайдың /38/, ауылнайлар /38/, цифырын /38/, протокол /40/, заң-закон /40/, сход /40/, үстелде /40/, крестьян /40/, болысней//оязбенен /41/, поселке крестьян /42/, начальник /42/, помагайтшы /36/, ағұст /37/, сход /40/, думаға государный/45/, публик/44/, император/44/, депутаттар /44/, оязнайдан /44/, фамилиясы /52/, переводтап /53/, думаға /60/, қара шекпен крестьян /61/, Петербор /55/, мұжық /57/, законды /57/, миллионға /58/, марттың /59/, октябрь /59/, медальға /62/, наград /62/, Семипалат /62/, облысының /62/, сөктелген /62/, балағанда /63/, империяға /63/, программа /63//64/, экзаменге /65/, цензурасыз /66/, инспектор /66/, формын /75/, ходтан /97/, самауырды /108/, ни как нельзя /117/, Сібір /123/, минут /128/, нәшәндік, шенеуліктер /137/, әпірел, май, редакторге /145/, закотте /152/, ступай, пошел /178/, банкам /15/, ничего /186/, закон /189/, посөлкенің /197/, казнашайы /206/, офицердей /21/, миллион /220/, январьдан /117/. (Мұса Шорманды жоқтауынан): медаль, орден, шен, бриллиант, губернатор, Сибиряков, губерно, Сибирь, Калпаковский генерал, откырыто, жалко, гинвардың, первый, газеттерге. (Сарыарқаның кімдікі екендігі?):

избушка, земіскі, ізбор, нашалник, шиноликлардың, учаске, войско, Питербор, Мәскеу, Үрім, чиноуликке, начланикке, Петропавлоскі, павлодар, машиналы заводлар, гараднише торесі, киркушілер /керекушілер/, съезд /117/. Мышыной шарлар, кайкасына (Ай мен күндей һөммаға бірдей-демегінің мағынасы). Күреш (грош память) (Шонтыбай қажы), тетрадтын (Аспан мен жер, адам), переводтап, формы, перуатын, арганнның (Ібіліс лағын шайтан хикаясы), Самауыр, княздің, память (Ышқышбап сапары өлеңі), кібірит (Исабек Ишан өлеңі), Семипалат, жандарал, гбернатор, народ-жұртқа, урядникгін, чиновниктер, шабадан, самаурын, шәйнек, пар, сияз, партияға, карантин, телеграмның (Жантемір), почтамен (Құдайым жексенбі күн жер жаратты), Сортты, ходтан (Соқыр, саңырау, жалаңаш хикаясы), расходный (Шабдар атпен айтысы), карантин (Атадан қалған асыл мұра), кірпішлерін (Әдһам диуана және Ибраһим). Грош, партия, формы, числосы, декабрьдің (Шонтыбай қажы). Законда, ауылнай, өтірет-солдатпен, материалдарды, самауырын, законда, жандарал, Котковский (Қазақ шежіресі). Музыкантка /57/, рапорт /60/, публикгін /70/, краймен /72/, поптары /71/, ходка /75/, расчетка /75/, отказ /75/, шотқа /75/ (Хаятбақшы дастанынан). Рамкасы /41/, лашкері /41/, пароходтан /42/, қағып шоттан /42/, піркнәшікті /50/ (Жер мен Көк); Машиналар /25/, телеграмма /26/, телефон /26/, почта /26/, паралич /26/, параход /26/, комендант /26/, казначейі /26/, мелонхолик /29/, сумаш /29/, Виссарион Белинский /56/, Дарвин, Михайл Баскин /56/, микроб /57/, тетрадтың /60/, Жапон /60/, Затаевич /60/, Аплотон /61/, (Аспан, жер және адам жаратылысы туралы); машина /25/, электрон, радиация, народ /22/, телеграмма, телефон, почта, паралич /26/, ісмерлер /75/, электір /25/, воздухы /26/. т.б. (Адам мен жұлдыздар арақатынасы).

Кірме сөздер бір тұлғалы болғанымен әр түрлі грамматикалық қатынасқа түскен сөздерді де қоса бердік: партия /35//36/, партиялап /33/, партиясы /40/, партиялық /55/, партияның /57/ т.б. *Варваризм сөздердің, қазақ тілінің заңдылығына бейімделген түрі:* Россияның /30/, «Ресейдің» тіліміздегі ілік септігі жалғауы арқылы жаңа сөз жасау үрдісі берітінде жалғасты: партияның /57/, марттың /59/, облысының /62/, княздің, декабрьдің, телеграмның, тетрадтың. Орыс тілінің *сын есім тудыратын* жұрнақтары да М-Ж.Көпеев шығармасында қазақ сөздеріне жалғанып сөз жасау қабілеті аңғарылады, бұлардан соң *көптік не септік жалғауы* жалғанады: болыс+най+дың /38/, ауыл+най+лар /38/, ауыл+най+дан /44/, (государ+ный) /45/, ояз+най+дан /44/, расход+ный, ауыл+най. ояз+най+дан /44/, (ояз+бенен /41 // -бен жалғаулығының толық түрі -бенен сөз жасауға қатысады. Р.Сыздықова: «Қазақ тілінде орыс тіліндегі сын есімдік тұлғасын сақтап пайдаланған сөздер екі топқа бөлінеді: бірі орысша тұтас штамптар құрамында, екіншісі-қазақ сөзіне анықтауыш болып жеке қолданылғанда» - дейді (2004, 103-104). Қазақ тілінің *көптік жалғауынан* соң *табыс, жатыс септігі, тәуелдік жалғауы* орыс тілді түбір сөзге жалғанып келуі арқылы сөз жасалады: газеттерде /31/, чиновниктер /32/, поселкелер /32/, депутаттар /44/, шенеуліктер /137/, машиналар /25/, киркушілер/керекушілер/, материалдарды, заводлар /шағатайлық үлгі/, депутаттар /44/, поптары /71/. *Кірме сөздердің қазақ тілінің заңдылығына байланысты өзгеріске түсіп түрлі грамматикалық қатынасқа түсуі:* порым /34/, цифырын /38/, үстелде /40/, пормы /40/, поселке крестьян /42/, помагайтшы /36/, ағұст /37/, сөктелген (бұл - ақталған тары сөк емес) /62/, балағанда /63/, ағұст /63/, самауырды /108/, нәшәндік, әпірел, май, мартай /140/, посөлкенің /197/, казнашайы /206/, гинвардың, избушка, земіскі, ізбор, нашалник, самауыр, шиноликлардың, учаске, войско, Питербор, Мәскеу, чиноуликке, начланикке, Петропавлоскі, машиналы заводлар, *гараднише торесі* (кірме сөзбен қазақтың төл сөзі), киркушілер/керекушілер/, мышыной шарлар, кайкасына, перуатын, күреш (грош), шен, кібірит, мұжық /57/, жандарал, губернатор, закотте /152/, шабадан, шәйнек, пар, сияз, кірпішлерін, самаурын, лашкері /41/, Сібір /123/, / ісмерлер /75/, электір /25/, самауырын, қағып шоттан /42/, піркнәшікті /50/, шотқа /75/, сөтке /30/, порым /65/, порым /65/. Бір сыңары *қытайша-орысша* қос сөз: заң-закон /40/; Бұл арада заң-қытай сөзінің кірігіп кеткенін байқаймыз. Қытай тілінде ян деген екі элементті иероглиф «ереже, үлгі, түр, қалып, сорт, стиль, тәсіл»-деген мағынаға ие. Ұйғыр тілінде қолданылатын янза (түр, сорт) сөзі де дәл осы ян түбіріне -цзы есімдік жұрнағын жалғау арқылы жасалған қытай сөзі. Қазақ тілінде бұл баламалардың жоқ болуы бірде қытайдың заң (<ян) сөзін, бірде орыстың закон сөзін қолданылуына (не қабаттастыра айтуына) итермелеп отыр (Ә.Қайдар: ҚТҚЭС: 99). *Бір сыңары қазақ тілі заңдылығына бейімделген қос сөздер:* народ-жұртқа, өтірет-солдатпен т.б. Септік жалғаулары арқылы сөз тудыру: манифесті /30/, думаға /60/, думаға публик /44/, миллионға /58/, законды /57/, медальға /62/, депутаттыққа /62/, империяға /63/, экзаменге /65/, редакторге /145//145/, газеттерге /145/, январьдан /117/ газеттерге, почтамен, партияға, ходтан, формын /75/, ходка /30/, ходтан /97/, музыкантка /57/, краймен /72/, законда, ходқа /75/, расчетка /75/, тетрадтын /60/, пароходтан /42/, законда, арганнның. Қазақ тілінің есім сөздерден болымсыздық мағына беретін туынды сын есім жасайтын жұрнақ арқылы жаңа сөз жасалады: цензурасыз /66/. *Адвербиалданған формалы үстеу* (вербалдық мағына білдірмейтін сөз): партиялап /33/. Вербалдық (етістікке тән жіктік форма қосылады) әдіс арқылы жасалған: переводтап /53/. Бұл сөз дастандарда кездеседі (переводтап). *Есім сөзден* (адективтену) сын есім жасаушы: партиялық /55/. Қазақ тілі қосымшасы -дей жұрнағы арқылы адективтенуі: -офицердей /21/. *Тәуелдік жалғауының қосылуы:* партиясы /40/, / партиясы /43/, пормы /40/, банкам /15/, фамилиясы /52/, поптары /71/, казначейі /26/, воздухы (дерексіз сөздің тәуелденуі) /26/, числосы, формы, манифесі /59/, сортты, қара шекпен крестьян (кірме сөз+төл сөз) /61/; *Ономасиологиялық сөздер:* Павлодар, Петербор /55/, Семипалат /62/, Сибиряков, губерно, Сибирь, Семипалат, Калпаковский генерал, Котковский, Виссарион Белинский /56/, Дарвин, Михайл Баскин /56/, Жапон /60/, Затаевич /60/, Аплотон /61/, октябрь /59/, март /59/. *Орыс тілінен енген зат есім мағыналы әлеуметтік тоттың бөлінісін көрсететін сөздер:* стражник /30/, чиновник /40/, крестьян /40/, начальник /42/, император /44/, крестьян /57/, публик /66/, инспектор /66/, губернатор, урядникгін, жандарал, комендант /26/. *Абстрактты зат*

есімдер мен деректі зат есімдердің мағыналық тобының кейбірі формасы жағынан абстракты болғанымен мағынасы жағынан деректі де болады олар орыс тілінің заңдылығына байланысты өзгеріп отырады: память, штраф /31/, формы, закон /189/, сход /40/, партия /43/, программа /63//64/, манифис /66/, закот, карантин, минут /128/, рапорт /60/, телеграмма /26/, съезд /117/, повестка /31/, протокол /40/, медаль /62/, наград /62/, микроб /57/, медаль, орден, бриллиант, рамкасы /41/, телефон /26/, почта /26/, паралич /26/, пароход /26/. Басқа сөз табынан кірген сөздер: ни как нельзя /117/, ступай, пошел /178/, ничего /186/, откырыто, жалко, первый, грош, отказ /75/, миллион /220/, мелонхолик /29/, сумаш /29/ /соңғы екі сөз араб тілінен енген кірме/. Тәуелдік жалғауының II жағы: банка /186/, публик /г/ игере алмаған/ түрі.

Кірме сөздерді Дулат, Абай, Шәкәрім, Адамжүсіп қалай-болса солай қолданбай дәуір ықпалына, замана билігіне қарай айтайын деген ойын толықтырып, дәуір шындығын, ресей патшалық имприясының іс-әрекетін ашу мақсатында қолданған. Бұл-сол империяның қол жеткізген бәріне де ортақ қалыпты құбылысы деп ойлаймыз. Бірақ, әркім қолданыс аясына қарай, сільдік мақсат, ерекшеліктеріне қарай қолданғандарын зерттеуден байқауға болады. Абай «Шырылдауық шегіртке ырышып жүріп ән салған, Қоғалды қуып гуляттап қызықпен жүріп жазды алған»-дегенде «гуляттап» сөзін сөз таппай қолданып тұрған жоқ. Гуляттап сөзінің орнына қыдырып сөзін алса да келмес еді. Көбелектің ырышып жүріп, қоғалды қуғаны оның гуляттағанына сай келіп тұр. Бұндай метонимиялық құбылыс тек қана Абайға тән екендігі көрінді. С.Исаев: *Абай нақты қимыл, іс-әрекетті білдіретін орыс сөзіне -та қосымшасын жалғап, жаңа сөз жасаған* - дейді (Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. 1998: -254 б). Абайдың кірме формалардан сөз жасау моделін кейінгі ақындар да қолданған. М-Ж. Көпеев «Сол түнде азғырушы толып жатыр, Шайтан да помагайтшы болып жатыр» деген өлең жолында «помагайтшы» сөзінің орнына сөз таппай қойған жоқ. Оның орнына «көмектеспекші» сөзін алуға болар еді. Бірақ, шайтанның көмек көрсетуі неғайбыл. Ол тек қана жаманшылық иесі екендігі зерттеуде жан-жақты ашылды. Олай болса, шайтанның іс-әрекетін көмектеспекші деген сөзден гөрі помагайтшы сөзі жақсы ашады. Сөзжасам жұнақтары -шы// -ші актив болғаны айтылып та, жазылып та келді (XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. 2000: 245). Көбіне зат есімді сөздерге жалғанған еді. Адамжүсіп -шы жұрнағы арқылы орыс тілінің етістікті сөзін қазақша түрлендірген. Бұл да М-Ж. Көпеевтің өлең құрудағы тағы да бір ұтқыр жақтары деп білеміз. М-Ж. Көпеев орыс сөздерін қолданғанда көбіне суреттеп отырған нысанына қатысты *әжуа, мысқыл* негізінде пайдаланған. Мысалы, *Айта алмай переводтап қызыл тілім* деген өлең жолындағы переводтап сөзі қазақ тілінің мәртебесіне байланысты айтылған. Переводтап сөзіне қазақтың -тап жұрнағын қосу арқылы қазақыландырып қимыл сын үстеулі сөз жасап қолданған. Жалпы, XIX ғасырдың бірінші, екінші жартысында орыс сөздерін қазақыландырып қолдану сән-үлгі болмаған, бұл - Абай, Дулат, Шәкәрім, Адамжүсіп, Сұлтанмахмұт қолданысынан анық байқалады. Олар орыс сөздерін көбіне қазақтарды сынау, олардың намысын, жігерін ояту мақсатында пайдаланған.

Қорыта келгенде, М-Ж.Көпеев шығармаларындағы орыс тілінен енген сөздер тобы белгілі бір морфологиялық-грамматикалық қатынастарға түсіп, стильдік қызметтер атқарып тұрғандықтан оны былай еді деп түзетудің өзі әбестік болар еді. Тұлғасын сақтаған кірме сөздер қазақлық қосымша жалғанған соң әнтек болса да мағынасын өзгерткен. Орыс тілінде бұлай қолданылмайды. Дәуір тынысымен жеткен сөздердің көбі, белгілі дәрежеде қазақтың әдеби тіліне сіңіп кете алмады. Ал, ортақ қолданыстағы кірме сөздердің көбі қазақ заңдылығына бейімделіп ассимиляцияланып кетті. Сол уақыттарда заман ығымен бұл сөздер қолданылғанымен кейінгі кезде бірен - сараны ғана болмаса, көбі қазақ жазба әдебиетінің қолданысынан түсіп қалды. Тек қана кейіпкерлер тілінде, не заман келбетін көрсету үшін көркем әдебиеттерде кездеседі. М-Ж.Көпеев орыс тілін қолданғанда әсіре сән қумаған, шығармасына эмоциональды-экспрессивті бояу, рең беру үшін пайдаланған. Бұндай қолданыстар Адамжүсіп Көпеевтің өз қол таңбасы емес, орыс-қазақ қарым-қатынасының ұзақ жылғы араласуының салдарынан ауызша жетіп, жазбаша бекіп, дайын штампқа түсіп кеткендігін көреміз. Сол сияқты, кірме сөздерге қазақ қосымшасын қосып қолдану Дулат, Абай, Шәкәрім қолданысы да емес бұл-ауыз екі аралас-құраластың нәтижесінде жеткен, дәуір ықпалының, замана билігінің қол жеткізген бәріне де ортақ қалыпты құбылысы болған деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. С. Исаев. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы, «Рауан»1998: -254 б
2. Мәшһүр-Жүсіп шығармалар жинағы. 1- 13 томдар. Павлодар, ЭКО ҒӨФ. 2003-2007 жыл.
3. А. Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, «Мектеп» 1974. 407 б.
4. Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы, 1951.

ӘОЖ 882. 151. 212. 2

АДАМЖҮСІП ЖӘНЕ БИ-ШЕШЕНДЕР ТІЛІ

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., профессор, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының директоры,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Дала уалаяты» газетінің 1890 жылғы санында М-Ж. Көпеев: «Кеше қарадан хан болған Едіге ұғлы Шоң бидің уақытында Көкшетаудан бергі жері біздің Сүйіндік деген халқының жайлауы екен. Итемген – Мамай деген көлдерде Шоң бидің Итемген деген баласы тұрып, сонан Итемген атанған екен» - дейді.

М-Ж. Көпеевтің аз ғана сөзге қаншама мәлімет сыйдырғанына қайран қаласын. Сонан кейін де осы деректі келтіріп отырмыз. М-Ж. Көпеев ауыз әдебиетінің үлгілерін жинағанда би-шешендердің сөздеріне қатты мән берген. М-Ж. Көпеев «Сөз жүгінің самалы хазірет жәбірейіл ғалайсалам болды – деп бекерге айтпаған болар.

Сондықтан да сөздің құдіретіне назар аударып күллі ауыз әдебиетінің інжу-маржандарын жинап, келер ұрпаққа аманат етіп тастап кеткені «Қара сөз көңілдің бау-бақшасында үлгілдеп тұрады» – дейді ақын. Би-шешендерді айта отырып М-Ж.Көпеевтің өзі де сол би- шешендерден бір кем емес. Айтып, жазып алғандарының бәрі де іздесе таптырмайтын бір ғибрат. Асылы, М-Ж. Көпеев ауыз әдебиетінің үлгілерін жинағанда «Тұрмыс-салт жырларына» аса көп көңіл бөлген. Сол арқылы би-шешендердің сөздеріне тоқталып, өзіндік талдау жасап отырған. Тұрмыс-салт жырларында да жастарға өнеге боларлық дүние мольна кездеседі. Ақын-жыраулардың айтқан өсиеттері, би-шешендердің сөздерінде де табылып жатады. Кей уақытта ауыс-күйісте болып қалады оның себебін бұл жадығаттардың барлығының ауызекі естімелі жадылық арқылы келгендігінен деп есептеу керек-ті. Ел ішіндегі құйма-құлақ даналар ауыз әдебиетінің не бір үлгілерін ұрпақтан-ұрпаққа сақтап, жоғалтпай жеткізуге мұрындық болды. Би-шешендер тек қана сөз айтып, билік кесушісі емес, ауыз әдеби тілін де жеткізуші, сол тілді тасушы тасымал құралдың да орнында жүрді.

Би-шешендер әуелінде бірнешеу болғанымен келе-келе даралық сипатқа ие болды. Бір рудың не бір елдің ішіндегі билер, не шешендер олар аузы дуалы ақындар да болуы мүмкін, сол рудың не елдің ішіндегі атағы зор, сөзі дуалы, ақылы мол адамға тоқтап билікті соған беріп, ел ішіндегі ұсақ-түйек телі-тентектердің шаруаларын өздері-ақ тындырып тастап отырған. Бұның жарқын көрінісі үш жүздің үш биі бола алады. Олар өздері тұстас билерден ой өресімен дараланып, мемлекеттік тұрғыдағы мәселелерді шеше алған.

М-Ж. Көпеев билер туралы сөз қозғағанда, әп бісімілләсін Майқы биден бастайды. Майқы бидің тоғыз ханды қолынан таққа отырғызғанын «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» - деген мақалдың тегін айтылмағандығын тіліне тиек қылады.

Майқы бидің билігін сөз етеді: Баяғыда Арыстан деген ханның баласы болмай, Қызылаяқ деген жерден тоқал алып одан сауысқандай ала бір бала туған екен. Арыстанның бәйбішесі күншілдік қылып мынау өзі ала екен өскенде елінді бүлдіріп ала қылып /араз қылып/ жібереді екеуін де ку деп әмір береді. Биыл екеуі Сырдың суынан өтіп, Алатау, Қаратау алабына күн көріспен безіп кетеді. Бала ер жетіп, күндердің күнінде Майқы бидің баласы Үсенге жолығады. Биыл баланы ісі қазақ хан көтеріп атын «Алашахан» қояды. Қызыларыстан баласының даңқын естіп, кісі салып қайта-қайта сайрап қоймайды. Майқы би өткір сөзімен жіберген елшілерін қоныс беріп, алып қала береді. Сөйтіп: Ұлы жүз Үйсін, Орта жүз «Ақжол», Кіші жүз «Алшын» осылай пайда болған екен деседі.

М-Ж. Көпеев «Майқы би» билігінде: Қырық сан Қырым, отыз сан Рұм, он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт, қырық сан қара Қалмақ, Қатсыбан, он сан Ноғай, сияқты үш жүзге қазақ біріккенге дейінгі елдермен соғысып, жер үшін таласып өткен жауларын суреттейді. Бұлардың аттарын оқырман «Алпамыс», «Кобыланды» т.б. жырлардан білетін болар. Демек, есте жоқ заман тарихынан елес береді.

Жер-су аттары толығымен аталып жақсы мәлімет береді. Сырдария, Алатау, Қаратау, Шу, Сарысу, Ұлытау, Кішітау, Қаракенгір, Сарыкенгір, Айдахарлы т.б. Бұрынғы өткен билер: Орманбет би, Құндыкер, Құбан, Қотан, Қоғам т.б. мұның ішіндегі /Құнды Кер Кабан/ «Қозы- көрпеш, Баян-сұлу» жырында ұшырасады.

Тілдің мәйегі, сөз шұрайы да кездеседі: «Ала қылып, ала тайдай бүлдіреді», «Тобылғыдан жақ қылып», «Жүзгеннен оқ қылып», «Құралайдың көзінен өткізетін мерген» /фразиологизм/ «Ай десе аузы, күн десе көзі бар», «Құс бегі тіккен томағадай құнысып тұрған бала», «Сәтті туған ұл екенсің, жеріңе жетпей тұр екенсің», «Төрткүл ошақ қаздырып, төбел бие сойдырып, төменгі елді жидырып, жорға бие сойдырып, жоғарғы елді жидырып, ала бие сойдырып», «Мына баланы жебе қылып бастарыңа ұстандар, шөп қылып беттеріне ұстандар, ту қылып төбелеріңе көтеріңдер», «Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен», «Күндердің күнінде бала хан болады, сендер қараша боласындар», «Хан әділ болса, басынан бағы таймайды, қарашасы табанды болса, қара жерден кеме жүреді», «Алаш, алаш болғанда, Алаша хан болғанда, үйіміз ағаш, ұранымыз Алаш болғанда үш жүздің баласы қазақ емес пе едік».

Бұл мәтелдің ішіндегі мән беретін «үйіміз ағаш» болғанда деген сөз. Демек, түріктер киіз үйге дейін «Алтай өлкесінде» тұрғанда, қалың ағаштан әлемде бірінші болып «ағаш үй» салып, қоныс қылған. Бұл туралы М.Аджи «Қыпшақтар» – деген кітабында жақсы айтқан.

Бабыр деген кісінің атына байланысты айтыла келе, кейіннен ел ішінде: «Бабырдікі еңбек», «Үндемесе де Бабырдікі еңбек» – деген тіркес мәтелге айналып кеткен. Бұл мәтелдің алғаш шығуы былай болған екен. Едіге би бір билікте он тоғыздың аяқ тоғызын Төле биге бергізіп, бас тоғызды үйде жатқан Бабырдың босағасына байлатыпты сөйтсе, Бабырдың інісі Құлнияз дауға Едігемен бірге барып, бірге қайтқан екен. Осы әңгімеден кейін-ақ манағы сөз туған екен дейді.

М-Ж. Көпеевтің билердің ішіндегі көңіл бөліп, тоқтағаны Бөлтірік би. Бөлтірік бидің қырғыздармен айтысын, оның жеңісін жан-жақты суреттейді. Мысалы, Бөлтірік би қырғыздарды кекетіп «Қырғыз шіркіннің байлығы ғой көшкен сайын ошақтарын жұртына қалдырып жүре береді екен» – депті. Ол – қырғыздардың тастан ошақ жасағанын, соны жұртқа қалдырып отыратынын меңзегендік екен. Бір жиында қазақ пен қырғыз қайсысымыз көптіз деп көптігін салыстырыпты. Сонда бір қырғыз: «Жұлдыз көппе, қырғыз көппе» - деген мақал бар деп-ті. Сонда Бөлтірік би: «Рас, мендей қара бұлт шықса, жұлдыз енесінің артына кіріп кетеді, он қазақ басы қосылса қырғыз енесінің артына кіріп кетеді» – деген екен.

Қырғыздың баласы өліп, Бөлтірік бастаған байлар көңіл айта барады. Бір саба қымыз, ту бие апарамыз. Сонда сен үшеуің бірің: «Жазғұтырымғы уақ қой, бір сабаны елден жинап әрең толтырдым» – де, екіншің: «Түйе шіркін мен төре шіркін басы бір қисайса иілмейді» – де, үшіншің: «Төре өлмегенмен көп бола ма, бірі қалса да тек бола ма?» – дендер деп үйретіп қойған екен. Бара салып жаңағы үшеуі жаттап алған сөздерін айтқан екен, қырғыздың ханы жарылып кете жаздап, төсегіне аунай кеткен екен. Мұны көрген Бөлтірік би: «Ақку құсқа оқ тисе, қанатын суға тигізбес, ақ сүйекке оқ тисе, қарашыға сырын білдірмес!» көтер хан басынды деген ғой. Налып жатқан хан басын көтеріп, мына иттерді былшылдатып қойған сен екенсің ғой деген екен.

Бөлтірік би, қырғыздың манабы бір жиында былай дегенде: «Аттың жаманы соқпақшыл, адам жаманы тақпақшыл». Бөлтірік би жұлып алғандай: «Сөздің көркі мақал, адам көркі сақал, сақалы жоқ көселер қасабалы тоқалды», бұдан да әрі бастырмалатып «Көсені үйге кіргіз бе, құйрығын жерге тигіз бе», «Кесірі жұғар көсенің, көпірді қуалап жүріп көтенің жерге сүйгізбе?» – деген сөзбен ұтқан екен.

Едіге биде келелі дауға түсіп, кезінде билік айтып, аты шыққан аузы дуалы адам болған екен. М-Ж.Көпеев те Едіге бидің бір билігін тіліне тиек қылған екен. Ұлы жүз үйсінде арғынның бір кісісі Құлназар дегенді өлтіріп алған екен. Жылдар өтіп, ұмытыла бастағанда он төрт жастағы Едіге Құлназардың құнын даулай барған екен. «Әділ бидің елін дау араламайды, әділ патшаның елін жау араламайды» өзара әңгімелісіп отыра беріп-ті. Бір уақытта, ұзын бойлы бір адам: «Алты атасын арқалап жүрген бар ма, жеті атасын желкелеп жүрген бар ма? Алмасың болса-мойыным бар, асылың болса қойыным бар» – деген екен. Сұраса келгенде ол – Үйсін Төле би екен. Сонда Едіге: «Киіз кімдікі болса, білек соныкі, ауыз кімдікі болса сөз соныкі» шыққан жеріне қайтып сыймайды. Жарлық өзіңізден болды, жабдық-та сізден - деп айтып салған. Едіге, Төле би екендігін білген соң. Ертенінде таң атысымен алты атаның ұлына Арғынға алты ат бастатқан тоғыз жібереді, төрт атаның ұлына Төртуылға төрт түйе бастатқан тоғыз жібереді, тіпті қолынан ұстатып жалаңаш қыз береді оны «Жарқын» – деген күн деп атайды. «Ер құны, есебін тапқан сабаға екі-ақ ауыз сөз» – деп жұрт әңгіме қылып-ты. Едіге: он тоғыздың аяқ тоғызын Төле бидің босағасына тастатқызып, бас тоғызды үйде жатқан Бабырдікіне бергізіпті. Сөйтсе, бұл дауға Бабырдың інісі Құлнияз бірге барып, бірге қайтқан екен дейді.

Едіге би жақсы далбада демалып жатқанда он жолаушы келіп аттан түсіпті. Сөйтсе, «Ұлы жүз үйсін тоғас би елінің кісілеріміз депті. Өз елінің бір қатыны түсік тастап, оған себепші болған ағайын арасындағы төбелес екен. Тоғас би: бірің оң көзіңсің, бірің сол көзіңсің мен қанша түзу айттым дегенмен жығылған жағың өкпелі боларсың сондықтан билікке Арғын Манас биге барындар депті. Бекболат: Үш жүзге төрелік айтқан Төле биге барындар депті. Төле би мен жалғыз сөзіне риза болған тоғыз байлаған Едіге биге барындар деген соң келіп отырмыз билігін айтыңыз депті. Едіге, бала қайда десе, қанжығаларына құрым киізге тігіп алыпты. Едіге тігіп тастаған құрым киізді сөктеріп көрсе, қол аяғы жоқ, он екі мүшесі бітпеген сурет болып айқындалмаған бір кесек ет екен дейді. Едіге бас дейтін бас жоқ, көретұғын көз жоқ, ұстайтын қол жоқ, жүретұғын аяқ жоқ. Бұған күн бұйырмайды. Бірақ, «Даушы құр қалмайды» - деген бұл төбелестің салдары, сондықтан төбелескендерге екі тоғыз айып саламын. Қатынды ұрғандар түйе бастаған тоғыз, қатынға болысқан жағың ат бастаған тоғыз айып төлейсіңдер. Түйе бастаған тоғызды Тоғаз бидің босағасына байлайсындар. Бекболат екеуімізге бітіріп қайтқан бітімнің өзі олжа депті. Мұны естіген Бекболат, Манас, Тоғас бәрі бек риза болыпты.

Едіге батырдың ата-тегін М. Тынышбаев өзінің «Қазақ халқының тарихы» – деген кітабында жан-жақты сипаттап жазды. Алшағыр, Келмұхамет, Орақ батыр, Орманбет, Естерек, Ақ Мұрза, Бек Мұрза т.б. Едіге батырдың ұрпақтары болып келеді.

М-Ж. Көпеев Едігенің Жәңгір ханның жалғыз ұлы қайтыс болғанда көңіл айтқанын, қара өлеңмен айтылған кейін де бір сөзін қалтырмай жазып алған екен. Мысалы, мынандай нақыл: «Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, Кияғы бүтін сұңқар жоқ», «Тұлпардың тұяғы тасқа салса кетіледі, Суға салса жетіледі», «Ақ сұңқар әуелеп аспанға ұшты, Алтын қоңырау үзіліп жерге түсті, Хан саған құдайдың жабдығы түсті» яғни қарама-қарсы екі құбылысты қатар көрсету кездеседі.

М-Ж. Көпеевтің би- шешендер туралы жазып алғаны тек қана бұл емес. Архив құжаттарында өте көп кездеседі. Жалпы, М-Ж. Көпеев би- шешендердің өздерімен де араласқан. Солардан мол тәлім алғандығы оның шығармаларындағы өсиеттерінен байқалып отырады. М-Ж.Көпеев шығармашылығын зерттеген сайын, ол жаңа қырынан ашыла береді.

М-Ж. Көпеевтің би-шешендер туралы жазғандары әлі толық зерттелмеді. Олай болса, келешекте келер ұрпаққа Шоң мен М-Ж. Көпеевтің өнеге болар мұрасын паш ету, ісі қазақтың басты міндеті болмақшы.

ӘОЖ 882. 151. 212. 2

АДАМЖҮСІП ЖӘНЕ КӨНЕ СӨЗДЕРДІҢ ҚҰПИЯСЫ

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., профессор, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының директоры,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Енді Шоң бидің «би» – екінші компонентіне талдау жасаймыз. Би лексикасы да көнеден жеткендігі байқалады. Би түбір тұлғасынан туынды сөздер: билік, биік, биші (өзін-өзі меңгеру жағынан семантикасы жуық болып шығуы мүмкін), бибі, бише, бибі, биағайын, қала атауы Бийск, бишік (жәшік) летчик (ұш-қыш) сияқты түбір мен қосымшадан калькалы әдіспен қолдан жасалған түркі сөзі пайда болған.

Л.З. Будагов: Би, биі - түрік бей, қыр бий, алт піи: князь, вельможа, дворянин, господин, княгина, княжна, ханская жена, дочь, госпожа, сударыня, княжество, губернаторство – деген мағынасы болған. Екінші, д) қойға салынатын салық, оннан бірі, негізінде тіптен малға жылқыны коса есептегенде берілетін алым, бейлік – қазына деген, қазынаның мүлкі, бағалы қағаз т.б. Парсылар – пропорчик шені, бірнеше губернияны билейтін генерал – губернатор, негізгісі бейлер - бей – сот. Темір кезінде бейлер – би әскери жоғарғы шен – басқолбасшы. Бұқар өмірінің жоғары шенді қызметкері, жоғары кеңес төрағасы, ханның туысы, ханның ұлын тәрбиелеушіні айтқан. Алтын орда дәуірінде княздар үш дәрежеге бөлінген: ұлы, орта, төменгі болып. Біріншісі – ханның тікелей бағынышты адамы. Екіншісі – ұлысты билеген. Үшіншісі – ауыл биі. Олар өз ішінде қарақұрым, мыңдық, жүздік, ондық (би-сөзі бұл арада әскери шенді жарлықты ротныйға, полкқа жеткізетін адам). Би – сұлтанға не ханға тәуелді көшпелі рудын басшысын да айтқан. Би – аға (муселими аға) сияқты билік дәрежесі бірдей лауазым иесі болған. Түркімендер, күрттер би басқарса ол адамды бейлік деп атаған. Қырғыздарда өздерінің сөйімдері болғанда би деген атақ жеке басының сенімімен, өте адалдығы үшін ханның жарлығымен мемлекеттік орындаушы ретінде бекітілген. Би – бас чиновник ретінде ауызша істі қараған, шешім шығарған, бұл – сөз өзінің ақылды, тапқыр сияқты маңызын тапқан. Бейлік – соттың шешімі кезіндегі тәжірибесі, өкіметтің жарлығы. Хиуа билігі уақытында Қушбештің жарлығы бойынша қаланы, округты билейтін және алым жинайтын адамды би деген [7, -С. 264-365].

В.В. Радлов: Би – князь, царь, господин; би ата – қайын ата, күйеуінің әкесі. 2) судья, 3) шешім шығарғандағы тапқырлығы, ақылды, қызыл тілді шешен [8, -С. 1737]. Би – зат, көне. 1. Дау – жанжалға билік айтушы үстем тап өкілі [9, -Б. 300]; [10, -Б. 132]. Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» (XVII) би сөзі ұшырасады. Б. Әбілқасымов: «Шежіреде» сирек кездесетін билеуші мағынасындағы ақа (аға), би, төре сөздері бар, бұлар ол кезде қазіргіден басқаша мағынада жұмсалған» - дейді. Мысалы: *Темүр құтлық ... көбиланың ақсақалларын йығыб айтды кім сөзлерні Темүр би өлтүрүб ұғлан ұшақымызны өсір құлыб теді* [11, -Б. 78]. Қосымұлы Қадырғалидің «Жамиғат Тауарих» (XVII) жазба ескерткішінде де бекі / бики сөздері кездеседі. В.В. Бартольд беки/бики атағы Шыңғыс ханға дейін де көп бұрын болғанын айтады, ол жоғары дін иесін (басшысын - первосвященник) білдіріп, ер адамның есіміне қосылатын титул болған. Б.Я. Владимирцов бұл сөздің түп төркіні түрікше «мықты, берік, күшті» деген сөз дейді. Бұл терминді түркінің «әмірші, канцлер, қолбасшы», мағынасындағы бек-би сөзімен шатастырмау керек» - дейді [12, -Б. 82]. Қ. Халид: «Түркінің мансап иелерін «би, бек» атаған. «Би – бектен, бек-бүюктен» қысқартылған атаулар. «Бүюк – үлкен, зор» мағынасында айтылған» - деп түсіндіреді [13, -Б. 87]. Е. Бекмаханов: «Биями могли быть только преставители «черной кости», чингизиды не могли быть избраны биями, хотя они участвовали в разборе судебных дел» - дейді [14, -С. 75].

«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» - дегенге қарағанда би лексикасы өте көне екендігі байқалады. Хан, би, бек, аға, мырза, төре т.б. әкімшілік лексика бертін «ақ сүйек пен қара сүйектің» екінші қайталамасы сияқты дәуір өте қайталанып кеп, басқа мағынаға ие болған сияқты. Әрине, бидің көне дәуір қолданысы мен бертінгі екінші бітім – болмыс алған сыйпаты бір емес. Бүюк толық мағыналы сөзден бек одан барып би сөзі туындауы әбден мүмкін. Бүюк пен бүйі, бүйрек түбірлес лексика болуы да мүмкін. Тіпті, бауыр (адамның ішкі құрылысы) бауыр сөзі сияқты бүйір (бүюк//бек//би) лексемасы туындау мүмкіндігін де естен шығармаған жөн сияқты. Би әуелде дербес, жеке адамға қатысты діни адамдарға қолданылған деген сөздің де жаны бар. Жылдар өте бірнеше сатылы мағынаға ие болып барып, бүгінгі мағынаға ие болған сияқты. Би сөзі софы сияқты өте көне термин, тайпа басшысы, топ жетекшісі, ақылшысы, көшпелі тайпаның ру басы сияқты рөл атқарған болуы керек. Демек, шоң мен бидің көне семантикасын қалпына келтірсек синоним сөздер болып шығады. Үзенгі//үзік лексемасы жоғарыға ұмтылу, жерден үзілу, ажырау сияқты көне мағынасын ескерсек би// билік осы мағынаға келеді. Қамшы лексикасының қам түбір тұлғасы мен бақ (бақсы) семантикалық синоним екендігі айтылған болатын (докторлық диссертацияны қараңыз – А.Қ.). Бақсы мен ұстаз (ұста) сөздерінің мағынасы бір. Бақсы сөзі де қазіргі бақсы мағынасында болмаған. Қамшы (сыйқырлау, арбау) мағынасынан заттық мағынаға ауысқан. Олай болса, қамшы мен би (бишік) есте жоқ ескі заман сілеміне апарды. Ол, ол

ма: бақсы (бақ-сы), камшы (қам-шы), бише//биші (ші) түбір мен қосымшалы сөз жасалу, құралу, түзілу әдісі де бір. Қазіргі қолданыстағы биші (мың бұралып билеу) түбір тұлғалы мағынасы біз ойлағаннан анағұрлым тереңде жатыр бұл да – сыйқырлау, арбау (жыланды арбау) мағынасымен бір. Жалпы, би элементтері ең әуелі жыланды таякпен, сыбызғы үнімен қимылдатып барып, адамның есіне адамды билету түскен ғой. Шығыс қыздарының жартылай жалаңаш билеуі (еркектерді арбау, дөрекі айтқанда нәпсісін қоздырудан) рухани жағдайын қанағаттандырудан барып өнерге айналған сияқты. Шілде мен шілдехана семантикасы жағынан тығыз байланысты көне сөздер. Екі этнолексеманы бірінен - бірін ажыратып зереттей алмайтынымыз олардың семантикасының соншалықты тұтасып, кірігіп кеткендігінен болса керек. Адамжүсіптің «*Жаз шілде де, күлік жүгіреді, қыс шілде де жілік жүгіреді*» – деген сөздің мәнісі мынада: Жазды күні ел жайлауға шығып, ат жарыстырып, «бөйге» ұйымдастырады, қыстың қақаған қырық күнінде «соғымға», «омыртқаға» бірін-бірі шақырып, мәре-сәре болады. Көне дәстүр «тоқпан жілік» сындыру ойыны сол – қысқы мерекеде жасалады. Шілде лексемасының дәстүрлік анағұрлым кеңейген мағынасы шілдехана сөзін талдағанда анықтала түседі. Шілдехана лексемасының екінші түбір тұлғасы хананы талдамаймыз. Өйткені, ол – сөз әркімге түсінікті болар (науабайхана, асхана т.б.). *Бала туса, күзетер шылдақана, Олар да өлең айтар шулап жаңа* (Абай); *Сәрсенбай зор қуанышта болып, Шілдеханаға қанша қыз-бозбала жиып, ойын ойнап, қыз бала демей, қол басын шақырып той қылып, баланың есімін Жамал қойып еді* (М. Дулат); «*Бүгін шілдехана күзетеміз деген, қатын-қалаш, қыз-қырқын ауылды басып жатқан соң, түтін салып шай қайната бастады* (Шәкәрім); *Шілдехана беруге қол көтертпей, Тана, моңшақ саудырап текке қалды* (Адамжүсіп); *Той, жиын, шілдехана болса қайда, Сайрайтын болдым енді даусым сенбей* (С. Тастанбекқызы);

Шілдехана - «Баланы қыркынан шығару, соған ырым етіп, дастархан жаю, парсы жұртында бар ғұрыппен ұштасқан. Бұл ғұрып көне заостр нанымды белгілеген қағидалар негізінде қалыптасқан. Заостр босанған әйелді баласымен қырық күн онаша үйде ұстап тазартуды ұйғарған (Р. Әміров, 82) Осы қырық күн өткен соң, босанған әйел, жаңа туған бала қауымға қосылуға тиіс. Ит көйлек, баланың шашын алу, тырнағын алу сияқты қыркынан шығарғанда жасалатын ырымдар осыны танытады» (Р. Әміров. Фольклордағы кейбір персонаждар және олардың аттары//Қазақстан мектебі, №12. 1973. 82 б; //История религий и тайных религиозных обществ древнего и нового мира, т. Персия, СПб, 1870, стр. 301). Демек, шілдехана дәстүрі ислам діні енгенге дейін қалыптасқан. Кейіннен, ислам дінінің әсері тиген. І. Кеңесбаев: қырғызда ертеде қыркынан шыққан балаға анасы өз қолымен жанадан көйлек кигізу ырымы болған; осыны қырғыз тілінде «қырық көйнек» деп атайды. Сол «қырық көйнек» кигізерде қырық балаға «қырық челпек» беретін дәстүр болды. [Қыркына келген балаға той жасап, кейуана кісі баланың үстіне «қырық қасық» су құю ырымы қазақта да болды] – дейді. Т.Арынов пен Ш.Дәулетқұлов: Нәресте дүниеге келген күннен бастап, қыркынан шыққанша (ұл баланы 40 күннен соң, қыз баланы 37 күннен соң қыркынан шығара беретін болған) «шілдехана тойы» жасалады.

Шілде (чиллэ) парсыша – қырық дегенді білдіретін сөз. «Жарысқаннның (әйел толғағы басталғандағы ырым) арты іле-шала не сол күні түнде, не ертеңінде кеште шілдеханаме жалғасады» (Семей таңы газеті. 1991 жыл); Бұл тойға үлкендер қатыспайды. Мұны «шілде күзет» - деп атаған. Қалжаға сойылған малдың сорпасына босанған ана әбден қанып ішіп, етін жеп, бойындағы шілде терін шығарып отырған. Сол 40 күн бойында желге тимей, күтінген (Ана тілі. 1990. №36). Шілде тер парсының шілде «қырық» сөзімен тығыз байланысты демек, іштегі (шілде) ыстық шығару деген ұғыммен астасқан. «Қырық күн шілде-сорок жарких дней» (Г.Д.Ажибекова. Лексические плеоназмы в современном Казахском языке, 1983: 9). *Тоқсандағы шалдардың, Қырық күн шілде болғанда, Тосектен басып көтермей, Тобесі жидіп таз болды* (Мәшһүр-Жүсіп). Аңыз бойынша, Көрұғлы өлі анасының кеудесін қырық күн сорып күн көрген. Ал қырық бірінші күні ғайып ерен, қырық шілтен ана сүтін емізбей қойған). Чілде күзет- туған жас баланы екі-үш күн күзететін әдеті. «Қазақ қырық күн шілде» - деп жаздың нағыз аспан айналып жерге түсер ыстығын айтады (С.Кеңесбаев, 1946:12). Шілде зат. Жаздың өте ысы: июнь, июль, август айлары. Шілдехана зат. Жас сәби туған күні таң атқанша ұйықтамай күзету, ойын-сауық жасау әдеті (ҚТТС II том. 511 б); Шілдехана–(п) шлехане (челлехане). Жас сәби туған күні таң атқанша ұйықтамай күзету, ойын – сауық жасау әдеті (194). *Сиб. тат. шилде, челдэ* - екі қабат болу, малдың да буаздануы (Будагов, 1871: 400). Шілде - сорокь самыхъ жаркихъ дней лѣта (Радлов, 1911: 1079). Шілде (1). Жаздың тамылжыған ыстық айлары (АТС, 712 б).

Шілдехана лексикасы тотемизммен тығыз байланысты болса, шілде лексикасы *Ғайып ерен қырық шілтенмен* тығыз байланысты. Хормуздық жоғары құдыреттіліктің де белгісі бар. Екі діннің тұтасқан әрекетінен шыққандығы байқалады. Сайып келгенде қазақ тіліне енген сөздердің этношығу мәдениеті осындай.

ӘОЖ 882. 151. 212. 2

АДАМЖҮСІП ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ЕСКІЛІКТЕР

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., профессор, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының директоры,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Адамжүсіп (Мәшһүр-Жүсіп) Көпейұлы шығармаларында тіл мәселесі жөнінде көптеген деректер кездеседі. Олар мағыналары жағынан алуан түрлі. Сөздің шығу тегі, мақал-мәтелдердің шығуы, ономастикалық атаулардың пайда болуы, сөз өнері туралы т.б. Ал, байырғы ескіліктер болып табылатын көне этномәдени лексика тіптен көп. Біз бүгінгі мақаламызда Адамжүсіптің лингвистикалық көзқарасына ғана тоқталамыз. Оның себебі кейбір зерттеушілер Адамжүсіптің шығармаларын бір жақты (діни мистикалық) жағынан қарастырады да ақын туралы діншіл, құдайшыл дегеннен аспай келеді. Оның үстіне Адамжүсіп жөніндегі пікірлері саналарын ұлап алған байырғы кеңестік дәуірдің елесінен айрыла алмай, ақынның ғұламалығына күмәнмен қараушылық әлі де арамызда ұшырасады. Адамжүсіптің ұлы Абайдан кейінгі шыққан дала кемеңгері екендігін мойындамай келеміз.

Адамжүсіп тек қана түркі тілдері туралы біліп қоймаған дүние жүзі тілдері, діндері жөнінде де мағұлыматы болған. Мысалы, «Дін туралы жер жүзіндегі адамдар дін жағынан екіге бөлінеді. Бірі-Құдайды бір дос (дош), бірі Құдайды бір демеуші, «бір» деушілерге кітабы дейді. «Бір» демеушілерге «Бір» деушілер 3 түрлі. Ғайса, Мұса, Мұхаммед – бір деме – осылар. Будда, Бірахмен, Мәжуси, хубасқа түндей болды. Жер үстінде кітаптан, мішіріктер көп. Тіл туралы жер жүзіндегі болған адамдардың тілдері түрлі – түрлі. Санағандар: «Мың шамалы түрі бар» – дейді. Бұлардың дүниеге ең көп жайылғандары үшке бөлінеді. Бірінші-Һинд һәм Еуропа тілдері. Екінші-күншығыс Азия тілдері. Үшінші: Хам, Сам тілдері дейді. Сол сияқты Адамжүсіп XIX ғасырда «*мәдениет*» деген сөзді бірінші қолданған және мағынасын тура берген адам. «*Кейбіреулері шаһарларда жиылып, егінмен ас қылады. Бұларды: «мәдени халық» - дейді, яғни «ғылымды жұрт» - дейді. Мәдениет – араб тіліндегі «мудун» сөзі біздің түсінігіміздегі «қала» мағынасын берсе, «медени» - «қала тұрғыны» деген ұғымды меңзейді (Ә. Нұрмағамбетов, 1990: -Б. 9). Демек, Адамжүсіп бұл – сөздің мағынасын тура қолданған. Қазіргі Республикамыздың Астана қаласына байланысты*

Адамжүсіп: «*Патшалардың тұрған шаһарын: «Астана»; Егер ол су адам күшімен қазып қосылған болса: «Канал» - дейді. Осы жолдағы: Астана п. астан: өткел, кірер қақпа, сарайға кіру, патша кіретін есік, - Астана – деген ұғымды білдіреді (Л. Рүстемов, 1989: -Б. 34). Канал түбір тұлғасы көне түркі лексемасы қанар, Абақан (ұлкен су) құрамындағы қан < > қан. Демек, қан көне түркі тілінде ыдыс деген ұғымды білдірген. Орыс тіліне енген канал (су құятын ыдыс), кэда (көне түркі формасы kedim `киім`), сандал (сандаал – ағаш эпостық жырда кездеседі), новый (наурыз), да Москва, давай дегендегі да, давэй – (қытай тілінде - үлкен) қазақ тілінде дамолда (үлкен молда) дегенде қолданылады, ағылшын тіліндегі футбол (бұт - аяқ), шериф (сейіт // шәріп//шериф) т.б. көптеген сөздерді атап өтуге болады.*

Адамжүсіп: «*Жетпіс екі тіл бар. Сол жетпіс екі тілдің ішінде гараб тілінен асыл тіл жоқ. ... Онан соңғы тілде қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата – бабасының тілі болған қазақ тілін осы күнгі жүрген қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе еді: дін де осында, ғылым, білім де осында, әулиешілік те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата – бабаларымыз бәрі жақсы болып, әулие болып өтті. Не үшін ақжүрек болып, аққоңіл болғандықтан бұған дәлел болуға Мығной, Мышнойдың бір сөзін тәбәрігіне сөйлейік» - дейді (М-Ж. 2007: 11 том. -Б. 73). Адамжүсіптің айтқаны Махмұт Қашқаримен үндестік тапқандай. М.Қашқари: «Ең таза тіл – тек қана бір тілді біліп, парсылармен араласпайтын, жат-жұртқа барып-келіп, қарым-қатынас жасамайтын адамдардың тілі» – деген (МК,1993: -Б.11.). Тіл мен дінді, ғылымды бір деп қарастырады.*

Адамжүсіп: «*Заты қазақтан болғаннан: «Әмір Темір көреген» – дейді. ...Жек көргендер: «Темірлан» – дейді (9 т. –Б. 3). «Лаң» сөзі - сарт тілі. Сарт тілінде «лаң» деп ақсақты айтады. «Бір аяғының шалақтығы бар екен» - деседі (10 т. -Б. 3). Әмір Темірді кейде Ақсақ Темір – дейді. С. Мұстафаұлы: Тілімізде көп айтыла беретін лаң салу тіркесінің құрамындағы лаң сөзі тым ертеде қытай тілінен кірме сөз ретінде еніп, дыбыстық өзгерістерге ұшырап, сінсізіп кеткен Luан (луан) деген сөз. Олай деудегі уәжіміз, қазақ халқының көрші қытай халқымен арадағы тарихи байланыстарының тым ертеден бастау алатындығы. Бұл тарихи деректерден белгілі. Ертеде қытай хандықтары мен бектерінде туындаған билікке таласқан қыркыстарда, жеңілген жағы еліне лаң салған қылмысты ретінде, сол кездегі өзіне көрші түркі тайпаларының билігіндегі елдерге жансауғалап қашып барып отырған. Бұл жайында да қытайдың тарихи деректерінде әңгіме болады. Сондай дәуірлерде лаң сөзі тілімізге енген. Әрі ұзақ ғасырлар бойындағы тілдік қолданыста дыбыстық өзгерістерге ұшырап, қалыптасқан. Әдетте біз Қытай тіліндегі Luан, бүлік, лаң сөзімен тіркесіп келетін, мынадай бірқатар сөздерді кезіктіреміз. Bian Luан – бүлік салу, ран Luан – опасыздық жасау, bing Luан - әскери өзгеріс жасау, hun Luан – аласапырандық тудыру т.б. – дейді («Ана тілі» газеті, №38, 2003 жыл). Хан емесің – ылаңсың, Қара шұбар жыланың (Махамбет). Қазақ тілінде лаң (ылаң) – түбір тұлғасының негізінде неологизм сөз ылаңкестік пайда болды.*

«*Сутке сүт қосылса, сүмесін (суымысын), // Сөзге сөз қосылса, демесін!»*» - деген мақалдағы сүмесін негізінде дұрыс жазылған ол, суымысын деген сөз емес. Немесе, «*берген аста береке бар, бермеген аста бітө*

бар» - деген мақалдағы береке керметтер лексикасына жатады да, бітә демонология о баста қара күйенің ескі атауы болған. С. Мұқанов: Малдың еті мен сүмесі (сүті) болады немесе «Сүме» ертерек кезде «желін, «емшек» мағынасында айтылады. Ет тауып жеуге мүмкіндігі жоқтар «малдың сүмесімен (сүтімен) күнін көрген» - дейді (СМ. ХМ. 1974: –Б. 107-110). Адамжүсіптің «Сары арқа кімдікі екендігі?» (1907: -Б. 4) нұсқасында: *Бір шөкті түйені шөкімен алып шығыпты* деген жолдағы шөкті – жүкті деп жазылып жүр. Шөк – түркінің көне сөзі. Л.Будагов: дж. шөке, шөк – 1) окружность груди верблюда – деп түсінік берілген (Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Том. I. Санктпетербургъ. 1869: -С. 497).

Абай: *Күн күйеу, жер қалыңдық сағынысты, Екеуінің құмары сондай күшті* деп Тәңір мен Ұмайды суреттесе, Адамжүсіп: *Аспан көк – байы, Жер – қатыны* дейді. Екі ақын да мұсылман дініне дейінгі мәдениетті Күн – Тәңір, Жер – Ұмай деп түсінген түркі жұртының мифтік образдарын жаңғыртып поэзияға арқау қылады. *Сенімі жоқ, серменде* сырты бұзық, Анық таза көрмейміз досымызды* * Сенделіп босқа жүрген адам – деп түсінік берілген (Абай, 104). Немесе, *Қайрымы жоқ серменде оңкей жынды* – дегенде серменде сөзі қолданылған. Н. Құрман Қайрымды сер қылды - «Жасаған жақсылығыңды жоқ қылып, орнына жамандық жасау» - деп жазады. Демек, серменде (шерменде) түбірлес сөздер. Шер (жолбарыстың көне атауы) қаншалықты байланысы барлығы түсініксіз. Ағылшын тіліндегі сер (мырза) деген осы – сөз болып жүрмесін.

Адамжүсіп бірде: «қисыр» – фрынжи тілі: қазақша «Жеті пірін» - дейді. Еуропада болған жұрттар: «Мұның «қисыр» аталғаны – толғатып тұрған қатын өлгенде, іште тулап тұрған баланы жарып алып, ол бала тірі болып, жұрт билеп, патша болып, «Қисыр» атанған екен. Қазақшасы: «Жарып алды» - атанған. Сонда ол Қисыр мақтанғанда: – Мен басқалардай а...нан шыққаным жоқ! – деп мақтанады екен» – деп жазады. Кесарево сөзінің түбір тұлғасы кес болып шығады, Киев (Күйеу), Орел (Өржол), Керчь (Керіс), Каспи (Кеспе), Двина (Диюана), Висла (Ұсылы), Дон (Дөң), Амур (Әмір), Енесей (Енесай) т.б. атауларды қазақшалап жазған.

Адамжүсіп: *«Қазақта екі сөз шешілмей жүр: бірі – «Ана тілі» - деген, бірі – «Әдебиет» - деген. Шешілмегеннің себебі: «ана тілі» - деген қазақтың бұрынғы қазақ болған күніндегі ескі тілі. Ол ескі тіл кімге қалды?! Жалғыз-ақ қатындарда қалды. Қазақтың ең алғаш көрген молдасы: сарт-сауан, ногай-нопай. Олар өзі қазақ тілін дұрыстап білмейді. Өтіріктен оқытқан тілі мынау: «Әліп кез біра ләмеа сәкін әл хи газ бір ха мумға сәкін алхам дәл пайңы ду алхам ду». Бала бұл айтып отырағанының оқуы қайсы, оқу емесі қайсы екенін айыра алмай миқата болды. Құдай онымен қоя ма?! «Менің айтқанымдай айта алмастың» - деп: «Қызыңа сөкей күнет бекем»-деп, тарс еткізіп басқа салып қалады. Ногай үйреткенде: «Бит әлі алай түгел бит» - бұл бұлай, түгел деп сабайды. Сарттан оқығаны сарт тіліне еліктеді. Ногайдан оқығаны ногай тіліне еліктеді. Анан сұратқан орыстан оқығаны орыс тіліне еліктеді. Өзінің жергілікті тілінен айрылып қалды. Қатын ешқандай, ешкімнен оқыған жоқ. Бұрынғы ескі қазақ тілі қатында қалды. Осы қатын тілін дұрыс білетұғын қазақ жоқ демейін, саналамаса, нама қалған шығар. «Ана тілі» – дегеннің мәнісі – осы» – дейді (9 т. 2006: -Б. 317). Ақынның «қатын тілі» - деп отырғаны қазақтың байырғы тілі. Қатын ешқайда шықпайды, үйде отырады. Таза қазақ тілі де қатында сақталған. Былайша, айтқанда «қатын» тіл тасушы (носитель языка) Соған теңеп, қазақ тілі араласпаған таза тіл «қатын тілі» дегенге келтіреді.*

Тілдік құбылудың бір тәсілі табу болып табылады. Эвфемизм – қазақ дәстүріндегі этномәдениеттің көне түрі. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында да ұшырасады. Тіпті, Адамжүсіпті келіндері атын атамай Әтиім деген. Мысалы, Қазақта «Тас» – деген, «Тастыбай» – деген кісі аттары болған. Олардың келін-кепшіктері: «Тас» – деп, атай алмай, «Қайыршак» – деп сөйлеп кеткен. Қазақта «Наурыз» деген де кісі аты болған. Келін-кепшіктер атай алмай: «Ұлы күн» – деп, «Ұлыстың ұлы күні!» – деп кеткен. «Ұлыс» – Түркінің ата-бабаларынан қалған ескі тіл. Біздің қазақта «Ұлыстың ұлы күні» – Наурыз (8 т. Б. 56).

«Шоң» көне сөздің құпиясы. *«Мұнда әруақтың соңы болған, Айдаболдың Шоңы болған Шоң деген кісі бар»* - депті бір билікте ел адамы [1, -Б. 87]. Шоң би жөнінде өндіріп жазған адамның бірі – Қалмұқан Исабаев. Ол кісінің романы кейбір тарихи деректерге жауап бермесе де Шоң би жөніндегі, сол кезеңде өмір сүрген тарихи бейнелер жайында құнды-құнды мәліметтер молынан ұшырасады [2]. Ең алдымен мына мәселені анықтап алайық, жалпы адамның атымен, затының арасында үлкен тылсым сыр жатыр. Ат қоюда қазақ асқан даналық танытқан, «ат тергеген». Ф.ғ.д., профессор Т.Жанұзақовтың бұл салада құнды еңбегі де жарық көрді. Қазақ азан шақырып, бесіктегі баланың құлағына үш рет дыбыстап алғашқы есімін қойған, ат шаптырып той жасаған. Кейбір адамдарға өз есімі өзіне ауыр тиетін болған. Мұхаммет пайғамбардың атын тура қоймаған. Сермұхаммед, Бекмұхаммет, Мұхамметәмен, Мұхамметфазыл, Дінмұхаммет, Айтмұхаммет т.б. не атаулы буынның алдынан не соңынан қосымшалар қосып отырған. Бұл – бұлжымастай заңдылық болған. Шоң мен би екі сөздің қосындысынан тіркескен. Би лексикасы шоңның эпитеті сияқты қосарлана қолданады.

Шоң би де өз заманында қоғамдық, әлеуметтік, саяси дипломат болған, қазақ халқының өсуіне ел болуына үлкен рөл атқарған би. Тәппіштеп жазып отырғанымның тағы да бір себебі бар. Бірде, Алматыға бара қалдым. Машина қоятын аялдамада жігіттер әлекедей жаланып, таяқтарын шошайтып, машинаны анда қой, мұнда қой деп жүр екен. Бір уақытта аузынан арақтың иісі мұңкіп тұрған жұпыны киінген, аласа бойлы жас жігіттің келе қалғаны бар емес пе. Өңіріндегі тағып алған алқасына қарасам аты Дінмұхаммет бәленшебаев, бәленшебаев та менің шаруам жоқ, аты көзіме оттай басылды «жаман иттің атын да Бөрібасар қояды деп», мен Дінмұхаммет кім екенін білесің бе деп сұрадым, білмейтін болып шықты. Сонда апырмай, ә... деп Димаш аға Қонаевтың есімін қызғанып қалғаным бар. Әрине, өскенде, ержеткенде кім қалай болады оны – бір Алла ғана біледі ғой. Дегенмен, балаға ат қойғанда жүз рет ойланып, мың рет толғанып барып қойған жөн. Бала өсе келе қасиетті

есім қойылған болса, өзінің аты туралы үнемі есіне салып айтып отырған да халық тәрбиесінің сарқылмас көзі болып табылар еді. Жақсы қойылған есім, адамды жетелейді, ұшпаққа шығарады. Қазақ ырымшыл халық қой. Бала тоқтамай шетіней берген соң дөрекі есімдерді де қоя салады. Мұның жөні бір басқа. Тезекбай, Көтібар, Бөккөт т.б. осылай қойылса керек, тағы басқа да себептері болуы әбден мүмкін.

Енді Шоң бидің «шоң» бірінші компонентіне талдау жасаймыз. Мен Шоң бидің есімін мектеп қабырғасында оқып жүргенде кездестірдім. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын оқып отырсам мынандай жолдар бар екен: Ақылбай, Мағаш, Кәкітай, Дәрмен өзара айтысып келе жатады, Мағаш сөз кезегін Кәкітайға береді ол:

«Бірін тонып, бірін он, жұмысым жоқ,
Ойына түк кірмейді Кәкітай шоңның!»

– деп қатты күліп жібереді. Ақылбай баяу мінезімен таңырқаған бойында Кәкітайға бұрылды да, «шоңның» ...деп, соңғы ұйқасты қайталап:

– Бұл не деген ұйқас!? деді.

Дәл осы сәтте Мағаш пен Дәрмен Кәкітайды мысқыл етіп, Ақылбайдың күдігін қостап, күле жөнелісті.

– Қысылғаныңа көрінсін, Кәкітай, «шоңның» деген сөз жоқ. Өлең айтса Кәкітайдың бір обқа жығылатынын білуші ем. Барып шыққан жерін қарасаңшы, – деп Мағаш күліп келеді; Дәрмен ақсия күліп:

– Бұл қайдан алған ұйқасың, қазақ естімеген сөзді қайдан сүйреп әкелдің, Кәке – ау? – деді.

...Ербол аға, мыналардың орынсыз күлкі, жалған сықағын тыйыңызшы! Арашашы тіледім сізден! Құдай ақы, «шоңның» деген қазақ сөзі бар деп айтып беріңізші мыналарға! – деді. Одан бір топ уәж сұрап Абайға келеді. Абай: «– Қазақта «шоң» деген кісі аты да бар. Кісі болғанда Шоң, Торайғыр деген ағайынды екеуі бірдей сурылған шешен. Сүйіндік ішінен шыққан қос өркештей адамдар болған. Олар айтты деген нақыл – тақпақ исі Орта жүзге мәлім. Ал сол «шоң» деген сөздің түп төркіні, мен білсем, қазақ сөзі емес. Мына Ұлы жүз, Үйсін ақындарының, шешендерінің ескі ырғақтарында да ұшырап отырады. Осы сөздің асыл түбі қырғыздан ба деп топшылаймын» - дейді [3, -Б. 6]. «Абай жолында» Шоң – деген сөзді Арқа қазағы білмейді. Зор, үлкен деген мағынада қырғыз бен оңтүстік қазағы қолданады – деп түсінік берілген.

Ш. Уәлиханов: Чоң – үлкен, ұлы - деп анықтайды [4, -Б. 243]. С. Аманжолов: Шоң – үлкен, ірі (большой, крупный) Чу.ЖО; Ар. КОО. Шоң айна – шок айна: кәрікыз тікенекті шөп. Урд. СО. Шоңғал//Шоңқал – күз, шын, бикі (вершина). Олар таудың шоңғалына шықты. Щев., Ман.ГО. [5, -С. 419]. Шоң сын. 1. Үлкен, дәу, зор, жуан. Жүзі күнге тотығып, шоң мұрынының үсті теңбілденіп, ерні жарылған бақбеті Антоша Жақсылықтың қасына кеп тұра қалды (Сыланов). 2. Ауыс. Шонжар, ірі феодал. Шоң желке – күжірейген жуан мойын. Асқар кірсе, кең бөлменің қабырғасын айнала отырған ылғи бір қаба сақал, кең құрсақ шоң желке шонжарлар (Мұқанов) [6, -Б. 492]. Шоң түбір тұлғасынан шоңайна, шоңғал, шоңбал сөздері туындаған бұл – түбір тұлғалы сөз, уақыт өте келе басқа мағыналы бітім - болмыс алып кеткен сияқты: шоңқайма, шоңқандау, шоңқию т.б. Қазақ тілінде оксюморон деген термин бар жаман-жақсы көремің (жақсы көру), сен жындысын (сүйсіну), тірі өлік (бар адам), өзі бір ит (жақсы көру), күшігім сол (емірену), өзі қасқыр (сүйсіну) мағынасындағы сөздер сияқты. Бұл – арада антонимдік мағыналы сөздер бір мағынада жұмсалып тұрғанын байқауға болады.

Түйін. Шоң би тіркесінің «шоң» - бірінші компонентінің мағынасы былай. Шоң – көне түркі тілінде үлкен, ұлы деген ұғымды береді екен. Демек, Шоң би дегеннің мағынасы ұлы адам деген болып шығады.

ӘОЖ 882. 151. 212. 2

АДАМЖҮСІП ЖӘНЕ КӨНЕ СӨЗДЕРДІҢ ҚҰПИЯСЫ

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., профессор, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының директоры,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Сүйретпе. Адамжүсіп те мынандай көне сөз кездеседі. *Сүйретпелерін керегенің басына іліп қоятұғын қылады екен* (ҚШ, -Б. 29). Сабадан кейінгі суыңға арналып көннен жасалатын ыдыс – сүйретпе. Оның түбі бұрышсыз жұмыр келеді. Сыйлы қонаққа сүйретпеден қымыз беру ерсі саналады – дейді С.Мұқанов (ХМ, -Б. 106). Бірақ, Адамжүсіп жазбасындағы Абылай Жарылғаптың аулына келгенде Маңқан бәйбіше – Жүктің *артында сүйретпеді байдың сыбаға асы түнемел тұр еді* – дейді (9 т. –Б. 73). Осы мысалға қарағанда сүйретпедегі қымызды сыйлы қонаққа да құйып берген сияқты.

Талқы. *Қатқан көнді жібітетұғын емен талқы бикемің біз боламыз!* (Мәшһүр-Жүсіп) (9 т. –Б. 289). Талқы – деген иленген қалың теріні жұмсартатын айыр ағаш, қолға қайда барса да алдында бір қиын қызмет бар дегені (Шәкәрім, -Б. 30). Соңғысы талқыға салды етістік мағынасындағы сөз – А.Қ. «Жүні жидіген теріні жайып кептіреді де, оның құрыс-тырыстарын жазу үшін «талқы» аталатын тістері кедір-бұдыр сайманмен созылайды» - дейді С. Мұқанов (СМ. ХМ. –Б. 121). Орайы келген соң мына бір сөздің де мағынасын ашқанды жөн көрдік.

Бағы. Мына заман қай заман бағы* заман, Баяғыдай болар ма тағы заман. Бағы – деген өзін - өзі билеп, хандарға низамға қарсы келгендер – деп түсінік берілген (Шәкәрім. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. 1991: -Б. 26).

Жаңа низам. Адамжүсіп (Мәшһүр-Жүсіп): «Қылғаны хакімдердің бізге зорлық, Низамы тұра келмес ісі сиып» немесе «Мың сегіз кеше алпыс тоғыздан соң, Халайық көрмеп пе едің неше түрді» – деп «Сары арканың кімдікі екендігі» (1907) жазды. Қазақстан 1867-1868 жылдары реформаға даярланды. «Уақытша ереже» «Дала низамы» немесе «Жаңа низам» – деп аталды. *Незам* араб тілінде *مَظَن* [порядок, упрядочение; усторойство, регламент, система] – указ, закон, порядок, правило. «Дала низамына Екінші Александр патша 1869 жылы 21 октябрьде қол қойып бекітті. Комиссияның қырға шығуы, олардың «Уақытша ережені» күшпен енгізбек болуы бас көтерілістің басталуына себепкер болды. Көтерілісті сұлтан Ханғали Арыстанов, молда Дәуіт Асауов, би Азберген Мұңайтпасов, молда Ықлас Досов және т.б. басқарды. «1868 жылғы «Дала Низамына» қарсы көтерілген халықты патша өкіметі күшпен көндірмекші болғаннан кейін, ел «Тескен тау» өтіп кетеміз деп ата қонысты тастай үдере көшеді» - деп жазды Х.Есенжанов. Реформа діни мұсылмандар құқығын тежеді. Бұл туралы Адамжүсіп (Мәшһүр-Жүсіп) «Жаңа низам» шығарғанда өзінің ұсынысын жазды. Бірінші – партия қылу. Екінші – ұрлықты тыю. Үшінші – байлардың өзіне тоқтау жасау. Төртінші – ишан, қажы, қожа, молдалардың адасулығын жібермеу керек. Мәшһүр-Жүсіптің сол уақыттағы ел ішінде, сыртта болып жатқан істен хабардар болып отырғанына саяси қырағылығына тағы да таң қаласын. Мысалы, төртінші мәселені қозғап отырғаны «Уақытша реформа» кезінде мұсылман дінбасылары орысқа қарсы үгітті күшейтті. Молдалар мен ишандар қазақ жерін вакумға беру керек деп шешті. Ел басқаруды бір ғана эмирге (Бұхар үлгісі бойынша) беру керек деп үгіттеді т.б. Бұл істерін Адамжүсіп сынады. Бесінші – «усул жаид» оқуын енгізу. Алтыншы – көшіп – қонуға рұқсат ету. Жетінші – далада от жағуды тоқтату (өрт болмасын дегендік - А.Қ.). Сегізінші – өлікті бұрынғыдағыдай кебінге орап шығару, жаназасын оқу. Тоғызыншы – қазақ өзінің Абылай заманындағы жақсы дәстүрін сақтау. Мінекей, Адамжүсіп «Жаңа низамға» осындай ұсыныспен шыққан.

Әдебиеттер: Л.З. Рүстемов. *Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов.* –Алма-Ата, Мектеп. 1989. - Б. 218. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. *Шығармалар жинағы 8 том.* –Павлодар. «ЭКО» ЖШС, 2006. – 275. Н.Д. Оңдасынов. *Арабша-қазақша түсіндірме сөздік (қазақ тіліндегі араб сөздігі) 2 том.* –Алматы, Мектеп. 1984. -Б. 189. Қазақ ССР тарихы. *Қазақ мемлекеттік баспасы, 1957.* – Б. 407-424. Мәшһүр -Жүсіп Көпеев. *Таңдамалы (Екі томдық шығармалар жинағы).* –Алматы, 1990. – 30-31.

Зенгі. Сиыр малының иесі. Адамжүсіп жинаған ауыз әдебиетінің үлгісінде кездеседі. Өмір Темір Ташкентте «Зенгі ата» - деген әулиенің үстіне күмбез салдырған – дейді Адамжүсіп. Төрт түлік мал жайындағы шығармаларда Зенгі баба сиыр иесі айтылады. Зенгі баба бұл – Тәңір және Ұмаймен тығыз байланысты. Мұсылман дініне дейін болған мәдениет. Фетешизмнің қасиеттерін осы – Зенгі баба бойынан табамыз. Төрт түлік малдың әр қайсысының иесі болған. Мысалы: Жылқының иесі – жылқышы ата (Қамбар ата), қойдың иесі – Шопан ата, түйенің иесі – Ойсыл кара, сиырдың иесі – Зенгі баба, ешкінің иесі – Сексек ата. Зенгі сөзінің семантикасы әлі түсініксіз. Зенгі – п. [*зенги:* 1. негр, чернокожий; занзибарец; эфиоп; 2. негритянский] – 1. *большой, огромный.* Көтерген көкке мойнын Зерелі зенгі зеңбірек (Д.Ә.); 2. *негір.* Саған үлкен емен ағашты суырып алып, барлық өзіне серік зенгілерді ертті («М.б.т.»). ~баба *среднеазиатский «святой», ангел – хранитель крупного рогатого скота.* Мәселен, жылқы түлігінің пірі – «Қамбар ата», қойдікі – «Шопан ата», түйенікі – «Ойсыл кара», сиырдікі – «Зенгі баба» ...деген (Х.А.). Сонымен, зенгі парсы сөзі сияқты мағынасы үлкен деген ұғымды береді. Зенгі баба Үлкен сиыр. Қасиетті мал. Көне түркі тілінде сиырды інгек (үй) – деген. *Үй түгіндей көүрді Кемекеңнің басынан Күшілік жерге апарып, Сүргітіп бір тастады* (Манас).

Әдебиеттер: Мәшһүр - Жүсіп Көпейұлы. *Шығармалар жинағы 8 том.* –Павлодар. «ЭКО» ЖШС, 2006. –Б. 92. Л.З.Рүстемов. *Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов.* – Алма –Ата: Мектеп, 1989. –С. 121. А.Қ.Тұрышев. *Мәшһүр Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері. // Ф.г.д., ғыл. дәреже. алу үшін дайын. диссер.* –Алматы, 2005. –Б. 88-89. М.Фабдуллин. *Қазақ халқының ауыз әдебиеті.* – Алматы: Мектеп, 1974. - Б. 40-41. Л.З.Будагов. *Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Том I. Санктпетербургъ. Типография императорской академии наукъ. 1869.* -С. 607.

Оқалы кебіс мәсі. Әйелдердің аяқ киімі. Оқалы кебіс мәсі – алпыс сандық; Темір арқан болғанда, темір-кебіс; Кидім де кебісімді шықтым тысқа (Мәшһүр-Жүсіп); Сықылды қаралдысы кебіс басы, Оты жоқ, болған күмбез - оның қасы (Мәшһүр-Жүсіп);

В.И. Рассадин: алт. кебіс, шор. кемис, хак. кибіс, тув. хевис `ковер`, которые представляют собой заимствование средневекового монгольского слова *kebis* `ковер`, зафиксированного в этой форме в старописьменном монгольских языке. Слова это широко бытует в современных монгольских языках: ср. монг. хивис, бур. хибэс, кам. кевес, ордос. кевис, дагур. кибэс, в диалектах Внутренней Монголии хевис `ковер`. Само же монгольское слова является не чем иным, как заимствованием др. -тюрк. *kiviz, kiwiz* `ковер`, варианта др. - тюрк. *kibiz, kibiz* `палас, кошма`. Со значениями `войлок, кошма` это древнетюркское слова в указанных тюркских языках сохраняется, дав закономерные для них фонетические рефлекссы: алт. кийис, хак. киис, тув. кидис. Таким образом, и здесь кебис монголизм, кийис и. т. п. - собственно тюркское слова (1990: 224). Л. Будагов: алт. кебіс *سبک 1*) коверь (конд. кеміс, монг. кебесъ. кир. кябісъ = п. *شغك* хив. кебішъ *شغك* кандалы, наложить кандалы *شغك* (112) п. *شغك* кяфшъ (каз. произносятся кявушъ, кяфшъ), колош (у персиянь башмак съ высокими кабулками на подковкахъ, съ закорюченнымъ кончикомъ; надъваются на носки

и охватываютъ три четверти ступни), кир. произносятся кебісъ *سبک* родъ туфлей, *سبک* башмачникъ (1871: 112, 131). Ә.Б. Алмауытова кебіс-түбірі кеп (38), Кебіс атауының түбірі ки етістігімен байланысты (-ыс, -іс) сөз тудырудың өнімді моделі-деп қарастырады (1994: 38, 46). Нұрмағамбетов: Иран тілінде кебіс «кәфш» калпында көрінеді (Пер. –рус. сл., 1983, 335). Иран тілінде «кәф», «кәфф» - аяқтың табаны деген мағына берген. Сол сияқты үнді, араб, ағылшын, фин, эстон тілдерінде «һоф», «кәпп», «кәппә» тұлғасында «табан» мағынасында қолданылған деп, бұл – сөзді Иран тілінен ауысып кебіс болған дейді. Оқалы кебіс - әшекейленген, оюланған аяқ киімді айтады. Бұған мына Рүстемовтың: кебіс а. [شفاك -кәфш. Обувь, башмаки, туфли] – узконосые колоши. Кебіс – мәсі п. узб. [سبک +маһси: сапожки без твердого задника и кабулка с мягкой подошвой] – обувь – дейді (Рүст, 134). Мәсі – жұмсақ былғарыдан тігілген, өкшесіз, жұмсақ сірілі, жұмсақ ұлтанды аяқкіім (Оңдас., 145). Кебіс – мәсі сөздерінің қатар қолданылуының себебі, мәсінің сыртынан тозып қалмау үшін галош (калотка-кал//гал) киген содан болса керек. ОҚА зат – Жіпке күмістей, алтыннан орап тоқыған зер. Оқасын жерге төгілтіп (Ер Тарғын) (ҚТТС, 174). ОҚАЛЫ - Оқалы тон – оқа ұстаған қымбат тон. Военный қызмет іздеме, Оқалы киім киюге (Абай) (АТС, 471). Радлов: окклы - вѣскій, тяжелый, толстый және вѣсь = 400 драхмъ деп түсіндіреді (1893: 998). Олай болса, ОҚАЛЫ КЕБІС - деген алтын жіппен көмкерілген, оюланған, не қымбат тастар тағылған аяқ киім.

Түйін. Біздің ойымызша, кебіс түркінің өз сөзі кеп түбірінен өрбіген аяқ киім атауы. Кебіс > кептірілген теріден жасалған аяқ киім. Бокмұрын білер кебiмдi (Манас, 288) кебiмдi ки тiркесiндегi кебiм шығу тегi бiр сөздер. Кебіс > кебiн > кебеже > кеп > қап (қалып) сияқты жорамал жасауға болады. М.Қашқари оғиқ-оғұқ мәсінің сыртынан киілетін тері байбақ сияқты көне аяқ киімінің бір түрін атайды (МҚ., 96, 101). Сығзығ: мәсі не етік тіккенде екі тігіс арасына салынатын сақтиян, былғары. Тізілдірік етік, мәсі секілділердің тұмсығына сәндік, әсемдік үшін тағылатын теңгелер, бастырма қапсырма әшекейлер (МҚ, 96, 524, 539).

Әдебиеттер: *Проблема этимологии тюркских языков.* –Алма-Ата, Ғылым. 1990. – С. 224. Л.З.Будагов. *Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Том. II. САНКТПЕТЕРБУРГЪ. 1871.* –С. 112, 131. Ә.Нұрмағамбетов. *Бес жүз бес сөз.* –Алматы, Рауан. 1994. –Б. 130, 131. Ә.Нұрмағамбетов. *Сөз сырына саяхат.* –Алматы, Жалын, 1990. –Б. 24. В.В. Радлов. *Опыт словаря тюркских наречий. Том. I. Часть 2. САНКТПЕТЕРБУРГЪ. 1893.* –С. 998. *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. II том.* –Алматы, 1961. – Б. 174. *Абай тілі сөздігі.* –Алматы, Ғылым. 1968. –Б. 471. Л.З.Рүстемов. *Казахско – русский толковый словарь арабско – иранских заимствованных слов.* – Алма –Ата., Мектеп, 1989. - Б. 134. Н.Д.Оңдасынов. *Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. 2 том.* –Алматы, Мектеп. 1984. –Б. 145.

Сауыр етік. Тақасы ерекше аяқ киім. Өкшесі етігінің мыжырайып; Аяғыма кигенім шоңқайма өкшелі етік; Қара етігің қолпылдап, Тоғай кезбе келіншек; Сары етігің салпылдап Сазды кешпе келіншек; Көн етігің көлпілдеп, Ауыл кезбе келіншек т.б. Адамжүсіп жазып алған ауыз әдебиеті үлгісінен алынған мысалдар. Тон `жабу` сияқты эдик-этүк `аяқ киім` деген мағынаны білдіреді ол көбірек `етік` деген ұғымда `башмақ, бөтенке` т.б. қолданылады дейді Ә.В.Севортян негізінен `жабық аяқ киім, ерте заманда қысқа қонышты немесе етік` болған (ЭСТЯ, I7 320.). Етік лексемасының шығу тегін анықтау негізінен Г.Рамстедке тиеселі. Ол - *etük*-ті маньжур тіліндегі *ети-* `киіну, киімді киіп жүру` деп көне түркілік етістік түбірді *eti-* калпына келтірді, содан кейін барып оны **ät-* (сол семантикада қарастыруы да мүмкін) түзеді. Сол сияқты тунгус-маньжур тілі эвен тілінде `сыртқы киім, киім` деген белгілі болды. Тунгус – маньжур тіліндегі `киіну` етістігі **tätu-* платформасы маньжур және оған жуық чжурчжен тіліндегі *эту-* екінші формасының қаншалықты қашықтағанын байқаймыз. В.И.Цинциус осыдан келеді де түркілік анлауыт *к-* (тіл ортасы) манчж. *Ө* (дыбыс нөлге), түркі. *кэт-* ~ *кэд-* `үстіне киіу, киіну` - дейді. Жалпы мына түбір тұлғасы: *уйғ., эт-* `жабу, қамау, қадау`, *лоб. ет-* `қадау, жабу (кепке)`, *тоф. эт-* `жабу (есікті) кездеседі. Сайып келгенде, зерттеушілер маньжурлық *эту-* және түркілік *эт-~эт-* `фонетикалық-семантикалық ұқсастық бар екендігін, бірақ ол-гомогендік емес дейді. Көне түркі тілі киім (*kejm*) *kedim* `киім, киіну` (< көне түркі. *ked-* `киіну`. М. Қашқари сөздігінде *кет-* `киіну` мағынасын берген. Көне түркі тілінде киім мағынасын жоғарыдағы «тон» сөзі ұғындырған. Хакас тілінде өтік `аяқ киім` деген мағына берген. Демек, кейбір зерттеушілердің *кет-* түбір тұлғасын тунгус-маньжур тілінен іздестіргені, монғол тілінен шығарғаны дұрыс емес. *Кет*> *кэд* >*киім* > *этик* >*етік* >*кэта*. Түркі тілінде етіктің бірнеше түрі болған: былғары етік, қысқа қонышты етік, шоңқайма етік, саптама етік, сауыр етік. Сауыр етік – етіктің бір түрі. Сауыр – малдың жаясының үстіңгі жағы (АТС, 530). В.Радлов: сауыры – 1) крупъ лошади; 2) шероховатая зеленая кожа (вставляемая главнымъ образомъ выше пятки ичига) – деп түсіндіреді. Сауыр етік – көгерген өңделген жүка теріден тігіледі.

Түйін. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев темір кебіс, кебіс мәсі, шоңқайма өкшелі етік, кара етік, көн етік, сары етік аяқ киімдерін қолданады.

Әдебиеттер: *Проблема этимология тюркских языков.* –Алма –Ата, Ғылым. 1990. –С. 150-151, 221-222. *Абай тілі сөздігі.* –Алматы, Ғылым. 1968. - Б. 530. В.Радлов. *Опыт словаря тюркских наречий. Том IV. Часть I. С. –ПЕТЕРБУРГЪ. 1911.* -С. 235. Ә.Нұрмағамбетов. *Бес жүз бес сөз.* –Алматы, Рауан. 1994. -Б. 95-96. Ә.Нұрмағамбетов. *Сөз сырына саяхат.* –Алматы, Жалын. 1990. –Б. 23-24. А.Қ.Тұрышев. *Мәшһүр-Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері. // фил. ғылым. док., ғылыми дәреже. алу үшін дайын. диссер.* – Алматы, 2005. – Б. 238.

Ақ кіреуке. Сауыт түрі. *Ақ кіреуке сөгілді, Жалғай алмай келеді.* (Адамжүсіп); Көбе, кіреуке, сауыт бұлар мағыналары жуық сөздер. Көбе – батырлар киетін сауыт, оның екі түрі болады: бірі – жүректің тұсын, білекті,

тізені, иықты садақтың оғынан, қылыштан қорғау үшін жалпақ темірден жасалған сауыт; екіншісі – бүкіл кеудені қорғау үшін тырнақ көбесіне ұқсас қола не мысты қатпарлап тізіп немесе металл шынжырларды (шығыршықтарды) біріктіріп, көйлек тәріздес етіп жасалған түрі, кейінірек көбенің жеңіл көкірекше түрі шыққан. Батырлар мінетін аттың да арқасы мен жонын, қабырғасы мен мойнын түгелдей жабатын көбелер де жасалған (ҚСЭ, 5-том, 642-643). Ал сауыт – «садақ, қылыш, найза» т.б. осы сияқты қару-жарақтардан қорғануға арналған киім. Ол ұсақ темір шығыршықтарды бір-бірінен өткізіп тоқылған тордан қысқа жеңді жейде түрінде жасалады. Сауыттың дулығасы, мойынды жабатын далбағай сауыт, қол сауыт, аяқ сауыт жеке тоқылады (ҚСЭ, 10-том, 63). Бұған қарағанда, сауыт – көбенің екінші түрін атайтын сөздің бірі, яғни көбе сөзінің синонимі. Кіреуке – ерте замандағы соғысқа киетін сауыт, оның басқа сауыттардан айырмасы кеудесінде, арқасында, білек үстінде темірден немесе көзеден істелген шарайнасы болған (ҚСЭ, 6-том, 181).

Батырлар жырында:

Бадаһа көзді кіреуке,

Мұны саған береді,

Баса келіп кисейші («Ер Тарғын»).

Үстімдегі ақ сауыт,

Ақ кіреуке бек сауыт («Ер Қосай»).

(М-Ж. Көпеев. Екі томдық. 2-т. – Алматы, Ғылым, 1992. – Б. 203. Р. Сыздық. Сөздер сөйлейді. – Алматы, Мектеп. 1980. - Б. 70-71).

Отау. Үйленген жастардың кіші үйі. *Атасы басқа жау жеңге, Отауға салып тастатты.* (Мәшһүр-Жүсіп);

Радлов: б́лая новая юрта жениха; ак отау id.; отау баі́азысы подарокъ жениха за показаніе ему новой юрты. Отау́а түсү ночеваніе въ первый разъ въ новомъ Отау т.б.- деп түсіндіреді (1893: 1103). ОТАУ I зат. Жаңадан тұрмыс құрып, енші алып бөлінген үй, кіші үй. *Сүйіндіктің үлкен үйіне жақын тұрған кішілеу ақ үй бар, Асылбектің отауы болуға керек* (М. Әуезов) (ҚТТС, 184). Отау лексемасы мен жасау сөзінің жасалу моделі бір. Мысалы, жасау – сөзінің түп – төркінін көрнекті этнограф Г.Бонч-Осмоловский «Свадебный жилища турецких племен и народностей. Л., 1926» - деген еңбегінде арабтың *джис* («приданный» мағынасында) және ау («үй») сөздерінің бірігуінен жасалған сөз деп түсіндіреді. Жасау (жас + ау) бірінші компоненті: жас (жас) - 1) свѣжій, зеленый, сочный, влажный, свѣжее дерево (Радл., 1905: III, 240), jas (ДТС, 245) - дегендегі жас (көк < көк өскін, көктеу) түркі тіліндегі көк ұғымымен байланысты – көк (жас) – от (көк шөп). Екінші компоненті: көне түркі тілінде «үй», «отау», «киіз үй» мағынасын білдіретін ev, eb, ef, ij, iv (ДТС, 189); ау – *эв* – дом (Буд., 1869: I, 215); осы түбірден өрбіген: ауыл//айыл//аал//авыл т.б. (Қайдар., 61) – үй бірігуінен «жасау» сөзі жасалған. Көктің синонимі от (*жылқыны отқа қой, шөпті отау* т.б.). От (өрт) алдамшы түбір тұлғасы сондықтан (отау) негіз бола алмайды. Демек, жасау мен отау семантикасы бір сөз болып шығады. жаш > жас > жасау > от > отау > отан (көк - тәнір). От (өрт) сөзінен туындаған үйдің иесі (отағасы) кейіннен пайда болған сияқты. От (өрт) – қаулап жану мен от (қаулап өсу) жағынан о баста семантикасы бір болуы мүмкін. Өйткені, тілімізде *өртең* және *өркен* мағынасы сәл де болса жуық сөздер сақталған. Јас – (жасау) - «жана, су жаңа» (жана үй) - дегенді білдірмесе керек. Сол сияқты Отан сөзі вѳтан парсы сөзі емес, түбір тұлғасы от болуы мүмкін.

ӨОЖ. 882. 151. 212. 2

МӘШҺҮР-ЖҮСІП ЖӘНЕ РУХАНИ ЛЕКСИКА

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., профессор, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының директоры,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Ишан» көне сөздің құпиясы. Орта Азия мен Қазақстанға XVII екінші жартысымен XIII ғасырда келген. Осы кезеңде ишандардың беделі арта түсті. Ишан дербiштердiң ұйымының жетекшiсi болып табылған (ЭСФ (Фасмердiң этимол. түс. сөздiгi); (парс.) – Дербiштер мен сопылық бағыттағы қауымдастық ағымның басшысы және жетекшiсi. И. Дiни ұғым бойыншы болашақты болжай бiледi, адамдарды аурудан емдейдi (Тарихи сөздiк). Ишан [Kas. Tob., айшан (п. таранс. А.Қ.) (Dsch.), pers. = «они - sie»] святой, набожный, Ишанъ- der Heilige, ein frommer Mann, der Ischan. Ишан (v) [айшанбақ (п. транс. А.Қ.) (Dsch. OT.)] = ышан, ыжан вѳрить, имѳть, довѳrie, надѳяться, уповать – glauben, Zutrauen haben, hoffen auf (S. S.). тат. шағ. isan тiлiнен ауысқан. «қасиеттi, дiндѳр адам» (Рад. 1550). Ишан. «дiни мұсылмандық әлпетi бар» (Даль). Ишан – дербiштiк, сопылық бағыттағы мұсылман қауымдастығының жетекшiсi, басшысы (ауд. А.Қ.) (Рүст, КРТСАИЗС-129). Ишан-дiндар, қасиеттi, әулие адам (Абай-АТС, 295). Ишан-дiни. Дiн басшыларының жоғары атақтарының бiр атауы (ҚТТС, 362).

Түркімендерде 1730-1815 жылдары ишандар көп болған. Ибатулла ишан (1794-1867) ішіндегі ең білімді жетекшісі өмір сүрген екен. Тарихта ишандар басшысы болған Кемал ишанның (1911) да есімі аталады. 1898 жылы Әндіжанда ишандар көтерілісінде көптеген қияли (фанатик) молдалар, сопылар, ишандарды өлтіріп жіберді. Мүриттерге – шейхтар, пирлар, ишандар, уставтар да жатты. Мысалы ... ишан орден (орден-деген қазіргі ұғым емес, ұйым, топ сияқты-А.Қ.) накшбенди Мухаммед-Али-хальфа басқарды. 1858 жылы «Айғұн» келісімі

(договоры), Қытайда – амурлық Ишандардың басбасшысы келісім даярлаған. Бұл мәліметтерге қарағанда ислам шеңберінде сол уақытта да түрлі ағымдар болған сияқты. Оның ұшқыны Павлодарға да келген болуы керек, өйткені: «...*Бұрын онда Ғайса [сияқты] дәруіштер тұрғанда баратын, бірақ олар қайтыс болғаннан кейін, онда бару тоқтатылды.*» – деген жоғарыдағы дерек босқа айтылмаса керек. Демек, ишан – деген әулие, көріпкел, емші, діни сауаты бар адам болған екен. Әрине, содан бері талай су ақты, заман өзгерді. Ислам дінін қазақ арасына насихаттау оңай болған жоқ. Құранның аяттары мен сүрелерін дұрыс түсіндіру үшін қаншалықты күш-жігер еңбек керек екендігін қазіргі уақытта да байқап жүрміз. Қазақ арасында келген дәуріш, иман, молда, ишан т.б. болсын теккана дұрыс ниетпен келген діни адамдар болды. Олар да қазақ тілін, тарихын сақтау үшін, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді сақтауға көп атсалысты. Ишандар да қызыл кеңес саясатында қуығын, сүргін көрді итжеккенге айдалды, атылды т.б. Сондықтан да, «өлі жібімей, тірі байымайды» – деген мақал дұрыс айтылған. Өшкенімізді, өткен тарихты ұлықтау, келер ұрпақ үшін үлкен сабақ. Түркілер батырларының басына мазар салған, бәдізшілер ішін қасиетті өсиет бітікпен өрнектеген, алдына балбал тастар орнатқан.

«Қожа» көне сөздің құпиясы. Көне сөздің құпиясын ашу үшін тарихшы, әдебиетші болу аздық етеді. Ол үшін базалық білім қажет. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын, қазақ тілі тарихи грамматикасын, қазақ әдеби тілінің тарихын т.б. жетік меңгеру ол-тілшінің басты міндеті. Сондықтан да, анау айтты, мынау айтты деген болмайды, нақты індетіп (акад. Қайдар), түпкішектен зерттеу керек, ұзақ жылықпай көптеген зерттеу еңбектерді зерделеу керек, ой елегінен өткізу керек. Ғылыми зерттеуде дәл осылай болады деп кесіп айту этикаға жатпайды. Және де нақты осы мәселемен айналысып жүрген ғалымдарды да аттап өту нағыз таза ғалымның ісі емес. Біз ертеректе «Кереку» сөзінің шығу тегін жазғанбыз. Сол сияқты «Баянауыл», «Қашыр» бірліктерінің шығу тегіне қатысты да айтармыз. Мысалы, қысқаша «Баянауыл» сөзінің шығуы Ұмай // май // бай (бәйбіше, бәйтерек) пен тығыз байланысты оның аржағы мифке барып тіреледі (Баскаков, Ахметьянов - қараңыз). Ал «Қашыр» лексемасының түбір тұлғасы «қаш» пен «қашар» (құрылыс, мекенжай) сөзінің құрамындағы «қаш» бұлар түбірлес сөздер болуы әбден мүмкін. Бұл да соңғы гипотеза емес. Ол үшін тиынақты бір ғылыми еңбектерге сүйену қажеттігі туындайды. Тағы да қайталып айтсақ, «Этимология» деген баланың ойыны, бақсының жыны емес, белгілі бір ғалымдар бұл туралы не жазды, қандай зерттеу еңбектерінде келтірді, барлық деректерді жинап алып барып, түйіні айтылуы қажет деп ойлаймыз. Айталық, жаужұмыр, жаубүйрек, жауқазын бұлар түбірлес сөздер. Түбір тұлғасы «жау». Енді «жау» түбірін анықтаймыз. Жау – егістік, жау – зат есім. Жау (враг) дегендегі «жау» логикалық жағынан келмейді. «Жаубүйрек» адамның организмі өзіне жау бола алмайды. Басқасы да солай әжетке жаратуға болады. Ал енді «жау» (жаңбыр) жаубүйрекке қатысы шамалы, демек, жауқазын мен жаужұмырдың түбір тұлғасы «жау» (жаңбыр) байланыстыруға болар еді, бірақ, бұл – алдамшы түбір тұлғасы ғана. Оны мына зерттеулер дәлелдейді. О баста түріктер өзін танымай тұрып, қоршаған ортаны таныған. Ол: жаужұмыр мен жауқазын, материалдық қажетін өтеген. Логика бұны құптайды. «Жауқазын» мен «жаужұмырдың» түбірін қазып алып, тағам ретінде пайдалануы мүмкін не емге қолданған. Демек, «май» алған. (Тобылғыны отқа қыздырып, өкем тырнағының сөгіліп кеткен көбесіне жағып отырғанын талай көргем). Бірақ, түркі «май» деген атын білмеген, оның орына «жақ» деген уәжін білген. Көзге көрінгені қимыл ғой. Атауы жылдар бойы тұрақталып, айтыла-айтыла «жаққа» айналған. Көне түркілер «жауды» «жақ» деген мәліметтер де жоқ емес. Осы «жақ» жылдар өте кейінен «жау» ретінде түзілген де, алғашқы мағынасы «жақ» пен «май» ұмытылған. Сөзіміз дәлелді болу үшін былай айтып көрелік: «майбүйрек», «майжұмыр», «майқазын» логика жоққа шығармайды. Бұл сөздердің алғашқы түбір тұлғасын қалпына келтірсек: жақ < май > жау сияқты тілдің даму барысын, жолын көреміз. Мінекей, осылай көне сөздерің о бастағы түбір тұлғасын табуға болады екен. Сөз де тірі организм. Олар да бір – бірімен жай ғана тіркесе бермейді. Тіліміздегі күрделі сөздер: бала-шаға, жым-жырт, ұшан-теңіз, заң-закон т.б. Бір сынары өзінің табиғаты жағынан туысы болып отырады. Ал оның түбір тұлғасын анықтау ұзақ зерттеудің нәтижесінде ғана мүмкін болады. Шаға – кішкене (қызыл шақа не ағаштың бүрі), жырт (шырт: шырт ұйқыда жатыр), ұшан (кеме, ал кеме теңізде жүзеді), заң (қытай тілінде закон). Осындай әлі мәлім емес сөздер қаншама. Оларды анықтау тек қана кәсіби маманның қолынан ғана келеді.

Қожа. «Тіліміздің билігі «алдияр» ұранды төреде, еліміздің билігі «алла» ұранды қожасада. Бірде – бірінің бұшағы қанамай, бізге күн көру қайда. Жас иісті баланы-ай деп, зарығып, қамығып жүрген күндерінде ойламаған жерден алты қожа кез келіп, қона қалыпты (М-Ж., 10). Қарасы бар ішінде, қожасы бар, Бір айтылған таңсық сөз көпке жайып» [1, -Б. 204]. Қожа зат. 1. Діни, Мұхаммед пайғамбардың алғашқы халифтарының ұрпағы, мұсылман дінінің өкілі. Қожа зат. 2. Үй иесі, отағасы; бір нәрсені билеуші, менгеруші (ҚТТС. 7 том. 1976: 327). Қожа – Мұхамметтің алғашқы халифтерінің ұрпағы, ертеде қазақ, т.б. халықтар арасында мұсылман дінін таратушы (ҚСЭ, 1975: 578); Қазақ тілінде: «Ай дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ» фразеологизмнің құрамында «қожа» сөзі кездеседі. А. Қайдар: «...что данное выражение своим происхождением связано с древними традициями провозгласившая власть ажа-«женщины-предводительницы рода и племени (отсюда и: каз. әже, кирг. еже, уйг. ача, тув. алт., ажа и др. - «старшая женщина в роду») и қожа - «хозяйина рода и племени» (этот термин, вероятно, не связан с религиозным названием «ходжа»), чьи указания и приказы, замечания и предупреждения для членов общества были непрекословными» - дейді [2, 19]. Р.Сыздыкова: қожа сөзі басқа тілден енген сөздің өзінде ешқандай дыбыстық өзгеріске ұшырамаған.

Қожа сөзі діни атау десек, қожайын ие деген мағынаны білдіреді. Яғни, бұл жерде -йын қосымшасының жалғануы арқылы жаңа бір атау туып тұр. Қожайын – үйдің иесі, ең қадірлі адам, үйдің құдайы десе де болады [3, 143, 256]. Г. Потанин: Ходжа - потомок пророка [4, 153]. Л. Будагов: тур. ад. حوجا коджа, حوجا(1) старый, пожилой,

старикъ (сол сияқты *قوجا* қожаман). 2) мужъ, супругъ. 3) большой, огромный, *قوجا* қожажәһ, старишок, *قوجا* қожалқ, старость, *قوجا* қожаман, дряхлый, престарьлый, *قوجا* қожа қары, старая женщина (ескі славянь харптімен жазылған-А.Қ.) [5, 72]. Л.Будагов: Ходжа бухарцы и сирійскіе арабы произносятъ хаваджэ) старецъ, старшина, господинъ, богатый купецъ, хозяинъ, учитель, профессоръ, хаваджэ называются потомки халифовъ Абу-Бекра и Омара т.б көптеген мағынасы бар [5, 539]. Қожа > мұсылман дінінің өкілі. Хожа - У казахов так назывался один из родов. Преставителей этого рода считали потомками Мухаммеда. В переносном смысле «қожа» - хозяин (ҚЖ, 1963: 284). Қожа сөзі не сөзінен айырмашылығы қожайын ер адамның рухын бейнелейді. Чув. *ъи хози* ~ мар. *Вьд оза*, удмуртарда солай аталады. *Vu knzo* көбіне шал бейнесінде көрінеді (Holmberg, 1913: 68; Wichmann 1901: 52-55). Хужа–қожа: тат., башк. тілдерде `қожайын, үй иесі` ретінде және `ері, отбасы` диалек. белгілі (ТТДС: 463; Bhh II: 284). Қожа сөзінің мифологиялық бейнесі орал, шоқынған татарларда кездеседі. Қожа деп қасиетті рух иелерін де атаған. Су иесі – Мухаметқали, жер иесі – Сөнгатулла, пайғамбар негізі –Данил, араның иесі – Зөнбер ата, ат иесі – (Хәлил) құс–Гамбәр ана т.б. Кейбір иелердің аттары ауысқандығы байқалады. Қожа: шув., хоса, хуса; мар., козя, озя, удм., кузо, квазь, коми козя, морд., кузя. `қожайын` мифологияда қолданылады. Бұл парсы сөзі монғол бұлғар дәуіріне дейін-ақ (қараңыз: коми козя `моншаның рухы`) болып өзгеріске түскен [6, 28]. Төрт түлік малдың өз иесі: жылқының иесі - Қамбар ата, сиырдың иесі – Зеңгі баба, қойдың иесі – Шопан ата, түйенің иесі – Ойсыл қара, ешкінің иесі -Сексек ата деп әрқайсысына жекелей ат қояды. Ахметьянов парсы тілінде қожа (хужа) жожа `үй иесі` онша мифологиялық мәні жоқ дейді. Кейде қожа сөзі құдайдың синонимі ретінде ғана көрінеді дейді. Расында да парсы тіліндегі қожа `қожайын` мифологиялық мағынасын сақтамады. Көбіне `мырза` сияқты мағынада қолданылады. Мысалы, Қожа Ахмет Иассауи, Жандарбек қожа т.б. Қазақ тілінде қожа жанама ат сияқты көрінгенмен қожа аты бойында діни имандылығы бар адамды ерекше қасиет иесі ретінде бағалайтын дәстүр ел ішінде әлі де сақталды.

Қожа о бастағы пайғамбарлық қасиетінен қазір аздап айрылды. Адамжүсіп Қожаны қасиетті «алла» дәрежесіне дейін көтеріп қолданған. Қазақтар «қожа» - деп баланы сүндетке отырғызатын адамдарды келемеждеп айтқан. Бұл әсіресе кеңестер дәуірінде қатты байқалды. Қазір қожа-молда өзінің алғашқы қасиетіне ие бола бастады. Қожа > ожа > ожо > ажа > әже > қожайын > коза > қара қожалақ сияқты сөздердің тууына себеп болған. Қожа мен аба (ав) түбірлес сөздер болуы мүмкін. Өйткені әже сөзінің сілемі ана>іне>ене>эне түбірлеріне жол сілтейді. Қ дыбысы (қалқа- (қ) алқа) кейін қосылған протезалық құбылыс болып саналады. Қазақ тілінде «Әй дейтін ажа жоқ, қой дейтін қожа жоқ» - деген мақал қалыптасқандығын байқауға болады. Қожа сияқты ғажайыптардың бірі-керемет. Керемет қожа сияқты көзге көрінбейді бірақ, жақсылық иесі ретінде саналады.

ӨОЖ 882. 151. 212. 2

МӘШҲҮР-ЖҮСІП ЖӘНЕ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., профессор, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының директоры,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ғұндар наурызды тойлаған. Елібай ақынды, Ли Бай дейді (қытайлар Ли Бо деп атап кеткен) 701 жылы Шу қаласында дүниеге келген. Қытай елінде «Періште ақын» атанған. Әкесі Алқа би, Алланың нұры сол үйге түсіп, Елібайдың анасының құрсағына еніп, Елібай сол – нұрдан жаралған деген аңыз бар. «Оғыз» қаған жырында: көктегі жырықтың ішінен қыз пайда болып, оны Оғыз алады. Демек, түркі әлемінде Елібайдың дүниеге келгені талас тудырмайды. Бесінші атасы түрік қағанатының ішіне кірген дербес 16 ханның бірі болған. Дулат бабаның Елібай ақын 9-шы ұрпағы. Дулат баба 476 жылы өмір сүрген. Ол Бәйдібек бабаның немересі. Бәйдібек IV ғасырда өмір сүрген. Елібай 5 жасында қытай еліне Цин империясының кезінде келген, 12 жасынан өлең шығарған. Қарындасы Толғанай өлеңдерін жинақтап жүрген. Елібай ақын еліне деген сағынышын өлең ішінде айтып отырған. «Ғұндар» деген өлеңі де бар. Оның «Наурыз» деген өлеңі түркі дүниесінің мәдениетінен сыр шертеді.

Елібай:

*Наурыз келді құлтырып,
Тал-дарақ жатыр бүршіктеп.
Сәмбітал қыстай тұл тұрып,
Жармасты моншақ түршіккен.
Құлдырап күн құлады,
Ақбоз арғымақ тынықты.
Сұғанақ жандар сұлады,
Арамза боран құнықты.
Күйбеңгершілікті ұмытып,
Ақшамда сыр шертісті.
Қалмапты өмір құны түк,*

Илді құрай әсер түсті.

Демізің ойға бекініп,

Күніне өткен өкініп.

Елібай ақынды Абай Құнанбайұлы өте жақсы білгенге ұқсайды. Мысалы, Елібайдың

...Дауылмен кеттік адасып,

Бораны гүлның ауысып...

немесе,

...Найзагай болып ойнайды,

Тастады көкті тамұққа.

Думаншыл ханым тоймады,

Алдыңда ажал жанықпа...

– тәрізді өлең шумақтары Абайға үлгі-өнеге болған сияқты. Ал мұндай түркі жұртына тән өлең өрнектері өте көп ұшырайды.

Омар һайам: «Наурыздың шығу тарихы» - деген трактатында: Аптап (күн) әр үш жүз алпыс бес күн ішіндегі күндіз-түннің төрттен бірінде Амал (он екі жұлдыздың бірі) айының бірінші минутына шығып кеткен кезінің өзінде тағы да қайтып келеді және бұл кезең кеми береді. Жамшид (Иранның қадым замандағы патшасы) бұл күнді – Наурыз деп атады. Ажамның (араб әлемі) бірінші патшасы Каюмарс (әлем жаратылуы бойынша бірінші адам) Аптап Амал айының әуелгі минутына енген күнін жыл есебі осы күн деп белгілеген және наурыз мерекесі деп жариялаған. Каюмарс үш жүз алпыс бес күннен тұратын бұл жылды әрбірінде отыз күн бар он екі айға бөледі, оларды Изит тағаланың он екі періштелерінің атымен атайды. Кейіннен үш жүз алпыс бес күннің күндіз-түннің ширегінен тұратын ұлы дәуірді «Ұлы жыл» деп, оны төрт бөлікке бөліп Осы Ұлы жылдың төрт бөлігі өткенде үлкен Наурыз болады. Бұл кезде дүние жаңаланады, жаңғырады дейді.

Мынандай айларға: *фарвардин, урdbихишит, хурдад, тир, мурдад, шахривар, мейір, абан, азар, дай, бахман, исфандармуз* бөледі. Және бұл айларда болатын ауа-райының өзгерістерін сөз етеді. Каюмарс қырық жыл ғұмыр кешіп, таққа Хұшан 970 жыл патша болады, одан кейін Тахмұрас отыз жылға жуық патшалық қылады бұл – патшалардың қайсысы болмасын жаңалық ашып, адам тұрмысын жеңілдету, жақсарту жолын іздейді. Тахмұрастың інісі Жамшид таққа отырады. Тарихтан 1040 жыл өтіп, бұл патшада көптеген өзгерістер енгізіп, мысалы: хош иісті әтірді ойлап тапты т.б. фарвардин айы келгенде осы күнді жыл басы деп мейрамдауды бұйырды. Жәмшид 400 жылдан астам жыл билік қылған. Сөйтіп, патшалық жалғасып жатты. Бір патша тіпті, наурыздан елу күн бұрын сабантой етті. Мысалы, Афридун патша Аптап Ақырап айына енгенде кабиса қылуды (төрт жылда бір келетін 366 күндік жыл, мұндай жылда ақпан айы 28 емес, 29 күн болады) енгізуді бұйырды. Жалпы, әр патша күн мен түннің, жылдың, жұлдыздың ауысуын ғарышхана арқылы зерттегенге ұқсайды, наурыз мәселесіне келгенде де бір мәмілеге келе алмаған сияқты. Күнді қайыра сарыатаннан фарвардинге ауыстыру, көне кабисаны жаңғырту т.б. Омар һайам «Ажам патшаларының әдет-ғұрыптары», «Рухани дінбасының келуі және наурыздың салтанатты жағдайда жариялануы», «Рухани дінбасының құттықтау айтып сөйлеген сөзі», «Алтын мен ол турасында нелерді білу керектігі хақында», «Жерде көмулі жатқан қазына-байлықтардың белгі-нышандары», «Жүзік пен оның сипаты хақында нендей нәрселерді білу керек», «Арпа және ол жайында нені білу керек», «Қылыш және ол жайында нені білген дұрыс», «Оқ пен жай және олар жайында нені білу керек», «Қалам мен оның қасиеттері және ол туралы нені білу керек», «Ат және оның қадір-қасиеттері, ат жайында нені білу керек», «Парсы тіліндегі ат есімдері», «Лашын және оның сыр-сымбаты, ол жайында нені білу керек», «Лашын хақында», «Шараптың пайдасы хақында», «Шараптың пайда болуы жайындағы хикаят», «Сұлу өңнің сыр-сипаттары хақында сөз», соңында «Түсініктемелері» берілген. Одан әрі

Қожа Әли Термизидің «Наурызнамасы» жазылған. Қожа Әли Термизидің толық аты – Қожа Әбу Абдуллаһи Мұхаммед ибн әл-Хасан ибн Бишр әл-Хакім ат-Термизи. Әсіресе, ол халық арасында Хакім Әли Термизи деген атпен мәшһүр болған. 859 жылы туып, 932 жылы қайтыс болған. «Наурызнама» араб тілінде жазылып, бұл – рисала 1915 жылы Ташкентте жарық көрген.

Абдуллайс Самарқанидің «Таным-тағылымы бостандығы» кітабы хадистердің 70 түрлі қасиетін баян етсе, пайғамбардан оның қасындағы адамдардан жазылып алынған «Наурыз хадистері» деген қолжазба да бізге жеткен.

Тағы бір кітап «Салнама» деп аталады. «Салнамада» наурыз қай мүшел жылы кірсе, сол жылы қандай-қандай оқиғалар болатыны егжей-тегжейлі баян етіледі.

«Бастапқы ілім» немесе баршаға бірдей қағида деген еңбек Мұхаммед пайғамбардың даналық хадистеріндегі «Бастапқы ілім» туралы хадистерді басшылыққа алған. Мысалы, әр адам мейлі ол әкім болсын, бұқара болсын 19 қағиданы жадына тоқып, міндетті түрде білуі керектігі айтылады. Кітаптың соңында «Сүмелек» ұлттық тағамның қалай дайындалатыны сөз болады.

Адамжүсіп (Мәшһүр-Жүсіп): «Қазақтың қазақ болғанда, өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – наурыздама» – деген.

«Наурыз тілегі» деген өлеңінде:

*Жаз исі бүгін келді, жан жайланды,
Кешегі көрген бейнет артта қалды.
Өмірге жаңа жолдар ашатұғын,
Жаңа жыл - бүгінгі күн - жазды алды*

– дейді.

Ақынның шығармалар жинағынан теріп алынған мысалдарға көңіл аударсақ: Наурыз деген кісі аты да болған. Наурыз қашып құтылып, он алты бала ат арқасында соңынан шұбырып жүрген соң...; Үйсін Төле билердің заманында наурыздаманың кадыр-құны астан, тойдан ілгері болады екен-деп бүкіл шығыс еліне ортақ жаңа жыл мерекесін дәріптей сөйледі; Парат саледе наурыздама той тамаша, Ғажап-жай Бұқараның рүкістаны т.б. «Қобыланды» батыр жырынан: Қаз жайлайтын саздаймын, *Наурыздан соңғы жаздаймын); *Наурыз – март айы. Хорезми жырынан: Йүзүн – наурыз уа қашың – байрам айы т.б.

Наурыз туралы айтылған пікірлерге ден қойсақ: Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той, тамаша қылады екен. Сол күні «ұлыстың ұлы күні» дейді екен. Бұл күнде бұл сөз құрбан айтына айтылады... (А.Құнанбаев). Абайдың сөзіне қарағанда наурыз мұсылман дініне дейін болған мейрамның бір түрі. Бұл мейрам-дін мейрамы емес, ұлт мейрамы (С. Дөнентаев). Қазақ жаңа жылы дін әсерінен таза (М. Жұмабаев). Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы – дейді (М. Дулат). Демек, наурыз діни мейрам емес, ұлттық мейрам екен.

Наурыз сөзінің шығу этимологиясы да әртүрлі. Наурыз жыл басы ретінде сіңісіп кеткен. Наурыз: нау парс, нау (жаңа) қаз. орысша нов (ый), немісше нояе, лат. нео негізгі түбірі парсынiкi болады.

Л. Будагов: «Парсы тілінде ноу (көне түрік. нэвь деп айтылады), нау (ноу) түбір тұлғасынан (жаңа (новый), жаңалау, бүгінгі, балауса, алғашқы жеміс, жанару, наурыз, жаңа күн, немесе жаңа жыл (парсыларда 9 наурызда тойланатын жаңа жыл басы. Жаңа күн деп аталады, жаңа көктем, бұл күннің қой белгісіне түсуі, көктемгі тепетендік, күзгі тепетендік) – дейді.

В. Радлов: «Наурыз. - 1) жаңа жылдың бірінші күні (наурыз айы); 2) қырғыз есімі. Науруз – бай, Кені – Сары ақылдасты» – деп жазады.

Л. Рүстемов: «Жаңа күн. Наурыз: парсының күн тізбесі бойынша жаңа жыл күні, күннің торпақ белгісіне түсуі – 21 наурыз» – дейді. Будагов пен Рүстемовтың жазбасында алшақтық бар. Бірі – күннің қой белгісіне түсуімен, екіншісі – күннің торпақ белгісіне түсуімен түсіндіреді.

М. Ысқаков: «Наурыз атауы қазақ тіліне Соғда мен Хорезм арқылы ежелге парсы тілінен келген. Бұл айды соғдалықтар наусарыз, хорезмдіктер наусарджи... - деген. Парсы аңыз бойынша, адам бұдан сегіз мыңдай жыл бұрын, фервердин айының бірі күні (хұрмұз күні) жаралған. Ол уақытта күн жазғытұрғы күн мен түннің телуі нүктесінде болған. Осы аңыз бойынша, ежелге парсылар бірінші фервердинді жыл басы деп есептеп, оны жаңа жыл күн-наурыз (нау-жаңа, руз-күн деген сөз) деп атаған. Сондықтан Иранда бірінші айдың бірінші күні наурыз - деп аталады да, қалған 11 айдың бірінші күндері хұрмұз» – деп жазған.

Л. Будагов өзінің сөздігінде: Наурыз түріктердің ұлттық календарлық мейрамы. Қырғыздарда үш наурыздың түрі бар: 1. көне наурыз-жалпы қырғыздық; 2. парсылық науруз – тоғызыншы наурыз немесе көктас деп аталады. Бұл туралы мынандай аңыз бар. Бұхарда көктас болған екен. Ол бір-ер минутта өзінен өзі жұмсады, сол уақытта пышақты қадап үлгеру керек, ал қадап үлгермеген жағдайда, ол тас қайтадан қатып қалады екен. Осы бұхарлықтардың аңызы самарқандтық түрі көк сұраудың пайда болуына әсер еткен сияқты. 3. Руы Байбақты. Сыйық сұлтан тайпасынан шыққан біреу қырғыздардың арасына, Түркістанға ескі наурызға теңестірілген 12 және 13 күндік жаңа күн санауды енгізген. Қырғыздар бұл стильді қатты қолдайды, Сыйық сұлтанның тайпасы бұны қатаң сақтайды екен деп жазды.

Л. Будагов жазған **үш наурыз** қазақ ақын-жыраулардың өлең-жырларында ұшырасады. М-Ж. Көпеевтің ауыз әдебиетін жинаған үлгілерінде **үш наурыз** тіркесі кездеседі. *Үш наурызды берейін, Сол үш наурыз өткен соң, Вадаға келгеймін; Бай үйінде жатады, Үш наурызға жұбанып; Қаниша аятын жаның бар, Үш-ақ наурыз өткенде.* Осы **үш наурыздың** халық метрологиясына қатысы барын С.Жанпейісова да кандидаттық диссертациясында атап өткен. Демек, **үш наурыз** деген, наурыз мейрамының бір жылда үш рет өткенін білдірмесе керек. Наурыз мейрамының үш түрі болғандығын көрсетеді: көне **түркілік, парсылық, діни сипатты** (ислам дінін әсері тиген) наурыз. Наурыз мейрамы кезінде «наурыз көже»; «наурыздық» дайындалған. «Наурыз көжеге» жеті тағамның түрін қосқан. Ә. Қайдар «Наурыз көже – қазақтың мұсылманның жаңа жыл мейрамында дайындалатын дәстүрлі тағамы» – деген.

Қазақ арасында тараған Наурыз атының шығуы туралы аңыз көпке белгілі. Солардың бірі – қазақтың бабасының аты – Наурыз екен. Оның баласы болмаған. Өлер алдында Наурыз өзінің атын қалдыратын ешкімі болмағанын өкінішпен Әбдірайымға айтады. Әбдірайым оның атын «Наурыз көжеге» береді. Наурыз сол кісінің туған және өлген күні екен. Енді бір аңызда Наурыз өзінің атын ешкімге қалдыра алмайтыны туралы айтады. Ақсақалдар ақылдаса келе, жыл сайын Наурыз көже дайындап, құран оқып, дұға қайырады. Енді бірде Наурыз жылда өлетін жаман бейне ретінде көрінеді. Оның өлгеніне қуанған жұрт наурыз көже дайындайды. Бұл ислам діні иелерінің тілділерге қарсы жасаған әрекеті болса керек. Көптеген түркі халқының оның ішінде қазақ елі Наурызды мифологиялық кейіпкермен байланыстырады. Жалпы осы аңыз жайында Д.Х.Кармышеваның

«Земледельческая обрядность» – деген кітабында да жақсы жазылған. Б.Уахатовтың Наурыз халық өлеңдерінде де кенінен орын алған деген ойына бізде қосыламыз.

Адамжүсіп (Мәшһүр-Жүсіп) «Нұх Наурыз тарихы» - деген жазбасында «Нұх пайғамбар дарақтан кеме пішкен, Ол кемеңің тақтайын тышқан тескен» - дейді. Топан судың қаптағаны айдан анық екендігін айта келіп, әуеде құстан басқаның ұшқанын, суда балықтан басқаның жүзгенін көрдіңдер ме? – деп, міне, енді бұл күнде адамзат аэроплан жасап алып, құстай ұшпай ма, су астымен жүретұғын кеме жасап алып, дариялардан балықтай жүзбей ме?! Бұл-дүние тұрған сайын, адамзаттың ақыл-ойы артылып, ғылым-білімнің күшейгені деп жазады. Топан судың болғандығын, үйіліп, төбе-төбе болып қалған құмдар: Қылыл құм, Қара құм, Жеті қоңырдың құмы т.б. айтады. Су астынан ең алғаш қылтйып көрінген тау ол – Ұлытау, тау тұңғышы болғандықтан Ұлытау атанған. Одан кейін тарбайып-тарбайып, адыр-бұдыр болып көрінген мен едім дейді – Тарбағатай мен Шыңғыс таулары. Ал су астынан көп жыл көрінбей тұншығып шыққан кенже тау – Баянаула. Баянауланың ұзындығы жиырма бес шақырым, көлденеңі – он бес шақырым. Бір өзінде жеті көл бар – дейді.

Нұх пайғамбар еркегі, ұрғашысы араласып, сексен қаралы жолдасымен кемеге мініп, алты ай, он күн суда жүзіп, су тартылып кеме Қазығұрт тауына кез болып, қара жерге тоқтаған. Өздерінің аман-есен қалғандарына қызық, мереке, той жасаған. Дәл осы күнді ай есебімен санағанда «Мұхарамма» айының оны екен де, жұлдыз есебімен санағанда, күннің хамале бір уәжібіне кірген күні-бірінші хамале болып табылады екен. Нұх пайғамбардың тұңғыш баласының аты Сам екен. Ғараб (араб), Ғажам – сол Самның ұрпағы екен. Қараңыз **Ғажам** Омар һайамда **Ажам** жұрты деп берілген. Біреуі – Ғараб деген ұрпағы ай есебін ұстап, жыл басын «Мұхарамма»-деп санап, оның оны – «Ғашура күні» – деп, мейрам қылып ұстаған. Екіншісі – Ғажам жұрты жұлдыз есебін ұстап «Бірінші хамале» жыл басы деп, мейрам қылып ұстаған. Мұның ұстап қалған күні число (Адамжүсіп жазбасы бойынша-число) есебімен марттың тоғызына дәл келіп, қыс пен жаздың аударыс, төңкерісіне дәлме-дәл болып шыққан. Қазақ бұны «Бұхар есебі» – дейді. Бұл есептен біздің қазақ жұрты орысқа қарағанша, аумай, жаңылмай ұстап келген. Сол уақытта патшалар «Жаңа жыл тойы!» – деп, сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша беретін дәстүр болған.

Үйсін Төле билердің заманында наурыздаманың қадір-құны астан, тойдан ілгері болады екен. Би Едіге Баянауланың бауырында жүз кісі болып, Қызылтаудағы Сәти тасында отырған Мырзақұл баласы Сәти мырзаға барып, наурызды қылдырамын деп атқа мінген екен дейді. Сәти (Тәти-Адамжүсіп солай жазған) мырза үйде жоқ екен. Қансонар болған соң, бүркіт алып, аң аулауға шығып кеткен екен. Баяу деген бәйбішесі: – мырзаныз ас-суды алып кеткен жоқ деп, ас та төк, шаш та төк наурыздама қылыпты. Баяу бәйбіше Едігеге сіз бір жақтан бір жаққа бара жатқан жолаушы емессіз, әдейі наурыздама қылдыра келдіңіз. Ұдайы сегіз күн қылмаған соң, мұның қылуға не сәндігі бар? – деп сегіз күн күтіп сыйлап, бір күннен бір күнін асыра беріпті. Сәти (Тәти - Адамжүсіп) мырза алдырған түлкілерінің ішінде бір қара түлкісі бар, наурыздаманың үстіне келіп қалыпты. Қара түлкіні алғанына бай қуанып, «Наурыздама қылдырамын» - деп, Едігенің келгеніне екі қуанып:

– Бұл наурыздама Баяудікі болды. Мен ұрғашының наурыздамасына ортақтаспаймын! – деп, басы Едігенің өзіне түйе бастатқан тоғыз, онан кейінгісіне: бірінше түйе, бірінше ат, жүз кісіден бір кісіні құр қоймай, ең аяғы атшыларға дейін бір-бір матадан үлестіріп: Міне, – менің наурызым! – деп, сый қылыпты. Наурыз жайын ұқтыратын кітаптың аты – «Салдама» дейді екен. «Салнама» туралы Омар һайамды қараңыз, д/н дыбыстары алмасып келген. Ол күнде тілі орамды, сөзге шешен шалдардың батасы болады. Қожа кітап оқығанда, шалдар бата қылғанда, жұрт жылап, шулап: «Амин!» – деп отыратын болған. Мал сойып, наурыздама қылуға шамасы келмейтін кедейлер жалғыз қой сойса да, наурыз күні бір қазан көжеге салып: «Ауылға татырамыз!» – деп, басын сақтап қояды. Байлардың бәйбішелері ірімшік пен майдан жасап, қарын-қарын жент сақтайды. Қыстүгіні: «Бұл жентіңізді қашан бастайсыз, бізге қашан татырасыз? – деушіге: «Шырақтарым, әлі Самарқанның көк тасы жібігенде, бұл жент те өзі балқып, босайды. Сонда бастаймын! Осы күнде қайыршықтай қап-қатты пышақ өте ме!» дейді екен. Адамжүсіп: «Міне, мен осы жентті жасатып, дәл наурыз деген күн бастатып көрген кісімін. Айтқаны-айтқандай!» – депті. Қазақта «Наурыз» деген де кісі аты болған. Келін-кепшіктер атай алмай: «Ұлы күн» – деп, «Ұлыстың ұлы күні!» – деп кеткен. «Ұлыс» Түркінің ата-баларынан қалған ескі тіл. Біздің қазақта: «Ұлыстың ұлы күні» – Наурыз.

Түйін. Наурызға ислам дінінің ықпалы зор болған. Оның әсерін бүгін де байқауға болады. Қазақтар наурызды ата-бабасының аруағымен байланыстырады, құран қатым түсіреді, құрбандық шалады, өлген ата-анасының, туған-туыстарының басына барып, құран оқиды т.б. Наурыз бен алас семантикалық мағынасы жағынан тығыз байланыста болған сыңайлы. Екі мейрам да табиғаттың (экологиялық) тазалығына қызмет еткен. «Алас» мейрамы кезінде, қуарған ағаштардың, шабылған талдардың орынына жаңа шыбықтар еккен, бұлақтардың көзін ашқан, ескі шөптерді өртеген, немесе жаңа шабындыққа, жайылымға жер дайындап әдейі өрт қойған, оған қарама-қарсы өрт жіберіп, бүкіл алқап өртке оранбас үшін, қатаң реттеп отырған, оны «өртен» - деп атаған. Бір сөзбен айтқанда күзеуде, көктеуде, қыстауда үнемі алас жүріп отырған. Кейіннен алас өзінің ту бастағы мағынасынан сәл де болса айрылып, отбасылық мейрамға дейін төмендеген. Наурыз бен тәңір, ұмай мифтік жағынан тығыз байланысты. Сол сияқты наурыздың ұлттық мейрам болғанына қарағанда о бастағы көне атауы басқа болған сияқты. Мысалы, «Ұлыстың ұлы күні» - деген. Түркі жұрты да күн мен түнді, аспан мен жерді (Тәңір мен Ұмай) күннің өз өсін айнала отарып жерді айналатынын ежелден білген, жұлдыздардың (жұлдызшылар) ағысын, ағуын адамның өмірге келуімен байланыстырған.

Абай:

*Күн күйеу, жер қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті,*

– десе,

Адамжүсіп:

Аспан көк – байы, Жер – қатыны

– дейді.

Бұл – күн мен жерді образ арқылы суреттеу болғанымен, Ұмай мен Тәңір бейнесін ашып беруде таптырмайтын көркемдегіш тілдік құрал.

Демек, наурыз түркінің атадан балаға жалғасып келе жатқан мейрамы. Ендеше, Адамжүсіптің: «Елді, жұртты оңға бастаймын! Ілгері басуына, мал басы осуіне тілеулес боламын!» – деушілер... осы наурызды құрметтеп: «Ұлыстың ұлы күні» атандырып, той-тамаша қылдыруға тырысу керек» – деген сөзі әлі де өзінің құндылығын жойған жоқ.

ӘОЖ 882. 151. 212. 2

ЖАЗБА ТІЛДІҢ ТАРИХЫ... (ЛАТЫН ҚАРПІ)

А.Қ. ТҰРЫШЕВ

ф.ғ.д., профессор, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының директоры,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Біз 2025 жылдан бастап, әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл - ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз.

Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиістіміз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады.

Н. Назарбаев

Төте жазу ...

Бұдан бұрын: Латын алфавитіне көшеміз бе? // «Новая время» газеті №41 2000 жыл; Латын қарпіне көшу мәселесі... // «Ертіс дидары» газеті, №26-27 (64-65) 2000 жыл; Латын қарпіне қашан көшеміз? // «Білік» С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің газеті №7 (117) 2010 жылы латын қарпінің кейбір мәселелері сөз болған еді. Енді, жазба тілінің тарихи негіздері жайында біраз айтпақшымыз.

Араб әрпін баспаға айналдыру 16-шы ғасырдың аяғында болған. Баспа әрпі сол күйінде мұсылман арасына тарап, 19-ншы ғасырдың аяғына дейін түзелместен келген.

1882-нші жылы Петерборда қырым татары Илияс Бураганский, Қазанда Ғалиасқар Камал мен Жүзейұлы дегендер кей әріптердің түрін италияндар жасаған түрінен өзгертіп, баспа таңбасын жасайды. Әуел бастап бұ жолда 1907-нші жылы талап етушілер Алпарұлы мен Рақманқұлұлы дегендер болады. Одан кейін 1921-1922-нші жылдарда Бұрнашұлы мен Тоқайұлы кіріседі. Соңғы екеуінің жобасы қолайлы болып баспаханаларға алынады дейді А. Байтұрсынұлы.

Қазақ даласында ислам дінімен бірге енген араб жазуы он ғасырдан астам қолданыс тапты. Қазақ елін отарлап алған Ресей патшалығы түркі халықтарын рухани біріктіріп отырған араб жазуының орнына орыс жазуын енгізуді көздеді. Миссионер ғалымдар араб таңбаларының қазақ тілінің дыбыстық жүйесін нақпа-нақ бейнелеудегі кемшіліктерін көрсетіп, крилицаға тезірек көшіруге әрекеттенді. Олар өз ойларын «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақ» сынды басылымдарда жариялап отырды.

«Дала уәлаяты» газетін шығарушылардың бірі – Д. Сұлтанғазин араб жазуының орнына орыс әрпін қолдануға қарсылық білдіреді. Ол қазақ білмейтін бөтен әліпбиді қолданғанша, араб қарпітерін жетілдіру керек деген ойын айтады. И. Ильминскийдің орыс әріптерін пайдалану керек деген пікірін қатты сынға алады. Тоқ етері Сұлтанғазин араб әліппесін қазақ тіліне лайықтап өзгерту туралы ұсыныс жасайды.

1912 жылы «Қазақ» газетінде басылған Ахмет Байтұрсынұлының «Бастауыш мектеп» деген мақаласында: «... қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб қарпін тастатып, орыс қарпін алдырамыз дейді. Сол үшін балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да, орыс қарпімен оқысын дейді.

Өкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі де бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, ал халыққа керегі - өз діні, тілі, жазуының сақталуы» - деп, қазақтың дініне, тіліне, жазуына төніп келе жатқан қатерді ескертеді.

Реформатор А. Байтұрсынұлы 1910 жылдан бастап қазақтың жазу таңбаларын ретке келтірумен шұғылданады. Араб жазуын қазақ тілінің дыбыс заңдылықтарына сай реформалау нәтижесінде «Жаңа емле» деп аталатын қазақтың әліпбиі (алфавиті) пайда болды. Әліпби мен оған лайықталған жазу жүйесі 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ оқығандарының тұңғыш съезінде қабылданды. Бұл әліпбиді қазақ халқы 1929 жылы латын әліпбиіне көшкенге дейін пайдаланды. Р. Сыздықова: «А. Байтұрсынұлы реформалаған араб жазуы өз кезінде қазақ халқының мәдени дүниесінде үлкен роль атқарған, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелерінің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет еткен, прогрессивті құбылыс болды» - деп баға берген болатын. Өткен әліпбиіміз туралы, бізде осы пікірге қосыламыз.

А. Байтұрсынұлының қазақ дыбыстарының табиғатын бермейтін араб таңбаларын алмау, кейбір дыбыстарға таңба белгілеу, тұтас сөздің жіңішкелігін білдіру үшін кейбір сөздің алдынан дәйекше қою қажеттілігі туралы жаңалығын, тұңғыш әліппе авторы екендігін, бастауыш мектептерге арналған оқулық шығарғанын, қазақ тіл білімінің фонетика, синтаксис, морфология деген салаларын жіліктеп бергенін, ерте заманнан бері қолданылып келе жатқан араб жазуын қазақ тілінің дыбыс заңдылығына икемдеп, оның емлесін жасағанын бұл арада жазып жатуды артық көрдік.

Қазан төңкерісіне дейін мектептерде қазақ тілі оқытылмағаны белгілі. Сондықтан да, А. Байтұрсынұлының сіңірген еңбегі ұшан-теңіз және 20 ғ. басындағы ұлттық тіл білімінің негізін қалаған тұңғыш реформатор.

Латын қарпі туралы

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі 1924 жылы маусымның 12-18 күндері аралығында Қазақ АССР-інің сол кездегі астанасы Орынборда өтті. Съез материалдарын бүгінгі әліпбиімен жазып беретін боламыз (А.Қ.). Съезді Қазақстан оқу комиссары Зәліұлы Нұғман ашып, съезге келген өкілдермен таныстыруға сөзді Жолдыбайұлы Молдағалиға береді. Қатысқан өкілдер тізімі: Мәскеудегі күн шығыстық баспасөз мекемесінен – Бөкейханұлы Әлихан мен Төрқұлұлы Нәзір, Бұқар қазағынан – Наурызбайұлы Мырза, Түркістан қазақ-қырғызынан – Досмұхаметұлы Қалел мен Арабайұлы Ишанғали, Орынбордағы қазақ институтынан – Мырзаұлы Мұқтар, Қазақстан оқу комиссариатынан – Омарұлы Елдес, Байтұрсынұлы Ахмет, Зәліұлы Нұғман, Жолдыбайұлы Молдағали, Ералыұлы Нұртаза; Қостанайдың губерниялық оқу бөлімінен – Алдоңғарұлы Ергали, Коммунистік партияның қазақстандық комитетінен – Кенжеұлы Аспандияр; Жалпы ресейлік кеңес қызметкерлері ұйымының қазақстандық бөлімінен – Саматұлы Мұқтар; Семейдің губерниялық оқу бөлімінен – Тұрғанбайұлы Манан; Оралдың губерниялық оқу бөлімінен – Шайұлы Нығметжан; Орынбордағы губерниялық газет-журнал басқармасынан – Сайполлаұлы Садуақас; Бөкейдің губерниялық оқу бөлімінен – Ақбайұлы Рүстем; Қазақстандық ғылым қауымынан – Дулатұлы Міржақып.

Съездің қаруына мына мәселелер ұсынылды:

1. Жазу ережелері;
2. Әліпби мәселесі;
3. Қазақша пән сөзі;
4. Ауыз әдебиетін жиі шаралары;
5. Оқу, ғылым кітаптарын көбейту шаралары;
6. Бастауыш мектептердің бағдарламасы.

Жазу ережелері тақырыбында Елдес Омарұлы баяндама жасады. Жарыс сөзге Мырзаұлы Мұхтар, Саматұлы Мұхтар, Тұрғанбайұлы Манан жазылып сөйледі. Келесі күнгі мәжілісті Әлихан Бөкейханов жүргізіп, сөзді Николай Иван Бутобскийге берді. Ол латын қарпіне ауысу идеясын ақырын айтып өтті. Демек, латынның аржағындағы орыс әрпіне іші бұрды. Мұнан кейін сөз алып сөйлеген А. Байтұрсынұлы қазақтың төл дыбыстары туралы оның ішінде дауысты, дауыссыз дыбыстарды қалай жазу керектігіне тоқталды. Одан соң Шонанұлы Телжан, Арабайұлы Ишанғали, Дулатұлы Міржақып, Жолдыбайұлы Молдағали өз кезегінде сөйледі.

Кешкі мәжілісті қортынды сөзбен Омарұлы Елдес аяқтады. Қорытынды сөзден соң А. Байтұрсынұлы жазу тақырыпты талас мәселелерді шешу үшін комиссия құруға ұсыныс енгізді. Съезде көптеген дыбыстардың жазылуы жайында пікірталас болды, оның бәрін тәптіштеп жазып жатпаймыз, тек қана тартыстың қалай өткенінен, не туралы өткенінен оқырман хабардар болу үшін мына: у мен и дауысты, дауыссыз екендігін шешу жөніндегі мәселе дауысқа салынғанын ғана айтып өтсек жеткілікті сияқты. Қазақ тілінде у мен дауысты и жоқ деп дауыс бергендер – 11 адам, у мен и бар деп дауыс бергендер – 6 адам, Құлжан келіні Нәзипа дауыс берген жоқ. Сөйтіп, съез көпшілікпен: қазақ тілінде дауысты у мен и жоқ деп ұйғарды. Мұнан кейін у мен и – дің жазу ережесі тексерілді. Бұл тек қана біз айтып отырған бірді-екілі мәселе, ал бұдан басқа қанша әріптер күн тәртібіне қойылды десенізші. Әліпби тақырыпты баяндама жасаған А. Байтұрсынұлы әліпби түзеу түрік жұртында көптен келе жатқан мәселе екендігін, Түрік әліпбиі түбі арабтан шыққанымен, түрік тіліне икемделіп, өзгеріс кіріп, таза күйінде тұрмағандықтан, мен оны, араб әліпбиі демей түрік әліпбиі деймін деп «араб» (жәдит) жазуын «түрік» әліпбиі деп айтып отыр. Бұл арада көне түркі жазуы руника туралы сөз болып отырған жоқ. Еуропа тұтынып отырған әліпбиі көне семит әліпбиі, көне семит әліпбиін өз тіліне бейімдеген пінікіне (финики-А.Қ.) жұрты, одан грек, гректен латын, иауропа (еуропа-А.Қ.) жұрттары алған. Түрік әліпбиінің түбі көне семит әліпбиі. Одан көпеліктер (VII ғасырда араб жазуы куфа, насх жазу түріне жіктелгенін білеміз, олай болса көпеліктер деген куфа деген ой келеді-А.Қ.), көпеліктерден арабтар өз тіліне үйлестіріп алған деп түрік

«араб» әліпбиін латын әліпбиімен салыстырып, қазақ дыбыстарына түспа-түс келген араб әліпбиінен 19 әріп, латыннан – 14 әріп дейді. Сөйтіп, араб әліпбиін, латын әліпбиінен артық екендігін көптеген мысалдармен түрік «араб» әліпбиінің қалам сілтеу барлығы: 33-41; көбі нүкте, латын әліпбиінің қалам сілтеу барлығы: 53 екендігін дәлелдейді. А. Байтұрсынұлынан кейін шығып сөйлеген Нәзір Төреқұлұлы латын жазуын бет алды тексермей ұсынып отырмағанын, латын жазуының түрікше (араб) мен салыстырғанда толып жатқан жеңілдігі, артықшылығы барлығын, мәселен бір нөмір қазақ газетін басып шығару үшін 15 бұт араб (түрік) әрпі керек болса, латын әрпімен бассақ $2 \frac{1}{2}$ бұт кететінін, басбақананың (баспахана-А.Қ.) түрік кассысында 174-200 әріп ұйқасы болады, латын кассысында 100-ден аспайтынын, түрік әріпінің әрбіреуін төрт түрлі жазатынын латындікінде бір-ақ түрлі жазылатын әріптер бар екендігін тіліне тиек қылды. Түрікше жазу машинасын шығару үшін 25 жыл болды, сол сияқты, әлі дені дұрыс машина (баспа машинасы-А.Қ.) шықпағанын айтады. Міржақып Дулатұлы латынға көшу әлі ерте екендігін, Елдес Омарұлы арабша жазу машинкасы барлығын, латынға ентелемей қазір қолданып отырған әріпті түзетіп баспаға икемдеп жөндеу керектігін, Қазанғапұлы Қанаш латын әрпін қолданғанда шығын аз жұмсалатынын, Қалел Досмұхаметұлы латын әріптерінің жобасын жасай отырып, латынға қарсылығын білдіреді. Тұрғанбайұлы Манан өзірбайжандар латынды жүзеге асыра алмай қайтадан түрікшеге түсіп отырғанын, Ишанғали Арабайұлы түрік әліпбиіне ғана көңіл бөле бермей латын әріптеріне де көңіл бөліп, еуропа мәдениетіне жақындау үшін де керек шығар дейді. Н. Төреқұлұлы қорытынды сөзінде екі әріпті де қатар салу керектігін, жалпы латынға көшу туралы пікірінен таймайды. Съез соңында қарар шығарылып: түрік әліпбиінің жазба түрін қалдырып, баспасын дара түрінде алу керектігін, латын әліпбиін алу деген сөзді мүлдем ауызға алмауға уәделесті. Жалпы, А. Байтұрсынұлының әліпбиі тақырыпты баяндаманың жобасы қабылданды. Мұнан соң Елдес Омарұлы қазақша пән сөздер тақырыбында, қазақша төрт жылдық мектептердің бағдарламасы туралы Шонанұлы Телжан, ауыз әдебиетін жинау тақырыбында Қ. Досмұхаметұлы, оқу, кітаптарды көбейту тақырыбында баяндаманы Мырзаұлы Мұқтар жасады. 1924 жылы 17 маусымда күндізгі сағат-1 де съез жабылды. Соған қарамастан, зиялыларды айтыстырып алып, араб әліпбиі емес, 1924 жылы латын қарпіне көшу жөнінде шешім қабылданып, латын әліпбиі жасалып, талқыға түскен сияқты. Біздің ойымызша, қызыл өкімет араб әрпінен бірден орыс әрпіне көшу қиындық тудыратынын білген, сондықтан да латынға көшіріп алып, артынан орыс әрпіне көшіру жөнінде алдын ала ойластырылған алдамшы әрекет болуы да мүмкін.

1926 жылы Бакуде латын жазуына көшуге шешім қабылданған Бүкілодақтық түркітанушылардың I съезд өткізілді. Түркітанушылардың съезінде А. Байтұрсынұлы баяндама жасады. Ол орыс графикасына, фонетикалық жазу принципін, этимологиялық принципке, терминологияға тоқталып біздің қасиетті (араб) жазуынан баяғыда арылғанын, құрылтайға шақырылғандардың көбінің көздегені латын қарпі екендігі үкімет тарапынан да құттықтаушылардың да сөзінен көрініп тұрды дейді. «*Солай болған соң қарыпқа қатысы бар мәселелерге көбірек зерт салынып, солар көбірек талқыға түсіп, басқалары ат үстінен айта өткен сияқты болды*» - деп жазды Байтұрсынұлы. Араб әліпбиінен одан әрі жалғастыра алмаған А. Байтұрсынұлы съезде неге екендігі белгісіз араб әліпбиі туралы мәселе көтермейді. Мәдениет, әдеби тіл, Орынбордағы съезде қабылданған принциптерге оның ішінде терминология мәселесіне қайыра оралады.

Мінекей, съезден кейін республикада латын графикасына негізделген жазуға көшу мәселесі жоғары қарқынмен көтерілді. Латын жазуына көшудің ең басты дәлелі ретінде араб жазуының қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкес келмейтіндігі, еуропа мәдениетіне жақындасу мақсатында түркі халықтарының бүкіл одақ көлемінде латынға көшу талабы өрістеп отырғаны көрсетілді.

А. Байтұрсынұлының араб жазуын қазақ тіліне икемдеп реформалауы – заман талабына сай келмейтін жазуды жамап-жасқау, прогреске қарсы кертартпа әрекет деп бағаланып, оның ақыры идеологиялық қарама-қарсылық тартысына айналып кетті.

1923-1929 жылдары қазақ зиялылары «арабшылар», «латыншылар» деп екіге бөлініп, латын қарпіне көшуге байланысты қызу пікірталас 7-8 жылға созылды.

Қазақ өкіметінің «Қазақ жаңа емлесі туралы декреті» (латын) тек 1929 жылы ғана жарияланды. Мәскеуде, Ташкентте латыншылар ұйымдары құрылды. Мысалы. Қ.Жұбановтың латын әліпбиінің жобасы мынандай: «Аа, Вв, Сс, Dd, Ee, Gg, Hh, Ii, Kk, Ll, Mm, Nn, Hң**, Oo, Pp, Qq, Rr, Ss, Tt, Uu, Уу, Ххб Zz, Zz**, Ыь, апостроф, барлығы 25 әріп және бір жұмсартқыш белгі». * Бірінші рет жарияланған, ҚазССР ОБА, ф. 81. оп. 3. д. 680, лл. 103-105. – Редакцияның алқамүшесі. **Мұндағы және бұдан кейінгі кейбір таңбалар баспаханада жоқ болғандықтан ..., ..., ..». Біз де таңбалай алмадық. (А.Қ.) Мына қазіргі н, з, ғ әріптермен ауыстырылған.

Бірақ, 1929 жылы 24 қаңтарда ғана Қазақстан Орталық кеңес комитеті IV сессиясының қаулысымен латын қарпіне көшірілді. Жаңа әліпті мерзімді басылымдар арқылы насихаттау бағытында Орталықтың жаңа әліпбиі комитеті 1929 жылы «Жаршы» журналын шығарды. 1935 жылы жаңа әліпбиді насихаттау мақсатында «Төте оқу» газеті жарық көрді. Аталған басылым 1939 жылдың наурыз айынан 1941 жылдың сәуіріне дейін «Сауатты болуға көмекші» деген атпен шығып келді. 1941 жылы «Жаңа жазу» деп өзгерді.

Латын қарпіндегі жазуды қазақ халқы 1940 жылға дейін, орыс графикасына көшкенге дейін қолданды.

Кириллицаның енуі

Н.И. Ильминский, П.М.Мелиоранский, И. Лаптев, Н. Созонтов, В.Радлов т.б. түркітанушылар, оқымыстылар, Родгинский, Алекторов сияқты миссионерлер орыс әрпімен таңбалап, зерттеп қазақ әліппесін шығарған еді. Қазақ төл дауысты дабыстары а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і. Бұл дыбыстар араб жазуынан латын жазуына

көшкен соң бас-басына таңба (әріпке) ие болды. Олар іштей жуан-жінішке, ашық-қысаң, еріндік-езулік түрде жіктеліп бір жөнге түсті. 1936 жылы Қ.Жұбановтың ұу, үу, ый, йй түрінде келетін дыбыстар тіркесі қосынды дауыстылар қатарына еніп, кейіннен көп ұзамай қабылданатын и, у әріптеріне жол ашты – дейді С. Мырзабеков. Қ.Жұбанов: «Байтұрсынұлының араб әрпіне кіргізген өзгерісі – бір қатар әріптердің үстіне үтір, мөт кою (бұл бір), арабтың әмзесін дәйекшілікке алу (бұл екі), косар әріптер» - дейді. Жалпы косарлар миссионерлердің тілді зерттеуінен басталған болатын. Қ.Жұбанов: «1912-1930 жылға дейін реформаланған араб әліпбиі негізінде таңбаланған қазақтың төл сөздері 18 жыл бойы арабтың жазуының табиғи ерекшелігін білмеді және ешқандай кемшілігі де болған жоқ. Бірақ, 1930 жылы араб әліпбиі өкіметтің декретімен алынды. Латын қарпіне көшу қазақстандықтардың белсенділігімен емес, Орталық комитетінің ғылыми кеңесінің күшімен енгізілді» - дейді. 1930 жылдардың екінші жартысында Коммунистік партияның сүркия саясаты жүзеге асты да, мұның өзі кирилл алфавитін жетілдіру, орыс сөздерін қабылдауға әкелді. 1938 жылдың басында Қазақстан Орталық Аткару Комитеті мен Халық Комиссарлар Советі «Қазақ тілінің әліппесі мен емлесіне кейбір өзгерістер енгізу туралы» қаулы қабылдады. Ол бойынша жазудың принципі өзгерді. Осыған дейін қолданылып келген бірден-бір фонетикалық принциптің орнына орыс тілінің морфологиялық принципі басшылыққа алынды. Жаңадан х, ф, в таңбалары енгізілді. Сөйтіп дауыстылар саны 11-ге (а, ә, е, о, ұ, ү, ы, і, и, у) дауыссыздар саны 21-ге жетті. Алдында қосынды дыбыстарды таңбалауға алынған и мен у әріптері дауысты дыбыстар болып шыға келді. Тағы да алдыңғы 11-дің үстіне э, ю, я әріптері қосылып олар жуан-жінішке, ашық-қысаң деп бөлінді. Бара-бара дауыстылардың саны 15-ке жетті, Қазақтың байырғы тоғыз дауыстысына ё (самолёт), и (киім), у (тау), э (электр), ю (аю), я (қоян) жазылып артты. Мұны айтып жатқанымыз осыған сай ереже жазылды. 1940 жылы орыс алфавитінің 32 әрпі түгелдей алынды. Оған қоса орыс тілінде жоқ дыбыстарды таңбалайтын 9 әріп алынды да, әріп саны 41 жетті. Орыс тілінде жоқ дыбыстардың қазақша таңбалары (қ, ғ, ө, ө, ұ, ү, і, н, һ) орыс алфавитіндегі әріптерге (о, к, г, у, н) ұқсас болу жағы ескерілді. Қазақ тілінің ішкі дыбыс заңдылығы бұзылса да ұзақ жылдар 42 әріп, 38 дыбыс пайдаланылды. 1940 жылғы қазақ алфавитінде әріптер орыс тіліндегідей бэ, вэ, жэ, зэ, цэ түрінде аталса, 1957 жылғы өзгерісте бе, ве, ге, де, же, зе, це түрінде аталатын болды. И, ь белгілерінің аты өзгерді: *шолақ и* деген – *қысқа и*, *жуандық белгі* деген – *айыру белгісі* деп аталды. «Ъ, Ъ» әріптері ешбір дыбысты белгілемеді. Сондықтан да бұлар дыбыссыз әріп деп аталды.

Латын қарпіне көшудегі мақсатымыз қандай?

Батыс Еуропа латын қарпіне көшудегі мақсатымыз бірінші, басы артық таңбалардан құтыламыз, жазу жеңілдейді. Екіншіден, компьютер терме пернесіндегі латын таңбаларын пайдалануға мүмкіндік туады. Үшіншіден, әлемдегі қандастарымызбен еркін байланыс жасап, түркі жұртының басын біріктіруге қызмет етеді. Төртіншіден, алдыңғы қазақ зиялыларының айтқанындай, Еуропа мәдениетіне, әлем өркениетіне жақындай түсеміз. Ең бастысы қазақстанда бір тіл қазақ тілі ғана үстемдік ететін жағдайға келеміз.

2014 жылдан қалдырмай латын әліпбиін енгізген дұрыс. Криллицамен басылған кітаптардың ең қажеттісін латын қарпіне аударып, латын ғылыми-зерттеу орталығын (институт) құру қажет болады. 2025 жылға дейін бастауыш сыныптардың әліппесі, орта, жоғары сыныптардың, жоо-ның латын қарпіндегі (қазақ тілі) оқулығы, фонетикалық, грамматикалық оқулығы, сөздіктер (орфографиялық, орфоэпиялық) т.б. жазылып, зерттеу жұмысын бастау керек. 1924 жылғы латын әліпбиі бүгінгі қолданысқа келмеуі мүмкін, Түрік, өзірбайжан т.б. ағайындардың дайын латын әліпбиін зерттеп, керек таңбаларын алып, қазақтың төл латын әліпбиін енгізу күн құрғатпайтын келелі мәселе. Классикалық «Латын» әліпбиінің 26 таңбасынан әрі асырмау керек. Қажет дыбыстарды таңбалау үшін сол әріптерге дәйекшелер қосып, бар таңбаға қосымша қосып қана таңбалаған дұрыс деп білеміз. Мысалы: v (ве), z (зет) латын әріптерін қазақ дыбыстары щ, ж т.б. таңбалауға пайдаланған жөн бе? Олардың дыбыс ауанымен қазақ дыбысының үйлесімі қандай т.б. зерттелуі осыдан келіп туындайды.

Жалпы, араб және латын қарпін қолдағандар 1937-38 жылғы зұлматтан аман қалмады, көбі атылып кетті. 1937 жылы орыс криллицасын енгізуге қарсылық білдіретін қазақ зиялыларының бірде-бірі қалмады. Қызыл коммунистердің қулығына құрық бойламады орыс алфавитін енгізу үшін қазақ зиялыларын айтыстырып қойып, бас-аяғы он жылдың ішінде орыс алфавитіне бір табан жақындап алып, бір күннің ішінде орыс алфавитін енгізе салды.

Сөзімізді Елбасы Н.Назарбаевтің: «*Осы заманғы ғылыми терминологияның негізін латын тілінен енген сөздер құраса, ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүниежүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек*» - деген сөзімен аяқтағанды жөн көріп отырмыз.

ҚАЗАҚ ЭПОСЫ

Н.М. УАЛИХАНОВА

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ эпосы халқымыздың ғасырлар бойы сонау көне заманнан жинақталып, осы күнге дейін жеткен асыл қазына, өшпес мұра. Оның қалыптасуы мен дамуы феодалдық-патриархалдық, рулық-тайпалық дәуірге жатады. Эпостың қайнар көзі VIII-XX ғасырлардағы ру мен тайпалардың аңыз, ертегілері болып табылады. Жалпы қазақ эпостану ғылымында батырлық жырлардың табиғатына байланысты зерттеулер, ғылыми ізденістер аз емес. Қазақ эпосының жиналып, жарияланып, зерттелуі Ш. Уалиханов, М. Әуезов, Ә. Диваев, С. Сейфуллин, С. Мұқанов еңбектерінен басталып, одан кейін әр түрлі танымдық сипаттарда зерттеліп келеді. Қ. Жұмалиев, М. Әуезов, Н. Смирнова, Ә. Марғұлан, М. Сильченко, Ә. Қоңыратпаев, Т. Сыдықова, М. Ғабдуллин, т.б. қазақ ғалымдарының 60-70-жылдарғы ізденістері негізінен эпостың варианттық нұсқалары, текстологиясы, поэтикасы және халықтығы деген мәселелермен шектеліп, көбіне эпостану ғылымының 40-50-жылдарғы зардаптарынан арылуға бағытталды. Одан бергі жерде «Қобыланды», «Алпамыс», «Қамбар» т.б. жырлардың текстологиясына байланысты ғылыми ізденістер қазақ эпосының жанрлық және стадиялық ерекшеліктеріне, салыстырмалы типологиялық және жанрлық-құрылымдық талдау мәселелеріне көңіл бөлініп келді. [1,4] Эпостық жырлардың тарихилығын зерттеу, оларды тарихи дереккөз ретінде бағалау Т.А. Гуриев, В.Я. Евсеев, А.М. Линевский, Е.М. Мелетинский, И.Б. Молдобаев, Ж.Ш. Хошаниязов еңбектерінен анық байқалады.

Қазақ эпосының зерттелуіне байланысты Қ. Жұмалиевтің «Қазақ эпосы және әдебиет тарихының мәселелері» (1958), Р.Бердібаевтің «Қазақ эпосы» (1982), Ә.Қоңыратпаевтың «Қазақ эпосы және түркология» (1987), «Эпос және этнос» (2000), Ш.Ыбраевтың «Эпос әлемі» (1993) сияқты еңбектердің жарыққа шығуы бұл ғылыми бағыттың арнасын кеңейтті. Ә.Қоңыратпаевтың 2000 жылы жазылған «Эпос және этнос» монографиясында қазақ эпосының этикалық сипаты алғаш рет арнайы зерттеліп отыр. Қаһармандық жырлардағы кісі, ру-тайпа, жер-су атауларының этножағырафиялық табиғатына терең бойлай отырып, автор эпикалық дәстүр мен этникалық үрдіс арақатынасынан туындайтын ерекшеліктерді ғылыми-танымдық негізде саралаған.

Қазақ эпостарының жасалыну жолдарын Шоқан Уалиханов XIY-XVI ғасыр, Алтынорда дәуірімен байланыстырады. «Қазақ, қырғыз, өзбек, ноғайдың ауыз әдебиеттерінің бір түрі батырлар туралы жырлар. Бұл жырлардың көбі Алтынорда дәуірінде болған тарихи адамдар туралы. Соған қарағанда бұл жырлар XIII ғасырдың ақырында, XV-XVI ғасырларда жасалған сияқты...» – дейді Шоқан Уалиханов. [2,10] Ал Қ. Жұмалиев 1958 жылы жарық көрген «Қазақ эпосы және әдебиет тарихының мәселелері» атты еңбегінде жалпы қазақ эпостары туралы мәлімет бере отырып, оның ішінде батырлар жыры «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», ал лиро-эпостық жырлардан «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Айман – Шолпан», Қыз Жібек» жырларын тарихпен байланыстыра отырып, дәлелді түрде зерттеген, кейіпкерлер туралы тарихи деректер келтірген, кейбір эпостардың тууына себеп болған тарихи жағдайларды атап айтқан. Сонымен қатар жырдағы кейіпкерлер образына, сюжеті мен құрылысына, оқиғалардың мазмұнына, көркемдік ерекшелігіне талдау жасаған. Сөйтіп әр жырдың өзіндік ерекшелігін анықтай отырып, олардың кейбір кемшіліктеріне баса назар аударып, өзіндік ескертулер де жасаған.

Қазақ эпосына қатысты З. Қабдоловтың 1991 жылы қайта өңделіп жарық көрген «Сөз өнері» монографиясының орны бөлек. Ғалым бұл еңбегінде эпосқа төмендегідей анықтама береді. Эпос (грекше *epos* - баяндау, әңгімелеу, тарихтап айту) - көркем әдебиеттің байырғы, негізгі тектерінің бірі, дәлірек айтқанда, өмір шындығын мейлінше мол қамтып кең суреттейтін адам мінезін мүмкіндігінше терең ашып, жан-жақты танытатын іргелі, күрделі жанр.

Осындай теориялық анықтамаға келмес бұрын профессор Л.И Тимофеев эпосты термин ретінде екі түрге бөліп алады да, алдымен «әдеби – тарихтық мағынада эпос – халық поэмалары мен ертегілері (орыстың халық эпосы, көне дүние эпосы т.б.)» - деп түсіндіреді. [3,295]

Эпостық шығарманың арқауы – автор үшін «ішкі» субъективтік шындық емес, «сыртқы» объективтік шындық-жекелеген адамдардың көңіл-күйі ғана емес, бүкіл халықтың тұрмыс-тіршілігі, тарихи тағдырлары мен ұлттық даму заңдылықтары. Осыдан келеді де дәуірлік құбылыстар мен қоғамдық қатынастарды көркем жинақтаудағы жұртқа мәлім эпикалық құлаш деген ұғым шығады. Бұл – эпосқа тән айрықша сипаттардың бірі.

Адамның көңіл-күйінен туатын лирика мен кимыл-әрекетіне негізделетін драмадан эпостың айырмасы-мұнда шындық кең көлемдегі баяндау, әңгімелеу арқылы жинақталады. Сонда эпикалық шығармадағы авторлық суреттеу мен қаһармандардың диалог-монологтары – эпостық баяндауды жүзеге асыру жолдары, амалдары мен тәсілдері ғана. Мұны Горький де айтқан-ды. Ал Белинский эпикалық шығарманың тағы бір ерекшелігі ретінде, мәселен, драмадағы басты нәрсе-адам болса, эпостағы басты нәрсе-оқиға екенін ескертеді. Бұдан шығатын түйін-эпос жан-жақты жанр: эпикалық шығармада адамның өмір жолы кенінен баяндалады, оның басынан кешкен тағдыр мен тіршілік толық жинақталады, ол қатысқан оқиғалар молынан суреттеледі, ол жасаған іс-әрекеттер тұтас бейнеленеді, сайып келгенде, адамдар арасындағы қарым-қатынастар әр қырынан айқын көрсетеледі.

Академик З. Қабдолов өмір шындығын қамту, адам мінезін ашу мүмкіндіктеріне қарай эпикалық жанрды үш түрге бөледі: 1) шағын көлемді эпикалық түр; 2) орта көлемді эпикалық түр; 3) кең көлемді эпикалық түр. Қандай эпостық шығарма болсын, бәрібір осынау үш түрдің біріне жатады. Эпостың ендігі ерекшеліктерін неғұрлым ұтымды аңғарту үшін осы айтылған жанрлық түрлердің әрқайсысын жеке-жеке сипаттаған. [3,296]

Шағын көлемді эпикалық түрге жататын әдеби туындыларда, негізінен, өмір шындығы бір немесе бірер ықшам эпизод мөлшерінде, адам тағдыры бір немесе бірер жинақы оқиға көлемінде ғана көрсетіледі. Оқиғаға қатысатын қаһармандар санаулы, олардың басынан өтетін құбылыстардың бәрі емес, кейбір үзіктері ғана суреттелетін болғандықтан, мұндай шығарманың көлемі де шағын, ықшам.

Миф-табиғат құпияларын, адам не қоғам өмірінің сан алуан сырын қиял-ғажайып оқиғаға айналдыра бейнелейтін фантастикалық баян. Бұл байырғы халықтардың бәрінде бар, бірақ түпкі туған төркінін көне Греция (Троя, Фивы циклдері); кейін римляндарға ауысқан. [3,297]

Эпостың көне түрлерінің бірі – аңыз. Бұл да миф секілді әсіре қиял аралас фантастикалық хикая. Бірақ мифтен өзгешелігі, аңыздың негізінде шындыққа жанасымды, көбіне тіпті өмірде болған, халық жадында сақталған оқиғалар жатады. [3,298]

Шағын көлемді эпикаға тән жанрлық түрлердің бірі - ертегі. Бұл да миф пен аңызға ұқсас, адам өмірінде, не хайуанат дүниесінде болуға лайық, әр алуан қызық, кейде ғажайып оқиғаларды ойдан шығарып, әсіре әңгімелейтін көркем баян, әсерлі хикая.

Мысал – эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатта, көбіне аң, хайуанат, кейде зат туралы жазылады да, сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырып, сықақпен саналады. Мазмұны бүкпелі болғанымен, идеясыз астарсыз, ашық, тура, тілі мұрдың оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді.

Феодализм мен капитализм тұсындағы шағын эпоста сондай жанадан туған түрдің бірі – новелла (итальянша – *novella* – жаңалық, соны сөз) – «бұрын - сонды көз көріп, құлақ естімеген тамаша оқиға туралы шындыққа сиымды әңгіме» (Гете). [3, 300] Новелла біздің дәуірімізде көркем әңгімемен ұласып, екеуінің ара жіктері жойылып бара жатыр. Әңгіме новеллада кеңірек туған ұғым болғанмен, екеуінің табиғаты бір екені даусыз. Әңгіме – қиын жанр. Алдымен, көлемі шағын. Ол – жазушыдан барынша жинақы болуды талап етеді. Содан соң оқырманды бірден үйіріп әкету үшін, сол шағын көлемдегі өмір эпизодының өзі соншалық тартымды, сюжет желісі қызғылықты болуға тиіс [3,302]. Шағын эпостың әңгімеге жақын тұрған бір түрі - очерк. Бұл да қысқа көлемді көркем шығарма. Мұнда да үлкен шындықтың кішкене бір бөлегі, адам өмірінің аздаған эпизоды нәрлі тілмен, әрлі суреттер арқылы шебер, тартымды бейнеленуге тиіс.

Бірақ очерктің әңгімеден бірнеше өзгешелігі бар. Ең бастысы: очеркте суреттелетін шындық-ойдан шығарылған нәрсе емес, өмірде болған не бар ақиқат; очерктің қаһарманы-ойдан жасалған бейне емес, өмірде болған не бар адам. Содан соң, очерк өткен шақтың көне шындығынан емес, осы шақтың жаңа шындығынан ғана туады. Бұл ретте, очерк - өз кезінің үні, жаңаның жаршысы. [3,304]

Эпостың шағын түріне жататын очерк секілді аралық жанрдың бірі - фельетон (французша *feuilleton* - парақ); бұл да әрі әдеби жанр, әрі газет жанры. Өлеңмен де, қара сөзбен де жазыла береді. Мұның әдеби қасиеті мол жақсы үлгілерінде кәдімгідей көркем бейнелер, қызық мінездер, сатиралық типтер жасалған. [3,305]

Бұлардың қай-қайсысы да – күрделі баяндау, көлемді хикая, дәлірек айтқанда, ұзақ әңгіме.

Ал ұзақ әңгіме, яки повесть - орта көлемді эпикалық түрдің үлгісі. Әдебиет зерттеушілері бұл сөзді алдымен термин ретінде анықтамақ болып оның тамырын тереңге әкетеді. В. Шкловский, мысалы, ежелгі орыс шежіресінде, одан келе «Игорь полкі туралы сөзде» повесть деген атау бар екенін, екеуінде де бұл термин «болған оқиға жайлы әңгіме» деген ұғымда қолданылғанын, ал XVIII ғасырдың елуінші жылдарында Тредиаковский бұл сөзге бұрынғыдан гөрі анығырақ жанрлық сипат беріп, французша «роман» -орысша «повесть» деп түсіндіргенін айтады. Сөйтіп, повесть ғасырлар бойы бірде әңгіме деген ұғымды берсе, бірде роман деген ұғымды берген.

Орта көлемді эпостың повестен басқа тағы бір түрі-поэма (грекше *poema*-туынды)-өлеңді повесть, өмірде болған, не болуға тиіс күрделі құбылыстар мен келелі оқиғаларды, алуан-алуан адам тағдыры мен заман шындығын көлемді, желілі, эпикалық не лирикалық сипаттағы өлеңмен суреттеу. Поэмалар түрлі-түрлі: сюжетті поэмалар да, сюжетсіз поэмалар да болады. Поэмаларда жасалатын адам образдары да әр алуан: эпикалық образ да, лирикалық образ да, романтикалық образ да, реалистік образ да болады. [3,307]

Кең көлемді эпикалық түр - роман. Романда шындықтың жекелеген эпизодтарын суреттеумен тынбайды, әдеби шығармаға арқау болған адам мен қоғам тіршілігін мейлінше кең қамтып, алуан-алуан даму кезеңдерімен тұтас жүйелеп, толассыз қимыл-қозғалыс қалпында жан-жақты жинақтайды. «Роман деген сөз – дейді Пушкин, - ойдан өрбіте баяндалған тарихи дәуір ұғымын береді.». Белинский де романды «жана дәуір эпопеясы» деп түсіндірген болатын. [3,308] Роман көлемі үлкен, мазмұны қат-қабат, сюжеті мен композициясы орасан, күрделі болып келеді.

А. Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқышы” (1926, 1989, 1991) осы саладағы іргелі ғылыми еңбек. Алайда бұл құнды мұра алпыс жылдан астам ғылыми айналымнан тыс қалып келді. «Әдебиет танытқышы» — қазақ ұлттық әдебиеттануының негізі, әдебиет теориясы мен әдебиеттану методологиясы, ұғым-терминдер мен эстетикалық категориялар, жанрлар жүйесі түзілген аса маңызды еңбек. Онда сөз өнері ғылымына тән барлық факторлар қамтылып, ана тілінің қорынан ұғым-терминдер, жанрлар атаулары жасалып, жүйеленіп берілген. А. Байтұрсынов осы еңбегінде әдеби тек турасындағы терминдеріне: «Әуезе – эпостың, толғау – лириканың,

айтыс – тартыс – драманың бүгінгі теориялық деңгейдегі баламалары негізінде келтіреді. Ал жоғарыда айтылып кеткен әдебиеттің тектері эпос, лирика, драманы атақты грек ғалымы Аристоель грек тілінен қазақ тіліне ауыстырып алады да, әр тектің жанрлық түрлері өзіміздің төл әдебиетімізде жіктеледі.

«Әуезе» ұғымы туралы зерттеуші: «Әуезе әңгімесінің айтатын түріне қарай бірнеше тарауға бөлінеді. Біреулері өткенді сөз қылғанда уақыт сарынымен айтады, екіншілері біреуден біреуді туғызып, туыс сарынымен сөйлейді; кейбіреудің өз заманындағы болған уақиғасын сөйлегенде, кейі өткен замандағы уақиғаның әңгімесін сөйлейді. Біреуі бір адамның өмірін, яки мінезін әңгіме қылғанда, бүтін жұрттың өмірін, яки мінезін әңгіме қылады.» деп түсініктеме береді.. 3. Қабдолов танымында осы «Әуезе» әдебиет тегінің бірі «Эпос» ретінде танылады. Енді осы «Эпосқа» берілген академик З. Қабдоловтың анықтамасы жоғарыда келтірілді. Қарап отырсақ, екі кітаптағы әдебиеттің тегі эпостың анықтамасы үндес келіп тұр. А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде эпос туралы былай дейді: «Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылады. Ескерту: тысқарғы ғалам деудің мәнісі адамда екі ғалам болады – ішкі ғалам, тысқы ғалам. Ақыл көңіл, қиял сияқты адамның рухына қараған жағы – ішкі ғалам болады да, онан басқалары – басқа адамдар, мақлұқтар, нәрселер, бүтін дүние тысқы ғалам болады. Әуезе тысқы ғалам турасындағы сөз. Ақын әуезе түрінде сөйлегенде уақиғаның ішінде өзі болып, басынан кешірген адамша сөйлемей, тек сыртта тұрып бақылап, уақиғаға көз салған адамша, хатта біреуден естіген адамша айтады. Уақиғаны бұлайша түрде айтып көрсету – тысқарғы түрде айту болады. Сондықтан әуезе көркем сөздің тысқарғы түрлі болады. Бірақ әуезеге алынған уақиға болғандықтан және де ол уақиға айтушы өзінің көрік беріп, шығарғандығы сөзі әуезе болады.» [4, 79].

А. Байтұрсынов осы еңбегінде жазба әдебиеттің өзі екі дәуірге бөледі: Діндар дәуір және сындар дәуір әдебиеті. Діндар – діншіл деген мағынада, ділмар – тілшен деген мағынадағы сөздер. Қазақ әдебиетінің діндар дәуірі де, ділмар дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес. Басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер. Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып, соларды еліктегеннен пайда болған. Жазу әдебиеті негізінде үшке бөлінеді: 1. Ертегі (әңгіме). 2. Толғау. 3. Айтыс-тартыс. Жазу әдебиетінің ертегі түріне кіретін сөздері ауыз-ертегі, ертегі-жыр, тарихи жыр, мысалдар сияқты сөздер. Діндар жағының басымдылығымен айрылатын түрлері : қисса, хикаят (мысал), насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме. Қисса — өлеңмен жазылған, көбінесе діндар әңгімелер. Бұл әңгімелер қазақ тұрмысынан алынған сөзден емес, басқа жұрттардың ертегілері. Мазмұнына қарағанда қиссаны екі түрге бөледі: 1. Дінді қасиеттеу үшін мұсылман дінінің артықтығын, асылдығын халықтың құлағына сіңіріп, көңіліне қондыру мақсатымен шығарған қисса. Бұлар: көпірлермен соғысқанда құдай қолдап, мұсылманның жеңгендерін, көпірлердің дінге енгендігін сөйлеп өтеді. 2. Шарифат бұйрықтарын орнына келтірмеген адамдардың өмірінен де мысал келтіріп, шарифат бұйрығын орнына келтірген адамдардың өмірінен де мысал келтіріп, келтіргенге не болғанын, келтірмегенге не болғанын көрсетіп, елге шарифат бұйрығын істету мақсатпен шығарған қиссалар. [4, 113]

Сындар дәуір деп қазақ әдебиетінің сынды болған, яғни сын арқылы шығып, әдеміленген мағыналы сөз, бір мағынасы сыны бар деген болады да, екінші мағынасы мінсіз, толғаулы, сипатты деген болады. Бұл сөздің екі мағынасының екеуі де қазақ әдебиетінің соңғы кездегі жаңа дәуірін дұрыс сипаттайды. Бұл дәуірге әуезе яғни, әңгіме түрлі сөздерді жатқызады. Бұл топқа кіретін сөздер толып жатыр.. Басты-басты түрлері: 1. Ертегі жыр. 2. Тарихи жыр. 3. Әуезе жыр. 4. Ұлы әңгіме. (роман) 5. Ұзақ сөз. 6. Аңыз өлең және әңгіме. 7. Көңілді сөз. 8. Мысал. 9. Ұсақ әңгімелер. Осы эпостардың кейбіріне анықтама береді. Мысалы, ертегі жыр деп өлеңмен айтылған ертегі айтылады. Сындар дәуірдің ертегісі бұрынғысының ертегінен сындарлығымен айрылады. Ақындар ескі ертегіні ажарлап, ертегі жыр етіп шығарады яки өз тақырыбымен өз қиялынан шығарады. Жаңа дәуірдің ертегі жырлары Мағжан жазған «Сыздық батыр» турасындағы ертегі, Пушкиннен аударылған «Балықшы мен Балық», «Алтын әтеш» сияқты ертегілер болады. Одан кейін Ұлы әңгіме яки роман деп тұрмыс сарының түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығармаларды айтамыз. Ұлы әңгіменің мақсаты көптің өмір сарының суреттеп көрсету болғандықтан бұл туралы шығармаларды адамның да, уақиғаның да ұлысына, ұсағына бірдей назар салынады. «Міржақыптың «Бақытсыз Жамалына» роман (ұлы әңгіме) деп ат қойылса да, өресі мен өрісі шағын болғандықтан о да ұлы емес, ұзақ әңгімеге жақын»,-деген пікірді айтады. [4,128-129]

Әуезе жыры қазақтың ерте заманда ерлік қылған адамдарының ерлігін, батырлығын жыр қылып шығарған сөздер ертегі жыр деп аталады. Ертегі жырда күші көп батырлардың ісі өнеге болса, әуезе жырда өнер, білім, қайрат, жігер сияқты сипаттарымен көзге түскен адамдардың ғамалдары өнеге болады . Аңыз өлең - адамның бал ашқанға, ырымға, Қыдырға, аян бергенге, түс көргенге илануынан шыққан ел ішіндегі аңыз қылып айтылатын түрлі әңгімелер болады. Сол әңгімелерді ақындар ажарлы тілмен әдемілеп, өлең етіп шығарғаны аңыз болады. Аңыз өлеңнің мысалы: Мағжанның «Қорқыты», «Орман патшасы», «Масадағы» «Данышпан Аликтін өлімі», Абайдың «Ескендір» әңгімесі. Көңілді сөз - табиғатқа жақын қулық-сұмдық жайлар, әдіс жоқ, тамағы тоқ, уайым жоқ, адал ниет, ақкөңіл адамдардың талассыз, тартыссыз, тыныштықпен шеккен өмірін сөзбен суреттеп шығару көңілді сөз болады. [4, 130]

Қорыта келгенде, қазақ эпосының дамуына, жиналуына, зерттелуіне үлес қосқан әдебиетті зерттеуші-ғалымдар көп және әрқайсысы эпосқа өзінше сияттама берген. Қ. Жұмалиев эпосты тіл тұрғысынан, көркемдігі жағынан, композициясы мен сюжеті жағынан талдап, өз пікірін білдірсе, академик З. Қабдолов эпосқа теориялық тұрғыдан сипаттама беріп, әдебиеттің тегіне байланысты өмір шындығын қамту, адам мінезін ашу мүмкіндігіне қарай эпикалық жанрдың 3 түрін әрі қарай жіктеп, әрқайсысына тоқталып, зерттеушілердің пікірлерін келтіре

отырып, шағын көлемді түріне - миф, аңыз, ертегі, мысал, новелла, әңгіме, очерк, фельетон, орта көлемдісіне – ұзақ әңгіме (повесть), поэма, кең көлемдісіне романды жатқызып, оларға анықтама беріп, теориялық негізін жасаған.

Сол сияқты әдебиеттанушы, теоретик А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде әдебиеттанудың негізі, әдебиет теориясы, ұғым-терминдер, жанрлар атаулары жасалып, жүйеленіп берілген. «Сөз өнері» мен «Әдебиет танытқышта» эпос жанры тұрғысынан өзіндік ұқсастықтары көрінеді. А. Байтұрсынов әдебиет тек турасындағы терминдерге эпосты – әуезе, лириканы – толғау, драманы айтыс-тартыс сияқты бүгінгі теориялық деңгейдегі баламалары негізінде келтіреді. А. Байтұрсыновтың еңбегінде әуезенің (эпостың) түрлері ретінде ертегі жыр, тарихи жыр, әуезе жыр, ұлы әңгіме (роман), ұзақ сөз (повесть), аңыз өлең, әңгіме, көңілді сөз (анекдот), мысал, ұсақ әңгімелер, сияқты ұғым, терминдер атаулары жасалып, олардың теориялық анықтамалары шығарылған. Сонымен, әр ғалым, зерттеуші эпосқа өзіндік пікір, анықтама беріп, өзінше жіктеп, талдағанмен, әрқайсысында ортақ үндестік бар екені байқалады. Сол еңбектер қазіргі таңда келер ұрпақ үшін баға жетпес асыл мұра, бай қазынамыз болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоңыратпай Т.Ә. Эпос және этнос, монография, Алматы: «Ғылым», 2000 – 268 б
2. Жұмалиев Қ.Ж. Қазақ эпосы және әдебиет тарихының мәселелері, Алматы: «Көркем әдебиет», 1958 – 401 б
3. Қабдолов З. Сөз өнері, оқулық-монография , Алматы: «Санат», 2002 – 360 б
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш, Қазақстанның ашық кітапханасы сайты: http://ikitap.kz/book/a_baitursynuly_adebiet_tanytkysh/index.html#/1/ 1926 – 162 б

ӘОЖ 81`373

ЛЕКСИКАНЫҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Д. УРУСБАЕВА

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тіл анық болмас, ой анық емес деген сөз. Тіл – ойдың айнасы. Тілдегі сауатсыздық – адамның жалпы сауатсыздығының, мәдениеті төмендігінің көрінісі, рухани байлығының әлсіздігі.

Қоғамдағы адамдардың еңбек үдерісінде өзара түсінісіп, пікір алысуда, еңбекті ұйымдастыруда, еңбек өнімін арттыруда ерекше маңызы бар. Белгілі тілдің сөздік құрамына енетін, сол тілде қолданылатын сөз байлығын, халық қазынасын іріктеп ұстаудың, дұрыс пайдаланудың жазу, сөйлеу тілінде ерекше зор маңызы бар.

Мәдениетті адамның көп қырлы сырының бір көрінісі – тіл мәдениетінің жоғары болуы.

Әдеби тілдің не екенін, оның халық тілінен айырмашылығын, қарым – қатынасы қалай болатынын білмей тұрып, тіл мәдениетінің биік шыңына қол созуға болмайды. Өйткені тіл мәдениетінің қағида, талаптары жазба әдеби тіл мен «ауызша әдеби тіл» дегеннің ара қатынасынан пайда болады.

Қазақ тілінің қоғамдық қызметі арта түсіп отырған, қазіргі кезде оның үздіксіз даму процесін терең ұғынып, өмірлік мәселелерін жан – жақты зерттеуге ерекше мән беріліп отыр. Солардың қатарында теориялық, практикалық биік талаптар дейгейінен қарайтын сала – тіл мәдениеті мәселелері болмақ.

Бұл – қазақ тіл білімінің енді – енді өзінің даму жолына түскен жас саласы. Тіл мәдениеті халқымыздың жалпы мәдениеті мен астарлас дамуға тиісті болғандықтан, бұл ғылым саласы алдымен тіл мәдениетінің дәрежесін арттыруды, тілдің қатынас құралдық қызметін жетілдіру үшін оның күнделікті өмірлік мәселелерін ғылыми тұрғыдан дұрыс шешіп, жөн сілтеуді көз дейді.

Тіл мәдениетінің басты талабының бірі – тілдік нормаларды қалыптастыру. Олар халық тілінің, әдеби тілдің даму барысында қалыптасады, кейбіреулері (жазу нормалары, терминдер, пунктуация нормалары) қолдан жасалады да, басқалары тілде бұрыннан бар жүйелер негізінде баспасөз арқылы қалыптасады.

Қазақ тілінің сөз байлығын сақтап пайдаланған ақын, жазушы жоқ және қазақ тіліндегі сөздер толық жиналып, әр сөздің мағыналары есепке алынатын түсіндірмелі сөздік толық жасалған жоқ. Сөйте тұрса да, тілдегі бар сөздерді әркім өзінің керегінше, өзінің білгенінше пайдаланады.

Белгілі идеяны, пікірді білдіру үшін жалпы халықтық тілдің сөз байлығындағы сөздерді шығарманың түріне сәйкестеп іріктеп, екшеп, талғап пайдаланудан туатын лексикалық ерекшеліктерді стильдік ерекшеліктер дейді.

Жазба әдеби тілдің стилі ауызша сөйлеу тілден белгілі дәрежеде ерекше болып келеді. Ауызша сөйлеу тілде қолданылатын жеке сөздер мен сөйлемшелерді жазба әдеби тілде қолдануға болмайды. Мысалы: *нан же, тағы бір асап жібер, төрге шық, оттама* (сөйлеме) т. т.

Көркем шығарманың тілі ғылыми шығармалардан ерекше болып келеді. Көркем шығармада қолданылатын сөздер, көбіне, сөздің ауыс мағынасында ұсталып, әрбір сөздің мағынасы белгілі контексте ғана тиянақталып отырады. Абай Құнанбаев «Қар жауып, күн суытып, қыс түсті» деудің орнына «Қыс» деген өлеңінде:

Ақ, киімді, денелі, ақ, сақалды,

Соқыр-мылқау танымас тірі жанды.

*Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы — үскірік аяз бен қар,
Кәрі құдаң — қыс келіп, әлек салды.*— деп суреттейді.

Ғылыми шығармалардың тілі, ондағы қолданылатын жеке сөздер өзінің дәл нақты мағыналарында ғана қолданылады. Ғылым тілінің стилі бейнелеу, әсірелеу сияқты көркемдік тәсілдерді қолдануды көтермейді. Ғылымдағы берілетін анықтамалар мен ережелер әрі қысқа, әрі әрбір сөзі дәл түсінікті болу керек.

Тілдің белгілі бір кезеңдегі жай-күйіне талдау жасалуы, тұтастай алғанда тіл жүйесінің синхронды бөлігінің ерекшеліктері арқылы тілдің жалпы көрінісін анықтап, бағалауға, тілдің даму тарихының кезең-кезеңдеріндегі айырым белгілерді, дамудағы сабақтастықтарды нақты, әрі объективті түрде зерделеуге жол ашады. Түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің лексикасындағы динамикалық құбылыстар, оларға ықпал жасаған әлеуметтік-саяси және ішкі тілдік факторлар түрколог ғалымдардың, қазақ тілші-ғалымдарының ұдайы назарында болып келеді. Өткен ғасырдың бас кезінде қазақ тілінің сөздік құрамында байқалған семантикалық елеулі белгілер турасындағы алғашқы пікір-тұжырымдар ғалым Қ. Жұбановтың еңбектерінде көрініс тапты [1]. Одақтас республикалардағы түркі тілдерінің 1960 жылдарға дейінгі дамуы мен қалыптасуына тән сипаттар түркологтердің алқалы басқосуында қорытындыланды және онда айтылған теориялық түйіндер мен тілдердің жазба қолданысынан алынған тілдік фактілер бертінге дейін түркологиялық зерттеулерге тірек болып келді [2].

Қазақ әдеби тілінің жарты ғасыр көлеміндегі дамуы мен зерттелуі турасында теориялық тұжырымдар жинақталған еңбекте қазақ тілші-ғалымдарының ғылыми бағыттарында қарастырылған барлық дерлік пікір-көзқарастар тиянақталған [3]. Аса құнды осы еңбектің материалдары кейінге дейін түркология ғылымы үшін басты бағдар болып келді, өйткені сол кезеңнің өзінде қазақ тілтанымы түркология саласында алдыңғы қатардан орын тепкен болатын (...Казахская лингвистическая наука как по охвату рарабатываемой тематики, так и по качеству выпускаемой продукции, занимает одно из первых мест в советской тюркологии) [3, 3]. Жұмыста әсіресе қазақ лексикологиясының дамуы мен кейбір міндеттері туралы сөз болған тұста, көрнекті қазақ лингвист-зерттеушілерінің (І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, М. Балақаев, К. Аханов, Р. Сыздықова, Ө. Қайдаров, Ш. Сарыбаев, Б. Әбілқасымов, Е. Жанпейісов және т.б.) лексикология, лексикография, семасиология, фразеология салалары бойынша болашақ зерттеулерге бағыт-бағдар берерлік пікірлері барынша айқын көрсетілген. Осылардың қатарында қазақ лексикологиясының ауқымды саласының бірі ретінде лексиканың құрамы, лексиканың қат-қабаттары аталып, сөздік құрамның толығының дәстүрлі түрлерінің (қазақтың байырғы сөздері, жергілікті тіл ерекшеліктері, кәсіби лексика, көнерген сөздер және жаңа сөздердің жасалуы арқылы; орыс тілінің әсері арқылы) өнімді сипаты, олардың зерттелу дәрежесі, қазақ тілтанымындағы үлес-салмағы талданады [3, 60].

Лексиканың дамуындағы жаңа бағыттарды танытатын сөз тіркестіру амалы бойынша жасалғандар, біздің байқауымызша, өзге тілдің құрылымына бағынышты болып, негізінен калька және жартылай калька жолымен түзілгендер (атаулы көрсеткі; баға белгіленімі; деректерді өңдеу жүйесі; тұтыну қоржыны; жаңа енгізім; жасыл дәліз; есептік құжаттама).

Қазақ әдеби тілі лексикасының даму үрдістеріне тән қазіргі сипаттарға қатысты жан-жақты тілдік фактілерді «ағымдағы тілді» пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдары, ғылыми әдебиет, орыс тілінен қазақ тіліне аударылатын заңнамалық құжаттар айқын танытып отыр. Сонымен қатар соңғы кезеңдерде жарық көрген сан типті лексикографиялық еңбектер де ғылыми зерделеуге бай материал ұсынды. Жалпы алғанда, қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары, семасиология, әлеуметтік лингвистика, тілді оқытудың теориясы мен практикасы мәселелері, сондай-ақ тілдің стильдік ресурстарын, терминдерді қарастыру проблемалары да лексикадағы тың өзгерістермен, сөздердің семантикасындағы дифференциация және интеграция құбылыстарымен тығыз байланысты.

Әдеби тіл деп – жазба мәдениет арқылы жүйелі қалыпқа түскен, стильдік тармақтары сараланған, қоғамдық қызметі әр алуан тілді айтамыз. Көркем әдебиет тұрғысынан алғанда, М.Горький айтқандай, «Әдебиет тезіне түспеген «шикі» тілді халық тілі дейміз де, көркем сөз шеберлері шындаған тілді әдеби тіл дейміз».

Біз мәселеге дублеттердің қай сыңары негізгі, әдеби норма болуға тиіс деген тұрғыда қараймыз. Мүмкін, кейде екі сыңарын да норма деп есептеуге тура келер, оны әдеби тілдегі бұлардың жұмсалып заңдылығына қарай анықтауға тиіспіз. Мысалы, осы күнгі халық, қазір, және, үшін, жиі, өйткені, сияқты сөздер бұрын басқа да вариантта жазылатын еді ғой. Осы күнгі ол варианттар (қалық, көзір, хазыр, жана, жиы, ұшын, үйіткені) сөйлеу тілінде бар да, баспасөзде норма ретінде жазылмайды. Солар сияқты ондаған, тіпті жүздеген сөздер әдебиетте байталасып, былығып жатса, оған еңжар қарай алмаймыз, яғни олардың әдебиетте жиі қолданылуға, нормалауға тиісті нұсқалары мынау деп көпшілікке бағдарлама беруге тиіспіз. Мысалы: қазір бәйге – бәйгі, ырза – риза, разы, жарты – жарым, есеп – қисап, мәлім – мағлұм әдебиетте жөн жорықсыз жарыса қолданысып жүр. Тіл мәдениеті жоғары халықтар мұндайлардың бірсыңарын негізі деп есептейді де, басқаларын ретіне қарай қолданады. Мысалы, жарты дегенді нормаға жатқызсақ, жарым мүлде қолданылмасын деген ұғым тумайды. Мұндайды әдеби тілдің қабылдайтынына көз жеткен тұста, сол ізбен бау – бақ, суару – суғару, мысалы – мәселен сияқты көптеген жарыспа сөздерді синоним деп бетімен қоя бермей, әр сыңарын белгілі мағынаға ие етуге әбден болады.

Норма мен тілдің ішкі заңы деген бір емес, норманы ойдан шығаруға болады, ал заңды ойдан шығаруға болмайды, ал заңды ойдан шығармаймыз, айқындаймыз, ашамыз. Оның үстіне тілдік заң көрінгеннің икеміне көніп өзгеріле бермейді, норманы орайына қарай өзгертуге болады.

Тілдік норма – тілдің әдебиеттілігінің бір белгісі. Біз халықты әдеби тілге баулитындықтан, халықтың, баспасөздің тіл мәдениетіне көз жібергенде, олардың әдеби тіл нормаларын қаншалықты сақтау – сақтамауы еленеді. Ол тіл мәдениетінің бір жағы. Оған одан басқа сыпайы сөйлеу, ойды дәл, айқын айту, сөзді орынды қолдану, ой мақсатына лайық сөйлемді дұрыс құру сияқтылар да енеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – III том. Ғ – Ж. – Алматы, Ғылым, 1978.
4. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы: Арыс, 2009.

ӘОЖ 882. 151. 212. 2

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫНЫҢ ДАМУЫНА МҰХАМЕТЖАН ҚАРАТАЕВТЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Н. ХАУАНОВА

магистрант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Мұхаметжан Қаратаевтың ең алғашқы мәнді де көлемді мақаласы «Қызыл ат» және «Социалистік реализм» деп аталып, 1933 жылы «Лениншіл жас» газетінде жарияланды, бірден оқушы қауымның ілтипатына ілікті.

С. Сейфуллиннің «Қызыл аты» - сол кездің шындығын партиялық принципшілдікпен, бар ақындық қуат-дарынмен ашық жырлаған айбынды шығарма, қазақ совет әдебиетінің өркешті туындысы. Көптің көңілдегісін батылдықпен суреттеген шығарма бірден идеялық-творчестволық айтыс тудырып, сан-қилы ой-пікірге азық болды. Біреу мақтады, біреу даттады. Осындай дау-дамай кезінде Мұхаметжан Қаратаев жазған мақаланың бітімшілік пиғылынан гөрі, жауынгерлік сипаты, айбындылығы, «тура биде туған жоктығы» бірден аңғарылады.

Ал, социалистік реализмге келетін болсақ, ол кезде бұл атау жаңада ауызға алынып, оның теориялық негіздері үлкен өнерпаздық өңгімеге өзек болып жатқан болатын. Оның негізгі принциптері мен сыр-сипаты әлі де болса айқындықпен тұжырымдала қойған жоқ. Жаңа творчестволық әдістің сырын ұғу, эстетикалық талап – тілегін түсіну, көркем шығарманы талдаған уақытта, оны қалайша басшылыққа алу керектігіне Мұхаметжан Қаратаев осы мақаласында біраз назар аударып, білімдарлық көрсетті, өскен эстетикалық мәдениеттің сілемін танытты.

Алғашқы мақаласынан аңғарылған осы қасиеттер, яғни әдеби өркендеудің бүгінгі процесіне белсене араласу, өзінің көрген-білгенін, түйгенін теориялық негізде жарқырата баяндап беру дағдысы - Мұхаметжан Қаратаевтың сыншылық тұлғасына әбден сіңіскен хас сипаттар. Туған әдебиетін дамыту жолындағы ой-толғаныстары, бірде қатты, бірде тәтті жазған сындары Мұхаметжан Қаратаев дарынының даралығын танытып қоймай, әдебиетімізге үлкен олжа салып келе жатыр.

Мұхаметжан Қаратаевтың әдебиет табалдырығын аттаған шағына көз салған жөн. Жасыратыны жоқ, 30-жылдардың бас кезіндегі әдебиетіміздің, әсіресе поэзиямыздың жай-күйі қатты ойланатын, толғанатын дәрежеде еді. Өмір шындығының ішіне үңіле алмай, құр сыртын ғана тамашалаған, жаңадан қалыптасып келе жатқан совет адамының жан-дүниесін үлкен сана-сезіммен емес, жаркылы бар, жылуы жоқ көріністермен суреттеген шығармалар аз кездеспейтін. Өмірде орнығып жатқан жаңалықты жанаша машықпен жырлаймыз деген игі тілек қазақ өлеңінің өрнегіне сіңер-сіңбесі белгісіз ізденістерге көп жетелеген болатын. Мұның өзі ермек таба алмағандықтан емес, солай болуға тиісті деген ынта-тілектің әсерінен туған. Оның үстіне, РАПП, ҚазАПП сыншыларының, дөрекі социализмге ден қойғандардың талабын орындамаудың өзі «күнә» еді.

ВКП (б) Орталық Комитетінің «Көркем әдебиет ұйымдарын қайта құру туралы» 1932 жылы 23 апрельде алған қаулысы бүкіл совет әдебиетінде, көркемөнер саласында болып жатқан құбылыстардың бәрін түгелдей ескеріп, көркемдік дамуға жаңа бағыт, тың арна тауып берген болатын. Ақын-жазушылардың ынтымақ-бірлігін нығайтып, әдеби атмосфераның жақсаруна, көркем шығармалардың эстетикалық дәрежесіне айырықша назар аудару талап етілді.

Шығарма сырын шыға түсінетін білімдар, қабілетті сыншыларға зәру кезімізде жыл құсындай болып әдебиетімізге Есмағамбет Ысмайылов, Мұхаметжан Қаратаев, Рахымжан Жаманқұлов, Құлмырза Өтепов, Әлібек Қоңыратбаев, Зейін Шашкин, Саттар Ерубайев, сәл кейінірек Қажым Жұмалиев, Темірғали Нұртазин, Белгібай Шалабаевтар келіп қосылды. Олардың ішінен сын саласында бірден көзге түскені, өндіріп еңбек ете бастағаны

Есмағамбет пен Мұхаметжан болатын. Өмірдің бар өзгерісін жіті аңғарған Мұхаметжанның творчествалық бетін бірден айқындап алуға мүмкіндік берген бір жайға тоқтала кеткен жөн.

1937 жылы май айында Қазақстан жазушылар одағының пленумы болды. Сонда М. Қаратаев «Қазақ әдебиетіндегі сынның міндеттері» туралы үлкен проблемалы баяндама жасады.

Бұл баяндама қазақтың сыншылық ойының басып өткен жолын кезең-кезеңге бөліп, қолы жеткен табысын да, өнерпаздық кем-кетігін де профессионалдык деңгейде бағдарлады. Социологиялық-эстетикалық сынның өркендеуі, оның алдағы міндеті білікті ой елігінен өтті.

Сын тарихына, оның өнерпаздық проблемаларына шолу жасау, оның ішкі сыр құпиясын ашып, өрелі биігін белгілеу-әрқашан ауыр да абыройлы міндет. Осы міндетті Мұхаметжан Қаратаев тыңғылықты орындап, қазақ сыншыларының эстетикалық танымы мен талғамының өскендігін, профессионалдык сынның қалыптасып келе жатқандығын, оған үлкен творчествалық міндет-парыз артуға болатындығын айқындап берді және Мұхаметжан Қаратаевтың сыншының жауынгерлік сапқа тұрғандығын, өзіне тән творчествалық беті, өнерпаздық қолтаңбасы бар екендігін анық танытты.

Мұхаметжан Қаратаевтың жыл аралатып оқушы кітапханасынан орын алып жатқан көп кітабының арғы негізінде дайындығы мол, эстетикалық талап-талғамы әбден толысқан, айтамын-жазамын дегенін іркілмей, тартынбай желпіндіре баяндай алатын шын мәніндегі профессионал сыншының өнерпаздық тұлғаланып көрінеді.

Мұхаметжан Қаратаевтың 1956 жылғы «сын туралы сөз болғанда» атты мақаласы сыншы қаламының ұқалмағанын, уытты қайтпағандығын, толымды ой, толассыз пікір сайысына қаймықпай араласуға дайын екендігін аңғартқаны әдебиетші қауымның есінде. Бүгінгі әдеби дамудың әрбір құбылысын жіті қадағалап, өзінің түйген ойын ашық жариялап отыру, сөйтіп, сыншылық пікірдің кең өріске, өрел биікке шығуына көмектесу - Мұхаметжан Қаратаевтың бойына сіңген қасиет. Дер кезінде бар дәлелімен тауып айтқан ой-пікір – жауынгер дарынның қадір-қасиетін арттыра түсер сипат. 60-жылдардың орта деңгейінде жалған жанашылдыққа ұрынып, он бір буынды өлеңнің белін сындыруға, өлең кестесінің бояуын алабажақтауға ұмтылған жастарға «Жаңалық па, жаңа былық па?!» деген мақаласымен жауап беріп, өршіп бара жатқан о жарлыққа тосқауыл болуы осының айғақты бір көрінісі.

Сыншының құнарлы да өнімді қаламынан туған көп мақалалар алғаш рет 1958 жылы «туған әдебиет туралы ойлар» (орыс тілінде «Рожденная Октябрем») атты жинаққа топталып, авторына филология ғылымының кандидаты атағын алып берді. Қазақ әдебиетінің өткен жолын әдемі әңгімелеп берген «Жыр қанатында» (1959) деген әдеби очеркі, Илияс Жансүгіровтің өмірі мен өнерін оқулық деңгейінде жазуы, көркемөнердің эстетикалық негізін баяндаған «Өнерпаз болсаң, арқалан» (1960), «Әдемілікке үйрететін ұстаз» (1965) кітаптары, «Шеберлік шыңына» (1963), «Эпостан – эпопеяға» (1969), «Әдебиет пен эстетика» (1970), орыс тілінде жарияланған «Қазақ әдебиеті» (1960), «дүниетаным және шеберлік» (1963), «Домбырадан – кітапқа» (1969), «Асулар алда» (1973) жинақтары, таңдамалы шығармаларының үш томдығы (1974) қазақ әдебиет сынының кең өріс табуына автордың қосқан үлкен үлесі екені айдан анық. Қазақтың сыншылық ойының өресін бүкілодақтық сахнаға шығарып жүрген де М. Қаратаев екенін именбей атауымыз керек.

Мұхаметжан Қаратаевтың сыншылық еңбегін әңгімелеген уақытта, әр алуан тақырыпты қамтитын шығармаларының публицистік ағыны күшті болып келетіндігін байқаймыз. Сондықтан Мұхаметжан Қаратаевтың еңбегі әсерлі оқылып қана қоймайды, оның идеялық-эстетикалық әсері де мол танылады. Өйткені социологиялық – эстетикалық талдаудың таразысын тең ұстап, әрқашан партиялық позициясының беріктігін танытуы, шығарма жанын жыға түсініп, өзінің пікірін түйдектей түйюі, сыншылық, диапазонның кендігі, көркемдік дәлелінің нанымдылығы, теориялық пайымдауларының дәлдігі Мұхаметжан Қаратаев шығармашылығының негізгі белгісі, өнерпаздық стилі болып табылады.

Қазір қазақ әдебиетінде сыншыл-ғалымның, ғалым-сыншының өнерпаздық тұлғасы қалыптасып келеді. Кешегі өткеннің тарихи-әдеби негізін ашу, бүгінгі жаңалықты жыға түсініп, толымды ой айтып отыру, әдеби даму барысын бағдарлау тұрғысынан келгенде Мұхаметжан Қаратаевтың «қазақ прозасында социалистік реализмнің қалыптасуы» (1965) атты құнды монографиясы ғылым докторлығына ие еткен еңбек қана емес, қазақ әдебиеттануында Е. Ысмайылов, Қ. Жұмадилов, Б. Кенжебаев, Т. Нұртазин, Р. Бердібаев, С. Қирабаев, Б. Сахариев, Қ. Қуандықов, З. Ахметов сияқты дарындадың еңбектерінде қылаң беріп келе жатқан жаңалық нышандарын, яғни сыншы-ғалым, ғалым-сыншы тұлғасының қалыптасуы барысын күшейте түскен туынды болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы.-Алматы:Санат, 1994.- 448 б.
2. Ысқақұлы Д. Сын шын болсын. – Алматы: Қазақ университеті,1993.-128 б.
3. Мұхамеджанов Қ.Таңдамалы шығармалар .Үш томдық т-3 Пьесалар Сахна сазы .Кинофильмдер туралы.- Алматы: Атамұра, 1998.-220

ӘОЖ 882. 151. 212. 2-1: 81. 373. 613

АМАНЖОЛ ШӘМКЕНОВТІҢ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕР

Ә. ШАЙМЕРДЕНОВА

Қарақұдық орта мектебі, Ертіс ауданы

Қазақ халқының өз басынан кешкен ұзақ даму тарихында сан алуан елдермен араласып, әр кезеңде әр түрлі қарым-қатынастар жасағаны мәлім. Ертеде тәжік, өзбек, татар халықтары арқылы ҮІІ-ХІ ғасырларда араб-парсы елдерімен, ХІІ-ХІІІ ғасырларда монғол халқымен күшті байланыста болса, ХҮІІ ғасырдан бастап күні бүгінге дейін орыс халқымен тікелей үздіксіз достық-ынтымақтастық қарым-қатынаста келеді. Осындай ұзақ-түйістерден кейін кейін қазақ тілінің сөздік құрамында қыруар шет сөздері пайда болды. Мұндай шет елдерден, өзге халықтан халықтан ауысқан сөздерді лингвистикада *кірме сөздер* деп атайды.

Кірме сөз (заимственное слово) – зат, құбылыс, ұғым түрлерімен бірге басқа тілдерден ауысқан сөздер. Мысалы, самаурын, молотилка – орыс тілінен, әдебиет, тарих – араб тілдерінен, дидар, қырман – парсы тілдерінен енген сөздер. Кірме сөздер басқа тілдерден әр түрлі себептермен енген. Қазақ тілінде монғол, араб, парсы және орыс тілдерінен енген сөздердің саны мол. Ғалымдар осы кірме сөздердің тілімізге төрт түрлі арнадан келіп енгендігін айтады.

Кірме сөздер - тіларалық қарым-қатынас (байланыс) нәтижесінде бір тілден екінші тілге ауысқан бөгде тілдік элементтер (сөздер, сөз тіркестері, жұрнақтар т. б.). Көбінесе белгілі бір жаңа ұғым-түсініктің атауы болып келетін кірме сөздер «шет тіл сөздері», «интернационал сөздер», «варваризмдер», «калька» сияқты түрлерге сараланып зерттеледі. Кірме сөздердің кейбірінің түр-тұлғасынан, дыбысталуынан қай тілдің еншісіне жататыны белгілі болып тұрса, ал ертеден қолданылып, тілге әбден сіңісіп кеткен кірме сөздің қайсы бірінің түп төркінін айқындау үшін арнайы этимологиялық зерттеулерге жүгінуге тура келеді. Мысалы, тіліміздегі заң-закон қос сөзінің заңоны - орыс сөзі екені баршамызға белгілі, ал төл сөзіміздей болып кеткен заң болса - ерте замандарда қытай тілінен ауысқан лексема. [1]

Аманжол Шәмкенов шығармалары тіліндегі кірме сөздерді екі үлкен топқа бөлуге болады: араб-парсы және орыс сөздері. Негізінен орыс тілінен енген сөздер өте көп.

Бітер ме Ертісімнің қызықтары?

Бүгінде бүкіл ел боп қызықтады.

Қақ жарып бұйраланған толқындарын

Келемін *параходпен* жүзіп тағы.

Бұл шумақта орыс тілінен алынған *параход* сөзі. Осы сөз арқылы ақын туған еліне, жеріне деген ыстық сағынышын білдіріп тұр.

Параход.

Қандай рақат! Ырғалмаймын.

Аумаған курорт

тақсын кім қандай мін?

Ақын қаламына тән ерекшелік өлеңнің басында *параходты* суреттеу арқылы жан – тәнімен рахаттанғанын сөзбен сипаттайды. Шумақта орыс тілінен енген *курорт* сөзі. Бұл сөз арқылы Ертістің тамаша табиғатын сол табиғатқа өзінің махаббатын *курорт* сөзі арқылы сипаттайды.

Кейде ұқсап кетеді ол тұрған сапқа

Солдаттай қақ бөлініп екі жаққа.

Мен нағыз *маршалдаймын*, зор *парадты*,

Қабылдап келе жатқан мініп атқа.

Бұл шумақтағы *солдат*, *маршал*, *парад* сөздері қолданылған. Ақын осы сөздер арқылы Ертістің ғажап тоғайын бейнелеп, салтанатты бір шеруге тенеңді.

Тап тұйнақ тар көшедей *палубаның*

Толы үсті.

Мен ешқасын танымадым.

Көбінің қолдарында қалың *кітап*...

Орыс тілінен енген палуба мен араб тілінен енген кітапсөздері ақынның ішкі жан дүниесін оятқандай.

Сүйсініп барады екен табиғатқа,

Біреуі Абай жырын айтып жатқа.

Қытықтан қиялымды жанап өтті,

Қаперсіз қалғып кеткен *май* шуақта – *май* шуақ тіркесі арқылы ақын адамдардың көңіл-күйін, шаттық сезімдерін білдіп тұр.

Тіршілік қол-аяқты буып тегі,

Қалмаған қыр соңымнан қуып мені.

Тәнімді бүрістіріп сорған талай

Сумандап *сахараның* суық желі.

Мұнда ақынның жалпы психологиялық толғаныстары, ашу-ызасы, жан күйзелісін білдіріп тұр. Ол өзінің көңіл-күйін *сахараның* суық желіне теңейді.

Бастады сол баспалдақ мені ілгері,
Бір қызық кезең екен өмірдегі.
Қашанда шықпас естен, шіркін, *мектеп*,
Ең асыл бұйымым боп көңілдегі.
...Тебіреніп *аттестатты* алдым қолға.

...
Өмірдің *прологы* тәрізді екен...

...
«*СХИ*» - дің босағасын аттағанмын.
... Бір ғажап түс секілді-ау *студент* кез,
Оқу зал, *аудитория*, жатақхана,

Алған күн *стипендия* – тойға айналып... Мұндағы кірме сөздердің барлығы да студенттік өмірдің сәттерін бейнелеп, ақын өміріндегі шаттықтың, жастық жалынның лебі іспеттес.

Жүрегімді жылытқан үн
Өн – бойыма таралып,
Айгүлімнің сүйікті әні

«*Мамалюк*» қой, «*мамалюк!*» - деп қаламгер *анашым* деген сөзді орсшалап, жан анасын еркелетіп тұр. Бұл жерде ананың қандай қымбат жан екенін білдіреді.

Аттанарда *моряк* үйден,
Деді маған: - кимаймын,...

Ақын өлең жазумен қатар аудармамен де айналысқан. Солардың бірі – «Морячка», Исаковскийден. Орыс тілінде қазақ тіліндегі баламасы жоқ сөздер көп. Соның бірі – моряк сөзі түпнұсқадағыдай қолданылып тұр.

Ай нұры түскен су беті,
Асфальттай жатты жалтырап.
Селоның түнгі суреті

Тұрғандай көзді тартып – ақ. Ақын ауылдың түнгі әсем суретін *асфальт, село* кірме сөздерімен өлеңді көркейтіп, жандандырып тұр. Су бетіне түскен ай нұрының ғажап көрінісін, тас жолдың үсті жалтырайтынын, ауылдың түнгі керемет көрінісін сипаттап қандай көркем екенін, қараса көз тоймайтын туған ауылының сыртқы көрінісін бейнелеген.

...Ол екеуі сол түн ұзақ кезіпті,
Ертеңінде *театрда* кезікті.
«Сүйемін» деп аласұрған қос жүрек

Көп ұзамай қосыларын сезіпті. Мұнда ақын өлеңді көркейтіп, қос ғашықтың бір – біріне деген ыстық сезімін одан сайын мәнерлі қылу мақсатында жоғары мәдениет ошағының атауы, француз тілінен енген «*театр*» сөзі арқылы өлеңнің мағынасын айқын ашып тұр.

Сайранда желі көктемнің
Аралап таудың бөктерін.
Бой жазып тұрған далада
Құрғатшы терін *шахтердің*.
Сырласып көктем көркімен
Елімді көзіп еркіңмен...

